


1/2017
6234К

Ғ. Ахметов

Үкілі ыбырай

2



Ғ. Ахметов

Үкілі Үбырай

Роман

2-кітап

Көкшетау 2017

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Каз-44

А 94

Ахметов F.

А 94 «Үкілі Ыбырай: роман 3 кітапта. / F. Ахметов. – Көкшетау: Келешек-2030, 2017.

ISBN 978-601-317-123-4

Үкілі Ыбырай: 2-кітап. – 340 б.

ISBN 978-601-317-125-8

«Үкілі Ыбырай» романы халқымыздың ұлы перзенті, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының өмірбаянын суреттейді. Шығармада Үкілі салдың отбасы, оның ішінде әкесі Сандыбай ұстаның бейнесі көрсетілген. Болашақ өнерпаздың өскен ортасы, арапасып жүрген ағайын-туған ауылдастары, құрбы-құрдастары, әріптестері нанымды бейнеленеді. Үкілі Ыбырайдың өнер жолы, яғни ел қызырып салдық құрғаны кеңінен суреттеледі. Өзі ақын, өзі әнші-композитор Үкілі Ыбырайдың ғашыры Хакиманың драмага толы тағдыры, қайғылы қазасы, Ыбырайдың арпалысы мен күніренуі, сол әсер үстінде ән шығарғаны бейнеленеді... Кеңес үкіметі орнаған соң, салдың асыра сілтеуге қарсылығы да кеңінен қамтылған.

Автор данкты салдың драмага толы өмірі мен мінез-құлқын жанжакты ашуға талпыныс жасайды. Роман жас буынның дүниетанымын кеңейтіп, Отанды сүюге, ұлтжандылыққа баулуға атсалысады.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Каз-44

ISBN 978-601-317-123-4 (жалпы)

ISBN 978-601-317-125-8 (2-кітап)

© Ахметов F., 2017.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Хакима

Шілденің мамыражай күні, мезгіл – шанқай түс. Обаған өзенінің жағасында бір топ бойжеткен қыздар сұға түскелі шешініп жатыр. Жағалаудың бұл тұсы құм-қайран, рахаттанып шомылуға таптырмастай қолайлы жер. Аумағы ауыл қотанындаі алаңқайды жайқала біткен бұйра тал қоршап тұр. Ит тұмсығы етпестей дегі зерлік, тығыз өскен талдар топ сәулімді сұқ көзден жасырмаққа әдейі бой түзей қалғандай. Қалың талдың аргы беті бетегелі қырқа. Саланың бұл тұсы ойлы-қырлыштың келіп, сайы мен адыры ұштаса көсіледі.

Откен қыс карлы, жаз жауын-шашынды болып, кек қаулай өсken. Көзжетер төніректің ақ оты мен қара оты қақала бітіпті. Сайдан шыққан қолатта қыздар мініп келген тұсаулы аттар жайылып жур. Қыз болса да, жылқылы елдің түлектері ғой. Өздері сейілсеруен құрса да, аттың бабын да ескеरе білген. Ер-тоқым, жүгендерін сыптырып алып, оттауға ноктамен жіберіпті. Ер-тұрман, әбзелдер бей-берекет шашылмай, бұтанаң көлеңкесінде реттеле үйілген. Он шақты қызыра жал тұмсықтарын шалғынға көміп, шөпті бырт-бырт үзуде. Күн шыжыған ыстық та емес, көктің масасы болмаса, мал құныға оттайтын жайма-шуақ мезгілдің өзі. Жайылған жылқы кіл мүсінді қазанаттар. Дені – күдіс белжорға. Аттардың порымы мен құміс әбзелдеріне қарағанда, бұл қыз-қырқындар ауқатты ауылдың балалары екеніне көз жеткендей.

Аттарға еріп, бір бұтанаң көлеңкесінде жатқан қос тазы да еріксіз назар тоқыратады. Аңшы-саятшылар «әлеке» деп атайтын таза қанды тұқым екенін көлемі тебінгідей дерлік шашакты қү-

лактары мен сүйір тұмсықтары мен шенберлене біткен белдері айғақташ тұр. Қарғыбаулары да қара зер жүгірткен күмістен. Аттарды құзетуді әбден машық қылса керек, қара ала арланы да, күлгін түсті итақайы да жылқылардың әр кімбылын бағуда. Алда жалда тұсаулы құліктердің біреуі шеттей берсе, екі ит қосамжарлана абалап тұра үмтүлады. Еркінсіген саяқты қақпайлап әкеліп шоғырға қосады да, өз міндетін абыраймен атқарған немеше-ақ тілдерін салақтата жан-жағына маңғаздана қарап, бұта түбін қайтада табады.

Қос тазының сақтығына әбден сенсе керек, жағалаудағы топ қызы-қырқын мүлде алаңсыз сияқты. Бір-екеуі апыл-құпым шешініп, суга күмп те берген. Бітімі ірі келген, аққұба Ләzzат өзеннің орта тұсына малтып барып:

– Тұн, тамаша екен! Көзім шырадай жанды ғой... Эй, қыздар, кел суға тұс, омалып отыра бермей! – деп айғай салды.

Сыңғыр еткен үнінде өктемдіктің сарыны жоқ емес. Ауыл иесі Қабытай байдың тұнғышы ғой Ләzzат. Әлпештеген болпаши болған соң, ауқатты әүлеттің буы еркінсітпей қойсын ба?

Апалы-сіндлілі Ләzzат пен Айгүл осы топ сәулімдердің көсемдері іспеттес. Өзге қызы-қырқын орта шарқы дәүлеттілердің балалары. Жасы жиырмадан асқан Ләzzат, отырып қалған қызы болып есептеледі. Мінезі кекір Қабытай сөз салып, құда түскендерді жаратада қоймай, былтырғыға дейін уәде беруден қашқақташ жүрген. Сөзбүйдаға салып, жоқтан өзгені сылтаулатып, келген жаушылардан тіл емізумен құтылар еді.

– Әйтеуір түбі бір кететін бала, несіне сырғақсисың? Сиырдай қылып өсіре бермекпісің бұл шіркінді? Өзі сүйегі іребдел бойжеткен, жыл озған сайын аюша майын төске жинап келеді энекей. – деп сын таққан ағайынға: «Отырған қызы орнын табар» деген. Салмағыма салмағы сай, орнықты біреу сөз салса, бермей қайда барушы едім? Ошакқа тас болған қызы бар ма? Жатжүрттың қылып жаратқан соң, шараң қайсы? – деп сүйеу салдылау жауап берер еді.

«Салмак» деп тұспалдағаны дәүлет қой. «Сай-сайға, байбайға құяды» деген мәтедлі берік ұстанған Қабытай әрі аталы, әрі котты да әлді әүлетпен құда болмақ. Ондай азулы мырза ақырын табылды да. Өткен қыс сөз байласып, енді міне, жуырда қалың-

малды түйледімен айдашып та әкелген. Мал болғанда қандай! Кіл іріңдей күр ат пен сауыры төңкерілген мама биелер. Қырық жетіні қырқа матаң берген соң, қыз ұзатылмай қойсын ба? Бірер жұмада құдалар түсіп, қол ұстаптақ. Жайлардағы елге ол да бір әрі ермек, әрі жауапты науқан. Сол себепті, Қабыттайға қарасты ауылдар осы күні әбігер үстінде. Қатын-қалаштан бастап, кемпір-сампырға дейін қыз ұзатудың жабдығында. Байдың бәйбішесі Шәрипада дамыл жоқ... Көргелі жүрген алғашқы қызығы болған соң байыз тапсын ба. Ұзатылар қыздың баар жері де осал емес. Қарауыл руының белді бір атасы. Құдалықты абыроймен атқарып, ұятқа қалмау керек. Қыз ұзатудың толып кеткен ырымжырымы, кәдесі бар дегендей. Ұятты меймандарды күту де онай болған ба? Бір жерден дәнекүс шығып қалса, тірідей өлім гой. Құдалықтың арты жанжалға ұласуы да ғажап емес... Осының бәрін уайым қылған бәйбішениң өні қашты. Өзі ашаң адам, бірер аптаның ішінде тіпті жүдеп біткен. Бидай өнді, сүйегі нәзік Шәрипаға екі қызының біреуі де тартпапты. Шешесіне тартқаны жалғыз ұл Ерболат. Ләzzаттан кейін туған ұл осы күнде он сегізде. Сырықтай ұзын бойлы, келімді бозбас. Бұның да аяғы шырмалмаған. Әкесі қызығын көрейін деп ерте үйлендірмек еді, шолжаң ұл қыз жаратпай әлі жүр.

Жұқа өніне жаңа тебіндеген түбіт мұрты жарасқан, қыр мұрын, қой кезді Ерболат шешесіне тартса, қос қыз аумаған экесі. Он жетіге шыққан бадырақ көздеу Айгүл де, жауырынды, төртпактау келген Ләzzат та Қабытайдың аузынан түсіп қалды дерсің. Тұрпаттары кесектеу болғанымен, апалы-сіңлілі екеуі бәденсіз де емес. Май мұрындылау демесең, бір-бірінен алшақ қонған мойыл көзді, қызыл шырайлы сәулімдер. Тал бойындағы бар міні – бұратылған бел жағына ұттышылау. Бітімдері мықынсыз келген, белі мен бексе тұсының жуандығы бір келкі болып тұтаса бітілті. Эйтсе де, бұл кемістігін бойшандығы жасырғандай.

– Тұра тұрши, Ләzzат, шешініп болайын! Су салқын емес пе, қалай өзі? – орта бойлы қара қыз Күлшара ішкейлегін умаждай тастай салып, суға қарай қадам басты. Омыраудағы қос алмасын екі алақаңымен баса, қымсығыныңқырай аяңдайды. Салпы ерін, мұрны кертештеу бул қыздың кейіпі сұлулықтың ауылынан алшак қоныпты. Десе де, өнінің мінін сәмбі талдай бұратыла біткен бой

тұрпаты жуып-шайғандай. Оның үстіне мінезі де салдырылаған ақкөңіл. Қит етсе, болмашыға лекіп күліп жіберетіні бар. Құлгендеге риясyz, рахаттана күледі. Үні қыз балаға лайықсызыдау, жуандай шыққанымен, күлгені естір құлаққа жағымды-ақ. Тете-лес ағасы, сопак бет, дорба ауыз Оразбай:

– Осы сенің тырқылдалап құле беретінің-ай! Несіне жетісіл құле бересің сен қыз? – деп бастап, бадырак қозін алайтады да. – Не түр, не өң жок, жапалакша жарбиган порымың анау. «Еркектің қоры қулегеш, қатынның қары қулегеш» демекші, мына түрінмен онбассың сен. Ертең бір шалға қатын үстіне барсан, сонда көрермін әүселеңді. Сен адам болсаң бар ғой, мына пұштиған мұрнымды шорт кесіп берейін! – деп өзінше түңілгендік, жекіген болады.

Әдепті бала ғой Күлшара. Ағасын сыйлайды. Сөзін ауырлап та көрген емес. Оразбай тәлімсі бастаса-ақ, тыя қояды құлқісін. Әйтсе де, үлкендердің қөзі кетсе болды, бүгінгідей құрбылардың тобында ашық-жарқын мінезіне басады-ай келіп. Сыңайластары әзіл ілсе-ақ, риясyz қулкіге ерік береді ақкөңіл қыз... Құлшара наңың тату құрбысы Майра болса, керісінше, мейлінше сабырлы. Бұл екеуін табиғат-ана әдейі керегар жаратты дерсін. Мінездері екі басқа болуымен қатар, тұрпаттары да бөлек. Піскен әңгелектей толық келген Майраның өнді де шикіл сары, еріні де қаймыжыктай. Бойы әрі тайпак, әрі жуантық. Сөзшең құрбысындағы емес, көп үндей қоймайды да. Ұян жұзбен жымыш қана тұрғаны. Құлшара ішек-сілесі қата, сак-сак құлгенде, бұл тіс жармастан езу тартып қана қоятын. Сейте тұра екеуінің жұбы жазылған емес... Міне қазір де, құрбысының ізін ала, бұл да суға қарай аяңдады. Құлшараға қарағанда салмақты қыз ғой. Ақ шыт ішкөйлегін шешпестен кетіп барады.

Бұлардың соңын ала Алмагұл мен Қарлығаш та қозғалайын деді. Апалы-сіңлілі екеуі жабыдан туған қос торыңдай дерсін. Бәкене келген бойлары да, күнге тотыққан кескінсіздеу өндөрі де тым ұқсас. Екеуін салыстырса, бәденділеуі Алмагұл. Ажарын арттырған қарақат көздері болар. Кісіге мөлдірей қарайды да тұрады. Бұкпесіз пейілдің айнасындағы. От басындағы балалардың үлкені ғой Алмагұл. Қарадомалақ бауырларына көңілі елжірейді де тұрады. «Аға – бордан, іні – зордан» деп тегін айтпаса керек қазақ.

Апасымен салыстырса, Қарлығыш меммендеу. Тарғак бет, сыки көз сыйкытына қарамастан, баз-базда кергіп бітетіні бар. Бозбала атаулыны сөзбен шымшып алуға да шебер. Апасының қамқорлығын көріп өсken соң, мінезі батылдау болып қалыптасқаны заңды да шығар. Алмагұл бұны көзден таса қылған күні жок кой. Дәл қазір де бітімі жұқалау сіңлісіне жаны ашып келеді.

— Қарлығаш-ау, аңдап бассаңы. Өңмендеп қайда баrasын? Анау құм керіш табаныңды тіліп жіберер, — деп бірер мәрте ескертіп те қойған.

Бұл қыздардың һәммасы сонау Ләzzаттың шашбау көтерушілері іспеттес. Бай қызының буына жығылып жүргендер. Бұжампаң мінездерін жазғыруға да болmas. Үлкендердің, атааналарының күнкөрісі әлді ағайынға кіріптар болған соң, шараң қайсы?!

Ауылдағы қызы-қырқын біткеннің ішінде бай баласына күлтектей қоймайтын сонау оқшау тұрған үш бойжеткен ғана. Үшеуінің бойлары да біркелкі сұңғақ, өндегі де акқұба... Дөңгелек бетті Шөптігүлдің тұрпаты бәлкім толықтау болар. Мейлінше байсалды, бос сөзге жоқ, ибалы бойжеткеннің өзі. Қызы-қырқын атаулының басы қосылса-ақ, сөзшең келетін әдеті ғой. Шөптігүл болса, ауыздары жабыса қалған құрбыларын қызықтап, күлімсіреп қана тұрғаны. Сөз жарыстырудан ғөрі, ден қойып тындауға бейім. Бұндай міnez иесі әдетте сырға берік келеді. Содан болар, бар құрбы Шөптігүлден ойындағысын жасыра қоймайды. Өті жас баладай сүп-сүйкімді, томпиған ғана қыздың сыр шашпасына сенимдері көміл.

Бұнымен шөбере болып туысатын Сандуғаш та сөзшен емес. Асылы, мінездері бірқалыптан шыққандай деуге келер еді. Айырмасы – Сандуғаш ажарлылау. Көзі кішірек демесен, назарды еріксіз тоқыратар бәдендінің өзі. Ашандау келген қияпты шебер бір мүсіншінің қолынан шыққандай. Шебер емес-ау, шеберден мін алатын мініскер бар өнерін сарқа жұмсағы дерсін. Жұмсағанда да асықпай отырып, асқан сүйіспеншілікпен шұғылданса керек. Бет бедерінің әр сыйығын салғанда, аса бір нәзік аспан-құралды қолданғанына еш шубәсіз сенгендейсің. Айтып-айтпай не керек, қызы-қырқын шоғырымен шыға қалса, жүрттың назары әуелі Сандуғашқа түсер еді.

Бір қызығы, өз сұлулығының әсерін білген сәулім, ғұмыры бәлденген емес. Қылымсұ дегеннең де ада. Қылымсып қайтеді, бозбас біткеннің көзі онсыз да өзінде емес пе? Қайта жузін тұқыртып, сүқ көзден жасырмақ та болады баз-базда... Ел ішінде кім көп, еріккен мырзасымақ көп. Қолы бос болған соң дені қыдырымпаз келеді. Ет андып, қымыз сіміріп қана ел араласа бірсәрі. Сапастардың қымызыға қызара бертіп, нәпсі семіртетінін қайтерсің? Шеттерінен қыз оятықши. Қыз болғанда, өндісіне күмар. Сөйткен серісімақтардың талайы Сандуғашқа да көз сұзген. Ондайда дәулет масы бай балалары омырау келетіні мәлім. Қаршадайынан қоңсы-қолаңшының төменетектісіне әуке салып үйренген жаман әдеттері егде тартқанша қалмайды. Жасөспірім шағынан ауызданып дәндеген соң, үйленіп, балалы-шағалы болса да, сүйиқ жүрісті тыя алмай, бозбалашылықты салыра беретіні бар. Сөйткен желекпелер, әрі шырайлы әрі тауға біткен шынардай науша бойлы Сандуғашқа қайтіп қызықпас? Өні жылтыр шөпжелке деген қашаннан көздің құрты емес пе.

Анандай айдай ажарымен көңілшектеу біреу болса, баяғыдақ бұзылып та кетер ме еді, қайтер еді. Алайда, ондай ұшқалақтықтың кісісі емес Сандуғаш. Ұыздай уылжыған элібі тым нәзік көрінгенмен, дәті берік. Берік болмағы былай тұрсын, тастай қатты десе де әбден сыйғандай... Жаратушы ие көркіне қорған болсын деді ме еken, мызғымас мінез сыйлаған түрі шығар. Бір қызығы, он жетіге шыққан осы жасында еріккен мырзасымақ түгілі, өзінің тең-тұсы бозбалага да көніл бөліп көрмепті жас ару. Қыз-қырқынның басы қосылса-ақ, бозбастарды сөз қышлатын әдеті болушы еді. Бастары түйісе қалып, ауыздары жабысып сөзді сапырады-ай келіп! Кей жігіт-желеңді жактыра сейлесе, қайсыбір борпостарды тәлкек те қылады. Әйтсе де, күбір-сыбырының дені сол бір тақырыпты төңіректей берер еді.

Сандуғаш болса, кеңестеріне құлақ салғанымен, қызыға қоймайды. Сөздерін бөлмей тындағаны болмаса, көңілі қашанда неміңдайлы. «Осы қыздар бозбас дегенде, несіне өліп-өшеді еken? Ауыздарының сұы құрып, сол бір шикіекпелерді талқылай беретінін қайтерсің. Тұрмысқа асыққан түрлөрі ме шіркіндердің? Қайда қашар дейсің сол тұрмыс. Ұргашы біткеннің пешенесіне жазылып қойған үкім емес пе? Құтылып көр, мықты болсан...

Тұрмыс дегені лағнет камыт болып жүрмегей. Алда не тірлік күтіп тұрғанын кім біліпті. Басқа салғанды көрерміз әлі-ақ» деген оймен, әлгіндей сөздерден бойын аулақ ұстар еді.

Өз басы болса, алдағы ғұмыры жөнінде ойламауға тырысатын. Қайтеді басын қатырып? Болашағы бұлдыңғыр екенін сезеді ішінен... Титтей кезінен-ақ атастырып қойған жері бар деп ести-тін. Сол оймен өсіп жетілген. Бір жақта, сонау Қанжығалы Курлеуіт деген елде күйеу бала бар деп естуші еді. Үй іші қалыңмалдың басын алып қойғанынан да хабардар. «Анау бөрте бие, шабдар жорға құдалардан келген» деген сөздің желін құлағы талай шалған. Әйтсе де, ол не ел, күйеу баланың түр сипаты қандай деп сұраған емес. Сұғанақтық деген қызы балаға жараспайды деп білетін. Сейтіп жүргендеге, қайын жұрттан сүйк хабардың дүңк еткені. «Күйеу бала кенеттеп опат болып қазага ұшырады. Ендігі әмен-гері інісі» деген сөзді ұстап, бір жауашы жетпесі бар ма!

Бас құданың бұл сәлемі талқылауга жатпайтын бүйрек тәрізді. Әменгер баланың жасы он үште ғана екен. Өзі әлжуаз, аурушаң болса керек.

— Оқасы жоқ. «Он үште отау иесі» деген. Қайтқан күйеудің жылын өткізген соң, қалыңдықты әкетеміз, — деп жіберген жаушылары сазарып отырып алсын.

Кесікті сөзі үкімдей. Қалыңмалдың денін жіберген соң, өктем сөйлемей кайтушы еді?.. Қызы жағы амалы құрып, көнуге мәжбүр болды да қалды.

— Енді қайтейін, шырағым? Жазудың осылай болғаны да, — деп Сандуғаштың шешесі көз жасын сығып алған.

Жақын женгелері:

— Тәйірі, сол да сөз болып па? Жасөспірім күйеуді билеп-тестеп аласың әлі-ақ. Аузынан уыз табы кетпеген бала не біліпті? Тізгін-шылбырды өзің ұстап, бір әүлөттің салиқалы бәйбішесі болып отырарсың, көзжақсым, — деп жұбата береді.

Сандуғаштың өзі болса, ертенгі күнді ойламауға тырысады. Әйтсе де, тірі жан болған соң қайтіп уайымдамас? Пісіп қалған соқталдай қызы басымен он үштегі жеткіншекпен қалай отаспак? Тәңірі ием сыйлаған өз тұрпаты нәзік болса бірсәрі. Бой десе, сәмбі талдай солқылдаған бойы да бар. Төсіндегі қос алмасының торсиып, қамзолдың өнірін керіп тұрған түрі анау. Қосетек ғей-

лекті ксң пішіп тіккізсе де, бұлтиған бөкссі қөзге бірден түседі. Себебі, тал шыбықтай белі бұратылып тұр ғой. Үзілгелі тұрғандай-ақ жіңішке белге жұмырлана біткен бөксе қандай жарасымды. Бозбас біткеннің көз сүзуі тегін емес шығар... Сөйткен аршын төс, бетінен қаны тамғандай сөлді бойжеткен, әлжуаз жасөспіріммен жарасым таппақ па?

Осы жэйтті қайтіп уайымдамас Сандуғаш?! Содан болар, нәркес көздерде мұң табы бар. Әңтіме-дукенге, әзілге алданып күліп жібергеннің өзінде де, жанарын уайым кіреуесі шалады да тұрады. Міне қазір де, өзенге күмп берген Күлшара суды шапалақтағ:

– Эй, қыздар, кел болындар! Немене омалып жұрсің? – деп айқай салса да, елең ете қоймайды Сандуғаш. Қасында ілби басып келе жатқан Хакимаға қарайлай береді. Сыр шертісер құрбысы ғой Хакима. Ес білгелі жұптары жазылмай келеді.

Ауыр шолпысын шешіп алып, камзолының қалтасына тыға салған Хакима да үнсіз. Ішек-сілесі қата қүліп, суды қыздар жақ-қа шашыратып жатқан Күлшараға жымыш қана қарайды. Миық керсе де, нәркес көздерде алғау табы бар сияқты. Басын жалаңаштап, бұрымын тарқата бастағанымен, шешінуге асығар емес. Қимылы енжар. Құн ысып тұрғанымен, суға түсуге құлықсыздау болғанға ұқсайды. Сыңайластардың көңілдерін кимағаннан ғана еріп келе жатқан түрі бар.

Бұл топ қызды сырттан бақылаған бәзбіреу болса, Хакиманы көріп: «Осындай мөлдіреген сұлудың да уайымы болушы ма еді?» деген ойға келер ме еді бәлкім. Бойжеткеннің жан дүниесінде не болып жатқанын қайdan білсін көлденең көз. Сандуғаштың да бұл құрбысына сұраулы жүзін бұра беретіні тегін емес шығар.

Осы қыздарды тәу көрген бөгделер Хакимаға көз сүріндірмей коймас еді. «Сонша сұқтанатындағы не сиқыры бар бұл бойжеткеннің?» деген сұрапқа да ешбір жан нақпа-нақ жауап та бере қоймас. Сұлу деп сипаттаса, мына тұрған Сандуғаш та бір қыздай-ақ бәденді. Ай десе аузы, құн десе көзі бар, нұр жүздінің нақ өзі. Қайта дөңгелек дидарлы Хакиманың беттері сәл-пәл толықтау ма қалай? Піскен шиедей сөлді еріндері де азырақ жұқалau болса ғой дегізерліктеі.

Бірақ, бұл болмашыны тік түскен пістө мұрын, күмістей анипақ жазық маңдай, үлбірекен ителгі иек жоққа шығарып тұр-ау. Күн сәулесі сүйіп, керімсал өбіп, сәл totыққан екі бетке томпиган толықтығы жараса қалыпты. Күлім қаққанда қос шұқанақ пайда бола қалады бұл уыз беттерге. Оймактың тар аузындай ғана бұл қос шұқанақ көрген көзді тартып, көнілді елжіретіп жіберер еді. Айтып айтпай не керек, әйтеүір назарды тартып тұрар бір сүйікімділік бар алма бетті дидарда.

Хакима тегінде, өн жағынан да, тұлға бітімімен де әкесіне тартқан. Қөкесінің азан шақырып қойған ныснысы – Доғалақ. Осы күні жасы қырықтың қырқасынан асқан тоқтаулы азамат. Ауыл-аймаққа қадірсіз де емес. Салдырлаған ақкөңіл, бұкпе деңгенді білмейтін кісі болған соң, ағайын келесінде өзіндік салмағы да бар. Жұртқа зияны жоқ, сынар езуlep күркің әкетер мінезден де ада. Осы жасында ақсақалдардың ырқынан шыққан кезі де болған емес... Келімді қияпатымен, сымға тартқандай сұңғак бойымен, Хакима әкесіне ұқсайтынын көлденең көз салған жерден-ақ аңғарар еді.

Шешесі Ұрқияның болса, бітімі рабайсыздау болатын. Өнді де қошқыл, тұрпаты да үрген mestі еске салғандай. Эйтсе де, быттыған семіз бетті кеспіріне көрік беріп тұрған тостағандай көздері. Тостағандай болғанда, бадырақ деуге келмейді. Мезесі көркем қылған, жебедей кірпіктері қайқия біткен ботакөздің өзі. Анасының алақандай дерлік көздері Хакимаға да ауысыпты. Айдай ажарлы өңгे нәркес көз қосылған соң, сұлу бойжеткен атанбағанда не қалды?

Доғалақтың кіндігінен өрбіген бар-жоғы төрт-ақ перзент қой. Тұла бойы тұнғыштары осы Хакима. Бұның есімін атасы Сарғалдақ қойған болатын. Жарықтық, пірәдар кісі еді. Көз майын тауысып оқығаны да мол, тоқығаны да аз емес. Ұрқия түскен жылы:

– Осы келін атұстар тапса, азан шақырып, намын «Хакім» деп қоярмыз. Үлгі тұтары Лұқпан Хакім болар ма еken?! Мал баққан шаруалар баршылық қой елде. Үрім-бұтқақ, зәузатым малға өнен бойы көніл бөле бермей, білім-ғылым іздер ме еken, – деп еді көпті көрген көнекөз.

Алайда, үміті акталмай, тұнғыш немересі атұстар емес, істігер болып шықты. Сөйтсе де, сезінде тұрды ақсакал. «Оқасы жок.

созімді жұтпаймын. Шүйкебас болса да өз бау-шарбагым. Бұл баланың аты «Хакима» болсын. Қыздың жолы жіңішке екені бесенеден белгілі. Білім іздең, сонына түсуге елдің салты жібере коймас. Әйтсе де, үмітсіз шайтан ғана деген. Тым құрығанда хат танып, қара жүргізетін көкірегі ояу бала болар бұл бокташағымыз. Жазу-сызуды өзім-ақ үйретермін» деп түйген болатын.

Бұл сөзін де бұлжытпай орындағы Хакиманың атасы. Тарптарп басқан немересі алты жасқа толар-толмастан-ақ хат үйрете бастаған.

— Кезім көрінкіремейді. Қара танысан, қиссаларды оқып бересің, балам. Осы күнгі негізгі бір ермегім сол ғой, — деп Хакиманы тұлымшағынан ііскең қоятын.

Немеренің тұнғышы болған соң ба, әлде сүтке тойған қозыдай томпиган түрінің сүйкімділігі ме, болмаса нұсқасының өзіне ұқсастығы ма, әйтеуір Хакима дегенде көnlі бөлек болатын. Тіпті шығарға жаны жоқ десе де сыйғандай. Доғалақ пен Ұрқияны маңайына да жолатпайды. «Анау қалған-құтқан қарақожалақтарына ие бол. Бұл саршұнақ қызда жұмыстарың болмасын. Өзім тәрбие-леп өсірем бұл тентегімді» деген сөзben емшектен шықкан соң-ак, біратола бауырына алған.

«Қарақожалақтар» деп айдар таққаны – Хакиманың бауырлары. Тетелес інісі Хамит пен ортаңғы ұл Сәлім. Ұрқияның сүт кенжесі Ботакөз биыл жетіде. Хакимадан тұра он жас кіші. Осы балалардың ішінде Сәлім ғана құбакан түсті. Қалған екеуі шешесіне тартқан қараторылар. Тетелес Хамит әрі ұзынтура сом бітімді, әрі қазанның түп күйесіндегі шойын қараның нағыз өзі. Ертең-ак бұғанасы катқан соң, алпамсадай жігіт болар сыңайы бар. Сәлім де бітім жағына кенде емес. Ағасынан айырмасы – ажарлы. Әкесінің аузынан түсіп қалғандай дерлік сыйдырым қас, мандайы жырта қарыс, кыр мұрынды бала. Кішкентай Ботакөз де жетіле келе бәденді болар тәрізі бар. Өңінің қара торылышы болмаса, сипаты көп-көрім. Көзі де есіміне сай мөлдіреп түр, елібі де сүйкімді.

Бауырлардың һәммасы Хакимадай әпкесін аса сыйладап өсіп келеді. Інілер мен сіңлісі түгілі, әкесі де тұнғышына қабақ шыткан тұсы жоқ... «Шалдың баласы ғой. Еркін өссін. Бетіне келсек, картымыз көnlінен алар. «Кәрі де бір, сәби де бір» демекші, қарыған сайын шікемшіл тартып барады аксақалымыз, – деген желеу-

мен Хакимаға әке-шеше шаң жуығпайды. Бұл пейілдерінің үстіне тұңғыштарының окуға деген алғырлығы косылып, Доғалактың балаға деген қөнілін тіпті арттырып жіберген еді.

Кісіге сенгіш, даңғылған аққоңіл Догалақ дәмді сөзге, әнге құмар болатын. Домбыраға бейім, бірсыдырығы қоңыр дауысы да бар. Алайда бейнелі сөз, жыр тыңдауды ұнатқанымен, ұзақ қиссаларды жаттауға мойны жар бере қоймайтын. Жұрттың дені жете кинауға құлықсыз келетін әдеті емес пе? Бір жылдай әуреленіп жаттап алғаны «Мұңлық – Зарлық» ғашықтық қиссасы. Оның өзін басынан аяғына дейін түгел айтып шығуды үлкен бір еңбек көреді. Кітаптың бетін ашуға да жалқау.

Хакима болса, керісінше, хат таныған соң-ақ кітап окуға ынта қойған. Атасы «қисса-дастандарды оқып бер» деген соң, меселін қайтарсын ба. Бара-бара өзі де дәмін тұшынуға айналды. Атасы қолқаламай-ақ, қисса кітабына шұқшиып, тапжылмастан сағаттан отырғаны.

Әжесі Асылтас, сүйегі ірі, етженді сары кемпір:

– Қайтесің осыны, құлыншағым? Қаршадайыңнан көзмайыңды тауысып. Қыз бала деген қуыршақты айналдырмас па. Көп оқыған кісінің миы ашып кетеді деп есіткем, – деп жаны ашып сейлейтін.

Енді қайтсін, өз төліне жамандық тілемейді ғой әжесі. Ақ борыктай қыздың оймақтай аузына тәтті мен дәмдіні тыққыштай бергеннен өзге не жазығы болушы еді. Әйтсе де Сарғалдақ бұл сөзіне едәуір шамданып қалатын. Бұрынғының адамы ғой, зайыбына қаттылау. Сөзі де өктем келеді.

– Алжыған қақпас-ау, бұл не тантығың? Талаптының қанатын қырқар бола ма? Ойын қумай, кітапқа үңілген бала жаман болушы ма еді? Дүниенің қомақты бір қызығы осы кітапта емес пе? – деп дауысын қаттырақ шығарып, халал жұптысын бидайықтай бүрер еді.

Не керек, атасының қолдауымен қолға тиген жыр-қисса атаулыны оқып шықты Хакима. Оқымақ түгілі, денін жаттап та алған. Қыстың ұзақ кештерінде ата-әжесіне пәлен рет оқып берген соң, өзінен-өзі жаттала береді екен өлең сөз. Қамбар батыр, Алпамыс батыр сынды қазақ дастандарынан бастап, Сал-Сал, Заркүм сияқ-

ты пайғамбар өмірінен сыр шертетін қиссаларды жадына токып алып еді осы күнде.

Бір қызығы, он төрт жастан асар-аспастан өзі де бәйіт шығаруға айналды. Шығарайын деп әдейі оқталған да емес. Шабыттың әсері ме екен, өлең шіркін өзінен-өзі тілге оралады да кетеді. Сіра, пәлен дастанды оқып шығып, денін жаттап та алған талапкер жас бейнелі сөзге үйір бола бастайтыны заңды да шығар. Сөз қоры көл-кесір болған соң, ұйқас деген өзінен-өзі құрала береді екен-ау.

Бастапқыда бұл қабілетін жасырып жүрген. Талай өлеңді ақ қағазға түртіп жүрсе де, өзімдікі деуге ұялар еді. Балауса жырлағының тақырыбы көбінесе туған өлке, табиғат сұлулығы төнірегінде өрбитін. Арғы бабалары, батырлар турасында да өз әлінше калам тербел болған. Уақытың саны аз болғанымен, жауынгерлік даңқы ісіі Алашқа паш болған ел ғой. Берісі Сары мен Баян, арғысы Ер Кекше, Ер Қосайдай шерілдері барын қайтіп білмес Хакима. Қаршадай бала кезінен атасының кенеулі сөзін құлағына құйып өскені тегін емес қой. Өзімсініп, ұялмайтын кісісі де сол атасы ғана. Ішті кернеген құпиясы әбден шыдаттай бара жатқан соң, бір әредікте жыр жазған дәпптерін көрсетті-ау әйтеуір. Қымсынып, қымтырылып, бетінің оты шыға жаздал ұсынып еді құпия жазбасын. Атасы болса, еш таңғалсайшы. Осы қимылын дәл бір күткен кісідей-ақ, қабағы селт етиестен немересінің жазуына үніле берді.

Атасының әжім торлаған ашаң жүзіне үрейлене назар тігіп еді Хакима. Қоңаштап құлқі қыла ма, ия тіпті жекіп тастай ма екен деп, зәресі жоқ. Атасы тіс жарғанша байыз таба алсайшы... Бір кезде қағаз бетінен көзін алды-ау қария. Бақса, кірпік ұшында бір тамшы жас іркіліпті. Мөлтілдеп үзілгелі тұр. Бірден сөйлей бастаған да жоқ атасы. Толқып отыrsa керек, көзін жыптықтаип бір-рер жұтынып қойды да, Хакиманы құшақтай баурап алып, мандайынан иіскей берді.

— Тіл-аузым тасқа, ақын екенсің, құлыншағым! Ақ түйенің қарны жарылды деп білемін, — деп бастап, аппақ сақалын тарағыштай, көзін жұмынқырай аз бөгелді де, — арғы аталарымызда сөзге ұста ділмарлар бар еді. «Бұл қасиет тұқым қуаласа керек-ті» деген үмітім де болатын. Оңашада Құдайға ағынып, «ұрпағымды

дәмді сөзге үйір ете көр» деп тілеп те жүрмін. «Зәузатымызға шешендік тұбі бір ауысар» деген дәме ғой... Мінекей, жарқ беріп саған қоныпты ақындық өнер, – деп бір қайырды да, Хакимаға назар тіктеді.

Нұры семген аялы жанарға жылы бір шуақ пайда болыпты. Мейірін төге себездейді. Сәл ойланып отырып, кеңесін өрбіте берді:

– Мен айтсан бар ғой, шырағым, қайым айтысқа түсіп көр. Ендігі сатың осы. Аяқ алсың жаман емес. Мына түрімен жөпшенді ақынға дес бере қоймассың. Шапшаңдық, суырыпсалма тапқырлығынды ұштай бер осы бастан. Шешендік додада жолың болсын, ботақаным. Осы бағдарың жөн-ақ. Сөз өнері – бар өнердің төресі мәнзелдес. «Өнер алды – қызыл тіл» деп атаң қазақ тегін айтпаса керек-ті. Себебі, терең ой шешен тілмен суреттеледі. Адамды адам қылған кенеулі ой емес пе? Алғыр зерде болмаса, адамның өзге мақұлдқтан айырмасы шамалы ма дедім, шырағым, – деп езу тартты да, Хакиманы құшағына және бір көмे берген.

Сол мейірлі құшағын әсте ұмытсын ба? Атасы қайтқалы жылдан асса да, аяулы жанның жоғына еш иланғысы келмейді. Сонау балалық шағында атасының шапанының ішіне тығылып отырғанды қызық қөретін. Майқара жусанның кермек иісі бүркыраған сол бір шапаның шалғайы берік қорған сияқты қөрінуші еді-ау...

Балалық бал дәуреннің күндерін елестетіп, көкірегін кере күрсініп қойған Хакима айдынға көз жіберді. Қыздардың бәрі судың ішінде екен. Кейі күмп беріп сұнгіп, қайсыбірі құлаштап малтып жүр. Обаған саласын жайлайтын бұл елдің түлектері шеттерінен малтымпаз. Көз ашқалы қөріп келе жатқан өзендері ғой. Қайраңың әр малта тасына дейін етене таныс. Бала кездерінде сонау қоғасының ішіне сұнгіп сүйрік тартушы еді. Хакима мен Сандуғаштың сұнгуге ептілігі ерек балалардан бетер болатын. Олар бір сүйрікті саумалап тартып, пәлен рет судан шығып дем алғанша, қос қыз көкіректі толтыра тыныс алған қалпы күмп беріп, бір сұнгігенде суырып алар еді... Анау жайын ауыз Құлшара бұларға еліктеімін деп, қақалып-шашалып суға кете жаздағаны да бар. Шибұт неме әлін білсе қайтеді екен?

Бала күнде қалған сол бір оқиғаны есіне түсірген Хакима мырс беріп миық керді. Қайран бал дәурен көзден бұл-бұл ұшқаны ма шынымен? Ақсақалдың еркетотай әлпеші болған соң, Хакима еркін мінезді, тіпті тәйтік те болып өскен. Қыз-қырқын деген қуыршакқа үйір келуші еді. Өзге құрбылары үйдің көлеңке сінде қуыршақты ермек қылса, бұл болса, ер балаларға қосылып асық ойнайтын.

Асық-топай деген ең бейбіт ермегі ғой, қызы-қыза келе томар ішіне барып, садақ тартар еді. Садақты әдетте талдан иш, оқты қамыстан жасайды ауыл балалары. Ұшына шегеден жебе бекіткен қамыс оқтар зуылдай алысқа кететін. Дөп тисе ондырмайды да... Сойткен садақтың кірісін шірей тартқанда, ұлдармен тайтласатын он екі жасар Хакима. Ол ол ма? Егесе кетсе, құресуден де тайынбас еді. Алыс-жұлыстың аяғы төбелеске ұласып кетуі де ғажап емес. Алыс-жұлыста жаға жыртылып, көз көгереді әдетте. Өзге шүйкебастың бұндайдан зәресі ұшса, Хакима керісінше жанданып кететін. Төбелестен қашпақ тұгілі, қалың ортасында айғай салып жүре беруші еді.

Анау Алмагұл мен Қарлығаштың собалақ ағалары бар емес пе? Әнуарбек деген шотпақ қара. Балалалар бұның атын шұбыртпай «Әлкө» деуші еді. Өзінше ол да бір таудың текешігі. Қарындастары қойдан қоныр өңкей иіс алмас жуастар ғой. Соларды билеп-төстеп дағдыланған есірік неме бірде:

– Немене, Сарғалдак шалдың болпаш қызын шолжаңдатып. Сонша кім еді? Кет былай, еркектердің ойынына килікпей! Қызтекемісің өзің? – деп аузы көпіріп шаптықпасы бар ма?

«Қызтеке» деген мазақ балалар арасында балағат болып есептеледі. Намысты шаптар сорақы мазақ. Ер бала бұндайда екі сөзге келмей тұмсықтан тапсырап еді. Қыз деп басынған түрі ғой таңқы танау неменің... Ондай домбытпадан ығысатын Хакима ма? Ер Қосай, Ер Көкше сынды бабалардың ерлік жолын жырға косқан бала жасық болушы ма еді. Оның үстіне Алатаудай атасының атын бадырайтып атаған есірік немені шәүілдетіп койсын ба? Намысы лау етіп, ал кеп жағалассын!

Әлкөнің қолақпандай екі жас үлкендігі бар. Оның үстіне бір үйдің бетінен қақпай өсірген әздегі. Және қанша айтқанымен, үлдың аты ұл ғой. Күші басым. «Келсен, кел» деп, бұл да ұстаса

кетті. Екеуі армансыз жұлқысты. Арашалаган бала болсайшы. Еріккен ұлдарға қызық керек. Басалқы айту былай тұрсын, улапшулап дем беріп қояды.

– Соқ, Әлкө, қыздан жығыламысың!

– Жығылсан, қатын атанасың!

– Тапсыр көк желкеден сары қызды! – деп топтың дені өз жыныстасына дем берсе, енді біреулері Хакиманың шашбауын көтереді.

– Хакіш-ау, еш беріспе! Қалқан құлақтан таяқ жегенің бе?

– Өкішесін шайнап жібер тайпақ қараның!

– Шалдың сары қызы, намысқа шап! – деп қызыл кеңірдек болысып жатыр. Екі дай бөліскең балалар қызыққа белшесінен батып, қарық болды да қалды.

Не керек, еріні күптей ісіп, шекесі көгерсе де, Әлкөден өшін ала білді сол сапар. Құші жетпей жеңіліп бара жатқан соң, амалы құрып құлағының сырғалығынан қыршып алмасы бар емес пе? Бишараның бет-аузы даладай қан. Долданып, жылап-еніреп үйіне зытып берсін. Қанды көрген соң өзге балалар да тым-тырақай қашты. Әлкөнің шешесі қара Қалиманың шақар мінезі ауыл-аймакқа белгілі ғой.

Шынымен-ақ, әлгіндей болған жоқ, бес биенің сабасындай болып, найқала басып Қалима жетіп келсін. Жетегінде Әлкө. Басы танулы, бет-аузы айғыз-айғыз. Көз жасына әбден ерік берсе керек, солығын әлі баса алмай түр. Қалиманың бір қолында шыбыртқы. Қирататын немеше, жердің шаңын бүрк еткізіп періп-періп жібереді. Онсыз да іннің аузындай үңірейген танауы тіпті деддійп кетіні.

Ақсақалға бата алмайды ғой, келе салып Хакиманың әжесіне шүйілді.

– Қайда әлгі қарақшы қыз? Шашын талдап жұлтып, қолына берейін бәлем! – деп шаңқ етіп бастап, аузы-мұрнына шай қайна-та бастасын кеп.

– Бұл не деген сүмдық! Қас масқара ғой! О заман да бұл заман, құлақ шайнағанды кім естіген? Артын қысып тиыш қана не-ге жүрмейді екен бұл пері қыз? Жүрген жоқ па әнекей өзге шөп-желкелер қуыршақтарын айналдырып? Бұл ма, бұл қыз мына бе-тімен басымызға әңгір-таяқ ойнатар. Әй дейтін ажа, қой дейтін

қожа жоқ болған соң, әбден есірейін деген еken. Ертсін біреудің басын жармаса, маған кел! – деп шапылдал, жуық манда тиыштала қоймады.

Хакимада зәре-құт жоқ. Батырга да жан керек емес пе? Қара Қалима түтіп жей ме еken деген үрейі ұшып, үйге зып берсін. «Шашымды жұлса, тақыр бас болып қалай жүремін? Қыз балаға ерсі емес пе? Ғұмыр-бақи таз болып өтемін бе?» деген үрей де бойды билеп барады... Үйге тығылып еді, үйдің ішінде пана бар ма? Долы қатын әбдіре, кебеженің ішін де актарып тауып алар. Сасқанынан атасының шапанының шалғайна орала кетсін. Атасы жауға бермесіне сенімі кәміл фой... Ол кісі болса, миығын бұлк еткізіп, Хакиманы арқасынан қағып қояды.

– Мен тұрғанда еш абыржыма. Қалима тұрмак, қабыланға бемерін бе?! – деп жұбатып та баққан.

Айтқандай-ақ, кейінгі оқиғаның желісі бейбіт арнамен өрби берген. Асылтас әжесі салдарлы жан ғой. Мінезінің ауырлығы қара жердей. Қалиманың ұзак-сонар гей-гейін әбден тындал алды. Сөзін бөлмек түгілі қабағын шытсайшы. Кейімек түгілі, мақұлдаған кісіше басын изеп те қояды. Қалиманың мінезіне қанық па, әлде тәсілі ме, әйтеуір бұл сабырлығы өз нәтижесін берді. Долы қатынның қарқыны саябырсы беріп, шарылдаған дауысы бәссеңсін дегендегенде, бейбіт үнге салған әжесі:

– Е-е, шырағым-ау, баламен бала боламысың? Бала жылап өспеуші ме еді? Соқталдай ұл шынашақтай қыздан таяқ жегеніне арлансайшы қайта... Қой, шырағым, болмашыға жүз шайысқан жараспас. Елге күлкі болармыз... Үйге кіріп аптығынды бас. Баптап тұрып бір шай ішейік те одан дағы, – деп іле Қалимаға ес жиғызбастан, бұртиып тұрған Әлкөге бұрылды. – Эй, батыр, жүр үйге кір. Сақтап қойған бір тас кәмпіт пен қантым бар еді, сен жүтірмекке бұйырды. Анау тентек карындастына татқызбай, езіңе берейін. Ағасын сыйламағанды желкесінен шығарайын бәлем! О несі-еї, білдей бір ағасының құлағын қыршып алғаны? – деп баланың көңілін аулай берген.

Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шықпай ма? Әлкө де күлімдеп, Қалиманың да қабағы жазылып шыға келді. Ағайынмен шайырғал кетісуді есі дұрыс пенде тілесін бе? Оның үстінен Асылтас әже де осал-онтағай жан емес. Ағайын да, жат та сый-

лайтын кадірлі жан. Байсалды мінезі өз алдына ғой. Өжеттігі де бір басына жетерлік... Бұның жас кезіндегі жанкешті ерлігі дүйім елге аян... Жаңа түсken желекті келіншек кезі. Бүр күні жайлаудағы елге үш-төрт қаңғырған казак-орыс сау ете қалсын. Өздері удаій мас, иықтарында бір-бір мылтық. Ер-азаматтың барлығы пішен шабу науқанында еді. Ауылда кіл қатын-қалаш, кемпір-сампыр, шал-шауқан қалған болатын. Есірген тобыр бас көтерер ерек жоғына көзі жеткен соң, ал келіп сойқанды салсын. Әбдіре, сандықтарды актармалап, алтын-күміс заттарды тонап алды. Олол ма? Қыза келе, әрлі деген қыз-келіншекке кол сала бастаған. Шыңғырып ойбай салғанына құлақ ассын ба шылғи мас жауыздар.

Аузынан темекі мен арақ иісі мұнқіген қира кекіл біреуі Асылтасқа тап берсін. Бұжыр беті тер сасыған еңгезердей малғұн, әй-шайға қаратпай аш белге жабысты. Көзі қанталап, сілекейі шұбырып барады. Аятын түрі жоқ.

Асылтас жалғыз атты бір аңшының қызы еді. Бітімі әкесіне тартқан әрі кесек, әрі шымыр. Титтейінен қара жұмысқа араласып өскен соң бір кісіге әлі де қаптал. Оның үстіне жаратылысынан жүректі де болатын. Үнемі қару асынып жүрген әкенің үлгісі болса керек, бергі жағымен сынықсыса да, жеме-жемге келгенде, қатерден тайынбас батылдығы да бар. Онысын өзі сезсе де, ғұмыры сыртқа шығарған емес. Екідай егесте, өлім мен өмір арналысқан сэтте, кей момындар жарқ беріп асқан батылдыққа басады деген пікір бар емес пе. Сол сөздің жалған еместігін дәлелдеп беріп еді нәуетек бойжеткен.

Өжеттік пен қайрат қайдан пайда болғанына әлі күнге өзі де аң-таң. Сол қимылын еске түсірсе-ақ, жауырын тұсы мұздап қоя беретіні де бар. Әрекет қылам деген еш жоспары болсайшы. Жоспар құруға мұрша да болған жоқ қой ең алдымен. Әйтеуір: «Ия, аруақ, қолдай көр! Бибі Фәтима пірім, өзің жар бола көр!» деп айғай салғаны есінде.

Арғы жағы бұлдыр. Басына қан теуіп, әлті дүшпанды жұдырықлен қақ шекеден періп жібергенін біледі әйтеуір. Одан кейінгісін күәгер қатын-қалаш дәттетіп берген:

– Құдай салмасың, мына келіннің қимылы алапат екен! – деп бір женгесі бастап, абысын-ажындар қосамжарлана кетті.

«Мылтыққа шап бердін де, шоқнардай ұстай алып, әлгі әскерлерді көсттіте төмпештедің-ай келіп! Көзің қып-қызыл, өңіндегі қан-сөл жоқ. Қанын торсыққа құйып алған жанның репеті жат болады екен-ая! Шалық шалмасын деп зәреміздің кеткені». Кейін анықталғандай, бір қойып солдатты сұлатқан Асылтас, жаудың мылтығына жармасып майдан ашады. Әскери бесатарды ғұмыры ұстап көрмеген кісі ғой. Сойылдай бұлғап-бұлғап жіберіп, жолындағы дүшпанға сілтей беріпті. Жаналқымға тақаған сэтте, қайрат шіркін он есе өссе керек, мылтықтың дүмі тигендерді оңдыртпапты да... Масандығы ма, әлде ұргашыдан мүниша жанкешті қарсылық күтпегені ме, қылыш асынған жауыздар абдырап сасып калады.

Сейтіп арпаласып жүргенде, пішеншілер де сау етіп жетіп келген. Сол бір жыл қан жайлауда ел тығыз отыруши еді. Ат белдеуде, қаруы сай, «келсөң, кел» дейтін сайдауыт жігіттер де баршылық. Ат қойып қантап, әлгі қарақшыларды қолға түсіріп, бейбіт ауылды арашалап алыпты әйтеуір.

Содан кейін Асылтас «жүрекжүтқан келін» атанып та кеткен. Осы күннің өзінде әбден шау тартса да, сүйегінің ірілігі бірден көзге түсер еді. Шықшыты шығыңқы, жалпақ кескінінде сұс та жоқ емес. Ауыл-аймақ бұны осы күні «Ақкемпір» деп атап кеткен. Әншейінде «қарағымдал-шырағымдал» жүретін Ақкемпір бір ашуланбасын. Алда-жалда қаһарына міне калса, іс насырга шапты дей бер. Томпактау келген қой көздерде салқын жылты пайда болады. Сырты құрыш, жүзі болат семсердің ызғарлы жылты дерсің. Ондайда өштескеннің қолында өлуге бейім...

Сыңайласының бұл міnezін қайтіп білмесін Қалима? Исті ушықтырмайын деп Асылтастың ыңғайына жығыла салған... «Сары бие» атанатын нән самауырдың шайын сораптап, бора-бора терлеп-тепшіл табысты ғой әйтеуір... Бір қалта шақпақ қант пен өрік-мейізді олжалаңған Қалима кенқ-кеңк күліп:

– Бұ Хакіш біреуге есесін жіберуші ме еді? Әжесіне тартпай кеткір жүгірмек неме! Әжесі Ақкемпір емес пе? Тұмсықтан бір тапсығанда соқталдай солдатты ұзынынан сұлатқан, – деп тершігеп бетін күндігінің шетімен сұртіп, көз құйрығын Сарғалдаққа жіберген. «Сөзім неңдей әсер етті?» деп барлағандай. Ақсақалдың көңлін аулай сөйлеген түрі ғой.

Сарғалдаққа бұл сөз жақты, әрине. Әйтсе де, мақғанды сұқа-ны сүймеуші еді. Қайсыбір күпілдек шалдардай өз бабаларын жер-көкке сыйғызбай кепиетсүден мүлде ада... Қылыш соядай, аппақ қастарының тасасындағы көздерін күлімдеп:

– Е-е, Қалима, бұл баламның өз аталары да осал емес-ая! Мәселе онда ма? Қазақтың қай тайпасын алсақ та, жаужүрек бабалары баршылық қой. Мына ұшы-қыры жоқ самиян сахарада жа-сық ел тірлік ете алсын ба? Паналар орманы, ия тау-тасы тым тапшы айнаңай жазыда тек өз қайратың алып шығар. Арпалыс-соғыстан қорықкан елдер не өрмелеп тауға шығып кеткен, не қорған салып қалаға жасырыныпты о бір замандарда. Қазақтың жаужүрек бабалары болса:

– Келсөң, кел! – деп кең-байтақ жазирасында отыра берген. Ондай елдің ұлы түгілі, қызы жасық болсын ба? – деп кілегей қатқан күрен шайды ұрттап қояр еді...

Балалық шақтағы осы бір суреттің көз алдына елестеткен Хакима, ықтиярынан тыс жымиып қойды. Кеше ғана болған сияқты оқиға соншалық алыс, қол жетпеске кеткенін қайтерсін? Бір кездегі сотқар бала Әлкө – Әнуарбек осы күнде зіңгіттей жігіт. Хакимага өкпе-сақпа сактамақ түгілі, сыртынан ғашық та болып жүр.

– Сенен жеген таякты сағынып жүрмін, ерке бала! Құлағымды қырышып алшы, кәнекей. Құлак тұрмак, ернімді шайнауға береін-ақ, – деп жүздескен сайын ыржалақтан жүргені.

Хакима ернін тигізбек түгілі, көзінің қырын да салмасын біледі гой шойқара неме. Ақын қызы, әнші қызы өнерден құралашқан можантопайды көзіне ілсін бе?

– Тәтті аузыңың дәмін кетірмес, Әлкөш! Арыстан айға шауып, мерт болған екен. Қектегі айға қолың жетпесе де көзінді сата берсөнші, аппағым-ая, – деп қазан түбінің күйесіндегі қара кесшірін келеке қылар еді.

– Сен қызды мұнша мөлдіреген сұлу болады деп итім біліп пе? Бұрымы сексиген, қос танауынан бозжорғасы шұбырған, бадырақ көз шөпжелке аққудың көгілдіріндегі таранып шыға келерін білсемші жазған басым. Әттең, этен! – деп санын соғыш қояды Әлкөш. Өзінше әзіл ілген түрі гой, көгенкөз неменің.

Ауылдас бозбастың таңқы танау, қалың бетті кеснірін есіне түсірген Хакима және бір мәрте миық керіп қойды. Ақылды тентек қой Әлкөш. Бала кезіндегі кім тәйтік мінез шығармаушы еді? Осы күні әнекей, сыйпайы да көргенді, көп-көрім бозбала болған түрі бар.

«Аққудың көгілдірі!» деп майпаздал қөпшік тастағанын айтсаншы! Сөзге орашолақ болса да, тенеуді таба біліпті қылжакбас неме... Аққу демекші, Хакимаға кезіндегі аскан әсер еткен сол құс төресі еді. Он төрт жасар кезі, өзеннін дәл осы тұсында қозы бағып жүрген. Үйдегі балалардың үлкені болған соң, шаруага қолқабыс қыммай жүрсін бе. Қыз да болса, бір жағынан шығысқан түрі ғой. Инілерін бастап, құнұзак қозы бағады... Мезгіл құздің мизам айы. Қозылардың ересек тартып, қара құлактанған марқайып қалған кезі. Сарғайып қалған бидайытың басын шалып, быртбырт үзіп оттап жүретін. Құзгі шөп уытты келеді ғой. Малды ауылдың балалары оны кайтіп білмесін... Үйдің шаруасына жаны ашыған Хакима таңмен таласа қозыны өріске шығарады. Иінінде түйе жүн күпі. Бозала таң салқын келеді. Өзен саласы болған соң жер сызып, шөптің іші қалың шық.

Белді шарт түйіп, бөрікті баса киіп, қозыны қотаннан шығарады Хакима. Өріске мал шығарған қызалаққа не сән керек? Қен шоқайды аяғына іліп тарта береді. Қос бауыры соңында. Хамит ересектеу, естиярлау ғой. Өзіне тапсырған бұл істі үлкен бір міндет көреді. Қозінің былшығын үқалай салып, ұртына бірер сыйқпа құртты ұрып жіберіп, томпалаң қағады. Ұйқысы қанбай, таңғы салқынмен дірдек қақса да, әпкесінің соңынан ереді тетелесі. Хамит түгілі, он жасар Сәлім де танғы ұйқысын қияды. Ұлдың кенжесі болған соң мінезі еркелеу. Кешке жақын, жатардың алдында:

— Қозыға бірге шығам! Мені ертемен оятындар. Қалдырушы болма! — деп қигалақ салып, қайта-қайта ескертеді.

Ересектерге ұқсан мал бағуды өзінше бір таудай бедел көреді. Жатарда қатты тапсырғанымен, оятқанда ал тұрсайшы. Оятпай қалдырып кетсең, тағы пәле. Жатып алып кез жасына ерік беретіні бар. Жылаганда долданып жер тепкілейтінін қайтерсің. Соңдықтан шешесі:

— Қайтссің тәтті үйқысын бұзып? Ойын баласы ғой, жата тұрсын, — деп араша түссе де, кояр да қоймай оятады Хакима.

Хамит екеуі ауыл сыртына шыққанша, кенже ұл да жетіп келді томпалаң қағып. Ұртында айран, ұсында құрт. Дәл шығарда апасы ағарғаннан жұтқызған түрі ғой. Естияр кісіште өз-өзі болып, ашатұяқты өріске шығарғанына мәз-мәйрам болған сыйбыты бар... «Қозы бақты» дегендері құр аты ғой. Кісі қара, бас-көз болды демесе, бір кора ашатұяққа иелік ететін қос төбет. Ала-мойнақ пен Алыпсоқтан іс артылған ба? Екі жақтан қақпайлап өрістетеді де, тұс әлетеңде қөлеңкеге жусататын да өздері. Ит-құсты да маңайдан жүргізбейтін сак.

Сол бір күннің ауа райы жайлы болып, марқа қозылар жерден бас алмай оттап жүрген. Құздің қоңыр салқынында мал баласы рахаттана жайылар еді. Сондай мезгілді ұнатады Хакима. Ашық аспанның астында, маң даланың төсінде онаша жүргенниң бір артықшылығы бар-ау. Қос інісі үйден бір дорба асық алып шығып ойын соғады. Кенже ұл:

«Ертегі айтып бер!» деп қынқыл шығаратыны да бар. Әпкесі қыруар ертегіні, қызық хикаяларды майын тамыза айтатынын біледі жүгірмек. Бауырының көнілін аулап, «Мың бір тұннен» бірер хикаяны дәттеп те береді. Баз-базда көнілі соқса, ғашықтық қиссаны да жырлаудан жалықпайды. Құнузак жүргенде әйтеүір бір ермек керек қой.

Қиссаны айтып болған соң, өзі де қиялға кетеді Хакима. Ұшы-қырына көз жеткісіз сайын сахара ойды ұшқыр қылып, қиялға қанат бітірмей қоймас... Өзен анғарының ауасы қандай жұтымды, шіркін! Ертемен барсаң, қалың шыққа малынған шөптің үсті буалдырлана тұманданып тұрады. Таңғы мезгілде дермене жусанның лебі әсіресе бұрқырап шығады. Оған бозторғайдың шырылы, шегіртке мен инеліктің ызыңы қосылса, тіпті ғанибет.

Құннің көзі көтеріліп, тұман айыға бастағанда, сонау көкжиеекке назар қадаған Хакима қиялға шомады-ай келіп. Түсінде көргендерін көзіне елестетеді. Он төрт жасқа іліккен соң, тұн баласында жиі-жиі тұс көретінді шығарған. Қиссаларды көп оқығаннаның әсері ме, түсінде үнемі ақбоз ат мінген бір бозбаланы көреді. Дидары сүп-сүйкімді бағлан туған бір жас. Белі тал шыбықтай, киімі сәнді болса да сыпайы. Кей кербезсымақтардай артық

әлеміші жок. Ат-әбзелі де кара дүрсінділеу. Бай-бағланның ұлы емес екені жүріс-тұрысынан да, киген киімінен де анғарылғандай... Сонымен қатар көптің бірі емес екені де көзге ұрып-ақ түр. Себебі – күлім қаққан көздерде ес тұнып тұр дерсің. Ес болғанда, көп оқыған зиялды жаннның қияпты бірден танылады...

«Осы жігіт дәү де болса талай асықтық қиссаларды жатқа білетін шығар» деген пікір де түйіп қойған. Неліктен ондай бай-ламға келгенін өзі де түсіндіре алмас еді... Әйтеуір өзінің теңі екенінде еш шубәсі жок. Дәulet масы байдың баласы емес, ия болмаса бақ масы шонжардың деміне нан піскен кердең ұлы емес, қарапайым ғана жан екені анғарыла қалғаны.

Бір ерекшелігі – жанарында нәпсінің нышаны да жок. Мен-мендіктен де ада шуақ төккен көздері. Жұзінен иман саулап тұр дерсің... Сонымен қатар имену де жоқ қияптында. Өз қадірінің мөлшерін әбден бағамдайтын азамат сияқты. Онысын іле дәлелдеді де. Боз арғымақты шерттіре бастыра келіп:

«Армысың, карындастым! Күйлі-куатты бармысың?» деп санқ еткені. Дауысы қоңыр қаздың қанқылындей.

– Ш-ш-шүкір, – деп ернінің ұшын ғана қимылдатып есендерекенін өзі де анғармай қалды Хакима.

Балалық мінез кайда кетті десеңші. Еркелік, шолжаңдық та біратола жоғалған. Кәдуілгі бой тузеген сәулімдерше сзыла қалғаны. Бұл қылықты қайдан, қашан үйренгеніне өзі де аң-тан.

Әлгі бозбала қысқа ғана амандық-саулықтан соң, кенеттен-кенет әнге басып кеп жібергені. Онысы өзіне жарасымды да.

«Әй-шай жок, сұраған кісі жок, әнді жүндей сабап қоя бергені нессі?» дегізтіндей емес, салған жерден шырқай жөнелгені еш сауал туғызбайды да. Бұл бағлан туған бала ән салмаса, тіпті жер бетін басып журе алмайтын сияқты... Ән болғанда қандай! Дауысы пәлендей зор да емес. Құміс көмей әнші деуге келе қоймас та. Қазақ баласына тән кәдуілгі қоңыр ғана лебіз. Десе де, тындаған сайын құлаққа жағып барады. Жаққаны былай тұрсын, көнілді баурап, жүректі лупіл қақтырғаның қайтерсің? Ертегідегі қанатты пыраққа мініп, аспан-көкті шарлап кеткендей әсерге бөленді де қалды Хакима... Шабыты лап ете тұтғанып, өзі де әнге басып жібергенін анғармай да қалғаны. Екеуі қосылып, ал кеп аңыратсын. Хакима да әншіліктен кенде емес. Көзілі соқса, тамылжытып та,

куйқылжытып та береді. Әлгі бозбас екеуінің үндері соншалық үйлесе кетер ме. Ғұмыр-баки бірге қосылып әндектендей-ақ. Бір заматта әнін кілт үзді бозбала. Басталуы шұғылдан болса, үзілуі де дәл солай оқыстан болды. Бар пәрменімен екпіндете шауып келе жатып, тізгін тартқан сияқты... Жер тарпып тұрған қазанатың жалына еңкейе беріп:

– Беу, қарындас, лебізің әлемет екен! Сегіз жаннат ұжмақтың нақ терінен жеткен сарынға ұқсаттым ғой, – деп тіл қатпасы бар ма?

Назары Хакимада. Құлімдай үңіледі. Сын да жоқ емес көзқарасында. «Дос-жар болуға татитын жанбысың өзің? Сыныма толып ерге ер, серіге сері боларлық қауқарың бар ма?» деп тұрғандай. Әйтсе де жылдылық басым нұрлы жанарда. Себездей төгілген шуағы Хакиманы аймалай түсті дерсін.

– Маған еремісің, беу құрбым? Бай-бағланның тайыры емеспін. Шен-шекпенді көкелерім де жоқ. Батыр да балуан да емен. Жұрттан асқан ажарым да, өнерім де жоқ. Көптің бірі құбакан бір ұл едім. Әусесім – ән сүйем, жыр сүйем. Оны азсынсан, қылаусыз ниетім бар. Арман құған жүргегім бар... Сол жүрек шіркін өз теңін іздеп аласұрады. Теңін тапса, қол ұстасып арман кумақ. Арманым – асығыммен қосылып тату-тәтті тұрмыс құру... Мұрадым осы. Пәк пейіліме илан, жан сәулем. Сөзіме сен де, қолынды бер, қалқам-шырақ! – деген сөзбен мөлдірей қарай қалғаны.

Хакима аңырады да қалды. Бұндай ұсыныс есітем деген ой бар ма? Құбакан ұлдың сөзі түйеден түскендей. Десе де, өзіне жарасымды... Хакиманың теңі екені рас емес пе? Нұрлы жүзі анау. Мейір төккен жанары бар, бал татыған сөзі бар, бағлан туған жас өрен теңі болмай қайтушы еді?

«Дәулеті шалқыған мырза емеспін» деді-ау әлгі сөзінде. Бақ масы мырзаны қайтсін Хакима? Қабағы сұсты батырға, күші ала-пат балуанға да зәру емес. Қарақан басынды қадірлейтін құрбы-құрдас қой қыз баланың іздейтіні. Жүрек лүпілін түсінетін тең-тұска жан жетсін бе? «Алақанға салып мәпелеп өтемін!» деп тұрған жоқ па мына бозбаланың аймандаидары.

Осы оймен кідіріп тұрғанда, әлгі бейтанаис:

– Бердің бе сертінді? Берсөң, жолыңда жаным құрбан! – деп санқ еткені.

Хакиманың санасы астан-кестен. Бұғанасы қатпаған кызылак болса да, жөн-жоралғыдан хабарсыз емес кой. «Ата-ананың ак батасы бар» дегенді қайтіп білмесін. Ақ батадан аттап кетудің күнә екенін де хабардар. Титтейінен анасы құлағына құйып келе жатқаны тегін емес шығар. Ата-ананың рұқсатын алмастан мына жігіттің етегінен ұстап кете бермек пе?.. Шынтуайтқа келсе, көлденең көк атты біреу емес пе? Айдаладағы қаймана қазақ. Ак сүтін емген анасын, асқар таудай әкесін, емшектес бауырларын бәзбіреудің сөзіне бола тастап кете бермек пе? Бұнысы желекпелік емей немене? Қазақ баласының ең ізгі бір касиеті сабырлылық емес пе еді. «Мінезі қара жердей ауыр» демеуші мс еді кешегі бабалар біреуді мактағанда. Ұшқалактық болып жүрмесін дәл қазіргі қөңілшектігі...

Осы оймен тартыншактап тұр еді, алайда аузынан шыққан лебіз бұл пікірге мұлде керегар болып естілгені. Буыны босап, бойы балқып кетіп:

— Беу, азамат! Бәлкім бұл қымылымды бәзбіреулер әбес көрер. «Тәу көрген бейтаныстың етегінен ұстап кетті» деп сөгер де. Бағым ба, сорым ба, маған Құдай жіберген екен өзінді. Бәлкім туғандыңде өкінетін де шығармын. Эйтсе де, дәл қазір тартынып қалсам, одан да бетер өкінетінімді түйсініп тұрмын. Басым көрге кіргенше өзіме кешпеспін жасықтығымды... Сондықтан, бердім сертімді, жан құрбым! Алаштың азаматы екенсің, меселің қайтпасын, — деген сөздің аузынан қалай шығып кеткенін аңғармай да қалған.

Осы сөзбен оянып кетеді Хакима. Әлгі тәтті көрініс зэттеғайып болған. Ояна кетсе, әнші жігіт жоқ. Дидарын есіне түсіремін деп қанша тырысса да, еш елестете алсайышы. Ажарлы бозбас екенін біледі әйтеуір... Бір қызығы, осы түсті бірнеше көргені. Айнымай қайталанады да тұрады. Үзілгенде де дәл бір тұста үзілетінін қайтерсің? Оянған сайын көзін жұма қояды. Тәтті көрініс жалғаса ма деген дәмесі гой...

Сол бір күні де Хамит пен Сәлім асықтарын шығарып «Ханталапай» ойнының қызығына батқан соң, кірпігін айқастырып қиялға шомды. Әдетте, бірер сәттен кейін сұлу көрініс қазкалпында жадында жанғырар еді. Бар айыбы – әнші жігіттің қияпты анық емес.

Козін жұмып еді, ойын қоғамдай алсайшы. Біресе желдің ызыны, біресе қозылардың пысқырғаны қиялын үркіте бергені. Қыбыр етпестен отырып көріп еді, кенет қаздың қаңқылы естіліп елең еткізді. «Ми даладағы бұз не қаз?» деген оймен еріксіз көзін ашса, жарқ берген әсем көріністен тас болып қатты да қалды. Зенгір көктен құлдилап келіп, өзенге қонған топ аққу екен. Айдында қалқып сабаттап жүр. Хакималардың зиянсыз бала екендерін сезді ме екен, еш алаңсыз тараңып, сұнқылдасып қояды. Аққуды алыстан, сонау көк жузінен көргені болмаса, жақын жерден алғаш тамашалауы еді Хакиманың... Мұнша әсем құс екенін кім білген. «Киелі құс, қазақ баласы бұны атпайды» деген ұғымды санаға сіңіріп есkenі болмаса, «бұның қасиеті қайсы екен-ау?» деп, ой қинаған жан емес.

Енді бақса, мусіні тамаша екен. Ақ мәрмәрден аса шебер бәдізші қашап шығарды дерсің. Аққудың мойнын «сұнғақ» дейді қазақ. Сол сөздің мәнісіне енді ғана түсінді. Өзі ірі, өзі қардай аппақ құсқа, қаламмен сызып қойғандай әсем иілген жіңішке мойын керемет жарасады екен. Жағадағы майқы құрап, қайрақ құмды шөп-шөп сүйген майда толқын, құміс жалтырда мамырланған аппақ әсем аққудың ғажайып көрінісі тәнті етпей қойсын ба? Әсіресе Хакима сыңды ақынжанды әсершіл баланы.

Тас мұсіндей болып қатып қалған Хакима ішінен: «Тек ұшып кетпесінші! Айдында қалқып мамырлай берсе екен» деп тілеп тұрды. Кенет құстардың ірірек біреуі, саһары болса керек, сұнқ ете қалғаны. Сұнқылы қаздың қаңқылынан бөлек. «Гәк! Гәк!» деген үні жүректі селк еткізгендей... Анау түсіндегі бозбаланы көргенде жүрек тұсы шым етуші еді. Иле кеуілді қуаныш керней кететін. Түнекті тіліп өткен таң шапағында жарқ беретін қуаныш. Дәл сондай тәтті сезімге бөленип, көңілі алып ұшпасы бар ма?!

Әлгі саһардың дауыс шығаруы мұң екен, бар топ қанатымен судың бетін сабалап ұша жөнелді. Төбелең төне, сұнғақтарын соза, қанаттарын сұылдата самғай берген. Аппақ және қарамды болған соң ба, қолсозымдай-ақ тұста өткен сияқты. Көркемдігі ғаламат, маң даланың сән-салтанаты дерсің. Хакима түгілі, қос бауыры антаң қүйде анырайысып қала берді. Сегіз жасар Сәлім мойылдаі кездері атыздай болып:

– Бұл не, әнке? Ертегідегі перілер емес пе? Бұндай да әдемі құс болушы ма еді? – деген сөзбен уысы жазылып, кенейлерін түсіріп те алған.

Сол бір ұмытылмас күннен кейін Хакиманың мінезі де өзгеріп сала берген. Мінез пәлендей өзгере де қойған жоқ-ау, қылышы, жүріс-тұрысы бір алуан құбылды. Сұлулықтың үлгісіне көз тойғызып еліктеген түрі ме, әйтеуір бой түзей баставаған. Шолжаң мінезден біратола арышып, біш-биязы болып сызыла қалғаны. Заты нәзік қыз бала екенін мойындағандай...

– Эй, Хәкіш, немене мелшиіп тұрсың? Бассаңшы аяғынды былай! – оқыс шыққан үн ойын үркітіп жіберді. Жалтырдың орта тұсынан айғай салған Айгүл екен. Құлаштата малтып барып, терең тұсында жүзіп жүр. Байдың қызы болған соң ба, мінезі тәйтіктеу. Өзінен жасы үлкендерге де өктем сөйлейтіні бар.

«Қап, бұл қызды тақылдатқанша түсейін суға. Малтымпаз неме ғой, көрейін бұның шама-шарқын» деген оймен Сандуғашқа жалт қарап:

– Кеттік, Сәнке! Уайымдай берме. Уайым тубі – тұнғиық деңең, батасың да кетесің, – деп тіл қатты да, қосетек кәніпас көйлегін судырата шеше бастады.

Жұбын жазбаған құрбылар киімдерін сыптырып тастап, ак саңдай жарқ еткен қалпы өзенге күмп берді. Белуардан суда тұрған Күлшаралар Хакимага жалт қарап аңыраса қалған. Онысына себеп те бар еді. Құлын мүшелі құрбысының жалаңаш тәніне көз тоқтатпау мүмкін емес сияқты. Торсиган қос анары mestің емізігіндей, белі қылдырықтай, бөксесі жұмырлана біткен Хакиманың мүсіні суреттей дерсің. Оның үстіне күннің көзі тимеген уыз дене алғаш жауған қардай аппақ. Сонынан ерген Сандуғаштың тұрпаты да тоқ балтыр, аршын төс, науша бойлы арудың нағыз езі.

Пенде емес пе Күлшара? Тату құрбы болса да, қызғаныш отылау етіп, жымыскы ой да сумаң етті санаасында. «Ақ борықтай Хакіш, мына асыл қазынаңмен кекешкі қор боларсың әлі-ақ! Оң жақта сайрандал қанша жүрер екенсің, күнің санаулы шығар. Шағалақ сынды, мүйізімен бұлт тіреген дүр шонжардың әuletі, жаман Догалақты тен тұтар деймісің? Отпен кіріп, күлмен шығарсың ертең-ақ» деп ішінен табалап та қойды.

Хакиманың кейіс қабағының сырын қайтіп білмесін? Жуырдағана небір десте-десте сыпсың сөзге сылтау болған жаңалық дүнк еткен жоқ па? «Шағалақ деген атақты шонжар құда түсті» деген хабар, курап тұрган қауданға тиген өрттей-ақ лау ете тараған. Жуан шонжардың өз кіндігінен тараған бала жоқ керінеді. Титтейінен асырап алған ұлы бар екен. Ет жақын ағайынның баласы болса керек. Ол баланы туғаннан бетер көреді-мыс. «Кекештігі болмаса, баласы сынға толғандай бозбас екен» деген қауесет те жетті... Сол жалғызының аяғын матамақ ойда жүрсе керек ауқатты әкесі. Дүниеге, шен-шекпенге зәру емес кісі ғой. Құданың дүмдісін де пәлендей қажетсінбейді екен. Қөздегені – жалғыз ұлына лайықты жар. Жар болғанда әрі айдай ару, әрі өнерпаз жасты қолға тусірмек. Ондай бойжеткеннің хабары көп ұзамай байдың құлағына шалынады да.

Әлділердің төңірегінде толып кеткен жылмаңдаған жандай-шап үйірлөтіні бар емес пе? Солардың сумакайлау біреуі:

– Қабыттай байдың ауылында бір өнерлі бойжеткен бар. Нұсқасында мін жоқ. Тал бойы тауға біткен шынардай. Бәдені айдай болса, өнері өз алдына бір жыр. Әрі күміс көмей әнші, әрі таңдайынан бал сорғалаған ақын қыз. Алтыбақан, той-томалақта қайымдасып та жүр. Мінезге де бай. Ата-анасының жақсы тәрбиесін көрген мінәйім мінез сәулімнің өзі.

Әкесі – момын кісі. Қыз билігі шешесінде көрінеді. Бұрыннырақ сөз байласқан құдасы бар сияқты. Бірақ, сіз қолқа салсаныз, момын шаруаның көнілінізді қайтаруға әддісі қайсы? – деп бар жайды тәптіштеп дәттеп берген.

Бұл мәліметке қуана қалған Шағалақ дереу іске кіріседі. Тасы өрге домалап тұрган мықтыға қыз айттыру сөз болып па? Көп нөкерімен сау ете қалғанда, момын Дағалақ абдырап сөзінен жаңыла жаздаған.

– Сөз байласқан құдаларымыз бар. Малдың алдын алыш та қойған едік. Бата бұзу деген шаригатқа қиласп емес пе? – деп міңгірлегені болмаса, табанды қарсылық көрсете алмайды.

Басы Қабыттай болып, ағайынның серкелері асыльш келіп салмақ салып, ақыры көндірген. «Бай бастас» демекші, әлділер бұндайда ымыраласа кетеді ғой. Дағалақтың жамағаты Ұрқия да шонжардың айдынына жығылып:

– Бұдан артық кімге ұзатайын деп едің баланы? «Шылқа майға шылқи батты» десенші көзжақсым. Шора ұлынан кем бе еken Шагалактың баласы? Бұрынғы батаны кейінгі келісім ықтырып жібермей ме? Алған малын қайтарсақ, ши шығара қоймас сөз байласқан жер. Сол да сылтау болып па тәйірі? Мықты болса, тіресіл көрсін Шағалакпен! – деп күйеуін аяғына да отырғызбаған.

Сонымен, шонжардың сілтеген құрығы дөп түсіп, Хакиманың үлбірек мойнын үәденін бұғалығы шалып еді. Қаттылығы мен беріктігі кыл арқаннан да бетер құдалық бітімнің бұғалығы. Салмағы пілтабан қайын атасының құтқармас шалмасы тіпті тырп еткізбестей.

Хакиманың кекеш күйеуді менсінбейтіні бар ағайынға мәлім. «Ғұмыры көрмеген бәзбіреу сөз салды еken-ay» деп, құлай кетуші ме еді өнерлі қыз? Бозбала атаулыны бойына тең көрмей жүрген паң сәулім, жуаның ұлы болса да иілуші ме еді? Шағалақтың ығы мен беделін іздесе, Доғалақ пен Ұрқия іздер. Еп-есепті білмейтін іншетек бойжеткен шонжардың малы мен абыронын қажет қылсын ба? Намысына тисе, патша ұлына да көз салмас ару емес пе?!

Хакиманың қабағындағы кірбіннің себепкери осы жәйт. Онысын Күлшара қайтіп білмесін. Бұл да бүкпесі жок, ардың-күрдің мінез қызы фой. Құрбысына жамандық тілеген жан да емес... Тек осындай бір сәттер болмаса. Хакиманың құлын мүшесі мен аппақ тұлғасын көргенде, қызғаныш атты сімсік сезімнің бой көтеретіні бар. Той-томалакта да солай. Хакима ақ мәндайы жарқырап, сыйылтып ән салғанда, былайғы қойторылар жым болатын. Дауысы катанда Күлшара да солардың шоғырында. Құдай-екен не ұнамды лебіз, не саздың нақысын айырап сезімтал құлақ кимаған соң, үндемей отырғаннан өзге амал жоқ қой...

Суға күмп беріп, малти жөнелген Хакиманы көзбен ұзатқан Күлшара күрсініп қойды. Адамзатты ала-құла қылып жаратқан Жаппар иеге шараң болса қыл! Біреуге үйіп-төгіп әрлі дидар, тас бұлактың сыңғырындаі әуезді дауыс береді де, енді біреулерді бар рахымынан қагатының қайтерсін?

– Беу, қыз, көне қуып жетші малтымпаз болсан! Жалақ ойнаїңың, – деп Айгүлдің сыңғыр еткен күйлі дауысы ойын бөліп, бар құрбылардың да назарын өзіне аударды.

Бұл да Хакиманың ажары мен өнерін қызғанудан сау емес. Орайы келгенде сөзбен шымшып алуға да әзір. Қазіргісі де өзінше шапка тұрткен түрі ғой... Өзен бойында өскен бұлар шетінен сушыл. «Итмалтыс, жылқымалтыс, бақамалтыс» деген тәсілдерді қаршадай кезінен-ақ менгеріп алған. Бір-бірін қуалай жалақ ойынын сағаттап соғар еді. Еріндері көгеріп, бойлары дірдек қаға әбден тоңазыса да, судан шықпауға бар. Бар топтың ішінде ең малтымпазы да Хакима. Құлаштай жүзгенде, өзге қыз біткенді құтқармайды.

Міне қазір де, Айгүлдің шаптауы мұн еді, көкірегін кере тыныстап демін ішіне тартып алды да, сілтей жөнелді. Айгүл жалт беріп арғы жағаға қарай салып еді, бар пәрменімен құлаш ұрган Хакима ұзаққа жібермеді. Зэтте қуып жетіп сұңғіп кетті де, шап беріп Айгүлдің сирағынан ұстай алды.

«Намысты шабақтайды екенсің ғой, сен қыз. Көрейін әуселенді. Байдың баласы екенмін деп әбден есірейін деген екенсің!» деген оймен, тобық тұсын шенгелдеген қалпы тас қып ұстап, тेңреке қарай тартып қалды.

«Ойбай, өлдім!» баж ете қалған Айгүлдің басы суға малышыншып шыға келді. Қақалып, шашалып, берекесін қашырған қыз, «пәледен аулақ!» деген кісішке көзі аңғалақтап, жағаға қарай құлаш ұрды.

«Осы сыбағаң да жетер» деп күбір еткен Хакима, жымыншып жайбасар малтуға салды... Қөлбақаның әдісі ғой бұндысы. Қол-аяғынды бір жиыра, бір жаза баяу ғана қозғап, су бетінде қалқып жүзесің. Бұл әдісті менгерсең, толқын көтеріп мамырлаған сұксырдай сағаттап тербелे бересің.

Жан-жағына көз жүгіртіп рахаттана жүзіп келеді Хакима. Өзінің өзені ғой бұл Обаған. Сүттей жылы сұы иығынды, топшынды аймалап өпкенін айтсаңшы! Құшағына көміп еркелеткен анаң дерсің. Асықпай, баяу ғана қалқи жүзіп, өз иығы мен топшысына қарауды ұнаттар еді. Судың ішінде ақ борықтай болып әп-әдемі көрінеді. «Иығы нақ сандалдың тірегіндей» деген жыр жолдары еске оралады ондайда. Сонау күнгей жақта «сандал»

деген хош іісті ағаш барын қарттардан естуші еді. Діңі октай түзу, өте көркем болса керек.

Кезіне түскен шашты қайырып жіберіп, аргы жағалауға қарай жүзе жөнелді. Қос бұрымы тарқатылып кетіпті. Бүйралана біткен коп-қою қолаң шаш су бетінде қалқып барады. Қемірдей кара, жылтыр шаш аппақ тәнге қандай жарасымды. Су перілері туралы талай естігені бар. Бойлары сымға тартқан күмістей, дидарлары өте келімді келеді деседі ел аңызы. Ер-азаматты сиқырлы көркімен арбап, үйірімге тартыш әкетеді-мыс. Осы қауесет шын болса, сол перілер дәу де болса Хакиманың ақ сазандай мына порымынан сұлу емес шығар.

— Эй, қыздар, кеттік жағаға! Сөз бар. Келер құдалар жөнінде ақылдасу керек, — деп сонардағы майқы құрақтың тасасында малтып жүрген Ләzzат айғай салып, жағаға қарай бағдар туздеді.

— Сен де кел, Хакіш! Саған салмақ түскелі түр не қылса да, — деп бір аударылып шалқасынан жүзген Ләzzат, Хакимага қол бүлғап койды.

Жүзі жылы, лебізі майда. Бұнысы өнерлі сыңайласын қажет-сінген түрі. Хакима жымыш қойып, ішінен: «Қой, болмас. Кеңесін тыңдайын. Тықақтап маза бермес бүл қыз. Қайбір емешегі үзіліп бара жатыр дейсін?! Жас құдалардың алдында маған қолқа салып, ән айтқызыбақ шығар, дәу де болса» деп түйді.

Күлшаралардың жағаға шыққанын тосып, қасақана баяу жүзіп келеді. Өзге құрбылары киіне бастағанда, көздерін ала лездे шыға қоймақ. Жайын ауыз сол қара қыздың сұқтанғанын жақтырмайды-ақ. Күлшара көйлек-қамзолымен айналып тұрғанда, көзіне көрінбей тез кийіп алмақ.

— Үйге барысымен шашымды ыстық сумен сабындаған жума-сам болмас. Салқын судан соң қайызғақтанып кетпегей» деген оймен таяздау тұсқа жетіп, жағаның ақ керішіне табанын тірей берді.

Киімдерін киісіп алған қыздар көнілді-ақ. Кейі сыңқылдасып күлісіп, кейі шаштарын тарағ өруде. Қарлығаш пен Алмагұл бір торсық қымыз ала келіпті. Онысын шайқап-шайқап жіберіп, сырлы көзгелдектерге шүпірлетіп құйып та жатыр... Түнемел қымыздың ашқылтым иісі бұрқ етіп танауға ұрды. Қос бұрымына шолпысын қыстырып тұрған Хакима, таңдайының кеберсіп қалғанын

енді сезді. Әйтсе де сусын сұраған жоқ. Тағатсыздық танытсын ба? Мардымыған бай қыздарының көзінше сұрамшақтануды ар көреді.

– Пай-пай, шіркін, көзім шырадай жанды ғой! Аңқам кеуіп, әбден қаталап қалыптын, – деп көк шалғынның үстіне жалп етіп отыра кеткен Ләzzат, шүпірлей толқыған бірінді кымызды ерініне апара берді.

– Мынауың не құйтақандай аяқ, Алмагул-ау? Бірер жұтымға да келмейді. Экелші әнебір дені дұрысынан, – деп көзгелдекті басына бір-ақ көтеріп, Қарлығаштың колындағы зеренді нұсқады.

– Енді былай, сыпайы аяқ деген түрім ғой. Тостаганға құйып берейін ендеши, – торсықты бұрай берген Алмагул тыжырының қалды. «Байдың әздегіне қайтсөң де жақпассың» деген нысайда. Апалы-сіңлілі екеуі Ләzzаттарға сөз қайтармағанымен, жампаңдай да қоймайды. Мінездері орнықты болған соң, жөпшендіге әбігерленіп берекесін де қашырган емес. Алып-ұшқан Құлшара-мен салыстырса, жер қозғалса да тебіренбестің өздері.

– Су ішінде де жүріп шөлдейді екен-ау адам деген. Бұндай да қызық болатынын білсемші! Мандайынан бүрк еткен терді торғын орамалмен дегдіткен Ләzzат, алқа қотан жайғасқан бойжет-кендерге назар қыдыртты.

– Ал, ауыз тиіндер сусыннан. Асықпай отырып ақылдасар шаруа бар, – деген сөзбен сәл окшаша түрған Хакимаға қарай қалды. – «Мензегенім өзіңсің» дегендей нысайда.

Көп сөйлей қоймайтын Шөптігүл, Қарлығаш ұсынған тостаганды Хакимаға ұзатып, Ләzzатқа көз тастады:

– Қайын жұртының әншілері керемет дейді ғой. Соларды айтсанышы, не білдің? Жездекеміз жөнінде де әнгіме шертсөң, – деп миығынан күліп қойды.

Шөптігүлдің әзіл іліп айтып түрғаны – Ләzzаттың атастырған жері. Қайын жұрты Қарауыл ішіндегі Қалдаман елі. Қайын атасы Әбсамат мырза. Байдың тұңғышы Усен, Ләzzаттың күйеуі атанип жүр. Осыдан бірер күн бұрын жайлауы жапсарлас Көшебе-Балта елінде шілдехана болады. Шешесіне еріп барған Ләzzаттар сол тойда күйеуді көріпті. Ол да қалындығын сырттан көруге келсе керек. Барғандардың айтуына қарағанда, күйеудің қасына ерген-

дер кіл әнші мен сауықшыл жастар. Сауықшыл болғанда, ішінде сылқым серісі, тіл мен жакқа сүйенген тақ-тағы да бар деседі.

Енді сол өнерпаздар шоғыры құдаларға еріп келмек еken. Ләззаттың уайымдағаны да сол мәселе. Көшебе ауылдарына түсікен Қалдаманның жастары әнін де асырып, қайымдасқанда сөзін де асырып кетіпті-мыс. Көшебе-Балта Керейдің бір тармағы. Ызғындей ел Керейде меймандарға пара-пар өнерпаз табылmasa, at төбеліндегі Уаққа не жорық?

Қабытайға қарасты ауылдарда айтысқа түсер жас-желең жоқтың қасы. Ондай жастың маңдайалдысы – мына тұрған Хакима. Осы жәйтті пайымдаған Шептігүлдің, бай қызының аузына әдейі сөз салған айласы еді бұл... Ләззаттың күткені де осы. Үкінікіне ұқсанап, дөңгелене біткен көздерін сыңайласына төңкеріп қойып, сөйлей берді:

– Айтарың бар ма, қыз-ау? Ақан серінің елі еken ғой бұлар. Бәрі Есенбайдан тараиды. Атақты туысканы бел қылады да. Әні мен жырын жаттап өскен ел ғой. Бар жас-желең серіге еліктесе керек. Тілінен жағы бүрын сөйлейтін өңшеш сөзуар. Қит етсе қайымдаса кетуге әзір, – деп онсыз да дөңгелек көздері одан сайын үлкейген Ләззат тамсанып қойды да, қымыздан бір ұрттап Хакимага еңсе бұрды.

– Хакіш, өзіңе салмақ түскелі тұр, не қылса да. Әлгілердің ішінде бір сұрқылттай бар көрінеді. Сабазың сөзге де самар, шырқап салар әнге де әйдік. Дауысын естіген жұрт отарбаға теңейді еken. Ақан серінің ізбасар інісі, жас пері өнерпаз атанып журсе керек, – деп Ләззат аз кідіріп, құрбыларын жағалай шолып шықты. «Бұл теңеуім нендей әсер етті еken?» дегендей. «Отарба» деген сөзді мына отырған қыз-қырқынның білуі де екіталаі.

Осы ойын құдды бір сезе қойғандай Құлшара көзін бақырайта қарай қалып:

– О не пәле тағы да? Әлті сұрқылтайтың кім өзі? Қанша тақ-тақ болса да, біздің Хакіштен асу қайда? Әдірем қалсын Қарауылдың серісі де перісі де! – деп ернін сылл еткізді де, кенет күлегеш мінезіне басып, – тазкепешін теріс айналдырып жібереміз! Келсін кеудесіне наң піскен ісік Қарауыл. Әуселесін көріп алайық, – деп айызы қанғандай-ақ рахаттана күліп жіберді.

Жастықтың аты жастық емес пе? Уайымға тізгін бере қоймас. Құлшараның сақ-сақ құлкісі жетекші болып, бар топ сынғыр құлкіге ал келіп бассын. Өзі атылғалы түрган мылтыққа от апарса, оқ дәрісі тұтанаңп тарс ұрмас па? Сол сияқты Құлшараның құлкісі оқ-дәрігө тиғен ұшқындаі болып, жастық жігері шиыршық атқан қүйлі құлкі, жуық манда басыла қоймады... Жымып қана қойып үнсіз отыратын Майрадан өзгелері өз пікірлерін қосып, болашақ құдаларды кекетуге айналды:

– Гүрлдей берсін отарбадай Қарауылдың әншісі. Жерді көшіріп жібермес.

– Өңешін жыртып не мырғамға жетер екен?

– Тілімен орақ орса да Хакіштен асу қайда!

– Қалшадайынан өлең қуып, сан санлақты сөзбен буған дұлдұл емес пе біздің Хакима?

– Қайбір акын дейсің сол серісімақ? Сөзге үйір көкіме біреу шығар, дәү де болса, – деген үндер сәл саябырыған кезде, аяқтарды жия бастаған Алмагұл:

– Сол әншісі кім өзі? Қайдан шықкан Сабалақ? Айтып өлтірсепші, Ләzzат-ау, – деп сұхбатты және коздырды.

Ләzzатпен бірге шілдеханага Айгүл де барған болатын. Мәңжайға бұл да қанық. Пікірі ішін кернеп бара жатса керек, апасын тоспай сөзге киліге кетті:

– Мен білсем, әкетіп бара жатқан ештеңесі жоқ сол Қалдаман ауылының. Біздің елде де өнерпаздар баршылық, Құдайға шүкір. Гәп онда емес-ау.

Айгүл үнсіз қалып маңыздана қалды. Бір құпия сырды білетін адамша, пандау нысайға мініп те алған.

– Ауылдан ұзап шықпаған сендер не біліпсің, қыздар-ау? Сол құдалардың ішінде бұзып-жарып жүрген бір серке бар. Сол са базға пар келер өнерпаз табылса кәнекей? Жүргі дауалап біздің Хакіш қайымдаса алар ма сол ділмәрмен? Міне, гәп қайда! – деп Сандуғаштың қасына жайғасқан Хакимаға назар жықты.

– Соншалық жан шақ келтірмейтін не қылған құбыжық өзі? Ақын ба, әнші ме? – деп Сандуғаштың баяу үні Хакиманы арасшалағандай естілді.

Бұл жолы Ләzzаттың өзі жауаптасты. Сіңлісіне жақтырмай қарап қойып:

– Сөзді белетінің-ай осы сенің! Әкетіп бара ма сонша? – деп күнк етті де, өнін жұмсақта қойып Хакимаға назар жықты, – алдымен дауысы ғаламат сол бозбастың. Шырқап салғанда жүйе-жүйен босап кетеді екен тіпті. Біреу айтса сенбес едім, өз құлағыммен естіген соң мойындан тұрган түрім фой. Акан сері алдыңғы жылы біздің елге келгені бар емес пе? Бұл Ыбырай дегендері сол серіден кем түспес.

– Есімі Ыбырай ма еді? – деп Хакима жалт қарай қалды. Неге елен еткенін өзі де айтып бере алмас еді. Тәу естіген есім фой... Эйтсе де жүрегінің бұлк еткенін анық сезді. Ол ол ма? Кенеттен кенет өнінің қызыраң тартқанын да аңғарып отыр. Қасындағылар бұнысын сезіп қалмасын деп, дидарын әнтек тұқырта қойды.

Бірақ Ләzzаттың ондай болмашымен ісі жоқ сияқты. Әркімді алдымен толғандыратын өз басының қамы емес пе? Бұл да ертең құдалар тұскенде, өнер сайысында кемшін соқпаудың амалын ойлауда. Хакимаға іш тарта көз тастап қойып, сөзін сабактай берді:

– Ныспысы – Ыбырай. Айналасы «Үкілі Ыбырай» деп атап, дәсердей көреді екен. «Үкілі» атанғаның себебі, бөркіне қос буын үкі тағып сән түзейді. Бөркінің өзі де елде жоқ бірдене. Оқасы кәдуілгі құндыш болса, қалпағы дағдыдан тыс биігірек. Әлгі бозбастың қастауыш қасы бөркіне үйлесіп-ақ тұр. Тұрпаты да көз тойғандай, жігіттің бағланы дерсің, – деп Ләzzат өзі суреттеген азаматты көз алдына елестеткендей, сүйсінген кейіпке ене басын шайқап қойды.

– Онысы да түк емес-ау. Сән түзеген кербез аз болып па? Тақылдаған тандайын айтсаншы! Қарасөзден өлеңі басым. Ұйқастыра соға береді. Өзі қыз-қырқынға ұрыншақ. Домбыра ұстаган қыз көзіне ілінсе-ақ, өзі сүйкеніп қайымдаса кетеді сабазың... Соған төтеп бер, Хакіш. Сенерім өзін ғана, – деп Хакимаға райланға қарай қалды.

Апасының сөзін тосқан Айгүл бұл сапар және байыз тауып отыра алмады. Сәл-пәл ғана күтіп, Ләzzат үндей қоймаған соң қыздарға назар қыдыртып өтті де:

– Өзі ән шығарады екен сол Ыбырай. Көңілі тұскен сәулімдерге жағалай ән арнаса керек. Ән болғанда қандай! Әуесі құлақ құрышын қандырады. Әуелете созғанда тағат таппайсың тіпті. Бойым балқып, буыным босап кетті, шынымды айтсам. Айтып-

айттай не керек, біздін елде ондай өнерпаз жок. Естіген жан Акан серіге теңейтін тегін емес екен, – деп көз құйрығын Хакимаға бір жіберіп қойды. «Бұл сөзімнің ұшы өзіне тиіп отыр» дегендей құлық та бар өнінде.

Көзгелдек пен тостағандарды жинастырып, Алмагұллің қасында жайғасып отырған Қарлығаш та сөзге араласты:

– Онысын айттық, мұнысын айттық, порымын сөз қылмадық қой. Әні өзіне! Сылдыраған қысыр кеңесінің де қажеті жок. Құшак толар жігіт пе өзі әуелім? Біздің ауылдағы иисалмастардай ыңжық біреу ме әлде? Қызды көрсө абдырап, аузына сөз түспейтін мондыbastар да баршылық дейді ғой сол Қарауылда. «Алдымен мырық бұзар шырығынды» демекші, мақтаған әншілері әрі маңқа, әрі борпос біреу болмағай, – деп мырс берді.

Бұл кекесіні сылтау болып, бар топ езу тартысты. Майрадай салмақтылары үнсіз ғана жымиып қойса, Құлшара сиякты желөк-пелеу жағы тізгінді жібергендей-ақ, құлқіге қарық болды да қалды. Қарлығаштың тілі қыршаңқылау болатын. Өзімшілдігі де бір басына жетерлік. Ұскынсыз сыйқытына қарамай, бозбала атаулыға сынтаққыш. Апалы-сіңлілі байдың қыздары ауыздарының сұзы құрып, Қалдаманың өнерпазын мақтаса да, әсерлене, қояр Қарлығаш жок. Құдалар келгенде салмақ өзіне түспейтінін қайтіп білмесін? Сыннан өтетін Хакимадай құрбысы ғой. Қыздардың ішіндегі маңдайалды ақыны да, әншісі де бір өзі ғана. Бұл өнері қызғаныш туғызбай қоймайды, әрине.... Қарлығаш ішінен: «Топта сұрылып сұңқылдайтын көзге түскіш неме ғой. Бір сыналсыншы бәлем! Шошаңдап несі бар екен? Енді міне байдың қыздары сідетін артқан түрі мынау. Бұлардың меселін қайтару қайда! Тірессіп көрсін ақынсымақ неме. Мықты скенін көрейін» деп табалап та қойды.

Пенде болған соң, көре алмау деген сезімді ауыздықтау онай емес-ау. Жалқы Қарлығаш қана емес, осы ауылдың талай төменетектісі Хакиманың туабітті қабілетіне қызықпай қоймайды. Бойға дарын біткен соң, өнерпаздың көретін күні сол да.

Хакиманың өз басы кекесінге еш көңіл бөлмеді. Қалдаман әншісінің мактауын асырғанға да әсерлене қойған жок. Алда жауапты бір белдесу барын пайымдаса да, қаперіне алар емес. Өз өнеріне сенімі көміл. Сөзден мұдірмесін біледі. Ән жағына келсе

де, шаршы топтан ұялмластай дауысы бар. Асылы, тұрпаты нәзік болғанымен, жаратылысынан жүркөті еді Хакима. Онысына өз бойындағы өнеріне деген сенім де қосылған. Сол сенімнің арқасы ғой, он үш-он төрт жасынан-ақ шаршы топта әнін әуелете бергені. Бұқара былай тұрсын, жасөспірім кезінде тіпті Ақан серінің алдында лебіз шығарғаны бар... Атақты өнерпаз Уақтың жайлалуын аралап, серілік құрып жүрген кезі. Бұл хабарды құлағы шалған Қабытай мырза кояр да қоймай жабысып, өз ауылдарына қонаққа шақырады. Сыпайы сері:

– Дәмнен үлкен емеспіз. Шақырғанынызды құп алдық, – деп топ нөкерімен кіші бесінде сау ете қалады.

Сол түскеннен тұнұзақ ән шырқады сері. Өзі мейлінше кішіпейіл екен. Әнді түйдегімен жіберген соң:

– Осы елдің талапкерлері де лебіз қоссын. Алуан түрлі әнші кезектесе шырқаса, жарасымды болар. Онсыз бәһра ала алмас мына жамиғи бұқара. Өне бойы мен айта бермейін. Думанымыз сары ала болсын. Уақта да небір құміс көмей әнші бар екенін ел аңыз қылышады ғой. Арманда қалмасын әріптестеріміз, – деп ауылдың өнерпаздарына дем бере сөйлеген.

Алайда, атақты мейманның өзі кезек бергенімен, жүрегі дауалап суырылып шыққан жан бола қойған жоқ. Дағылы Алашқа кеткен серіден кейін қай жүреқжүтқан әу десін? Әп-әжептәуір дауыстары барлардың өздері де, бір жерінен дәнекүс шығып қала ма деп тартыншақтай берген. Ауыл намысина нұқсан келер жағдай туды. Өнерден макрұм қалған ел атану деген тірідей өлім емес пе? Сақа әншілерден қайран болмаган соң, тығырыққа тірелген Қабытай мырза тал қармагандай болып:

– Осы біздің Доғалақтың қызы баласы өнерден кенде емес еді. Ауыл арасында іркілгенін көргеніміз жоқ сол баланың. Үлкендерден әйтеуір мән жоқ екен, жас талап қызалағымызды бетке ұстауға тұра келер, – деп Хакиманы алдырады.

«Алдырды» деген аты ғана ғой, Хакима өзі де серіні тамашалаган топтың ішінде болған. Шөптігүл мен Сандуғашты қолтықтап алған қалпы тұрған жерінен табан аударсайшы. Екі көзі де, есі-дерті де мейман серіде. Құлағынан ән сарыны кетер емес. Тыңдаған сайын тәнті болып: «Неткен ерек тұган жан бұл! Порымын сипаттауға тіл керек-ая! Әні де, үні де жат. Адамзатқа да

бұндай сұлу лебіз бітеді екен-ау! Өзіміз сияқты қадуілгі жұмырь басты пенде скенін көзім көріп түр. Әйтпесе, бейістін нак төрінен келген періштенің лебізі дер едім» деп түйіп, сиқырлы сарынға құлақ құрышы қанып, бойы балқып тұрған еді.

Сері сал тыныс алып қымыз ішуге кіріскен кезде, үлкендер жағы жоқ-барды тілге тиек етіп сауал жаудыра бастаған. Әншіден көз алмай тұрған Хакима тағатсызданып:

— Түң, біздін ақсақалдар сөзге айналдыра берді-ау мейманды! Маза бермейтіні несі осылардын? Езбалдақ мылжың сөздері бір бітсейші. Әннін бөле берді-ау. — деп, қос құрбысының құлағына сыйырын төндірген.

Бір заматта:

— Хакима, Хакиманы шақырып жатыр! Доғалақтың қызын із-деп жатыр мырза! — деген үндер жан-жақтан естіле бастаған.

Іле шешесі жетіп келіп:

— Ойбай, құлымым, ән салғызыбақ саған. Жүрегің тұра ма серінің көзінше әндетуге? Жүрегің дауаламаса, шықпаймысың әлде? Үсті-басың тәуір ме өзі? Қап, мәре көйлекті киіп шықпай! — деп шала бүлінді де қалды.

Хакиманың көйлегінің етегін қаққыштай, қамзолының қапсырмасын сурткілеген болады. Сол-ақ екен, әлдебіреулердің қолдары бұны ақсақалдарға қарай дедектете жөнелгені. Алашаның үстіне төсөлген шағи көрпені жамбасына басып, сері сол тұста отырған. Айнала құжынаған халайық. Дүйім жүрттың назары Хакимаға қадалды да қалды. Кенет Қабыттай мырза:

— Ән сал, шырағым. Ауылдың алты ауызын айтуға тұра келіп түр. Серінің мысы басса керек, өзге әншіден мән болмады. Ел намысын жіберме. «Батырдың ісі балаға түсер» демекші, салмақ өзіңе ауды. Құтқар, балам, қармар бұтамыз сен ғанасың! — деп езу тартқаны.

Үлкендердің тобында әкесі де отыр. Аңқылдаған ақкөңіл жанғой. Хакимадан бұрын сол кісі абыржыса керек. Көзі ангалактап қара терге түсті де қалды. Күзен бөркімен кең маңдайы мен бетін сүрткіштей береді. Түсі қашқан... Әкесінің сол мұсәпір халы болмаса, бәлкім ән салмас па еді Хакима. Төменшік еңсе көкесін көрген соң, жаны ашып кетті. Бір жағынан бұрқ етіп намыс та оянған. Қарындары кебежедей, шүйделері күжірейген, кіл күміс

кіселі, оқалы шапан, мауыты шекпен кітген иғі жақсылардың қасында әкесінің порымы қораштау көрінген... Қекесіне қайтіп жаңы ашымасын? Хакима дегенде, шығарға жаны жоқ. Тұңғышының әр жетістігін, әсіресе әншілігі мен сөзге ұсталығын мақтан тұтады. Сөйткен әкені ұятқа қалдырысын ба. Оның үстіне Уақтың баласы емес пе? Ер Қекше, Ер Қосай сынды бабаларының байдалы туына шаң жұқтырғандай не көрініпті сонша?!

Осы мәнзелдес ойлар санада астан-кестен шарпысып өтті. Біреу домбыра ұсынып еді, ала қойған жоқ. Мынандай у-шу, қарақұрықта бабына келтіріп қүйлеп тұра ма? Өндіне қан теуіп шыққанын ғана сезді де, әнге басып жібергенін өзі де аңғармай қалды. «Екі жиренді» дәйім сүйсініп шырқар еді. Қозы бакқанда оңашада айтуды әсіресе ұнататын. Ғаламат әнді шығарған беймәлім азаматпен сырласып жүргендей сезінер еді өзін, айдалада шырқаған мезгілде. Шынайы сезім тудырған ән ғой. Жүрекке қашанда жол табады. Жол тапкан соң, ғұмыр-бақи өшпестей жатталып қала береді де.

Қысылтаяң сәтте сүйікті әні өзінен-өзі ақтарылды да кетті. Шырқаған сайын жүрегі орнығып, өрекпіген көніл байсал табайын деді... Бір заматта Ақан серіге көзі түсті. Алыстан қарағанда бет бедерін анық аңғармапты. Кескінді азамат екен. Жазық майдай, есті жанар парасат иесін аңғартқандай. Қарауы мұн екен, кеңет көздері тоқайласа кеткені. Серінің сабырлы көзқарасынан мейірім себездеп тұрғандай көрінді.

«Еш абыржыма! Тілектеспін, балақай!» деп, дем берген сияқты. Сонысы себеп болды ма, «Екі жиреннен» соң «Майда қоңырға» баспасы бар ма? Жаңа үйренген ән еді. Ақан серінікі екенін қайдан білсін? Жас-желең атаулының аузында жүрген ән болған соң, қызды-қыздымен оны да сызылтып берді. Үнінің кейде тұтқырланатыны бар еді, абырой болғанда сол сапар сыңғырлап тұрып таза шыққаны. Дауысы бабында екенін сезіп тұр. Ән сәтті шыққанын да пайымдады... Құлақ түрген элеумет болса, сілтідей тынышты. Әдетте жан-жақтан естілетін қошемет айғай да жоқ... Кейін білсе, үлкендер жағы «сері кіділеніп қала ма?» деп қаупайласа керек. Қайдағы бір қызалақ түгілі, мүйізі қарағайдай әншілер Ақанның көзі отырғанда, жүрегі дауалап «Майда қоңырға» басушы ма еді?

Қайырмасын қалықтатып барып әнді кілт үзгенде. халайық тым-тырыс отыра берісті. Тіпті сонадай жерде қантарулы аттардың сынғыр еткен ауыздығы мен пысқырғаны ап-анақ естілуде.

Кенет күліп жіберген Ақжігіттің жарқын үні тыныштықты үркітпесі бар ма? – Бәрекелді, балақай, бері жақында! – деп миық кере, Хакимага ишарат жасады.

Өжеттік қайдан пайда болғанын өзі де білмей, жақсыларға қадам басты Хакима. Сері рай бере күлімдеп, қолының білезік тұсынан ұстай алды да:

– Өзім отырғанда «Майда қоңырга» басқан әншіні алғаш естуім. Нақысын дәл келтіріпсің, шырағым. Лебізің де керімсалдың ескеніндей екен. Құлақ құрышын қандырып, сезімді әлдилегендей. Бақытты бол, шырағым. Үдемнен шықтың не қылса да, – деген сөзбен маңдайынан иіскең қойған.

Өз әнін есіткен соң, серінің арқасы қозайын деді. Шешен домбырасын құйқылжыта безілдетіп алып, ал кеп «Майда қоңырына» бассын! Ондай орындауды бұрын-сонды есітпеген болар бұл ел. Әлеумет сілтідей тынды, сикырлы сарын қыр асты. Бір ғажабы, дауысы қанша қуатты болса да, нақысының ең бір нәзік иірімдерін асқан шеберлікпен келтіреді екен. Орындау мәнерінде де, пошымында да жігерді жанитын бір ерекшелік бар. «Майда қоңырды» өз аузынан бір есіткен жан, өле-өлгенше бұл әнді ұмытпастай. Ал енді әннің байыбына барып шырқай білген кісі, қалған ғұмырында рухани азықта қарық болса керек-ті. Жасу, қүректікті біратола женетін сияқты.

Ондай өнерпаздың бірі Хакима емес пе? Қалшадайынан Ақан серінің үлгісін көрген талапкер жас, өнер сайсынан қашсын ба? Ендеше құдаларға еріп келетін ақынмен де сөз жарыстырып көрер. Бар пендені жаратқан бір Құдай емес пе?..

Осы байлауға бекінген Хакима берекесін қашыра қойған жок. Апалы-сіңлілі байдың қыздары Қарауылдың өнерпазын қанша мақтаса да салқын сабырмен тыңдай берген. «Алтын басты болса да, ол дағы екеу емес, бір шығар. Келсе сынасармыз, өнер салыстырармыз. Өнері асса, үлгі алуға жақсы емес пе қайта? Қыздың жолы жіңішке, ел қызыруға әдеп-әркен жібермейді. Өзі іздел келген өнерпаздың үлгісі бір есептен олжа емес пе? Тіл ұстартуға, айла-тәсіл арттыруға сеп болар» деп түйіп қойып, және ойға

терендейді. Қысыр сөзге алданбай жете қинай білген кісіге ой дегенің жетерлік қой.

«Асық қызына ән шығарған еken әлті Үбырай сыңды өнерлі жас. Бейтаныс Үбырай, Үкілі Үбырай... Өзінен бұрын дабырасы жетті ғой. Ел аузына іліккен соң, осал болмағаны шығар. Өні жылтыр шүйкебасқа құлай кететін үшқалақ па әлде?» деген оймен үнсіз ғана миық керіп, қиял пырағына ер салады Хакима.

Шіркін, өзіне арнап ән шығарған бұрымдының да арманы бар ма еken? Әннен ақсан сый-сияпа, тарту-таралғы жоқ қой. Әннің қасында алтын-күмісің әншейін бір жылтырақ қана... Мысалы, Сегіз серінің «Гаунартасы». «Ажарың ашық еken атқан тандай» деген сипаттамасының өзі неткен тамаша десенші! Сазы да ман даланың жанға жайлыш самалындар. Осы әнге арқау болған арудың арманы жоқ қой, шіркін! Инжу-маржан, меруерт-лағыл сыңды асыл тастар бойдың көркі де шығар. Әйтсе де жан азығының жөні бөлек-ау. Мал мен мүкеммал байлығы азып-тозар. Жан азығы болса, адам затпен бірге мәнгілік жасай бермек... Шіркін-ай, маған да біреу ән арнаса еken! Ел жадында қалатын сазды ән болса онисы. Сазына үйлесер дәмді бәйіт те болса. Жүректен шықса, неге дәмді болма-сын? Шын тебіреністен туган сөз далада қалмас әсте...

Осы оймен отырғанда, кенет есіне әлдене түскендей Ләzzатқа оқыс бұрылды да:

— Айтпақтайын, сол мақтаулы үкілі жігіттің шығарған әнін білемісің? Есітіп ұққаның бар ма? Ұқсан, қоңырлатып айтып көрсөңші. Шама-шарқын байқайық. Мақтауын тым асырып жібердің ғой, — деп тосын бір ұсыныстың шетін қылтитты.

Байдың шікемшіл қызы көңліне алып қалмасын деп, бұл қолқасын майда жымыспен жуып-шайып та қойды.

— Е, дегендей, ән мен жыр конған деседі ғой Қарауылға. Әнін айтып жіберсөңші.

— Ақан серінің елінен бір жас пері әнші шықты деген қауесет бартын. Осы шығар, дәу де болса.

— Біздің Айгүл мен Ләzzат құймақұлақ қой.

— Айгүл түнеугі алтыбақанда шырқап салғаны қайда? — десіп, өзге құрбылары да үн қосты.

Майра мен Құлшара, әсіресе Айгүлдің шашбауын көтере, қо-самжарлана сөйлеп, бай қызының мактауын асыруға асықты.

Алайда, қос-қостан алтын сакина, жауһаркөз сырға тақканы болмаса, ән ұғуға шорқақ екен Айгүл.

– Соған ден қойған жан бар ма? «Алтыбасар» деген әнін естігенімен, анық ұға алмадым. Қын ән екен. Кілтипаны, бұраланы көп, – деп сұлтау айтып, құтылуға асықты.

Бұған қарағанда, апасының ән ұғуға қабілеті бар болып шықты. Қыздарды жалындырып, аз-мұз бұлданып алған соң тамағын кенеп:

– Үкілі Үбірайдың «Алтабасары» деп, елінің қыз-бозбаласы жаппай шырқайтын көрінеді. Бір шумагы жадымда қалыпты. Нанқысы тым күрделі екен. Зор тыныс да керек бұл әнге. Анаұмынау әншінің тісі батпас та, – деп өзінше сипаттама берген болып, – әйтсе де коңырлатып көрейін, – деген сөзben, әнді бастап кеп жіберді.

Ей, қалқа, жан туған жоқ сенен асар,
Айрылып бір өзіннен көнілім нашар,
Айрылып бір өзіннен жүрген кезде,
Әніне бір басайын «Алтыбасар»!

Ләззаттың шағын ғана дауысы көкіректің тереңінен шыққан сияқты, құмығынқырай естіледі. Өз шама-шарқын білетін бойжеткен, лебізін жоғары өрлетпей баяу ғана қалқытты. Әйтсе де, нақышын дәл жеткізіп бағуда. Қайырмасын «аридадай» деп құбылта келе, екінші, үшінші шумағын да түйдегімен жіберді.

Әлгінде ғана алаңсыз күлкіге батқан қыз-қырқынның дабырасы сап тыйылған. Бар құрбының назары Ләззатта... Өзгелерді қайдам, Хакимаға мына жаңа ән ерекше әсер етті. Демін ішінен ала, қыбыр етпестен отыр. Тәу есіткен сазды ұғып, құлаққа құйып алмақ. Ләззат бірінші шумағын қайырғанда-ақ, ән сарынының сұлұлығына қайран қалып еді. «Шіркін, қуат қандай десенші! Ер жүректен шыққан сарын ғой мынау. Екпіні тау төңкергендей» деген оймен, еріксіз езу де тартып қойды. «Мінезі қызық болар осы әншінің. Сөз мағынасына қарағанда, асығын ұздіге сүйсе керек. Сол бір сәулімнің бойына еш сұлуды теңгермейтіні де анық. Лаулаган сезімін жасырмай паш етеді екен... Әйтсе де, сазында ұздігудің сарыны аңғарылмайтын сияқты. Керісінше, жауды жа-прыып жіберетіндей женімпаздық бір реңк баршылық па, қалай

өзі?» Осы жәйтті түйіп миық керсе, екінші, үшінші шумақты естіген соң және ойға қалды Хакима.

«Сол мағшұғынан қол үзіп ұлгеріпті ғой бұл әнші жігіт. Арманда қалған екен. Қырқын-көгілдір жап-жас басымен небір кепті басынан өткергенін қарай көр!» деп еріксіз таңырқады да.

Әйтеуір бейжай қалдырган жоқ «Алтыбасар». Сарыны әрі соны, әрі бұрын естіген еш әуезге ұқсамайтын ерекше өрнекті.

«Бұл не деген дарынды бозбала! Дарын емей немене, мынандай ән шығарса? Қияпты қандай екен? Ажарлы да болар, тегін кісі емес қой? Дауысы зор шығар? Зор болмаса, мұнша екпінді ән шығара алмас та. Өз дауысына лайықтайды емес пе, әнші біткен. Не қылса да әні әлемет. Сарыны құлақ құрышын қандырса, өлең сөзі қекейге қона кеткенін қайтерсің? Тегін ән емес екені анық әйтеуір. Дүйім жүрттың аузындағы «Екі жирен» мен «Гаунартас» сынды біртуар дүние ғой мына «Алтыбасары»» деген оймен тәнті болып, кенет жүргегінің лупіл қаққанын сезді.

Бала кезінен түсінде көріп жүрген бозбасқа ұқсатты ма әлде бұл ән иесін? Осы «Алтыбасарды» бір сәулімге арнап шығарғаны анық. О да бір бақытты бойжеткен-ау. Мынандай ғаламат әннің тууына себепкөр болған неткен шүйкебас екен? Сүйгеніне қосыла алмаса да, күйіп-жанып асық болған екен Үкілі сері. Лаулап жанганның өзі бақыт емес пе? Бұндай сезімді әркімге бере бермес Тәнірім. «Тиісіп өзің ойнаушы едің ерікке қоймай» деген ән жолына қарағанда, қос асық бір-біріне қапысыз сенген болар.

Ләzzаттың әнін бар ынты-шынтысымен тыңдаған Хакима, өрнін жыбырлатқанын өзі де аңғармай қалды. Әнге елтіп, қайырмасына қосыла ақырын ғана күбірлейді:

Сағынып сені, сәулем, жүргенімде,

Әніме бір басайын «Алтыбасар».

Доғалақтың үй іші ала таңнан әбігерде. Отагасының өзі босағаның тұсында жүресінен отыра қалған қалпы лөket пышағын қайрауда. Жамағаты Ұрқия жерошаштың маңында қазаның түбін қырып, күйбендеумен әуре. Кенже ұл Сәлім таяқтың басын жонып үштап отыр. Қой сойылған соң, керші-қолаң әйелдер бассирағын үйітuge кірісер. Басты «ыспара» деген істік ағашқа қадап

үйітеді. Үспараны жону міндеті кенже ұлдың мойнында. Шаппасын жаландатқан Сәлім, сонадай жердегі байлаулы құнан қойға көз тастап қояды. «Мына қамның құрбандығы өзіңсін» дегендей. Бұл қарасты түсінген ісек жоқ, эрине. Қүйісін қайырып қаннен-қаперсіз түр. Үйреншікті өрісі мен үйірін іздең, оқта-санда маңырағаны болмаса, ажал сағатының төнгенінен мұлде бейхабар болса керек.

Доғалақтың кәрі шешесі Асылтас та осында. Шаруаға қол ти-гізе қоймаса да, Сәлім мен Ботакөзге бас-көз болып, кеңес беріп қояды. Өзі айтқандай, «сайраган тіл болмаса, менде не қауқар қалды дейсің? Кісі қара болып қалтақтаپ жүрміз фой эйтеуір» демекші, қолынан келері ақыл-кеңес қана.

— Байқа, балам, қолынды кесіп алма! — деп, Сәлімге сақтық айтқан кейуана күрсініп қойып қабақ шытады. Қабақ шытады да ойға батады. Уайымға себеп те жоқ емес.

Сарғалдақ ақсақалдың көзі кеткен соң, Асылтастың да қадірі кемиін деді. Күтімінде мін жоқ-ау. Үсті-басы мұнгаздай, тамағы да бапты. Ол жағынан келіні Үрқияға сын таға алмайды. Эйтсе де беделі бұрынғыдай емес. Ақсақалдың көзі тірісінде сөзі өтуші еді. Қадірінің жоқтығы фой, Хакима сынды немересінің қабагынын келіспей жүргені. Сарғалдақ тірі болса, Шағалақтың асыранды баласына Хакиманы бермес пе еді, қайтер еді? Бауырына басқан тұңғыш немересін жанынан бетер көруші еді пірәдар қарт.

Хакима:

— Шонжардың ұлына бармаймын! Ғұмыры көрмеген кісім. Беделімен ықтырмақ қой жуан ата. Ол үйдің табалдырығын аттадым дегенше, қолжаулық болдым десенші, — деп кейіс білдіргенде, Асылтас та үн қосып бақкан.

— Не әкетіл барады сонша? Тастан алмай жүрген балаң бар ма еді? Ақсақалдың көзі тірісінде сөз байласқан құдаң бар. Батаны бұзғандай не күн туыпты? — дей келіп, — ол құдаң өз теңің. Мынау Шағалақ болса, мүйізімен бұлт тіреген бай-манап. Хакіштің әлібі мен өнеріне қызығып жүрген түрі дағы. Асыранды баласын қарық қылмақ қой өзінше. Рия құлқісіне сене көрме, ұлым. Ертең құсын қолына қондырып алған соң, өз басынды менсінер деймісің? Мұрын шүйіріп, қүйрығын сырт салмаса, маған кел. «Тең

тәсімен, тезек қабымен» демекші, өз тен-тұсына жеткен бе? – деп Доғалаққа құлаққағыс қылған.

Доғалақ өзі де Шағалақ әулетіне қызы беруге құлықты емес еді. Шешесінің сөзін де тастаған жері жоқ. Қенпейіл, сабырлы анасын ғұмыр-бақи сыйласап келеді... Хакима дегенде де шыгарға жаңы жоқ.

«Карт бабасының әлпештеген еркесі ғой. Аз күнгі қонақ. Осы баламның бетінен қакпасын. Ұзатуға да асықпаймын. Он жақта бұлғақтап жүре тұрсын. Қашан кетерін өз қалауы білсін» – деген пікірді ұстанар еді.

Әйтсе де еркек бас болғанда, әйел мойын деген ұғым бар емес пе? Сол сөз көбінесе шынға да шығып жүр. Қате тұжырым болса, ел аузында мәтел болып қалуы екіталақ шығар... Үйдің бас көтепері болса да, иәті жуастау Доғалақтың. Жамағатының айтқанынан аса алмайды. Бұл сапар да жамағатының пыш-пышына көнді ақыры. Үркія болса, әрі қотты, әрі ықпалды шонжардың айдынына жығылған болатын... «Шағалақпен қуда болды деген атақтың өзі қандай? Ол дүрдің қасында Қабытайдың өзі жіп есе алмас. Анандай дейге бір қол артсан, мұртынды балта шаба ма?» деп бастап күнде ызындаған берген соң, Доғалақтың иілмestей лажы бар ма?

Келіні айтпаса да, Шағалақтың айбары мен ықпалынан Асылтас хабарсыз емес еді. Үактың дүмдісі Торсан қажы болса, Керейдің азулысы Шағалақ екені дүйім жүртқа мәлім. Ұстаған же рінде қолы, тістеген жерінде тісі кететін қырыс та өзі, хұқіметтің ұлығына арқа сүйеген мықты да өзі. Онысына аттың төбеліндей Үактың ғана емес, анау қалың Қарауылдың да көзі жеткелі қашан.

Осы елмен ежелден сүйекшатыс Сапалат деген жақсы бар еді. Жетім-жесірге қамқор, кем-кетікке мінезі кен, жайсан кісі. Бар айыбы – ағайын-туғанның тіліне еріп, партия таласында Шағалаққа қарсы шықса керек. Ұлықпен жен ұшынан жалғасқан Шағалақ, өзіне қарсы шар салғандарды қирата женеді. Женғен соң, кек алуға кіріседі, эрине. Сапалаттың шұрайлы қонысына қызығып, Есілдің саласын жайлап жүрген жерінен тықсырып тынады ақыры. Елге беделді Сапалат еркімен көше қоймап еді, үкіметтің әскерін әкелген Шағалақ, өз қандасымен ат құлағын теңесті. Көк

темірге мұздай құрсанған карулы күшке бейбіт сл төтеп бере алсын ба? Найзасы мен сойылын шошаңдаткан жігіттердің беті қайтып, бұйрыққа амалсыз көнген.

Ол ол ма? Сапалат ауқатты болғанымен, өз төңірегіне ғана мәлім кісі. Игі жақсы атанып қадірлі болса, жапсарлас елдерге қадірлі. Сейткен байдың елі тұрмак, Ақан серінің ауылына да ауыз салған осы Шағалақ. Ақан серіні бай-манап атаулымен салыстырса, даңқы Алатаудай емес пе? Алашка дабылы кеткен шаһbazдың өзі. Жақсы-жайсанды аңы тілімен бүріп алатыны да бар. Бет-беделге қарамайтын сынымен жуандарға жақпай жүр ғой есіл өнерпаз. Торсаны бар, Шөбектің Жаналысы бар, осы Шағалағы бар, баршасын аңы сықағымен сойып салған әлеумет бас қосысқан бір жиынның үстінде... Онысын құймакұлактар қағып алып, құлаауыздар шартарапқа таратпас па? Қазекен бағы аскан кісіге мін тағуға қандай шебер! Серінің әжуасын майын тамыза әрлендіріп, өсірінкіреп, жұз құбылтып іліп әкете берген.

Сейткен өжет өнерпазды игі жақсылар қырына алмай қойсын ба? Осы Шағалақ бас болып, көп ұзатпай ауылын құтты қонысынан тықсырады да жібереді. Әні ел аузындағы сері болса да, патша әскерімен егесу қайда? Урядник пен солдатты жіберген өз қазағы. Бөрідей ұлып табысқан Шөбек әuletі мен Шағалақ шонжар. «Есепті білген есептеп жер, есебін тапкан кесектеп жер» демекші, бұ заманның есеп-қисабына, еп-айласына жүйрік қой бұлар. Жем талғамай, кесектеп жұта береді де.

Сейткен зорлықшыл жуанмен құда болмаққа қайтіп ризалассын Асылтас? Өз ұлы, момын Доғалакты ертең-ақ басынып, кем-кор тұтатынын сезеді жүргегі. Оның үстінен жуан әulet Хакиманы да күң есебінде ұстамасына кім кепіл? «Бай мен бай құда болса, арасында жорға жүрер. Кедей мен кедей құда болса, арасында дорба жүрер. Бай мен кедей құда болса, ілінісіп зорға жүрер» деген еken халық даналығы... Орта шарқы дәүлетті бола тұра, Доғалакқа шонжарлармен бой тенестіру қайда? Шалқыған шалқар теніздің қасында қақтың суы бұйым болған ба...

Ауыр ой мендеген карт ана, тай-тулақтың үстіндегі көрпешкте отырған қалпы қопаңдап қойды. Көп отырып қалса, белі күрыса беруші еді. Жерошақтың маңында арқасуýер тіреу жоқ қой. Сонадай тұрған арбаның қасына тізе бүгейін десе, маңайы

ластау. Бұзау-торпак көленке іздең жататын мажар арбаның тоңі-регі жапасыз болған ба?

– Эй, жүгірмек, бар, таяғымды алыш кел! Сегізкөзім сырқырап, белімнің құрысып қалғаны. Аз-мұз түрекеліп турмасам болмас, – деп Сәлімге еңе бұрыш дауыстауы мұн еді, құбақан ұл бүйрыкты орындаққа тұра жөнелді.

Таяқ ұстауды осы бертін ғана машиқ қылыш жүр Асылтас. Сексеннің сенгірінен асса да, бойын тік ұстап келеді. Бір кезде етжеңді денесі, кәрілік әбден меңдеген соң тарапшып қалған. Адам қарыған сайын шөгө береді екен. Осы күні бойы аласарып, еті қашып, арса-арса сүйегі ғана қалғандай. Сонда да түрпаты жөпшенді еркектен ірі көрінеді. Заманында қайратты болған соң ба, әлі күнге дейін аяқ басысы нық. Ақ таяқты қөлденең көзден ұялғаннан ғана ұстайды... Желауыздар:

«Осы кемпір шалының басын жалмап алыш, несіне шалқаяды екен? Кемпір-сампыр деген бүкірейіп жүруші еді. Мына жазған қакиып жүргені несі? Өзге кәрі-құртандай таяғы да жоқ» деп сын таға ма деп қаупайлаған түрі ғой.

Өз басын қойшы. О дүниенің табалдырығын аттағалы жүрген міскін сыпсың сөзді елер ме? Қам жегені Догалақ сынды ұлдың абыройы дағы...

– Міне, әже, таяғың! – деп жүгіре басып келген Сәлімнің қолынан әдемі жонылған ақ таяқты ала беріп, кеудесіне тіреді. Омырауымен асылып тұрса, белгे салмақ түспейді. Қартайғанда ең осал тұс бел мен қос тізенің буыны екен-ау. Кәрілік шіркін, ең алдымен осы екеуіне шенгел салғанын қайтерсің!?

Қос алақанын таяқтың имек үшіна артып, үстіне кеудесімен асылды да өзен жаққа назар тастады қарт ана. Көздегені – Хакима. Ол бала қайын атасының көзіне көрінгісі келмей, көршілерге кеткен болатын. Қос сыңайласы Шөптігүл мен Сандуғашты ертіп, өзен аңғарына кеткен шығар, дәу де болса. Байғұс бала сары уайымнан арыла алмай жүр-ау... Енді қайтсін? «Басқа түскен баспақшыл» демекші, бұ қуйіне көндікпегенде лажы қайсы? Төменетектінің көрер күні сол дағы. Қатын деген ерекек кіндіктінің ермегі рәүіштес. «Құны – бес байтал» деп бекер айтты деймісін бұрынғылар.

Бұ Ҳакіш ақкөнілдігі мен биязылығым мен дәл әкесіне тарткан. Оның үстіне ақынжанды. Ақынның дені өжет те өткір келуші еді. Онсыз тапқырлық деген қабілет жалынан үстасын ба? Бұл бала-ның өжеттігі бір басына жетерлік екенін де біледі Асылтас. Жеме-жемге келгенде небір ділмарды сөзбен буып жіберерлік ал-ғырылғы да бар. Сөз байлығына кенде емес қой, Құдайға шукір. Атасының аңыз-хикаяларын, әкесінің қыруар ертегілерін сана-сына тоқып жетілген бала сөзден тосыла қоймас. Қолына түскен кітап біткенді жаттап алғанша шұқшиятыны және бар.

Әйтсе де, өткірлік пен тапқырлығымен қатар сезімталдығы да ерессен-ау осы баланың. Жаны тым нәзік. Оның үстіне намысты да. Арын таптататын осалың бұл емес. Одан дағы өлуге бейім. Бұл мінезін көлденең көз тани қоймаса да, Асылтастай әкесі қай-тіп білмес. Өмірдің небір тақбезесін көрген көнекоз гой. Кісінің бүкпесін сыйқытынан-ақ танитын сыншылығы да баршылық.

Сол себептен Ҳакішіне жаны ашиды-ақ. Анандай әрі пәк, әрі арлы мінез иесі алдағы тұрмыстан теперіш көретінін біліп те жүр. Өзі өмір сүрген қауымның әдет пен дәстүріне бір кісідей-ақ қа-нық болар жаска жеткен жоқ па? Қоғамның заны қатыгез... Ең ақылдыларды сыртқа теппек. Ары таза ғазиз жандарды болса, езіп жаншиды өмірдің талкысы.

Себебі, сананы қинай білетін жетелілер қауымға сын тағып, құрық әкететіні бар. Көсемдердің майда тіліне, алдан-арбауына жүре қоймайды. Арлы мен намыстылар да айдауға, бұғауға көн-бек емес. Сондық, қағажу көреді... Бұкараның тізгінін болса, бағ-зы заманнан бері әлділер, игі жақсылар ұстап келеді. Жақсылар-дың шылауында кожа, молда жүреді қашанда. Бұларға сын тақ-паққа алдымен жүрек, содан соң шешен тіл керек. Тіл мен жүрек-ті бастайтын – ақыл-ес. Осы үшеуінің жиынтығы кешегі Байдалы шешен, Жанақ ақын сынды данышпандарда молынан табылған... Осы күні Біржан сал, Ақан серіден шыққан екен.

Сол абзал жандар қайғы теңізін кешіп жүргендері жасырын емес-ау. Сырты бүтін, іші тұтін шерменде хал кешуде. Ең алды-мен жақын-жыуқ туысқандардың өзі сын мен ақиқатты жақтыр-мас. Сол себептен Біржан сал өз әкесімен қырбай екені мәлім. «Көлденең кек атты жоқ-жітікке араша түсесін, ру намысын жоқ-тамайсың!» деп сөксе керек Тұрлыбайдай әкесі... Ақан сері де

аңы тілімен жаклай жүр. Шөбектің бар бау-шарбағын атап, мысқыл өлең шығарған ақын дұмділердің үдесінен шыксын ба? Біреудің айтқанымен жүргемеген намысты жетелілер билік басында-тыларға жақпайтыны бесенеден белгілі ғой...

Ақ таяққа кеуде тіреп тұрған Асылтастың ойын баланың сыңыры еткен лебізі боліп жіберді. Құс жастық пен төсенішті құшақтап тұрған Ботакөз екен.

«Әже, аяғың талады ғой. Мына жастыққа жантайсанышы» деген сөзбен, қолындағы қызыл атлас тысты қөпшікті құрақ көрпенің үстіне қонжитты.

— Үй, қоңыр қозым сол! Құдай бере салған ботам, үйімді толтырған қара қызым! Келші, іскейін мандаіынан. Сен құлышашым болмасаң ғой, қақпас кемпірді жан адам керек қылмас па еді, қайтер еді? — деп, тұлымшағы желбіреген қызалақты емірене іске кеп қойды.

Қара торы, бойшаң Ботакөздің тұрпаты шешесіне тартқан. Қазірдің өзінде сүйегі ірі болатыны аңғарылып тұр. Жалпақ беттеріндегі қою қызыл ренқ, үлкен көздерінің ажарын арттыра туследі. Бойжеткен соң, бұл да Хакима әпкесі сияқты айта қаларлықтай бәденді болатын тәрізі бар.

Төсеніш үстіне жайгасқан Асылтас жастықты қолтықтап, таяқты қолжетер жерге тастай салды. «Бара бер, күнішегім, жұмысынан қалма. Мейман келеді ғой, шешене қолғабыс қыл. Әпкең қайда кетіп еді, айтпақтайын?» деп сұраулы жүзін балаға бұрды.

— Ақ серкешін ертіп өзенге кетті білем. Ақтөс көрінбейді ғой. Әпкеме о да ілескен болар, — деп құлім қаға жауаптасқан қызалақ шалт бұрылып, үйге қарай құлдыраңдай жөнелді.

Әжесі айтқандай, қонақтың қамы бар ғой. Шешесі тапсырған міндет бастан асып жатыр. Үйдің іші мұнтаздай болса да және бір мәрте сыйырып шығу керек. Адалбақандағы киім-кешекті қарап шығу да қажет. Жені қырқылған шапандар болса, көзден таса қылған жөн. Үлдірік сөредегі ыдыс-аяқтың шаңын сұртіп қылау жұқтырмая, кіреберістегі аяқкиімдерді реттеу, осы сияқты тағысын тағылар, міндет аз болып па қыз балада? Осының бәрін жайғастырып жүр Ботакөз сынды ұқыпты қызалақ. Бір жағынан шығысып жүрсе, шешесіне кәдуілгідей қолғабыс емес пе?

Әпкесінің колы тие бермейді. Өнер қонған бойжеткен ғой әпкесі. Білімі де ұшан-төнді. Әпкеге жету қайда-а! «Алпамыс батыр» жырын бір алта бойы ежіктеп әрен оқып шығып еді Ботакөз. Әпкесі болса ол ұзақ жырды жатқа кирагаттайды. Әсіреле Мафия сақау, Бадамша сақаудын жар-жар айтқанын келтіргені өте қызық. Көзін ойнақшытып, сақау кісіше тілін шайнап әндектенде, Ботакөздің ішек-сілесі қатқанша күлер еді.

Сөйткен өнерлі әпкесінің тынышын алмайды ақылды сінлісі. Бой түзеген сәулім емес пе әпкесі? Сәулім атанғандардың мәртебесі ерекше келмек. Бойжеткен қыз сыйылып, бала қаздай байпандап жүрсе керек-ті. Есендереккеннің өзінде салмақ сақтағаны жөн. Елпілдей кетпей, ернінің ұшын ғана қымылдатып:

– Ш-ш-шүкір, – деп сыбыр созғаның өзі жарасымды-ак. Ботакөз де әпкесіне ұқсағысы келеді. Хакимаштың аспай-саспай сөйлегені, бозбала біткеннің діңкесін құрыта, жуық манда сәлеміне жауап қайтара қоймай, қайтарғаның өзінде елемегенсіп, ернінің ұшын ғана жыбырлатқанын айтсаныш! Әсіреле, аяғын еріне басқан қалпы, жан адамды бойына теңгерменеген кісіше паңдана көз төңкөргені қандай, шіркін! Бұндай әпкеден айналып кетсөн болмас па? Ботакөздің пірі іспеттес қой, ару әпкесі...

Үйдің табалдырығынан аттай берген қызалақ, мүйіз сапты пышағын майда қайракқа жанып отырған экесіне көз тастап:

– Көке, әжеме бірсалар мен жастық апарып бердім. Белі сыйдайды ғой. Жантая жата тұрсын. Қонақ келгеншіле әлі қайда, – деп бір сәтке әк маржан тістерін жарқ еткізді де, тұзбаспақтың қасында жатқан сыптырғышқа қол созды.

Көп пайдаланғаннан орта тұсы ойыла бастаған қайракқа түкіргіштеп қойған Доғалақ:

– Эй, балам, сыптырьына беремісің? Өлгінде ғана үйдің ішін жайнатып қойғанын қайда? – деп баласына жалт қарап, лебізін қатайтынқырап еді, Ботакөздің салмақты қияптын көріп іле жұмсара қалды.

– Е, дегендей, әжендей, күтсөнші, балам. Қалтақтап қанша жүрер дейсін. Кейіп қалмасын. «Сәби де бір, кәрі де бір» демей ме осы ел. Жас жеткенде біз де шікемшіл болармыз ба, кім білген? – деп сонадайдағы қарт шешесіне көз тастап қойды...

Асылтас болса ой үстінде еді. Назары Сәлімнің әрекетін бақ-қанымен, көңілі тұнғыш немересінде. Төменетекті болса да, бауырына басқан төлі ғой. Оның үстінеге ерекше жаратылған жан. Өзге немерелер бір төбе де, Хакимашын бір төбе сияқты қореді. Осы баланың бойындағы қасиетін ерте бастан-ақ анғарғаны бар. Намысты қыздың мінезін сонау ел еркесі сал мен серілерге балайды. Әттен, қыздың жолы жінішке. Ұл болып туса ғой, ел арапалап, салдық құрар ма еді, қайтер еді? Бұл жасында сырттың ақынымен әлі айтысып көрген жоқ. Сейтсе де, ағайын ішінде бұған қарсы келе қояр тақтақ кем де кем. Сонымен қатар, кей мінезі балаға тән...

Асылтас сүйікті немересінің өткендегі қылықтарын есіне ту-сіріп, миығынан құліп қойды. Жаңағы Ботакөз аузына алған ақ серкеш пен Ақтестің хикаясын еске алса-ақ, осылай езу тартар еді. Ақтөс дегені қара ала төбет. Дұрысы, таза қанды қөпек те емес, тазы шатыс дүрегей. Ұялас құшіктердің ішінде ең әлжуазы болып туады. Оның үстінеге, бауырын көтерген кезде теке сүзіп, өле жаздайды. Бұны көрген салпы ерін Оразбай:

– Өзі дүбәра, өзі ажалдан қалған ақсақ-тоқсақ, ит болып жарыгпас. Бұның көзін жояйын не қылса да. Масыл қылып асырағандай сонша не көрініпті? – деп суға батыра салмақ болады.

Балалардың дені бұл үкімін қостаса да керек. Шырылдан арашаға түскен Хакима ғана. Ол кезде жасы он бескे жаңа ілігіп еді.

– Ағатай, обал емес пе? Бұл да тірі жан ғой. Мойныңа қан жүктеймісің? Қарғайды ғой. Маған бер, өзім-ақ асырайын, – деп былшық көз, шикіл сары, май бексе жігіттің женінен ұстай алсын.

Оразбай оңайлықпен көне қояр қай бір қарағым? Деміне нан піскен кеппе мінезіне бағып:

– Кет-эй, кет! Жоқты айтпа. Ауылда дүрегей иттер қаптал кетеді. Қанден, дүбәраның көзін жойып отыру керек. Килікпейтін іске килікпе, сен қыз. Бар, куыршақ пен ине-жібіңе ие бол, – деп сыздана қалғаны.

Оң қолымен сорлы күшікті желкесінен мыта түседі де. Бейшара хайуан тағдыры қыл үстінде тұрғанын сезгендей-ақ, қыңсылын үдетті. Хакиманың қасындағы Сандуғаш, Шөптігүлдер де үн

шындарын болысып еді, кекір бозбас одан сайын шалқая берді. Өз қарындасты Күлшараға көзін алайтып:

– Эй, тый мыналарды! Бірдене көрейін деген екенсіндер. Мына күшіктей қыңсылатып мойындарыңды бұрап жіберермін. Ешкідей секендеғен шөпжелкелерге тіл бітейін деген екен, – деп тіпті қатты кетейін деді.

Үй ішіндегі бір қора қарадомалактардың үлкені ғой. Іні-қарындастарын әбден билеп-тостеп дағдыланған дәкір болатын. Ағасының шапалағын талай жеген Күлшараның көзі жасаурайын деді. Құрбылардың көnlін қимағанымен, ағаға қарсы келу қайда? Бұл тартыс немен тынары белгісіз еді, Асылтастың өзі келіп килікпесе. Жағдай ушығып бара жатқанын сезе қалып:

– Эй, жүгірмек, тоқтай қал! – деп сонадай тұрған жерінен дабыра шыққан тұсқа таман қадам басты.

– Дорба ауыз неме сол, обалдан қорыкпаймысың? Итті қай атаң әлтіріп еді? Жеті қазынаның бірі емес пе ит деген? Зорлық қылсаң, қарғамай ма? Сорың сонда қайнар, екі ұрық неме. Қай тесікке тығыларыңды білмей басың дал болар, жазықсыз күшіктің қарғысы атса... Жібер, кәнекей, жаның барында! Жібермей көр осыдан. Ісім сенімен түссін, пасық неме, – деп дүрсе қоя берген.

Қатыгез кісілер қорқақ келетін әдеті емес пе? Асылтастың ашуынан ықкан Оразбай күшікті тастай салып, зыта жөнелген. Әңгүдік болса да, үлкенді сыйлайтын жас қой. Оның үстіне Асылтастай өр мінез кемпірдің бетіне келу қайда?.. Қара ала күшікті жерге тигізбей қағып алған Хакима куанғанынан күліп жіберген.

– Бұл кішкентайдың аты «Ақтөс» болсын. Кеуде тұсы аппақ екен. Бір ажалдан қалды бейбақ. Енді тұмсықтыға шоқыттырмасын, – деп жүні үйпаланған күшікті құшақтай алсын.

– Тұра тұр, құлышашағым, бүргесі болмасын, – деген әжесінің ескертүін құлағына да асқан жок.

Сол Ақтөсті бағып-қағып есірді-ау ақыры. Осы күнде дүрдей арлан. Хакима десе, өлуге бейім. Өз құтқарушысын Тәнірдей көреді. Хакима үйден шықса-ақ етегіне орала кетіп, қыр сонынан қалсайшы.

Ақтөске Ақсеркеш қосылады. Бұның да өз тарихы бар. Ғұмыры өз құйрығындай-ақ келте болса да, бұл да бір ажалдан қалған жануар. Араша түскен жөне Хакима. Қабытай байдың саятшылары бүркіт пен қаршыға ұстайды. Қыран құстарға арнап тігілген жолым үй де бар. Сол үйдегі тұғырда қонақтап отырған бір мұзбалактың томағасы түсіп қалмасы бар ма? «Киіктің касуына мылтықтың басуы» демекші, дәл сол мәүрітте қанды көзіне қанғырған шікірә түседі. Жолым үйдің маңында жайылып жүрсе керек. «Ажалды қүшік бүркітпен ойнардың» кебі келіп, сорлы лақ керегенің көзінен бас сұғады. Сұғуы мұн екен, қыран шап береді. Қайта бағына қарай, болат тұяқтар жанай ғана тиіп, бір көзі мен құлағын жұлышп әкеткен. Шырылдаған дауысына Хакима мен құрбайлары жетіп келіп, соры қалың жануарды арашалап қалауды.

Сыдырылған құйқасын көрген Доғалақ:

— Мал болмас. Пышакқа ілінді әйтеуір, сойып алайын, — деп бәкісін жаландатып еді, лақтың басын көк орамалмен таңған Хакима:

— Көке, бір жапырақ етіне қызығамыз ба? Өзі ажалдан қалған бейбақ екен. Зәресі ұшып дірілін баса алмай тұр әлі. Обал емес пе? — деп қыла қалғаны. Жәй ғана киылған жоқ, жануарды мұсіркегені соншалық – көзінің жасы тимей-тимей кетті.

Доғалақ әлі де көніңкіремей уәж айтқалы оқталып еді, үстеріне келіп қалған Асылтас:

— Доғар сөзді! — деп жекіп, аузын аштырмады. — Немене, осы үйдің тоқтығы бір шікірәнің етіне қарап қалып па еді? Тәйт әрі, шаппанды шошаңдатпай! Баланың меселін қайтарма. Күтсін осы лакты. Не істесе өз еркі Хакимаштың, — деп кесікті сөзін паш еткен.

Қарт анаға сөз қайтарушы ма еді Доғалақ? — Е, мейілдерің. Мал болса, кәнекей. Жас төлдің еті де жылбысқы болушы еді. Арам өлмесін деген есеп қой менікі, — деген сөзбен жығыла кеткен...

Сөйткен лақ бір көзі мен құлағынан айырылса да, осы күнде дін аман. Аппақ жүні желкілдей өсіп, серкеш болып жетіліп те қалған. Ауылдан ұзамай жайылса да, жұнттай сеп-семіз. Қүйлі болатын себебі – Хакимаш өз қолынан жем беріп қояды. Жем

тұрмак, қолына қант түссе, өзі татпастан серкештің аузына тосятыны бар.

Кылжақбас Хамит бұнысын көргенде:

– Әй, осы ак серкештің семіздігіне қызығамын-ау! Жұнттай болып дөнгеленген порымына болайын. Эпкем бір жолаушылап кеткенде, сойып алатын екен. Шелі сауыстанбаған серкештің еті асқазанға женіл келеді. Осы соқырдың ішінен бір шара май түспесе, маған кел! – деп әзіл ілер еді.

Бұнысы әншейін домбытпасы ғана. Әпкесін сыйлайды. Бұл үйде Хакішті қадірлемейтін жан бар ма? Марқұм атасының әздеғіне кім қарсы келсін?.. Асылтас пен Догалақтың еркіне жіберсе, сөз салған шонжардың көңіліне де қарамас еді. Хакіштің көз жасынан садаға кетсін бұтқіл жуан мен мықтылар! Құдайға шүкір, өз дәүлеттері өздеріне жетеді. Біреуден кейін, біреуден ілгері деғендегі. Байып кетпесе де, ешкімнен тіленген күні жоқ. Ауқатты ағайынға жетемін деп өктеген де емес. Ондай арманды қуған анау келін ғой. Кумаса, Хакішті жылата ма? Шағалақ сынды дүмді құдасы ұшпаққа жеткізер деген есек дәме ғой баяғы. Мүйізі бұлт тіреген дырымбайлар құда-жекжатты керек қылсын ба? «Өзі болған қыз төркінін танымас» деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Соны да ұққысы жоқ-ау, келіні түскірдің. Қатынның шашы ұзын, ақылы қыска дегениң кебі де. Қайран бабалар, мұнша дөп айтартысың!..

Ой жетегіне ерген Асылтас аңы мысқылмен мырс берді. Сонарадай жерде тізе бүккен Ұрқияға жақтырмай қарап та қояды. Қарағанымен амал нешік? Колдан келер қайран болмаған соң, бүйіра сейлеуге әдді жоқ.

Көрші үйлердің тасасынан көлең етіп көрінген ақжаулықтылар Асылтастың назарын аударды. Жылқышы Қадіржанның үрген mestей Мәскеңі, түйеші Темірқанның қара қатыны Балташ, осы үйге таман бағдар түзепті.

– Е-е, көрші-қоланың қатын-қалаши шоғырланайын деген екен ғой. Келсін, келсін. Анау келінгे қосылып, тілдерін сүйреп-детпесе, ішкен астары бойға сіңбес, – деп балпаң басқан сыңайластарына мысқылдай қараған Асылтас, үнсіз ғана езу тартты.

– Ия, шеше, құданыз келе жатыр екен, құтты қонақ болғай!

– Хакішіміз барған жеріне тастай батып, судай сіңсін. Ұзағынан сүйіндірсін.

Жамыраса амандақан әйелдер қарияға сынай көз тастап қойды. Бұл құдалыққа Асылтастың риза емес екенін біледі, әрине. «Қарт ана сыр білдіре ме екен?» деп, сөз тартқан түрлөрі ғой.

Бұл шолақ қулықтарын танымайтын Асылтас па? Әр сөзін желауыздар сан-саққа жүгіртетінін қайтіп білмесін? Бұл да қос хошынасына бейімделіп, мейірбан қабақ таныта:

– Е, әлей болсын. Айтқандарың келсін, – деп бастап, – ас-суга қолғабыс қылар көрші-қолаң қашан келер деп, күтіп отыр әнекей замандастарың, – деп қазан-ошақ жақтағы Ұрқияны мензеп ым қақты.

Көпті көрген қырқылжың емес пе? Көлденең көкаттының көзінше келінгे деген өкпе-сақпасын сездірген емес.

Асылтас жылы қабақ танытса, Ұрқия да ауылдастарға рай бере қарсы алды. Бір шелек суды қазанға қотара беріп:

– Е, бәсе, бұл ағайынды жер жүтті ма десем? Қайда жүріп алдындар әлі күнге? Кел, болындар, анау малдың ішек-қарнын аршу керек әлі. Қам бастан асып жатыр, – деп көңілдене тіл қатты. Лебізінде өктем сарын да жоқ емес.

Көңілденбей қайтсін? Білдей бір шонжармен құда болған түрлөрі мынау. Бауыздау құданың салмағы піл табан екенін осы ауылдың қатын-қалаш, бала-шағасына дейін мәлім. Қабытай байдың өзі Шағалақ дегенде сызыла қалмай ма?

Шелекті жерге қоя салған Ұрқия өз үйіне назар жықты. Таң атқалы талай мәрте көз жүгіртсе де, қайта-қайта зер салуға жалығар емес. «Құданы Құдайдай күт» демекші, күтім жағынан бір дәнекүс шығып жатса, тірідей өлім емес пе?

Алты қанат қоңырқай үйге зер салған Ұрқия қабағын әнтек шытып қалды... Үзіктің бергі бұрышы жамаулы болатын. Жаздың басында қызыл құнажын мүйізімен жайқап өткеннің ізі еді. Осы тұсы болмаса, үзіктер мен туырлықтары бүтін. Киізі қоңырқай демесен, дәдегесіне Қабытайдікіндей ақ манаттан ою жапсырған көп-көрім үй. Еңселі боз орда болмаса да, осы тұрмыстары өздеріне жетіп жатыр. Біреуден кейін, біреуден ілгері дегендей. Осы күймен де азулы атқамінер түсер, түспек былай тұрсын, құда бо-

лар күйге жеткен жоқ па? Бар ағайыннан мерейі үстем не қылса да. Осы абырой Хакиманың арқасы-ау, шіркін!..

Жамаулы үзіктен көзін алған Үркія, көрші әйелдерге назар жықты. Мәскен мен Балташ қарап тұрмай іске кірісіпті. Міндегерін біледі ғой. Бұл үй мейман күткенде, ас қамы қашанда осылардың мойнында. Сыпсың сөзі де көп-ақ, әйтсе де іске мығым. Тілін сүйрәндеп сумақайланбаса қатын бола ма?

Үркіяның ойын қуаттағысы келгендей-ақ, сырлы тегенені сүртіп отырған Мәскен сықсимасын сығырайтып:

– Ия, абыстай, күйеу баланы көріп пе едің? Асыранды бала деседі ғой. Өзі бір «нашардың перзенті» деп соғып жүр ғой анау желауыздар. Рас па сонысы? – деп өп-өтірік білмегенси қалды.

«Сөз бықсытқан, өзінше мұқатқан түрі ғой. Жалпақ жұрт білетін жайды бұл сумақайдың құлағы шалмаушы ма еді. Көре алмайды ғой, іштері тар өншеш тоғышардың!» деген оймен сыйайласының бүкпесін тани қалған Үркія жүзін суыта қалды.

– Асыранды болса, қайтейін? Өз кіндігінен өрбіген үлдай көретіні жалпыға аян. Қалыңмалды түйдегімен әкеле ме кем тұтса? Қырық жетіні қырка матап берген түрі анау, – деп Мәскенге қадала бір көз тастап қойып, – біреудің іші күйсе, тұз жаласын! «Шағалақ сынды шаһбаз азамат бұлардың не теңі?» дейтін шығар өздерінше. Біз жаман болсак, анандай кісі жау羞ы жібере ме? Хакішімнің ажары мен өнеріне қызығады да. Байлыққа қызықса, Қабытайдікіне құда түсер еді... Отырған жоқ па қос қызы әнекей, сиырдай болып! – деп сөз аяғын кекесінге шаптырды.

Аузынан шыққан әр сөз байдікіне он ессе өсіп жететінін білсе де, тілін тартқан жоқ. Несіне тартынсын? Пысқырғаны бар еді Қабытайдың бәйбішесіне! Шағалақтың құдағыны азу батырып көрсін бәлем. Қаладағы ұлықтарға иек сүйеген құдасы итжеккенге бір-ақ айдатсын.

– Жоға, сипатын айтам да. Ажарлы бала ма өзі? Көзжақсыма лайық па дегенім ғой, – деп сөз ауанын аңғара қалған Мәскен жығыла сөйледі.

Жез шылапшынды ыстық сүмен жуып отырған Балташ та құлағын түре қалыпты. Осы кеңестің дәл бір өзіне қатысы бардай-ақ, көзін аша түскен. Кимешегінің шетінен құлағы қылтиып, қалындау еріндері ашылынқырап, сарғылт тістері көрініп тұр.

— Тәйірі, күйеудің түрінде не бар? Хакіштің тені емес пе? — деп Балташқа көз қызыртып өткен Үркія, Мәскенге және қадалды. — Өндірдей жастың міні болушы ма еді? Он екі мүшесі сау жігіттің сыны жоқ қой. Ажарға келсе, біздің баланың жамалы күйеудің олқысын толтырғандай, — деп бір қайырды.

Лебізінде анық мақтан бар. Мактандай қайтсін, бұл бақытқа жеткізген Хакіштің айдай дидары екені рас емес пе?

Бұл уәжімен Мәскең таласа алмай, үнсіз қалды. Хакиманың бой-басынан мін таба алмасын неге білмесін?.. Есесіне Балташ лебіз шығарды. Күндігінің шалғайына құдды бір шаң жүккандай-ақ қақыштап қойып:

— Е-е, көзжақсымның түрпатына есі дұрыс кісі мін таға ма? Тек сол ажары мұратына жеткізгей. Өні жылтыр қыз-қырқын аз болып па? Соның бәрі ұшпаққа жетіп жатса, кәнекей, — деп жорта күрсініп қойып.

Бұл жолы Үркія үндей алған жоқ. Замандасының бұл пікірінен мін іздеуге сылтау жоқ сияқты. Әйтсе де сөзінде қызғаныш сарыны да жоқ емесі анық. Хакиманы бәденді бойжеткендердің бірі ғана деп тұспалдаған түрі де. Ішінен: «Әдірем қал! Жағыңа жылан жұмыртқаласын, жарымағыр неме!» деп бір сілеп қойып, ойға теренdedі Үркія.

Жақтырмаса да, жаны бар-ау Балташтың сөзінде. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бере көр» деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Бармақтай болсын, тіпті шынашақтың тырнағындағақ болсын, әйтеуір бақ шіркін керек-ау адам баласына. Оның күні қараң. Хакиманың құрбысы Сандуғаш, ия болмаса анау Шептігүл кай сұлудан кем еді? Жазығы — бағы ашылмағаны. Біреуін жетілмеген жеткіншек ұлға, біреуін қатын үстіне ұзатқалы жатыр... Хакимаш та мына құдалыққа наразы. «Гұмыры қөрмеген кісіге қайтіп барамын?» деп көз жасын шырадай қылғаның қайтерсің? Не себептен екенін қайдам, қайын атасын тәу көргеннен-ақ жақтырмаданы және бар.

— Көзқарасы тым сүйк. Қабағына мұз қатты дерсің. Репетінде ызбар бар. Кеспірін көргеннен-ақ жүрегімнің тітіреп кеткені. Кісіні түрегеп тұрып бауыздайтынның өзі болмағай осы шонжар, — деп мұңын да шаққан.

Онысына экесі келіп қосылысын. Ол пақыр қайбір пайдасын білетін пысық еді? Еп-есеп дегенін мұрнының ісіне де бармайтын ашықауыздың өзі. Қыздың сөзіне құлай кететін көңілшектігі және бар...

Құдай қосқан қосағының сол бір сәттегі әлібін еске алған Ұрқия, аңы мыскылмен езу тартып қойды. Отагасының әрекетіне қарны ашқандай. Қызды қойшы, шикіөкпе бала ғой. Он-солын танығанша қайда. Қиялшылдау, акынжандылау болып қалыптасқан түрі анау. Өз пайдасын біле койсын ба нәуетек бала?.. Ол – ол болсын. Әлгі собалақ экесіне не көрінді десенші? «Ел көсемі жақсының ықыласы түсті» деп қуансайышы қайта. «Тең теңімен, тезек қабымен», бізге қол емес бұл мырза, – деп маңырайтынын қайтерсің саппастың! Ежелгі мінезі осы да. Жұрттың еркегі жақсылармен жанасып жанталасушы еді, бұл сорлы сынар езулеп жүреді осылай... Әттең, Ұрқияның бағы жанбай, қор болғаны! Еті тірі, айлалы біреуге шықты бар ғой, ендігі бір шылқыған байдың салиқалы бәйбішесі болып отырар ма еді, қайтер еді? Ереккек жән сілтер ақылы бір басына жетерлік кой. Әттең, анау ынжық қосағына еш үгіті өтпей-ақ қойғаны...

Ой соқпағын шыырлаған Ұрқия үй жаққа көз тастап қойды. «Жамағатының сыйқытын бір көрейінші» дегендей. Пышақты қылпылдата кайрап койған Доғалактың жүзі жайбаракат. Үйдің іргесінде насыбай атып шуақтап отыр. Қолында әшекейлі үкілі домбыра. Үлкен бір іс тындырған немеше сәнді аспабын тыңқылдатып қояды.

Бұл түрін көзі шалған Мәскен:

– Е, бәсе, лебізінді шығаршы, сылқым жігіт! Шер-шемен тарқар ма еken. Лебізінді сағындық кой, – деп күліп жіберді.

– Е, дегендей, дегендей. Сал кайным әндептегенде ше? Білдей бір құдасы келе жатқан түрі анау. Қайдағы-жайдағы біреу емес, көпті аузына қаратқан төре сүйек. Құдай жеткізді деп осындайды айтат та, – деп Балташ та қыстырыла кетті.

Көрінеу қошемет болса да, Ұрқия үндей қойған жоқ. Қос сыйнайластың сөз саптасында кекесін бар ма, қалай өзі? Аңқаулау, ұшқалақтау Доғалакты мыскылдаған түрлері ғой.

Ұрқия тыжырынып, отагасыға жақтырмай көз тастап қойды. Женіл мінезін мінегендей. Мінемей қайтсін, үнемі көріп келе

жатканы қосағының бұдырысыз, даңғырлақ мінезі болса. Домбыра ұстая осының не теңі десенші? Сән түзеген бозбала ия бір сылқым сері болар ма? Ата сақалы аузына түскенше салмақ бітпей қойғаны-ақ, әуейі немеге. Түріне қарамай әнге, өлең сөзге құмар-ақ. Аздап әу дейтіні жоқ емес-ау. Дауысы да қулаққа жағымды. Ауылдастар жағы лебізін естуге де ынтық. Сонысын тым күрғанда бүлдай білсе етті үшқалақ неме. Бас қосысқан қатын-қалаш, ия тіпті бала-шаға болсын, көлденен қекатты қолқа салса-ақ, қу қарағай дөнбегін даңғырлатып ала жөнеледі.

Қырықтың қырқасынан асқан қырқылжында орнықтылық болушы еді. Бұл жазған болса, бәз-баяғы бозбала қалпында сияқты. Қолы қалт етсе, танауының астынан ән ыңылдатып отырғаны.

Бұл әуейлігі өзімен кетсе бірсөрі. Қарап отырмай, Хакимаға дем беретіні қынжылтады. Ол бала қаршадайынан-ақ ән-куйге бейім еді. Дәмді сөзге де үйір. Қайымдаса кетсе, тең-тұсынан жеңіле қоймайды осы күнде. Ойын-сауық, алтыбақанның гүлі рәүіштес... Әйтсе де, қыздың жолы жіңішке емес пе қашаннан. Тіпті қылдан нәзік десе де сыйғандай. Бойжеткенді тежеп, тәк-тәк етіп ұстамаса, бұзылуы әп-сәтте. «Кызға қырық үйден тию» деген ескертпе тегіннен-тегін айтылмаса керек-ті.

Бұл нақылды ұстанған Доғалақ болсайшы. Есердің есері емес пе, солапат неме. Жүрттың отағасы әдette жүзіне ызбар жиып, бала-шағаға тықақтап бітер еді. Бұл саппас болса, қызben де, анау қос ұлмен де құрдасша әзілдесе береді. Әсіресе Хакимаға дем бергіш. Қыз қайымдаса кетсе, делебесі қозып, көтермелей айғай салып, шала бұлінеді де қалады. Хакима жеңіп бара жатса, бала-ша қуанып, сөзден тосылған күнде кәдуілгідей кейіп қалады да. Ұрқия бұнысын ерсі көріп, бір оңашада күңқіл шығарғаны да бар:

— Баланы тыймайсың ба қайта? Желекпе жастармен қайымда-самын деп, әуейі болып кетпегей. Ойыннан от шығып, бір сері-сымакпен қашып кетсе ше? Масқараның көкесі сонда болар! — деп ескерткен болатын.

Онысын құлағына қыстырған отағасы болсайшы. Жүре тың-дап:

— Е, қатын, сен не біліпсің? Бабадан қалған із, атадан қалған сөз бар емес пе? Үлгіні содан аламыз да. «Баланы беске дейін патшадай көр, он беске дейін қосшындей көр, он бестен кейін

досыңдай көр» деген екен атаң қазақ, – деп бастады да екі езуі құлағына жете ыржып, – Хакимашымға имандай сенем. Атанасын үятқа қалдырмайды бұл балам... Аңду да қоймаймын. Жұрт қыздарын аңди берсін. Өз кіндігімен өрбіген төлім үдемнен шықпаса, үлгі-өнегемнің мardымсыз болғаны да. Алда-жалда абыройымды тәксе, тірідей өлемін дағы, қатын-еке. Баламнан жаңым ардақты ма? Жаман байыңдан күтыларсың сонда. Әмен-герлік жолымен дені дұрыс біреумен тұрмыс құрармысың. Ша-руаға ебі бар пысықай еркектің етегінен ұстасаң, кәнекей. Қайтесің мен сияқты желбуазды? – деп сөз аяғын әзілге шаптырмасы бар ма... Үйдегі бас көтерер азаматтың сиқы осындай болса, мұратқа қайтіп жетерсің?..

Ой жетегіне ерген Ұрқия қабағын шыта күрсініп қойды. Күні кеше ғана және бір сөзге келіп қалып еді отағасымен. «Мына келе жаткан құданың қонақасына нендей мал жұмсаймыз?» дегеннен дау туды да кетті. Шағалақ мырзаның сыбағасы тоқты-торым емес екені бесенеден белгілі. Құлын, ия болмаса, тайды жығу қажет. Оған әлгі отағасы түскір, ерін бауырына алып, ал кеп туласын.

– Төскей толған жылқым бар ма еді? Несіне шабылам? Құлынды сойсам, келесі жылды соғым қайда? Ерекк тайды алдымызыңдағы қыста жығам ба деймін. Ұрғашысын өсімге қоя бергем. Байтал болса, айғырдан шықты... Бойдақ қой тақиясына тар келіп пе сол Шағалақтың? «Барымен базар» дегендей. Құлынды анау Қабытайдікінен де жер, – деп түрлі сұлтауды қопсытып, Ұрқияға жеңістік бермей кеткен.

Соның кесірінен ендігі қипақтал отырған түрі мынау. Шагалаққа ерген шоғыр қаншалық болады? Бірқыдыру жаңмен сау ете қалса, бойдақ қой тісіне сыйзық та болмас. Эзірленбеген кісішіне жөппелдеметіп және бір қой соя ма? Ұяттың көкесі сонда болмай!.. Оны уайымдаған «әлгі» болсайшы. (Ұрқия жұрттың көзінше Догалақты солай атайдын). Ұят-аятпен іс-місі жоқ, ағы ақ, қызылы қызыл, қу қарағайын күйлеп отырған сиқы анау, жетіскең кісіші... Төрт құбыласы түгел бай-манап болар ма? Жұрттың әбігер болып мұрнынан шаншылғанын қаперіне алсайшы. Бұл болса, өзімен-өзі мәз-мәйрам. Бар қиратқаны – таңдан бері пышағын қайрапты әйтеуір. Бір ту бие шалғалы жатқандай-ак, оның өзін

бірталай әуреледі... Мына мардымсынан түрімен әнге салмасын мұндар саппас!..

Ұрқияның құдіктенуі мұн еді, дәл осы кез Доғалак та домбырасына қосылып лебіз шығарды. Құдды бір жамагатының қытығына тиейін дегендей-ақ, қос ішекті женіл шерте ән ыңылдай бастапты. Үнін танау астынан бәсек ғана шығарса да, ап-анық естіледі. Ошақ басындағы катын-қалаштың құлағына еркін жетті әйтейір.

Бұндайда үндемей отыратын төменетекті ме? Күнгө қақталған сопақша жүзі жадырай берген Балташ:

– Эп, бәрекелді, «Гаянартасқа» басты ғой қайнам! Шаттанбай ше? Тарқатшы бір шері құргырды не қылса да, – деп еді, Мәскең сөзін іліп әкетіп, – сал жігіттің лебізін сағындық. Коңырлатшы бір. Көзжақым құтты орнына қонғалы жүр ғой. Куаныштың көкесі осы да, – деп бұл да өзінше дем беріп жатыр.

Ұрқия ішінен: «Екі қардың мекерлігін қарай гөр! Біздің есуасты шапқа тұртіп бақыртып қоймақшы-ау. Тапқан екен заржакты. Бұл бақайқулықтарың бола коймас» деп намыстанып қалды.

Алайда сыр білдірген жоқ. Қолғабыс қылатын сыйбай хошынаға қайтіп жекірсін? Қонақты қутісетін де, асты қаузайтын да ауылдың қатын-қалашы ғой. Сондық іштей кікінгенімен, сыңайластарға деген өз пікірін іркіп қалды. Есесіне тілдің сұғын «әлгі-ге» қадай түсті.

– Әдірем қал! Несіне жетісіп созады екен өңешін? – деп ернін сылп еткізе шығарып, Доғалақ жакқа отты көзін бір тастап қойды. Үнінде ашы мысқыл бар.

– Ертең ұзатқанда көрермін. Не жібі тұзу отауы жоқ баланын, жасауы да жұптынылау. Не бетімен жөнелтеді екен мұндар саппас! – деп бастап, қосағының сыбағасын берді-ай келіп.

Болса да естіп отырған Доғалақ жоқ қой. Естіген күнде, құлағына ілер деймісің? Зайыбының күңкіліне құлақ еті әлдекашан үйренген көнтерілі пақыр ғой. Шанағы эшекейлі, сал домбыраның ішегін қожырлау бұрап ән ыңылдатып отыр Доғалақекен. Әнге ден қойса, сырт дүниені ұмытар еді. Қашанғы дағдысы осы... Міне қазір де, сұқ саусағымен қос ішекті женіл ғана шертіп, сол қолы перне куалауда. Назары да пернеде. Оқта-санда ғана

ошак басындағыларға көз тастап кояды. Көрші әйелдердің дем берген көтерме сөздерін де құлағы шалды. Зайыбының окты көзін де көріп отыр. Ішінен мырс беріп:

— Е-е, қатынеке, талағың тарс айрылса да байыңың сиқы осы! — деп кекетіп қойып, кос ішекті шерте түседі. Шертіп отырып, ой тербейді. Баяу, мамыражай шертіске ой үйір келеді ғой. Ыңылдан лебіз қосса да, ұшқыр қиял өткен-кеткенді есте жанғырта береді. «Қатын жақтырмады» деп, ежелгі сырласы шешен домбырасын ермек қылмай отыра ма? «Шағалақтай шонжар келеді-ау» деп, әбігерленіп өлсін бе енді? Осы құдалыққа салған жерден наразы болып еді... Күдік туғызғаны – болашақ құданың кабағындағы сыз. Доғалакты тең иық тұтпай астамсі сөйлегені бадырайып көрініп түрғандай. Бетіне жан келмеген ызбарлы кісі екені де, бұйыра сөйлеуге дағдыланғаны да көзге ұрып түр дерсің. Сөз салып, алдында жаушы қылып жіберген қарасақал шабарманың өзі сазбеттеніп отырып алған жоқ па?

Доғалақ:

— Баламыздың басы бос емес. Сөз байласқан жеріміз бар. Сондық, айыпқа бұйырмасын мырза. Анандай кісімен құда болудың өзі асқан абырой ғой бізге. Эйтсе де, буынсыз жерге пышақ ұрмас болар. Уәдені жұтпас болар, – деп сөздің бетін бірден ашып еді, әлгі бұжыр бет шабарман бас терісі зэтте аузына түсіп, өні бұзылғаны. Қарсылық сөз есітіп көрмеген сібер неме болса керек, ашуға булығып, үні тұтыға шықкан:

— Біздің мырзамен тайталасар қай жүрек жұтқан ол? Берген малының есесін толтырмаймыз ба? Біреудің обалына қалғандай не көрініпті сонша? Екі жақты да риза қылады біздің мырза. Ол жағына еш қам жемегейсің, – деп бастай келіп, өзінше қыр көрсетпек те болған... Алайда бұл домбытпасына қыңа қойған жоқ Доғалақ. Мықтыларға жампаңдауды білмеуші еді. Сыпайылықтан аспаса да, ірге бере койған жоқ.

— Жарқыным, сөзбұйданы білмеуші едім. Қазақтай орағытып сөйлеуге де жоқпын. Ұзын сөздің қысқасы – әуелгі берген батамды бұзар ниетім жоқ. Мырзаңа осы сөзді ұстап баарсың, – деп турасынан кеткен.

Қанына қарайып жаушы аттанып еді, Үркия құлақтың етіп жеп ызындағы бастаған. Бұ төменетекті дегендер нысананаға алған-

ды күткарған ба? Сайтандарың айлалы келеді ғой! Қамшы үйірсек де, дегеніне жетпей тынбас. Ер-азаматтай дүлей құштері жоқ болған соң, амалға жүгінбей қайтсін? Өне бойы айла-шарғыға басуға мәжбүр болған соң, әбден төсөліп алады да. Еркекті қажай беріп, ақыры өз ырқына қөндірмей қоймас. Ұрқия да сөйтті.

— Ойбай-ая, сен не білуші едің? Шағалаққа кол жеткізу деген арман емес пе? Қайта тәуба де! Қабытайдың үлбіреген қыздарына кісі салмай, жаушыны бізге жібергенін айтсаңшы. Хакимашымның бағы да. Бізге де таудай абырой, — деп бастап, көзін бағжита қалып еді. Өзінше қорқытқан түрі ғой.

— Шағалақтың бетін қайтаратын біз кім едік сонша? Осыдан меселі қайтты бар ғой, түбімізге жетер. Түп-тұқиянымызбен жер аудармаса, маған кел! Қайнаrbай, Сапалаттарды қонысынан ықтырып жіберген жоқ па? Ол иті жақсылар осал түкым ба еді? Төрт түлігі сай, тасы өрге домалап тұрған дейлердің өзі. Шағалақпен бой теңестіріп еді, бордай тозды да кетті әнекей. Сонынан ерген жалғыз тұяғы Мұстариза хұқімстің құрығынан қашып қаңтырып жүр деседі. Қайнаrbай, Сапалаттармен салыстырса, біз қаңбақ құрлы жоқтыз. Бір қаққаннан қалармыз ба? Анау бала-шағаның күйі-жайы не болмақ сонда? Тым құрығанда баушарбагыңың қамын жесең етті. Тентірептің жебірмекпісің бокташактарынды? — деп қара аспанды төндіргені.

Доғалақ оңайлықпен жіби қоймай:

— Уа, бұл баласы асыранды деседі ғой. «Іштен шықпай, ұл болмас» деген қайда? Өз кіндігінен өрбімеген балаға қабырғасы қайысар деймісің?.. Оның үстіне Хакимаш та мұлдем наразы. Атасы көзі тірісінде бата берген жерге барам дейді. Уәжі салмақты. Қайтіп мін тағарсың? Аруакты күнірентем бе енді? — деп еді, онысына айылын жиса-шы қатыны түскір.

— О да сөз бол па? Асыранды болса да туғанынан бетер көреді екен. Кем тұтса, қырық жеті іріңдей құйматүяқты қия ма кісі деген?.. Хакимаштың кейісін болса, тіпті атама да! Қай қызы тұрмысқа жыламастан кетуші еді? Он жақты, балалық бал дәуренді қиып кету оңай бол па? Әйтсе де, хақ бүйріғы осы. Тұрмысқа шығу, перзент сую деген ұрғашының пешенесіне жазылып қойған. Шикіөкпе жас-желең не түсінсін? Ертең-ақ алты қанат боз ордада жайланағып отырып, қасабалы бәйбіше де болар, Алла жет-

кізсе. Көр де тұр, алғысын да жаудырар әлі бұзбаламыз. – деп уәжді түйдесгімен тоғытқаны бар емес пе. Сөз аяғында:

– Аруақты ауызға алғаның да лайық емес. Өлінің тілін тірі алған ба? О бабамыз Хакимаштың тілеуін тілеп жатыр ғой. Немересінің бағы ашылып, шылқа майға шылқа батқалы жүр екен. Аруактар ренжімек түгілі, қуанарына мен-ақ кепіл болайын! – деп баз кешкендердің атынан оп-оңай кепілдік бере салғанын қайтерсің? О дүниеге күнде қатынап жүрген бір періште болар ма?

Әйтеуір не керек, әрі ырғап, бері ырғап көндірді-ау Доғалақты. Енді міне, оқты көзін қайта-қайта гастап, ішіп-жеп отырған түрі анау. «Қатын жарлығы хан жарлығынан күшті» деп бекер айтқан жок-ау, ақылыңдан айналайын, қазекем. Жұрт көзінше Ұрқияға қоқандап, кейде тіпті балағатты да жібергенімен, оңашада қабағын бағуға мәжбүр. Себебі, қатын итің қисайған жағынан өлсे түзелген бе?..

Оз ойына езу тартқан Доғалақ кенет көңілденіп, қос ішекті қағыш-қағыш жіберді. Көңіл хошы келіссе, «Гауһартасқа» басуши еді. Сол әнді баяу ғана қонырлата бастады. Бозбала кезінен-ақ сүйіп айтатыны ғой. Бір кезде осы «Ұрқияның көңілін аулаймын» деп әуелеткені де бар. Пай-пай шіркін, өмір деген ағып өтеді екен-ау! Қас-қағым сәт дерсің. Бал дәурен бозбас кезі кеше ғана болғандай көрінетінін қайтерсің. Қырықтан асқан қырқылжың атанған түрі мынау ендігі. Ұрқия да сарықарын бәйбіш болып, жастық шақтың ауылынан аббар көшіп шет қоныпты осы күнде.

Ал енді байыпқа салса, мөлдіреген кезі тым алыста да емес-ау. Жиyrма-отыз жыл деген не тәйірі? Мына мәңгілік тіршіліктің ағысымен салыстырса, елеуге де тұрғысыз болмашы ғана бір қас-қағым сәт дерсің.

Осы бар болғыр қатын-екенді бір кезде шын сүйіпті де, еске алса. Қиссаларда сипаттайтындей өліп-өшкен асықтық араларында бола қоймаса да, сезімсіз емес-тін. Ұрқияға келсе, пәлендей тебірене қоймап еді. Жаратылысы солай ма, әлде шын асығына кездеспегені ме, әйтеуір жас кезінен-ақ ұстамды салқын қанды болатын. Дәті берік қашанда... Кескінге пәлендей бай болмаса да, әрсіз емес еді. Үлбірген жас кезінде қыз-қырқынның баршасы сүйкімді келері мәлім емес пе? Қара торы өніне тостағандай көз-

дері жарасып тұрушы еді. Несін айтасын, жүрекке шок тастаған осы нәркес көздер еді-ау!..

Қиял пырағына міне өткенді шарлай келіп, жерошақ қасындағы жамағатына назар аударды. Аударуы мұң екен, іштей және күліп жібергені... Қайран қазекемнің даналығы-ай! «Қызы кезінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады?» деген сөзді еске алса-ақ, еркінен тыс мырс беріп бас шайқар еді. Осы мәтелдің құлды бір дәл өз басына арнап айтылғанына қайран қашанда. Бір ауыз сөзде қанша мағына түйінделді десенші. Аңғарымпаздық та, әзіл де тоғысынты тобықтай түйінде. «Жаман» деп қаттырақ кеткенін түсінуге де болады-ау. Кейіс үстінде айтылған пікір де. Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрган ба?.. Дәл өз басы жамағатына «жаман» деп айдар тағудан аулақ. Баз-базда құлакты сарсылтса, отбасының қамы деп шыжбалактаған түрі шығар. Қайтсін бай-ғұс? Дәулетті арттырайын деп жанталасады да. «Кедей байга, бай Құдайға жетемін» деп сарсанға түскен заман ғой. Әттең, қысқа жіп күрмеуге келмейді. Бір ауқатты үйге келін болып түсті бар ғой, бұ Урқия барabyсын-ажынды билеп төстер ме еді, қайтер еді?!..

Ой сауған Доғалақ ошақ басында құйбендеғен әйелдерге назар қызырып өтіп, сонау көкжиекке көз тастады. Жайылып жүрген уақ малдан басқа қара-құра көрінбейді. Жылқы жонда, түйе түлігі сор маңында ащылап жүр ғой. Атшаптырым жерде ірі қара жоқ екенін хабардар. Әгәрки ошан өтіп салт атты көрінсе, хабаршы болғаны. Сонау қырқада қой жайып Хамит жүр. Қасында ауылдың бір-екі жеткіншегі. Қарауылға қойған балалар бұл. «Құдалардың карасы көрінсе-ақ, ауылға хабар жеткізерсін» деген тапсырмамен жүргендер ғой.

Адырдың жонында әзірше алаңдатарлық белгі жоқ сияқты. Шағалақтың бөгелгені ғой. Сол дырымбай неме бірденеге ұшырап, тіпті келмей қалса ғой, шіркін! Өзгені қайдам, өз басы еш өкінбес еді...

Доғалақ миығын бұлк еткізіп, «Гауһартастың» қайырмасына баса берді. Лебізін сәл шығарыңқырауы мұң еді, ошақ басынан қолпаш үндер қайта естілді.

– Сал жігіт, іркілме, жұндай сабашы ән шіркінді!

– Көтер кеүілді не қылса да! Құлак құрышы бір қанаң маекен! – деп Мәскең мен Балташ қосамжарланды.

Бұл екеуінің көтермелеге өткенді және есте жаңғыртты... Хан жайлалаудағы мақпап кеш. Алтыбақанда Үркия екеуі тербелуде. «Қара торының әдемісі екен мына қыз. Тәмпіш мұрны болмаса, қиялаты көп-көрім. Осы баладан айырылма, жігітім!» деп өзін-өзі қайрап қойды.

Әткеншектің қыл арқанын тұтамдаған қалпы, осы «Гауһартасқа» бассын-ай кеп! Дауысы айта қаларлықтай қуатты болмаса да, нақысқа шебер еді. Қаршадайынан әнге үйір-тін. Мінезі де акқөніл, кісіге жұғымды. Қызы-қырқынның тілін оңай табатын. Келбетсіз де емес еді. Қобаған мұрын, бадам кабак, акқұба репетін тәу көрген бойжеткен атаулы көзін бір төңкермей қалмайтын. Ҳакима оңінің акқұбалығы, қаламмен сыйып қойғандай қарлығаш қанатты қастары әкесіне тартқан.

Не керек, бір көрмеге ажарлы да бітімді бозбас еді заманында. Пәлендей бойшаң болмаса да, сақаға ақ жамбыны ерітіл құйғандай шымыр тұрпаты келісті болатын. Бұрымдыларға сөзі де өтімді. Бұ қара қыздың басын әп-сэтте айналдырып аларында еш күмәні жоқ-ты. – Осы танқы танаудың қойынынан бүгін түнде шықпасам ба! Қалпакпен соғып алмасам, Догалақ атым өшсін! – деп құрдастарға серт те берген.

Әйтсе де, Үркияның көnlі бұған дегенде елпілдей қойған жоқ. Сырт теппесе де, жылы шырай анғартқаны шамалы. Бұл арнау өлең шығарып, онысын әнге сала үздігे шырқап жүрсе, қызы түскір миғынан күліл қана кояды. Бір әредікте:

– Қарқуардай сайраған жігітім, қалың берерлік мұршан бар ма әуелім? Далада тегін жатқан шашбаулы бар деймісің әлде? «Аяз, әлінді біл, құмырска, жолынды біл» демекші, шамашарқынды салмақтай жүрсөн етті. Көк етікті шора ұлы тұрғанда көн етікті шығай ұлын менсінген қыз көргенің бар ма еді? – деп шымшымса сауал жаудырып, тосын уәжбен тығырыққа тіреп қойғанын айтсанышы.

«Мәссаған безгелдек! Аңқау басы асықтықты жырлап, шала бүлініп жүрсе, қыз қырқылжың мал жағын есте тұтады екен ғой қашанда» деген оймен аңырып қалғаны да бар... Сейте тұра тәкаппар сәулімнен айныған жоқ. Айнымақ былай тұрсын, алам деп

өктей түсті. Марқұм әкесі қеңпейіл еді жарықтық. Доғалак бар жайды дәттеп бергенде, қенк-қенк күліп:

— Е-е, бала, осал-онтағай қыз болмады бұл шөпжелкең. Қөншілшектігі жоқ еken. Қөніл дегеніміз ет пен терінің арасындағы желік тағы. Ертең-ақ ұшып кетпесін кім біліпті? Ал енді малдәулет дегенің тірліктің өзегі, — деп, алабұртып тұрған ұлына зер сала үціліп еді.

Өке балаға сыншы гой. Ұлының мінезіне қанық болған соң, лепірген қөңілін де таныса керек, бейіл бере сөйледі:

— Қыздың мұраты — кету, тұрмыс құрып бала табу. Өмірдегі парызы сол, балам. Тапқан баланы жеткізу керек, әрине. Жеткізбекке нығыз дәулет қажет. Соңдық, орнықты әйел ұрпағының қамын жеп, ауқатты жігіттің етегінен ұстауға тырысадар. Мына қызыңың сезіне қарағанда, мінезі байыпты сияқты, — деп бастап, миығынан мырс берді де, — сен балам серілеу, әулекілеусің. Әнші, өлеңшінің мінезі осылай келер еді. Бір шаңырактың астында екі желөкпе табысса, үй шаруасы азып-тозды дей бер. Ерлі-байлы болып аһаңаулап, жас отаудың шэт-шәлекейін шығарар. Сол себептен, осы таңдауың жөн бе дедім. Мінезіңің бұдыры бар қыз лайық болар өзіне. Ендеше, бұл бұрымдыны біз жаққа икемдейік, — деп түйіп, іске кіріскең болатын.

Кесер бас, жүрер аяқ жылқың болса, қыз деген бұйым боп па тәйірі? Уағда сөз байланып, мал айдалып, қалыңдыққа ұрын барды қүйеу жігіт.

Пай-пай шіркін, сол бір кездің бал ләззаты-ай! Үркіяның қолын ұстараткан тұнді еске алған Доғалак, миық кере ошақ басындағыларға көз тастап қойды. Он екіде бір гүлі ашылмаған қырқын көгілдір қыздың от құшағына не жетсін! Ғаламның бар кереметі сол мезгілдің қызығына татымайды-ау.

Бір ерекшелігі, тән ләззатына қанша бойласа да, желеңті келіншегі қашанда сабыр сақтар еді. От құшақтар айқасып, тұла бой балқып бара жатса да, естен еш айырылмайтын. «Бұл қызғағана тән мінез бе, әлде ұргашы біткен осылай өз сезіміне берік келе ме? Нәпсіні ауыздықтай біледі еken не қылса да» деп бұл антан.

Не керек, салқынқанды, табанды мінезінен ғұмыр-баки айны-май келеді жамағаты. Жас отауға құт әкелген де осы жинақылығы

мен ұқыптылығы болар. Азды көптей, көпті көлдей қыла білетін, іске қылап келіншек болып шықты. Баз-базда анқау ерін тежел те қояды. Догалақтың көңілшектігі бар емес пе? Біреуге жаны ашып, мұсіркеуге әзір тұрады. Ондайда қолда барды шашып жіберуі де оп-оңай. Жалғыз ұл болған соң ба, Сарғалдақ пен Асылтас та бұның меселін қайтарған күні жоқ. Тым еркіне жіберсе, ата малың мұқтаждарға таратада бастауда да ғажап емес еді.

Алайда, бағына қарай Құдай бұйрығы жамағаты шаруаға тықақ болып шықты. Ата дәулетін шашпақ түгілі, күйеуге жөн сілтеп, малды өсіріп те бақсан, мұкәммал-мұлікті де бар ынтышынтысын сала көбейтуге тырысты. Барды ұқсатып, тісті бақаланып жиған-тергеннің арқасы ғой, бой жетіп отырған Хакимаштың жасауды сақадай-сай.

Мал-дүниенің соңына түсіп, кейде асыра сілтейтіні де жоқ емес, әрине, зайдыбының. Қездің құрты ғой дүние деген. Соңына бір түссен, қомағай нәспіні тежел көр, мықты болсаң! Мініс, сойыс, сауын мал баршылық қой, Құдайға шукір. Біреуге телміріл кіріптар болған күні жоқ. Азын-аулақ болса да өз малын бағып жүрген жайы бар. Осыны місі тұтпайды-ау, қатыны бар болғыр. Анау Қабытайдың дәулетіне қызығатының қайтерсің? Жеті атасынан аузызынан ақ май арылмаған, бықыған байға тенесу қайда? «Аттыға жетем деп, жаяудың таңы айрылыпты» демекші, аргымақ мінгенге шобырмен ілесіп болар ма?

Байлыққа қызықкан соң, Шағалақтың салған сөзіне құлай кеткен жоқ па? Шонжардың айдынына жығыла кеткен түрі дағы. – Айғыр үйірді түйдек-түйдегімен дүркіретіп айдатып жібергені ез алдына. Анандай атақтыға қолымызды бір артсақ, дәулет шіркін өзінен-өзі қомақтала берер. «Жақсыдан – шарапат, жаманнан – кесапат» деген. Жақсымен жанассаң, мұратыңа жеттің дей бер! – деп қақылдаң, құлақты сарсылтқаны бар емес пе?.. Күндіз-түні ызындаған берсе, төтеп беріп көр...

Ойға терендереген Догалақ әннің «аһауын» баяу ғана қалқытып, құрт үзді. «Гауһартастың» өзі білетін шумақтарын ой үстінде біррер мәрте қайталаганын енді ғана аңғарыпты. Ән ой-қиялға түрткі болса, ой жарықтық ойды-қырды шарлата береді ғой.

Аспабының босаңқырап қалған шектерін ширата тартып, же-рошақ жаққа назар қыдыртып еді, Ұрқияны көзі шалып тыжыры-

нын каты. Жамағаты әнін еш елесейші. Өзге катын-калаш ки-
мешегінен құлағын шығара үйшіп тыңдаса, өз қосағы казанның
түбін құммен ысқылап әуре. Бір елі күйесін жаңа көріп қалған-
дай. Шағалақ келмесе ғой, бұқ қазан бәз-баяғы күйелеш қалпында
әлі де кала берер ме еді, қайтер еді... Дәурен-ай десенші! Мына
сарықарын бәйбішемен, сонау алтыбаканда тербелген бұраң бел
сәулім Ұрқияның арасы жер мен көктей-ау. Тірліктің күйбені де-
ген осы да. Пендені томар су ішіндегі үйықтай тартып алады да,
тұтқындаған қалпы тырп еткізбейтінің қайтерсін? Өзге қызыққа
мойын бұрғызбас әсте. Тек күнделікті күйкі тұрмыстың қамын
жегіз. Қас-қабакты қарс жапқызып, көкірекке шер-шемен ұяла-
тар. Бара-бара өзіндей пенделермен таластырып, тәбеттей ырыл-
датып қоюы да ғажап емес. Ә десе мә деп, кескекті аюдай арс
ететін ызакорлар аз болып па? «Бұл ит мінез адамға қайтіп жабы-
сады?» дейсіз ғой. Доғалаққа салса, ашқөздіктің салдарынан дер.
Еп-есеп, пайданың сонына біратола түскен пенде, риясыз құлқіні,
әзілді ұмытар. Ән-күй дегенді мұлде менсінбес. Баланың желігі
деп мұрын шүйірер. Сөйтіп бара-бара тұксиген тәбеттей дүрди-
ген бір кейіпке еніп, жадырау дегеннен атымен безіл те кетер.

Өзгені қойып, өз зайыбы да осы кептен сау ма екен? Қабағы
ғұмыры ашылсайшы. Қара аспанды төндіріп, үнемі сары уайымға
салынып жүргені... Өз басы болса, бұл дерттен дін аман. Желім-
дай жабысып, сұзектей созылған сары уайымнан құтылуудың ама-
лын қайтіп білмесін. Ол амалдың аты – ән. Сонау бала кезінде
табысқан жан жолдасы мәнзелдес. Әнге басса, шер тарқайды.
Миыққа құлқі үйіріліп, кеүілді мейірім кернейді. Тірліктің қарба-
ласын ысырып тастап, әзіл айтасың. Әзіл ілген соң көңіл көнши-
мегенде не қалды? «Аузында әзілі жоқтың – қолында тоқпағы
бар» деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Тоқпақ тұтамдал кек
сақтамақ түгілі, біреуге қабақ шытты ма екен Доғалақ? Ағайын-
анжыға тұрмак, тәу көрген көлденең көк аттыға да құшағы ка-
шанда ашық.

Қайсыбір жасамыстар бұл мінезіне сын тағады да. – Ұшқа-
лақсың, жеңілсің. Үнемі біреуге есенді жібересің де жүресің,
былжыраган мына түріңмен. Ән сенің не теңін осы? Ата сақалын
аузыңа түскенше әуейілікті бір қоймадың-ау. Бір үйдің бас көте-
рер отағасы деген ыспандияр, аз сөзді келуші еді. Сен болсаң

тырк-тырк күлкінді тия алмай, далбандал жүрген сиқың мынау. Каңбақ құрлы салмағың жок. – деп әкесімен тұрғылас шалшауқан бұны жерден алғып, жерге салады өздерінше.

Бірақ, оған айылын жиган Доғалақ жоқ. Табиғат ана ақкөңіл қылыш жаратқан соң, пенде өз мінезін түзеп алсын ба? Түзеудін де қажеті жок-ау, байыпқа салса. Ешкі құйрығындағы ғана келте ғұмырдан күліп-ойнап өткенге не жетсін? Өзгені қайдам, өз басының пікірі осы дағы...

Ой әлемін шарлап кеткен Доғалақ, оқыс шыққан дауыска елең ете қалды. Шар ете қалған өз жұбайы еken. Бақса, ошақ басындағы қатын-қалаштың шоғыры қалыңдай қалыпты. Беліне таяқ қыстырған бірер аксақал-қарасақал да осы үйді бетке алыш шұбап келеді еken.

«Ия, бұлар несіне үймелеп барады?» деп ойлауы мұн еken, Ұрқияның айқайы бұл көріністің жөнін ұқтыра берді.

– Уа, құда келе жатыр! Ұйықтап отырмысын түтеге? Мелшиген түріне болайын. Осыған-ақ ой үйір келеді еken-ау. Не киялдан отырады десенші осы жазған. Төскейге малы сыймай, өріс жайын ойлап бас қатырған бір бай болар ма? – деп, зайыбы аузы-мұрнына шай қайната бастапты.

Шынымен-ақ, қырқа жақтан бес-алты салт атты бері беттеп келе жатыр еken. Хамиттің қасындағы хабаршы бала да ауылға жетіп қалыпты. Тайын жетектеп мама ағашқа қарай томпалаң қағып барады.

– Мәссаған, домбыра шертіп отырып, меймандардың келіп қалғанын да аңғармаппын ғой! Маған да дауа жоқ-ау. Қатын байғұс сөксе, сөккендей, дүниес көшіп жатса да міз бақпаспрын. Әй осы ит аңқаулықтан құтылар күн болар ма! – деп өзіне-өзі кейіп, орнынан атып тұрды...

Шағалақ көп кісі ертпепті. Құдага салмақ артқысы келмесе керек, қасында төрт-бес қана нөкереі бар. Сонадай жерден аттың басын тежеп, сар желістен аяңға салды. Топтың басында өзі. Есік пен төрдей қанкүрең арғымакты шерттіре бастырып, тізгінді кере тартып келеді. Қаз мойын бедеуінің тұрпаты суреттей. Ат-әбзелі жаптай күміс.

Алдымен құдага емес, атына назар аударған Доғалақ:

— Паң, шіркін, мына қазанаттың жүрісіне болайын! Бол-бол қақтырып келеді-ау, тымакты алшысынан кигізіп. Танауы шелстей, тесі салыңқы, қидастың кәрі жілікті екен жануар. Алысшыл екі түгейдің өзі шығар не қылса да. Екі құлағы тас төбесіне біткен, жүзіктің көзінен өткендей сұлу түрпатын айтсаңы! Осал жылқыны тақымына басар деймісін шонжар басымен? — деп күбірлегенін өзі де аңғармай қалды.

Көз қырымен бақса, сегіз қанат боз ордасынан Қабытай да шығыпты. Қасында бірер жандайшабы бар, бұл да осы жаққа бағдар тузеді. Шапаның желбегей іле салып, сусар бөркін мильтата киіп, балпаң басып келеді. Догалақ ішінен: «Уайда деген! Бай бастас деген осы-ау. Бөрілер ұлысып табысатында, иті жақсыларымыз да шоғырланайын деген екен ғой» деп түйіп, меймандарға қарай қадам басты... Бауыздар құданы сұқаны сүймесе де, құрметтеп күтүге мәжбүр. «Жөн-жосық, әдел-әркен бар» дегендей.

Күрең арғымақтың басы қаттырақ болса керек, тізгінді қос қолдан тартып келеді Шағалақ. Атка отырысы нық. Жауырынды, іребдел тұлғасына мауыты шапан жараса қалыпты. Денесі етженділеу, іркілдектеу келгенімен, ат үстінде бойын қақкан қазықтай тік үстайды екен.

Қырықтың ішіне мол кірген Шағалаққа өлдеқашан іркілдек қозы-қарын пайда болған. Ауылдың байы Қабытай болса, тіпті мес құрсақ. Алғашқы жүздескенде құданың бітіміне көз жүтірткен Доғалақ: «Бұл иті жақсылар кіл бордақы азбандай қонды келеді екен-ау! Жатыпшер тірліктің белгісі дағы. Шөптің басын сындырмаған соң, субені май баса береді де. Тоғыз айлық бала көтерген күмәнді қатындаш шерміген қарынды келеді екен» деп қорытынды да шығарып қойған.

Әйтсе де, мол денелі болғанымен, атусті жүріске төзімді еді Шағалақ. Әншейін бір шонжар емес, би атағы бар ғой. Сондық, дау-шарға, жиын-топырға жиі-жиі арапасуға мәжбүр. Ел іші тар-тыссыз болған ба? Кейде апталап, айлап үй көрмей атусті жүру қажет. Сейткен ұзак жүрістерге берік болатын Шағалақ мырза. Қажет кезде боз ала таңнан атқа қонып, ымырт үйрілгенше текіректете беруге әзір. Тек күліктің белі талмаса болды. Ондайда өзін де аямайды. Қайсыбір бос белбеу, майтабан байлардай бап-

танаң, терлеп-тепшіп шай сораптап, кекірік аздыра қымыз сіміріп малшынып та жүрген күні жоқ. Доғалақ өз өрсі бойынша топшылағандай, жатыпшер бордақы да болған емес. Шонжар, дұмді болу оңай ма? Құдай-екең жарылқайын десе қын емес-ау! Әйтсе де біреудікін біреуге үlestіріп беретіні мәлім. Жұрттың бәрін жаппай разы қылған заманы жоқ-ау Жаппар иенін. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған ондай дәуірге жету қайда!.. Сол себептен, бұл фәниде мұратқа жетем десең, алдымен қырыс мінезін болуы шарт. Көңілшек, бостау болсан, ұлы дүбір аламан бәйгеде шаң қауып қалдым дей бер... Осы қагиданы Шағалақ мырза қалша кезінен-ақ жетеге әбден сіңірген болатын.

Есейіп, оң-солын тани келе және бір ақиқатқа көзі жеткен. Онысы – пенде біткеннің бұл фәнидегі мақсат-мұддесінің мәні. Жұрттың қам-қарекетін сырттан сынни қозбен бақылап, салқын ақылмен сарапқа салып көрсе, пенде біткеннің негізгі үш-ақ мақсаты бар сияқты. Әуелгісі – қарын тойғызу. Екіншісі – ұрық шашып, үрпақ қалдыру. Соңғысы – айналандагы жамағатқа үстемдік жүргізу... Қай заманда болсын, адамзат баласы осы үшеуіне тәуелді. Қоғамға маза бермей, адамзат қауымын қазандай қайнатқан да осы үш мақсат.

Карның ток болсын десең, мал-дұнние жина. Ұрпақ санын көбейтемін десең, қос-қостан қатын ал. Елді билеймін десең, шеншекпен, лауазымға қол жеткіз. Өмірдің заны да, ақиқаты да осы-ақ.

Мұрат айқын болған соң, саналы азамат жетем деп ұмтылмай ма? Жанды қарға болып жаратылған соң қам-қарекетке басасың да... Нысанага алған бірінші мақсат оңай жеткізіп еді. Ата дәuletі бар ғой, Құдайға шүкір. Не ішем, не кием деген уайымы болған емес. Үшінші нысанана – өз қатарынан шоқтығынды асырып, маңайына үстемдік жүргізу дегенте де қол жеткізді осы күнде. Бұнысына Тәңірі сыйлаған табанды мінез, айлалы ақыл бірден-бір жәрдемдескені белгілі ғой. Қалшадайынан-ақ қайсар мінез танытып еді. Есейе келе мінез шындалып, қырыстығы арта түскен. Қадалған жерде қолы, тістеген жерде тісі қалып, діттегеніне жетпей тынбайтын.

Ауқатты әулеттің, іргелі елдің тұмасы ғой. Соңынан ерген қара па нор ағайыны да баршылық. Тек сол бұқараны тас түйін жұмылдырып оң іске бастай білсең, алынбайтын қамал болмас...

Ондаң үйымдастырушылық қабілет Шағалактың бойынан молынан табылды да. Біреуді алдап-сулап, біреуді айбарымен ықтырып, ақсақалдардың аузын майлап дегендей, әйтеуір не керек, елді аузына қаратып алтып еді. Осы күнде қалың Керейге ықпалы жүріп-ақ тұр. Атқамінер атаулыға да, бай-манап біткенге де айдынын еріксіз мойындаған... Қара тобыр болсын, ел қаймағы жақсылар болсын, қорыққандығана сыйлар. Бұл шындыққа да ертерек көз жеткізіп еді Шағалак. Көз жеткізген соң жете қинады. Милал көрсе, ел тізгінің ұстайтын кіл иті жақсылар еken. Бұл серкелер болса, үкіметтің ұлығына арқа сүйеді. Демек, билік тізгіні түптең келгенде қала ұлығының шенгелінде еken. Ол ұлықтың да аузы барына көзі ерте күннен-ақ жеткен. Ауыз болғанда қандай! Қас қатепті қара нар, тоғанактап жүк артқан жардай атан, еш кідіріссіз емін-еркін жұтылып кете барап аран дерсің. Сол қомағай ұлықтардың тұкті ауыздарын парамен тығындаап, әбден әмпей-жәмпей болып алған жайы бар... Қазақ ішінде алда-жалда бәзбіреулер сыңар езуlep, ырыққа көнбей бара жатса, урядникті әкеle қояды. Бесатарын кезеп, қылышын жалаңдатып казак-орыстың ондығы сау ете қалса, жым болмайтын ел тентегі бар ма? «Бір мылтықтың аузына мың кісі сыйған» демекші, сойылын шошаңдатқан жалба тымақтар тәртіпті әскерге төтеп беруші ме еді?

Айтып-айтпай не керек, ауыр дәulet, биік мансапқа ие болған жайы бар, Құдайға шукір. Аға сұлтандық жойылып, «болыс» деген лауазым шығып еді, онысына оп-онай қол жеткізді. Сойол соғарынның шоғыры мол болса, шар салған партияда ұту деген қыын болып па? Елу басылар кіл өз тараптастары ғой... Бұл жеңіндеге тағдыр-талайына деген еш өкпе-сақласы жок-ау. Жеткізбей тұрғаны ұрпақ мәселесі еді. Мәселе болғанда қандай! Өзге бар иғілікті үйіп-төгіп берген Құдай-екен, ұрпақтан қаққаны бар емес пе? Кемшін тұс осы болып тұр-ау. Бұл фениден перзент сүймей өтуге тұра келгенін қайтерсің? Өз кіндігінен өрбіген бала жок.

Әу баста кінә әйелден болды ма деп, қос-қостан қатын да алған. Ата дәuletін аясын ба, малды тоғытып жіберіп, мөлдіреген небір ақша майдайдың бал қызығын көріп еді заманында. Қас қылғандай-ақ бірде-біреуі құрсақ көтермей-ақ қойғаны. Перзент суюден әбден түнгіліп, ұйқысыз түндерде санасы сан-саққа белін-

гені не сан. «Бұ Құдайға жазығым не?» деп киналып жауап іздер еді. «Әлде өзінен жапа шеккен қыз-қырқынның обалы жібермеді ме екен?» деп қарақан басын жазғырганы да бар... Шынтуайтқа келсе, құнәсі жоқ емес-ау. Жоқ емес дегені әншнейін сырпайы сөз той, шаш-етектен десе де артық кетпес еді.

Ауқатты атанаң өкілі қоңсы-қолаңшыға зорлығын көрсетпей тұрған ба? Шағалактың өз басы да зорлық-зомбылықтан сау емес. Жуан аталары салып кеткен таптаурын жолдан ауытқи қоймап еді. Бұнысы – он үш жасынан бастап, байға кіріптар көрші-қолаңың қыз-келіншегіне қол салу... Тал бойы ертерек жетіліп еді. Нағашысына тартып туған тұрпаты ірі болатын. Он үш-он төртте бойы сорайып өсіп, жөпшенді жігіт-желенмен теңесіп те қалған. Кескіннен де кенде емес-тін. Айыбы шашы жирен демесен, өнді қызыл шырайлы, қыр мұрын, жазық маңдай, келбетті жеткіншек еді.

Он үшке жетер-жетпесте нәпсі сайтанының оянбасы бар ма? Бексері бұлтындаған ұрғашыға көзін сата беретінді шығарды. Бай баласының маңайына алуан түрлі жағымпаздар үйірілетіні бар әдетте. Тұлкі мұрт, шұбар бет, ойнақшыған көзді сондай сымпыстың біреуі, екі кештің арасында құлағына сыйыр төндіргені. – Мырза бала, осында беті жылтыр бір жас қатын бар. Бай-батшалармен айналыс қылғанды дәреже көреді өзінше. Қортық күйеуін менсінген емес. Қаласаң, араларыңа дәнекер болайын, – деп бастап, бірталай сөзді көйтікен.

Айтқандай-ақ, көп ұзамай, атальыш жас қатынның қойнынан бір-ақ шықты жеткіншек Шағалақ. Өзі де кедейдің қызы болғанымен, иіс алмас, таз күйеуін қорашынатын болып шықты. Сақып атты сол сайқал қатын, бала Шағалақты жыныстық қатынасқа ауыздандырыған болатын. Бар сұмдыққа көзін ашып, қыз-қырқынға шүйлеп те салған. Бай баласының айдынына жығылғаны ма, әлде нәуєтек бойжеткендерді қызғанған түрі ме, әйтеуір көңілдес бозбасына дем берумен әлек еді. Он алты, он жетіге шыққан Шағалақ ұзын бойлы, қарулы болып өскен. Сонысын арқау еткен Сақып:

– Анау кисық ауыз Ескеннің қызы бар емес пе? Қос анары томпайып пісіп қалыпты. Осы жаз ұзатылмақ деп естідім. Баратын жері де жарымаған біреулер. Байы әрі бүкір, әрі кексе болса

керек. Оған бұл қыздың қара басы да аздық етпес. Асыл қазынасын жаманға татырамыз ба? Қызығын өзің көріп қал, мырза жігіт. Намаздігер – намазшам арасында сонау сайға ертіп апарармын. Сол жерде қапы қалма. Бөденені жұмарлаған қыргидай бас салып умаждай бер... Ши шығарып жатса, тілін тауып, өзім-ақ жайғастырармын. Еңбегімді ұмытпассың, мырзам. Бір мәре көйлек кигізерсің, не қылса да, – деп аярлана қылымсығаны.

Не керек, Сақыптың женгетайлығымен талай мәрте күнәға белшесінен онбай батқан. Он екіде бір ғұлі ашылмаған қыздарды қара күшпен кәдуілгідей зорлапты. Құл-құтан, кірмелер тендік іздел кімге шағынсын? Мазақ көрген балалары жылап-сықтап қала береді де, мекерлігіне наиза бойламас Сақыш бір жаңа көйлек иемденіп, иығы жылтырап шыға келеді. Әбден журіс алып жаман үйренген Шағалақ болса, үйленген соң да сұйық жүрісін тыйған жок. Нәспі деген сайтан бір иықтап алған соң, бой бере қоя ма? Ел аралап сапар шексе-ақ, жаман көзі өні жылтыр қыз-келіншектерді іздейді де жүреді.

Алайда, Құдай-екеңнің де көзі бар шығар. Бір қолымен жарылқаса, бір қолымен маңдайдан шертіп те қояды. «Тәнірінді ұмытпа!» деп ескерткендей... «Момынның сілесі қатты болады» деген сөз бар емес пе? Сол жәбір көрген момындардың қарғыстары Шағалақты да жібермеген болар. Басын тауға да тасқа да сокқанымен, перзент көре алмады. Жұрттың аузына қакпақ сала алсын ба? Көзіне айтпағанымен, сыртынан «кубас» деп айдар тағып та қойған.

Кисса-жырлардан хабары бар ғой Шағалақтың. Көнеден мирас болып қалған сол әдебиетте перзент тілеген бай-манаптар бар мал-мұлқін тәрк етіп, жаяу-жалпылаған қалпы әулие-әнбиселерді кезіп кетеді еken. Бай түтілі, ел билеген патшалар да тағынан бедзі-мыс. Перзенттің қайғы-зары қай заманда да оңай болған ба?!

Бірақ көне дәүірде ғұмыр кешкен жақсылардың жанкештілігіне бара алмады Шағалақ. Ондай мәрттік әркімнің қолынан келе бермесі бесенеден белгілі. Тоқ тірлікті, тегеріші манаттан боз орданы, шұрқыраған үйір-үйір айтүйкіты қызып тастау деген оңай емес-ау. Айтуғағана жеңіл. Оның үстіне халайықтың қошемет-қолпашы да бар. Шоңжар Шағалақтың алдында былайғы көпшілік қоғадай жапырылар. Момын шаруалар тұрмак, рубасы атқа-

мінерлер оң қабак пен жылы сөзіне зәру... Ал енді малынан айрылып, дәулеттен bezіп көрші. Жат түгілі, жатырлас ағайының керек қылар ма еken? Осы жәйтті сарапқа салған Шағалақ, бұрынғылар сілтеген төтен құмылдан бас тартты, әрине.

Сөйтіп жүргенде, ауылға Ережеп диуана келе қалмасын ба. Қанғалақтап жүрген кезбе неме Қарауылдан сонау Бағаналыға сапар тартып барады еken. Қолында сылдырмақты асатаяқ, басында шошак күле, бәз-баяғы жаяулаған қалпы. Жаяу болғанда аяғында тым құрығанда көn шокай болсайшы. Қара жолдың шаңын бұрқыратып жалаңақ сызып барады сабазын.

Ережепті бұрын менсінбеуші еді. Менсінбек былай тұрсын, көзге ілді ме еken? Диуана да көбінесе ақ үйлерге жоламай, ауыл шетіндегі құрым киіз лашықтарды жағалайтын. «Ел көсемі» деп іздеп келіп сәлем де берген емес. Шағалақ онысына еш мән бермей: «Қаңбақ құрлы салмағы жоқ қайдағы бір қанғыбас еken. Мандай соры бес елі байғұстың кесірі жұғар» деген құдікпен диуананың жолығуын қаламас та еді.

Бірақ, бала қайғысы әбден мендеткен соң, лажы құрып, Ережептің пікірін іздей бастаған. Бұған бір себеп – өз айналасында шындықты былш еткізіп бетке айттар жан жоқ. Біреулер ішіне құлық сақтаса, енді біреулер шыбындаған жылқыдай басын шұлғып отырғаны. Бұл жампаңдарға тіпті дауа да жоқ. Ләппай тақсырлап көлгір сөзді көйтеді-ай келіп.

Осы Ережепті ігі жақсы атаулының дені пәлендей жақтыра қоймайтын. Бұған негізгі себеп – жампаңы жоқ мінезі. «Сұниген сүдініне қарамай қошемет сөз дегенді білмейді, жарымаған неме. Шамына тисен, бет-беделге қарамай, жұрт көзінше мін тағудан да тайынбас. Оның үстіне садақа да алмайды. Берген садақаны пышақ үстінен жоқ-жітікке үлестіріп жүр. Мойыны ыргайдай, биті торғайдай сорлы күйімен сонша арлы болар ма? Кедейдің кербезінен сақта дегениң кебі дағы» деген қауесеттің желин құлағы талай шалған.

«Бұл кезбені сынаіынышы бір. Перзент жөнінде не кенес айттар еken? Молдалардан қайран жоқ еken, болсын-болмасын. «Құдай бүйріғы, басқа салған соң көну керек» дегеннен өзге сөз шығарар емес. Жер жүқартып көп жүрген көрінеді бұл пақырың. Соны бір пікір табар бәлкім» деген оймен диуананы шақыртқан.

Ережеп еш бұлданбастаң-ақ асасын сылдырлатып жегін келсін. Имену дегеннен нышан да жоқ. Сәлем берудің орнына: «Ня, хақ!» деп санқ ете, асатаяғын жерге тарс еткізе бір қадап қойып, «құлағым өзінде, мырза-еке. Біздей мазлұмды іздей қоймаушы едің, бір әжетім болған шыгар не қылса да» деп сыйсия қарап көзін құлімдектені. «Бар сырың алақанымда!» деп әжүа қылғандай. Сүрепті маңғаз. Шұнірек көздерінде өжет те өткір жылт бар. Құдайдың көгін тіреп тұрган бір өзі болар ма?!

Күлтек қылыққа, мұләйімсіген көзқарасқа үйреніп қалған Шағалақ, бастапқыда абдырап та қалған. Сонысын жасырмақ болып, дауысын қатайта, жүзін сұыта:

– Осы сені «бай әулеттің баласы» деседі. Соңда үйден, ағайыннан безгенің не? Тапкан олжан қайсы? Шоқпыт киім, аш бөрідей күнелткен жарты құрсақ тірлігіннің түрі мынау. Диуана дегенің қайыршы емес пе? Бақуатты тұрмысты қайыршының дорбасына айырбастағаныңа жол болсын, – деп төтесінен қойып қалды.

Әдейі шамына тие, шабын тұрткендей сөз шығарған... Алайда, тосын да қитұрқы сауалға қорына қойған Ережеп жоқ. Айылын да жимастан:

– Е-е, мырзам, бас жаққа барыспасақ қайтеді? Бұл сұрағына жауабым әзір дағы. Бірак, сен тыңдауға әзір емес көрінесін. Құлақ түргенмен ұға алмассың. Кекірегің ласқа толы. Алдымен көкірекінді аршып ал. Насихатымды содан соң естірсің. Сөздің тазасы көкіректің тазалығын қажет етсе керек-ті, – деп аузы-мұрны қисаймастан былш еткізбесі бар ма?

Сөзі түйеден түскендей. Бұл сынды тік уәжді бүрүн-соңды естімеп еді Шағалақ. Ә дегенде ашу буып, өңіне қан теуіп шыкқанын сезе де қалған. Әйтсе де Ережептің ашықтығы, тура мінезі ұнай бастады. Көлденен сөзді ысырып тастанап, ойындағысына ойыса берген.

– Барыспасақ барыспайық, қаландар-еке. Әркім өз тағдырының егесі шығар. Біреуге жөн сілтеуден аулақпын, – деп бастап, көкейіндегісін жайып салды. – Қатындарымның пүшпағы қанамай қойғаны. Шет жағасын есіткен де шығарсың. Тәніріме не жазғанымды білмей далмын. Оймақтай аузым мен он қолым таза деп әулиесінгеннен аулақпын. Момынға қиянат қылғаным рас. Әйтсе де соншалық кешпестей қылмысым жоқ еді. Етегіне намаз

окып жүрген ерек бар ма осы күнде?.. Жасаған иемнің не себептән кәрін тәккенін білсем, бұйырмасын. Ұзын сөздің қыскасы – бала көрмей өтіп барамын. Ертең баз кешкенде артымнан бата оқыр түяқ та жоқ. Бұғ фәниден көзім ашық кеткенім бе? Жаратқанның осы кәрін қайтіп қайтарсам екен? Ақылыңа қондым, пақыр еке! – деп тоқыраған.

Диуана аз-кем ойланып отырып: «Игі жақсыларға жөн сілтейтіндей мен қайбір абыз едім? Жұмыр-басты күнәкар пенделердің мен де бірі ғанамын, – дей келіп, миығындағы кекесіннің ізін жасыра қойды да, – бала бермесе, Жаппар иенің жіберген сыны да. Налығаннан не өнер дейсін? Тірліктің тақбезесін көрмей өту қайда?» деп бір қайырып, және кідіріп қалды. «Осы пікіріме алып-косарың бар ма?» дегендей Шағалаққа зер сала бір қарады да, сұхбаттасы үндей қоймаған соң, кеңесін желілей берді.

– Өз басым бұндан кепке кез келсем, шүқайттай да қынжылmas едім. Дәuletің барышылық кой, Құдайға шукір. Талай міскінді жарылқайтын қауқарың да бар. Олай болса, тым құрығанда бір жетімді асырап, бақытты қылмайсың ба? Мұқтаж қедектер аз бол па ел ішінде? «Әр мұсылман баласы – бір-біріне бауыр» деген шарғыда. Сондық, жоқ-жітікке қарайласу ауқаттыларға парыз қашанда. «Мынды айдаған бірді ғана мінеді» деген атаң қазақ. О дуниеге әкетеріміз алты қарыс бөз ғана.

Тұрмысы жүдеу ағайынның сәбійін бауырға басып, киімді бала қылып асыра. Анау Шәмел туысқаның отырған жоқ па он шакты боқташагын шұбыртып. Өзіңе бөтендігі жоқ сүйек жақының. Соның бір кішкентайын неге алмасқа? Шын пейілінмен сүйсен, жақсылықты неге қайтармасын? Туғаннан кем болмас. Тіпті қайтармаған күнде де, Құдай алдындағы бір міндеттін құтыларсың.

«Жақсылық қыл да, суға таста. Балық білмесе, халық білер» деген нақыл бар емес пе? Сөз осы-ақ, мырзам, – деп түйді де, кебенегінің етегін қағып жіберіп, жөніне жүріп кеткен.

Қысыр кеңеспен малтасын езген жоқ, тіпті дәм ауыз тиместен кете барған. Шағалақ бір нөкеріне кездеме ұстасып:

– Анау диуанаға апарып бер. Жаңа көйлек тіккізіп, иінің бір жылтыратсын, – деп жіберіп еді, әлті жандайшап көп бөгелмestен қайтып келгені.

«Кекір екен ғой сабазың. Өле алмай жүріп арлысын қарай гөр! «Қаріп-қассерлерге үлестірсін мырзан» деп былшылдаиды өзінше, түріне қарамай. Әттең, Құдай адамы байғұс кісі. Басқа біреу болса, жонынаң таспа тілер едім бәлем!» – деп қамшысын білемдей кіжініп келген.

Ережептің сол күнгі кеңесі түрткі болып, бір ұл асырап алды Шағалақ. Диуана еске салған тұрмысы жұқалаша Шәмел атты бір ағайыны болатын. Соның тымпиған қаражон қатыны жыл аралата етегінен бала қоздатар еді. Ұлы-қызы аралас, жиыны он шақты боқташағы бар. Сол Шәмелге:

– Бір кішіретін маған қи! – деп қолқа салады.

Сөзге келмestен келісе кеткен туысқаны шүпірлеген жалаң бұттарына:

– Эй, жүгірмектер, ағатайыңың қолына қайсың барасың? – деп сауал тастайды.

Өзгелері аңырып, мұрындарын шұқып түрғанда, бадырақ көз, ши бұт біреуі:

– Мен барам! – деп айғай салғаны.

Ныспысы Серік екен. Үн шығарысымен-ақ асыға-үсіге құмбыл қымылдалап, боқжамасына көйлек-көншегін де тыққыштай бастады әлгі жүгірмек. Өзінше көшуге ынғайланған түрі ғой. Көп баланың ішінде өсу деген оңай болып па? Ашты-тоқты қарбалас тірлік мінезін ширатса да керек. Бай үйдің артықшылығын салған жерден пайымдай қалады сұңғыла бала... Жас мөлшері бес-алтындағы ұлдың жалаңағы қалың күс. Борансоз дамбалы жамаудан көрінбейді. Көзі жаутандап Шағалаққа қарай берді.

– Барам десең, кеттік! «Киімді бала тауып әкелдім» деп үйдегі апаңды қуантайын, – деген сөзben мойыны қылдырыктай ұлды жетектеп әкеткен.

Сонынан сөз бықсытипасын деп, Шәмелді де қарық қылды. Сауын, сойыс беріп, қарайласып тұруды міндетіне алған. Бір жағы бөтен сөз шыққасын деген есеп болса, бір жағы диуананын насиҳаты бар ғой. – Пәлен мұқтажды қарық қылар қауметін бар екен, қарап тұрсам. Әйтсө де, көпті жарылқа деген тәлімсүден аулақпын. Ол жағын азаматтық арыңа тапсырдым. Ал енді бір көдекті бағып-қағу деген Құдай алдында парызың, – деп тандайын тақылдатқанын қайтіп естен шығарсын?

«Киімді бала» деп үйге енгізген Серігі үмітті ақтады десе де әбден сиғандай. Өнеге-тәлім көріп өсіп жетілген жас емес пе? Құрық әкетер жөні де жоқ. Шағалақты туған әкесіндей көреді осы күнде. Бұдан артық не сый керек? Оқуында да мін жоқ. Баланың тілін сындырмаққа Бұқара шәріpte дәріс алған қалпені әдейі жалдап алып келіп еді. Ол молдекең он екі пәнді тәмам қылған хатым кардан екен. Серіктің арқасында дүйім ауылдың бала-шағасы да қалпdeden жазу-сызу, әліп-әбжад үйренген болатын.

Нәрлі тағам, бапты күтім он әсер етпей қойсын ба? Осы күнде он алтыға шыққан бозбастың сипаты шора ұлына пара-пар дегізгендей. Мінезі де сынық. «Шонжардың ұлымын» деп тінәмдай кергу болсайшы. Қайта, онысынан үялышқырап жүреді. Жатырлас бауырларымен де мейлінше тату. Титтей мүмкіндік тұа қалса-ақ, жәрдем беруге құлшынып жүргені. Өзімен тетелес Берікке көйлегін шешіп берген күні де болған. Ер бала алыспай-жұлыспай жүрген бе?.. Кішірек кезінде ауыл сыртындағы қөгалда бала біткен құрес салады. Құрес үстінде ет қызыса, кім-кешек те жыртылмай қоймайды, әрине. Ондайда өз көйлегін аға-інілеріне кигізіп кетеді Серік. Ол үшін бәйбі sheden талай мәрте сөгіс те естіген. Өтей шеше еркелікті көтерсін бе!?

– Эй, қағынды, шыт жаңа көйлегінді бергеніңе жол болсын! Үпір-шүпір көп кедейді қарық қылам дейсің бе әлде? Қарай гөр бұның бауырмалсып шүлесігендін! – деп ызындаі берер еді.

Құңқіл шығарғанымен, одан әріге бара қоймайтын. Отағасының асыранды ұлға деген пейілін біледі ғой. Серік бауырларына нендей жәрдем көрсетсе де, көтере берер еді Шағалақ. Жекімек тұрмақ, қабақ та шытқан емес. Бәйбішенің тықақтауы шегінен асып бара жатса:

– Қолын қақпа баланың. Кіндікtes бауырларына қарайласпай жүрсін бе? Жақынға жаны ашыса, адамгершілігі де. Ертең қартайғанда осы баланың жылы қабагына зәру болармыз ба әлі, кім біліпті? «Батырдың ісі балаға тусер» демекші, – деп Серікке араша түсетін.

Бұл балаға қыз айттырғанның да өз тарихы бар. «Сай сайға, бай байға құяды» демекші, әлді жерден қалындық сұрастыра бастағанда, бір ақылшысы:

– Шайкөз Үақтағы Қабытайды бойжеткен балалары бар көрінеді. Піскен әңгелектей сүйкімді болса керек деседі барып келгендер. Аталы, әлді жер ғой, көріп келейін макұл десеніз, – деп ұсыныс қылған.

Шагалақ әрі ойлап, бері ойлап келін таңдауды ешкімге сенбей, өзі аттанды. Жолаушылап жүрген болып Қабытайдікіне қонады. Әлді, жуан әулеттің төлі демесе, қос қызының әкетіп бара жатқан ажары да, өнері де жоқ екен. Қонған түнде шілдехана болып, жастар алтыбақан құрады. Төсек салардың алдында бой жазуға далаға шыққан Шағалақтың құлағына ән сарыны жетеді. Өзен жақтағы думаннан жеткен қыздың лебізі. Талып жетсе де сұлтулығымен тәнті қылады әлгі әуез. Әрі нақысты, әрі тас бұлактың сыңғырындағы құлаққа жағымды. Тындаған сайын баурап бойды балқытып барады.

Қасындағы ел адамынан:

– Бұ қайсы ән салған? – деп сұраса, – осында Доғалақ дегенің қызы ғой. Хакима деген ақын қыз. Қайымдасатын өнері де бар. Оның үстіне ажарлы да. Ай десе аузы, күн десе көзі бар. Құдай жарылқайын десе қын ба? Әттең, әкесінің қолы қысқа. Байдың баласы болса, бұ бойжеткенге хордың қызы тең келмес еді, – деп әлгі кісі мақтауын асыра берді.

Бұл сөз де, есіткен әннің әсері де бәлкім ұмыт болып қала берер ме еді, қайтер еді. Қөнілшектігі жоқ қой. Ертеңгісін-ақ түндеғі әсерді біратола ұмытып та үлгерген. Енді аттанайын дегенде, бір топ сәулімге көзі түспесі бар ма? Өзен жақтан сынқылдай құлісіп шұбатыла келе жатыр. Орта тұстағы сұнғақ бойлысы салған жерден көзге оттай басылды да кетті. Қоңыр қаздың ішіндегі ақкудың көгілдірі дерсің. Қызыл шырайлы қияпатында мін болсайшы. Тал бойы сымға тартқандай... Эйтсе де, кісі назарын алдымен аударатын нәркес көздері. Бір аударып алып, магниттей тартып жібермейтінің қайтерсің? Ақыл-ес те, еркелік пен наз да тоғыса қалғандай қарақат жанарында. Сонымен қатар тәқаппарлық та аңғарылады. «Бұ бойжеткен кара басының қадірін білетін болар!» дегізгендей-ақ. Жүрісі де паң. Екі аяғын бір басуға ерінгендей-ақ, наздана адымдайды. Жұмыр жерді құдды бір жалғыз өзі жарылқап жүр дерсің. Сыңғыр еткен күлкісі, сыйыла басқан қа-

дамы, көзін күлімдеге төңкергені, бәрі-бәрі әсем. «Бір тайна елдің сәні» дегізгендей.

Шағалақ ұргашы затына катаң болатын. Жүрегі селт етпегелі қашан. Небір әрлісі де, порымдысы да қолынан өтпеді дейсін. Токалдары әрі жас, әрі бауырынан жараған бедеудей нәпсі сайтанның қоздыратын нағыздың өздері.

Сейте тұра, мына көрінген бойжеткеннен назарын әкете алмады. «Ұргашы затының бағлан кері екен не қылса да. Дидарында бір тартымдылық бар ма, қалай өзі? Наз да, нәзіктік де бір бойында тоқайласқандай. Ару деп осыны айт әнекей!» деп түйіп, қасындағылардан «анау науша бойлы бала кімдікі екен?» деп қалай сұрап қалғанын өзі де анғармай қалған.

— Дағалақтың қызы осы. Бұл елдегі жас-желең атаулының мандаіалды өнерпазы. Тұндегі ән иесі Хакима ғой, — деп жәйді ұғындырды ауыл адамдары.

Әйтеуір не керек, тәу көргеннен-ак ұннаның осы баланы Шағалақ. Ұннаның да өз әүлетінде көргісі келді. Еркектің аты еркек қой. Сақал-мұртқа ак тін араласа бастаса да, нәпсі деген сайтаннаның үні өше қоюы неғайбыл. Еркіне салса, өзіне кішілікке де алар ма еді бұл баланы Шағалақ. Қайраты қайта қойған жоқ қой. Ол түтілі, сексенге келіп төсек жаңғыртқан шалдар не сан. Байлық шіркін құтыртпай қойған ба? Қыздың құны бес байтал болған заман, дәүлеттінің қолына құрық ұстараткан түрі анау. Ерігіп кетсе, жаңа піскен бір бойжеткенге бұғалықты тастан кеп жібереді. Әйел заты ауқаттылардың ермегі мәнзелдес.

«Бай қызының түрі анау ма? Қабытайдың кіндігінен өрбіді демесен, не өң, не өнер жоқ. Мықты құдаға соншалық зәру емен. Өзім де осал емеспін, Құдайға шүкір. Тұлымшағын төгілдіріп, айнадай көзін жарқыратып осы Хакиманы әперейін Серігіме. Көз қуантып жүрсін біздің ауылда. «Шағалақ асыранды ұлына хор қызындаі аруды әперіпті» деген лақаптың өзі қайда жатыр. Әні құлақ құрышын қандырса, тілінен бал тамған ақын болса, одан артық не керек?!» деген байлауға тоқырады да, сенімді нөкері Сәдуақасқа ын қақты. Ол да жаман көзімен Хакиманы аңдып тұр екен.

– Эй, Сәткө, терен көлдің сұқсырын көзің шалды ма? Сол бір күсты біздің айдынға қондыру керек, – деуі мұң еді, жалпак бетті бітік көз нөкері жулып алғандай іlez жауаптасты:

– Ләппай, тақсыр, сөз ауанын үқпастай не көрініпті? Піскен түйнекті алтын кездікке тілдіреміз де, – деп езу тартты.

Ымды түсінетін жырындының нағыз өзі еді бұл Сәдуақас. «Кү жақтан қуырдақтық ет алатын жылпос» деп бекер атанбас болар. Шағалақтың оң тізесінен орын алған сенімдісі ғой. Мырзасы әмір етсе, өлуге бар. Сілтеген шокпар да өзі, елшілікке жүрер мәмлекер де өзі... Сол Сәдуақас іске белсene кіріспіл, іlez тындырыды. Момын Догалактың қарсы тұрар әddісі жоқ қой. Әу бетте сөзбүйдаға салып қашқақтап та көрген. «Уәде қылған бесік құдам бар еді, қалыңмалдың алдын әлдеқашан сіңіріп те қойғам» деп өзінше бұлталақтағаны бар. Бұл жауабын алып келген Сәдуақасқа:

– Тантымасын жаман неме! «Иттің басын алтын табаққа салсаң шоршып түсер» демекші, келген бақты тебейін дегені ме? Сөз байласқан құдасы кім еді сонша, менімен бой теңестіретін? Берген малын тышқақ лағына дейін қайтарамыз. Догалакқа берген қалыңдан ұстап қалмаймыз ба соңыра? Тотыны қолға қондырып алайық та алдымен. Берген малды ебін тауып қайтармаймыз ба? Мал қайтарудың жолы көп қой. Осылан да миың жетпеді ме, сұрқылтайым? – деп нөкеріне мыскылдай қараған болатын.

Қанша аяр болғанымен, кей құлық-сұмдыққа Сәдуақастың да ақылы жете бермейді. Әріден ойлайтын терендігі жоқ. Әріден ойламай, сырды түптен тартпай іс оңған ба? Әмір деген дода екени ежелден мәлім. Бұл додада әріден болжап, жоспар құратын айлалылар ғана үстем түспек. Сондай жоспар ғой Шағалақты дәл бүгін құданың ауылына жетелеп экелген.

Жырда бір соны хабардың желін құлағы шалған болатын. Догалақтікіне кезекті бір мәрте қатынап келген Сәдуақас:

– Қабытай қызын ұзатпақ екен. Құдасы Қалдаман руының Әбсамат байы көрінеді, – деп бастап, тышқан көзін сыйсита түсіп, ысылдаған сыбырға көшті. Құлық-сұмдық ойлайтындағы дағдысы ғой.

– Осы жерде бір гәп бар, мырзам. Қызды әкететін топта Қалдаманның серісімақтары бар екен деген қауесет жетті. Оның ішінде әлгі көксөкқан Үбірай бар ғой. Әнші Үбірайды айтам

да. Ол саппас өні жылтыр шүйкебас атаулыға өш келуші еді. Талайын ән шығарып, естерінен тандырса да керек, – деп бір қайырды да, сөзімді біреу естіп қоймасын дегендей, жан-жағына алақтап қарап қойып, құлаққа төне тусты.

– Сақ болу керек, мырзам! Біздің көгілдірімізге сұғы түсіп жүрмегей. Азғырып жіберуі ғажап емес. Тілге самар тақтақ емес пе? Өлең шығарып, қыздың кеүілін балқытып жібермесе не қылсын? – деп сенімді нөкөрі ойындағысын дәттеп берген болатын.

Бұл хабардан секем алайын деді Шағалақ. Қалдаманның әүейі серісімактарынан қаупі жоқ еді. Өңеш созып, ку қарагайды сабалай беретін салдаман әншілердің салмағы қаңбақ құрлы бар ма екен? «Ұялмаған әнші болады» демекші, әулекі бозбастар аз боп па ел ішінде? Келгенімен не қиратар дейсін... Ыбырайдың болса, жөні басқа. Есімін естіген сәтте-ак секем алып қалғаны тегін емес-ау. Өзі ақын, өзі әнші сал Ыбырай жастан шыққан пері екенин біледі. Кәдуілгі Ақан серінің ізбасары болып атанып та жүр. Атакты Ақжігітті өзіне ұстаз тұтып жүргендер аз емес-ау. Ишінде бұлбұл әншілері де баршылық. Алайда Ақан серінің өзі «ізбасарым» деп айдар таққандар саусақпен санағынан шокпардай қылыш үкі тағып жүрсе, оның үстіне қолынан домбыра, аузынан ән кетпесе, жалпақ ел төбесіне көтермегенде не қалды?

Әні өз алдына ғой. Құміс көмей әнші ғана болса, уайым қылмас еді Шағалақ. Бұл жігіттің қиғыр қыльштай орып түсер тілін айтсаншы! Әншейін сөзуар болса бірсәрі. Өндірдей жас болса да қайым айтысқа төселіп алыпты. Бұл өнері иғі жақсыларға қолайсыздау да болып тұр. Себебі, жігіт тым еркін, біреудің айтқанымен жүре қояр тарпы жоқ. Шағалақ бір-екі жүздескенде, осы арда-қүрәң мінезінен іш тартайын деген. Ел қошеметінің буы ма, әлде ұядан көргені ме, туабітті мінезі ме, Құдайым білсін, әйтеуір бетті азamat екен. Әжеттігі әр қимылынан, әсіресе арындана, құйқылжыта домбыра тартқанынан, шоқтай қарып түсер көзқарасынан анғарылып-ак тұр. Анғарылып емес-ау, атой салып тұр десе де сыйғандай. Әйтеуір не керек, оттай лаулаған бір жан. Өзі-ізденіп соқтықпайтын көрінеді. Зәуі-сайтан соқтыққан біреу

шықса, ондай өжетке сұрыпта салып өлең жолдайды. Онысын оп-оңай шығарып, түйдек-түйдегімен жібергенін де көз көріп құлақ естіген.

Тәу көргенде тәнті болған Шағалақ Қарауылдың жақсыларынан:

– Бұ қайдан шыққан Сабалақ? Жақсылық Қарауылдың Ақан серісі тұрғанда, қай жүрекжүтқан өнерпаз атанбак? Жыға танымадық қой, кімнің баласы езі? – деп сыр суыртпакташ еді.

Айнала тұрған шоқша сақал, күрек сақал, сұңгі сақалдар жамырасып:

– Ойбой, мырза, естімел пе едің? Бұ Қарауыл дегенің жыншайтан ордасына айналғалы қашан! Салы да бізден, желбуаз сайқы мазағы да бізден шыққан соң несін сұрайсың?

Бұл бозбастың сүйегі Қарауыл ішінде Қалдаман. Экесі елеусіз бір ұста. Жалғыз атты жатақ. «Қарамұрын» атандып кеткен Сан-дыйбай деген бір момын кісі. «Жаманнан жақсы туса, теңі болмас» демекші, бұл бала жөргегінен қағынып туған. Сөз қай жерінен шыға беретінін Құдайым білсін, таңдайы тақылдал тұр әйтеуір. Және беталды көп сөйлемей, дәп сөйлейді сабазың. Оның үстінен шүйкебас атаулыға көнілшек. Әрлісін құр жібере қоймайды да. Сұлу десе, арқасы қозып кетеді. Не керек, Ақан серінің жолын қуар және бір көксөққан періге жарыдық! – деп білгендерін дәтеп берген.

Осы пікірді есте тұтқан Шағалақ, Ыбырайдың Қабытай ауылына келуінен қаупайлайын деді. Бұл жас перінің көзі Хакимаға түссе-ақ, көнілі тұтқындалды дей бер. Аргы жағы белгілі емес пе? Кеүілге шоқ түссе, асықтық от лау етпесіне кім кепіл? Шабыты шалқып тұрған неме екені шығарған әндерінен мәлім. Бәденді бойжеткендерді құтқармайтыны да шынға жанасады.

«Алтыбасар», «Қарақат көзді сым саусак» деген әндерді есіткен шөпжелкенің буыны босамағанда несі қалды? Келімді ұрғашы дегендер көбінесе көнілшек болатыны мәлім. Өзіне сұлу саз арнаса, ол саздың иесі бағлан туған көркем жігіт болса, тәмене-тектінің тал бойы балқып кетері бесенеден белгілі. Бой балқыса, кеүілге сайтан кірді дей бер. Әйел заты құлағынан семіреді гой. Конілін аулайын десен, жер-көкке сыйғызбай мақтауын асыра бер. Дидарын айға теңеп, «жолына жаным құрбан» деп аһ ұрсан,

шөпжелке біткеннің дені илана қалмақ... Жасы жер ортаға келген Шағалак бұл жәйтті кайтіп білмесін. Сондық, тұтанғалы келс жатқан өрттің алдын алмаққа бел байлаған.

Атқа қондырыған да осы құдік еді. Доғалақтай құдасын сағынып келе жатқан жоқ, әрине. Сағынғаны былай тұрсын, қақсоқпен ісі жоқ момын азаматты еш менсінген де емес. Бұл үйге аттың басын тіреткен Хакиманың ажары мен өнері ғана. Өйтпегенде қоңыр үзікті үйдің иелерін көзіне де ілмес еді...

Ауылға жақындай бергенде, ошак басындағы қатын-қалашты, көгендегі ісекті көзі шалып үнсіз ғана мырзам, сыйбағаң қой болғаны ма? Құлын мен тай жеген басыңың қадірі кетейін дегені ме әлде? Жарымғырмен құйрық-бауыр жескен өзіңен көр» деген оймен өз-өзін келемеж де қылған.

Құдасының нашарлығы ғой. Жөн-жобаны білмейтін жаманға кейідің не, кейімдің не? Жоқ болса, бірсәрі. Осының алдында ғана қалың малды шоғырымен айдатып жіберген жоқ па? Ішінде іріндей құр ат та, құрсағы құр жатпайтын тұтам емшек мама биелер де бар. Солардың бір төлін жұмсаса, несі кетті? Ертең-ақ есесін артығымен толтырмай ма әлді құдасы... Арғы жағында сана кемшін ғой. Арапасуға татитын жан емес мұлде Доғалағы түскір. Қатыны билеген еркекте бедел болған ба? Бөрік кигені болмаса, салмағы қаңбақ құрлы жоқ былжыраған борпос... Қысыр жыландај жылман қаққан анау катынында да шайнам ми болсайшы. Байғұс өзінше Шағалакқа арқа сүйеп, көсегесін көгертуек шығар. Әдемі қиялға мініп алып, әлдекашан түрлі жоспар да құрып қойған болар. Дәмесінің зорын! Тәтті аузының дәмін кетірмесін құдағиекен. Тапқан екен батпан құйрық оңай олжаны... Келінді туңіріп алайын алдымен. Тоты құсты торға туңіріп алған соң, бұл ауылды желкемнің шұқыры көрер ме екен!..

Ойы осы байлауга тоқыраған Шағалак, іс жүзінде мұлде басқарай танытты. Балпаң басып келе жатқан құдасына жылы ұшырай қарап, аттан түссе бере:

— Армысың, Дақа! Аман-есен бармысың? — деп шылбырды өз нөкеріне тастай салды да, «кел, құда-еке, құшаққа құшақ қосып, төс қағыстырайық» деген лебізбен қолтығын аша берді.

Құшак айқастырган құдалардың түр-сипаттарының айырмасы сырт көзге бірден анғарылады. Ұзын бойлы, сом денелі Шағалак-

тын киім киісі төре мен шораны еске түсіргендей. Биік өкше көк сауыр шонқайма етігінің пұлы бір тайлық. Торғын шапанының жағалай өнірі бет құндызы. Кісесінің күмісі қара зер. Қызыл шырайлы маңғаз қияптына сусар берік жараса қалған. Жүрістүркесі да «бір тайпа елдің марғасқасымын!» дегенді аңғартқандай. Шылбырды тастай салып еді, жылмаң қаққан атқосшы жігіті қағып алғып, жібек жал күрең арғымақты мама ағашқа қарай жеткеп әкетті.

Шағалақпен салыстырса, құданың порымы сонағүрлым қораш көрінді. Асылы Догалақ-екең киіміне мән бере қоймайтын. Атақты құда келерде де бар түзелгені – тазадан киген бешпет. Оның өзі тозыңқы докабадан. Күзен бөркінің түгі қырқылған, мәсінің үстінен кие салған кебісінің жұлығы да әбден қажалып қалыпты. Кеше кешкісін Үркія бұл жөнінде бірталай сөйлеген де болатын.

– Тұлқі тымағынды қисенші! Шыт жаңа тымағың бар емес пе? Саптамаңды да тіктіргеніңе екі-ақ жыл. Мыжырайған кебісіңмен шықпақсың ба құданың алдына? – деп намазшамға дейін құлағын сарсылтты-ай келіп.

Оңайлықпен көне қояр Догалақ па? – Тұһ, қатын, қақылдауың қалмайды-ау осы сенің. Шыжыған шілдеде тымақ кигенім қалып еді. Самайымнан тер шұмектеп жүре бер дегенің бе? Күзен бөркімді кисем, тақиясына тар келіп пе? Қызымды алмай кетер деймісің? Тұр-сипатымды жактырмаған қазақ маңайыма жоламай-ақ қойсын, – деп айылын да жимаған...

Дәл қазір де тым елпілдей қойған жок. Сыпайы ғана есендік сұрасын:

– Ия, қош келдіңіз. Ал үйге кірейік, сусап қалған боларсыз. Бұқун дегеніміз шыжып кетті-ау, – деп келтесінен ғана қайырып, үнсіз қалды.

Есесіне сүріне-қабына жеткен Қабытай сөзді шұбыртты-ай келіп. Шағалаққа қос қолдап иіле сәлем беріп, бар бау-шарбагын, үрім-бұтағын қаза сұрастырып елпілдеп жатыр. Мырза тақымына басқан күрең аттың күйі-жайын ғана тілге тиек еткен жок, өзге ағайын мен сыйбай-хошина жүрттап еске алмаған кісісі қалған жоқ шығар. Елпілдейтін жөні де бар. Ырғын дәүлет иесі бола тұра ұлықпен тамырлығы жоқ-тын. Ел ішінің тартысынан да бойын

аулак ұстап жүр. Ел таразысын бағуға, партия таласқа шорқақтау. Бұндай бордакы байлар еп-есеп көздеген жұлымыр атқамінерлердің жемі іспеттес.

Шағалақ болса, бұның қасында аскаралы таудай. Ұлыққа арқа сүйеген соң, ел іші ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Жастайынан лауазым иеленіп те келеді. Мың сезіз жүз алпыс сезізінші жылғы патшаның низамы шыққанға дейін старшын, би атанса, одан беріде болыстық дәрежені иемденіп келеді. Ол ол ма? Өзі қатарлы болыстардың ішінде де шоқтығы өзгелерден биік. Себебі, сонау гүбірнатордың кеңесшісі, яғни оң көзі Нұржан Аман ұlyмен тамыр-тәністығы бар. Одан қалды, Шөбектің Жаналысы, Сәмеке төрелермен де дәмдес-тұздас... Осының бәрі өжет мінездің, айлалы да алғыр жетенің арқасы ғой. Алғырлығы емей немене, жерортаға келіп қалғанына қарамастан, орысшаны үйреніп жүр. Таллынысы нәтижесіз де емес. Еркін көсіліп кетпесе де, өз көкейіндегісін жеткізерлік сөз қоры баршылық.

Бастасы Торсан қажы бұл еттірлігін жақтырмай:

– Бұның не, мырза? «Тілі екеудің – діні екеу» дегеннің кебі келмегей. Анау шоқындысымақ Нұржанға еліктегенің қай жағысың? Түрегеп тұрып шаптырған кәпірден айырмасы не сол сапастың? Шен қуам деп діннен безе ме екен? Осының кейінгі тайырға теріс ұлғі болмағай, – деп бірталай насхат та айтқан.

Онысина қыңа кояр Шағалақ па? – Қажеке, ескертпеніздің жаны бар-ау. Десек те, Нұржанның жөні бөлек қой. Орысша шүлдірлеп, миссионерлік мектепте саут ашқан соң шоқынбағанды нессі қалды? Қайта, ана тілін біратола ұмытпағанына тәуба... Әкесі селенің шошқасын бақкан малай еді. Жаманнан туып, адам болған жоқ па, әнекей? Адам болғанда қандай! Игі жақсы біткен сол Нұржанның қабағын андумен әлек.

Кейінгі буын жас-желенге ол шала қазаққа ер демеймін. О да бір шіріген жұмыртқа шығар. Әйтсе де орыстың тілі мен заңзакунің білмек керек. Әйтпесек, ана итиіп журген жаман қара шекпеніне дейін басынып алмақ тәрізі бар.

Бізге үлгі мынау түрған ноғай ағайын ба дедім. Қазекен өзінше «орыстың жиені» деп менсіне қоймайды татар халқын. Бірақ, парыққа салса, сол ел бізден көш ілгері. Орысшаның да түбін түсіреді, шарифаттың шартына да берік. Медресе біткен сол ноғай

мен естектің жерінде емес пе? Мұсылманша жазылған кітаптар да Қазанның баспасынан шығып жатыр әнекей. Көпірдің тілін игеріп, өнерін үйреніп алған ноғай дін мәселе сінде қазақты он орап алмай ма? – деген уәжін көлденен тартып, тақуа Торсанды тығырыққа тіреп қойғаны да бар.

Мүйізі бұлт тіреген Торсан қажымен әлгіндегі сөйлескен Шағалақ, қайдағы бір киіз төбе Қабытайды өзіне тен тұтын ба? Сыртымен сыпайысығанымен, іш пікірі қашанда өзінде. Сондық Қабытайдың:

– Ия, мырза, кош келдіңіз! Көрер қызығының құтты болсын, тек ұзағынан сүйіндіргей, – деп бастап, ұзын-сонар амандықты шұбыртқанда, мұрт тасасынан үнсіз ғана езу тартып тұрды.

– Бұ үйдің дәмін татқан соң, кадірлі қонағымыз болыныз, мырза-еке. Сыбағаңызды жеп кетіңіз. Қысыр емген тайды отардан әкеліп те қойғыздым, – деген Қабытайдың ұсынысына бірден жауап та қата қойған жок.

Миығынан күліп қойып, жамыраса сәлем берген әйелдердің есендігін сұрасқан соң ғана:

– Дәмнен үлкен емеспіз ғой, Қабеке. «Шакырғанда бармасаң, шакыруға зар боларсың» деген бар емес пе? Бағзыдан қалған ізден жаңылыспай, бабадан қалған сөзді ұстансақ болғаны да, – деп сипайсалды жауап берді.

Ұрқия тура қарай алмай имене амандасып:

– Кош келіпсіз, құдеке! Кісі күтерлік жайымыз да жок, «бар, жоқ жай» осы дегендей. Кемшін тұсы болса, айыпқа бұйырмассыз, – деп жампаң қақты.

– Е-е, құдаги, сын таққалы жүргеніміз жоқ. Ықылас, ниеттен асқан сый бар ма? – деп жүртқа естірте дауыстап, – құда балалар қайда? Әлгі Хамит пен Сәлім. Ботакөздей құдашаны да керек еттім. Біздің үйдегі бәйбіше беріп жіберген сәлем-сауқат бар еді, – деп өз жігітіне ым қақты.

– Хамит қойда ғой, Ботакөз әнекей сізден ұялып жүр дағы, – деп кіші қызды шакырып қол бұлғаған Ұрқияның өні бал-бұл жанды.

Құданың бұл шулендігі таудай құрмет қой. Абыройды айтсаңшы! Шағалақ құдасы арнайы аттың басын тіреп, балашағасына дейін тарту-таралғы тапсырды деген дабыраның өзі

қайда жатыр. Ұркияның даңқы ауыл-аймақта кетпегенде несі қалды?

Осы оймен қуанышы қойнына сыймай, сонадай тұрған Сәлім-ге айғай салды:

– Эй, жүгірмек, бері кел! Үлкендерге сәлем берер болар көр-генді ұл. Именетін қыз бе едің? Құдағиымыз сәлем-сауқат беріп жіберіпті, – деп қасындағы көрші-қолаңға қоқилана қарады. «Көрдің бе әнекей? Таудай шонжар бала-шағама дейін ескеріп жатыр» дегендей сықпты бар.

Қой көзді, қаймызық ерін, құбақан ұл кәдуілгі байсалды кі-сіше асықпай басып келді де:

– Ассалаумағалейком, ағатай! – деп қол қусырып сәлем берді. Ағасына еріп жүгіріп келген Ботакөз де лебізін сынғыр еткізді.

Сәлімге он колын ұсынған Шағалак балаларға назар қыдырытып кенет ойға қалды. Қос бұлдіршіннің сипатына көз тойғандай. Іште бір сәт күндеу отылау ете тұтандып:

«Жаман Доғалақтың аузының салымдысын қарай гөр! Құдай берейін десе, қын ба? Сонынан ерген балалары кіл тойған қозыдай томпиған сүп-сүйкімді. Әттең, қолдан келер қайран жоқ! Әйтпесе осындай қарақтарға бар бақ-дәүлетті сарп қылып айырбастар ма едім, қайтер едім?» деп ойласап та үлгірді.

– Эй, Бейсенәлі, бәйбішенің тартуын үlestірерсін, – деген сөзben жылман қақкан атқосшыға иек қақты да, үйге таман қадам басты. – Таңдай кебірсіп қалыпты айтқандай-ақ. Қанырығымызды жібітпей болмас. Ал куда, бастай бер. Ендігісін үйде сейле-серміз, ақылдасар шаруа бар дегендей, – деп Доғалаққа көз төң-керіп өтті.

«Ақылдасармыз» дегені әншейін сөзben жұбатқаны болатын. Анығына келгенде өз байлауының түйінін естіртпек құдасына...

Бірер зерен қымызды сініріп алған соң, қatalап келген меймандар көңілденейін деді. Терін сүрте желлінісіп, сарымай мен құрт-ірімшікті тіске басып отыр. Төрге қонжиган Шағалақтың он тізесін ала жайғасқан Сәдуақас қана. Өзге жас-желең нәкерлері шөл қандырған соң-ақ, аттарды сылтауратып сыртқа шығып кеткен... Қабытайдың да қасында көп кісі жоқ. Ауылдың ең беделді деген бас көтерер ақсакал-карасақалдарды ертіп әкеліпті. Дүр шонжардың үстіне осал-онтағай кісіні жолатпасы белгілі ғой.

Қысыр кеңесті сапырап сөзуарларды қалдырыш, салдарлы жаса-
мыстарды ғана іріктеп әкелген түрі еді.

Шикіл сары, былшиған семіз бетті Сәдуақас кәнипас кейлегі-
нің өнірін ағытыңғырай желпініп, өз мырзасына көз тастап қой-
ды. Көсемінің қабағын бағушы еді әманда. «Сөзді өзі бастай ма-
екен, әлде мен алыстан орағытып құба жондата берсем бе?» деген
оимен анысын аңдуда.

Үйде әйелдер жағынан Үрқия ғана. Керсеннен тегешке қымыз
қотарып, сапырып отыр. Меймандарға сырлы зерен аяқпен қы-
мыз әперіп отырған Доғалактың өзі. Ірге түрулі. Сырт жақтан кө-
нірсіген құйқаның иісі жетіп, танау қытықтауда. Жерошақтың
қасынан қан-жынға таласқан иттердің ырылы жетеді. Қазандағы
бүлкілдей қайнаған еттің хош иісі жеткенде, Қабыттайға еріп кел-
ген егделер жағы еріксіз тамсанып та қойған.

Әдетте, мейман түскенде ауылдың шал-شاуқаны сәлем беруді
сұлтауратып шұбыра келетін. Бүгін болса, сөз аңдыған қыдырмас-
лардың да, ет аңдыған қылғымалардың да бірі жок. Кешеден бері
Қабыттай бар ағайынның құлағына бірнеше қайталап құйып қой-
ған болатын. – Ұятты кісі келмек. Сұғанактанып жылтыңдай
бермендер. Мазасын аларсың. Селтеңбай жүрісті жақтырмайтын
ыспар кісі бұл мейманымыз. Кір-қожаләк түрлерінді де көзіме
көрсетуші болма. Сүйретіліп қазан-ошақты айналсоқтай бермен-
дер. Сорпа-суанға о кісі кеткен соң да тоярсың. Қаша обыр бол-
сан да, бір тайдың еті баршана жетер, – деп мешкейлер жағына да
ескертіп, емексітіп қойған.

Енді міне Сәдуақас сияқты бұл да Шағалаққа қарай береді.
«Сөзге зауқы бар ма?» деп зерттегендей. Етжеңді Қабытайдың
самайы айғыз-айғыз тер. Сөйтсе де дағарадай кәмшат бөркін ше-
шер сыңайы жок. Ұятты қонақ келгенде басына қонжитатын бір-
киерін өлсе шешсін бе? Шағалақ сырт киімін шешіп, жеңіл беш-
петшеш ғана қалса, бұл қалың астарлы мауыты шапанын шешпес-
тен отыр. Шапанының астына қалыңдығы екі елі ысырма белдік
қабаттап, сыртынан кісе буыныпты. Бұнысы ел аралағанда иинге
ілетін бірсыңырғы тәуір киімі ғой. Сондық, күн шылжып тұрса да,
оның үстіне түнемел қымыздың уыты қызыуын қосса да, шапаны-
ның қапсырмасын ағытар түрі көрінбейді. Сопақ келген тольк

кесірін түкті орамалмен кайта-қайта сұрткіштей беріп, ыстыққа шыдап отыр.

Шағалаққа қипақтай қарай бергеннің себебі – өзі сөз бастауға жүргі дауалай қоймайды. Неден бастарын білмей де дал. Оңай кісі емес қой қонақтары. Тен-тұс өзге замандастан парасаты басым, шоқтығы өргек жан. Оқыған-тоқығаны жампоз нарға жүк болғандай. Тарих пен шежіреден толғаса, білгішсіген ақсақалдарды жаңылдырып жіберерлік жүйріктігі де бар. Шаригатқа да ақмылтық. Қалаға жиі қатынаған соң, кеңсенің низамынан да мағлұматы бір басына жетерлік. Ауыл арасының күйік тірлігінен аспайтын қауесетті жақтыра қоюы негайбыл. Осы жәйтті парыктаған Қабытай ішінен: «Қызылкөз пәлден аулақ! Сөзімнен бір ақау шықса, келемеж қылар сібер неме. «Үндемеген үйдегі пәлден құтылар» демекші, өзі-ақ бастай берсін кеңесін» деген оймен әліптін артын бақпаққа бекініп те алды.

Бұлар осылай қабақ андысып отырғанда, еп-есептен, атқамінерлердің қитұрқы саясатынан еш дерегі жоқ Доғалақ тамағын кенеп алып, әй-шай жоқ дүңк еткізді:

– Ия, құда-еке, сейлей отырыңыз. Тымпи ойнал отырғанымыз жоқ қой. Мәжілісіміз сұхбатпен көркейсін, – деп шымырлай толқыған түнемел толы аяқты Сәдуақасқа ұсина беріп, – мына Қабекен де қыз ұзатқалы жүр. Жақын арада қол ұстараты болмақ. Құдалары Қарауылда Қалдаман. Жүрген-тұрған кісісіз ғой. Не қылған ел өзі? Жақсылық Қарауылды жалпы білгенімізбен, Қалдаманмен қарым-қатынасымыз бола қойған жоқ еді. Сол жағынан әнгіме қозғасаңыз, – деп құдасына салған жерден қолقا сала сөйледі.

Үйдегілерге жан кіргендей копандасып көз құйрықтарын атысып қалды. Баршасының иығынан бір ауыр жүк түскендей-ақ. Созылып бара жатқан үнсіздікті Доғалақтың үркітіп жібергеніне разы сыңайда.

Қабытай ішінен: «Бауыздау құдасы ғой. Киіп кеткені әбден жарасымды да» деп түйсе, Шағалақ тіксініңкіреп қалды. «Саппасың аяғын қалай-қалай тастайды өзі? Мені тең иық көргендей ғой мына сөз салтасы. Есірейін деген екен қаратабан неме. «Сиыр сипағанды білмес» дегеннің кебі де» деген оймен ала көзімен ата қарап қойды.

Алайда ашуын тізгіндең дағдыланған сырқындылығына бағып, көкейіндегісін бүге білді. Өңін шебер билеп, мейірі түскен кісіміп жайбаракат нысайға мініп алды да:

– Солай ма еді? Ұзағынан сүйіндірсін. Қабеке! Өрісің кеңеңе берсін әманда. Қалдаманның қайсы еді құда түскен жер? – деп Қабытайға еңсе бұрды.

– Бауыздау құдамыздың ныспысы – Әбсамат. Қыстауы Жаман Жалғыздың баурайында көрінеді. Жайлауы Есілдің саласы. Төңірегіне танымал кісі сияқты. Бәлкім есіткен де боларсыз. Жақсы-жайсаң мен марғасқа біткениң дерегі алақаныңызда емес пе? Қашқанның да, құғанның да түбі табары өзіңіз ғана, – деп Қабытай жауабын бипаздатты.

– Е, естігенде қандай! Аталы өulet қой. Өзі де Қалдаманның мандайалды жайсаң азаматы. Анау Жаналы, Сәмекелермен бастас деп есітем. Жөн-жөн... Құдаға жарыдың не қылса да. Барған жерге таставай батып судай сіңсін бұз баланыз. Тілекtespіz! – деген сөзben Шагалақ сұхбаттасын тізесінен қағып та қойды.

Қияпты жайдары. Қабытайдың жығыла сөйлегеніне көnlі көншіген сияқты. Бұйырып сөйлеуге әбден дағды алған сон, көгадай жапырылған төменшік еңселерді тәуір көреді... Қонақтың сөзіне Қабытай едәуір өркештеніп қалды. Жақсы лепес жарым ырыс емес пе? Құдасын мактағанын кім жек көрсін? Шағалактың бейілденгеніне көзі жеткен сон, бұз да шешіле сөйледі.

– Жақсысы жақсы-ау, тақсыр-еке, – деп уыс толы көкбүйраны ұртына тығып жіберіп, бірер сэтке үнсіз қалды. Ашы насыбайдың дәміне елтісе керек, не сөйлеп отырганын да естен тарс шығарғандай көзін жұмынкырай ұртын бұлтылдата берді. Оң жақ езуінен коймалжың сілекей шұбырығанын да сезген жоқ. Бұз көрініске жирене сұқтанған Шагалақ ішінен: «Нассың-ау, саппасым! Жұн жеп, жабағы тышқан сасық бай өзіндей-ақ болар. «Мұқ жаңылып, тасқа бітер, мал жаңылып, насқа бітер» деп осындаиды айтады да қазекен» деген пікір түйіп, тыжырынып қалды.

Қабытай болса, сақалын ластаған қошқыл сілекейін елеместен сөзін желілей берді:

– Қарауыл дегеніміз ән-күйдің қонған жері ғой. «Қарауылға барсан, әншімін деме, Атығайға барсан, ақынмын деме» деп мәтіл де қылып алған жоқ па жапсарлас қонған елдер. Сол құда-

мыңдың елінде бір жас өнериаз болса керек. Әнші де, ақын да бір өзі. Аузынан уызы кепией жатып, ат атанаң үлгеріпті де. Жасқарісі бар «Үкілі Ыбырай» деп дәсердей көреді екен.

Осы сөзбен түкіргішке қол созып, ұрт толы қоймалжынды быш еткізді. Әрі етженді, әрі тершең кісі қимылдаған сайын бойынан күлімсі иіс мұңқ етеді. Ондайда тізе қағысып отырған Шағалақ сыр бермейін десе де, еріксіз тыжырынар еді. Танауын бұрып әкетсе де, сасық іістен құтылу еш мүмкін емес.

– Жұырда күйеу келмек дедік қой. Қол ұстараты бар ма, қынаменде, киіті бар ма, толып кеткен кәделері біткенше қашан. Ұзынқұлактан есітуімше, күйеудің тобында әлгі Үкілі Ыбырай да келмек деседі. Ол көксоккандары тіл мен жаққа сүйенген тақтақ болса керек. «Қайымдақсанда сын тағуға шебер» деседі көргендер. Сол жүгірмекке тосқауыл болар ділмәр табылмай тұрғаны біздің ауылда. Сөзден жығылса-ақ, әлгі Үкілісі түскір ертең астана жұртқа жаяды-ау. Ондай қаңғыбастардың жүрмейтін жері болсайшы. Уайым қылғаным осы мәселе болып тұрғаны, мырза-еке, – деп ойындағысын сарыкты Қабыттай.

Шағалақ болса, жауап қайтаруға асыға қойған жоқ. Мына сөз үдесінен шықса да, сыр берер емес. Өзі қозғағалы отырған мәселеңі бөгде біреу тілге тиек етсе, сәті түскені емей немене? Сұхбатгасы насыбайын малжандатып, тілін бұрап сөйлеп отырғанда, Шағалақтың назары үй жасауында болған. Сән-салтанаттың парқын білетін көшебелі кісі ғой. Жасау-жабдықтың кемшиң тұстарын келгеннен-ақ аңғарып отыр. Қоңыр туырлықты үйде шашақты қалы кілем, зер жүгірткен шілтер, ақ болыскей кереует сияқты байлықтың айғағында заттар жоқ, әрине. Әдette төр жаққа жайнатып іліп қояр қасқыр ішік, тулкі тондарға да ұяттылау екен бұл шаңырақ. Жәрменкеден жеткізетін кәрлен кесе, шыныаяқтар да көзге шалына қойған жоқ. Жастық-көрпелердің тыстары да арзанқол шытттан екенін қырағы көзі шалып қалды... «Е-е, құдаекем, жай-жапсарың белгілі болды. Ишкі майың жұқалау болса керек-ті. Ишіп-жемнен артылғаны мардымсыз ба дедім» деген қорытынды да шығарып қойған.

Алайда, сонымен қатар байқағаны – үй ішінің мұнтаздай тазалығы мен жинақылығы. Алаша-текеметтер тозынқы болса да, мұқият сыйырылып қағылғаны аңғарылып тұр. Үлдірік сөрелер-

де, жұқаяқ пен сандыктарда тозаңның ізі де жоқ. Қайсыбір салак үйлердің ыдыс-аяғынан жағымсыз ніс шығуши еді. Жөндеги жумай, кірлі сұлтімен сурте салғанның салдары ғой. Бұл үйдің болса, тостаған мен зерендегі мінсіз таза екен. Үркіяның қолындағы майлыш сұлгісі қардай аппақ.

«Обалы нешік, іске қылап екен құдағынымыз. Аз дүниені таза үстап ұқсата біліпті. Өз үсті-басына да тәпі көрінеді. Күндігі таптаза, қамзолының кестесі өрнекті, қыл аяғы кебісінің өкшесіне де батқы салыпты. Өзі де пәлен құрсақ көтерді дейтіндей емес, өнін бере қоймаған. «Шешесін көр де қызын ал» демекші, келіннің шыққан жатыры сынға толғандай екен» деп топшылап та қойған.

Қабытайдың кеңесі ойын бөліп, жауабын сайлап отыр еді, кеңет тыныштықты оқыс шыққан үн үркітті де жіберді. Киіп кетпе мінезіне және басқан бауыздау құдасы екен.

– Пәлі, бұл да сез болып па? Несіне қынжылдың? Қарауылды сонша зәулі қылғаның қай сасқаның? Өзге елде әнші-ақын құрып кетіп пе еді? – деп сампылдай сөйлеген Доғалақ қымыздың қызынан күреңіткен беті мен маңдайын тақиясымен сұртіп қойып және лебіз шығарды.

– Керей-Уақ атанған ағайын ел едік. Уақтан батырлар шықса, Керейіміз ежелден өнерге кенде емес еді ғой. Толыбай сыншы, Қожаберген жырау иісі қазаққа бел болғаны жалпақ жұртқа мәлім. Одан беріде Сегіз серідей есіл көзел ән туын асқақтатып еді. Сабазың наизасын тасқа жанумен қатар домбырасын да әлдилеп өтті-ау, шіркін!.. Өз замандастырыз Біржан сал ше? Өнерге бола жаратылған шаһбаз деп соны айт әнекей! Біржаннан ән асырган кім бар? Атақты «Шалқымасын» аңыратқанда, алты қырдың арғы жағындағы естіген жанның тал бойы балқымас па?.. Аталмыш шандоздар шыққан Керейді кемсіткениңе жол болсын, бай-еке! – деп сөйлеген сайын қызбалана берді отағасы.

Тікбақай, ілең тұтанғыш Доғалақ намысқа шапса, бет-жүзге қарамаушы еді. Жақсыларға жақпай жүргенниң себебі де сол ғой. Оның үстіне еш құлығы жоқ, анқаулау болатын. Ойындағысын бүркеуге де жоқ, бүкпе де сақтаған жан емес. Осы сапар да байырғы мінезін тапты.

— Біздің ауылда өнерлі жок деген не сөз? «Түйеге мінгсін қазак торт ауыз өлең біледі» деген қайда? Шұлдірлеген шұршіт емес-піз, атамыз Алаш, арбамыз ағаш дегендей.

Қарауылдың Үкілі Үбійрайы келсе, бұғып қалмас біздің жастар. Ауылдың алты ауызын әуелетіп берер... Ақын болса, несі бар? Қалшадайынан өлең қуған, өлеңмен талай тақтастың тілін буған санлақтар бізде де баршылық, Құдайға шүкір, — деп бастырмалата келіп, сәл аял қылды да, көзін бағжита ашып жіберіп, — уа біздің Хакіштің өзі намыска шаппас деймісің? Әйгілі ақын болмаса да, оңайлықпен ірге бере қоймас. Ер Қекше, Ер Қосайдай бабалардың аруағына сыйынып тіресіп бағар. Нәуетек бала болса да, шын сыбағасын берер ізденіп келген сөзуардың. Біздің бала табан тіреп тұрыстық береріне мен-ақ кепіл болайын! — деп ұзак сөзін көтеріңкі леплен тәмамдады.

Тоқырауы мұн екен, қымыз сапырып отырған Үркия теріс қарап бетін үзіл-үзіп алды. «Мына сорлы бажын деген шығар! Екі ұрық неме аузына келгенді оттай беретінін қашан қояды екен осы? Есі дұрыс екे өз қызын айттықса шығарар ма? Бәрінен бұрын құдадан ұят болды-ау. Не пікірде отыр десенші» деген оймен, ішінен күйеуін жерден алып, жерге салды... Бетінен оты шыға қымсынып, құдага ұрлана көз тастап қояды. «Не аһуалда отыр екен?» деп барлағандай.

Алайда Үркияға болсын, өзге сұқ көзге болсын сыр алдыра қоятын Шағалақ емес. Сүрепетінде тінәмдай өзгеріс болсайшы. Манғаз бейнесі бәдізшінің қолынан шыққан тас мұсінді елестеткендей.

Шынтуайтқа келгенде, құдасының намыс шақырған мына сөзінен іш жиып қалып еді. Бұрынғы құдігі нығая түскен. «Мына лепірмеге дауа болмас! Ауылдың намысына бола, бой түзеген өз қызын қайымдасуға шығармақшы. Үбійрамен айттысты дегенше, қанды қара қақпанға түсті десенші. Хакимадай әлпетті сәулімді құр жіберуші ме еді желбас бозбастар? Тұтқыр сары желімдей-ақ жабыспаса маған кел!» деген оймен негізгі келген мақсатын жүзеге асыруға кірісті.

Бұндайда дәйім сыпайы сөйлер еді. Бұл да талай сыннан еткен ежелгі әдісі. Бірден қатты кетіп бүйіра сөйлесен, сұхбаттасың да шорт қайыруы әбден мүмкін. Майдалап, көңілін аулай

сөйлегенің ұтымдырақ екенін алдекашан ұққан. Арагідік көпшілк тастап қойған да теріс емес. Мына Қабыттай сиякты кісімсігеп байлар мardымсі қалады ондайда. Бұтына толған неме емес пе? Дәрежелі шонжардың жылы ұшырағанын абыроj көреді өзінше... «Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» демекші, майлы жілікті тастап кеп жібер де, өз саясатынды жүзеге асыра бер. Ақыр тубі анқау неменің тырп етуге де шамасы келмес. Мактамен бауыздалғанын езі де білмей қалар...

Әрине, басқа тәсілдерге де жетік Шағалақ. Қажет тұста ашуға да тізгін бермек. Екідай егесте омырауға басып, алды-артына қарамайтыны да бар. Жеме-жемге келсе, тіпті ат құлағын тенестіріп арпалысқаннан да тайынар ма екен... Бірак, бүгінгі мәслихаттың жөні бөлек екенін де есте сактап отыр. Қалындық оң аяғымен ак отаудың табалдырығын аттағанша, сынықсып сөйлеуге мәжбүр.

Осы ойға бекінген Шағалақ женіл жөткірініп, құдасына көз тастады:

— Ұәжіңіз орынды, құда. Ел іші өнер кеніші емес пе? Дәмді сөзді сапыра білетін ділмәрлар осы ауылдан да табылар, — деп бастап, алдындағы қымыздан ұрттап қойып, сәл аял қылды. Қызбалана сейлекен Догалақ сабасына түссін деген айласы.

— Эйтсе де, Қабытайдың құдігі де орынды. «Сақтықта қорлық жок» дегендей... Үбырайды көргенім бар еді. Мінезіне де канықыны, өнер жолындағы аяқ тастасын да шамалаған едім... Лаулап түрған жалын екеніне көзім жеткен. Құйып түрған нөсерге өшер ме екен ол жігіттің оты. Қасына ерген жас-желең де осал емес. Кіл ығай мен сығай. Бұл өрттің алдын тоспаса болmas. Сондық, мен де бір амал-айла ойлап тапқандаймын. Құдандалы ауылға жаным қайтіп ашымас? — деп үй ішіндегілерді бір шолып өтті.

Қабытайдың еріп келген ағайындардың сөзге араласар түрі жок сияқты. Қымызға қызара бөртіп, кекірік аздыра кекіргеннен өзеге басар емес.

— Ертіп келген екі жігітім бар еді. Ағайынның балалары ғой. Екеуінің де өнерден хабары баршылық. Бейсенөлі деген бозбас қайымға нығызы. Екіншісінің ныснысы – Бекіш. Әнді жүндей төпейтін сабазымыз осы... Үкілі Үбырайға бара-бар емес, әрине. Ол бір желді көрік қой... Эйтсе де, кезек келгенде қарап қалмас Бекішіміз. Бұл екеуі мына Қабытайдың қонақүйінде жайғаса тұrap.

Бір жағынан шығысып тойын аткарысар. Солай емес пе, ә. Қабеке? – деп насыбайын атып алыш, қымызға бас қойған Қабытайға сұраулы жүзін бұра берді.

Сөз ауаны дәл осылай құбыларын есте күтпеген сұхбаттасы шашалып қала жаздал, зеренді дастарханның үстіне қоя салды. Шағалақтан бұндай ұсыныс есітемін деген үш ұйықтаса түсіне кірер ме екен?.. Эйтсе де, жоқ деуге әddі қайда? Бұл дәйдің қолқа салғаны бүйрыйктан бетер емес пе?

Сол себептен шыбындаған жылқыша басын шұлғи беріп:

– Әлбетте, әлбетте, үй-жай деген баршылық қой Құдайға шүкір. Өзініздің ағайын болса, хан көтере күтеміз дағы. Тойды атқарысып, аунап-кунап жата берсін біздің ауылда, – деп бәйек болды да қалды.

Шағалақ та басын изеп:

– Өзімे де керек еді бұл жастар, эйтсе де амал қанша? Қызы ұзатылғанша жәрдемдесіп жүре берсін. Арғы жағында өзіміздің де қызығымыз таяу тұр. Оны да атқарысар бұл екеуі. Жалғыз ұлдың бал қызығынан аянарим жоқ есте. Кіндігімнен өрбімесе де, туганнан кем көремін бе? – деп қабағын серпе көтеріп, манғаз қалпын қайта тапты.

Бұл сөзімен аталмыш екі жігіттің осы ауылда Хакима ұзатылғанша жататындарын аңғартып койды мырза. Бұнысы анду екенин де, бас қосысқан ағайын жаппай түйсіне қалған. Ұрқия ішінен: «Әлгі біздің желауыздың кесірі де! Соңша лепірер ме байсалды деген кісі? Жаңағы сөзінен секем алса керек-ті құдамыз. Анду қоймасқа лажы қайсы?» деп бұл әрекетін жуып-шайған болды.

Аңқау Доғалак сөз байыбына бірден бара қоймай:

«Бұнысы несі? Қайдағы жәрдем? Осы ауылда жігіт-желең аз болып па? Тіл безеген сөзуары да, ән аныратқан көмейлісі де табылар. Біреудің үйіне соқталдай жігіттерді жатқызып қоймағы несі? Ишіп-жемі бар емес пе? Қабытай қотты тұрады екен-ау деп салмақ арта бермек пе? Басынған тұрі ме бұл?» деп ойын сансаққа жүгіртті.

Аңқаулау болғанымен, ақылға есте кенде емес еді Доғалак. Аз ойланып құдасының арам пиғылын түсіне қойды. Ұғуы мұн екен, намысы да бұрқ етіп коза берді. «Анду ғой бұнысы! Итінің

айлакерлігі-ай! Мәймәнкелеп келіп Қабытайға сідет артқан түрі мынау. Қос арамтамақты пәлен құн күткізбек. Ол сапластар жай жатпасы бесенеден белгілі ғой. Қабытайдың тойын қайтсін? Аңдитындары біздің Хакіш шығар, дәу де болса. Ұзатылғанша басқан ізін бақызып қоймақ қой өзінше. Сонда нeden қаупайлайды бұл қу мүйіз?» деп өз-өзіне сауал тастап еді, кенет санасы жарқеткендей жауабын да таба қойды.

«Мәссаған, безгелдек! Бұл Қарауылдан келер Үбірай әншіден секем алмаса етті! Дәл өзі. Қайым айтысқа майталман, ән шығарғыш өнерпазға қомашаулығы бар-ау тегі. Жас қыранды көре алсын ба? Іші күйеді ғой бұш шонжардың. Мына жағынан мен де айтып салғам жоқ па дүңк еткізіп, «Хакішті айтысқа шығарам» деп. Бұш дырымбайың жесірін қызғанып отыр, ендеше. Қалыңмалды беріп қойған соң қызғыштай қорыған түрі дағы... Эй итің-ай, бізге сенбегені ғой, олай болса!» деген оймен кіжінейін деді. Шағалақтан өш алғысы келіп, «Тұра тұр, бәлем! Сенің жыныца мен де тиейін» деп намысы да қозды.

Шонжарға қалай соқтықсам деп, ілгешекті сөзін сайлап отырғанда төр жақтан ыныранған үн жетіп, ойын бөле берді... Қабытайға еріп келген осы ауылдың молдасы Марал екен. Қабағы тұксиген, беліне түскен сұнгі сакал, сопақ бет, үнірейген кескінді біреу болатын. Жерортаға келсе де, өз пікірі жоқ байдың айтқанынан шықпайтын сенімдісі. Манадан бері сөзге килігудің ретін тапшай отыр еді. Үнсіз құтылуға да жол жоқ сияқты. Қанша айтқанымен, Қабытайға қарасты ауылдардың молдасы деген атағы бар.

Әңгіме-дүкен сәл толас талқанда, «ендігі үндемегенімнің реті келмес» деген кісіші мол денесімен ыргала берді де, ыңырана сөйлей бастады. Әдette таспиығын теріп, көзін жұмынқыраған қалпы, мырық кісіші үнін мұрнынан шығарар еді. Онысы нығызыған түрі ғой. Ауыл адамдарына осылай бәлденетіні бар. Молда болған сон салмақ керегін қайтіп білмесін? Батасы дәрімен парапар, ішірткісі шипадай емес пе? Сондық, жайшылықта дауысын әрең шығарып, сөзін түсініксіздеу қылыш бұлдана сөйлер еді Марал-екен. Өзі шала-пұла түсінетін кітап сөзін араластыра сөйлеуге де әуес. «Ұққаның ұғарсың, ұқпаганның өз обалы өзіне» дегендей-ақ, «инсаният, салахият, иттифак» дегенді қыстыра бергіш.

Бірак, бұл жолы әдептегісінің бірін де істемеді молдекен. Өлер жерін біледі ғой. Сәл ғана ыргалып ыныранғаны болмаса, үні де таза, тілі де жатық. Қабағы қалың бітік көздері де ашыла қалыпты. Сүрепеті мүләйім. Назары Шағалақта. Сөзін қадірлі мейманға ғана бағыштағанын түрімен де, биязы үнімен де дәлелдеуға тырысқандай.

– Хұрматлу мырза, асыранды ұлды ауызға алдыңыз-ау әлгі кенесінізде. Асыранды баланы «қағай» деп атаса керек бұрынғылар. Бұныңыз сауаптан болған бек мәрхамат іс екен, – деп бастап, омырауын жапқан сақалын саумалай сипап қойды.

Сопақ келген кескініне бұл ұзын сақал жараспаушы еді. Жылқының қылындағы қалың сояулары онсыз да сұрықсыз кеспірін одан сайын кәртайта тусетін. «Күректей немені тұжыртынқырап ықшамдасаңшы былай. Бұл шіркінді айғырдың құйрығындағы қылып белуарыңа дейін шұбатқаның несі сән?» деп әзіл ілген замандастарға қабағын тұкситіп, өңіне ызбар жия жауаптасар еді:

– Тәйт әрі, өңшең желауыз малғұн! Пірәдардың сақалын хай-уаниң құйрығына теңегеннің өзі күнә! Бұл сақалдың қыллы сират көпірінен өтерінде жалаң табаныңмен басар қыл болмасына көзің жетіп пе? Осыны айтқан аузың тамұқтың отына шарпылып жур-мегей! – деп шындалп жауап берер еді.

Бірак өңшең найсалтар езулерін жия алмай, молдекенің ашуынан ыға қоймайтын. Бергі жағымен сырыйылыш сақтаса да, көздерінің құлімдейтінін қайтерсін? Бұл надан казак тамұқтан қайбір сескеніп жүр дейсің. Қаймықса, жаптай сәждеге бас қоймай ма әлдекашан? Кәрілік мендеп, жер таянбай тұра алмайтын халге жеткенде ғана бес намазды еске алады-ау өңшең мұндарлар. Сайын сахарарада тағыдай жосып жүрген ел ғой. Шарғының шарттарын мұлтіксіз орындағанша қашан.

Сондық Марал-екең бұл тарпаң қауымды жөнге салам деп арамтер болып қайтсін? Қабыттай сынды серкелердің қыбын тапса болғаны да. Киім кек, тамақ тоқ болса, ұпайы түгел емей немене?.. Еншалла, күн көрісі жаман емес. Дәулеттілердің арқасында бұл да қотты тұрады, Құдайға шүкір. «Қос-қостан тоқал алған отағасының қүйі төмен» деп қай көргенсіз мін тағар? Бұл елдің пітірі мен садақасына өзі ие ғой қашаннан. Өлім-жітім бола қалса, түсім тіпті қомақталмақ. «Сарт байыса, там салар, қазак бай-

ыса, катын алар» демекші. қоңторғай күн кешсе, тоқал немденуге мұрша қайда?

Бұл қоғамның екі тізгін, бір шылбыры дәйім ауқаттылардың шенгелінде емес пе? Дүмділердің жыртысын жыртыссаң ғана тұлпарына мінгестірмек. Өйтпесең, шанға көміліл, көштен қалдым дей бер. Осы қағиданы берік ұстанып келеді Марал-екен. Сол себептен Шағалақ сынды игі-жақсыға қошемет жолдауды өзіне үлкен бір міндет деп біледі. Бұл сынды дәрежелі шонжармен дәмдес-тұздас болғанның өзі абырай-ау. Ертең-ақ анау өңшең көгенкөз, майтымақ ауылластардың алдында нығызысуға бірден-бір себеп қой. «Марал молда Шағалақпен мәслихат құрып, улгі-өнеге айтыпты» деген қауесеттін өзі қайда жатыр.

Осы жайды санаға тоқып алған молдекен сақалының ұшын тұтамдап, жүзін жылыта сөйлей берді:

– Кисса-дастандарға жүгінsec те, асыранды ұлды көтермелейді екен бағзыда өткен бабалар. Бұ мұталиға тұған бала жеткізе ме, асыранды жеткізе ме, жалғыз Аллаға аян-ды. Оған анау Қарадөң батыр жыры куә. Тұлдыры жетім Қарадөң баланы ноғайлының ханы асырап алғаны қиссадан мәлім. Сол панаңыз көдек есіп-жетілгенде дүйім елге тұтқа болып, астана жұртқа корған болғаны қайда? – деп бір қайырып, Қабытай мен Доғалаққа көз тастап қойды. «Мені көрдің бе? Келелі кенесті осылай желілесенші!» дегендей токмейілсу де бар кеспірінде.

– Сонда жетім көдекті желеп-жебеген кім дейсіз ғой? Көк есегін тепендетіп жүрген кәдуілгі диуана. Басында сәлдесі, иінінде мәллесі, колында аласы бар Құдайы пақыр. Жылап отырған аш-жалаңаш балаға:

– Анау ақ ордаға бар. Сол үй асырайды сені, – деп мәшурат беріпті сол дәруіш. Одан кейін де бар жорықта оқтан қағып жүрсе керекті. – Марал бұл тұста сәл аял қылып, Шағалаққа назар тіктеді. «Ендігі насиҳатым тек өзіңе бағышталады» дегендей-ақ.

– Олай болса, сіздің қағай балаңызды да Құдайы кісінің батасы желеп-жебей жүрген болар, мырзам. Біздің ауылға келгенде батамызды аяп қалмаспыз. «Батамен ер көгерер» демекші. Ел кезген қаландар болмасак та, біз де пірге қол тапсырып, Бұқара шәрірте «мақсым» атанип журдік кезінде. Еншалла, «жалбарынған үнімізді Жаратқан иеміз есітер» деген үміттеміз. Сізге әманда

тілекстеспіз, тақсыр-еке. Қызыр Ілияс қырық шілтеген дәйім желеп-жебеп жүрсін, әумин! – деп үніне салтанатты леп бере сөзін тәмамдады да, күректей қолымен өң сипады.

Молдекенің сөзіне дең қоя ұйып тыңдаған жамағат та жа-мыраса «әумин» десіп, ыжанағатпен беттерін сипасуда. Шағалақ та бейілдене Маралға оң қарап отыр. Бұл ауылдың молдасы үдесінен шыққандай. «Садақа берсем бе?» деген оймен қалтасына кол жүгіртуге оқталып еді, бірақ райынан іlez қайтты. «Қайдағы бір молдаға бұл сыйым тым қомақты болар. Оң қабагымның өзіне разы болсын. Мен кім, бұл кім эрі беріден соң» деп түйіп, ақшалай садақа беруден тартынып қалды.

Қонақтың оң бейілін аңғарған Қабытай мен нөкерлері Маралдың сөзін құптауға асықты:

- Тауып айтты-ау молдекен!
- Кисынын келтіруге шебер-ақ көзелің!
- Оқып-тоқып, хатым-қардан атанған пірәдар ғой, несін айтасың?

– Қасқаң шарғыны зерттең болып, қиссаларға да бой ұрғанын көрмеймісің? – деген жарамсақ үндер жарыса шықты.

Алайда, бұл сүттей ұйыған жаразтықты Доғалақтың көлденененен киліккен сөзі бұзды да жіберді. Зығырданы қайнап іштен тынып отырса керек, қошемет сөз сәл саябырлаған кезде бұл да өз пікірін қосып лебіз шығарды.

– Молдекенің сөзінде мін жоқ-ау. Оған есі дүрыс кісі таласпас та. Мін біздің заманда болып тұр-ау, – деп дауыстап жіберіп, жүрттың назарын өзіне аударды үйдің иесі.

«Мына жазған бүйректен сирак шығармаса етті! Тіліне уақып болмайды еken осы біреу. «Сөйле» деген жан болсайшы тілті. Молдадан кейін сампылдап кеңеске киліккеннің өзі әбестік-ау» деп жақтырмай, іштен тынып Ұрқия отыр. Қосағына көзін алайтып та қояды. Алайда, бұл ишараны елейтін Доғалақ жоқ. Әншайінде жамағатының айтқанынан шықпайтын момын болса да, дәл бүгін бұғалышқа бойлауық асаудай құрық әкетіп барады.

– Мін де, ақау да заманда ма, әлде ел билеген серкелерде ме, кім білілті? – деп үнін шығарыңқырай тосын саузал тастады да, Шағалаққа қулана қарады. «Мензеген серкелердің ішінде өзің де

барсың, құрматлу мырза» деген түспал күн қактаған репетінде сайрап тұрғандай.

— Ол заманның көсемі нөфайлының ханы еді. Сол хан ел қа-мына қабырғасы қайысып, туған ұлына өз тағын бермегіті. Кіндігінен өрбімесе де, ерлігін, ақылын дәріптег Қарадөнді көсем қы-лыпты данышпан басшы. Сондағы қөздегені – астана жұрттың мұлдағасы. — Ұлым болса да, ел тізгінін ұстауға лайық емес. Қарадөң билік құрса, жетім-жесірді жылаттас. Аш-жалаңашқа пана болар. Қаріп-қасерге қарайласар, — деген екен нөфайлының ханы. Доғалақ сөзін үзіп, «Айтқаным нысанана жетті ме» дегендей, төрдегілерді бір шолып шықты.

Шағалақ сөз төркінін түсінсе де, сыр берер емес. Мелшиген қалпы міз бақастан отыр. Қабытай болса, Доғалақтың мінезіне бұрыннан қанық. Қитұрқы сөзіне де құлағы әбден үйреніп болған. Марал молда нығызы отыр. Доғалақтың қай жаққа бұрып бара жатқанын бірден үққан. Ішінен: «Шоқ, шоқ, бәлем! Екі құда қырбай кетісері бесенеден белгілі еді. Бай мен жарлының одағы жа-расқан ба? Доғалақтың мына сынар езулегені соған айғақ. Жақсыны шымшымак өзінше мұндар неме. Сөз саптасының сиқы мынау. Тұлпарды келіп есек тепкендей» деген оймен оқиғаның өрбуйін қызыға кутуде.

Доғалақ болса, тындар құлақты күттірген жоқ, мандайында шып-шып білінген терді қолының сыртымен сүртіп жіберіп, ке-несін таратада түсті.

Бағзы заманның көсемі:

— «Елім!» деп еңіреген түрі сол екен. Онысын қиссаны шығарған шайыр кейінгілерге үлгі етіп, тамаша жыр қылыш өріпті... Ал енді бүгінгілер ше? Ел қаймағы жақсыларды айтам да. Өз құлқынынан өзгені қөздегені бар ма? Ұлықты көрсө, қыздан бетер қылышты. Мінәйім мінезі жібектей есіледі... Сейте тұра, өз қазағы дегенде сыздана қаларын қайтерсің? Жетім-жесірді мұсір-кеу дегенді аузына алар ма екен? Жаман-жәутікті елеп-ескеру деген мұлдем жоқ. Жоқ-жұқана былай тұрсын, әлі жетсе, жақсы-лар бір-біріне ауыз салуға айналды ғой. Салғанда солар салсын! Жолбарыстары қоймен қоса қасқырды да қылғытып жүр әнекей, — деп еді, осы түста Қабытай шыдай алмады.

Мол денесін қопаң еткізіп, Доғалаққа ата қарады да:

— Да, ағайын, аяқ тастасың қалай-қалай өзі? «Бояушы-бояушы дегенге сақалын бояпты» демекші, сынның да кисыны бар емес пе? «Жақсылар біреуді қылғытып жүр» дегенің не тантық? Игі жақсыларға мін тағумен ұшпакқа жетер дәп пе едің бұл елді? Бұқараның берекесі иті жақсының құзырында емес пе? Қашаннан бергі келе жатқан үрдіс осы. Мына Шағалақ мырза сынды көсемдер дін аман тұрса, қазақты жау алмас. Анау ормандай орыстың көрін де қайтарған осы серкелеріміз, — деп екілене сойлей бастап, бара-бара сабасына түсейін деді.

Сөз аяғында лауазымды мейманға көпшік тастауды да ұмыткан жок, әрине. Алайда «Қабытай намыс шақырды-ау» деп ыға қояр Доғалақ көріне қоймайды. Үлкен басын сүзісетін бұқалақша тұқыртынқырап, бадам қабағының астынан егесе қарайды. Қабытай айтып болған соң-ақ, сөзді іліп әкетті. Бұл жолы үні бәсендеу шықты. Есесіне салмағы зілдей. Бұнысы жеңер ақынға деп әзірлегені болатын. Құданың шымбайына батар аңы шындық.

— Беу, ағайын, мені бетімен лағып бара жатырсың деп айыптауға айналдың ба? Көтерейін сөзінді. Әйтсе де, қысыр кеңеске үйір сөзуарың да мен емес деген ескертпегім де бар. Дәйегі жок сынным болса, бетіме бас, бай-еке, — дей келе, кенет мырса берді. — Қарауылдағы Сапалат бай иті жақсы емес деп қайсың айтарсың? Алалы жылқы, ақтылы қойдың иесі. Шағаладай ақ орда, әупілдекіше күмпілдеген нән қара саба да сол ауылдың сәні мен берекесі еді. Сапалаттың өзі де көк бөрідей марғасқа азамат болатын. Бірақ, Құдай қырына алайын десе, ондыртқан ба? Бөріні белінен бүрер бүркіт кез келді. Оған қабылан қосылыпты. Ақыры не кепрек, жалқы абаданды топтанған дәйлер қылғытып тынған. Ырысын шайқап, тұбіне жетті. Жұрты қалды қаңырап, жайлауы қалды құлазып.

Соңынан ерген бір түқ бар екенін жеткізді ұзынқұлақ. Азан шақырып қойған намы «Мұстариза» болса керек. Жас та болса, жасық емес екен бұл ізбасары. Жауынан кек ала біліпті. Ұлықты арқа тұтқан дүшпандары соңынан казачиларды салып қойыптымыс. Бірақ ұстаптай жүрген көрінеді әлгі бөлтірік. Өрендік бастаған әскер қанша аңдыса да орнын сипап қала береді екен. Кеп осы, бай-еке, — деп кеңесін түйіндеп, Қабытайға көзін төңкеріп етті.

Әңшейін бір болмашы оқиғаны дәттеген кісішіне кеспірі жай-баракат. Сөл ғана бөгеленедеп:

— Айтпақтайын, сол Мұстаризадан не хабар-ошар бар, құдеке? Соңынан шырақ алып түскен сіздің болыстың өрендігі деседі осы ел. Жел сөзді естүте ку құлақпыш ғой. «Бір думдінің тақымына басқан желаяқ жүйрігін мініп кетті» дей ме, әлгі бөлтірігі түскір? Тіпті «өрендіктің бесатарын сініріп кетті» деген қауесет те еміс-еміс жетіл жатыр... Әлде бәрі бос сөз бе? Еріккен желауыздардың бөскені болмаса етті. Біздің қазақ түймедейді түйедей қылуға үйір ғой әманда, — деп сұраулы жүзін Шағалакқа беріп, көзін сығырайта қалды. Анқаусыған кеспірі моп-момақан. Шын ниетімен білмек болып, қызыға сұраған бейуаз жанның қияпты бар.

Алайда, үй иесі монтанысығанмен, кейінгі сөзі бас қосысқан жамағатқа аспаннан жай түскеннен кем әсер еткен жоқ шығар? Себебі – сөздің салмағы зіл батпан курзідей. Жиылғандарға қатысы жоқ батпан болса бірсөрі ғой. Бұл батпан өзгеге емес, құрметті мейманнның дәл өзіне сілтеген шоқиар екені жалпыға мәлім. Шағалақты мензей айтылған сөз екенін салған жерден ұқты бас қосысқандар.

Қабыттай мен молдекенің көздері алақтап ыпның кетсе, Үркіяның бойы тоңазып, қолқа тұсы шым етті. Көзі шарасынан шыға жаздал танауы кусырылып барады. Үяттан өртеніп бара жатқандай күй кешуде. «Масқара-ай, қас масқара болдық қой! Жер неге жарылып кетпейді екен? Жарығына кіріп-ак кетер едім үяттан!» деген оймен тас болды да қатты. Құда жаққа қараута беті де жоқ.

Онысина себеп те бар еді. Дәті қанша берік болса да, отағасының мына сөзі Шағалакқа бір сын болды. Сыр бермейін десе де, өні қуренітіп бара жатыр. Ашууланғанда он жак беті тарта беруші еді. Сол жыбырымен алысып, өзімен-өзі әлек болып отыр. Жамандарға сыр бермеу керек қой қайткенде. «Бұ ұзынқұлак деген пәлеге дауа бар ма! Ит қазақ сөз тасымаса, ішкен асы бойына сіңбес. Бұ елге де іле жетіпті ғой бар оқиға. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рұлы елге жетер» дегеннің кебі де» деген пікір түие тісін шықыр еткізіп, ой кезіп кетті.

Киял деген желдей жүйрік емес пе? Өрі жүйрік, әрі еркін. Бір бел алса, иесіне бағынбай да кетпек. Тілі шаян құдасы еске салған оқиғаны жадына қанша жолатпайын десе де, үшқыр ой сол бір

күндерден бір-ак шығаратынын қайтерсін? Ой тұрмак, хабар-ошар да жеткен жоқ па сонау Есілдің жағасынан? Есіл саласы қайда, мына ауыл ірге тепкен Обаған анғары қайда? Арасы құстың қанаты талатын айнай жазы емес пе? Соның өзінде соны мәлімет лезде жеткен түрі мынау.

Бұз казақ дегенің байыз тауып бір орында отырған ба? Астынан су шыққаннан бетер, дұмі орнығып бір отырмайтынын қайтерсін! Қек шолағын тепеңдетіп ел кызыра береді емес пе, өңшең еріккен желауыз. Қолы бос болған соң, ет аңдып, сөз бақпай жүрсін бе кіл бәспелер. Тыныш жүрсе, бірсәрі ғой. Ауыздары жыбырлай беретінін қайтерсін сөзуар немелердің. Түймедейді түйедей қылмаса, айызы қанбас. Көрген-білгенін сөзben әрлеп, бояуын әбден қоюлатып, өз ойынан да қосынқырап жіберіп, сыйбай конған елге асыға-үсіге жетеді-ау, арамтамақ кезбелер. Конған, түстенген жерінде өсекші қатындардай ауыздары жабыса қалып, пыш-пышты қоздыруға қандай шебер! Әсіресе, игі жақсыларды, атқамінерлерді ағаш атқа отырғызуға құмар-ақ өңшең саппас.

Мына құдасымақтың маңырағаны соған дәлел емей немене? Ту-у Есіл жағасында болған оқиғаны қолмен қойғандай-ақ біліп отырған жоқ па? Жәбір көрген кісілердің аттарына дейін айтып берді әнекей. Қонқақ мұрын иттің жонынан таспа тілер ме еді, шіркін!..

Лықсып келген ашуын әрен тежеген Шағалақ, үндемей отырған ақсақал-қарасақалдарға назар қыдыртып өтті. Мұләйімсіп, көздерін әкеткен түрлери күдік туғызғандай.

Бұлар да бар кепке қанық-ау, дәу де болса. Сазбеттеніп томсара қалған сүдіндері жаман. Бар лақап жеммен жетті десенші. Бәйге аттың қолды болғанына дейін сайрап берген жоқ па, мына жарымағыр неме!..

Өзіне жеккөрінішті болған Доғалаққа қарамауга тырысып, көзін жұмынқырады. Кірпігі айқасуы мұн екен, Есілдің жағасындағы сол бір арпалыс күн ап-айқын суреттей болып жарқ еткені.

Сапалат салқар көші жайлауға бағдар түзеген. Бұйдастын көш құлаш созған сары атаңдар, қызыл нарлар маң-маң басады. Ауқатты ауылдың сән-салтанаты көз тойдырғандай. Нарлардың үстінде қалы кілем, бастарында шашақты асамалдық, бұйдалары

ызба жібек. Көшті жанамалай келе жаткан салтагтылардың әбзелдері үзбе күміс... Пәлен атасынан бай-бакуатты болып келе жаткан әuletтің сән түзегені өзіне жарасып-ақ тұр.

Ұзынан жарыған дәүлетті кісі ағайынға да кеңпейіл келетін әдеті емес пе? Сапалатты панаған жок-жарлының да күйі-жайы жаман емес екені салған жерден аңғарылмай қалмас. Малышы-құлышы, көрші-қолаңың ат-тоны сайлы, көнілдері дейіл. Қародомалақ балалардың шекелері торсықтай, жүдеп-жадаған бір міс-кінді көрмейсің... Не керек, бұқараға қадірсіз емес Сапалат. Өзі де кісілікті кісі. Бар айыбы – Шағалақпен қырбай. Араздықтың себебі бәз-баяғы партия ғой. Қазекең тапқа, жікке бөлінбей түрған ба? Бұрын ру-ру болып тірессе, патшаның низамы шыққан соң, партияға бөлінді де кетті. Аға-сұлтандық жойылып, болыстық управитель деген дәреже шыққаны бар емес пе? Хұқіметтің бұра-тана елдерді бөлшектеудің аяр саясаты ғой баяғы. Болысты елдің өкілдері «выборный лар» шар салып сайлайды. Демек, сүйенер елінің қарасы мол болса, болыстық дәреженің екі тізгін, бір шылбырын ұстадым дей бер.

Сөйткен болыстыққа талас үстінде Сапалаттың қарсы жақты қолдамасы бар ма? Өзге емес Шағалақтың дәл өзімен тірессен. Шайтан азғырайын десе, оңай ғой, пыш-пыштаған дос-жарларына сенген болар. Ондай жалған жанашырлықтың құйрығы бір-ақ тұтам екенін біле қоймаса керек. Жеме-жемге келгенде қолтығына дым бүріккендердің тобы бырдай шашылды да кетті. Сонына ерген аз ру Ырсай үкіметтің қарулы жасағына төтеп берсін бе?

Мылтық асынған казак-орысты айтқатап салған Шағалактың айласы ғой. Бұндай төтен қымылға басу ежелгі әдісі. Жағаласқан соң жауды мұқату керек. «Ұрыста тұрыс бар ма?» дегендей, қазак жолымен ырғассан зықын шығады. Оңайы – ұлыққа сүйеніп, қарулы жасақтың қолымен от көсөу. Ішкі Ресейден шұбырып келіп қоныс іздеген переселендер бар емес пе? Бәріне жер-су қажет. Шұрайлы қоныс байырғы елдің құзырында. Құйқалы атырапты өз еркімен бере қоймайды, эрине.

Сейтсе де, кейінгі жылдары үкімет қазак ауылдарын бұрынғы қонысынан ығыстыра бастаған. Епті болыстар бұл саясатты егес-кендерден өш алу үшін қолданды. Әскердің күшімен ырқына

конбейен өз қазағын бүріп алуға айнаған. Шағалақ та бұндай мекерліктен сау еместін. «Жауды аяған – жаралы» демекші, қидаласқан дүшпаниң көз жасына иісін бе?

Сапалатқа да сол аяр саясатты қолданды. «Хұқіметке наразы. Ел ішінде патша ағзамға қарсы саясат таратады. Кенесарының ереуілін көксеп жур. Кәтіргіден қашқандарды паналатқаны да бар» деген жала жауып, арыздарды қала кеңессіне түйдегімен жолдаған... Ұлықтарға керегі де сол. Қазак казакты көрсетсе, үкіметтің ұпайы түгел. Оның үстіне істің тетігін ұстап отырған сары ала иық, шенді бір ұлықтың өңешін майлап жіберсең, іс тынды дей бер.

Әйтеуір не керек, кеңсенің мөрі баттиған піргауарын алып, Сапалатты айдатып жіберген. Отан, ауыл-аймағын болса, Еслідің жагалауынан ығыстырды. Босап қалған шүрайлы қонысты қара-шекпендер иемденді. Тусырап жатқан өлкені соқасымен тырмалап, егін салып жүр әнекей. Ұлық та мәз, Шағалақтың да ұпайы түгел. Кек қайтып, айбыны асты. Мүйізі қарағайдай серкенің түбіне жеткен шонжардан көпшілік қайтіп ықласын. Бұқара деген қорыққанды сыйлайтыны мәлім. Өтірік болсын, шын болсын, әйтеуір Шағалақ дегенде, момын жамағат қоғадай жапырылады.

Сөйтіп, «дүшпанымды мұқаттым, бау-шарбағымен отадым» деп өркештеніп жүргенде, Мұстариза деген қызылкөз пәле шықпасы бар ма? Сапалаттан қалған жалғыз тұяқ, бөрінің бөлтірігі.

Бұл күшікті адам деп кім елеген? «Байдың болпашы, шикіекте немеде не қауқар бар дейсің? Өз басымен әлек болып жүрген шығар. Аштан өлмес әйтеуір. Ел ішінде ғой» деген оймен ол жеткіншектің барын да ұмытқан.

Сөйтсе, нағыз шағатын қаракүрт сол бокмұрын болып шықты. Жоқтан бар болып, құйындаі соқты әлгі антүрган... Бірінші қастығы – тапатал түсте, қан жайлауда желідегі бар сауын биелерді айдал әкеткені. Қасында үш-төрт қана жігіті бар, елеусіз жолаушы болып келді де, қаннен-қаперсіз жатқан ауылға ойранды салды-ай келіп! Көзді ашып-жұмғанша бар мама биелерді сойылдап айдал әкеткен.

Шағалақтың өзі ел ішінің бір дауымен жол жүріп кеткен болатын. Алайда, ауылдағы ер-азamat сақадай-сай еді. Күдері бел күпшек сан бедеулер белдеуде, сойыл-шоқпар да әзір, азamat та

сай. Отызға тарта жігіт дереу атқа қоныш, қуыш берсін. Қаракшылардың адымын аштырмай заматта жетіш те қалған... Бірақ, жау жасанып келіпті. Қаруы да осал емес екен. Құғыншылар өкшелеп, енді араласамыз дегенде, бір жігіт жалт бере бұрылып бесатардан оқ жұмсаңты. Мерген болса керек, атқан оғы мұлт кеткен жок. Кісіге тигізбей, аттарды мұрттай ұшыра берген... Ағаш келтектерін шошаңдатқан ауыл жігіттері оққа қарсы шапсын ба? Бір-екеуі ат-матымен омака асқан соң-ақ, шаң жұтып қала береді. Сонда әлгі қарақшы жігіт мазақ қылғандай дәл алдарынан ат ойната кес-кестей өтіп айғай салады:

— Бұжылқыны әкеткен мен — Мұстариза Сапалат баласы. Экемді құртып еді Шағалак, ендігі кезек менікі. Аяңбасын мырза. Экемнен жаным ардакты емес. Қолынан келгенін істей берсін. Арызым осы-ақ, — деп қарқылдаپ құліп кете барыпты.

Бір үйір сауын биелер сол кеткеннен ұшты-куйлі жоғалған. Іле іздетіп те көріп еді, жіберген шолғыншылары ай жүріп, құрқол қайтып келді. Ішінде тісқақкан, елсізде, тастай қараңғы түнде жол табатын қырқылжың біреу бар еді. Сол әккі азамат:

— Орал тауына асырып жіберді бұл қарақшылар. Кіші жұздің ұрыларымен жалғасқан ғой шамасы. Қалың жылқыға қосып жіберіпті. Ол жылқының сүрдегі сонау Текеге дейін созылған тәрізі бар. Жолшыбай үш айрылады. Ұшеуі де қалың жылқының сүрдегі. Қайсысымен кеткені бір Аллаға мәлім, — деп болған жәйтті дәттеп берген.

— Тұра тұр, бәлем! Ісім сен күшікпен түссін. Экеңнің соңынан сені жібермесем, бетке түкір! — деп өз-өзіне серт беріп, қанына қарайып алып еді Шағалак. Урядникке де, тамыр-таныс казачилерге да қатты тапсырып қойған.

Уряднігі өзімен көптен бері ашына Протас деген казак-орыс еді. Сапалатты жер аударған да сол болатын. Шағалақтың шағынғанына көңіл беліп, жәрдемдеспеккө уәдесін де берген.

— Құп болады, болыс-еке! Өзіндей көр. Бұл қарақшыны күшіктей қыңсылатып алдыңа алып келмесем, қатын атанып кетейін. Бесатарды ұстағанының өзі асқан қылмыс. Жалба тымақ қазактың әскери қару не теңі? Түйесін бағып, тезегін теріп жүре бермей ме, жабайы неме, — деп ежелгі әдетінше қыр қазағын кеміте сөйлеген.

Қазакшаға жетік болса да, байырғы елді «бұратана» деп мәнсүбейтін. Шағалакты лауазымына бола ғана мойындар еді. Еркінене жіберсе, өзге ұлт өкілдерін ресми билікке еш маңайлатпас түрі бар. Сөйті тұра, қазақтың дәстүріне жетік. Реті келгенде, әсіресе өзіне пайда түсерінде әдет-тұрыпты ұстануды теріс те көрмейді. Қазақтың тағамына тіпті кет әрі емес. Салмағы түйенің жарты етіндей, месқарын неме қазы-қартаны қос қолдан асағанда көз ілестірмейді. Құйрықтың майын шайнамай қылғытқанда, қазақтың мешкейлерінен бетер. Қымызға бас қойғанда, бір тегешті жалғыз өзі тауысады. Қазақтың қасиетті сусынын сіміріп алған соң, сасық арағына жармасатыны және бар. Онысы қолдан ашытатын ақырған самогон. Кекіргенде мұнқіген иісі сұмдық жиреништі. Тізе қағысып отырған Шағалак жүрегі айнып, құскысы келіп әрән шыдаушы еді.

«Мұстаризаны қырам-жоям, тескентау асырып жіберемін!» деп ісіп-кепкен сол мактандың урядникті қарақышылар жер қаптырып кетпесі бар ма. Қарақышылар болғанда әлдекім емес, антүрган Мұстаризаның дәл өзі. Сірә Протастың айналасындағы біреумен жең ұшынан жалғасса керек, мас болғанын андым жүреді екен. Сүбесін сере шықкан соғымның қазысында май басқан урядник онайлықпен масая қоймаушы еді. Жарты шелек ақырған самогонды өңешіне қотарса да, түк көрмегендей жүре берер еді саппас. Тек онсыз да быржиган семіз беті одан сайын кабарытып, жалқындана түсетін. Бірақ ішімдікті қанша көтерсе де, сол сапар тулен түртіп масайып қалыпты.

Әлгі қарақышының құлығына найза бойламайды екен. Жапжас басымен сонша айлакер болар ма? Иініне ескі-құскы киімді іледі де, кайыршы кейпіне еніп Протастың жолын кес-кестейді.

— Тақсыр, мырза, патшаның оң көзісің фой. Бір міскінге садака бер. Сауаптан болсын, — деп аяғына жығылыпты қу мүйіз жігіт.

Тіпті жамау-жасқаудан сау жері жок кебенегінің шалғайымен Протастың етігін де сүрткілепті-мыс. Әдете кедейлерге тастан қатты урядник ондайда қамшыға жармасатын. Бірақ сол сапар сор түртті ме, әлде ішімдікті шамадан тыс сілтегені ме, қамшысын ұмытып «қайыршыны» жұдырықпен бір салыпты. Қарақышының күткені де сол болса керек. Білеziк тұсынан шап беріп ұстайды да, жамбасқа бір-ақ салады. Мас урядник төбесімен жер сүзіп

шанға аунап жатқанда, епті жігіт тапаншасын тартып алғыпты. Отқаруды қолына түсіріп алған соң, зып беріп қашады... Аты әзір тұрса керек, қарғып мініп, құйғыта жөнеледі... Әскери тәртіпке бағынған орыс-казактар қашанда сақ қой. Үшеу-төртеуі үйлерінен атып шығып, оқ жаудырсын келіп... Алайда, Құдай-екең қырына бір алса, іс оңалған ба? Қарғыс атқыр қарақшы бораған оқтың астынан аман-есен сыйтылып шығады акыры.

Бұнысы нағыз бас кететін қылмыс деп жарияланған. Тараптал түсте, кентті жердің қақ төрінде үкіметтің адамына қол көтеруден асқан қастандық болушы ма еді? Ол аздай әскери басшылығы сеніп берген тапаншасын тонап алу деген – тіпті шектен шыққан жауыздық.

Орыс-казак атаулы дур көтеріліп, бар төніректі сүзіп шығады. Ұрсайға қарасты ауылдарды іргесін түріп тастап тінтелді. Кепілдікке алайын десе, Мұстаризада кәрі шешеден өзге жақын-жуық та қалмапты. Әкесімен туысқан етжақын ағайын жер аударылған. Дені сол айдауда жан тапсырыпты. Ашулы казачилер үшқан құс пен жүтірген аңдан өзге тірі жанды адақтап шыққанымен, түк өндіре алмайды. Еңгезердей Протасты бір-ақ сілкіп, тырапай асырған бұзакы жігіт үшты-куйлі жок!

– Бұ жауыз Ұлы жүздегі ілік-шатысына паналяған болар? Ілгеріректе Ұрсайдың бір қызы Үйсінге ұзатылыпты. Жер астына кірсе де табамын! Қатіргіде шірітпей тынбаспын, – деп қапы қалған урядник қанына қарайады. Бірер казачи арнайы тапсырмамен Үйсінге де кетеді.

Сейтіп жауды сонау итарқасы қияннан ізден жүргенде, дәл іргеден шыға келмесі бар ма? Ірге емес-ау, шапанының шалғайына орала кетті десе де сыйғандай. Сол қарғыс атқан күн Шағалақтың көз алдында ап-айқын сурет болып, қаз-қалпында тұр. Қорға кіргенше ұмытары екіталай шығар.

Тақымына басқан бір сәйгүлігі бар-тын. Көп жүйріктің ішінде дарабоздай. Әрі жел жетпес, әрі қылаң болған соң ауыл-аймақ «Күйинкөк» деп атап кеткен. Ұлы дүбір бәйгеге қосқанда сыйбай елдер «Шағалақтың көгі» деп айдар да таққан. Бірақ, аламан ат-жарысқа бірер мәрте ғана қосылды боз арғымақ. «Өкпесі өшіп, зорығып кетер» деп қаупайлаған Шағалақ:

– Топқа салтанатпен бір мінгенимнің өзі бір дәурен емес пе? Бейгесіне де, атағына да зәру емен. Такымым сүйсініп, шерттіре бастырып жүргенімнің өзі артық, – деп қинай қоймайтын.

Ұшқырлығы өз алдына, жүрісі де жайлы еді жануардың. Сар желдіргенде бол-бол қағып, желқайықтай есестін. Оның үстіне мініс көтерер алысшил. Ұзаққұн мінсең де белі босансыған емес. Арбанның белағашында берік сайтулік бірыңғакты жүрісінен танған тұсы болсайшы... Жүзіктің көзінен өткендей мұсіні де келісті. Тәует бас, қақпан бел қазанаттың өзі еді-ау, айтары бар ма?..

Қыған қамыс құлақты, құлжа мойын төгерек, құлтелене біткен жібек жалды Құйынкөкті елестеткен Шағалақ, күрсініп қойғаның өзі де анғармай қалды. Күрсінгеннен өзгеге қолдан келер қайран қайсы?.. Мына сүмпайы құда тұспалдан отырғаны сол көктің жыры ғой. Амал нешік, тұлпарға балаған құйматұяғы қолды болып кеткен.

Бір есептен өзінде де кіна жоқ емес-ау. «Сақтықта корлық жоқ» деген нақылды елемегеннің салдары да. Анау Сәдуақас бас болып, айналасындағы жанашыр азаматтар:

– Мырза, Құйынкөкке сақ болу керек. «Жау жоқ деме, жар астында» демекші, бағыңызды құндейтін ішмерездер жоқ емес. Бетке жампаңдағанымен, арғы жағында көре алмайды. Ұры жұмсақасына кім кепіл? Ең таңдаулы деген жүйріктерге кісен салып, құзет қоймаса болмас, – деп ескерткені бар.

Алайда, бұл сөздеріне мән бере қоймаған Шағалақтың өзі еді.
– Е-е, тәйірі, іші күйісе, тұз жаласын көре алмайтындар. Ер дүшпаны көп болған қашанда. Бұқ көк атты әкеткен қунде де сініре алмас ұры-қары. Шимандай елдің ішінен, болыстың ауылынан бәйге атты есі дүрыс кісі әкете ме? Өле алмай жур дейсің бе? Әкеткен қунде де кімге сата алсын. Құмайкөкті танымайтын қа-зак бар ма? – деп жағасын кенге сала берген.

Шынымен-ақ өзіне қарасты ауылдардың сақтығы күшті болатын. Жарау аттар да белдеуде, апайтас жігіттердің де құлагы қашанда түрік. Тұн баласында бірер құзетші мал басында жатып шығады. Көз түрткісіз тас қараңғы тұнде бөтен кісіні жер түбінен сезетін сақ төбеттер де баршылық. Оның үстіне бәйтекекті күтіл жүрген атқосшы Бекіш балуанға түсіп жүрген әлуетті жігіт. Сол Бекіш сақтық қылыш, Құйынкөкті тұнде кісендері екен.

Шағалақтың келесінде кісіге шабатын бая бура болушы еді. Ботен ат пен кісіні қөш жерден сезетін әрі әккі, әрі долы. Сол бураны да түні бойы мініс аттардың маңайынан шығармай жүрді Бекіш.

Әйтсе де бар қам іске аспай қалғаны. Іспар ұры жырындылығын істеп тынды ақыры. Сүмелек жаңбыр сіркіреп тұрган бір түні, Құйын-кек қолды болды да кетті. Таң ата ауыл ояна, арқандаулы жүрген арғымақ ұшты-күйлі жоқ. Әншейінде сак иттер жұмған аузын ашпапты. Бая бура да ауыл желкесіндегі сортанда өз бетімен жайылып жүр. Ұрылар күзетшілердің мінез-құлқын әбден зертте алған сырқынды болса керек. Уш күн ұдай сіркірепен жауынды мезгілді әдей күткенге ұқсайды. Құдайдың құтты күнінің өзінде үйқы соғатын маубас күзетшілер, жаңбырлы түнде қайбір сергек жүруші еді. Пана іздеп үйді-үйлеріне зытқан болар.

Таңға бір үйқы қалғанда аттарды қөздеуге Бекіш шығады. Түн көзге түрткісіз қараңғы. Сиырлар жатқан арбаларды енді айнала бергенде, бәзбіреу кек желкеден бір салып талдырады да, қол-аяғын байлап-матап тастайды. Есін жиып, дауыс шығарайын десе, аузында тығын. Таң қылаң бере малшылар Бекішті босатып, шүберек тығынды алса, ішінде бір парапқа қағаз. Қағаз бетінде баттиған жазу. Бекіш те, малшылардың біреуі де қара танымайды. Ауылдастар «молда бала» деп атап кеткен Бейсенәлі үстеріне келмесе, әлгі парапқты бәлкім лақтырып та жіберер ме еді, қайтер еді? Басы зеңіп, үсті малмандай су болған Бекіш те жазуға еш мән бермепті. Хатқа шорқақ болған соң қағаз-мағазды керек қылсын ба?

Бейсенәлі умаждалған парапқа назар салуы мұң еді, көзі атыздай болды да қалды. «Мұстариза Сапалат ұғлынан Шағалак мырзага дүғай сәлем» деген жазуы бар екен. «Бұ не сәлем?» деген күдікпен аттарды түгендесе, Құйынкек жоқ! Кісен-місенімен, он киіз ою-өрнекті кежімімен, он екі құлаш жібек арқанымен қоса әкетіпті ұрылар. Тіпті ұзындығы сүйменге жетегабыл темір қазықты да қалдырмай қопарып алып кетіпті... Ауыл дүрк қөтеріле, ал кеп іздесін! Бірақ тәуліктеп жауған нөсер із атаулыны жымжылас қылады.

Атжетер жерлердегі елдерге сұрау салса, боз арғымақты бір де бір жан көрмеген болып шықты. Сүрепеттерін күн мен жел қақтаған жылқышылар, айдаладағы бар қыбыр-жыбырды бағып жүретін қойшы мен бакташылар да түк сезбепті.

— Болыс-екен тақымына басқан бәйге көгі ме? Элгі каскыр соккан жүйрік қой. Пай-пай, еңіреу боз деп сондайды айтады-ау шіркін! — деп көздерін жұма тамсанып кояды да, бастарын тыртыр қасыған қалпы іле-шала, «жо-жоқ қөргеніміз жоқ! Ондай мұсінді ат көзге жер түбінен шалынса керек-ті. Дерегін білсек бүйірмасын!» деп безек-безек болады.

Кулық-сұмдықпен көзі шыққан Сәдуақас әрі-ойлап, бері ойлап:

— Бұл жауға атты біреу шығарып беріп отыр дәу де болса. Біздің ауылда жансызы бар. Бөтен кісіге бура ұмтылып, иттер абалар еді. Іштен шыққан жау жаман қашанда. Малышы-құлшыны, кірме атаулыны тергеу керек! — деп ақыл қосқан.

Бірақ, одан да еш нәтиже шықпады. Ауылдастарды тым қыса беруге Шағалақ та рұқсат берген жоқ. Сойдақтаған із, үстінен түскен іс болмаған соң, жөн-жосықсыз кімді тақымдарсың? Ағайын ішінде наразылық та тууы ғажап емес. Дұшпанның көз-дегені де сол шығар.

Сейтіл жүргенде бір күні оқыс хабар келіп дүңк етсін. «Бағаналының ішінде өткен бір тойда Мұстаризаны көріпті біздің жақтың адамдары. Тақымында Құйынкөк. Сұраған кісіге: «Шағалақ мырза мінгізген күлік қой. Ат-шапан айып беріп, аягыма жығылғанын белгісі де» деп бөседі екен саппасың.

Сұрастырса, рас екен. Ол ол ма? Бағаналының қонысы шалғай жатыр ғой, мына түрган Қарауылдың ішіндегі бір тойтомалақта бой көрсетіпті әлгі антүрган. Мінгені бәз-баяғы бәйге кек. Шағалақ дереу жігіттерін аттандырып жіберіп еді, әлгі кек-сокқан және құйрығын ұстапады. Бекіш бастаған күғын тізгін ұшымен іле жетсе де, қаракшының орнын сипап қалған. Және бір қызығы, ел ішінде сұрау салған мырзаның нөкерлеріне жас-кәрінің берер жауабы да ұқсас. «Е-е, Мұстариза ма? Әлгінде ғана ауылдан шығып кеткен. Ұзай қоймаған шығар. Осы төніректі шиырлап жүр дағы» деген сүйей салды сөздері әзір.

Жұрттың бәрі көргенімен, нақты тұрактар мекенін жан баласы білмейтін болып шықты. Оның үстіне өзі бой тасалағанымен, сәлемі жетіп жатты. Сөзі түйеден түскендей. «Шағалақ әкемнің түбіне жеткен екен. Ендігі кезек менікі дағы. Әкемнен жаным аяулы болып па? Аянбасын болыс. Қолынан келгенін қыла бер-

сін. Тірі жұрсем, мен де қараша қалмаслын. Сүйегім тұғам қалғанша қасарысып бағармын. Құдайдың дүниесі кең болғанымен, Шағалақ екеуіміз сияр түріміз жоқ» деп сырттан айбат шегілті.

Жыбыры сөзге қазекең қандай үйір! Жаңалыққа құлағы түрік желауыздар өжет жігіттің аузынан шыққан әр сөзін қағып алып, шартатарапқа таратада берген. Шағалақтың өзіне де жетті бұл қауесет. Шикі-өкпе бір желбастың домбытпасынан сескенсін бе болыс басымен? Мұртынан күлгендегі де қойған. Жас күшік аузына келгенді оттады екен деп, айылын жисын ба?

Әйтсе де, ойға қалуға тұра келді. Шікіөкпе болса да қолынан іс келетін жігіт екенін қалай мойында ма? Қолынан біреу болса, анандағы төтенше қимылға бара ма? Бұған қоса, айласына найза бойламайтын кү мүйіз болып шықты. Әуелі шама-шарқын, қайратын іспен дәлелдеп, содан кейін ғана ұзынқұлақ арқылы сөлемін жолдағанын көрмеймісің. Сәлемі де салмакты. «Қырам, жоям» деген көбік бөспесі жоқ. «Қолында өлемін!» деп келтесінен қайырады батыл жігіт. Қанын торсыққа құйып алған жанкештің түрі де... Әлде акыл қосып, айла-тәсіл үйретіп отырған жасамыс біреу бар ма арғы жағында?

Әрі ойлап, бері ойлап, бұл қызыл көз пәледен құтылмаққа бекінді Шағалақ. «Ісі асқынып кетті бұл қүшіктің. Истік ұшына шығып та кетті. Көзін жоймаса болмас» деп байлап, бұл істі бір сенімді нокеріне жүктеген болатын. Рақыш деген бір бауқесле ұрыны паналатып жүруші еді. Кісіні түрегеп тұрып бауыздайтын қаныпезердің өзі. Соны оңаша шақырып алып, мән-жайды ұқтырды да:

— Қайдан тапсан, содан тап әлгі бұзықты. Тап та, ың-шыңсыз ғана үнін өшір. Мәйтін елеусіз жерге көме саларсын. Зәуі-сайтан іс әшкере бола қалса, айып-қиыбын өзім көтеремін. Исті ойдағыдай тындырсан, риза қыламын өзінді, — деп тапсырған.

— Құп, мырза, өзініздей көріңіз! — деп келтесінен қайырды Рақыш. Сөзге сараң еді. Іс пен қарекеттің адамы ғой. Бар ескерткені:

— Сізбен араздасып қашып шықтым деген лақап таратамын, мырза. Бұның сырын екеуіміз ғана білейік. Мұстаризаны алдағы соғар айламыз болсын. Ол жігітті табу үшін осындағы бір қауесеттің септігі тиер, — деп жоспар да құрган.

Сол Рақыштан еш хабар-ошар жоқ. Қарақшыны індете алмай жүр ме, әлде сенімін иемденбек болып қасында жүр ме, әзірше

мәлімсіз. Исті біржакты қылмай келмейтініне сенімі кәміл Шағалақтың. Отқа салса, құймейтін, суға салса, батпайтын ысқаяқтың өзі екенінде еш шүбесі жоқ. Саналы ғұмырының денін жортуылда өткізген жүргегінің тәуекелі бар жігіт қой.

Не қылса да сол Рақыштан келетін хабар-ошарды күту керек. Бұзар тентек Мұстариза өз ажалын тапса, мына жаман құдасымақ Догалақ сынды суайттардың өңешіне құм құйылар еді... Әзірше қолдан келері – сабыр сақтап сыр бермеу ғана. Дәл қазір ашу шақырса, мына сүмелек құданың мерейі үстем болмақ. Бұл көкіменің көздегені де сол емес пе?

... Ойдан арылған Шағалақ еңсесін тіктеп алды. Өткен кеткенді жадта жаңғыртқаны бір есептен оң әсерін де тигізгендей. Сан соқтырған оқиғалар болса да, ойы бөлініп, дәл қазіргі ашуын тарқатып жіберді өткен күндердің елестері. Өніне теуіп шықкан қан қайтып, көніл бірленді. Дағдылы орнықты да нығыз қалпын тапқанын да сезіп отыр. «Жоқ, бөспе құда! Саған бола берекемді қашырмасын. Тотыны ақ сұңқарға ілдірейін алдымен. Піскен түйнекті алтын сапты кездігіме тілдірейін. Содан соң бұл құжыранды желкемінің шұқыры көрер ме екен!» деген байлауға бекіл, үй ішіндегілерге маңғаздана назар қызырып өтті. Догалақты қасақана көзге де ілген жок. Жауабын құдаға арнаса да, назар тоқыратқаны Қабытай. Лебізі де нық естілді.

– Бұл алып-қашпа қауесет дегеніміз жел іспеттес қой. Алдыартынды орап есе беретіні бар. Екі елі аузына төрт елі қақпақ қоятын біздің қазекең бе? Еріккен жатып ішерлер аузына келгендей оттай береді де. Кер жалқау, марғау жатқан елміз ғой. Анау орыс пен ноғай бізге сын тақса, таққандай-ак, – деп бір қайырып, Догалаққа көз құйрығын жіберді.

Құдасы аңырған кейіпте. Қадірлі мейманы құбажондатып, сөзді қай бағытқа бұрып бара жатқанын анғара алмай отырган сияқты. Шағалақ майды жымысын мұрт тасасына жасыра беріп, кенесін таратат түсті:

– Қазақтың тубіне жетсе, жалқаулық жете ме дедім. Қәсіпке шорқақпыш. Егін салуға мойнымыз жар бере қоймайды. Абылай хан да арманда кеткен жоқ па? «Қала сала алмадым. Халқыма жер емшегін емуді үррете алмадым» деп күнірене керек-ті ұлы көсеміміз. Қолымызда бары мал ғана. Оның өзін күтуге ерінетінін

кайтерсің қазекеңнің? Домбыраны тыңқылдатып, карнын тыртыр қасып, сәске ауғанша шалжып жатуға қоя бер. Мәндайдан тер сорғалап, жан қиналмаса, мал құттайған ба? Қысыр кенеске, лепірме сөзге шеберміз әйтеүір. Өсек-аяқ теруге де өзге ұлттан көш ілгери шығармыз. Айналысада кәсіп болмаған соң, сыйдыр сөзді сапыра береді де жатыпшерлер. Бұхар жырау айтып кеткендей-ақ: «Жігітке мал бітпесе, шүлдірлеген қызыл тілден не пайда?»

«Қазақ десен өзіңе тиер, алақандай көзіңе тиер» депті ғой бұрынғылар. Ағайынға сын таксам, өзімді де мінеген түрім дағы. Сөз бақсанша, шаруа күйттесе ғой кей туғандар. Мәндай терін сыпыра төксіе, мал неге құттаймасын? Үй-жай да түзелер ме еді, қайтер еді? – деп сөзін үзді де, аз бөгеліп барып, назарын босаға жапсарлас туырлықтың жамауына аударды.

– Сонау шұрық-шұрық киізді көргендегі келген ойлар ғой. Әбден тозығы жетіпті... Қабыттай-ау, ағайынға қарайласпаймысың? Бір өре киізде не түр? Бере салсаң, сауаптан емес пе? Осы жолы ауылға оралған соң-ақ, атанға тоғанактап артып жібермесем болмас. Мейман түскенде құдамыздың жүзі жарқын болсын да, – деп кеңпейілдімсіп, Қабыттай мен Доғалаққа алма-кезек көз тастап қойды.

Бұл сөзі Доғалақтың кекесінің оралғысы іспеттес екенін үйдегілер түсіне қалды, әрине. Ұрқияның бетінен оты шықты. Доғалақ болса, қапелімде не дерін білмей аңырап қалған. Соқтығайын десе, жүрттан ұят... Және не деп ұрынады? Намысқа тиер сөз болса да, ілікке сылтау жоқ сияқты. Шүлесіп, қол ұшын беремін дегеніне жазалы емес қой құдасы. Ұрқия сияқты ұялған да жоқ Доғалак. «Әдірем қал! Үйімді қорашсынсаң келмей-ақ қой. Көрмегенім шартық қарын бай-манап болсын. Сен сияқты жүртты зарлатып бай болмай-ақ қояйын. Қанша момынның көз жасы жоқ дейсін, сенің анау төскейге симаған көк ала мен торы алаңда» деп ішінен құдасының сыбағасын беріп те жатыр.

Ұрқия жаман ұялып, жерге кіріп кете жаздағандай күйде отыр еді, Қабыттай отырган жерінде қоландалап тамағын кенеп алды да, жүрттың назарын өзіне аудара берді.

– Ойбай-ау, Шәке, алдымға келген ағайынның бетін қайтарған күнім болсайшы. «Жыламаған балаға емшек бермейді» демекші,

кай үйдің тесігін андиын? – деп күліп жіберді дс, оң қабағын серпе керіп Доғалакқа қырындай көз тастады, – бұғ бауырымыз пәлендей мұқтаж болса, бірсәрі. Бір кора уақ малы бар кісі кімге қол жайғандай? Құйматұяқтан да кенде емес, Құдайға шүкір. Ар жағында өзі құннтамайды да. Сабазымыз серілеу еді. Сері көніл шаруаны қүйттесін бе?.. Бұғ үйдің берекесі анау Үркіямен ғой. Азды көптей, көпті көлдей қылыш ұқсата біледі. Іске қылап әйтеуір. Осының пысықтығы болмаса, күйкі тірліктің күйбеніне пыскырмайтын Доғалак-екең қолдағы барды желге ұшырып жіберер ме еді, қайтер еді? Демек, тәменетектіге деген аузының салымы бар-ау, бұл бауырымыздың, – деп өзі де кенк-кеңк күліп, үйдегілерге де езу тартқызды.

Өзгелерге косылмай салмақ сактаған Марал молда ғана. Тегінде күлкі тұрмак, езу тартқанды жеңіл мінездің нышаны деп білер еді. Ән-күйді де жақтыра қоймайды. Домбыраны «нәпсіні қоздыратын аспап, жын-шайтанның ермегі» деп өзі отырған жерде тартқызбайтын. Осы тұйықтығын өзінше бір бел көріп, Доғалақ сияқты әзілге жақын, әнге үйір ауылдастарға «желөкпес» деп айдар да тағып қойған. Реті келсін-келмесін, екі кісінің басы құралса-ақ, тәлімсіп бітетін. Бұл жолы да қекейіндегісін ірке алмады. Маңызсыған нысайға міне, сақалын тарағыштай отырып:

«Әфәндәнің насиҳатын қайсың хата дерсің? Жаббар иемізді ұмытып барады да пендeler. Баққаны – сыпсың сөз. Фәни жалғаның қызығына батқан кісі нәпсісін семіртумен әлек. Бескүндік тірліктің тартыс-таласын қуумен әүре» деген сөзben кенет таспигын ортан қолына іле сала, саусақтары тарбиған алакандарын жоғары қотере берді. Бейне бір Тәнірге жалбарынған мүмин дерсің. Көзі жұмулы. Үнін созыңқырап, қуніреніңкі мақамға сала сөйлей берді:

– Уа, жарандарым, сәждеге бас қойып, бес рақағат намазынды каза қылмағайсың! Сананды бөтен ойдан арылт. Қекірегінді нұрға толтырып тек тағриф Алланы ойла. Бұғ фәнидің нәжісінен без, ағайын. Шын дүниені, мәңгілік мекенінді естен еш шығарма. Жүргегің таза болса, өсек-аяңнан өзің де безесің. Бөтен сөз – әзәзілдің ісі. Шаригаттың насиҳаты ғана шын бастаушың, Уа, Жаббар ием, кешіре көр кіл күнәқар пендelerінді. Шағалақ мырза, Қабыттай мырза сияқты жақсы-жайсандарымызды пәле-жаладан қаға көр,

әүмин! – деп сексеуілдің былтығындаі сом саусактарын тырбита өңін сипады.

Жақсыларды ауызға алған соң, молдекенін үлгісіне ермеске әдді бар ма? Үй ішіндегілер: «Әүмин» деп жамырасып, Маралдың қымылын қайталауды. Дәл осы сәтті күткендей-ақ липпыл қаққан даяшы жігіт үйеме табақ етті ұстап, табалдырыктан аттай берді. Бұл жігіттің ізін ала және бір ынғайлыш бозбала жез леген мен иір мойын қашғари күман ұстап келе жатыр. Бір нығында ұзындығы сала құлаш ақ дабы түкті сұлғі.

Доғалақ кіріп келе жатқан бозбастарға жалт қарап, үйдің иесі өзі екенін еске жаңа түсіргендей атып тұрды да: «Ал, ет келіп қалды, ағайын. Ал пұрсатана болса, кол жуғызыайық» деген сөзben дастарханның ортасынан табаққа орын босатуға кірісті.

Липпыл қаққан даяшы жігіт оң жақтан бастап, үлкендердің қолына су құя бастиады. Кісесіндегі күміс қынынан мүйіз сапты шашпасын шығара берген Қабыттай, етті көрген соң қутын қағып, көңілденеңейін деді.

– Е, бәсе! Манадан бері тіл емізгенше сөйтпеймісін, Доғалак ау. Аш қарынға не қылған кеңес ол? Мейманды алдымен тойғызып алмаймысын? Анау білем-білем құйрықты, мейіз қазыны уыс толтыра асап алайық, батыр-еке. Содан кейін сапыра бер әңтіменді. Тек дәмдісінен жіберші, көкетай. Көңіл тербелетін «Сейфулмәлік», «Бозжігіт» деген қиссаларды термелет... Қайтесің кеңеуі жоқ кеңестерді? Бөтен сөзден миым ашып кететін. Өзі мардымсыз немені ашытып, быршытып жіберсең елден ұят та! – деп ез әзіліне көңілі көңішіндегі қарқылдай күліп, ұстарадай липпыл даған бәкісін онтайлай берді.

– Ал, кәне, Шақандай шандоз қонағымызға өз қолыммен турал берейін! Әкел анау бас пен жамбасты. «Бас ағанықі, құлак баланықі, жамбас батырдықі, жақ қатындықі» деген. Ағамыз да, батырымыз да осы мырзамыз, – деген сөзben кішірек табақтағы баппен үйітлген бас пен майы түрілген жамбасты Шағалаққа ұсынды.

Қол жуудың ырымын жасаған Марал молда таспигын төсқалтасына сұңгіте беріп:

– Әлбетте, әлбетте. «Тоғызыншы тілек тілеңіз, төреңіз тақтан таймасқа!» деген екен Бұхар жыраудай данамыз. Ең алдымен,

осы Шакандай серкелеріміз дін аман болғай. Қарадан шықкан ақ сүйек мырзамыз, ел қаймағы осы кісілер ғой. Санасы кемел иғи жақсылар елді бастаған әманда. Саятсыз көпшілік он-солын қайдан танысын өйтпесе? – деп бұл дағы күлтек сөзбен көпшілік тастауға асықты.

Қабыттайға еріп келген ақсақал-қарасақалдар да жамырасып, молдекенді қостап жатыр:

– Айтарың бар ма? Біреу мал бақса, енді біреу ел бақса керек-ті.

– Хүкіметтің низамын әбден зерттеген дарабоз ғой Шақандар.

– Биліктің жолына да жетік, несін айтасың! – деген үндер жарыса шықты.

Бұлардың қошеметіне қосылмаған үйдің иесі ғана. Ет турауды сұлтаулатып, екінші табақтағы семіз сүбені жәукемдеп жатыр. Құлықшыл Қабыттай ортан жіліктің етін жапырақтай түсіріп, Догалаққа сыйсия көз тастады.

– Уа, үн шығармаймысың былай? Ас иесімен тәтті деген қайда? Шақанды хан көтере қошеметтеп жатыр мына жұртың. Жалғыз сенің құдаң емес, жалпак елдің маңдайына біткен шаһбаз ғой. «Жақсылың жақсылығын айт» демекші, жақсы лепесінді аяп тұрмысың, мұндар-ау! – деп Сәдуақасқа көз қысып қойды.

Етке бас қойған халайық бұл сөзге мән бере қойған жоқ. Бастың құйқасын жапырақтай турал, дастархандастарға жағалай үлестірген Шағалақ та естімегенсіп отыр.

Осыны пайдаланған үй иесі мадақ сөзден іркіліп қалды. Үркия тұздықты жаңа ғана екі табаққа құйып шықса да, маңдай терін білгімен бір сиптирып өткен Догалақ дауысын шығарыңқырай:

– Эй, қатын, тұздығың қайда? Құйсаңшы былай! Ет өңештен өтер емес мүлде. Жұрт қақалып отыр әнекей, – деп тұздықты сұлтау қылып, сөзді басқа арнаға бұра берді.

Үркия аң-таң күйде жамағатына көзін бір төңкеріп өтіп, «Құдай қосқан қосағымның сиқы осы болса, амал нешік?» дегендей нысайға мініп алып, тостаған мен ожауға және қол созды. Жас еттің үстіне сары ала сүр казы мен жая да туралып жатыр. Жуасы мен бұрышының иісі мұрын жарған ыстық тұздық та молынан құйылды. Бұы бүркүраған майлы ет алдына тартылса, өзге істі қажет қылған ба қазекен? Сөз атаулы естен тарс шықты. Тіпті жаңа ғана небір мадақ сөзді иемденген Шағалақтың езі де ұмыт

болғандай. Бес кармакқа жамбастың майлы қыртысы іліккен соң, екі ұрт сілекейге толмағанда не қалды? Тіске анау сүбенің семін етегі, құйрықтың білем-білем майлары тиғен соң, сөз-мөз дегендеріміз болмашыға айналары белгілі құбылыс қой. Себебі, ойсананы ежелден асқазан билесе керек-ті. «Ет десе, бет бар ма?», «аш кісіден ақыл сұрама» деген сөздер бекер айтылмаған шығар.

Сол сияқты екі табаққа ентелей түскен меймандар мен ауылдастар үй иесінің сөзі түглі, өзін де ұмытқан сыңайда. Оған кейіген Доғалақ жоқ, әрине. Өзі де қазақтың баласы емес пе? Ала таңнан бері қарбаласта жүрген соң, кәдуілгідей қарны ашып қалғанын енді ғана сезгендей. Ұысын толтыра-толтыра құйрықтың майын ауызға жөнелтіп еді, арғы жағына ауыл-үй қонайын деді. Құйрықтың майы жұмсақ қой жарықтық. Шайнамастан бүркітше қылғыта бересің. Жұмырықтай-ақ кесектері сынаптай сырғып өңештен өте береді.

Меймандарға назар қыдыртып өткен Доғалақ еріксіз езу тартты. Халайықтың есі-дерпті сары ала сүр мен былқылдай піскен жас етте. Өзге әлеммен еш іс-місі жоқ сияқты.

«Е-е, халқым, мен білмейтін қай сырың бар еді? «Халыққа жағайын десен, қазаның болсын, Аллаға жағайын десен, азаның болсын» деген мәтел текке айтылмаса керек. Сөзінді өткіземін десен, бір бағланды сойып бер де, жегіз ағайын-анжы, сыйай-хошинаға. Сапырып-сапырып қымыз бер. Етке сылқия тойып, қымызға кекірік аздыра қансын көпшілік. Сол мезгілде ойыңа алған сөзді көйтіе бер. Шыбындаған жылқыша бас шүлғымаса, маған кел! Қарны тойған соң жыртысында жыртып, сойылынды соқпаған қазекенді көріп алайын» деп түйіп, сүр телшіктің мейіз түсті қалың қыртысын жаптырақтата турай берді.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Мұстариза

Есіл алқабындағы айһай жазы. Шыбынсыз салқын жаздың шілінгір шілдесі. Мезгіл – құлама бесін. Мал тұяғы тимеген көдеңіл бозбен үш салт атты сыйылдатып келеді. Жетектерінде бір-бір қосар ат. Өкше іздері өзен анғары болса, жөн түзегендері сонау көз ұшындағы бүйрітті өлке. Аттарына қарағанда, осал-оңтағай жүргінші емес екені, жіті көзге бірден мәлім болғандай. Тақымға басқандары кіл жарада күлік. Ауыл арасына жүргүре ғана жарап шобыр емес, емен бел алысшыл бедеулер екені оқтаудай қатқан порымдарынан-ақ белгілі. Қосақтағы аттардың арқасы бос емес. Біріне шағын қос, біріне қоржын-қолаба артып алыпты. Бұл жабдықтары ми даалаға түнеп жол көрген, ысылған жүргінші екендерін анғартқандай.

Ат-әбзелде көзге ілігер жылтырақ жок. Жүргіншілердің киім-кешегі де қарадүрсінділеу. Бастьарында жылқышылар киетін далбай, ійндерінде қонырқай түсті түйе жүн има шекпен... Үш жолаушы да қылқан кескендей жас жігіттер. Жастары да шамалас, бой түрпаттары да ұқсас бұл бозбастар Үрсай елінікі. Ортадағы бөрте атты жігіт Мұстаризаның өзі. Сапалат байдың жалғыз ұлы, Шағалақ сынды шонжармен ұстасудан тайынбаған азамат. Қамшылар жағында үзенгі қағысып келе жатқан Жакия деген құрдасты. Қошқар тұмсық, бүркіт қабакты, сүдіні сопақтау келген қы-

зыл шырайлы жігіт. Мұстаризаның ағтанар жағындағы үзенің сінің ныснысы Шәризат. Шомбал бітімді жауырынды жігіт. Доңгелектеу келген қоңырқай өні құнғе әбден тотықкан, түбіт мұртты, кішірек көзді. Бойы аласалау келсе де, бір кісіге әлі қантал. Өзінен әлдеқайда зор денелі жігіттермен күресе кеткенде жеңістік бере қоймайтын шымыр азамат.

Асылы, Мұстаризаға ерген екеуі де осал емес. Шәризат белдесуге мығым болса, Жакия ат үсті арпалысқа әккі. Бұл екеуінің де ата-бабалары Сапалат әулетінің жылқысын бақсан. Экелері болса әлі құнғе қолдағы бар малға бас-көз болып жүр. Ауыл несі Сапалат бай Шағалақтай шонжардың қырына ілігіп жер аударылғанда, қалың жылқы да талан-таражға түсті. Сапалатты тұтқынға алғанда Ырсай жігіттері дүр көтеріле ара түсіп қарсылық көрсеткен болатын. Урядник әкелген бірер орыс-казак соққы да көрді. Сол тіресудің айып-кибы деп, болыстың төнірегіндегі пысықайлар ата малға құрық салған. Бермеуге шараң қайсы? – Үкіметтің әскерімен тайталасқанын үшін бар еркек кіндіктің қылға тізгендей қылып итжеккенге айдаймыз! – деп атқамінерлер қоқанлоққы салған жок па? Солардың кесірінен шұрқыраған тоқпақ жалды торы алалардан осы күнде қолда қалғаны жүрнағы ғана.

Бірақ, Сапалатты сыйлаған ағайын тұралап қалған әулетке кол үшін беріп, жоқшылықтың зардабынан арашалап бақсан. Көп ұзамай Сапалаттың дәм-тұзы түгесіліп еді. Топырағы сонау итжеккен жақтан бұйырған болатын. Эйтсе де, көзі кеткенімен, ісі өшкен жок. Марқұм кенпейіл кісі болатын. Ағайын тұрмақ, кірме, консықолаңшыға да қамқор еді. Малшы-жалшыны да кейітіп көрген емес. Сол кеңдігінің арқасы болар, Жакияның әкесі Мәпит те, Шәризаттың әкесі Ісләм да бай шанырағының төнірегінен кеткен жок. Сапалаттың қара жамылып отырған жамағаты Жанатқа келіп:

– Бәйбіше, байекеңің қырын қабағын көрген күніміз жок. Жоқ-жұқанаға пана еді жарықтық. Жақсы күнде тату едік, енді мынандай апат үстінде сырт бергеніміз иттік болар. «Шықсақ тे-ріміз, жатсақ көріміз бір» демекші, басқа не салса да, әманда қасынан табыламыз, – деп өз тілекtestігін білдірген.

Содан берігі уақытта қолда қалған азын-аулақ малға ие болып, бәйбішені күттіп күнін көріп жүрген жайлары бар. Жанат бәйбіше ер мінез кісі еді. Азаматы қайғылы халге ұшыраса да жасыған

жок. Бойы томашадай ғана нәзік әйел табанды мінез таныта білді сол алмағайып кезде.

Шағалақ шонжар урядник пен мұздай қарулы әскерді әкелгенде Мұстариза он алты-ақ жаста еді. Дене бітімі шешесіне тартқан, жүқалау болатын. Жанаттың сүйегі нәзік, бәденді әйел ғой. Жалғыз ұл өң жағынан да аумаған анасы. Қой көзді, қыр мұрын, жазық мәндайлы болып өсіп келе жатқан. Ақкұба, қайқы кірпік әлібі жігітten гөрі қызыға лайық десе де болғандай. Мінезі де мейлінше сынық. Әкесі отырған жерде тіл қатуға бата алмайтын.

Марқұм Сапалат алдағы тағдырды болжагаңдай-ақ, жалғыз ұлды еш еркелеткен жок. Керісінше, пысысын дегені ме, Мәпіт пен Ислэмгә қосып жылқы бағуға жиі-жиі жіберіп тұратын. Өзі ірі денелі әлуетті азамат, баланың нәзік сүйекті болып туғанына қынжылұшы еді. Мұстаризадан кейін туған екі қыз болса, әкеге тартқан. Қоңырқай өнді, әрі бойшан, әрі тығырышықтай толық болып өсіп келе жатқан... Сапалаттың шешесі, қарт әже Шәмшібапу, Мұстаризамен тетелес қол-аяғы балғадай Жанарға қарап отырып: «Бұ шұнақ Құдайдың қылғанын қайтерсің? Мына қыздан шынашақтай ғана шөметейді аяғанын көрмеймісің? Қазір ғой Ризашыма бауыр болып жүрер еді» деп кәдуілгідей кейір еді. Мұстаризаны Ризаш деп еркелеткен де әжесі. Сол қарияның аузы дуалы болып, кейін бар ағайын-анжы «Ризаш» деп атап кеткен.

Әкесін пірдей сыйлайтын Мұстариза, айтқанын екі қылмас еді.
– Балам, өмір дегенің – ер-азаматқа бір сын. Сейіл-сауығы аз, сергелдені шаш-етектен келеді бұ шіркіннің. – деп бастап, қабагын түйінкірей, тусін сұтынқырай шешіле сейлеп кететін көкесі.

– Байдың баласымын-ау деп кергіннен сақтан. Дәulet дейтініміз – қолдың кірі. Аяқты мал деген не тәйірі? Мында айдаған ауқаттылар бір-ақ жүттән сымпиып, жүтеген ұстап шығатынын да көзіміз көрген. Соңдық, бойынды жинақы ұста. Болбыр, бос болғаннан жаманы жок. Отқа салса, күймейтін, суға салса, батпайтын самдағай жігіт болғанға не жетсін, шіркін! «Ашаршылықта бай баласы бұрын өледі» деген нақыл сөз бар. Жаны бар ма дедім осы сөздің. Бекер болса, ел жадында мәтел болып қалмас еді. Мынжылдық тәжірибелің қорытындысы да... Кедей баласы көнгерлі келеді қашанда. Жарты күрсақ аш-тоқ жүрсе де, ашық-тесік

шокпыт киім кисе де, бойын ымшық-шымшыққа алдырымайды. Үлгіні содан алсаң етті ендеше, – деп кенес берер еді.

Әкениң сол ширатканы кейін дәтке қуат та болған. Зорлық зомбылық дегеннің не екенин ерте түсінуге тұра келді ғой. Сол бір қаралы күн өле-өлгенше естен кетпес. Әкейдің Шағалақ атты бір азұлы шонжармен текегіресіп жүргенінен аз-мұз хабардар болатын. Өзі айтпаған соң қазбалап сұрауға бата алмаған. Мұрты жаңа тебіндеп келе жаткан қырқын көгілдір бозбас ел таразысын, дау-шар, атқамінерлердің тартысын керек қылсын ба? Шешесі оқта-санда құрсінетінді шығарып, қабағы келіспей жүргенін байқап еді. Бірақ пәлендей мән бере қойған жоқ. Әйел заты уайымшыл, көз жасына ерік бергіш келеді деп билетін.

Ел жайлауда отырған кез. Маусымның мамыражай күні. Есіл саласының шалғыны жібектей. Сапалат ауылсының сабасы күмпілдей пісіледі. Бес биенің терісінен тігілген бұл сабаны Мәпитетің үлкен ұлы Зәкария балуан ғана пісуші еді. Өзге жігіттер болдырып қалатын. Ауылдың сыртында салқар желі. Жұзге тарта байланған биені сауыншылар жебелей саудады. Бар биенің адактан шығып, соңғысына жеткенші қайтадан бастап саууға тұра келетін. Қара сабасы үнемі инеп тұратын дәүлетті, мейірбан ауыл болған соң, қонақ үйден мейман арылмайды. Мама агаشتа дайім ерттеулі аттар жусап тұрады, боз орданың төрінде ақсакал-карасақалдар жамбастап жатар еді.

Сапалаттың қолы ашық болса, Жанат бейбішенің пейілі кен. Үлкендерге «ағалап», жасы кішілерге «қарағымдап», «шырағымдап» жүргені. Содан болар, бұл ауылда аш-жалаңаш, мұқтаж жан болмайтын. Себебі, малы аз ағайын байдықін пайдаланады. Сауын, мініс түгілі, сойысы да ауыл иесінің есебінен. Байырғылар тұрмақ, бұралқы кірмелердің тұрмысы бакуатты. Малшықұлшының киімі бүтін, қарны ток. Сапалаттықіне жолаушылап келген сырт елдің адамдары бір қонғаннан-ак:

– Пай, пай, шіркін, естімеген елде көп-ая! Қайырымды деп осыны айт әнекей. Кой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман өтіпті деседі ғой бұрынғылар. Мына ел сол бір азызға айналған дәуірді еске түсіргендей. Жарлысы мен байы тен, ымырашыл екен бұ Ырсайын, – деп тәнті болып аттанар еді.

Мұстариза қаршадайынан-ақ әкенің беделін арқа тұтушы еді. Сыртқа білдірмесе де, ішінен елге деген абыройын мактан көретін. «Аскар таудай панам бар» деген ұғыммен жетіліп келе жатқан. Уайым жоқ, қайғы жоқ, ол бір алтын дәурен еді-ау. Байдың ұлымын деп қопиуды білмесе де, ата дәүлетін мызғымас бір ұстындай көретін. Сол бейістей уақыт пышақ кескендей үзілді де кетті.

Жакия мен Шәризат бар, үшеулеп саятқа шықпақшы еді. Жакия қаршығасын баулып, соны алғаш сынамақ. Мама ағаштың қасында тұрып, енді аттанғалы жатқанда дала жақтан айғай жетті.

— Ойбай, казачилер келіп қалды! Шағалақ ғаскер әкелді! — деп, тай мінген бала шырылдап келеді екен. Бұл ел орыс-казак әскерін «казачилер» деп атар еді.

Іле ауыл иттері абалай жөнелді. Киімі жат, мылтық пен қылыш асынған әскерилерді тәу көргендері ғой. Әскер дейтін саны да көп емес. Жиыны он шақты солдат қана. Алдарында шартық қарын шикіл сары урядник. Урядникпен үзенгі қағысып зор денелі казақ келеді. «Шағалақ осы болар» деп топшылады ішінен.

Болжалы дұрыс болып шықты. Құміс кіселі, құндызы бөрікті, мауыты шапанды ак сары өнді кісі Шағалақтың өзі екен... Жат кіслер келе сала әзірейлдей төнген. Елдін зәресін ала, салған жерден қокан-локқы жасап келді. Абалап ұмтылған иттің алдыңғысын мылтықпен басып салған. Тарс ете атылған әскери бесатар, зу еткен оқ, қанқ етіп қыңылаған қанышытың үні бейбіт ауылдың берекесін қашырды да жіберді.

— Сапалатты тұтқынға аламыз! Міне, соттың хұқімі, — деп урядник қағазды көрсетіп еді, катындар жағы дауыска салды.

— Ойбай-ау, не жаздық? Қаннен-қаперсіз отырған бейуаз ел едік. Жан баласына қиянаты жоқ еді мырзамыздың, — деп жалынған ақсақалдардың үніне құлақ асқан зорлықшылар жоқ. Жат пиғылды қарулы солдаттар ауыл иесіне ұмтылды.

Үрсайдың «келсөң, кел» дейтіндей қауметті жігіттері жоқ емес қой, Құдайға шукір. Ұры түсіргіш, сойылға мықтылары да котанда жүрген. Қосемі Зәкария болып, казачилермен шартпа-шұрт жағаласа кетті жүректі азаматтар... Сол бір күні от қарудың қаһарын алғаш көрді Мұстариза. Бақан бойлы, сіңірлі Зәкария алапаты асқардай балуан болатын. Бәстескенде атан өгізді арқалап кеткені де бар. Әкеге кісен салғалы түрған екі солдатты екі

қойып, талдырып жіберді. Үшінші орыс-казак қылыш сілтеймін дегенде, дырау камшымен тас төбеден және тапсырды. Абадан қасқырды бір сілтегеннен септей катыратын, өзегіне корғасын жүгірткен жиырма төрт таспа жылан бауыр ондыртын ба? Әсіреке Зәкарияның әлуетті қолымен сілтенсе. Қылышын енді көтөрем деген казачий көзі бағжаң етіп мұрттай үшты. Зәкарияның қымылы дем берсе керек, ауылдың жігіттері әскерге лап қойда. Қолдарында қамшы мен келтек.

Осы кезде ес жинаған мес қарын урядник тапаншасын кезеп:

– Ат бүлікшілерді! Патша ағзамның әскеріне қару жұмсады!

Қырыш сал өңшең наисапты! – деп бакырып-шакырып, солдаттарға бүйрүқ бергені. Онсыз да үрейі ұшқан жат кіслер қарап тұрын ба? Әскери тәртіпке бағынған казачилер оңай алдыра коймайды, әрине. Естерін жинап қаруына жармасқаны сол еді, ізінше бірнеше мылтық қосамжарлана гұрс берді. Қанға боялып Зәкария қалды, сойылын онтайлаған өзге жігіттер де жапырыла құлады. Ауыл үсті айғай-ұйғай, жылаған бала, шыңғырған қатын-қалаш. Іс насырга шапқанына көзі жеткен Сапалат урядникке қос қолын өзі ұсынды:

– Сала бер кісенінді! Тек ел арандамасын. Іздегенің мен ғой, – деді де іле ауылдастарға бұрылып, – хош, ағайын! «Еркек тоқты – құрбандық» деген. Азаматтар босқа қырылар. Енді тырп етпендер, жігіттер, – деуге ғана шамасы келді.

Сол сәттегі әкейдің бейнесі көз алдында ап-айқын суреттей болып қалыпты. Әншнейндегі қара торы жүзінде қан-сөл жок. Қабақ түйілген, еңсе түскен. Қаракер көздерде қайғы тұнған. Шарасыздық қайғысы.

Әрі елге беделді, әрі қайратты азаматтың еш іс-әрекет қыла алмай сынғаны тым аянышты екен. Темір ноқта басқа түскен соң тұяқ серпуге шараң қайсы?.. Әкенің осы кеткені біратола кеткен екенін жүрек шіркін сезсе керек. Кеудеден шыға жаздағандай ат-қақтай соғып, қорқынышты мұлдем ұмыттырды. Аспан қақ айырылып, ақырзаман төнгендей көрінген. Әкеден айырылса, жарық күн мәнгілік ешетіндей болып, естен айырыла жаздады Мұстариза. Жалаңдаған қылыштарды елемей:

– Қеке! Қекетай! – деп тұра ұмтылғаны.

Енгезердей казачий жалт бұрылып, мылтықтың дүмімен бір салды. Кеудеден келген ауыр сокқы гүрзідей-ақ тиген. Әкеге же-

те алмастан қалпактай ұшты да кетті. Демі жетпей аузын бакадай ашып, үйелеген көтеремдей әлі құрып, құлаған жерінен тұра алмай қалған.

– Соқ итті! Бөрінің бөлтірігін қарай гөр. Таңытайын әкенді, бәлем! – деген ызбарлы айғай шығып еді, іле білеуіт қамшы жауды да кетті. Өз жігіттеріне бүйрық берген Шағалақ екен.

Қарудан ыққан өзге ауылдастырып ете алмаса да, шешесі шыдай алмады. Ананың жүргегі балаға қайтіп елжіремес? Үкідегі ұшып келіп қамшыға өз жонын тосты. Судыраған жібек шапан, жаулығы аптақ қардай, келбетті де байсалды порымы қамшы сілтеген жігіттерге әсер етсе керек, жау жағы іркіліп қалды. Қанша бетпак болса да қазақ баласы ғой, Шағалаққа ерген нөкерлері ел анасына қамшы сілтей алмады. Жасыл жиекті қокырайған картозынан айдары шұбатылып көзіне түскен еңгезердей орыс-казак қана гүж етіп:

– Эй, маржа, былай тұр! Сені де әкетеміз абақтыға әйтпесе, – деп мылтығын кезене берді.

Бойы томашадай ғана шешесіне жаны ашыған Мұстариза шыдай алмай:

– Апатай, араласпа! Тіл ұқпайтын найсаптар қадірінді білмес, – деп айғай салды.

Бірақ, шешесі тайсалған жоқ. Шағалақтың алдына жетіп барып:

– Эй, қубас неме, тарт қолынды баламнан! Асыранды ұлың бар деп естігем. Туған балаң болмаған соң, мейірім дегенді білмессің сен жауыз. Осы қылғаның асыранды балаңның басына келсін. Еркек болсаң, ер-азаматпен жағалассаңшы. Қатын-қалаш, бала-шағамен егессен, өзің де қатын болғаның... Айтқаным айтқан-ақ. Осы жерде мына жендеттерің бауыздап кетсе де тілімді тартпаспын! – деп оқты көзін шонжарға қадаған қалпы қабағын түйіп алды да, дауысын удете түсті. Әр сөзі үкімдей естілді.

– Қырық жыл бай, қырық жыл кедей болмас деген. Сен де ғұмыр-бақи тайрандай бермессің. Зауал шағың туар әлі-ақ. Момынның сілесі қатты болады деген. Бейуаз жатқан елді қанға бөктірдің. Осы қылғаныңды ұмытпа, Шағалақ! Таңда маһшар күні болғанда бөзіңе таласар әлі-ақ, нақақтан күйген мұсылман баласы, – деп қасқайып тұрып айттып салған.

Сөз жарықтың бас жармаса тас жарады емес пе? Қаниша бұйрек болса да, Шағаләк ет пен сүйектен жаралған жұмыр басы пенде ғой. Қарғыстан сескенді ме, елдің сөзінен ықты ма, әйтеуір істі өршітуден бас тартты. Тіс жарып жауп та қатқан жоқ. Урядникке ым қағып, нөкерлерін ертіп кете барған. Әкей де сол кеткеннен оралған жоқ... Серкесінен айырылған елі болса, сен соққан балықтай есентіреді де қалды. Оқтың жарасынан көп ұзамай Зәкария көз жұмған. Сол бір қаралы күні от қарудың жойқын күшін және бір мойындап еді Мұстариза. Екі иығына кісі мінгендей мауыздай азамат, тырнақтай-ақ жарадан көз жұмса, қайтіп мойында массың мылтықтың уытын?

«Қара шоқпар мен қақ сойылдан қайран жоқ екен. Тіпті садақ пен найза да бесатардың қасында бұйым емес. Мергендердің орама шитісі де атысып соғысуға қолайсыз. Мықтағанда аңға ғана жарайтын қару ғой. Қос аяғын құрып, баптанып жүріп бір-ақ мәрте атқаныңша, бесатарлы солдат өзінді пәлен мәрте жайратып салмақ. Бүгінгі заманының Тәнірісі зауыттан шыққан әскери мылтық екен-ау. Ия болмаса жуан қарын урядник шошандатқан тапанша болса ғой, шіркін! Осының бірін қолға түсіру керек, не қылса да» деп түйді ішінен.

Өйткені, әкениң көзі кеткен соң-ақ, есі-дерті тек кек қайтаруда еді. Қанын торсыққа құйып алғандай хал кешіп, жау қолында өлмекке бел буган... Сол бір алмағайып кезде асқан табандылық таңытқан анасы Жанат еді-ау. Әйел басымен рухы құрыштай берік екен. Үрсайдың бас көтерер азаматтары есендіреп қалғандай күй кешкенде, қарамы томашадай ғана бәйбіше берекесін қашырган жоқ. Зәкарияның қыркы өткен соң Мәпитетті шақырып алып:

— Қысыр қалған үлкен көк биені шал құрмалдыққа. Бар жана шыр ағайынға дәм татырмакпын, — деп бұйырған.

— Шырағым-ау, бірер қой жұмсасаң да жетіп жатыр ғой. Қаралы шаңырақты кім сынағандай? Құйматұяқтың саны төмендеп кеткен түрі анау. Қайтесің шығынданып? «Жылқы атамады» деп сөге қоймас мына жұртың, — деп басалқы айтқан Мәпитетке көнген жоқ шүләнгір ана.

— Малдас айтады ғой. Ер-азаматтардың басы кеткен жоқ па әнекей. Елдің көнілі бірленсін қайта. Ең күйлі деген қысырды арнайы атағаным болсын, — деген уәжін көлденең тартқан болатын.

Көк биенін жылы-жұмсағына мелдектей тойып, қымызға канған көпшілік бәйбішеге алғысын жаудырған қалпы өз ұсынысын да айтқан. Елдің ойындағысын жұқалап жеткізген, Сапалатпен шөбере болып туысатын Дауылбай ақсақал еді.

— Ал, келін, мына тірлігіне халқын разы. Алдыңдан жарылқасын, — деп бастап, қасындағы сарысақал, қарасақалдарға назар қыдыртып өтті. — Бауырымыз науыт болса да оты өшпепті. Шағалак иттің қапыда сокқанын көрмеймісін? Жағамыз жайлау, қамсыз отырғанда жер соқтырып кетті әккі неме, — деп қынжыла сөйлеп алды да, еңесін тіктей берді. Нұры көмекі тартқан көздерінде сабырмен қоса бір егес пен қайсарлықтың нышаны анғарылғандай.

— Әйтсе де біз де рұлы елміз. Ҳұқіметпен тіресе алмасақ та бір Шағалактың, қауқарымыз бар шығар... Мақұл көрсөң, есе қайтаратыңық. Біздің елді мұқатқанымен, сүйн қайтарарлықтай жасыта алған жоқ казачилердің мылтығы мен қыльышы. Жігіт-желеңге ым қақсақ, болыс ауылшының іргесін туре шауып ойран-ботқасын пығармақ. Жастар жағы құлшынып-ақ, алақанға түкірп әзір отыр.

— Біз туганда да қалжага кой жеген, біздің де тақымға басқаңымыз сиыр емес жылқы, — деп аттарын жаратып, найзасын шақпак тасқа жанып жүр ер-азаматымыз. — Бір қимылды істеп тастап, келген кепті көріп алармыз, — деп жанын шүберекке түйіп алышты әнекей. Тек ишараң, макұл деген ажарың керек, Жанат шыратым, — деп тосын ұсыныстың шетін қылтитқаны.

Алқа-қотан жайғасқан халайық та жамырасып қостай кетті:

— Жөн-ау Дақандықи!

— Сөз осы да!

— Тебінгіден тер шығармай, теңдікке жеткен бар ма?

— Корка-корқа батыр болдық, қарымтасын қайтаралық та, — деп үлкендер жағы бас шүлғысты.

Сол бір сәтте Мұстаризаның қуанғаны-ай! — Бәлем, сайдауыты сайлап жорыққа аттанар құн туса, алдымен кетер едім. Шағалақтың ауылшының бықпырт тигендей қылмасам ба осыдан! — деп едәуір өркештеніп те қалған.

Алайда, шешенің жауабы өрекпіген көңілін су сепкендей басты. Аз ғана ойланған анасы кимешегінің үстінен қабаттай жамылған қара салысын кері ысынқырап қойып:

— Алда разы болсын, калпе қайнаға (кезінде Бұқарала оқып пірге қол тапсырған тақуа Дауылбайды әйелдер жағы «қалпе» дег атایтын). Қамқор сөзінізге рахмет, — деп он қолын қеудесіне қойып бас иді де, — халқым, сізге де мың қайтара алғыс! — деп көпшілікке назар қыдырта және бір иліп қойды.

Күддү бір ата, енесіне сәлем соккан желекті жас келіншек дерсін. Эйтсе де, қайтарған жауабы Дауылбайдың ұсынысына керегар естілді. Бұл мәселеге өзіндік пікірі бар екен.

— Жауды мұқатқанға не жетсін, шіркін! Арманда кеткен ерлердің кегін құған да жөн, әріпіе. Десек те, әріден ойлаган дұрыс па дедім, ағайын, — деп тоқырады да, Дауылбайдың тасасында тізе бүккен Мұстаризага назар жықты. «Сөзімді ұғып отырмысын? Өзіңе қатысы бар кеңес» деп үнсіз ескерткендей. Нәркес көздерін мұғ кіреуекі шалышты. Эйтсе де қажу нышаны жоқ шұғылалы жанарда. Керісінше, жалғыз ұлға дем бере қарайтын сияқты. «Ендігі сенерім де, уміт артқаным да бір өзінсін» дегендей-ақ.

— Шагалақтың күткені де осы қимыл. Ол қамсыз отыр деймісін? Сырқынды неме небір сұмдықты ойлаң, қанды қара қақпаңын әлдеқашан құрып та қойған болар... Бірақ ол сұрқияның қолына құрық ұстаптайық, туғандар. Айламызды асыра білейік. Кек қайтарудың ең көкесі – біздің амандығымыз. Ырсайдың құрсауы бүтін болса, дос сүйініп, дұшпан күйінер. Құт-берекеміз қашпасағана ұпайымыз түгел. «Таспен атқанды аспен ат» демекші. Өш алудың амалы осы-ақ па дедім, ағайын. Алдымен ел аман болып, ырыс шайқалмасын. Жәбір көрсек те, ешкімге залалымыз тимесе екен... Аргы жағын бір Жаратқан иемізге тапсырдым. Мен десеніздер, атқа жігіт қонбасын, ел арандамасын. Байлауым осы-ақ, жамағат, — деп түйген болатын.

Бұл уәжі тосын естілсе керек, кейбір желекпелер күнкіл де шығармақ еді, бірақ Дауылбай бөтен сөзді тыбып тастады.

— Тәйт әрі өрекпімей! — деп түгі салбыраған қабағын серпе көтеріп, жастар жағына алая бір қарады да, — ат бұланар, ер қиналар сергелденді аңсал отырмысын, өншең шуылдақ? Барымтаның лаңы оңай деп пе едің әлде? Шағалақ ауылын шаптырып қойып, ай қарап, жүлдіз санап отырар деймісің? Олар да тірі жан, арпалысып бағар... Ат құлағы теңесер күн туса, елдің зықысы шығады алдымен. Тебінгі терге мальшынса, қақырығы қан татып, талай боз-

дак ат жалын күшар да. Бұ ғайырып алдымен көпшіліктің камын жесе керек-ті, – деп қайырып аз аял қылды да, еңсесін Жанатқа бұра берді.

– Дегенің болсын, бәйбіше. Ырсай момын ел. Ізденип соқтық-кан құніміз болған емес. Зәйі-сайтан басынып келген жау болса, қол қусырып отырып қалмаспаз. Қара қазан, сары баланың қамын жеп отыр екенсің. Осы бетің жөн. Бұл тілегің Ырсайдың бар азаматына байлау сөз болсын. Осыған тоқырайық, ағайын, әумин! – деп лебізіне леп бере өнін сипады.

Ел тізгініне ие рубасы ақсақалдың бұйрығына кім талассын? Осы сөз түйін болып, Ырсайдың сөзүстар ұлкендері бәтуа қылысты.

Алайда, жастар жағы бұл шешімді жақтыра қойған жоқ. Көпшілік тарқаған кезде, Жақия мен Шәризат Мұстаризаны оңашалап:

– Бұ не былқыл міnez шалдардікі? Осылай мойынсұнып, зорлықта көніп, омалып отыра бермекпіз бе? Бауыздағанда лақ та бақырады емес пе? «Бұға берсе, сұға береді» деген. Лак құрлы жокпаз ба? Қыл тамаққа қылпылдаған құрыш тақағанда, ол байғұс та тұяқ серпеді екен, – деп біраз қайрап алған соң, қаршыға көз Жақия төтесінен кетті:

– Шал-شاуқан дегендер қашанда етекbastы келеді. Ұзын сөздің қысқасы – осы ұшеуіміз аттанып соқтығайық Шағалаққа. Бықырт тигендей қылайық, бәлем! Не көрсек те ұшеуіміз көрпеміз. «Тәуекел ет те, тас жұт» деген екен бұрынғылар. Мына Шәризат екеуіміздің сөзіміз осыған құйылды не қылса да, – деп екпіндей сөйлеп, құрдасына жалт қарай қалды. – Солай емес пе, беу Шақа? Үнінді шығарсаншы былай, – деп үнсіз тұрган бозбасқа шүйіле кетті.

Шәризат сөзге саранд болатын. Іс-эрекеттің адамы солай келетін әдеті ғой. Көп ойланып-толғанып бас қатыруға да жоқ. Досжардың айтқанына еріп жүре береді. Осы тұрган екеуінің айтқанынан шыққан да емес. Бірге өсіп, біте қайнасқан сырластардың сөзін бұлжымас бұйрық деп біледі де. Және бір ерекшелігі – жер қозғалса да тебіренбестей сабырлы... Сол бір қуні де дағдылы мінезінен айныған жоқ. Құрдастарға алма-кезек көз тастап қойып:

– Е, не сөйлейін? Айта бергеннен майы шығар деймісің? – деп езу тартты да, аспай-саспай ғана, – белді бекем буғаннан өзге не

қанды дейсің? Үшеуіміз-ақ барыш ат қояйық Шағалақтың ауылшыны. Қаруды біреуден сұрайтын кісің мен емес. Шоқпарымыз қашан да әзір гой, – деп оң қолының жұмырығын шошайтып та қойған.

Бұл сөзі қысыр кеңес емес екенін қос құрдасы білмейді емес. Аз сөзді Шәризат жолдасына бола қоң етін кесіп беруге бар. Жұдышығы да шойындай, өжеттігі де бір басына жетерлік жүргегінің тәуекелі бар жігіт.

Ниеттестердің бұл сөзін есіткен Мұстариза толқып кетті. Қуанышын да, көзіне іркілген жасын да жасырған жоқ. Алдындағана іштен тынып, өзінше небір китүркі жоспар құрып та жүрген. Түн жамылып бұғып барып Шағалакқа қару жұмсамақ та болған. Не болмаса жолын тосып сирақты шитімен атпақ еді. «Жан адамға сідет салмай, соқа басым аттанармын. Эке менікі гой. Сондық, жігіт те ертпеймін. Біреудің басын қатерге байлаймын ба? Не көрсем де өзім көрейін. Экеден туған ұл болсам, кегін жоқтау міндетім!» деп өзін қайрап, тәуекелге бел буған болатын.

Ендігі Жақияның отты мінезі мен кекке суарылған сөзі көніліне қанат бітіргендей. «Бар екен-ау қанды көйлек дос-жарым! Ұлдан жалғыз болып тусам да, тілеулестен кенде емес екенмін гой. Жан беріскең төтен қымылға бел байлады-ау бұлар. Кіндіктес бауырдай жақын десенші ендеше» деп түйген... Жақияға берген жауабы да келте шықты. Сөзді езе беретін төменетекті емес қой. Ниет бірге болған соң, артық-ауыс сөздің қажеті де жоқ-ау. Жауап тосып тұрған бозбастарға мейірлене көз тастап:

– Макұл ендеше. Шешінген судан тайынбас. Тек шешейдің алдынан өтіп алайын. Одан басқа кімім бар? Айтпастан кетсем, құсадан өлер байғұс ана, – деп кекейіндеғісін ақтарып салды.

Шешеймен сол күннің кешінде-ақ сұхбаттасты. Намаздігер ауа үйде екеуара қалып еді. Жанар мен Анар құрбылармен сыртта жүрген. Қызыметші қатын жерошақ басында.

Шешесі қабак танығыш қой. Ондық шамның жарығында отырған ұлға зерттей қадалып:

– Бірдене айтқалы отырсың ба, балам? Өнің қашыңқы ма, қалай? – деп сөзді өзі бастаған.

Мұстаризаның көзілі шынымен-ақ бейжай халде еді. Ойындағы жоспарына анасы наразы боларын болжап, алабұртып отырған. Шағалакқа соқтығу дегені, ажалға көрінеу сүйкенумен пар-пар

емес пе? Жалғыз ұлды қауіп-кательге қай ана қысын? Осы жайті пайымдаса да, ойдағыны жасырып қалуға және жол жок. Өзі кара жамылған шешесі, ұлын уайымдаң санамен сарғайып солмай ма?.. Бірақ бұл сөзді қайтіп жеткізбек? Ренжіп, үзілді-кесілді қарсы болса қайтпек? Тілін алмай көңілін қалдыра ма?

Қалай бастарын білмей дағдарып отырғанда, шешенің мына сауалы тұртқі болды. Толқыған көнілін орнықтырмақ оймен, кебірсіген тамағын кенеп алып:

– Апа, үстінен дәл түстің. Көкейді кернеп бара жатқан бір сырдың бары рас еді, – деп бастап, бар жоспарды жайып салғанын өзі де аңғармай қалған.

Жайып салғаны мұң екен, иығынан зілмауыр жүк түскендей бойы жеңілейіп сала бергені. Көкейдегіні актарып салған соң «үх!» деп демін бір-ақ алып, шешеге көз таstadtы. Сөзім нендей әсер етті екен дегендей зерттей үңіліп еді. Анасы нальп намақұл көре ме, тіпті бас салып жылап-сықтай ма деген күдік те мол. Алайда онысы бекер болып шыкты. Қабағын шытып үнсіз қалғаны болмаса, кейістік білдіре қоймады шешесі. Мұстаризага көз тастан қойып сөйлей берді. Өні кажыңқы, лебізі бәсек.

– Не дейін саған, балам-ау? Ер-азаматың, бір әүлеттің ұстынысың. Кешегі арындаң өткен жақсының тұяғысың. Ең аяғы екен үміт артқан жалғызсың, – деп көкірегін кере күрсініп қойды.

Кірпігінің ұшына мөлт етіп ілінген бір тамшы жас үзіліп түсіп еді сол бір сәтте. Бірақ көзіне жас алғанымен, порымы орнықты көрінген. Онсыз да құлті көнілдің қайғысын ұлғайтпайын деп бекінгені шығар. Бәлкім, ұлы жүнжімесін, теріс ұлгім болмасын деген есебі ме екен, айтеуір күректік танытпады есіл ана.

– Мені қойшы, мен бір өшкен жанмын ғой. Асқар таудай азаматынан айырылған мазлұмада не сын қалды дейсің? Анау екі қызды уайым да қылмаймын. Ошаққа тас болған шүйкебас бар ма? Ұзатылған соң күнін көре береді дағы. Есі-дертім өзің ғана-сың, балам, – деп сәл кідіріп қалды. Әлгіндегі мөлт еткен жастан нышан да жок. Дидаres сабырлы, есті қөздерде қайсар бір ұшқын бар сияқты.

– Ер-азаматқа эйел басыммен тыйым салармын ба? Тыйым салған күнде де тілімді алмағың екіталай. Ойлап тұрсам, қолыңды қағуға хақым да жок. Бар ескертерім – жазықсыз момындарды

жәбірлемесең болғаны да... «Жалғыздын жары – Құдай» деген. Жалғыз Аллаға тапсырдым өзінді, күлгіншағым. Кайда жүрсөн де аман бол. Әкенің кегін кумақ екенсің, жорытқанда жолың болсын, балам! – деп бата бергендей өңін сипады да, өзіне қарай еңкейе берген Мұстаризаның маңдайынан емірене іскеді.

Сол бір кеште және бір кеңес берді анасы. Мұстариза біле қоймайтын бірталай сыр да бар екен. Іштегі сол сырды дәттеп берді анасы. «Жақсы әке – балаға қырық жыл азық» деген бар емес пе? Сол сияқты, марқұм әкесі заманында талай кісіге жақсылық қылған екен. Сыйласып өткен жақсы-жайсандары да бар болып шықты. «Жаман жолдас – қөлеңке» деген мысал бар емес пе? Басына бұлт үйрілсе-ақ, айнып қалып сырт бермек. Ондай жылтықайлар да жоқ емес екен. Сапалат Шағалақпен ұстасқан соң-ақ, қайсыбір жора-жолдас бұл ауылға жуымай кетіпті. Болыстың қарінен қаупайлаған бақай есептері болар. Пенденшіліктің бір қарінің дағы... Сонымен қатар бұрынғы татулыққа адаптандар да баршылық екен. Солардың бірі құдалары Иманбай. Бұл кісінің тегі Атығай ішінде Аққиік. Мекені Қызылжар маңындағы Есіл бойы. Аққиік пен Ырсай бұрыннан құдандалы. Иманбай мен Сапалат жас кезінен-ақ тату құрдас болады. Иманбай серілеу, аңкөс, арда-күрең жігіт болғанымен, дәулеті шағындау әулеттің баласы. Сөйтеп тұра, тен-тұстың арасында қадірлі. Сапалат екеуде саят үстінде табысып, сырлас болып жүріпті. Екеуде бір мезгілде үйленіп, міnezі ашық, қылжақбас Иманбай:

– Менен ұл, сенен қызы туса, балама беремісің, құрдас? Аққиік пен Ырсай болып сүйек жаңғыртайық та. Әлде тұрмысы жұқа деп менсінбеймісің мені? Орта шарқы ғана дәулеті бар, қырық жетінің қырқа матап берерлік қауқары жоқ неме, маңайыма жолама! – деп құйрығынды сырт саламысың әлде? – деп сөзбен қажай берсе керек.

Онысына Сапалат:

– Өз сауалында өзің жауап берген жоқпсысың, мұндар-ау! Борбайынды созбай-ақ қой. Ай мен күндей қыз көрсем, сениң балана бергендей не күн туыпты сонша? Мен білмейтін қай сырың бар еді? Ұлың саған тартса, ауылында байыз тауып бір күн отырмас. Тоқсан тоғай кезіп, құйрығы жер иіскемеген желөкпеден қайбір салдарлы атұстар туушы еді? – деп әзіл іletін көрінеді.

Екеуі қатты қалжындастып, артық-аудыс сөзді көтере берстін. Сөйтіп жүргенде, Сапалатта ұл. Иманбайда қыз туады. Әзілдері жарасқан ежелгі достықтары уақыт өте нығая түспесе, әлсірей қойған жоқ. Татулықтың аяғы құдалыққа әкеліп соғады. Үәде байластып, құйрық-бауыр жесіп, бесік құда болады кешегі құрдастар.

Әзімен атастырып қойған шүйкебасты Мұстаризаның бірер көргені де бар. Әкейге еріп Иманбайдікіне қыдырып барғанда, бұрымы сексиген бадырақ көз қызалаққа көзі түскен болатын. Азан шақырып қойған ныснысы Алтын екен. Әкейге атқосшы болып еріп барған Мәпіт Мұстаризаны бүйірінен нұқып қойып:

– Өне қалындығың, анау акқұба қыз. Үріп ауызға салғандай сүйкімді бала екен. Әлі-ақ ұрын келерсің, танысып қой осы жолы. «Қымызды кім ішпес, қызға кім бармас» дегендей, – деп әзіл ілген болатын.

Күйеу бала жөнінде хабардар болса керек, Алтын да бұған жаутаңдай қарай берген. Мұстариза көз тастаса, өні ду етіп еңсесін тұқырта қояды. Адамзатқа үркे қараған еліктін лағы дерсін.

Мәпіт аға қалжың айтып қажаганымен, қалындығына мән беріп көңіл бөлген Мұстариза жоқ. Жеткіншек ұл қызы-қырқынды қайтсін? Ол кезде қасында Жақия мен Шәризат бар, айналдырығандары жарап құнан, алеке тазы, тұрымтай мен қаршыға.

Соңғы мәрте бір қызойнақ алтыбаканда көргенде, Алтын он бесте еді. Қыз деген ертерек жетіледі ғой. Бұрынғы бадырақ көрінген көздері ажарланып, нағыз нәркес аталатын дәрежеге жетілті. Тойған козыдай томпиган дидары сүп-сүйкімді. Мұстаризага тұра қарай алмай жүзін тайдыра береді... Бұл әкей ұсталар жаздың басы еді. Бірер ауылдасты ертіп Қызылжар жақтан қалашылап келе жаткан беттері. «Жол көрсін, ысыла берсін» деген желеумен кейінгі кезде Мұстаризаны ұзақ сапарларға ертіп жүруши еді әкесі. Қаладан артынып-тартынып келе жатқан бетте бар тобымен Иманбайдікіне соққан. Әкейдің құдандалы құрдасты құшақ жая күтіп алды.

– Бәрекелді, хош келіпсін, достым! Біздің ағай немере сүйіп, той қылмақ. Сол шілдеханаға қатыспай кетпейсіндер, – деп мұртынан құліп Мұстаризага қулана көз тастады, – күйеу бала дыңдай жігіт болыпты ғой. Қалындықты әкетем деп әлек салып жүрмесін. Құдағиға көбірек тартқан ба қалай? Келбетті азамат болар

тәрізі бар. Қайын жұртқа ат ізін қашан салмақсың, ә. Ризан деп жұртты күлдіргені.

Қызын қызғану, бәлсіну деген мінез болсайшы. Үлкенмен де, кішіменде өзілдесе беретін ақжарқын мінез иесі ғой.

– Бұ шілдеханаға Үкілі Ыбырай деген өншіні алдырыпты ағамыз. Жас болса да, жұрттың аузына ілінген өнерпаз деп естіміз. Даңқы өз төңірегінен асып, күн санап асқақташ та барады. Сүйегі Қарауыл ішінде Қалдаман болса керек. Өн де шығарады екен сабазың, елең сөзге де ағып тұр. Әсіресе, дауысы әлемет. Күнәлі ауыздар өтірік айтса, өздері білсін, әйтеуір есітіп келгендер ауыздарының сұы құрып, мақтауын асырып жұр. Ақан серімен тенейді екен бұжас періні. Бұ Қарауыл өншіге жарыған ел ғой. Болса, болар да. Рас-өтірігін бүтінгі шілдеханада ажыратармыз. Біздің қазекен түймедейді түйедей қылмаса, ішкен асы бойға сіңген бе? Бөспелер өсіріп айтса да, біздің той-томалакта жұртты аузына каратса болғаны да. Қалдаманның үкілі серісін де көрелік, – деп білгенін жалықпай дәттеп, жұртты қызықтырып қойған.

Иманбай сенімсіздеу сөйлегенімен, ұзынқұлақтың қауесеті расқа шықты. Оған той иелерінің де, жолаушылардың да көзі сол түні-ақ жеткен... Жанға жайлы мақпал кеш еді. Ауыл желкесіндегі қырқаға алтыбақан құрылған. Үлкендер жағы етке сыйкия тойып, қотаннан ұзай қоймаса, жас-желен атаулы жаппай алтыбақан төңірегінде. Әткеншекте тербелген қыз-бозбала, шырқалған ән, сыңғырлаған күлкі. Ауыл жастарымен шүйіркелесе кеткен Мұстариза жігіттердің тобында тұрган. Алтын көріне қоймады. «Үй іші жібермеді ме екен, бұл неге жоқ?» деп сәл таңырқаса да, пәлендей іздей қоймады. Бозбалалардан сұрау ынғайсыз, «өліп-өшіп барамысың» деп кекетулері де ғажап емес.

Шынтуайтқа келгенде, күндіз бір көргеннен мardымды әсерлени қойған жоқ. «Қалыңдық» деп айдар тағылғаны болмаса, өзге шөпжелкеден айырмасы шамалы сияқты. Әйтеуір өз көңілінде қалыңдыққа деген пәлен ынтызарлық жоқ. Әкелері уәде байласқаны барша ағайынға мәлім, әрине. Екі арада қалыңмал жүре қоймаса да, аққөніл Иманбай өз сөзінде тұратыны бесенеден белгілі. Уәдешіл Сапалат құдасына «шеге ат», «тұс ат» деген қалыңның алдың әлдеқашан мінгізіп қойған. Алдағы жылда Мұстаризаны ұрын келтірмек жоспары да бар. Әйтсе де Мұстаризаның өзіне салса, ка-

лындықиен қауышуға асығар емес. Мөлдіреген сұлу екенін көре тұра, алып-ұшқан сезімнен ада. Әлде өзі ұнатып таптай, әке бүйрығы қосқан соң ба, әйтеуір жүргегі селт ете қойған жоқ.

Алтын болса, керісінше көрінді. Бозбала деген қызының таңыбын келеді ғой. Жалғыз-ақ көз тастасынан көніл қоймасындағысын ұға қоймақ. Сол сияқты Алтынның қундізгі бір көзқарасы бар құпиясын жария еткен. Жебе кірпіктердің тасасындағы шұғылалы жанарда көп сыр жатыр екен. Он екіде бір гүлі ашылмаған, таңғы шықтай таза жаның құнәсіз сырды. Өзге жұрт анғармаса да, Мұстариза кайтіп сезебесін ұяң қөзқарастың мәнін? Өзіне ғана арналған сезім ұшқындан тұрмап па еді нәркес жанарда? Алғашқы махаббат, мөлт еткен көз жасындағы шынайы сезім тұнақалып еді қаракат көздерде.

Бұл мәселеде еш тәжірибесі болмаса да, түйсігі алдаған жоқ Мұстаризаны. Бұл баланың нағыз ару екенін де түйсінде қалған. Бұндай қөзқарастың иесі бір сүйсе, құлай сүйеттінін де пайымдағы. Және қызы жүрегін қобалжытқан өзге біреу емес, тек өзі ғана екенін де анғарған. Көніл түкпіріндегі құмығындың бір үн: «Жігітім, шексіз бақытқа кенелдің дей бер! Мына түрған нәуетек бала шолпан жұлдыздың өзі емес пе? Бұл перизаттың жүрегін тұтқындаған бозбалада арман бар ма? Өлсөң де айырылма осы сәулімнен!» деп кенес бергендей болды.

Алайда, Тәнірінің бүйрығын түсініп болған ба? Біреуге лаулаған сезім сыйласа, енді біреудің жүрегін салқын сабырға, тіпті немқұрайдылыққа бөлейтінін қайтерсің? Сол сияқты, атастырган қалындығы ай мен күндей балқып тұрса да, жүрегінің елжірер түрі болсайши. «Бұл бір айта қаларлықтай бала екен» деп түйген де қойған.

Қош. Сонымен жас-желең атаулы елеңдей күткен Ыбырай әнші келе қоймады. Балуандар құресі, көкпар тартыс сияқты ойындар өтіп жатыр, келем деп уәде берген өнерпаз әлі жоқ. – Бұған не болды, екі сөйлемейтін жігіт еді, қайда жүр бұл? – деп Иманбай аландауда.

– Уәдесін жұтпас, келер. Дәмнен үлкен емес қой, – десті үлкендер жағы, -- әзіршे ойын-сауықты қыздыра беріңдер. Әнишілерден кенде емеспіз ғой, Құдайға шүкір. Ауыл сайын бір-бір заржақ домбыраны сабалап топ алдына шығып жүр әнекей. Дом-

быра аралатып ән сала берсін әзірше, – деп той басқарушы жілі, терге жөн-жосық сілтеді егделер.

Сам жамырап көз байланған соң-ак, жастар жағы алтыбакан маңында шоғырлана қалды. «Аксүйек» ойыны қызып жатыр. Әткеншекте бір қыз, бір бозбала тербелуде. Жігіт осы ауылдың әншісі болса керек, көвшіліктің қолқалауымен лебіз шығарды. Ән – «Екі жириен». Дауысы әжептәуір қуатты болғанымен, қайырмасының кей нақысын бұзынқырайтын сиякты. Бозбастрдың тобында түрган Мұстариза бірер мәрте тыжырынып та қойған. Өзі топ ішінде сұрырылып ән айта қоймаса да, әуез нақысына сыншылығы бар болатын. Құлағы саз атаулыға сезімтал, туабітті қабілеті бар болса керек, бір есіткен әуенді зэтте қағып алар еді.

– Қап, мына жігіт әп-әдемі әннің қайырмасын келтіре алмадыа! Дауысым бар екен-ау деп төпілдете бере ме екен жазған? Құлакқа түрпідей тиді-ау мына бұзғаны, – деген күңкіл де шықты бір кездे топ ішінен.

– Анау Алтынға айтқызу керек. Нақысқа майталман ол бала, – деп, бұл сөзді әлдекім іле кетті.

– Ия бәсе, қайда өзі сол қыз? – деп, әркімдер шуласа қалды.

Ойынды басқарып жүрген лышыл қаққан самдағай жігіт Алтынды дереу тапқызып, колына домбыра ұстасып қойды да:

– Лебіз шығар, көзжақсым! Көвшіліктің меселін қайтарма, – деп қолқа салды.

Әткеншектің маңына от жағып қойған болатын. Түтін салмаса, қақала өскен қалың қектің құмыты-шіркей маза беретін емес. Сол оттың жарығына қос құрбысын ерте шыққан Алтын, ә дегенде домбыраны баурай қоймады. Әлдекімді іздегені ме, әлде самсаған көзден қымсынғаны ма, жан-жағына жаутаңдай берген.

– Торға түскен балапандай жаутаңдамай, бас ашы айғайға!

– Несіне іркілдің, жібер семізінен!

– Тұнеугі қызойнақта шырқаған әнге бас!

– Үкілі Ыбырайдың «Дауыс ашарына» бас не қылса да! – деп көвшілік шуласып, төніректі азан-қазан қылды.

Бетінде қорасынның дағы бар, сәл кекештеу сөйлейтін басқарушы жігіт:

– Әкөш-ау, не-несіне дағдардың? Шаршы топта арқаң қозып кетуші еді ғой, – деді де, кенет көзі қулана сығырайтып, – әлде

күйеу баладан ұялып тұрмысын? – деп миңқ керді де, сәл оқшау тұрған Мұстаризага назар жығып, лебізін шығарыңқырай, – бұл күйеу шаңыраққа қарасын алдымен. Үрсай ішінде жұ-жүрген жок қой. Қы-қызымызға зар болып жүрмесін әлі, – деп соқтығыңқырай сейлегені.

«Ауыл итінің құйрығы қайқы» демекші, өзінше жуандық көрсеткен түрі шығар. Екі бетке қан теуіп шыққанын сезсе де, шыдап берді Мұстариза. Ілгешекті сөзді көтермеске лажы да жоқ. Әрі жалғыз жүр, әрі күйеу деген аты бар. Әдеп-әркеннен аттауға тәлім-тәрбие жібермейді. Көргенді ауылдың баласы емес пе? Сабырсыз ұшқалаққа ұқсамай, ұсақ-түйек сөзді көтеру керек.

Сөйтіп өзімен-өзі алысып, лау еткен намысқа басалқы айтып тұрғанда, Алтынның үні сыңғыр етсін. Лебізі құлакқа сонша жағымды болар ма? Зәулім шынардың басынан жеткен сандуғаштың шырылы дерсің. Бұжыр бет басқарушы жігітке көзін төңкеріп өтіп:

– Үрсайдың бозбаласы да «әу» деп үн шығарсын. Қонақкәде деген бар ғой, – деп екі беті ду жанғаны.

Мұстариза тарарапына қараган да жоқ. Сөйтсе де нәркес көздің құйрығында, жебе кірпіктің қағысында, үлбіреген еріндердің ұян жымисында наз аңғарылған. Наз болғанда соншалық жарасымды ерке наз. Қылымсу емес, шынайы сезімнен туған бейкүнә еркеліктің нағыз өзі.

«Жалғыз өзінді бар адамзаттың ішінен таңдал алып, оқшау шығарып тұрғаным жоқ па? Қыз басыммен көптің көзінше сыр білдіріп өзім ұрындым. Ерсі болса да қайтейін? Үнтызар көңіл еркіме қойғандай ма? Осыны қайтіп аңғармай тұрсын, беу заманда? Жүрек лұпілін ұқпас ысқаяқ боламысың әлде?» деп тұрғандай нәуетек баланың бет әлібі.

Басқарушы жігіт Алтынның ұсынысын іліп әкетті:

– Е, дегендей! «Күйеудің атымен күл тасы» демекші, бұл мейманымызды әлі талай әурелерміз. Әйтсе де, өзің бір басташы. Кө-көрсін бұл Үрсай бі-біздің өнерді! – деп Мұстаризага қоқила на қарап қойған.

Алтын екі айтқызбады. Шанағы шағын үкілі домбыраны қағып-қағып жіберіп, әнді қоя берді. Мұстариза бұрын естімеген соны әуез. Кең тынысты, қуатты үнді қажет ететін ән екен. Кейде аспанға шырқай шаншылып, кейде жер бауырлап сырғи береді.

Сарыны әрі салтанатты, әрі еркін де ойнақы. Тыңдаушыға бірессе ақ селеуі төніздей жайқалған кең жазираны, енді бірде рауандап атып, шапақ шашқан таңды елестеткендей. Не десе де, кұлақ құрышын қандырап сазы ерекше ән.

Қасындағы жігіттерден:

– Бұ қай өңірдің әні? Бұрын естіген жоқ едім. Шалғай жақтан жеткен шығар дәу де болса. Өзім есіткен әуендердің біріне де ұқсамайды әйтеуір, – деп сыйырлап сұрап еді.

Бетінде бармактай мені бар, қыли көз бір бозбала:

– Қайдан естірсің? Үкілі Ыбырайдың «Дауыс ашар» әні ғой бүл шырқап тұрганы. Иманбай ағамыз жуырда ғана үйреніп алып келсе керек. Жаңа әнге бола аттын терін аяған ба о кісі. Жер тубіне барып, аттай қалап үйреніп келеді сабазың, – деп лепірінкіреп жауаптасты.

– Ә, солай ма екен? Ән кайнары Қалдаман жақта екен-ау, – деп мына жаңаңыққа таңыркай берді Мұстариза. Үрсай ол елмен де құдандалы еді. Әкесі бір жолаушылап Әбсамат байдікіне барғаны да есінде. Қарамұрын деген ұстаны мақтап келіп еді сол сапар. – Орама шитінің шебері екен. О кісінің қолынан шыққан көксіл мылтық атқанда, мұлт кетпейтін көрінеді. Өзі қиқарлау. Анау-мынау кісінің сөзін құлакқа да қыстырмайды. Әбсамат арқылы сөз салып, бір берен істетіп алmasам болмас, – дегені бар.

Осы жайтігі еске түсіріп: «Бұ бір өнерлі ел болды ғой. Қыдырып барып та келетін екен» деп түйіп еді...

Бір мезетте қалықтай тербелген әсем әуен кілт үзілді. Жұрт қыбыр етпестен тұр. Сұлу сазды, күміс қоңыраудай сыңғыраған лебізді қиғысы жоқ сиякты. Біреу дыбыс шығарса, ғаламат әннің әсерін үркітіп аламыз ба дегендей, қыз-бозбалада үн жоқ. Соңадай жерде тұсаулы жүрген аттардың пысқырғаны ғана естіліп қояды. Тіпті бұжыр бет пысық жігіттің өзі тұрған жерінде катып қалған. Мойынға алған міндеттін есінен тарс шығарғанға ұқсайды.

Ориған үнсіздік қаншаға созылары мәлімсіз, Алтынның оң иығын ала тұрған қызың оқыс қозғалып, домбыраға қол созбаса. Алтынмен немере болып туысатын бүл құбакан қызды Мұстариза бұрыннан танитын. Әлия есімді бүл шүйкебастың жасы Алтынмен шамалас болғанымен, бой-тұрпаты ересектеу көрінеді. Қос анары бұлтиып біліне қалған порымына қарағанда, пісіп қалған

бойжеткен дерсің. Мінезі еркіндеу, өткір еді. Бұл жолы да дағдылы еркелігіне басты. Қаракат көздерін ойнакшытып:

— Мына қонақ жігіт лебіз шығарсын! — деп домбыраны Мұстаризаға ұсынып, — «түйеге мінген қазақ төрт ауыз өлең біледі» деген. Төрт ауыз ән айтсын бұл мейманымыз, — деп саңқ етпесі бар ма?

Өзілге сұлтау таба алмай ерігіп тұрған жастардың Құдайы берді де қалды. — Е-е, дегендей, дегендей! Әу десін бұл күйеу. Үрсай деген елде ән ерттеп, күй мінген небір саңлақтар бар деп естігеміз, — деп көпшілік шу ете қалысты.

Маңдайдан тер бұрқ етіп, ал қысылсын Мұстариза! Ән мен өлең сөзге қаражаяу емес-тін. Оңаша жүргенде әндегүе әуестігі де бар. Бірақ ол оңашада ғой. Әрі кетсе, анау қос құрдасы Жакия мен Шәризаттың көзінше әнге басушы еді. Ол екеуі бұның әуезге деген қабілетін әлдеқашан мойындаған да. Алайда бірді-екілі досжаранның көзінше әндектен бір басқа да, пәлен көз самсаған шаршы топтың ортасында лебіз шығару деген бір басқа... Жастардың денін жыға танымайды да. Оның үстіне қайын жұрт болған соң, қызы-қырқыны сын таққыш-ақ. Бір жеріңен дәнекүс шығып қалса, ертең-ақ пыш-пыш сөзге, кекесінге сұлтау болары бененден белгілі. Сол себептен домбыраға қол созуға бата алмай, карадай терге түсіп, дағдарды да қалды. Әлиясы түскір, қызы болып ұялу деген ойында да жоқ, қасын керіп, қаракат көздерінен ойнакы ұшқын шаша:

— Бол, бол, мырза жігіт! Әйтпесе айып төлейсің. Әкеңнің жылқысы көп деседі ғой. Ат-шапаныңды қалдырып кетемісің әлде? Жаяу-жалпы жіберерміз Үрсайына! — деп таңдайы такылдан тап-тап береді сайтан қыз.

— Е, бәсе, айып-қыып берсін, әнге шорқақ болса! — деп қызы-қырқын біткен қостай кетті. Сыңғыр күлкі үдең барады. Жаны ашып тұрған Алтын ғана. Нәркес көзін мөлдірете, кінәлі кісідей жаутаңдай береді. «Қолдан келер қайран жоқ, әйтпесе өзім-ақ шырқап бермеймін бе сен үшін» дегендей түрі бар.

Кірерге тесік таба алмай, екі беті дуылдағ тұрғанда, күтпеген жерден жәрдемшінің жеткені. Қыздардың күлкісі пышақ кескендей тыйылып, Әлия аңырап қалмасы бар ма? Бұларға не болып

қалды деп ойлап үлгергенше, ту сыртынан бейтаныс бір үн саңқ етсін.

— Беу, әдемі карындас, бұжігітті қыстамасаншы! Бұнысыз жерге пышақ ұрмас болар, — деген лебізге бар халайық жалт қарап елең етісті.

«Бұжі қайсы болды араша түскен?» деген оймен танғалып бұрыла берсе, арт жағынан екі салт атты келе қалған екен. Екеуде қылқан кескендей жас жігіттер. Араша түскені берірек тұрган торы атты бозбала болса керек. Салған жерден Мұстаризаның да, көпшіліктің де назары осы бейтаныска түсті. Айдың жарығымен өні де, түрпаты да ап-анық көрініп тұр. Жауырынды, науша бойлы жігіт екен. Қыр мұрынды, кең маңдайлы қияпты да келбетті. Аясы кең, күлімдей қарайтын көздерде өжет ұшқын бар.

Неге екенін өзі де түсіндіріп бере алмас еді, тәу көргеннен-ак:

«Па, шіркін, жігітім-ақ екен! Сабазың жан адамнан ығар түрі жоқ қой!» деп әрі сүйсініп, әрі он пікір де түйіп қойып еді... Және бір танғалдырғаны – бозбаланың киім киісі. Иінінде судыраған көк торғын шапан. Белін қызыл шарқатпен буып алыпты. Сала құлаш шарқат белдіктің шашақты бір ұшы етігінің конышына түседі. Енді бір ұшын иығына тастай салыпты. Бәт құндыз беркінің тысы алқызыл масаты. Бір ерекшелігі – беркінің үкісі қос буын. Жігіттің бойын биіктетіп желкілдей ырғалады.

Шапланың етегінен көрінген көксауыр етігі де сәнді. Ұшы әрі сүйір, әрі қайқы болса, биіктігі жырта қарыс дерлік өкшесіне қойма тақа, батқы салыпты. Конышындағы күміс зер жылт-жылт етіп көз тартады... Такымына басқан тортөбел аты да жұтынып тұр. Қаз мойын, салқы төс, қақпан бел қабырғалы порымына күміс әбзел жараса қалған. Жіті жүріс көріп келсе керек, ауыздығын қарш-қарш шайнап, басын шұлғып қояды. Мұстариза ішпінег: «Салдау жігіт пе, қалай өзі? Әлде бір мырзаның сән қуған болпаши ма? Жоқ, өнерсіз құр сәнкөйға ұқсамайды. Өзіне сенген біреу болар не қылса да. Сөзі тым еркін. Жеті тұнде не қылып жүр? Үкілі Ыбырай дегендері осы болмағай» деп таңырқауы мұң еді; алті бозбас бұл долбарының дәл үстінен шыққандай:

— Беу, бикешжан, қолқаң жерде қалмас. Бұжырымның борышын мен-ақ өтейін. Керегі эн болса, ол шіркін бізден табылып

та қалар, – деген сөзбен миың көріп, маржандай тізілген тістерін жарқ еткізгенді.

Әлгіндей емес, Әлия сәл басылайын деген сияқты. Сөзі еркін, өзіне өзі тым сенімді бейтаныстың мысы басты ма, қолындағы домбырасын үнсіз ғана ұсына берді... Үкілі жігіт аспапты ала коймай:

– Рахмет, сұлу бикеш, біреудін домбырасын ұстай қоймаушы едім, – деп сыпайы ғана сылтау айтты да, сәл кейінрек тұрған үзенгілесіне жалт бұрылып, – шығаршы шешен сырласымды, Секен-агай. Мына жамағатқа өзімді таныстырайын, – деп қолын соңа берді.

«Ағай» деп жорта атаса керек, жолдасы да өзіндей қырқын-көгілдір жас екен. Қырбық мұртты, шикіл сары, ұзын тұра біреу. Жолдасының сөзін бұйрықтай көріп әбден дағды алса керек, шапшаң қимылдан, бөктерілген киіз қалбырдан домбыраны шығара берді. Ұзын мойын, үлкен шанакты күй домбырасы екенін бірден анғарды Мұстариза.

Торы атты жігіт құлақ күйін келтіріп тартып-тартып жіберіп еді, аңырған жас-желең елең ете қалысты. Тегін тартыс емес екені салған жерден мәлім болғандай. Домбыраны дәл осылай сөйлете-тін өнерпаз бұл қауымда жоқ екенін көпшілік үнсіз мойындай қалысқан. Үкісі бұлғандаған, шанағының беті ою-өрнекті сал домбыра сұңқылдай сайрап берсін! Құйқылжыта тартқан жігіт кенет кілт тоқтап Әлия мен Алтынға көз тастады да:

– Жаңа келе жатқанда «Дауысашар» әнін құлағым шалып еді. Нақысы дәл екен, алда разы болсын, – деп он қолын омырауға апа-рып, сәл иіліп қойды. – Әйтсе де, өз басым бұл әнді ширатыңқырай шырқаушы едім, – деп қос ішекті қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды да, – беу, құрбы-замандас, Үкілі Ыбырайдың «Дауысашарына» бассаң, былай бас! – деп, ал кеп әнді қоя берсін!

Жаңа ғана домбыра тартысына танырқаған халайық, сілтідей тынды да қалды. Лебізінің ерекшелігі соншалық – шебер шертісінен алған әсер заматта ұмыт болғандай. Нендей дәүлескер шертіс болса да, мына дауысқа астар болмайтын сияқты. Куаты мен сұлуптың, құлаққа жағымдылығы, нақыс үйлесімі – бәрі-бәрі таңдай қаққызығандай.

Ырсай іші әншілерден кенде емес еді. Әкейдін ауылның тұзай күміс көмейлер келіп өнер де көрсеткен. Әйтсе де, мына жігітпен тен түсерлік әншіні есіткен емес Мұстариза. Кей әншінің үні тым қоңыр жуан келер еді, енді біреулер асқақтата шырқайтып ашы дауыстылар. Мына бейтаныстың лебізі болса, сол екеуінің екі түрін де қамтиды. Біресе жер бауырлап төмен ырғалады. Ол кезде құздан құлап құрілдей аққан сарқыраманың сұын еріксіз еске аласын. Енді бірде қуатты үн шалқар төңізге барып, сарқар кең арналы өзенде елестеткендей. Сәлден кейін көкке оқыс шырқап, аспанға шашылып тұрып алады. Сонау зенгір көкке тартып койған күміс тін дерсің. Жоғары шырқағанда құлақ құрышын қандырады-ак... Әйтеуір не керек, жігіттің дауысы да ғаламат, ән сарыны да бойды балқытып жібергендей аса нақысты.

Мұстариза да, бар қауым да әншінің тегін емес екенін түйсінді. Түйсінбей қалу мүлде мүмкін де емес сияқты... Шырқағанда да бар жан-тәнімен шырқайды екен. Алқымы ісіп, жанары үшқын шаша ойнақшып, жүзі алуан құбылады. «Түрленген тоты құс осындағы болатын шығар» деп ішінен түйіп те қойған Мұстариза... Ғажайып әннің әсері үлкендерді де елең еткізген. Үйлеріне сыймаса керек, біртінде алтыбакан маңына шоғырлана бастады да.

Әнші қайырмасын қалықтатып барып құрт үзгенде, құлаққа үрган танадай тыныштық орнады да қалды. Жұрт есенгіреген халде сияқты. Жолаушы жігіттің бұл әні тас қаранғы түнде жарқ берген найзағайдай әсер етті деуге әбден сиғандай. Тіпті әшейінде жаяуга сез, аттыға жол бермейтін той басқарушы бұжыр бет жігіттің тілі байланып қалғандай мылқау халде тұр... Бұл үнсіздік қаншаға созылары белгісіз, ауылдан аяңдал жеткен үлкендердің біреуі:

– Да, кімсің өзің, жарқыным? «Үкілі Ыбырай деген жас пері шықты» деуші еді, соның өзі болмағасың. Аяқ тастасың тым ерекше, – деп қарлығыңың үнін шығарып, тыныштықты үркітпесе.

Бұл сауалға аттан түскен әлгі жолаушы:

– Болсақ болармыз, жақсы аға. Иманбай ағайға берген уәдем бар еді, соны орындаамаққа жеткен түрім ғой. Кешігіп келгенімді сөге жамандамассыз, – деп жауап қайырып, үлкендер жағына қол қусырып жағалай сәлем беруге кірісті.

Осы сөз аузынан шығуы мүң екен, дүйім халайық шу етіп, төбені басына көтергендей болды да кетті:

– Е, бәсе, әнді жүндей сабаған түрі тегін емес деп өзім де ойлаш едім!

– Несін айтасың, пейіштен шыққан үн десенші!

– Қай-қайдарғыны қоздырды-ау мына бала, үйде байыз тауып жата алсамшы.

– Шер-шеменді ұмыттырды-ау мына әні! – деп қырқылжыңдар жағы таң-тамаша болса, жас-желен қауымы:

– Міне өнерпаз, ойын-сауықтың гүлі десенші!

– Алтын шырқаған «Дауысашар» мүлде құлпырыш, түрленіп кетті ғой!

– Жер мен көк күніреніп кетті ме, қалай өзі?

– Адамзат баласына да мұнша зор үн біtedі екен-ау.

– Айтарың бар ма, туғалы мұндай сұлу лебізді естіген емен, – десіп, көкейді кернеген әсерді актарумен әлек.

Жұрт есін жиған соң, мейман әншіні хан көтеріп әкетті. Рассында да Иманбайға берген сөзін жұтпай, іздел келген Үкілі Ұбырай екен. Қасындағы қосшы бозбаланың есімі – Серік. Ұбырайдың өзі «Секентай» деп атап жүрсе керек. Екеуінің мінездері екі басқа. Бір-біріне керегар жаратылған жандар дерсін. Ұбырай жұртпен оп-оңай жұғысып, салған жерден ақар-шақар араласты да кетті. Осы ауылда туып-өскен жан дерсін... Мұстариза бір қағаберісте қолын қысып:

– Рахмет, Ұбырай, бір апattan құтқардың не қылса да. Өзің келіп қалмасаң, ұятқа белшеден батар ма едім, қайтер едім? Анау Әлия деген қызылкөз пәленің бүйідей жабыспасы бар ма? «Құрсанған жаудан қайтпаған басым, құдашалардың әзіл-оспағынан жаман састы-ау– демекші, бұ сайтан қыз бидайықша бүрер еді» деп ағынан жарыла алғысын білдіріп еді, езу тарта иығынан құшақтай алған өнерпаз жігіт:

– О не дегенің, Мұстариза, заманы бір құрдас емеспіз бе? Көкіректі кернеп бара жатқан әнді дос-жардан аярмын ба? Ми дала-да жүріп шырқағанда желге де кетіп жатқан жоқ па сол шіркінің, – деп жауап қайырган болатын.

Кісіге сенгіш аққөңілдігі ме, әлде Мұстаризаны салған жерден жақын тартқаны ма, әйтеуір тәу көргеннен-ақ «дос, құрдас»

деп атап кеткен. Бір қызығы, сол қызойнақта Алтынға да қоңіл кеткен сияқты Ыбырайдың. Арқасы бар, ән шығарғыш, ақын жігіт емес пе? Ондай өнерпаздар зэтте тұтанғыш, әсершіл келеді әдетте. Әні ұнады ма, сымға тартқандай сындарлы түрпаты жүрегіне шок таstadtы ма, әйтеуір бойжеткендерді көзге ілмestен он бес жасар қызалаққа аңсары аumasы бар ма. Мұстаризаға атас-тырғаның қайдан білсін?

Өзі де шабытты жігіт екен. Сал десе, әбден сыйғандай. Алтын елей қоймап еді, сонысын шам көріп тұтады да кетті әлгі жерде. Арқасы қозса керек, әнді бірінен соң бірін түйдегімен жібергені. Білетін әнінде тіпті шек жоқ дерсің. Таң білініп, төнірек бозалаң тартқанша шырқаса да, бір де бір әнін қайталаған жоқ... Қыз жүрегі жұмбак қой. Әдетте «Жігітті жұрт мактаган қыз жақтаған» демекші, елдің аузында жүрген әйгілі азаматқа төменетекті атап-бейіл берсе керек-ті. Әсіресе Ыбырай сияқты топтың гүлі арда-күрең бозбала көз салса, қай шүйкебас балқып кетпес? Бірақ өйтпеді Алтын. Жастардың бір-біріне жұғысар, кол ұстарат, бетен сүйгізер ойын түрлері көп қой. «Оймақ салу», «Балтам тап», «мыршым-мыршым», «қалдырма қаки», «көршің жақсы ма?» деген сияқтылар. «Ақсүйек» ойыны да онаша қалуға қолайлы-ақ. Осының біріне де қатысқан жоқ Алтын. Сырттан тамашалап күліп қана түрған. Ән де салған жоқ. Бір әредіктө жұрт қолкалағанда, сыпайы ғана жымынып:

– Үкілі Ыбырайдан соң қай жүрекжүтқан әу десін? «Кеме келсе, қайық судан шығар» деген бар емес пе? – деген сылтаумен сыйылыш шыққан.

Ыбырайдың өзі сұрағанда да сол байлауынан танған жоқ. Екі беті ду етіп көзін әкете берді де:

– Сал-аға, бізді қинамасаңыз. Әлі жастаумыз ғой. Әншіейн думанды сырттан қызықтауга келген түрім дағы. Жол анау бойжеткен қыздардікі ғой, – деп сынғыр еткен үнімен өз үәжін көлденең тартты.

Арагідік Мұстаризаға көз төңкеріп те қояды. Ұрлана қараса да, көп мән жеткізеді қарақат жанар. «Сертім серт. Көңілім сенде ғана» деп түрғандай нәулетек баланың көзқарасы. Бұндай беріктік бозбалага ұнамай қойсын ба? Шыны керек, Мұстариза да қалыңдығының бұл мінезіне едәуір өркештеніп қалған.

Алтын қабак бермегенімен, Үбірай қыз-қырқынның ықыла-сынан кенде қалған жоқ. Үкісі бұлғаңдаған әншіні жас-желең хан көтеріп әкетті. Әсіресе көп қылмыңдаған Әлия. Көзін ойнақшытып:

– Сал жігіт, «Дауысашарға» тағы бір басып жіберсеңіз қайтеді? – деп қайта-қайта қолқа салғаны бар. Жанасудың айласы екені белгілі емес пе?

Үбірай бұл елге Иманбайдың ғана шақыруымен келген жоқ екен. Әкесінің тапсырмасы да бар көрінеді. «Жылқы кісініскенше, адам сөйлескенше» деген бар емес пе? Сөйлесе келе үй-ішпінің жай-жапсарын дәттеп берген. Ақкөңіл жігіт қой, кеудемсоқ мінез, бүкпе атаулыдан ада көрінді. Әкесі қарапайым ғана шаруа екенін жасырған жоқ. Ғұмыр-бақи көрік басып, темір соғумен айналысып келеді екен. Сол себептеген ауыл-аймақ «Қарамұрын» деп атап кетсе керек. Эке кәсібінен ұялған Үбірай жоқ, қайта әзіл іліп:

– Әкеміз Қарамұрын ұста екен, көмірге өзімді-өзім қия алмадым. – деп жырына да қосты. Жыр демекші, өлең сөзге ағып түрған самар болып шықты. Шүйкебас атаулымен қайымдаса кетуге қашанда әзір. Ілгешекті сөзбен соқтыға берген Әлияға:

Бикешжан, сен де ақманңдай, мен де ақманңдай,

Табысса екі ақманңдай шам жаққандай,

Дәм тартып Жалғызтаудан келіп едім,

Болады бізге деген бейілің қандай? – деп бастап, бірталай өлең шумақтарын тоғытып та жіберген.

Ұйқас сөзді табанда құрап жауап қайтаруға Әлиядә өнер қайда? Көзін қылмыңдатып қылымсығаны болмаса, бейнелі сөзге шорқақ болып шықты. Әйтсе де, ел аузында жүрген сері жігіттің назарына іліктім деп дандайсып та қалған... Таң қылаң беріп, ойын-сауық тарқай бастағанда Үбірай өзінің негізгі шаруасын айтқан болатын.

– Әкейдің шиті мылтық бұрап соғатын өнері бар еді. Машақаты көп жұмыс өзі. Пұлына бір жылқыдан кем алмайтыны содан да болар. Қолақысы елеулі болса да, бұл іске көп бара қоймайтын. Ілуде сыйлайтын біреу болмаса, ағына да отырғызбай, бетін қайтарып тастар еді. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» демекші қисайған жағынан түзеле қоймайды біздің әкей, – деп

куліп жіберіп косшы жігітке ым қакты, – әлгі беренді шынарның Серік. Жігіттерге көрсетейік.

Косшы жігіт көсемінің әр сөзін бағып отырғандай-ақ, екі айт-қызыбастан зып беріп аттарға таман тұра жөнелді. Қанжығаға байланған бектеріншекті экеліп ашып жіберіп еді, қосаяқты орама шиті жарқ беріп көріне қалды. Күміс әшекейі болмаса да, жең мойнакты мылтық көз жауын аларлықтай келісті соғылған екен. Қызыл қайыңдан әспеттеп шабылып, жосамен боялған құндағы да жалпы нобайымен үйлесім тапқан.

– Әкей ағаш жонуга да шебер, – деп түсіндірді Ыбырай. – колы тиіп кеткен істі менгеріп әкете береді әйттеуір. Шалғынбай есімді ағамның да он саусағынан өнер саулап тұр. Өрімші де, балташы да өзі, қыран құс балттайтын саятшылығы да бар. Біздің әулетте «аһа-хаулас» жүрген мен ғана шығармын. Кей ағайын сөгіп те жүр бұл мінезімді. – Ертең үй ішін асырай алмай, азып-тозып кетерсің. Ән мен күй, желсөз тіске сыйзық болған ба? – деп мін тағады бұл жүрісіме. – Серілік сениң қай теңің? Қемір арқалап, тер сасыған жа-тактың да ұлы салдық құрады екен-ау. Біржан сал мен Ақан серіге еліктеймін дейсің бе өзіңше? Әдірем қал! Біржанның аталары мыңды айдаған шонжарлар. Ақанның әкесі Қорамса да дөңгелек дәулеттің иесі, – деп сынаған ауқаттылар не сан.

Әйтсе де амал нешік? Сын таққан ағайынды да түсінемін. Сөзін ауырлап та көрген емен. Сөйте тұра, көкіректі ән кернеп бара жатқан соң, шырқап салмай және жүре алмаймын. Құдай-екен осылай жаратқан соң, ел аралап ән саламыз да, – деп миығынан күліп қойған.

Мылтықты кергенде онсыз да ақжарқын жүзі жайдарылана түседі екен. Асылы, аясы кең каракат көздері дәйім күлімдеі тұрган сияқты. Тәу дидарласқан жанға «қүйректікке бой алдыrmайтын, отты жас болар» дегізгендей-ақ.

Мылтықты тамашалап тұрган Иманбай Ыбырайға жүзін бұрып:

– Е-е, бауырым, сениң өнерің он бармақта емес, сонау көкірекінде ғой. Тенденсі жоқ алтын қазына десенші бұл өнерінді. Бір кыдыру жанның көнілін жадыраттың әнекей. Көрі-құрттан жігерлі жастығын еске алып құтындал жүрген түрі анау. Кедей-кепшікке құнделікті бейнетін ұмыттырдың. Меніреу сахараны қанбазар

кылыш жіберген жоксың ба әніңмен? Кекірейген бай-манаптың колынан келетін іс пе бұл? Мықты болса, шырқап көрсін! Арғы жағында іші қүйіп көре алмайды да. Қазақ аман тұрғанда өзіңдей өнерпаз қөштен қалушы ма еді? – деп мейманды бір көтеріп жіберіп, – ия, бұл көксілдің иесі кім? Дәу де болса аңшы шығар. Сонау Жалғызтаудағы әкенді тауып жүрген қай пысықай болды екен? – деп қазбалай бастағаны.

– Бұл беренді істеткен Шомат деген бір саятшы еді. Осы елдің азamatы. «Сол кісіге табыс ет» деп тапсырған еді әкей.

– Е-е, өзіміздің Шомат па? – деп қуана кетті Иманбай, – шығар, шығар ол зәнталақтан. «Тентек адам шоқпар жинайды» демекші, пәлен мылтығы бар еді ол сапастың және біреуін істеткізді ме ақыры? Эй, сол итке де дауа болмас! – деп қаттырақ кетті Алтынның әкесі.

– Бұ қалай тұрпайы сөйлейді? – деп таңырқаған да болатын Мұстариза. Кейін білсе, Иманбай мен саятшы Шомат түйдей құрдас екен.

– Жүр кеттік, Шоматқа жолықтырайын бәрінді. Ол шұнаққұлақтан таңдалап тұрып бір көрімдік алмасам ба осы жолы, бәлем! – деп кіжініп қойды Иманбай.

Ыбырай Мұстаризаны да бірге жүр деп шақырып еді, бірақ әкей аттанатын болған соң Иманбай ауылынан кетуге тұра келген. Әкейсіз сока басы қалып, кайын жұрттың елінде сайдандап жүре беруге әдел-әркен жібермейді... Сондық, Үкілі Ыбыраймен қош айттысуға мәжбүр болған. Әкей де сал жігітпен қимай қоштасып еді. Аттанар алдында Ыбырайға езі жолығып:

– Ал, жарқынным, Үрсайға қонақ болып арнайы кел. Қанша нөкер ертсөң де күтіп аларлық шамамыз бар, Құдайға шүкір, – деп салдың иығына оң қолын арта құшақтай түсіп, Мұстаризаға көз тастай, – мына балам екеуің табыса қалыпсындар. Осы татулықтарың баянды болғай. Арда-күрең жігіт екенсің, Ризашыма әрі үлгі, әрі дос-жар болармысың, – деп сол қолымен Мұстаризаны да иығынан құшақтай берген.

«Екеуінді ғұмырлық ынтымаққа шақырганым» дегендей-ак, қос бозбалага алма-кезек қарап та қойған.

Сол бір күлім қаққан көзін кейін талай мәрте еске түсіріп еді-ау Мұстариза. Әкенің жүрегі алдағы нәубет күндерді сезді ме

секен, ұлына айнымас дос табуға асыққан сиякты, пайымға салғын, Өмірдің өрі мен ылдының бірталай шиырлаған жан ғой, кісінің білікті. Иманбай ауылынан ұзай бергенде, үзенгі қағысып келе жатқан Мұстаризага ойланған қарап:

— Ыбырайды қонаққа әдейі шакырдым. Тарту-таралғы беріп, жақсы күті керек бұл жігітті, — деді де аз үнсіз қалып, — өнері та-маша екен! Шығарған әні ғажап. Бұндай ән тек ғазиз жүректен туса керек-ті. Анандай өнер иесі ар жолында өлтүге бейім келер. Үкілі сабазың дос-жарына қоң етін кесіп беруден тайынар ма екен? — деп Мұстаризага және бір магыналы көз тастап қойған. «Естір құлак, ұғар жете болса, айтылмаған сөз қалған жоқ сиякты» деген тұспал да аңғарылып тұргандай кеспірінде.

Әкей айтпаса да, Мұстариза Ыбырайдың мінез-құлқына тәнті болып келе жатқан. Әні мен ақындығы өз алдына ғой, ақжарқын, риясyz мінезінің тартымдылығын айтсаңшы! Бір-екі күн дәмдес-түздас болғаның өзінде, мінезінің қанша жақсы қыры жарқ берді десенші. Титтей кергу деген болсайшы. «Ел аузына ілінген әнши-мін-ау!» деген зәредей менмендік те жоқ. Және бір ұнағаны — Мұстаризаны еш жатсынбай салған жерден шүйіркелесе кеткені. Қаршадай кезінен-ақ біте қайнасып өскендей. Қайсыбіреулер бай баласының айдынына жығылып, жалпақтар еді. Ондай жампанды әсте білмейді екен. Мынды айдаған ауқаттының баласы екен-ау деп, Мұстаризадан еш именсейші. Салған жерден тен ыңқ кісіші емін-еркін сөйлесе кеткені. Мұстаризаның іздегені де сол. Май-паң мінез, көлгірсүді жек көруші еді.

... Шешейге өз арман-мұддесін шағып, кек жолын ауызға алғанда, Иманбай ауылын тілге тиек етіп еді анасы.

— Құдамыз келіп кеткенін білесің ғой, балам, — деп бастап, мұң қіреуекесі шалған жанарын Мұстаризага аудара берген. — Шыны керек, айнып қала ма деп қаупайлап жүр едім. Бұрынғы бай-бакуатты қүйіміз жоқ қой. Пенде емес пе, әркім өз қызы баласын ауқатты жерге ұзатқысы келеді де. Келіннің де мактауын асырып жатыр көріп келген кіслер. Ай десе аузы, күн десе көзі бар шырайлының өзі-мыс деседі. Өзгені қойып әлті жас пері Үкілі Ыбырай да ән шығарып арнаса керек. Жамалы мен сымбатына тәнті болып мактауын асырыпты-мыс, — деп осы тұста шешей сал-

кідіріп. Мұстаризаға сынай қараған. «Сөзім нендей әссер етті?» дегендей.

Есіл ана өзінше айла істеп баққан ғой. Ұлым қызғанып, үйленуге құлшына ма деген есебі шығар. Үйленіп аяты шырмалса, кекті аузына алмас деп пайымдаған болар.

– Әйтсе де, Иманбай құдамыз тұнеугүні бір қатынағанда:

– Үәдем – уәде. Жақсы күнде жарасып едік, жел терісінен есікенде де берген серттен қашқақтар ойым жок. Үкілі Ыбырай Алтынның сипатын асырып ән шығарған соң, небір мырзалар сөз де салып жүр. Бірақ ешкімді маңайларатар емес келіндерініз. «Ақ батаны бұзбаймын» деуден танған емес, – деп сөздің басын ашып кеткен.

Сондық, оң жағында толықсып отырған жесір барын да есінен шығармағайсың, ұлым. Әкеңнің аманаты ғой. Қалыңдығың «батадан аттамаймын» деп мәрттік танытып отырғанда, үлкендердің өсиетін сен үмыттамысың? – деп өз уәжін көлденең тарта беріп еді анасы.

Бірақ бұл сөзге де иліге алмады Мұстариза. «Мөлдіреген көркіті қалыңдығым бар-ау!» деп елпілдей де қойған жоқ. Сал Ыбырай ән арнағанын есіткенде де қызғаныш ұшқыны тұганбап еді. Шінен: «Әкенің кегін алмайынша, дүние қызығынан бездім. Өлссем, өлермін де сол жолда. Колымнан келгенімді істеп баз кешсем, арманым жоқ. Сонынан ерген жалғыз ұл болып мен жоқтамасам әкемді, кім жоқтар? Ұл туғанда несіне қуанады қазақ? Көзім кеткенде тұяғым қалды бұл дүниеде деп үміт артпай ма ата-ана? Жау айбынар ер-азамат ізімді басар демей ме әке?

Мені Шағалақ адам құрлы көрмейді еken. «Бұ бокмұрын күшіктен не қарекет шығар дейсін?» деп жағасы жайлауда отырған болар. Олай болса, ол мырзаны бір жер соқтырайын. Тым құрығанда бір-ақ мәрте қан қақсатып өлсем де арманыма жеткенім» деп бекініп алған болатын.

Осы байлауын шешеге жүқалатып және жеткізген. Кейітіп алмайын деп барынша биязы үнмен, майда тілмен сылап-сипап айқайлағандай болып дәттеп еді. Анасы ұлдың беті қайтпасына көзі жетті ме, бір күрсініп қойып:

– Олай болса, әкенің және бір бастасын табуына тұра келер, балам. Ойына алған бұ мақсатына жету үшін айла керек алдымен.

Найза гuletіп кек алатын заман келмеске кеткелі қашан. «Мың кісі бір мылтықтың аузына сияды» дегеннің кебі келгеннің оғың де көрдің. Сондық, қол ұшын беріп, жөн сілтер тіс қаққан, айлалы біреу керек, мен білсем. Ондай кісі бар да, – деп, соны бір сөздің ұшын қылтитқан.

Озі де ізденіп отырған Мұстаризаға бұндай кеңес жақпаушы ма еді? Көктен іздеғені жерден табылғандай қызыға кетіп құлағын түре қалған.

– Иманбай құдамен жамағайын Шомат деген әкенін бір та-мыры бар. Сонау жас кезінде екеуі аңшылық үстінде табысса кепек. Ішінде Иманбайы бар, әзілдері жарасып айлап-апталап сал-бурында жүреді ғой баяғы. Сол Шоматы бар болғыр, кедейлігіне қарамай намысты екен. Бір жәрменкеде казачилердің балағатына шыдай алмай сөз қайтарып, содан хұқіметке айыпты болады. Тіл-ті приставке де қамшы үйірген бе қалай, әйтеуір дүре соғып, кә-тіргіге айдайды сорлыны. Рулы ел әдетте өз бауырына араша ту-сіп алыш қалмай ма? Бірақ Шоматқа келгенде иігі-жақсылар тар-тынып қалады. Оның себебі – сабаздың жүрісінің тым еркіндігі, мінезінің өжеттігі. Жатырлас тұғандары жок болса да, жан адам-нан ыға қоймапты. Ел қаймағы серкелер керден кетіп бара жатса, тілін тартпайтыны және бар.

Озі қалша кезінен аңқөс болып «саятшы», «мерген» атанады. Бір күні бүркітінің түяғына ілінген көкшуланды бидің шабарма-нының қанжығасына байлай қоймай, кәріне ұшырайды. Онымен қоймай бидің баласы бүркітің сұрағанда бере қоймай, екінші мәр-те бетін қайтарады. Әйтеуір не керек, майпанды білмейтін мін-зімен жақсыларға жақпайды-ак.

Хош. «Іздеңгеге – сұраған» дегендей, әлін білмеген Шомат казачилермен жанжалдасып, приставпен егеседі. Хұқімет адамы ондай бұзарлықты көтерсін бе? Піргауар жасап, қол-аяғын кісен-деп айдатады да жібереді. Билер жағы араша түспек түгілі:

– Шоқ-шоқ, осы кеткеннен оралма! – деп байғұсты құрдым түбіне итерісіп бағады. Тіпті, күнәлі ауыздардың қауесетіне сен-сек, өшіккен билер урядникке:

– Бұл тентекті былай шыға қылжита салындар. Іздей қоятын кіндіктес тұғандары жоқ. Ел жақтан күнкіл шықса, өзіміз басар-мыз, – деп тапсырып та қойыпты-мыс.

Ұзын сөздің қысқасы, сорпа бетіне шығар жаксылар бұны өлдіге санап, жаназасын да шығарып қояды. Бірақ, бар ауылаймақты таңғалдырып дін аман елге оралады Шомат.

Осы тұста шешей әңгімесін үзіп, Мұстаризаға көзін тастап қойған. «Сөздің ең салмақтысына енді ғана тақадым» дегендей.

– Кесікті жазасын өтеп келсе де, ел тізгінің ұстағандар он қабак танытпай, сыртқа тепсе керек. Сол кезде әкең қол ұшын береді Шоматқа. Жастық шақтағы тату құндерді бір жасаскан заманы бір құрдас қой. Мініс, сойыс, сауын малды түйдегімен беріп:

– Сұрауы жоқ, Шомат. Мен «бердім» демейін, сен «алдым» деме. Мына қамшы сабындаған келте ғұмырда сыйласпасақ, төс қағысқан достығымыз қайсы? – деп сөзді қысқасынан қайырады да, Шоматтың қарсыласуына қарамастан, қоярда қоймай әлгі малды алғызады.

Сондағы Шоматтың сықптыын көрсөн ғой. Тескентау асып, елге аман оралған ысқаяқ кісі де босайды екен-ау. Жанары дымданып әкеце қарай қалды да:

– Ағайыннан көрмеген жақсылықты сенен көрдім-ау, Сәпке. Дос деген өзіндей-ақ болсын. Развылығымды сөзбен жеткізуге тілім шорқақ. Бұндайда сөздің қажеті де болмас. Құдай-екең дәмтүз бұйыртса, қайтарармын жақсылығынды. «Батырдың ісі балаға түсер» деген бар емес пе? Ойлап тұрсам, бұ қара жерді әлі де бірталай шиырлар түрім бар тәрізді. Сонау итжеккенде сақтаған Тәңірім өз жерімде де қабатына алар, – деп арғы жағын айта алмай тұтығып қалған еді. Бақсақ, көзінен жас сорғалап тұр екен.

Осы тұста сәл кідірген анасы, сонау бір кездегі көріністі көз алдына елестетсе керек, басын шайқап қойып, құндігінің шалғайымен мөлт еткен жасын құрғатты.

– Сол Шоматқа жолық, балам. «Хұқіметпен жұлдызы қарсы» дегенді әкең дәйім айтып жүруші еді. Орысшаны да үйреніп келіпті айдалған жағынан. Ұлықтардың құлық-сүмдығын білетін, өзі де айлаға майталман ысылған кісі ғой. «Құ бастан қуырдақтық ет алар» деп сондайды айтса керек. Айлалы болмаса, аждаһаның аранынан есен-саяу құтылып келе ме? Жолығып ақыл сұра. Мен білетін Шомат болса, қарап қалмас, – деп ұзақ кеңесін тәмамдаған еді анасы.

«Іздегенге – сұраған» демекші, куаныш қалған Мұстариза де-реу Шоматты іздемек болды. Жан адамға сырын шашпай, жалғыз Жақияны ғана ертіп, қосарға бір-бір жарау азбан алып, «Аккік, қайдасың?» деп жөнеп берген... Ел шетіне жете бере-ақ, жауыр шобырга бұт артып түйе бақкан бір тазша баладан жөн сұрастырыды. Жаман бөркімен маңдай терін бір сыпсырып тастаған бала:

– Е-е, Иманбайдың жекжаты Шомат па? Ол сабазынды білмейтіндегі не көрініпті? Миғұла дейсің бе мені? – деп бәлденіңкірей сейлеп алып, – саятшы ғой. Ауылы сонау қырқаның желке-сінде, – деп жөн сілтеді.

Іле танауын таңқ еткізе сіңбіріп тастап:

– Бірақ қаңғыбас неме үйде омалып отыр деймісің? Тұздін адамы ғой ол саппас. Апталап-айлап үй қарасын көрер ме еken, – деп өзінше мәлімет де берген.

Тазшаның «Шоматтың ауылы адырдың арғы жағында, тиіп тұр» дегені жарты күндік жер болып шықты. Аттарды терге малшынтып құлама бесінде жетіп барса, он шакты үйлі ауыл еken. Боз ордага бұрмай, аттың басын қоңыр үзікті үйге тірегендегі дұрыс еken. Шоматтікін сұрастыrsa, шеттеу тұрған қараша үй болып шықты. Құдай сәтін салып, отағасын дөп басты жолаушылар.

– Е-е, шырақтарым, ауыздарыңың салымы бар еken, не қылса да. Бүгін келмесендер ғой, ертенгісін орнымды сипап қалар маедіңдер, қайтер едіңдер? – деп жылы ұшырай аттан түсіріп алды отағасы.

– Іздегендерің Шомат аңшы болса, үстінен тұстіңдер. Ерігіп жүрген жоқ шығарсындар, балалар, ал төрлетіңдер. Кейінгісін жата-жастана сейлесерміз, – деп лашығының төрін нұскады.

Мұстариза зер салып үңілсе, слуді алқымдаған кісіге ұксатты. Бір құлағы жартылай жоқ еken. «Е-е, «шұнақ» деп Иманбайдың әзілдегені осы еken ғой» деп топшылады ішпінен. Отағасының ғұмыры жеңіл-желпі болмағаны дақ айғызыдаған келбетінен-ақ аңғарылғандай. Кең маңдайын көлдененнен қақ бөле бір тыртық жатыр. Оң жақ самайын қамти бетін ала, иегіне дейін созылған терең ізді және бір тыртық көрген жанның назарын еріксіз тоқыратады.

«Пай-пай сабазың, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүрген кісіге әсте ұқсамайды екенсін-ау. Сүрепетінді айғыздаган дақтарыңа болайын! Ер жолын айғақтайтын белгі осы да. Жан

шошыр талай күкайды көрген жансың-ау сірә» деген оймен Жакияға көз тастап қойды Мұстариза.

Үзенгілесінің де назары үй егесінде еken. Шоматтың сопактау келген пішініне, кісесіндегі оқшантай мен дәндекуге, қындағы кездігіне қадала қарап отыр. Жүзінде таңырқау мен қатар сүйсіну де бар сияқты... Тәу көрген жан түршігетіндей қос тыртық аңшының кескініне нұқсан келтіре алмапты. Керісінше, ерге жарасымды бір сұс қосқандай. Асылы, жаратылысынан қыр мұрын, жазық мандай, әлібі келіскең кісі еken. Құбақан өні қүнге әбден тотығып қошқыл тартқан. Кішірек келген шегір көздері сұхбаттасына райланған қарайды. Қatal тағдырына деген наразылықтан еш нысан болсайшы. Керісінше, тіл қатса-ақ қуақы жылт пайдада болып күлімдей қалады еken.

Не себептен екенін өзі де таратып айттып бере алмас еді, отағасымен көз түйістірген сэтте-ақ, Мұстаризаның бұл кісіге деген пейілі арта берген. Артып қана қоймай, бір сенімнің пайдада болғаны. Кішірек келген көздердің қарасында тылсым бір қайрат аңғарылатын сияқты. Бұл жанардың иесі оттан да, судан да тайынбасына шуббесіз сенгендейсің. Әрі қарай дами берген сұхбат, бұл долбарын шынға шығарды да... Сөзіне қарағанда, Шоматтың қолында бала-шага жоқ сияқты.

– Ал, жайғаса беріндер, азаматтар. Қатын-еке қайбір пысық дейсіндер? Сусын әзірлегенше бел шешіп желпініп алындар, – деп бастап, – ізбасарды Құдайдың кимағаны. Атұстарды көрмей өткен жайым бар. Бірді-екілі іс тігеріміз бар еді, екеуін де құтты жеріне кондырдық. Бұл қүнде қалтақтап жүрген осы кемпір екеуіміз ғана. Жоқ жай, бар мәзір осы дегендей. Күтім кемшін соқса, сөге жамандамассындар, шырақтарым, – деп жөнін дәттеді.

«Кемпір» деп кеміткен зайыбы сонша кәртайш түрғанға үк-самайды. Қаруы қайтпаған эйел сияқты. Қара торы, дәңгелектеу, толықша келген әлібінің әжімі жокқа тән. Азаматы шапаты тұлғалы, сінірлі болып келсе, бұл кісі бітімді де бойشاц. Бозбастармен жылы ұшырай амандақсаны болмаса, тіс жарған жоқ. Бұл үйдің сөзін ұстайтын отағасының өзі ғана болса керек. Бір қызығы, жастардың тосын келісінеге үй иесі еш таңырқаған жоқ. Не жұмыспен жүрсіндер деп қазбалаган да емес. Бұрыннан етene араласып жүрген кісідей-ақ:

— Асығыс емессіндер ме? Аска қарандар. Бір серкешті жынып, қан шығарайын, — деп, бұл сөзі әншейін сыпайылық емес екенін дәлелдегісі келгендей, қынынан мүйіз сапты пышағын шығарып, жүзінің өткірлігін бармағымен байқай берді.

Жұпина үйдің жасауына көз жүгіртіп, тозыңқы алашаға тізе бүккен Мұстариза:

— Мен Сапалаттың баласы едім, аға. «Айран ұрай жүріп, шелегінді жасырма» демекші, бір бұйымтайым бар еді. Сонау жактан ат өксітіп келген себебім осы болатын, — деп, «сөзім не әсер етті?» дегендей, отағасыға қарай қалды.

— Мәссаған, безгелдек! Сөйдемеймісің баяғыдан? — деп шегір көздері жалт еткен Шомат орнынан атып тұрды. Егде тартқан кісі дейтіндей емес, қымылды шапшаш. Жалманына кара зер жүгірткен сәнді пышағын қынына сарт еткізе салды да, құшағын жая:

— Пай-пай шіркін, соқталдай азamat болыпсың ғой! Тәй-тәй басқанында бірер көріп едім, уақыт дегенің мұнша ұшқыр болар ма? — деп қарсы көтерілген Мұстаризаны құшағына көме берді. — Кел көрісейік, бауырым! Алда қыраным-ай, ағаңды іздел келгениңе болайын. Жеттің бе қанат қағып? Жанат женгем еркелеткен Ризашты танымай қалыптын ғой жазған басым, — деп еңкейе берген Мұстаризаны маңдайынан иіскеді.

Төске төс тақағанда бойынан насыбай мен тер, оқ-дәрі ысының ісі бұрқ берді. «Үнемі анда жүрген соң, өн бойына оқ-дәрінің ісі сіңіп кеткен болар» деп ойлап үлгерді Мұстариза.

Жақияны да шеттеткен жоқ үй иесі. — Ризашқа ерген азamat, кел, төс қағысайық. Бауырыма дос-жар болсан, маған да бөтен емессін, — деп оны да құшағына көме берді.

— Қошқар тұмсық, бадам қабақ екен бұл үзенгілесің. «Ер мұрынды, қызың бұрымды келсін» демекші, келбетті жігіт екен не қылса да. «Түсі игіден түңілме» депті ғой кешегі бабаларымыз, — осы сәзбен төрге озып, жұқаяқтан екі жастықты құлатты да меймандарға ұсынды. — Қисайып дем ала беріңдер. Жол соғып тастаған болар. Мен мал сояйын, — деп сыртқа беттей берді.

Жігіттер омалып отырганды ұят көріп жәрдемдеспек еді, Шомат рұқсат бере қоймады. — Сусындал дем ала беріңдер. Аңқаң кеүіп келген боларсындар. Жұмсайтын жастар бар ғой бұл

ауылда. Малды көрсөтсөм, арғы жағын өздері-ак жайғастырап. – деп жамағатына ым қағып шығып кетті.

Үй иелері сыртқа кеткен соң, шапандарын шешіп, айранға бас қойды жігіттер. Кедей үйдің сусыны осы ғой. Кебірсіген таңдайын жібіте, маңдайдан бұрқ шыққан терді құрғатып алған соң, айнала керегеге көз жүгіртті Мұстариза. Шағын лашыктың жасаумұлкі отағасының кәсібінен мағлұмат бергендей. Төр жақтағы бөстектер кіл арқар терісінен екен. Адалбақанда ілулі тұрған ішік те алтайы түлкіден... Бірақ, көзді алдымен тартары киім-кешек емес. Назарды, өсіресе ер-азаматтың назарын алдымен аудартатын кереге басында ілулі берен мылтықтар. Төр жақта айқышұйқыш ілінген кем дегенде төртеу-бесеуі көзге шалынды. Ұңғысы ұзын, құндағы күміс әшекейлі жалғыз оқты шитілердің ішінде құс ататын бытыра мылтықтар да бар екен.

– Мұнша қаруды не қылады екен бұл кісі? – деп Жақия екеуі құбірлесіп отырғанда, Шоматтың өзі де кіріп келді.

– Ал, құлағым сенде, жарқыным. Айта бер базынанды, – деп төменірек тұсқа малдас құрып жайғасты да, – саған бермесім болар ма екен, шырағым. Экене өле-өлгенші қарыздар едім. Оны алдын ала ескертіп те қояйын, – деп мүйіз шақшасын шығарып, көк бүйра насыбайды алақанына тоғытты. Қимылы баяу, репеті сабырлы. Жас қонағының сезін ден коя тыңдауға әзір екенін танытқандай.

Мұстариза жаңа ғана бір тостаған салқын айранды сіміріп алса да, таңдайы кебірси бастағанын және сезді. Аузы құрғап, тілі симай бара жатқан сияқты. Жүргегі де қаға бастапты. «Бұл аңшы сезімді ұғар ма екен? Ұққан күнде кол ұшын бере ме? Мамыражай, бейбіт тірлігін қия қояр ма екен шау тартқан басымен? Маған болжисса, дүйім мықтылармен қастасуға тұра келмей ме?» деп, толқып та отыр. Эйтсе де, сөйлей бастағанда лебізі нық шықты.

– Әкей айдалып кеткеннен хабардар шығарсыз, аға, – деп бастап, ойындағысын дәттей берді. Сөйлей келе қызып, болған кепті түк жасырмaston баян қылған. Кек алмағын да жайып салды. Өшіккені алдымен Шагалақ шонжар, одан қалды, месқарын урядник екенін айта келіп, «ақылыныңға қоңсы қонғалы келдім, аға. Сізді «талаіды көрген, ысылған азamat» деп сипаттап еді шешей. Тек жөн сілтей біліңіз, аға. Қол қимылы менен болар. Сізден сұрайтыным айла-тәсіл ғана. Өтінішім осы-ақ» деп тұжырды.

Көкейдегінің актарып салған соң-ак, бойы женілдеп сала бергені. Айтудың айтып салғанымен, күдігі мол еді. Қолқа салғаны мал, ия болмаса бұйым емес. Ел көсемдеріне, билікке карсылық деген сөз ғой бұл бұйымтайы. Хұкімет өкіліне, азулы шонжарға қарсы қай жүреқжүткан бара қойғандай. Албырт жас болса бірсәрі. Тоқтаулы кісіге ондай төтен қымылға бару оңай болып па? Сақа кісі жан баққан тыныштық іздептінін қайтіп білмес Мұстариза? Өз еліндегі Шоматпен тұрғылас қырқылжыңдар бәйбінелерінің қасында жантайып, қарындарын тыр-тыр қасып, шай сораптауды ғана білер еді. Мықтағанда атқа мініп, мал қөздер. Қиратқандары сол-ак. Жас ұлғайғанда алыс-жұлыс, ат құлағы теңескен теке-тіресті кім ұната қойсын? Бұл Шомат аңшы болғанымен, сергелден жүрістен ат-тонын ала қашар ма деген дүдемал ойда еді... Алайда, отағасы жас мейманның бетін қайтарған жоқ. Бір қызығы, көп ойланып-толғанған да емес. Тіпті, еш таңырқамаған сияқты. Құдды бір осы тақылеттес ұсынысты күткен кісідей-ак, басын изей отырып:

— Сен маған алдымен мынаны айтшы, бала, — деп оң қабагын кере сынай қарады, — әкенің кегін жоқтамақ екенсің, хош делік. Олай болса, нендей қымылта әзірсің? Осының бетін ашып бер алдымен. Бұл қарекетінің артында зіл батпан пәле бар. Айдалуын да, тіпті опат болуың да ғажап емес. Осыны ескердің бе? — деп сауал көлденендettі.

Кескіні мейлінше салмақты. Ой тұнған көздерде дағдылы қуақы жылт жоқ. Сұсту репеті жас сұхбатасына:

«Жауабыңды сайлап ал. Тағдырыңды оққа байлағалы тұрсың» деп салмақ артқандай... Мұстариза іркілген жоқ. «Шешінген судан тайынбас» демекші, былқылдаса бұл ауылға келер мे?

— Кегім кетті Шағалақта. Басым кетсе де өкінбен. Зәуі-сайтан айдалып кетсем, жаным әкемнен ардақты емес. Бар кінәні мойынның жүктеп, мына Жақияны ақтап қалармын деп бекіндім де. Тек жөн сілтей біл, жақсы аға! — деп келтесінен қайырды.

Осы тұс Жақия да үн қосты. Келгелі тіс жармап еді. Қысыр кеңесті жақтырмайтын жігіт қой, қажет жерде ғана сөз шығындастыны.

— Мен де шейіт кетуге бармын, ағатай. Ердім Ризашқа. Жұмызызды ажал ғана жазар, — деп лебіз білдірді.

Үні басең шықса да, нық айтылған сөз скенін ұқса керек, басын изеп қойған Шомат:

— Макұл, азаматтар. Қырқын көгілдір жас болсаң да, қанынды торсыққа құйып алған тәрізің бар көрінеді. Олай болса, колдан келгенде мен де аяп қалмаспын, — деп серт айтқандай болды.

Сөзінде тұра білді де әкенің бастасы. Білісіп жақындаса келе жана таныстың көп қырлары ашыла берді. Сөзге саран, нақты істің, қымылдың адамы екен. Сол күннің кешіндегі-ақ Жақия екеуін ертіп алғып, оқшау тұрған бір шоқ ағашқа бағдар түзеді. Ағаштың тасасында тұрып:

— Ал, жігіттер, анау сүйретіп жүрген сойылдарынды тастаңдар ендігі, — деп бастап, тақымынан қос дырау қамшыны шығарып ұсына берді, — ендігі қаруларың осы болады. Өрімшілігім бар еді, өз қолымнан шыққан білеут, — деп түсіндірді.

Берген қамшысына зер салса, өзегіне қорғасын жүгірте өрілген дойыр екен. «Ат үсті тәбелеске бұдан қолайлысы жоқ» деп ұқтырыған Шомат, кос бозбасты сол тәбелестің тәсілдеріне баули бастады. Оның қыр-сыры көп екен. Алдымен шабандоздықты талап етер өнер болып шықты. Жақия екеуі өздерінше ат құлағында ойнаймыз деп күпініп жүрсе, бұлар білмейтін кілтипан көп екен.

«Сайыс деген үлкен өнер, жігіттер. Құнделікті жаттығуды қажет етеді. Жаттыққанда терге малшынып еңбек ету керек» деген сөзбен, бір айла-тәсілді алдымен өзі көрсете бастады Шомат.

— Орыс-казактың жаттығу ойындарын, соғыс тәсілдерін игергендерін көргенім бар. Әскери дайындақтары өте күшті олардың. Үлгің сол, шырактарым, — деп жатаған торының шап айылын тарта түсіп, ал кеп шенбер айнала шапсын.

— Сен екеуің мені қуып жетіп, камшы үйіріп көр! — деп айғай салып әмір де берді. Елудегі егде кісі қымылға мұнша шапшаң болар ма? Сілтеп қалған қамшыдан жалт беріп бұға қояды сабазың. Жалтарғанда жылп етіп аттың бауырына оп-оңай кіріп кететінін қайтерсің? Жақия екеуі бие сауымындағы әурелене қуып, ақыры бір де бір қамшыны дарыта алмағаны.

— Сен екеуіңден де осындаш шалт қымылды талап етем. Ер жігіт алдымен көз ілестірмес шапшаң болса керек-ті. Онсыз жорыққа аттанбақ жоқ. Сайдың тасындағы әзірлік керек алдымен, — деп қатаң ескертті де.

Жаттығу үстінде катты болса да, былайғы кездे мейинің кішігейіл екен. Ойынды да көтере береді. – Мені ағайын келесі «шұнақ Шомат» деп атап кеткен. Жастар жағы «шұнақ шал» дей береді. Сендер де «аға» деп сыйылмай-ак «шал» дей беріңдер. Сіз деген сыпайы сөз гой. Эйтсе де ұната қоймаушы едім. Қуғын-сүргін, атыс-шабыс арпалыс үстінде сыпайылық дегеніміздің қажеті шамалы. «Әкесі құрдастың баласы құрдас» демекші, «сен» дей беріңдер бұдан былай. Жан қысылғанда сөздің келтесі һәм уыттысы дұрыс, – деп бірінші күні-ак бұл мәселенің басын ашып алған.

Обалы нешік, берген үәдесінде тұра білді әкейдің тамыры. Екі апта дайындықтан соң Жакия екеуін бастап, талгусте Шағалак ауыльна ат койды. Бастады дегені аты ғана. Исті тыңдырған жастар еді. Желідегі бар жылқыны айдаң әкеткен Жакия екеуі. Шәкірттепін баулыған ұстаздай Шомат қастарында еріп қана жүрген. Біреу танып қоймасын деп бетін тұмшалап алған.

Ауылдан атжүгіртім ұзай бергенде-ак құғын шықты. Болыстың ауылы көрінеу зорлыққа шыдамасы бесенеден белгілі гой. Сойылдарын шошаңдатқан қалың құғыншы заматта жетіп те қалған. «Айналдырған үш-ақ кісі кайбір қарсылық қылар дейсің, есуас өлемендер гой» деп түйген болар, жер-көкті күніренте кику салып, қаруларын зор айдынмен көтерісіп төне берді.

Алайда Шоматтың шағын тобы тойтарыска әзір еді. Сенгендері Мұстаризаның тақымындағы бесатар. Бұны да алдында Шомат берген болатын.

– Сүрдей сақтағаным еді, іске асырап күн туды. Сапалаттай достың қарызын қалай қайтарсам деп жүр едім. Ауқатты кісі менің берген кәкір-шүкірімді қайтсін? Малға да, дүниеге да зәру емес, Құдай жарылқаған жан гой. Енді көрмеймісің тағдырдың китүркисін? – деп қабақ шыта бас шайқады да, – «құлан құдылқа құласа, құрбақа құлағымен ойнар» демекші, арыстай азamat кәпірдің коржынына түсіп қор болды. Досымның ұлы маған сідет артқан екен, үдесінен шықпасам, мұрдет болғаным. Ұста мына қаруды, Ризаш. Осы жорықтан қалған мал-мал, жан-жан. Нар төуекел! – деп күндағының сырлы кетінкіреген әскери мылтықты ұсынды.

Оғының қоры да мол екен. Оқтап үйреткен соң, еш жалықпастан нысана көздеуге де өзі баулыды. Ауылдан жырактағы бір

терен сайдың табанына түсіп, көзден атқанда қос бозбасты мактап та қойған.

– Шеттеріңнен мерген екенсің ғой, бәрекелді! Эйтсе де, көз демей атуға үйрене беріндер. Ондайды «қолмерген» дейді аңшылар. Қашып пысқанда бантанып көздеуге мұрша кайда? – деп, ат үстінен атудың әдісін үйретті.

– Шоқпар, наиза дегендерін әншейін таяқ есебінде қалған заман ғой. Ол түгілі, сар садақтың өзі бесатардың қасында қару емес. «Бір мылтыктың аузына мың кісі сыйған» деген сөз осыны мензейді-ау. От қарудың алапат күшіне небір көzsіз ерлер төтеп бере алған жок. Кіші жүздегі Сырым батыр, Көтібар, Исатай мен Махамбетке ерген Ырсалды мен Қалдыбайдың ерлігінде мін бар ма еді? Қаруы олкы соққан соң опық жеді де есіл ерлер... Сондық, жатпай-тұрмай бесатар іздел едім сонау бір кезде. Орыс тамырларым бар еді. Солармен жалғасып түсіріп едім бірлі-жарымын. Енді міне қажетке жарағалы тұр бұл сарымайдай сақтағаным, – деп шешіле сөйлеп, бірталай сыр актарып та салған...

Жақияға жылқыны айдатып жіберіп, Шомат екеуі тізгін тартты. Айнала төнірек будактаған шаң. Құтыншылардың жасағы қанатын жая ағызып келе жатыр. Қиқу салған жігіттердің тұрлери жат. Жолын кес-кестеген екеуі түгілі, самсаған сары қол болса да тапап өтетіндей.

Шоматқа көз тастап еді, еш саспастан тұр. – Аттарын көзде, бала. Тек асықпа, оқ текке шығын болмасын, – деп Мұстаризаға иек қақты.

Аңшының нығызы порымы, берік дәтінің айғағындай сабырлы шыққан лебізі үлгі болса керек, өрекпіген жүргегі орныға бастады. Машықты қимылмен көздел тұрып басып-басып қалып еді, екінші атты тырапай асты.

– Мықтадың, бала. Кісілері дін аман, аттары да пышаққа ілігер. Болыс ауылдың аш-арығы сорпа-сұанға бір тойсын. Қызылсырап жүрген шал-шауқан алғысын да жаудырар әлі, – деп езу тартты Шомат.

– Кеттік, бала, қолдың уытын бір төгейік! – деп кенет жауға қарсы дүрсе қоя бергені. Құтыншылардың дені тізгін тартып құлагандардың қасына үйріле қалған. Беттері қайтса керек. Оққа қарсы шауып несі бар жігіттердің? Байдың малына бола жанын

кисын ба?.. Негізгі топтан бөлініп бері беттеп келе жатқан төртбес өлермен ғана. Сірә, байға бар ынтышынтысымен берілген жандайшаптары болса керек... Мұстариза және атайын деп еді, күгіншыларға қарсы ат қойған Шомат бұл ойынан еріксіз айналды. Енді атса, оқ аңшыға да тиуі ғажап емес.

— Қап, бұлдірді-ау шалың! Жазым болмаса игі еді, — деп бұл да атқа қамшы басты.

Егде саятшының әбжіл құмылына сол бір сапар көз жеткізді-ау. Қайран қалдырыған көріністі өле-өлгенше ұмытпайтын да шығар. Енді ойласа, Шоматтың бұны баулыған түрі екен. Ұлғі көрсетіп қайраған түрі болар. Эйтпесе, өзі соқтығып қоян-қолтық араласудың пәлендей қажеті де жоқ еді... Жау шапқанда үздік-создық бытырай шабатын әдеті гой. Аты өктемдер алға озып кетеді, әрине. Бараң атты, сенсөң тымақты еңгезердей біреу суырыла шауып Шоматқа бұрын жетті. Қолында қақ сойыл. Қарулы неме болса керек, өзі ұзын, өзі жуан қаруын шыбық құрлы көрмей ауаны осқылап-осқылап қояды. Аты да жатаған, өзі де шағын денелі Шоматты қалпақтай ұшырамын деген шығар, тісін ақсита ыржиган қалпы сойылын сілтеп кеп жіберсін.

Арғы жағында не болғанына көзі ілеспеді Мұстаризаның. Тымақты жау ағыза өте шықты да, кенет аттың жалына еңкейе беріл қамшылар жағына қисая бастады. Сойылы қан көбелек айнала сонадай ұшып бара жатыр. Құлағын жымыра, мильтатта киген тымағы көзіне түсіп кеткен.

Екпіндете жеткен Мұстариза назар салса, сенсөң тымақтың төбесі пышақ кескендей қақ айрылыпты. «Шоматтың сілтесі гой бұл. Қасқаң дойырын бұрын жұмсал үлгерген гой» деп аң-таң күйде аңтарылып еді, бұл кезде екінші жау да дырау қамшыға төтеп бере алмай, шекесі қанға боялыш тұра қашты... Алдыңғы екеуі ең өжеттері болса керек, еріп келе жатқан бірен-сарандар беттері қайтып қалып тізгін тартты.

— Кеттік, бала, естерін жиғанша қара үзіп кетейік, — деп аңырап тұрған бұны Шомат тізесінен нұқып қалып өте шықдан.

Жылқыны барымталау бір қауіп-қатер болса, әкеткен малды сініру деген одан да бетер бір элек. Бірақ, ол жагын да жайғастырып қойған болатын Шомат. Алдында ғана екі-үш күнге жоқ болып кетті де, көнілді оралды. Бұл жүрісінің мәні бар екен.

– Бұ Шағалақ көп шонжарлармен әмпей-жәмпей. Бір тірегі Торсан қажы. Шөбектің Баялы, Жаналысымен де жең ұшынан жалғасып жүр деген қауесет бар, – деп дағдысынша сұнгі сақалын тарағыштады да, бозбастарға құлімдей қарап, – бірақ қанша азулы болса да, осал тұсы да бар екен, қарап тұрсам. Жұмыр басты пендे емес пе, қанша айтқанымен. Сұрастырсам, дұшпандары да жоқ емес екен. Солардың бірі Құрымбай. Ол да Керей-Уаққа сөзі өтетін бір маркасқа. Шағалақ екеуінің жүлдзыздары карсы болса керек, – деп осы тұста сөзін үзіп мырс берді. Есебі дәл шығып, екі жеп биге шыққан кісіште тоқмейілсіген түрі бар.

– Не керек, Құрекенде жолығуға тұра келді. Бұрыннан көзтанныс кісі еді. Шағалақтың жылқысын сініруге қалайсыз деп едім, жерден жеті қоян тапқандай қуанбасы бар ма? Қанша бай болса да, қомағай ит қой, оның үстіне өштескені бар. – Сен топырлатып әкелуді біл. Ары асырудың айласын мен табайын. Жігіттерге тапсырып қоярмын, – деп келісе кеткені.

«Жігіттер» дегені – кәдуілгі баукеспе ұрылар. Ұрлағанда, жарлының жалғыз мәстегін де жалмайды, егессе, үйірімен айдан алып да кетеді. Бұл ұрлықтың желісі тым алысқа созылған. Сонау Алтай-Карпықтың, Қаракесектің жылқысын ту-у Текеге асырады. Текенің ұрылары есесіне іш жақтың қыдыра жалын бері айдайды. Сейтіп айлық жол асқан малдарды иелері қайдан тапсын? Азулы бір байлар болмаса, тапқан күнде де теңдік бере ме Құрымбай?.. Үнемі түзде жүрген сон, бұл тірліктерін байқап та жүрмін. Бірақ, жұмысым қанша? «Тек жүрсөң, тоқ жүресін, домаланып көп жүресін» демекші, – деп бірталай соны мәліметтің шетін қылтитып еді, Құрымбай ауылына қатынап келгеннен сон...

Сол уәдемен кіл мама биelerді үшеуlep дүрілдете айдай жөнелген. Айдағанда да Шомат тісқаққандық танытты. Қылқұйрықтылардың кісінестерін байқап:

– Жақия, анау доға жал шабдар биені нокталап ал да, алдымызға тұс. Мал танысады, бас мама бие осы болар. Өзге жылқы соңынан ермесе маған кел! – деп бұйрық берді бір кезде. Үні нық, өзіне сенімді сияқты.

Айтқандай-ак, үйірдің көсемі болса керек, Жақия жетекке алған шабдардың соңынан бар жылқы еріп отырды. Көп ұзамай Құрымбайдың жігіттері бір шоқ ағаштың тасасынан қылаң етіп шы-

ға келген. Кіл сойыл сүйреткен сайдауыт. Ұзын саны он шақты. Такымына басқандары кіл бауырынан жараған сәйгүлік. Жетектеріндегі бір-бір бедеу және бар.

— Уа, Шомат, сауға! Шұнак неме, қанжығаң тоқ көрінеді ғой, — деп қаракек атты далбайлысы айғай салып қарсы алды.

Сойдақ тісті, тұксиген қабак, жүзі ызбарлы біреу екен. Шоматты бұрыннан білетін сияқты. — Мына інішектерді жыға танымадық қой, — деп ала көзімен бір қарап қойды. Көз қарасында аспанаһани қылыштың сұық жылты бар дерсің.

— Сырға берік пе өздері? Жонынан таспа тілсе де, тіс жармайтын жігіт керек біздің бұндай тірлігімізге. Ескертіп қоярсын, шұнағым! — деп дауысын қаттырақ шығарды.

— Өзіндей көр, Бірке. Көп сейлеп кеттің ғой. Можып барамысың әлде? Кәрі шөнге мен мылжында сам бірсәрі, — деп Шомат таға қойған жок. Серіктеріне көзін қысып койып, — сауғаға осының бәрін бергенім-ақ. Тек өнешіңден өтсе болды. Құйрықбауырдай қылғытып сініре біл. Ал тарта беріндер. іске сәт! — деп бұл да айғай салды.

Құрымбайдың жігіттері қиқулап, малды айдай жөнелді. Сол кеткеннен мол кетті де... Кейін Шоматтың айтуынша, кундіз-түні сар желдіре жүріп Кіші жүздің жеріне асырып кетсе керек...

Бұл барымтадан кейін Шағалақ, әрине, қаһарына және мініп алды. Талтүстегі оқыс шабуыл қотаның ортасына жай түскеннен кем әсер еткен жок шығар. Бұл да барымтаға жігіт аттандырып Ырсайға жіберді. Бірақ бұл жолы Ырсай қамсыз емес-ті. Ол да рулы ел. Ат құлағын теңестіруге әзір сайдың тасындағы азаматтары баршылық. Үкіметтің от каруынан сессене де, қара сойылдан ықсын ба? Жасақтанып, қару сайладап, тіресіп баққан. Сөзүстар ақсақалдардың Шағалаққа құлаққағыс қылған уәжі:

— Мұстариза әкесінің күйігімен елден безді. Ол бір соқа басы жортқан бөлтірік. Ұстап алып, үйітіп жесен де еркін. Бұл барымтадан тазамысыз. Сойдақтаған із, сорғалаған қан Ырсайға экелсе, онысын айтсын. Қазақ жолына жүгінсең де, хұқіметтің низамына сүйенсең де жауапқа әзірміз. Оймақтай ауыз бен он қолымыз таза бола, біреудің отына күйер жайымыз жок. Мыкты болсаң, Мұстаризаға кәрінді төк. Ол бір ұрынарға қара таппай ажалға сүйкеніп жүрген өлермен жан, — деп бар кінәні Мұстаризаға арта береді.

Ырсайдың берік құрсауын бұза алмасына көзі жеткен Шағалақ, Мұстаризаның соңына шырақ алып түседі. Сүйенгені – урядник пен орыс-казактың қаруы. Үкіметтің құрығы ұзын болған соң, қырына алған қашқынды індептей қоймасы бесенеден белгілі. «Бұ қанды ауыз бөлтірікті әкесінің соңынан итжеккенге жібермей тынбаспын» деген серті де ел ішіне тарап кетеді.

Шонжардың кеж мінезін билетін қарапайым халайық:

– Бұл итің қанын торсыққа құйып алған көрінеді. Анау сорлы баланы жерге қақпай қоймас. Ия Ұлы жүзге, ия тіпті болмас Шың-Машынға асып кеткеннен өзге лажы да жок, – деп жана-шырық танытқан.

Ырсайдың үлкендері болса:

– Кіші жүз жакқа, Байұтыға жібере тұрайық. Қарға тамырлы қазақпыз ғой. Ол жақта да құда-жекжаттарымыз бар, Құдайға шүкір. Сөз басылғанша паналай тұрсын, – деп сәлем жолдады.

Бірақ жаудың қолында өлуге бейім албырт жас қатерден қашын ба? – Не көрсем де өз елімде, туып-өскен ата-мекенімде көремін – деген сөзben жыраққа кетуден бас тартты.

Сойткен қысылтаян кезде қол ұшын берген және Шомат болды. Бурыл мұртын ширатып қойып:

– Пай-пай шіркін, жастық жігер-ай! Сырдың суын шұлығынан келтірермісің? – деп ақыл сұрай келген бозбастарға сүйсіне қарап қойды да, – іздей берсін бізді Шағалақ. Ол қаланың кенсесінен жетік болса, жаман ағаларың өз сахарасының сырын білуші еді. Іздерінді жасырып бағайын. Келген кепті көріп алдым. Қолға түсек те бірге түсерміз, шырактарым. Еш абыржымаңдар, – деп миығынан күліп қойып, серіктерін құла түзге бастай берді.

Құла түзді көп шиырлап жер жұқартқан сырқынды ғой. Оның үстіне аңшылығы да бар. Үш-төрт кісі түгілі, үйрлі жылқыны жасыратын сайларды біледі еken. Бұл жапан түздің көлденен кісі біле қоймайтын құпиялары көп болып шықты. Бір көрмеге тақтайдай тегіс жазықта талай ұры сай, қамысы аттылы кісінің бойынан асатын жырақалар бар еken. Қарағайлы тау мен тас, қайынды-теректі шұбар өз алдына пана. Сондай жерлерге тұн баласында бастап апарады да Шомат, күнұзак бекініп жатып алады. Базбазда сонадай кетіп бара жатқан Шағалақтың іздеуші тобын көзі шалып та қалған. Ондайда еш саспастан:

– Бекем болындар, жігіттер. Зәуі-сайтан үстімізден түссе, шайқасуға тұра келер. Жастығымызды ала өлейік не қылса да, – деп бесатарын онтайтай берер еді.

Бірақ Құдай сақтап, Шағаләк жіберген сайдауыттары да, казачилер де бұлардың ізін таба алған жок. Сол бір қашып-пысып жургенде Мұстаризаны алдымен тәнті еткен Шоматтың табандылығы болатын. Алда-жалда құғыншылар үстерінен түссе, өшіккен жау ондыртпасы белгілі ғой. Әсіресе бұрын көтіргіні көрген Шоматты жүндей түтіп аямасы мәлім. Ол жәйтті аңшының өзі жастардан гөрі жақсырақ білсе керек-ті. Әйтсе де, берекесін қашырган кезі болсайшы. Сонысына қызыққан Мұстариза бір кеңестің үстінде:

– Шақа, шынын айтсам, таным бар мына жүрісіне. Мені койшы, әкенің кегі жайлы орнымнан ыршытты ғой. Ал сен не үшін күйіп жүрсің осы отқа? Бізге жөн сілтеп от басында, ошақ қасында отыра бермеймісің күрең шайды рахаттана сораптап. Жасың болса, келіп қалды. Бізben қоса өзінді де жаншып тастамай ма болыстың жандайшаптары? – деп сұрағаны бар.

Әншнейінде көп сейләй қоймайтын Шомат сол бір күні кеңеске көнілі соқса керек, ойға қалып сәл кідірді де:

– Е-е, шырағам, қыршын көгілдір сендер басынды окқа тіксен, кәрі шөнгө маған не жорық десенші? Бұ жаман ағаларың мына жарық дүниемен қош айттысуға әлдеқашан әзір жан ғой. Жасарын жасап, асарын асаған қырқылжың қай опаттан тайсалғандай? – деп отты айнала жамбастап жатқан серіктеріне назар қызыртып өтті.

Істық істегендеге, тамызықты шақтап салып, отты маздатып қана жағатын. Бұнысы тутінді сездірместің амалы. Тілдей ғана жалынға ойланған Шомат, кеңесін өрбіте берген.

– Шынымды айтсам, ажалдан үрке-үрке жалықтым ба, қалай өзі? «Корқақты куа берсөң, батыр болады» демекші. Әзірейіл тұра келіп қалса, қашып құтыла алмас пенде. Көрпенің астында, ез үйінде жатсаң да құтқармас. Басқа салғанды көреміз дағы, – деп осы сөзбен қонышынан муйіз шақшасын шығарып, кекбүйраның бір шөкімін ұртына жонелтіп жіберді. Насыбайдың дәмін ала отырып, өткен-кеткенді есте жаңғырта ой тербел, бишаздан сөйлемек тәрізі бар сияқты. Онысын кейінгі сөзімен дәлелдеді де.

– Илансандар, хұқіметті иттің етінен жек көремін. Ұлықтарға жүгінген біздің құйыршықтарды да атарға оғым жок. Анау Шаға-

лак сияқтыларды айтам да. Қит етсе, казачидің каруымен корқыту деген нағыз сатқындық смей немене? Қазақ жолымен шешсе нетті бар мәселені? Итжеккенге айдау, дүре соғу, қол-аяқты кісендеу деген қайдан шықты? Ресейдің низамынан. Өз-өзін аямаған орыс бөтөн ұлттың баласына қабырғасы қайыссын ба?

Сойткен қатыгез заң-закунге сүйеніп, Шағалақ сияқтылар өз қандасын езіп-жаншып жүргені анау... Қазақта да зорлық-зомбылық жетерлік, әрине. Әділетсіздік те баршылық. Әйтсе де абақты жоқ. Көтіргіде адамды тірідей шіріту деген сұмдық та болған емес. Кісі өлімінің өзін де күн төлең жайғастырады билер. Онысын ру төлейді. Сондық, әр қазақ баласы «кесірім ағайынға тимесін» деп бұзарлыққа баспаған бұрын. Енді міне көрмеймісін, Шағалақ сияқты жағымпаздар орыс заңын енгізумен әуре. Ол заңы елін түзей алса, Ресей бұрыннан қайда қалған? Орыстың жартысына жуығы жер аударылып Сібірде қүнелткен түрі анау. Абақтыда қамалғаның санынан көз тұнады. Көрдік қой шет жағасын. Құдай біреудің басына келтірмесін, – деп сөзін түйді де, қабағын шыта қалды.

Сол бір келеңсіз суреттерді көз алдына елестетті ме екен, үртynда бұлтылдаған насыбайды да ұмытып үнсіз қалды. Ұнжырғасы түсіңкіреп күрсініп те қойған. Еңсесін тұқыртқан қалпы сөзін жуық маңда тірілте де қоймас па еді, қайтер еді, әңгімелдүкенге қызыққан Жақия сұхбатқа килікпесе. Жеткірініп қойып, өзіне назар аудартты да:

– Бұ сөзіңе таңым бар, Шақа. Орыстың дейлері қара халқын неге абақтыға тоғыта береді? Қанша басынса да өз қандасы емес пе? Бұ бетімен не ұшпаққа жетпекші бұлар? – деп Шоматқа еліктей бұл да өзінің түбіт мұртын сылап қойған болды.

Мұрт дегенде мардымды мұрты да жоқ. Жаңа тебіндең келе жатқан сымсақ қана. Болса да, Шоматты пірдей көретін Жақия, көсемінің істегенін қайталап бақты. Бар жүріс-тұрысын үлгі тұтар еді. Әдейі еліктемесе де, көсемінің қымыл-қозғалысын қайталайтынын өзі де аңғармай қалатын. Шомат болса, жас серігінің тосын сауалына бірден жауап бере қойған жоқ. Айтарын сайлағандай ойлы сыңайға мініп, аз-кем кідіріп қалған. Асылы, әр сөзін өлшеп-пішкендей-әк салмақтап сөйлейтін. Айтқан сезінде тұрады да. Желауыз бөспелерді жақтырмайтыны содан болар... Ойын қогамдап

алған соң ұртын бұлтылдатып шырт түкіріп тастанды да кеңесін желісей берді:

— Өсіп-өнгөн халық қой бұл орыс. Қала біткені ызынды ед. Селендерде бықып жатқан қарашекпен. Көп болған соң қара халқы қадірсіз. Ақсүйектер жағы былайғы жүртты кісі құрлы көрмейді екен-ау. Кәдуілгі құлыш-күні есебінде... Қазак «құл» деп жаугершілікте қолға түскен тұтқындарды атайды емес пе? Өз руласы қандай кедей болса да, өз еркі өзіндегі азамат есебінде қашанда. Мысалы, шешендігі келіссе, байдың бетіне сын сөзді былш еткізіп айтты да салады. Азат болған соң тіл тартпайтын хақысы бар. Елдің ежелден келе жатқан ғұрпы солай... Ресей заны болса, мұлдас өзгеше. Ақсүйектерді «дворян» деп атайды. Қара халықтың дені «крепостной» аталады. Онысы құл есебінде. Иелері сатса да, ұрып соқса да өз еркі. Тіпті дүрелеп өлтірсе де, заң дворяндардың жағында.

Тұрмысы түгілі, тілдері де бөлек. Ақсүйектер жаппай пранцузша шүлдірлейді. Қара халық пранцузшасы түгіл, дворяндардың орысшасын да түсіне қоймайды. Бір ұлттың ішінде екі халық катар өмір сұргендей-ақ. Төрелер мен қарашекпендердің арасы тым алшақ. Тіпті жер мен көктің арасындей. Қатарласа күн кеше де ымыра жоқ. Сыздап тұрған бір жара сияқты кереғар қауым. Қара халықта бас көтеруге мұрша жоқ әттең. Сондық езгіге көне береді де, — деп сөзін түйіндеді Шомат.

Ден қоя тыңдаған Жақия басын шайқап қойып:

— Е, бәсе, бұз казачилер мен анау пристав қазаққа неге сонша қатал десем, сырды әріде жатыр екен ғой. Өз қандасын құл қылым жұмсаған орыс хүкіметі діні, тегі бөлек қазақты мұсіркесін бе? Иттің құлыш итакай құрлы көретін шығар, дәу де болса, — деп ашы мысқылмен мырс берді.

Шомат жас серігінің пікірін құптағандай бас изеп қойып:

— Пристав пен урядниктерді жалпы халқы «жандарм» деп атайды. Айдауда жүргенде еріксіз үйренеді екенсің тілі мен низамын. Жандармерия мен казачилер хүкіметтің қара шокпары мән зелдес. Осыларға сүйеніп бұқара халықты тырп еткізбейді... Қазак сияқты тегі бөлек елдерге деген саясаты тіпті қитұркы. Бізді «бұратана» деп қарашекпеннен де кем-кор тұтады. Халқының дені шикі надан ғой. Хүкіметтің алдауына сене береді де. «Анау басурман, діні, тегі жат. Жерін тартып ала бер. Сен патша ағзамның сүй-

ікті ұтысың» деп ұлыктар айтқатап, өзге ұлтты құбыжық қылып көрсетеді де. Бұл бақайқулық еkenі бесенеден белгілі ғой. Надан бұкара өзара қырбай болса, төрелер дегенін істей бермей ме? – деп сұхбаттастарына назар қыдырытып өтті.

– Эйтсе де әр ұлттың жаманымен қатар жаксысы бар емес пе? Айдауда жүргенде карапайым орыстардан небір мейірім көргенім бар. Талайымен тамырласып та кеткем. Анау өздерін көрген бесатарды сол тамырлардың біреуі тарту қылған еді. Ол ол ма? «Смит и Вессон» деген тапаншаны да сыйлап еді бір досым. Оны да кеңінде көрерсіндер, жігіттер, – деп кулана қарап қойып еді...

Сондай сырласулармен өткізіп еді күндерін. Сөз басылғанша, күгіншылар жалыққанша бой тасалаудың амалы ғой. Азық жағынан еш тарлық көрген жоқ. «Ұшқан құс, жүгірген аң біздікі емес пе? Бұл даланың сырын білетін аңшыға талғажау жетеді, Құдайға шүкір» деп Шомат айтпақшы, нәпақасын сахарадан айырып жүрді... Қыран құс баулуға да шебер еken Шомат. Ауылына бір қатынағанда қаршығасын ала келді де, ара-тұра қаз-үйрекке салып жүрді. Күгіншылар көрінбесе болды, маңайдағы өзектерді сүзіп шығып қанжығасына бірер құс байлан әкеледі. Көз ұшына елік, бөкен сияқты аң іліксе, оны да құтқармайды мерген. Ондайда мылтықтың оғын шығын қылмайды да. Ата-баба қаруы сар садаққа да майталман екендігіне серіктерінің көзін жеткізген.

– Бұны ұмытты ғой біздін ел. Ата білген кісі садақпен-ақ аң атаулыны қағып түсірер, – деп өзі айтқандай, ағаш оғын далаға кетірген емес.

– Жақсы садақты істей алатын шеберлер осы күнде қалған да жоқ шығар. Ол да сырлы мен қыры көп өз алдына бір өнер. «Сөзі мірдің оғындар» дегенді естіген шығарсындар? Сол «мір» дегені садақтың бір түрі. Өзі шаңырақтай көлемді келеді де, серпіні ете құшті болады. Оның кірісін жігіттің жігіті ғана тарта алған. Доғал оқ салсан, анау-мынау сауытыңың күлпаршасын да шығарар. Менің садағым оған қарағанда баланың ойыншығы, – деп кішірейе сөйлер еді.

Мактанның ада, кішіпейіл кісі ғой, өз шама-шарқын қампайтуға жоқ. Онысына Мұстаризаның көзі талай жетті де. Жақия екеуі садағының адырнасын тартып көрсе, шіреп тұрған калпынан тілті тапжылар да емес. Сынықсұйем мөлшерінде тартуға әлдері әрен

жетті. Шомат болса, қандыкеге салған бұлыш оқты құлағына жәйін әкеледі. «Тұрпаты қолтоқлақтай бола тұра әндемдісін қарай көр!» деп Жақия мен Шәризаттың таң-тамаша болғаны да бар... Сөйтіп аң мен құстың етін талшық қызып жүргенде, бір күні елге қатынап келген Жақия:

– Шағалақтың тақымына басқан бір сәйгүлік бар деп есіттім. Күнәлі ауыздардың айтуынша, жанынан бетер көреді-мыс. Рас-өтірігін қайдам, әйтсе де қүзеті аса берік деседі. Соны ұрласақ қой, шіркін! Ісік неменің және бір сағы сынар еді. Бірақ, аса сағ қүзетіне айла табу оңай емес-ау, – деп соны бір сөзді бықсытты.

Тиыш отырса, іші пысатын әрі ұрыншақ, әрі елгезек жігіт қой. Құғын-сурғін, сергелден қөрмese, ішкен асы бойына сіңбейтіндей-ақ ізденіп жүргені. Сабырлы Шәризат:

– Өле алмай жүріп мұның не? Астыңдан су шықты ма? «Інгे кіре алмай жүрген тышқан құйрығына қалжуыр байлапты» демек-ші, қашып-пысқан түріміз мынау. Мұстаризаны апарып орга жық-пақпышың? – деп басалқы айтқан болды.

Мұстариза үндей қоймап еді, өзі елсіз-күнсіз жүрген серіктерін және бір қатерге қайтіп бастамақ? Шомат та қажыған болар. Қанша айтқанымен, жас емес қой. Осы оймен әліптің артын бағып іркіліп қалған еді... Бірақ мергеннің өзі елең ете қалды. Жақия жастаң шыққан ұрыншақ болса, бұл егделердің арасындағы көкбөрі емес пе? Тыныш жүрсе, жалыға бастайды... Күзен бөркін желкеге қарай ысырып қойып ойланған қалды Шомат. Жақияға сұраулы жүзін бұрып:

– Қүзет күшті дедің бе, бауырым? Дарбазасы биік қамал десенші. Бірақ, алынбас қамал бола қояр ма екен? – деп және ойға терендей берді.

Біраздан кейін:

– Таптым, жігіттер. Қонекөз бір сырласымның тамырын басып көрейін не қылса да, – деп күлім қақты... Сол түні-ақ аттаның, бір неше күнге жок болып кеткен. Үш-төрт күннен соң, таңға бір үйқы қалғанда торы азбанын сыйылдатып жетті де, келе сала:

– Сөзді пісіріп келдім, жігіттер. Енді бір сәтті күнді тосамыз, – деді де, – ал қазан көтеріп жіберіндер. Шай ішіп, таңдай жібітейік. Аңқам кеүіп барады. Ақ құйрық пәмилнай болмаса да, кірпіш шайды қолға түсірдім, – деп көңілдене тіл қатты.

Сықпа күртпен терлең-тепшіп шай ішіп алған соң, тоқымға жамбастай қисайып, әңгіменің тиегін баппен ағыта берді:

– Шағалақ ауылында Балтабек деген бір түйеші замандасым бартын. Күйі-жайы төмен бір нашар. Ғұмыры жалшылықта өткен байғұска бір шыр біткен емес. Шағалақтың ауылына кірме болады. Өзі жалғыз, өзі момынның жайы белгілі ғой. Азулардың малайы, малайы емес-ау басыбайлы құлыш есебінде.

Сол замандасымның ертеректе қатыны, бір қызы баласы да болған. Одан басқа перзент көрмепті. Әлгі қызын жаңынан бетер көріп әлпештеп өсіреді. «Ұзатуга асықпаймын, оң жақта бұлғақтап жүре тұрсын. Ата-ананың алданышы ғой. Бергенде де өзі теңдес жасқа берем. Ұнатып қосылсын» деп жүргенде, Шағалақтың бәйбішесі килікпесі бар ма? Әбден есірген, деміне нан піскен неме, жүдеу үйдің сүттей ұйыған жаразтығын көре алмаса керек. Балтабекті қорлап, атын да атамай:

«Әй, бәйтебет!» деп шақырап еді дәйім... Сол ісік неме аузынан уызы кетпеген баланы сақалы сапсиған бір шалға ұзатты да жіберді. Әрі қаусаған кәрі-күрттан, әрі бүкір бір бай екен. Қалыпмалын Шағалақтың жылқысына қоса салды, әрине. Сол баланың қайғысынан күйзеліп, көп ұзамай Балтабектің зайды дүниес салады. Құсадан қайтты кейуана. Балтабектің де көңілі пәс. Құдай жанды алмаған соң көне береді де пендे. Қалтақтап жүргені болмаса, жарық дүниенің қызығынан түнілген бір пакыр.

Қош. Әрі ойлап, бері ойлап сол замандасты таппак болып шықпаймын ба? Сәті түсіп оңаша жолықтым. Ауылдан жырақ бір сордың маңында түие бағып жүр екен. Сөзбүйдәға салмай-ақ тұрасынан кетпеймін бе.

– Шағалақтың бір мұқатайық. Боғын пышақтасын бәлем. Бәйге атын шығарып бер, ішінде жүрсің ғой. Арғы жағын өзім реттеймін. Тек ымы-жымын білдірмей котаннан шығарсаң болғаны... Байдан өшінді бір алсаңшы, мұндар-ау. Қашанғы жүре бересін мойынсұнып? Тұққ серіппей өткениң бе? Бауыздаганда лақ та бақырмай ма? Лақ құрлы жоқсың ба? – деп қайрай бастап едім, әлгінің қолын серпе көтеріп сөзімді бөлгени. Қой аузынан шөп алмайтын жуас болушы еді, өзім де аңырып қалдым.

– Әй, шұнақ неме, қашаннан сөзуар болып едің? Көк мылжыңдарды суқаның сүймейші еді ғой. Алжи бастағанның қай жағысын,

саппас-ау? – деп езу тартқаны. Заманы бір көзкорген ғой, бұрын қатты ойнай беруші едік.

– Мені қайрамай-ақ қой сен. Ку шұнақ Құдай мені қайрап та, сынап та болған. Бұғ фәнидің азабын көріп біттім, о дүниедегі тозағынан қорқайын ба? Құр қалқайып жүргенім болмаса, өлтөн жанмын. Өмірімде бір-ақ алданышым, балам бар еді. Оны да қор етті жауыз бәйбіше. Үмітімді кесті... Өшімді алмақ ойым жок еді. Ынжықтың қолынан не келе қойсын? Енді міне сен келіп, қолыма құрық ұстасып тұрсын. Несіне тартынам? Ұсталсам да уайым жоқ. Әрі кетсе ұрып өлтірер, іздегенім де сол емес пе? Қайта егесін өлейін, – деп келісе кеткені Балтабек-екеннің.

Солай жігіттер, сөзді пісіріп келдім. Жауын-шашынды тосамыз енді. Қалың нөсерде із де қалмайды, күзетші де үйқы соғады, – деп сөзін сарықты Шомат...

Сәті түсіп Шағалақтың тақымына басқан бәйге атын да ұрлап тынды бұлар. Қол ұшын берген Балтабек түйеші. Бір қызығы күдіктенген Шағалақ бар қоңсы-қолаңшы, малшы-жалшыны тергей қысқанда, Балтабекті шақыртпапты да. Иіс алмас жаманнан ондай қимыл шықпайды деп кем-қор тұтқаны ма, әйтеуір момын түйеші аман құтылды.

Бұл жәйтті құлағы шалған Шомат насадтанып:

– Хош! Ерледі түйешім. «Батырдың ісі балаға түсер» деген. Мүйізімен бұл тіреген шонжарды жаман малшы сүріндіріп кетті ау. «Жауда да бір көзің болсын» демекші, бұл Бака дүшпанның ішінде жүрген жансыз болып жүре берсін, – деп қойған болатын.

Әйтеуір не керек, Шомат бастаған бар істері жүзеге асты. Протас урядниктің тапанишасын торап алғанда да, Шомат елеусіз ғана сол манда жүрген. Мұстаризаға:

– Еш саспа, бала. Ис насырға шапса, мен де кірісем. Атысып өлемріз әрі кетсе. Тірідей түспесспіз жауыздың қолына. Кәтіргінің азабын шеккенше, өз жерімізде шайт болғанымыз жүз есе артық, – деп, дем беріп қойған.

Нық сөзі, сабырлы қалпы қашанда көңілді орнықтырап еді. Енді міне қос құрдасын ертіп, ұстаз тұтар сол аға досқа және жолық-пақ.

... Ой теңізін кешіп, өткен-кеткен күндерді жадында жаңғыртқан Мұстаризаны Шәризаттың дауысы елең еткізді. Аттанар жа-

ғында үзенгі қағысып келе жатқан жолдасы, қамшысын екі бүктеп көк жиекті нұсқап келеді екен.

– Энеу бір қараны көрдіңдер ме? Кесе-көлденендең келеді, – деп аттың жалына қарай еңкейінкірей, сыйыр көздерін алға қадай түседі.

Шәризаттың көзі қырағы екенін біледі құрдастары. Жақия әзілдеп:

– Сықи көздер өткір келеді. Шәкене жету қайда! Ол жағына ұяттылаумыз, – дейтіні де содан.

Шәризат сілтеген бағытқа үнілсе, шынында да көз ұшында бір кара көрініпті. Шоқ ағаштың тасасынан шыға келсе керек, алдында көріне қоймап еді. Беті осы жақ сияқты.

– Баран атты біреу. Қосарында бір қылаң бар. Өкше ізі сонау ағаш, – деп Шәризат бұл ойын қуаттай түсті.

Күн сала көз сүзген Жақия:

– Шоқ ішінде жасырынған арамниет біреу болмаси кетсін. Әлі де кісі бар шығар тасада. Әзір болайық не қылса да, – деп сақтық айттып, ердің алдыңғы қасына іле салған дойырды қозғап қойды.

Мұстариза жолдасына көз тастап, еріксіз езу тартты. Алыс-жұлыс, арпалысты тілеп тұратынын-ай осы Жақияның! Тек жүру деген ұғымға жұлдызы қарсы жаратылған тынышсыз бір жан. Протас урядникке соктығуға да осы серігінің ақылы тұрткі болды-ау. Қол қусырып қарап жатса іші пысытанын қайтерсін? Басына пәле іздейді де жүреді. Сол сапар да бір күні Шоматтың көзін ала беріп:

– Эй, Ризаш, осы бір ойдың мазалап тұрғаны, – деп бастап, құлағына сыйыр төндіргені. – Мына Шоматтың тапаншасын көрдің ғой. Бір орыс тамыры беріпті-мыс дейді. Осы сөзі кисынга келіңкіремейтін сияқты. Текten тек кісі анандай қаруды бере ме? Жынды қойдың миын жеп пе әлде? – деп Мұстаризаға үңіле бір қарады да, – дәу де болса, осы тапаншаны тонап алды Шоматтың. Иесін жаһаннамға жіберуі де ғажап емес. Ондай қарудың иесі осал болсын ба? Ертең іздемей ме? – деп үнсіз қалды.

Бұл жорамалыма сенер түрі бар ма деген кісіше, Мұстаризаға және көзін бір төңкеріп өтті. – Ендеشه біз де тек жатпайық. Бір Шомат құрлы жоқпыш ба? Урядниктің жолын тосып, бойындағы бар қаруын сипарып алайық, ерегіскенде. Долданып сакалын

жұлар ма екен месқарын ит-шошқа! Шәризатты алмай-ақ қой бұл жорыққа. Екеуіміз ғана барайық. Бас кететін іс қой. Маубас неме тірі жүре тұрсын да, – деп әзіл іліп сәл кідірді де, – әлде жүрексініп тұрмысың, батыр-еке? – деп сөз аяғында намысты шабақтаң та қойған.

Өзінше істеген айласы ғой. Жолдастары құп көрсе төтен қымылға, жанкешті әрекетке Мұстаризаның қашанда әзір екенін біле тұра әдейі қайраған түрі дағы... Сол ұсынысы ақыры іске асып еді. Бірақ, Шомат бұл екеуін ғана жібермей өзі бас-көз болды.

– Орысша бір ауыз сөз білмейсіндер. Одан қалды, кентті жердің тәртібінен де хабарларың жок. Қотаны қайсы, шіркеуі мен диірмені қайсы дегендей. Осының һәммасына өзім үйретіп, өзім жөн сілтермін, – деп келтесінен қайырган. Сонда аждаһаның аранына бастап апарған осы Жақияның тентек мінезі мен іздептіш киялы ғой...

Мұстариза қамшылар жағында сар желдіріп келе жатқан досяна бейілдене көз тастап қойды. Жақияның қияпты маңғаз. «Қазақтың баласы осы!» деп ұялмай көрсетуге лайық келбетті-ақ жігіт. Түрін тәу көрген көлденең көз біреу, байсалды бір мырзасымақ дер. Бірақ бұл салдарлы пішіні алдамышы. Тентектігі бір басына жетерлік, жүргегінің тәуекелі бар жігіт дегенге пошымы еш көлмейді-ақ... Осы серігін көрсе-ақ жүргегі орнығатының талайдан-ақ аңғарып та келеді. Тәуекелге басып жіберіп, бұзып-жарып шығатын ақжолтайлығы бар. Бұған дәйім бастайтын тынышсыз мінезі. Небір қитұрқы қиялға тізгін беріп, тентектігін арттыруға шебер-ақ. Анау көп сөйлемейтін Шәризатты да қөндіруге ақымылтық... Мұстариза кейде әзілдеп:

– Осы сапастың айтақтауына еретінің не? Ұшиқалақ емессін. Өз пікірің болмаушы ма еді? – деп сөз тартса, ұстарамен үнемі қырып жүретін қазандай басын сипап қоятын Шәризат:

– Сол соққанның не сиқыры барын итім біліп пе? «Ал кеттік!» деп атой салса-ақ делебемнің қозып кететіні. Осы неменін дүмінде құрты бар білем. Сол құрты қыбырлай бастаса-ақ шоршып түседі қызыл көз пәлен, – дер еді.

Дей тұра Жақиядан ғұмыры ажыраған емес. Нендей қауіп-қатер төнсө де, көрешекті бірге көріп тізе қосып жүргені...

– Мынау бір сайланған неме ғой. Сойыл сүйретіп келеді қасқаң, – деп Жақияның қаттырақ шыққан лебізі ойын бөліп жіберді.

– Е-е, мал көздеген бір пақыр да. Құйматұғы желдеп кеткен жылқышы ма әлде? Жұрттың бәрі сен сияқты ұрынарға қара іздел жүр деймісің? Жоқ ізdegен момын біреу шығар? – деп қашанда сабырлы Шәризат бейбітшілікке сала берді.

«Жалғызбасты жолаушы не қауіп төндірер дейсің?» деген оймен Мұстариза да қобалжи қойған жоқ. Эйтсе де жан-жаққа көзін тігіп отырды. Құла түзде қашан да сак болған лазым. Заман тыныш болғанымен, жат пиғылды қарақшылар жоқ емес. Осал болсан, ат-тоныңнан заматта айрыларсың. Тірі қалсаң да шүкір. Так тәбенен қақ сойылмен бір салып, жаяу-жалпы, жаралы қүйде айдалада тастап кете беруі де әбден мүмкін... Жүрдек атқа жер алыс болған ба? Әлгіндей болған жоқ, қарсы келе жатқан салт атты ентелете жетіп те қалды. Қаракер атты біреу еken. Такымындағы тумыш азбан да, жетегіндегі шабдар бедеу де семізден жарап, оқтаудай қатқан жануарлар. Жолаушының киімі жұпның. Ат-әбзелінің де жылтырағы жоқ. Қалмақы ерінің жезді пыстаны, былғары көвшілі ғана көзге түсерлікте көрінді. Тебінгісі тозыңқы, үзенгісі ағаштан еkenіне қарағанда, елеусіз момын біреу сияқты. Онысын қалбалақтаған түрімен дәлелдеді де.

– Уа, азаматтар, армысың! Жорытқанда жолдарың болсын, өрендерім, – деп жылы ұшырай қалды. Қоңтепен сағынған адамша оң қолын кеудесіне төсей, көзін жыптықтата жымыған болды. Жас мөлшері қырықтардың шамасында, күнге әбден тотыққан өңінде пәлендей ерекшелік жоқ, бүгін танысып, ертең ұмытатын қаймана қазақтың біреуі сияқты. Қауіп төндірерлік кісіге еш ұқсамайды да. Мұстаризаға ұнамай қалғаны – жолаушының көз қарасы ғана. Езу тартып жампаңдаған болса да, көздері құлмейді еken. Кісінің әр қимылын баққандай сұық көз қарас. Құрбандығын аңдыған жыртқыш тағының көзі дерсің. Онысын езі сезетін де сияқты. Сезген соң жасырғысы келіп, әдейі жыптықтата береді де... Эйтсе де, көзі ұнамайды-ау деп әдептен аттасын ба? Қөргенді елдің баласы ғой. Үлкен болған соң ілтипат көрсету міндет... Осыны есте тұтып, көніл түкпіріндегі күдіктен арылуға тырысты. Жолаушының жампаң қаға есендерекеніне орай, бұл да оң қабақ танытып:

— Армысыз, ағасы. Ат-қөлік аман ба? Барыс қай жақ едің? болсын, — деп тіл қатты.

Шәризат пен Жақия да жамырасып сәлем беріп жатыр. Азмұз жөн сұрасқан соң, жолаушы қара елтірі бөркімен тершігенд мандайын сүртіп жіберіп:

— Уа, Мұстариза, бұрын жүздесспесем де атына қанық едім. — деп райланған нысайға мініп алды да, — «жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» демекші, іздең келе жатқаным дәл өзің едің. Рақыш деген жаман ағаларың мен болам. Шағалақ байдың қоңсызы едім. Сол жуаннан зардап шеккен жайым бар. Ат қүйрығын кесісіп жылысып келемін. Өзіңнен пана іздең шықкан бетім еді, — деп кенет жан жүйесі босағандай өні бұзылыш көзін жыптықтатты. Кірпік ұшынан бірер тамшы сорғалай түсіп, шаң басқан өнін айғыздал, қырбық мұртының арасында жоғала берді.

— Сөзге қонақ бер, азаматтар. Бір ғаріптің мұнына көніл беліндер. Аттан түсіп аял қылсақ қайтеді? — деген сөзбен жігіттердің жауабын күтпестен-ақ, қалмақы ерді сықыр еткізіп аттан түс берді.

Жақия мен Шәризат өзара көз тастасып, сұраулы жүздерін Мұстаризаға бұрды. Бұндайда шешім қабылдайтын көсемдері солғана. Мұстариза да серіктеріне мағыналы қарал қойып, «амал нешік, жасы үлкен болған соң сөзін елемеу әдепсіздік болар» деген сыңаймен ым қағып, бұл да аттан түсті.

— Е, олай болса, аттың белін сұтып алайық. Біраз от шала түрсын, — деп Жақия да аттан түсіп, айыл тартпаны босатуға кірісті.

Рақыштың торсығында қымыз бар екен.

— Кәне, жігіттер, тандай жібітейік, — деп ернеуі кетік көзгелдекке бетінде майы көлкіген түнемелді құя бастады.

Аттарды отқа жіберген бозбастар, жылымшы сусынды сіміріп алып көк шалғынның үстіне жайғасты. Бұл маң шымы тұтас қүйқалы өлке. Түгін тартсан, майы шығатындей құнарлы алқап. Жаз жаңбырлы болған соң көк тұныш тұр. Мұстариза ер-тоқымның жонаасы мен былғары көшігін қолтықтай жантая кетіп еді, майқара жусанның ашқылтым іісі танауға бұрқ етті. Бала кезінен таныс леп қой. Туған даласының демі дерсін. Өзге жұртты қайдам, Мұстаризаның өз басы осы жусан іісін дәйім аңсар еді. Кейінгі кезде бір байқағаны — Жер-Ананың, шөп лебінің адам бала-

сына ерекше әсері бар сияқты. Сонау кезде әке тұтқындалып кеткенде, айдаға соқа басы ұзап шығып, оңашада көз жасын төгіп төгіп алатын. Ең алғаш шығып, жерге жата қалып солқылдай жылағанда, осы майқара жусанның бүйра басы танауын қытықтан, кермек лебі бүркүрай жеткені есінде. Сол бір күнді әсте ұмытар ма екен. Көз жасын шыра қылып жылап алғанның әсері ме, әлде Жер-Ананың, алуан түрлі шөптің хош ісі дем берді ме, әйтеуір көңілі бірленгені есінде.

Алтын бесік туған даласы:

– Еш қамықпа, ұлым! Қазақ баласы емессің бе? Мына менің тесімде өсіп-өнген ата-бабаларың тағдырдың небір тақбезесін көрмеді дейсін? Пәлен мыңжылдық тарихы бар халқыңын. Ол тарихка мына мен, сайын сахара күә... Сенің экеннің көзі кетсе де, ізі өшкен жоқ. Елі бар, артында қалған тұяғы – сен барсың. Сонау есте жок бұлдыр замандарда небір апаттарға ұшырамады дейсің сенің халқың. Катығез жау бүткіл бір руды тып-типыл қылышп, қырып тастаған кез де болған. Бір тайпа елден бір-ақ жеткіншек аман қалғанын мына мен көргенмін. Бұған ұлтыңың ақыздары да дәлел.

Сөйтсе де, тірліктен күдер үзбеген Алаш елі. Аман қалған бір перзенттен рұлы ел қайта жаңғырып өсіп-өнген. Туған топырақта қалған бір тәшектің дәнегінен алып дарақ пайда болған... Соңдықтан, еңсенді көтер, балам! Көтер де, карекет кыл. «Орнында бар оңалар» дейді атаң казак. Бұған мына мен, ақ селеуі теніздей толқыған туған сахараң кепілмін! – деп самалымен өбіп, жана-шыр сыйбырын төндіргендей болған...

– Мұстариза, бауырым, – Рақыштың үні ойын бөліп жіберді, – езіңде жолықтырған Құдайға ризамын, – деп, көзгелдекте шүпілдеген бірінді қымызды ұсына берді жаңа танысы. – Тағы біреуін ішіп жібер, жарқыным. Қанжығаға бектерген және бір торсық сусын бар.

Көзгелдекті ала берген Мұстаризаның назары Рақыштың қолына тұсті. Алақаны құректей, сіңірлі саусақтарының саласы жас баланың білегіне жетегабыл... «Мына қол жұдырық болып жұмылса, кішігірім шокпардан кем соқпас. Ұрымтал тұстан тапсырса, ондыртпас та» деген ой сумаң етті. Қызыға кетіп түрпатына анығырақ көз салса, бітімі айта каларлықтай ірі болмаса да, қор-

ғасын құйған сақадай шомбал көрінді... Шалғын үстіне майдас құрып жайғасқан Рақыш өз мұнын шаға бастады.

– Шағалақпен әу бетте тұзымыз жарасып жүрген. Онысын жа-
сырып, Құдай алдында күнәкар болар жайым жоқ. Айтып-айтпай
не керек, үрлыққа да жұмсаған... Эйтсе де, адам байып, дәрежесі
өсken сайын көкірек пайда болмай ма? «Семіздікті қойғана көтеп-
реді» демекші. Байымыз да болыстыққа қолы жеткен соң, айнала-
сын бүре түсті. Мені «кірмесің» деп басынып, небір қатерлі іске
жұмсай бастағаны. Қоңе қоймай, бетіне бір келіп едім, қол жұмса-
ды. Мен де тірі жан емеспін бе? Қашанғы төзе берем? Сілтеген
қамшысын ұстай альш, бойыма дарыта қоймап едім, ал кеп дол-
дансын мырза! Қасында тұрған атқосшысының дойырын жұлып
альш, бауыр-сыртымды бірдей қылыш сабасын кеп... Қорғанбакқа
дәрмен қайда? Қол жұмсап көр, жалаңдаған өңшең сойыл соғарла-
ры шаңынды қағып, жаныңды көзіңе көрсетсін, – Рақыш шарасы
құрып қүйінген кісішे қабақ шыта құрсініп қойды.

– Бар пәле үрлыққа жұмсаудан басталды ғой. «Ананы мұқатып
кел, ананың жақсы атын, қыран шәулісін тартып ал» деп көрінеу
зорлыққа басуды шығарып жүр кейінгі кезде. Бір-ақ мәрте сілтеген
жөнінен бас тартып едім, кәріне ұшырадым да қалдым. Біреудің
көз жасына қалған оңай ма? «Момынның сілесі қатты болады» де-
ген. Обал бар да, сауап бар, обалдан қорықтым. Жұрттан жасыр-
ғанды Құдайдан жасырармысың? Қашанғы жазықсыз жандарға
құбыжық болып көріне бермекпін? Сөйтіп тулас шықтым бір кү-
ні... Сол қарсылығыма өшіккен түрі де, – деп Рақыш тершіген ман-
дайын жеңімен сүйкеп салып, Мұстаризаға көз тастап қойды.

«Сөзім иендей әсер етті екен?» деп барлағандай. Сұхбаттаска
тіке карамайды екен. Қабақ астынан назар жүгіртіп өтіп, көзін әке-
те береді... Бірақ Мұстариза онысына мән бере қойған жоқ. Ден қоя
тындал, жаңа танысқа бейілдене қарап отыр. Даlbайының құлағын
жымыра киіп, ер тоқым үстіне жантая кеткен Шәризат болса, жаңа
танысқа зерттей қадала қалған. Сөзге сараң жігіттің кеспірінен не
ойда екенін ажырату оңай емес. Қымыздан ауыз тиген Жақия да
дағдылы маңғаз қалпын тауыпты. Ия қоптағаны, ия мошқағаны
мәлімсіз... Алайда Рақыштың баққаны бүл екеуі емес. Сөзін тек
Мұстаризаға жолдал, соны иландырмақ сияқты. Кісесіндегі мүйіз

саны кездігінің шашақты қынын қозғап қойыш, кеңесін желілей берді:

— Ұзын сөздің қысқасы – өзінді ізден шыққан бетім еді. Жас болсаң да, жауынды мұқатып жүрген көрінесің. Ерен қымылдыңды ел іші аныз қылған түрі анау... Мен де әжетіне жаарармын. Дұшпанымыз ортақ болған соң тізе қосайық. Бір кертіп жерлік жалы бар азамат деп біліп, міндет арта бер. Тобыңа ал да, қайқы қара қыльштай сілтей бер тек. Жекеауыздың жалманындағы тимесем, маған серт. Шапқанда дұшпанның сүйегін қаппассам, бетке түкір, бауырым! – деп үніне көтерінкі леп қоса сөзін түйіндейді.

Ойға шомған Мұстариза жауап беруге асыға қойған жоқ. Көз құйрығын қос серігіне жіберсе, екеуі де тоң-торыс пішінде. Ишінен: «Жігіттер тартынып қалған ба қалай? Томсарған тұрлерін кісі түсініп болмас. Әлде жаңа танысты жақтырмай отыр ма? – деп шұбаланайын деп еді, бірақ пайымдай келе, – несіне күмәнданам? Обал-сауал деп, екі сөзінің бірінде Жаббар иемізді аузына алып отыр. Мікір-айла көздеген кісі естіп сөйлер ме? Аяр кісі Алланы атасын ба? Пана ізден келген түрі мынау. Торғай екеш торғай да адамзаттан пана іздер. Азулыдан мен де теперіш көрдім. Кеше ғана өшімді ала алмай, етегімді жасқа бұлағаным қайда? Көз етім өсейін дегені ме? Қой, өзімсініп келген алаштың азаматы екен, қол ұшын бермей болмас» деп түйіп, ойдағы дүдемалды қуып бақты да, Рақышка еңсе бұрып:

– Макұл, Рақа. Сөзің жерде қалмас. Ақсақал сардарымыз бар еді. Сол кісінің алдынан өтейік, – деп сөзбүйідаға салмай келтесінен кайырды да, – ал аттанайық, көз барда жетіп алу керек кара қосқа, – деп орнынан тұра берді.

Маздал жанған оттың басын айнала Шоматтың жігіттері отыр. Рақыш та осында. Жерошақта ұшаяқ мосы. Мосыдағы кішірек бақырда баппен қайнаған сүр ет. Дәмді нісі мұрынды жарып барады. Сам жамырап тұнгі салқын түскен мезгіл. Бұл өлкे бүйраратты, қайынды, теректі шұбар. Ара-тұра қарағай шоқтары кездеседі. Алып қолмен әдейі біреу үйіп қойғандай текше тас, қойтас, қорым тастар да баршылық. Осындағы бір қорым тастың

ығына Шомат керегесі жок, шағын шаңыракқа уығын шашша саған алтаяқ қосын тігіп қойыпты. Бұл тұстың айналасы шашырай теңкіген қойтастар. Қойтастардың арасында қызыл қайың мен қарағай бой түзеп тұр. Қос ірге тепкен шағын алаңқай сырт көзден таса. Жүргінші қай жақтан етсе де, ат пен кісі түгілі, оттың түтіні де көзге шалына қоймайды. Сойтсе де қашанда сак Шомат отты тамызықтап қана жағады. Сонадай жерде шідерлеулі аттар жайылып жүр. Тас арасының тарлауы мен бетегесін бырт-бырт үзіп оттауда. Алаңқайдың арғы шетінде қарауытқан тектүрдің тұсында жылап аққан бұлақ та бар. Суының мөлдірлігі көз жасындар. Суы мен оты мол бұл алаңқай жұмалап жатса да, бірқыдыру жанға пана боларлықтай жайлы мекен.

Оттың түтіні сары масадан да пана. Айнала төңірек тыптыныш, лұп еткен жел жоқ. Оқта-санда ғана байғыздың үні түн тыныштығын үркіте естіліп қояды. Шәризаттан өзге жан оттың маңайына тізе бүккен. Көк майсаның үстіне тоқым төсеп, ер үстіне жамбастап жайғасқан. Шәризат болса, қарағайдың бостанына қоянды тірсегінен іліп қойып, терісін сыптыруда. Шоматтың тазысы алған қоянның ірілігі кішігірім лақтай. Көккасқа деген тазысының өзі де осында. Шәризаттың лыпыл қаққан қолына көзін көміп жаланып қояды. Езуі салбырап, соядай тістері ырсия көрінген порымы сұсты-ақ. Қөрген кісі «анандай азымен бас салса, ондырта қоймас!» деген ойға еріксіз келетіндей.

Әйтсе де түрі суық болғанымен, мінезі сабырлы, жүрістүрьесі тәртіпті Қекқасқаның. Қоянды сойған Шәризат ішек-қарның ақтармалап өзі тастамайынша, орнынан да қозгалған жок. Шәризат өкпе мен шек-қарынды лактырып кеп жібергенде, жерге тигізбей аузымен қағып алып, бір-ақ қылғытады. Соның өзінде, шалт қымылдаса да қомағайлығы жоқ. Таза тұқым, қаны текпі әлеке тазы екенін аңғартқандай. Асылы, қаршығасы мен тазысын ертіп шыққан Шоматқа мылтық пен садақтың қажеті де шамалы. Адал құс атаулыны қыраны құтқармаса, жүгірген аңды тазысы күп тамақтамай қоймас еді.

От басындағы жігіттер үнсіз. Елтірі женіл бөркін көзіне түсіре киген Мұстариза ойға шомған. Оттың астын көсеп отырган Шоматқа назар тоқыратқанымен, қиялы шартарапты кезіп кетеді. Жалынның сәулесі түскен қарт аңшының репетіне қанша үңілсе

де, ішкі сырын таппай-ак қойғаны. Қалың әжім айғызыдаған мандаидың ішінде не пікір жатыр? Ол арасы беймәлім. Пікір болғанда Рақыш тұрасындағы пікірді дәметеді де Мұстариза.

Жаңа таңыстары келе сала бар сырын Шоматқа да дәттеп берген болатын. Тіпті әрлендіре түсіп, сөзді ұзартып, кәдуілгідей әңгіме қылып шерткен. Осы топтың кесемі екенін бірден ұқса керек, ағынан жарыла ақтарылған сияқты... Шомат болса, ден қоя тыңдал, рай бере тіл қатып:

– Е-е, аһуалынды ұқтый. Хош келдің. Алаштың азаматы екенсін, бөтендігің жоқ ендеше. Азулыдан жәбір көрген міскінді сыртқа теппес болар. «Шариғатпен іс істеп жүрмін» дей алмаймын өзімді. Әйтсе де, адамгершілік деген бар. Пана іздел келген екенсін, дәмдес-тұздас бол, жарқыным, – деп жылды ұшыраған болатын.

Сонымен қатар, дәл қазір қабағында бір кірбің бар тәрізді. Көлденен көз аңғармағанымен, Мұстариза жасамыс серігінің ішіндегісін сезіп отыр. Сыр бермейін десе де, кеүілін қобалжыткан бір бүкпесі бар сияқты Шоматтың. Бұл күдігі көп ұзамай, шын болып шықты да... Сүр етті бақырдан көнешікке түсіріп:

– Ал, жігіттер, асқа отырындар, – деген сөзben ұстарадай қылпылдаған шаппасын шығарып, семіз телшікті турай бастады.

Елен ете қалған Рақыш:

– Пай-пай, байдың ауылында бұндай дәмге ауыз тимеп еді, жарылқап таstadtың ғой, Шақа! – деп буы бұркыраған етке төне берді.

– Оу, Шәризат, таста ана қоянды. Жүрек жалғап алайық, – мейіз қазыны жапырақтата тураған Шомат колын жуа бастаған жігітке жымия қарап қойды.

Салқын кеште, ашық аспанның астында ішкен ыстық сорпа, тіске басқан семіз сүр қандай дәмді! Шомат ғұмыр-бақи дала кеziп келе жатқан әккі ғой. Ас-су әзірлеуге де майталман. Тас арасында өсетін жуа қосып, тұздық істепті. Дәмі тіл үйіреді. Ет пен сорпаға мелдектей тойып алған соң, бақырға су құйып отқа қайтадан қойған Шомат Мұстаризаға назар жығып:

– Оу, Ризаш, қостың ішінде қағаз шай бар еді. Әкелші бір шөкімін. Терлеп-тепшіп рахаттана ішейік, – деп жұмсады.

Шоматтың шайға пәлендей әуес екенін білетін Мұстариза. Қымызды да, айранды да іздей қоймайды. Аң-құстың сорпа-

сын қанағат қылып жүре беретін. Шайдың орнына шәлнишін, үлгі шатыраштың жапырағын қолданады.

«Е-е, мына мейманды сыйлаған түрі шығар» деген оймен, үлкен кісіге екі айтқызбай қосқа таман жөн тартты.

Қос деген аты болмаса, шаңырағы арбаның дөңгелегінен сал көлемді, уықтарын жерге шанышқан аядай ғана алтаяқ қой. Үштөрт кісі сығылыса ғана сиятын лашық. Жауын-шашиң болмаса, бұның ішіне жігіттер жата коймайды да. Шоматтың өзі болса, дойім далада ұйықтайтын. «Қоста тынысым тарылып, көзім мулде ілінбейтінін қайтерсін?» деген сұлтауды қөлденең тартар еді... Киіз есікті түріп, ішке ене беріп еді, Шоматтың үні және естілді.

— Айтқандай-ақ, менсіз таба алмассың. Тай терінің астына тыға салым білем. Өзім бармасам болмас, — деген дауысы жетіп, бері қарай адымдаған сұлбасы да көрінді. — Жакия, суды ысыта беріңдер, шайды тауып әкелейін, — деп беттеп келеді.

— Бұ шалың несіне дегбірсізденді? Отыра бермей ме? Өзім де апарамын ғой, шайы түскірін. Бұндай мінезі болмаушы еді ғой, — деп сөл таңырқайын деп еді, қосқа ене берген Шомат кенет тап беріп, құлағына сыйыр төндірді.

— Мына Рақыш – жау! Шағалақтың қанды шелек қаракшысы. Атына бұрыннан-ақ қанық едім. Кісіні түрегеп тұрып бауыздайтын кәззаптың өзі деп естігем. Соңғы рет Балтабекпен жүздескенде, ол да қатты ескерткен. — Рақыш жоқ болып кетті. Мырзamen араз деген қауесетті таратып жүрсө керек. Онысы шилі етірік. Байдың нағыз қанды кара шоқпары ол жауыз. Өздерінді тап деп жұмсамағай Шағалақ. Мікір айлаға басуы да әбден мүмкін бұлар. Қой терісін жамылған қасқыр болып іші-бауырына кіріп жүрмесін. Мұрдettін мұрдесті ол ит, бір сөзіне сенбе. Сақ болындар не қылса да! — деген болатын.

Мен білсем, осы жауыз сені жазым қылмак. Бүтін ұйықтай көрме! Мен де әр кимылын бағып жатармын. Сыр берме әсірсе! — деп сыйырлап үлгерді де, іле лашықтан шыға берді. Рақыш сөзіктеніп қалмасын деп асыққан түрі болар.

Ізін ала Мұстариза да шықты. Өз құлағына сенер-сенбесін де білмейді. Шомат жол көрген, өмірдің небір өрі мен ылдың шиырлаған жан ғой. Кісі таныса, танитын да шығар. Балтабек

түйші де жалған сөйлеп несі бар? Сыннан өткен әрі момын, әрі тілектес жан ғой...

Шай үстінде Рақышқа тұра қарай алмады Мұстариза. Өз құдігінен өзі ұялғандай көзін әкете береді. Жаңа таныстың сықыпты жайбарақат, сөзі сыпайы. Зұлымдыққа баар жанға еш ұксасайшы. Өткен-кеткенді тілге тиек етіп, сөз арасында әзіл іліп, жігіттерді құлдіріп қояды. Алдындағы малынан өзгені біле қоймайтын анқау бір қойшы дерсің... Шомат та жағасы жайлауда, жайбарақат отыр. Кеүілінде еш бүкпесі жоқ сияқты. Бақырда қайнатқан күрек шайды тостағанға еселей құйып:

— Ауыз ти, Рақыш, бар мәзір, жоқ жайымыз осы. Кілегей қатқан ақ құйрық шай болмаса да, дәмі тіл үйіреді. Жапан тұзде, ашық аспанның астында ішкен сусынға не жетсін, шіркін! Тогынды басады бұл шай. «Атың сат, тоның сат, жатарда тойып жат» деген екен атаң қазақ. Қайран бабалар тегін айтпаса керек бұл сөзді, — деп мұрт астынан жымыш қойды.

Әңгіме-дүкенмен кеш жатты жігіттер. Ер жастанып, тоқым төсненген Мұстариза оттың қасына жантайды. Шәризат пен Жакия да осында. Қалың күті, кебенектерін жамылғып жатыр. Дарада түнеуге төселип алды жігіттер. Оның да өзіндік қыр-сыры бар. Астың қалың болмаса, сыз өтіп кетеді. Таңға салым шөпті шық басып ауа салқын тартады. Жамылғың жұқа болса, дірдек қағып ояна бересің. Сондықтан, жаурамастың қамын ерте бастан істеп қояды құрдастар... Жас-желеннің ыбыр-сыбыры бір ғой. Қашып-пысып жүрсө де, жастық шіркін өз дегенін істеткізбей қойсын ба? Тақырып та белгілі. Бозбастардың басы қосылса-ақ, қызы-қырқын жағын сөз кылады да. Қөп сөйлей қоймайтын Шәризатты Жакия сөзben қажай бастайды ондайда. Міне қазір де ежелгі гей-гейіне басып:

— Эй, қазанбас, немене үндемей жатсың? Тіл қатсаңшы былай, — деп қалғып-шүлгіп жатқан құрдастын бүйірден нұқып қалды.

— Тыптырламай тыныш жатсаңшы. Тілің қышып бара ма? — далбайын баса киіп, қалың күпісін танауына дейін әкеле жамылған Шәризаттың кеңескесе зауқы жоқ сияқты.

— Уа, әкен үйқыдан өліп пе еді? Күнұзақ шөп шапқан немеше қор ете қалатыны несі осының? Жатыр ғой эне Мұстариза ояу, — деген сөзben Шәризат жамылған күпісін ысыра ашқан Жакия, топшысынан және нұқып қалды. — Эй, анау Сәлимаштың бетінен

түйсі де жалған сөйлем несі бар? Сыннан өткен әрі момын, әрі тілектес жан ғой...

Шай үстінде Рақышқа тұра қарай алмады Мұстариза. Өз күдігінен өзі ұялғандай көзін әкете береді. Жаңа таныстың сықпты жайбарақат, сөзі сыпайы. Зұлымдыққа барап жанға еш ұксасайшы. Өткен-кеткенді тілге тиек етіп, сөз арасында әзіл іліп, жігіттерді құлдіріп қояды. Алдыңдағы малынан өзгені біле қоймайтын анқау бір қойшы дерсің... Шомат та жағасы жайлауда, жайбарақат отыр. Кеүілінде еш бүкпесі жоқ сияқты. Бақырда қайнатқан күрен шайды тостағанға еселей құйып:

— Ауыз ти, Рақыш, бар мәзір, жоқ жайымыз осы. Кілегей қатқан ақ құйрық шай болмаса да, дәмі тіл үйіреді. Жапан түзде, ашық аспанның астында ішкен сусынға не жетсін, шіркін! Тотыңды басады бұл шай. «Атың сат, тоның сат, жатарда тойып жат» деген екен атаң қазак. Қайран бабалар тегін айтпаса керек бұл сөзді, — деп мұрт астынан жымыш қойды.

Әңгіме-дүкенмен кеш жатты жігіттер. Ер жастанып, тоқым төсненген Мұстариза оттың қасына жантайды. Шәризат пен Жақия да осында. Қалың күпі, кебенектерін жамылғып жатыр. Далада тұнеуге төсөліп алды жігіттер. Оның да өзіндік қыр-сыры бар. Астың қалың болмаса, сыз өтіп кетеді. Таңға салым шөпті шық басып ауа салқын тартады. Жамылғың жұқа болса, дірдек қағып ояна бересін. Сондықтан, жаурамастың қамын ерте бастан істеп қояды құрдастар... Жас-желенің ыбыр-сыбыры бір ғой. Қашып-пышып жүрсе де, жастың шіркін өз дегенін істеткізбей қойсын ба? Тақырып та белгілі. Бозбастардың басы қосылса-ақ, қызы-қырқын жағын сөз қылады да. Көп сөйлей қоймайтын Шәризатты Жақия сөзben қажай бастайды ондайда. Міне қазір де ежелгі гей-гейіне басып:

— Эй, қазанбас, немене үндеңей жатсын? Тіл қатсанышы былай, — деп қалғып-шүлғып жатқан құрдасын бүйірден нұқып қалды.

— Тыптыламай тыныш жатсанышы. Тілің қышып бара ма? — далбайын баса киіп, қалың күпісін танауына дейін әкеle жамылған Шәризаттың кеңескесе зауқы жоқ сияқты.

— Да, әкен үйқыдан өліп пе еді? Күнүзақ шөп шапқан немеше қор ете қалатыны несі осының? Жатыр ғой эне Мұстариза ояу, — деген сөзben Шәризат жамылған күпісін ысыра ашқан Жақия, топшысынан және нұқып қалды. — Эй, анау Сәлимаштың бетінен

сүйіп пе едің тым құрығанда? Тіл қаттың ба оңашада? Оңде тұмылдырықты торпактай томпалаң қағып, мөніреуге ғана батылың бара ма? – деп екеуіне қызыға қарап жатқан Мұстаризаға көз қысып қойып, мызғып жатқан құрдасын мазалай түседі. – Эй, байғұс-ай, өмірінде өзі қыз қойнына барып па ең? Жұмыр жеріне кол тигіздің бе тым болмаса? Сорлы-ау, далада қанғып өлесін-ау қыз құшағын бір көрмей. Бал ләzzатын бір татпай, – деп ақыры қояр да қоймай Шәризатты сұхбатқа тартады.

Бос сөзді жақтыра қоймайтын құрдасы:

– Түһ, масадай ызыңдан болмадын ғой түге! Жігіт деген аз сөзді келер еді. Осы сөз қай жерінен шыға береді сенін? – деп ердің былғары көпшігін тузақтаңып койды да, көзін уқалап кулана сыйсия қалды.

– Сен өзің қайбір сылқым сері едің? Анандай қоңқақ мұрныңды есі дұрыс қыз жаратсын ба? Әнеугі қызынақта Балсары жағынан бір салғаны қайда? Өтті жігіт болсан, неге үндемей қалдың? Аузын буган өгізше пысылдауға ғана шамаң жетті... Қараң гөр бұның кісімсүйі! Батпан-батпан міні бар, қарап отырған кісіге тиіседі екен бұл саппас! – деп үйкесі ғылғаның есесін алып, бұл да шабуылға шықты.

Бозбастар осылай зілсіз қалжындан, бірталайға дейін көз жұмған жок. Мұстариза да ояу. Сұхбатқа зауқы соқпай үнсіз жатыр. Сөнген оттың қоламтасына біраз үңіліп зеріккен сон, сонау жұлдызды аспанға көз қадады. Сам жамыраған мезгілде қиял ұшқыр келе ме қалай өзі?... Жақия қыз-қырқын жағын сөз қылғанда Алтынды дәйім еске алар еді. Міне қазір де, гайыптан пайда болғандай көз алдында көлеңдей қалғаны. Бота көздері мөлдіреп күлімдей қарайды. Тал бойы сымға тартқандай, ай дидарлы арудың өзі дерсін. Ақын Ыбырай, сал Ыбырай ән арнаған бойжеткен тегін болушы ма еді? Жас пері өнерпаз Ыбырай да көп әншінің бірі емес-ау. Қырқын көгілдір жас болса да, атағы жер жарған түрі анау. Күміс көмей әншілер баршылық қой ел ішінде, бірақ әнді өзі шығаратын өнерпаз ілуде біреу-ақ ұшырасар. «Үкілі» деп ел де әрбір әншіні дәріптей қоймайды. Ат атану оңай емес-ау. Өзі ән шығаратын, шығарған әнін тамылжытып шырқап беретін шаһбазды ғана қадірлесе керек бұқара. Қадірлемек түтілі, алақанға салғандай мәпелеп жүрген жок па әнекей?

Сөйткен сері жігіттің назары түсken сәулімде арман бар ма? «Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған» демекші, ел аузына іліккен сал-серілердің меселін бойжеткен атаулы қайтармасы бесенеден белгілі. Біржан сал Сарамен айтысканда:

«Жібек жал арғымакпын тұмарланған. Жалымнан ұстаған қызда арман қалмас» деп тегін жырламаса керек. Үкілі Үбіраій болса, сал Біржан, Ақан серінің ізбасары екені мәлім. Жалпақ жұрттың пікірі осыған саяды да.

Ендеше сөйткен атышұлы өнерпаздың сөзіне иіле қоймаган Алтыннан айналып кетсе болmas па? Онысы өз алдына, кейінгі кезде небір солқылдаған мырзалар Иманбайға жаушы жібере бастаса керек. Бұрынғы құдасы Сапалаттың көзі кеткен соң, қыз әкесі үәдеден тайқып шығар деген есептері ғой. Бірақ Иманбай был-қылдай қойған жоқ. – Сөзімді жұттаймын, құданың басына күн туды-ау деп пасықтыққа барад жайым жоқ. Оның үстіне баламды да жылата алмаймын. Жалғыз қызды кейіткендей не көрінді? Өзі білсін, – деп Алтынға сілтейді екен.

Қызының пікірінен хабардар гой. Алтын болса: – Ақ батадан аттай алмаймын. Әкелеріміз төс қағысып, бесік құда болған екен. Қайын атам қазаға душар болды-ау деп, уәде бұзам ба? Аруаққа шет болар жайым жоқ. «Қайын жұрттың азып-тозып кетті» деп, айынтақ екен әркімдер. Жауабым былай ендеше. Бар мал-мұлкінен айырылса да, Құдайды аузына ала отырып уәде қылған жерім бар. Бесіктен қосылған азamatтың етегінен ұстағаным ұстаған. Дүйім елге қарақшы атанса да, өз басым Құдай бұйрығы ерім деп білемін. Жұрт не десе, о десін. Байлауым осы-ақ, – деген көрінеді.

Бұл сөзі ел ішіне тарап та кеткен. Халайық болса, қыз жауабын сан-саққа жүгірткен. Қайсыбір құла ауыздар:

– Әдірем қал! Қыздың сөзін кім тындаған? Мал берген алады да шүйкебас атаулыны. Анау бәлденіп жүрген Иманбайға қырық жетінің қырқа матап берсінші әлді бір әulet. Шөпжелкесін жетек-теп тұрып өзі апарып берер, – деп Алтынды құптамаса, жастар жағы, әсіресе бозбалалар жағы, бойжеткеннің табанды мінезіне тәнті болысқан.

– Па, шіркін, қызыңа болайын! Сөзі сөзі-ақ. «Уәде бұзбай-мын» дегені сылтау дағы әншейін. Арғы жағында махаббат жа-

лындаң тұр-ау не қылса да. Мұстаризага деген асықтық ішті кернеген-ау сірә. Қайын жұртының байлығын қайтсін жас ару? Жігіттің алтын басын хан көтеріп тұр-ау текті бала, – деп сүйсінсе керек...

Ойға терендеген Мұстариза еркінен тыс күрсініп қойды. Қыз сөзінің түрі анау болса, бұның сиқы мынау. Қашып-пысып, бас сауғалап жүр. Алтынмен қалай қосылмақ? Иманбайға берер қалынмал уайым емес-ау. Дауылбай ақсақал кейінгі бір көргенде:

– Әкен кетсе де, ел-жұртың дін аман, Құдайға шукір. Рұлы елдің перзентісің. Жолдан жығылмаймыз. Қалынмалды түйдегімен жөнелтуге әзірміз. Тек қалындықты алатын мерзімді атап бер, шырағым, – деп сендерген болатын.

Ендігі қымыл-эрекет Мұстаризадан. Қалындықты түсіру деген сөз емес-ау. Бірақ, Алтынды алғанымен, қай жерде күнелтпек? Желекті жас келіншегін ертіп қашып жүрмек пе? Шағалақтың сойыл соғарлары үстерінен түссе ше? Өз қарабасы қайғы емес. Ізденіп, жау қолында өлгелі жүрген кісі катерден тайынсын ба? Алтын жесір болып сорлап қалады-ау. Уайымның көкесі сол дағы...

Басы даң болған Мұстариза сананы мазалаған сан сұрақтан құтылмақ ниетпен дөнбекши берді. Жігіттер үйқыға кетіпті. Төңірек тым-тырыс. Пыскырып жайылған аттардың дыбысы ғана естіледі. Тас арасын жарып шықсан қарагайдың ұшар басы қара барқындана төніп тұр. Арғы жағы жұлдызы самсаған қаракөк аспан... Бала кезінен-ак тұнгі аспанға үңілуді ұнатар еді. Ойға, қиялға қозғау салады тұнгі аспан. Қалша кезіндегі қылықтары есіне түсіп, еріксіз езу де тартып қойды. Он-он екі жасында үлкендерді небір құтұркы сұрақтармен мазаламасы бар ма?

– Анау зенгір көктің түбі-шеті қайда? Жұлдыздар қалайша ілініп тұра береді? Жерге құлап түспеуші ме еді? Жерді кім тіреп тұр? Құннің көзі неге бата береді? – деген сұрақтарды жаудырады-ай келіп.

Улкендер жағы мардымды жауап қайтара қойсын ба? Қайдан қайтарсын, өздері де білімге жарыған емес. «Басымды қатырма, қайдағы-жайдағыны сұрай бермей!» дегеннен өрелері аса қоймайды. Өздері жете қинағысы келмейді де, онымен қоймай, білімге талпынған баланың талабын кесетінін қайтерсің?.. Марқұм әкесі бір сөзінде:

– Бұл сұрактардың жауабы ғылымдағой, ұлым. Ғылым болса, сонау орыстың шаһарында. Ізденіп барып, мектебінде оқы. Бір ба-ланы оқытуға қаражат бар ғой, Құдайға шүкір, – дегені де бар-тын.

Сейтіп үміттеніп, шаһарға бармаққа жоспар құрыш жүргенде әкейдін аһуалы анандай болды. Енді оқу түгілі, бас қайғы бол жүр-ген түрі мынау...

Ойдан ой қуып, қалғи бастағанын сезді. Алаңсыз ұйықтайын десе, Шоматтың ескертпесі және бар. Оны еске алыш Рақыш жат-қан жаққа көз тастаса, қорылдан өзге белгі білінбейді. Далада көп жортқан сырқынды болса керек, жабдығы да сай, киімдері де қа-лың екен. Астына екі қабат тоқым төсеп, ер жастанып ұзынынан кесіліп жатыр. Жамылғаны – түйе жүн қабаттап ысырған қалың күпі. Басын жалбағаймен түмшалап алышты... Мына түрімен мұр-тын балта шапсын ба? Не астынан сыз етпейді, не маса-сона маза-ламайды. Бауыздалған жылқының ышқына қырылдағанындей-ақ қалың қорылы соның айғағы емей немене?

Жо-жоқ, Шоматтікі қате болар. Рақышты зұлымдыққа қиғаны бекер. Жүз жерде Шағалақтың қолшоқпary болса да, қаныпезер-лікке бара қоймас. Кісі қанын жүктеген оңай болып па? Ол түгілі біреуді ұрып-соғу да күнә емес пе? Мұстаризаның өзі біреуді жә-бірлеймін деп ойлад па еді? Анау жолғы барымтада Шағалақ ауылының жігіттерімен шекісіп қалғанда дойыр жұмсал еді. Ғұ-мырында алғашқы мәрте кісіге қару сілтеген. Оған дейін кісі тұр-мақ, ит екеш итті ұрды ма екен? Қарсы келіп қалған жігіт басын қолымен қорғаштай беріп еді. Басқа сілтейін деген ой да жоқ Мұс-таризада. Топшысынан осып өтіп еді, соның өзіне күні бойы өкін-ген. Кісіге қару жұмсаған өз қолы өзіне соншалық жириенішті болып көрінгені. Жәбірленген жігітті аяп та кеткен. Кейін хал-аһуалын сұрамақ та болып оқталып еді, Шоматтан ұялды. Тамы-рын басып сөз қозғауы мұң еді, ысқаяқ басшысы:

– Жоқты айтпа. Балалығың қалмайды-ау. Сарыауыз балапан-сың ба түге? Ұрыста тұрыс бар ма, тәйірі. Оңтайына келсен, ол тартынып қалар деп пе едін? Қақ сойылмен төбеден тапсырмаса, маған кел, – деп зекіп, бірталай насихат та айтқан.

Әйтсе де көп қынжылыш, ұмыта алар емес сонау күнгі оқиға-ны... Сол кездегі көңіл күйін еске алса, жан адамды аярлыққа, қатығездікке еш қимайды. Шоматты қойшы, көп жапа шеккен

жан ғой. Адамзат баласынан мұлдем тұнілген де болар. Қоңған қетіргісін мұсылман баласына көріп келу оңай болып па? Небір кәzzаптарды көрмеді дейсің. Қайта әбден қанішер бол келмегені не тәуба...

Осы ойдың жетегімен үйқы күшағына ене бергенін анғармай да қалды. Тұннің ортасы әлдекашан ауып та кеткен. Жылы құлғіге қымтана оранып, тәтті үйқыға алаңсыз шоматын шақ. Қарағай ішінің ауасы қандай шіркін! Қымыздай жұтымды, шыныдай мөлдір. Сімірген сайын кісіні мас қылып, көзге үйқы үйіреді... Кірпігі ілінуі мұң екен, тас болып қатты да қалды. Құнұзак салт жүргеннің салдары ма, шаршағаны соншалық – тұс те көрген жоқ. Терен көлдің шұнғымасы үйіріл әкеткендей-ақ үйқыға құмп берді де кетті. Тұяқ серпуге де мұрша жоқтай. Үйқыға тұтқын болып ессіз-түссіз қанша жатқанын өзі де шамалай алмас еді. Бір кезде Алтынның бейнесі көлең етіп шыға келгені. Түсінде емес, өнінде сияқты апанаңық көрінгені. Әдеттегідей күлім қаға қарайды, бәдені ұян. Сөйтіп тұрғанда кенет еңсесін оқыс тіктеп, жалт қарай қалғаны. Онсыз да аялы көздері шарасынан шыға жаздал тіпті ұлкейіп кеткен. Әлденеден шошыған сыңайы бар. Кенет:

– Тұр, жаным! Оян, Мұстариза! – деп айқай салсын.

Сол-ақ екен, іле анасының бейнесі ғайыптан пайда болып шыға берді. Бұл да әлденеден шошығандай, ал келіп жан айғайға бассын.

– Құлыншағым, Ризашым, аш көзінді! Қатер төнді, оян, балам! – деп кәдуілгідей тұртіп қалғаны. Көзі дөңгелене ұлкейіп кеткен. Жанары үрейге толы, үнінде қорқыныш пен қатар жалбарыну бар.

Осы дауыстан селк етіп оянып кетті Мұстариза. Қайда жатқанын алғашқы сәтте есіне түсіре алған да жоқ. Бар көргені дәл көз алдында жалт еткен пышақтың жүзі. Бұл не қылған пышақ деген сауал санада найзағайдай жарқ етті де, оған жауап ізделп жатпады. Жауап іздер мұрша да болған жоқ. Пышақ ұстаған қолға қалай шал бергенін өзі де анғармай қалды. Жетесі ой қорытып шешім қабылдағанша, қос қолы әрекет жасауға да үлгерді. Пышақты дарытпай жау қолының білезік тұсынан ұстай алды да, жан-дәрмен алыса кетті. «Рақыш қой бұл!» деген ой санада және жарқ етті. Ол жағын ойлауға мұрша жоқ, жау бүріп барады. Қаранғыда жузін де анық алғара алмады. Жанталаса алысып, пышақ кезеген жаудың білегін

шенгелдеген қалпы, кос қолдап қыса берді. Қарсыласының аюдай кайратты екенін салған жерден сезе де қалған. Бұны шопак құрлы көрмей алғып ұрып, бос қолымен бүйірден тапсырып еді, сокқысы гүрзідей тиді. Шойын шоқпардан бір кем емес. Демі бітіп, аузын бақадай ашты да қалды. Әлі құрып барады. Пышақтың жалаңдаған жалманы алқымға тақай түсті. Қос қолдаса да жаудың екпінін бөрге дәрмен жок.

«Өлген жерім осы екен-ау!» деген ой жарқ беріп, жүрегі мұздап барады. Жарық дүниеден енді құдер үзе бергенде, кенет жаудың пышақ кезенген қолы сылқ етіп босай қалды. Жаңа гана шиыршиқ атқан бұла күш заматта сарқылғандай. Иле үстін жанши басқан денесі де аударыла құлай берді... Бұған не болды деп, таңырқап та үлгерген жоқ. Шоматтың кескіні жоғарыдан төне берді. Қолында келтек. Мұстаризаның жузіне құдіктене үңіліп:

– Тірімісің, бауырым? – деп қолын ұсынды.
– Тірі сияқтымын, аға, – Шоматтың демеуімен жатқан жерінен көтерілген Мұстаризаның үні құмыға шықты. Лебізінде діріл де бар. Аман құтылғанына сенер-сенбесін білмей, сұлап жатқан Рақышқа қаупайлай қарауда.

– Ол жақтан қауіп жоқ, алаңдама, – Мұстаризаның иығынан құшақтай берген Шомат, қолындағы темір келтекті көтеріңкіреп, – мына сотаны жеңіме тығып жатқам. Бұл бағзы заманың бұздығаны ғой. Сауыт бұзатын қару. Әжетке жарады көрі жолдас. Ондыртпай тиді білем. Жан тапсырмаса игі еді, – деп бұл да Рақышқа көз тастап қойды.

Осы кездे жігіттер де ояна қалды.

– О не болды? Уа, тыныштық па? – деп тұра келіскең Жақия мен Шәризат көздерін үқалап тұр.

Бұл абыр-сабырдың мәнін түсіне алмаған Көкқасқа да орнынан атып тұрып, бір-екі мәрте үріп жіберді.

– Құрдастарың бір қатерден аман қалды не қылса да. Ажалы жоқ екен бұл жігітіміздің, – тісін ақсита езу тартқан Шомат Мұстаризаны жауырынан қағып қойды. – Тұні бойы аңдып жатқан едім бұл жеңдетті. Сонда да көзімнің ілініп кеткені. Ұйқымның сақтығы мұнша жақсы болар ма? Мұстариза жан-дәрмен алысып жатқанда оянып кеттім. Арғы жағы оңай ғой. Қару әзір, қол мұлт

кетпейді дегендей. – деп, болған кепті аңырып түрған бозбағарға ұқтырды.

Осы кезде таң да қылаң беріп, айнала төңірек бозамық тартты. Жігіттер Мұстаризаның бой-басына көз жүгіртіп сұрақтарын жаудыруда:

- Дін аманбысың өзің?
- Пышағы бір жерінді осып кетпегей.
- Қанаған жерің жоқ па еді? – деп бәйек болып жатыр.

Нендей қатерден құтылғанын енді ғана пайымдаған Мұстаризаның бойы тоқазып, женіл діріл билей бастады. Ет қызыумен байқамапты, сол жақ шылшыгты пышактың жүзі тіліп жіберіпті. Бешпетінің жағасы шып-шып қан. Әнім көрген Шомат:

- Е-е, түк те етпейді. Киізді күйдіріп баса қоямыз, – деп жігіттерге еңсе бұрып, – тамызың әкеліндер. От жағып, терліктің шетін күйдірейін, – деп кісесіндегі дәндәкүінен шақпағын шығара берді.
- Ер жігітке дақ пен тыртық жарасар болар. Ер азamat дүшпансыз болған ба? Қылыш пен кездіктен түскен жара, жігіт жолында кездескен қатердің айғағында емес пе? – осы сөзбен бықсып күйген киізді Мұстаризаның бетіне баса берді.

Жараның қаны тыылған соң, жігіттер болған оқиғаны сараптай бастады. Талып жатқан Рақышқа жирене көз тастаған Шәризат:

- Әнім ойы не сонда? Бірімізді жазым қылса да, бәрібір аман құтылмайды ғой. Есі дұрыс па өзінің? – деп сұраулы жүзін Шоматқа бұрды.

Мұстаризаның иығына өз кебенегін жапқан Шомат салмақты нысайға міне:

- Е-е, бауырым, бұл жауыздың ойы әріде жатыр ғой. Бізден құтылмақтың айласын да құрыш қойған болар әлдеқашан, – деп сәл кідірді де, жігіттерге назар қыдыртып өтті. Жас серіктерінің жүздеріне барлай қарап қалған. Нендей қатерге кез келгендерін тусінді ме екен деп зерттегендей.

- Бұл қонағымыз бәрімізді шетімізден қырып кетпек, мен білсем. Таңға салым үйқы қатты болатынын есепке алып түр-ау зағым. Бұл кезде ит те марғау тартады. Бізді жайғастырып тайш түрмәқ өзінше. Мына елсіз-күнсіз ми далада, тас пен ағаштың арасында өлікті кім таба қояр дейсің? Тапқан күнде де кім жазым

қылғапы мәлімсіз. Өзі болса, түк көрмегендей зытып бермек. Құрған жоспары осы-ақ, бауырлар, – деп сөзін түйіндейді.

Бұл естігендерін бозбастар әрқиылды қабылдады. Жалпақ бетті, кішірек көзді Шәризаттың кеспірінен не ойлап тұрғанын аңғару мүмкін еместей. Тек қысқа кірпіктері дір етіп, онсыз да қысықтау көздері сығырая түсті. Жанарында құрыштай сұық бір жылт жарқ бере көрініп, зэтте жоғала берді. Іштегі пікірін сыртқа шығармасстан тіс жарған жоқ. Бұған қарағанда Жақияның мінезі шапшаң болатын. Лау етіп тұтанғыш. Дәл қазір де сөйтті. Бетіне қан тебе ашуланып, танауы қусырыла қаршыға көздерін жарқ еткізді де:

– Өз қолыммен буындырып өлтірейін бе азғынды? – деп ұзыннан сұлап жатқан Рақышқа отты көзін қадап, – мұртеттің мұртетті екен ғой бұ сілімтік! Қонақ болып, бір бақырдан дәм татқан кісіге сонша аяр қастық қылады екен-ау пенде деген. Өшің болса, қан майданда бетпе-бет келсейші. Үйқыдағы ерді жаугершілік заманда қалмак та өлтірген жоқ. Оған анау бағзы заманың қиссалары күэ. Үйқыда жатқан Қарабек батырды қалмақтың Қараман ханы өлімге қимағаны мәлім. Оятпай қару жұмсауды өз бойына мін көріпті... Есін жиса, бұның әуселесін өзім-ақ көрейін, бәлем! – деп күйіне кіжініп қойды.

Дәл осы сөзді күткендей-ақ шекесі қанға боялған Рақыш ыңырси қозғала бастады. Есін жия бастаса керек. Жігіттер елең ете қалып еді, Шомат қолын көтере «тимендер!» дегендей ишарат қылды. Өнінде мыскыл бар.

– Бәсе, бұл сияқты көксоққандардың жаны сірі келеді. Балталасаң да өлер ме екен, – деп мырс берді де, дереу салдарлы нысайға мініп алды. Лебізі нық. – Сен, Жақия, бұл мерезге қолынды былғамай-ақ қой. Өмір есігін жаңа ашқан жауқазын жастарсындар, кісі канын жүктей көрмендер, азаматтар. Құдай ондайдың бетін аулақ қылсын. Тамұқтың отына мен-ақ күйейін. Болса да күнәм шашетектен. Дозактан құтылу қайда? Бұл жаман ағаларың не көрмеді дейсіндер, – деген сөзбен шапшаң басып барып, қозғала бастаған Рақышқа төнене берді.

Жүресінен отыра қалған қалпы енкейе беріп, жарагалының алқымынан қос қолдан ұстай алды. Жастардың жүректері лоблып кетер дегені ме, не істегенін көрсетпей сол қалпы қатты да қалды. Жігіттердің бар көргені – Рақыштың аяғының тыптырағаны. Сәл-

ден соң ол да басылды... Мәйіттің бергін бүркеп көтеріле берген Шомат қолын жайып, өң сипады.

– Ит те болса, адам баласы ғой, – деп бірер сәт үнсіз қалды да, – іс бітті, жігіттер. Марқұмды жерлейік. Неге өлтірді деп сөкпес-сіндер. Бұның қаны мениң мойнымда. Таңда маңшар құнінде бозіме таласа берсін бұны жоқтағандар. Көзін жоймасам, бұл бізді жаһаннамға жөнелгіпей тынбас еді. «Екі қошқардың басы бір казанға сыймас» демекші, – деп машықты қимылмен күзен бөркін умаждалап, мандай терін құргатты...

Баз кешкен қарақшыны сәске ауа жерледі Шомат. Қос тұрған жерден қашығырақ бір шоқ ағашты таңдаپ алыш, соның ығында қабір қазды. Басына тас үйіп, белгі қойған соң, кәдуілгідей құран оқыды. Жақия мен Шәризат аят-хадис жағына ұттылау еді. Шари-зат қара танығаны болмаса, құранға мұлдем шорқақ. Молданың алдын қебірек көрген Мұстариза ғана. Арабшадан да хабары бар, сүрелердің мазмұнына да жетік... Топырағы кеппеген қабірдің ба-сында малдас құрып отырған Шоматқа назар тоқыратып:

– Тарауық пен ясінді оқысам ба, Шака? Тәжүйт макамымен қирағаттаушы едім, – деп сұрап еді, жас топыраққа ойланған көз көмгөн аға досы:

– Жоқ, бауырым. Бұл істі бастаған өзім екенмін, өзім аяқтайын. Өзіне қару кезенген кәззапқа құран бағыштағаның қисынға келе қояр ма екен? Қылмысқа барып, қол батырган өзім екенмін, құранды да өзім бағыштайын. Кісіден жасырғанды Құдайдан кайтіп жа-сырарсың? Болса да тозақтың отына бірге күйеміз ғой марқұммен, – деп қол жайып, ясінді қирағаттай жөнелді.

Мұстариза ден қойып тыңдаپ отыр. Шоматты кітап сөзіне шалағай ма деп еді, қателескен болып шықты. Ясінді Бұқар макамына салып судырата оқып шықты аңшы досы. Жаңылысқан бір тұсы жоқ, макамы да құлаққа жағымды. Сәл таңырқаған қалпы ішінен: «Кәрі шөңгениң зиректігін қарай көр! Сабазың орысшаға да жүй-рік, шарғыға да қара жаяу емес екен. Сірә, жапан түзді кезіп жур-генде пысықтап жаттай беретін шығар» деп пікір түйіп қойды... Бұнысын Жақия да костады. Құран оқылып, бет сипасқан соң, Шоматқа қулана қарап:

– Шака, әмбебапсың ғой өзің. Саятшы біткен уағыз жағына ке-ренеау келер еді. Өзің болсаң, аузы-аузына жүқпай, еркін көсілдің

той. Аңшылыққа әулілігін жел өтінде жаурап жүргенше, молдалық құрмаймысың? Мына дұған естіген құлакты үйитқандай екен, – деп жігіттерге көз қысып қойды.

Бұнызына Шомат:

– Е-е, бауырым, «молданың айтқанын істе, істегенінен үлгі алма» деген бар емес пе? – деді де қабак шыта қалды. Қабағын түйгендеге маңдайдағы әжімдері қыртыстана түседі екен.

– Ойладап тұрсаң, әзіл ілетін жер емес-ау бұл, шырактарым. Жаман-жақсы болсын, арыстай бір азаматтан айырылдық. Бұл да алаштың бір перзенті еді. Бұны да анасы «қоңыр қозым, ботам» деген әлпештеген болар... Обалы нешік? Обалы казақты бір-бірімен қыркыстырып қойған зұлымдарға. Қазақтың қолынан өз қандасы мерт болып жатса, ел тізгініне ие серкесымактардың билігі шалағай болып тұрғаны да. Қол астындағы халқын жөндеп баға алмаса, ол бишігештердің құны бір-ақ бакыр! – деп күйіне сөйлеп, тобылғы сап жыланбауырмен етігінің қонышын бір салып өтті.

Бұ сөзге ешкім пікір қоса қойған жоқ. Маллас құра жайғасқан бозбастар тым-тырыс отыр. Күн арқан бойы көтеріліп қалыпты. Ауа райы тамаша. Шыжыған ыстық емес, жанға жайлы қоңыр салқын. Теріскей беттеген ескең самал масаны ұшырып әкетеді. «Нағыз мал оттайтын күн екен» деген оймен Мұстариза төнірекке назар қызыртты. Жылқылы елдің баласы ғой, қылқыйрықтың қамы қашанда көнілінің бір түкпірінде. Сонадай жерде тұсаулы аттары жайылып жүр. Оқта-текте бастарын шұлғи тастап пысқырып қояды. Рақыштың да қос құлігі осында.

– Бұларды не қылады екен Шомат? Айғақ қой. Қазекеңнің көзі малға қырағы келеді. Әсіреле, жақсы атты байқағыш. Бір көрген қызыра жалды түсі-түгіне дейін, ен-таңбасына дейін жадына тоқып, басы көрге енгенше ұмытар ма екен? Пәлен жыл өтсе де көрген жерде танымай қоймас. Асылы, біратола құтылған жөн ғой, – деп пікір түйіп еді. Шомат осы ойын сезіп қалғандай-ақ:

– Мына екі атты жытырмаса болмас. Бүгін түнде аттанып Құрымбайдың жігіттеріне жеткізейін, – деп жайылып жүрген жылқыға көз таstadtы да, – ер-тоқым, әбзелімен жөнелту керек. Ештесін керек жоқ бұл залымның. «Бұлінгеннен бұлдіргі алма» демекші, – деп аз үнсіз қалды да, Мұстаризага енсе бұрды. Дем бергісі келді ме, пейілдене қарап, – ал, батыр-еке, ендігі жоспар не

болмак? Шағалак бірталайға дейін тыныштала ма деймін. Еш әрекет істей қоймас. Талай момынды зар еніреткен аққантал қаракшысын жұмсап отыр ғой өзінше. «Істі тындырар» деп сенеді де. Бұл некерінен хабар-ошар күтеді енді», – деді де, дағдысынша мұртынан күліп қойып, – олай болса біз не істесек, таксыр-еке? Тыныш жатқанымыз жараспас. Бар екенімізді сездірсек кайтеді Шағалақ мырзаға? Болмаса, Омбыдағы жандаралдың өзіне соктығамыз ба, қайдан шықсан, одан шық дегендей, – деп серіктепіне назар қызыртып өтті.

Жанары мен миығында құлық аңғарылады. Жігіттерді сынағандай. Сүрепетінен: «Беу, шикіөкпелер, қажыған жоқпысындар? Жайлы тесек, балқаймақ пен құймақ сынды дәмді асты кекsep жүрсіндер-ау, мен білсем. Бәсе, өзім де солай топшылап едім. Аузынан уыз табы кетпеген бала-шаганы ерткен маған да обал жоқ» деген мыскыл ап-анық аңғарылғандай.

Бірақ, бозбастардың сыр берер тарпы жоқ сияқты. Қызыл шырайлы, кескінді Жакияның ағы ақ, қызылы қызыл. Қайкы кірпік қаршыға көздері жарық дүниеге соқтығынқырай қарауда. Томағасын сыптырган қыран шәулі дерсің. Қажымақ түгілі, шайқас тілеп ізденіп тұрған түрі бар... Қашанда саспайтын Шәризаттың да кияпты сергек. Жер қозгалса да тебірене қоймайтын табанды мінезіне бағып, себепсіз үндей қоймайды. Әйтсе де томсаған жұзі мен сабырлы көз қарасында асқан жігер аңғарылады. Шымыр порымы да көз тойғызғандай. Құн мен желге әбден тотықкан жалпақ кеспірі, тоқпактай шүйдесі мен жұмыр мойыны, жыланбауырдың тобылғы сабын тұтамдаған әлуекті шенгелі, бәр-бәрі бұл жігіттің қайраты мен төзімділігінің айғағындей. Тәу көрген кісіге: «Сабазындың бітіміне болайын! Төс табанынан саз кешсе де, мойымас қара нар дерсің мына бозбасты. Тусаң ту, азаматым!» дегізгендей-ак.

Жастарды зерттей үнілген Шомат та осы тақылеттес пікір түйіп, ішінен: «Қажыған бозбастар көрінбейді-ау. «Келсең, кел» деп тұрғандай ғой порымдары» деп тәнті болып, мұртынан күліп қойды.

Түсіне алмай тұрғаны – Мұстаризаның көніл күйі. Дидары сергек-ау, сөйтсе де қабағында сәл-пәл кейіс бар ма қалай?.. Осыны ескеріп тықақтап мазаламады. Ішінен: «Қанша айтқанымен, ши-

кіокне жас кой. Мына өлімді ауырлап отырған болар. Айтты-айтпады ысылмаған бозбасқа қазаны көру оңай бол па? Мына тірліктен те запы болған шығар. Үйсіз-куйсіз ми далада күнелткен қалай, ызғындаі елдің ішінде сайдрандап жүрген қалай? Не қылса да өзі білсін» деп түйді де, көзін әкете берді. «Сұқтаныш қайтемін? Қабырғасымен кенесіп отырған болар. Ойын бөлмейін» деген байлауга бекіп, қонышындағы шақшаға қол жүгіртті.

Мұстариза болса, өткен түнде көрген түсті есте жаңғыртып, ойға шомған болатын. Сол түстін сырын, табиғатын түсіне алмай әлек... Бұл не өзі аян ба? Тым қатты ұйықтап қалғанын біледі. Ұйқыға бір берілсе, оңайлықпен ояна да қоймаушы еді. «Осы Жақия екеуінің қасқыр ұйқыларың-ай! Бүйірден үш нұқығанша тұяқ серпермісің?» деп Шәризаттың әзіл ілетіні тегін емес қой.

Сейтіп тас болып қатып ұйықтайдын басы Алтынның дауысынан оянып кеткені қалай? Алтынға ілесе анасы да айғай салды. Қос жанашырының жанұшыра безек қаққанын көрмеймісін? Тегін емес қой. Сірә күндіз-түні бұның камын ойлап жүрген болар. Анасының күйі-жайы түсінікті гой. Іштен шықсан жалғыз ұлдың дәйім тілеуін тілеп отырғанына еш шұбә да жоқ. Ана үніне қосамжарлана шырылдаған Алтынды айтсаншы. Бұның да жаны ашып, қабырғасы кайысады деген белгі емей немене бұл түсі?..

Ойы сан-саққа жүгірген Мұстариза, мазалаған сауалға жауап таба алмай отыр. «Тұс – тұлқінің боғы» деген мәтелге сенейін десе, өткен түндегі оқиғаның түрі анау. Көрінеу ажалдан алыш қалған жоқ па түсіндегі аян?.. Аруаққа имандай сенуші еді Мұстариза. Қатер кезіксе-ақ: «Ия, ата-баба аруағы, желеп-жебей көрініз!» деп жалбарынатыны да содан. Бала кезінен келе жатқан дағдысы гой. Сын сәттерде еріндері еркінен тыс күбірлей жөнелер еді. Ата-баба аруағы демейтініне сенімі кәміл қашанда... Олай болса, көзі тірі жанашырлар неге желеп-жебемеске? Бұл фәниден әлдеқашан өтіп кеткен бабалары бұның түр-сипатын да көрген жоқ қой. Өзі де дидарларын ғұмыры көрген емес. Оларға қарағанда, анасы мен қалыңдығы әлдеқайда жақын емес пе? Өйтпесе түсіне кіре ме?..

Ой жетегіне ерген Мұстариза кенет еңсесін тіктеп алды. Ендігі мақсаты айқын сияқты. Тек батыл қимыл, әрекет керек. Тамағын қырнай жеткірініп алды да:

– Шәке, – деп Шоматтың назарын өзіне аударып, – жоспар не деп сұрадының бай? Жоспар бар-ау, бірақ іске асыру күйін бол түрғаны да, – деп сәл кідірді де, үзенгілестердің елең ете қалғандарын аңғарып сөзін тарақта тусты. – Қалыңдығымның жайы ойлантады да... Улкендердің ак батасы бар, қыздың ықыласы да бар. Менің түрім болса мынау. Қайын жүргіттан жеткен хабарға сенсем, қалыңдығыма көз алартқан мырзасымақтар бой көрсете бастаса керек... Біздің жақ әзір отыр. Менен ишарат болса, қалыңмалды түйдегімен жөнелтпек. Эйтсе де қызды алғаныммен қайда барып панаlamaқпын? Аңдып жүрген дүшпан үстімізден түсіп бас салмай ма? Тым құрығанда, неке кидырып отауга кіргізсеміші. Содан кейін шешейге тапсырамын ғой. Ақ некелі жар атанып, тілеуімді тілеп, тутін түтетіп отыра берер еді. Шақшадай басты шарадай қылған осы мәселе ғана, Шом-аға, – деп сөзін тәмамдады.

Бұл кеңес жастар жағына майдай жаққанға ұқсайды. Шәризаттың жанарында қуакы ұшқын жылт етіп жымыш қойса, Жақия Шоматқа көзін бір төңкеріп:

– Мен білетін Шақа болса, айласын табар. – деді де Мұстаризага жүзін бұрып, – көп ойланып-толғанып қайтеміз, Ризаш? Алтынды ақ отауга кіргізіп, бетін ашсаншы. Арғы жағын көре жатармыз. Құғын келсе арпалысып бағармызы да. Қайда қалмаған ғазиз бас?! – деп мәселенің түйінін оп-оңай тарқатып жіберді.

Шомат бұнысына езу тартып койды да, тіс жарған жок. Есіткенін ой безбеніне салып мұдірген түрі бар. Үйлену дегенінің қолбайлау екенін түсініп отыр. Шағалаққа бұл хабар жетсек, іздең келіп, бас салмай ма? Алтынды кепілдікке алып, өз үкімін жүргізер. Бұшонжар атаулы аярлыққа басудан тайынған емес қашанда... Осы жәйтті бірден есепке алды Шомат... Эйтсе де, жас досының сөзін жерде қалдыру күйін. Бұны тоқтаулы кісі, қамқорым деп үміт артып отыр ғой. «Бұл базынасын да көтерейін ендеше. Сапалаттың аруағы разы болсын. Маған сідет артып отыр-ау бұл бала. «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, қолымнан істеуге тура келер. Кол ұшын бермегей едім, берген соң шыдап бағу керек. «Сый қылсаң, сыптыра қыл» демекші» деген ойы осыған құйылды да Мұстаризага еңе бұрып:

– Хош, олай болса! Таранған көгілдірінді айдынға қондыра бер, жарқыным. Мына сахараның мен білмейтін ұнғыл-шұңғылы

болар ма екен? Екеуінді жасыралық бір мекен табылар. Жігіттерді сөз басылғанша елге жібере тұрармыз. Арғы жағы бір Аллатар мәлім. Бал ашатын балгер-құшынаш, ия жауырыныш емеспіз ғой. Көрген кепті көріп алармыз, – деп қөзін күлімдете мұртын сылаң қойды да, – мынандай сырластары бар жігіт тау-тастан қайтын ба? – деп Жақияларға көз төңкеріп өтті де, – солай емес пе, уа, өңшең көкжаддарым? – деп қулана жымиды.

Жақия осы сөзді күтіп отырғандай-ақ, жұлып алғандай шапшаң жауаптасты:

– Деп айттың, Шака! Сомадай болып бір шүйкебасты жасыра алмасақ, еркек атанбай-ақ қойдық. Тек дұшпанды нұсқай біл. Қара қанын ұрттайын, бәлем! Солай емес пе, беу, Шері-аға? – деп Шәризатқа оқыс бұрылып, қылтасынан бүріп кеп жіберді.

Бейжай отырған құрдасты селк ете қалып жақтырмаған пішінмен:

– Осы сенің-ақ ойының қалмайды екен. Ес тоқтатар жасқа келді-ау деген дәмем қайда? Қарап отырған кісіні шымшығаны несі? Шөпжелкелерге еліктегенің бе мұндар-ау? – деп күңкіл шығарды.

Мұстариза болса, қос құрдастың сөз қағысына еріксіз езу тартып қойып, Шоматқа назар жықты да:

– Пейіліңе мын қайтара раҳмет, Шом-аға. Тағы да сергелденгенге салдым-ау өзінді. Тірі болсам, бұл жақсылығынды бір қайтармай қоймаспын, – деп он қолын кеудесіне қойып, асқан ілтипатпен бас иді.

Шомат бұл қимылын жақтырмағандай тыжырынып, серіктерін бір шолып шықты да:

– Е-е, азаматтар, өмір деген осы да. Біреу о дүниеге жөн тартса, енді біреулер тірліктің қамын қүйттеді де, – деп курсініп қойды. Сүдіні салмақты. «Қабірдің топырағы кеппей жатып әзіл ілген сыйқытымыз мынау. Бұл да тірлікке тән құбылыс шығар» деп езінше ой толғады.

Бозбастар үндей қоймаған соң сәл кідіріп:

– Мені сергелденгенге салдым деп уайым қылдың-ау, Мұстариза, әлті сөзінде. Оның бекер, шырағым. Бұл кәрі шөңге ағаң сергелденен қашпақ түгілі, өзі ізденип жүрген жоқ па? Жөргегімнен қағынған жанмын ғой. Жынды сүрей қылып жаратқан Құдайға

шаран болса кыл! – деп өзімн-өзі сырласкан кісіше Мұстариза-дан назарын сырғытып, сонау көкжиекке көз көміп, ойындағысын ақтара түсті.

– Бағзы заманда өткен Ақтамберді жыраудың толғауын еш ұмытам ба? Тірлікте бар мұддағасына жетіп, тоқсанға келген қас-қаң «батырларша жорық үстінде өлмедім» деп арман қылған екен. Ердің мақсат-мұддесі сол да. Эбден можа болып құр сүлде-рінді сүйретіп жүргенше, бойында қуат, жетенде сана барда баз кешкеннің өзі артық па дедім. Естен жаңылып, жастардан «алжыған қақпас» деген сөзді естіртпесе екен Құдайым. Қүш-қайратым шиышық атып тұрған қалпында алса екен деп тілеймін, – деп және бір пікір түйген болды.

Аз отырған соң, кенет есіне әлдене түскендей, серіктеріне жалт қарап:

– Ал, не отырыс? Қарекет қылайық, азаматтар! «Жүрмек болсан, зымыра» деген. Ас қамдайын алдымен. Арғы жаққа ел қонған соң атқа қонаїлық. Сарылып күтіп отырған бикеш бар емес пе? Сол тотыны алтын тұғырына қондырар мезгіл жеткен болар, Мұстариза шырақ, – деген сөзben ежелгі машығына бағып, малдас құрып отырған жерінен шашпаң қөтерілді.

Егде тартты дегізетіндей емес, қимылы шалт. Сөз осымен бітті дегендей-ақ, тобылғы сапты қамшымен саптамасының қонышын бір салып, аттарға таман қадам басты... Мұстариза аға дос-тың лыптың қаққан қимыл-қозғалысына сүйсіне қарап, ішінен: «Мына шалың оңайлықпен өле қоймас. Құр аттай аяқ тастаған жүрісіне болайын сабаздың» деп еріксіз миың керді де, көнілдегі қуанышын жасыра алмай:

– Ал, аттаным қалындығыма! Періштем, Алтыным, сәл-пәл күте түр. Қырық шілтен шылауымызға оралып қолдаса, қосылармыз әлі-ақ, – деп күбір еткенін өзі де аңғармай қалды.

Бір сәттілік бұл көңілшектігін жолдастары байқап қалмады ма деп қысылып, көз құйрығын жіберсе, жігіттер еш аңғармаған сияқты. Орындарынан қөтеріле белдерін буып, бөріктерін баса киіп, жүргуге әзірленунде.

– Ия, сәт, бір Алла жар бола көр! Ата-баба аруағы қолдай гөр жаутаң көз көдектерінді, – деген сөзben Шоматтың ізін ала адым-дай берді.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Мәмбетәлі

Таң қылаң бере Қызылжар қаласынан былқылдақ жүрісті сәнді фаэтон күйме шыға берді. Жеккені үш қарагер арғымақ. Үшеуі де семізден жараган дуга жал, шоқтығы өргек, мұсінді жылқылар. Осы төңіректің қазағы «ырсак» деп атайдын желгіш жүйріктер. Күйме иесі сән құмар кісі болса керек, үш арғымақ та бір қалыптан шыққандай түсі-түгі айырғысыз. Тіпті жалдарының жатысына дейін ескеріпті иесі. Үш аттың оң жағындағысының жалы камшылар жаққа құласа, сол жағындағы арғымақтың жалы аттанар жағына қайырылған.

Ат-әбзел де осал онтағай емес. Өрме жүгендердің екі жағында қайыстан қызып түйген сәнді шашақтар салбырай ырғалады. Ноқталары ызба жібек. Биік дөғаның үстінгі жағында жez қоңырау сыңғыр қағады... Күйменің козлосына қонжия қонып, делбені ұстап келе жатқан мауыздай азаматтың есімі Дүйсен. Жас шамасы отыздың майдайында. Күн жылы болса да киімі нығыз. Түйе жүн шекпеннің үстіне кебентай қабаттапты, басында далбай. Шикіл сары, сопақ бетті бұл жігітті ауылдастар «таз Дүйсен, жылмағай бет Дүйсен» деп атар еді. Себебі – ойма таздығының үстіне иегі жып-жылмағай көсе болатын. Мұрттан да ырым ғана бар, шашы-

рай шықкан қадау-қадау тал ғана. Мұрны да қисық біткен, көзі де сыйырайған тышқан көз, ұсқын жағына ұттылау еді Дүйсен. Есесіне бір кісідей-ақ қайратты. Делбені шенгелдеген көс жұмырығы кішігірім шоқпардың басына пара-пар. Бұл уш қарагердің басына анау-мынау делбеші ие бола алмайды да. Әлденеден үркіп ала жөнелсе, жөпшенді кісіге қайыру бермейді арынды жүйріктеп. Ондай жағдайда Дүйсеннің темірдей қолдары ғана тежей алады бұл үшеуін. Құдыққа түсіп кететін дөнен өгізді жалғыз өзі алып шыға беретін әлеутті жігіт осал болсын ба? Осы қара қүш сыйқытының кем тұстарын жуып-шайғандай.

Төбесі мен есіктері сары түсті былғарымен қапталған сәнді күймені жанамалай, бір салт атты желдіріп келеді. Жетегінде дом болып жараган ақ бақай торы бедеу. Бұл келе жатқан Дүйсеннің інісі Бегімбет деген бозбас. Жасы жиырмадан асқан бұл жігіт, ағасындағы емес денесі таразылау, мұрты жаңа тебіндеген қара торы өні қескінділеу. Кигені де қалың емес. Иініне ілгені жадағай шапан ғана, басында түгі қырқылған көнетоз күзен бөрік.

Жолаушылардың өкше ізі Қызылжар шаһары болса, маңдай түзегендері сонау күнгей жақтағы Кекше өнірінің Қылшакты өзені. Уш желгіш әдегте таңмен таласа шықса, көз байланбай-ақ жеткізетін атырап. Қылшактының Шалқар көлге дейінгі ұзына бойы Шөбек әuletінің қан жайлауы. Жайлаудың бір жақ шеті сонау Жақсы Жалғызтауга дейін созылып жатыр... Келе жатқан күйменің иесі Шөбектің Жаналысы. Төрт-бес кісі еркін сиятын фаэтонның ішінде екі-ақ адам. Петербургте оқып жүрген Мәмбетәлі мен бәз-баяғы әрі ұстазы, әрі жетекші ақылшысы Аполинарий. Ауыл-аймақ «Нәрке» деп атап кеткен орыс азаматы.

Был жиырма үшке толған Мәмбетәлі бойшан, қыпша бел, жауырынды жігіт болып жетіліп қалған. Ортасы сәл көтерінкілеу келген қыр мұрынды, бедері айқын жұқа ерінді, жазық маңдайлы, келімді бозбала. Бір-бірінен алшактау қонған көздері кішірек келгенімен, келісті қылған. Қызға лайық қайқы кірпіктер көздің ажарын арттыра түседі. Қаймыжық ерінге енді ғана теуіп шыққан түбіт мұрт та жараса қалышты. Шаш қойысы да, киім кісі де қалаша. Киіміне аса мән бере қоймаса керек, матасы қымбат, тігісінің нобайы сәнді болғанымен, сюргүнің жаға-жендерін шаң ба-

сынты. Табаны калың, фабрикада тігілген бәтенкесінің жұлығына да тозаң тұрған.

Бұған қарағанда Аполинарийдің үсті-басы сонағұрлым банты сиякты. Сонау Петербургтен тартылған ұзақ жол көрсө де, сиортуғі мен чесунча шалбарының қыры сына қоймалты. Басына қонжита киіп алған тәбесі биік цилиндр қалпағында да тозаң жоқ. Тескалтасынан күміс сағаттың зәнжір бауы салбырай түсіп, ұшы қылтиған аппақ қол орамалмен үйлесім тауып жараса қалған. Жирен бакенбард сақалы мен ширатылған мұрты да күтімді. Конқақтау келген мұрнының үстіне қыстырыған пенснесі қияптына бедел әперіп тұр. Жалпы алғанда, отыздың ішіне мол кірген Нәркениң порымы салдарлы. Оқыс қылышқа, артық-аудыс сөзге баратын жеңілtekке еш ұқсамайды. Бірақ, тәу дидарласқандагы бұл әсер шындыққа сәл-пәл жанаса қоймас еді. Таң жаңа атып келе жатса да, Нәрке сабаз аз-мұз жұтыңқырап алған. Күймеге жайғаса бергенде-ақ:

— Ал, мырзам, жол алыс, үйқы соқпасам болмас. Сондық бір штоф шаралтың дәмін татуга мәжбүрмін. Сөге жамандамассыз, тақсыреке, — деп қылжақтап, бір саптыаяқ мадера шарабын сіміріп алған.

Соның әсері болар, жолдың кедір-бұдырын, тонқылдақ жүрісті елемей көнілді отыр. Үйқыға кетер сыйқыты да әзірше білінбейді. Бір ерекшелігі – масандық дағдылы қалпы болғанымен, есін ұмытып сөзден жаңылған пенде емес. Күйменің әйнегінен айналға үңіліп Мәмбетәліні сөзben қажап келеді. Аузында шылым шегетін иір тұтік. Онысын құшырлана сорып, ара-тұра бүрк-бүрк тұтін шығарып қояды. Тутіні хош иісті. Себебі, анау-мынау арзанқолды темекіні тартпайды Нәрке. Жаналы мен Баялыдай шонжарлардың қаражатын аясын ба? Тапқан-таянғанын бұлды киім-кешек, дәмді тамақ пен сапалы шылымға жұмсамағанда қайтеді? Жылап отырған бала-шағасы, сәнді көйлек, қымбат тон әпер деп қыңқылдаған зайыбы жоқ қой. Салт басты сабау қамшылы сүрбойдақ болған соң ез бойын күтеді де...

Шағын терезенің әйнегіне үңіліп отырған Мәмбетәлігे кулана көз тастап:

— Ия, мырзам, туған даланы тамашалап отырмысың? Жөн-ақ, өйтпеске шараң қайсы? – деп жирен мұртын жыбыр еткізіп мырс

берді. – Ұлан-ғайыр қырғыз-қайсақ сахарасы осы болады, достым. Ресей империясының киян түкпірі. Меніреу медиен. Наполеон Буанапартъе «Тартария» деп атаған өлкенің мешеу пүшпагы десек әбден сиғандай, – деп бір қайырды да, аз үнсіз қалып, – сонымен, жігітім, Петербургтегі әп-әдемі тірлікпен хош айтыстық. Өркениетті шаһардағы тәтті дәурен көзден бұл-бұл ұшты. Демек, екінішті-ақ! – езуіндегі тұтқтің ұшын құшырлана сорған Нәрке, кекірек толтыра тұтін жұтып, іле қос танауынан будақтата шыгарды.

Тұтін шығарудың да өзіндік кілтипаны бар. Жеткіншек жасынан шылым шегуге үйір Нәрке, бұл жағынан алдына жан сала қоймайды. Тұкті аузын жартылай ғана ашыңқырап, сақинадай қылыш дөңгеленте шығаратын әдісті менгергелі қашан. Бәс тігіп тұтіндесе, бір деммен жиырма-отызға дейін сақина шығара берер еді сабазың.

Бірақ, дәл қазір ол өнерін тамашалайтын шаршы топ жоқ. Сондықтан, ерігіп отырған Нәрке жас серігін айналдырып сөзбен шалуайттай бергенде жөн көрді. Осындағы зілсіз қағытуды ежелден-ақ ермек қылатыны бар.

– Сол Желябов пен Софья Перовская бастаған кіл саппастарға қосылып не көрінді сонша? Халықты көгертеміз дейді өздерінше. Айтақ! Бұл қара тобыр жақсылықты түсінуші ме еді? Сиыр сипағанды білмес деп, өзіңің қазағың айтпақшы, – деп Мәмбетәліге көз тастап қойған Нәрке тұтігін құшырлана сорып-сорып жіберді.

Серігіне деген өшін темекіден алғандай. Қияпатында жас мырзага деген кейіс те жоқ емес сияқты. Мәмбетәліні оңашада «Мишель» деп, әзілдей атай беретін. Қалалы жерде французша да сұхбатасатыны бар. Бұл тілге Мәмбетәліні баулыған да өзі. Орысшаны еркін менгеріп алған шәкірті, шетелдің тіліне де қараяу емес. Барлық Еуропаға ортақ латын тілінен де мағлұматы мол, французшага да қалада туып-өскендерден қалыса қоймайды... Нәркенің қынжылыс білдіргені – өткен жылдың оқиғасы. Соны ұмыта алмай келеді.

– Қайта, Құдай сақтады, Мишель. Тұысқандарың дер кезінде килікті. Сәл кешіккенде ғой, қазіргі екеуіміз Омбының абақтысынан бір-ақ шығар ма едік, қайтер едік? Өзінді қайдам, маган салса, өліммен тен ондай тірлік. Қаңғыбас күй кешсем де, аксүй-

ек дворян нәсілімін ғой, қанша айтқаныммен, – деген Нәрке әлде-қандай келенсіз жәйтты есіне түсіргендей құрсініп қойды.

Асылы, мінезі құбылмалы болатын. Қазір кейісе, ендігі сәтте күліп жіберуі де ғажап емес. Тілге тиек еткені – кейінгі кездегі оқиғалар еді. Жоғары оку орнында жап-жақсы оқып жүрген Мәмбетәлі, бұқарашибыл, демократия бағытын ұстанған жастармен жақындасады. Бұлар да әртүрлі оқудың соңындағы студенттер. Ұлт жағынан алса, дені орыс, ішінде бұратанадан Мәмбетәлі ғана. Нәркеге салса, дені нәсілсіздер. Ақсүйек дворяндары бірен-саран ғана, өзгелері «разночинец» атанған әртүрлі тектен шыққандар. Нәркенің ұғымы бойынша сыйласуға тұрмайтын мештан, саудагер сияқты «кәкір-шүкірлер». Бұлармен салыстырғанда бұратана ұлттан болса да, Мәмбетәлінің әлеуметтік салмағы, шыққан тегі қөш ілгері. Себебі – патша ағзамды қолдайтын жақсылардың әулетінен. Шөбектен өрбіген бар зәузат ұлықтарға қызметімен жағып жүр. Қазақ даласындағы ақ патшаның сенімді өкілдері іспеттес. Шөбектің кіндігінен тараған бар бау-шарбақ жаппай ауқатты және орыс мәдениетінің озықтығын мойындаған жандар... Өйтпесе, қыршын көгілдір бір жеткіншек Мәмбетәліні сонау Петербургке аттандыра ма? Өзге байлар сонау солтүстік астана тұрмак, мынау тұрған Омбыға да баласын жібере қоймайды. Оқуға қажет шығынды қазақтың қай жуаны көтеріп жатыр? Сүбесін сере май басқан өңшең киіз төбе, жуан қоныш немелер оқуға соқыр тыын шығармас. Артық-ауыс мал пайда болса, одан дағы жас иіс алып, төсек жаңғыртар. «Сарт байыса там салар, қазақ байыса қатын алар» деген мәтел тегін айтылмаса керек-ті. Бұны қазақпен тонның ішкі бауындаі араласып кеткен Нәрке біледі де.

Сөйткен игі жақсылардың бір перзенті Мәмбетәлі, Петербургтің жаман-жәутік студенттерімен ауыз жаласып кеткені. Әмпей-жәмпей болып қыз-қырқынды жағаласа бірсәрі ғой. Тіпті арақшарал жұтып қойса да еш айыбы жоқ. Жастың аты жас емес пе? Бұла қайрат, жастық жігер қанаасынан аспай тұрмайды да. Араптыра өзі құралыптастарымен жұдырықтасып қалса да пәлен оқасы жоқ. Тек арты ұлғайып, іс насырға шаппаса болғаны да... Осының бәрінің қызығын аз-мұздап татқанда, ләм деп тіл қатқан жоқ еді

Мәмбетәліге. Жігіт емес пе, өмірдің ашы-тұщысының дәмін білгені де жөн.

Жастық-мастық дегеннің бәрі түк емес-ау, Құдай ұрып, әлгі бұқарашиб студиенттермен табыса кеппесе... Бастанқыдағы беталыстары әп-әдемі-ак болатын. Қебінесе талқылайтындары әдебиет саласы, оның ішінде поэзия. Дәлдік пен нақтылықты қажет ететін техника саласының жетістіктерін де қызыға зерттер еді. Алайда бара-бара патшалық биілікті сынай бастан, «Народная воля», яғни «Халықтың еркі» деген ұйымның көзқарастарын қолдай бастаған. Ақсүйектер тұқымынан шықкан Андрей Желябов, Софья Перовская сынды оқымысты бұқарашиб демократтар бастаған бұл ұйым патша ағзамның өзіне ауыз салуды көздел жүрген екен. Саясатпен шұғылдынбаса да, көкірегі ояу, жаңалыққа күлағы түрік Мәмбетәлі бұл ұйымның көзқарастарымен таныса бастайды. Асылы, Мәмбетәлінің қабілеті жан-жақты болатын. Сөзді емес, сарылып зерттеуді, дәлдікті қажет ететін пәндерге жүйрік. Математика, физика саласын оңай менгерген. Жаратылыстану, оның ішінде биология, химия сабактарына да алғыр. Есейе келе астрономияға көбірек бой ұрды. Сабактан келісімен-ак Нәркенің басын қатыра беруші еді.

— Университетті бітірдің ғой. Өзің түгілі, әкең де, атаң да жоғары оқуды тәмамдаған екен. Тіпті Еуропада дәріс алғандары да бар деп есітем. Демек, білімге кенде емессің, — деп сөз басында көпшіл тастай сөйлейді де, іле:

— Олай болса, мына сауалға не жауабын бар, құрматлу мырза?
— деп әзілдеп кулана қарайды да, ал келіп қитұрқы сұрақтарды жаудырысын.

— Гарыш деген не күбылыс өзі? Шеті-шегі қайсы? Ал енді әр жүлдзых күннің көзіне пара-пар деседі ғылым сөзі. Олай болса, әр жүлдзыхың айналасында жер сияқты планетаның болуы да ықтимал емес пе? Ендеше тірлік те болуы ғажап емес қой. Сонда адамзаттың да және бір түрі бар шығар. Осыған не дер едің, ақсүйек достым? — деп сөз арасында қағытып та қояды.

Осы тақылеттес курделі сауалдардан мезі болып, ат-тоның ала қашар еді Нәркес. Себебі, қай сұрағын алсаң да, кісіні тығырыққа тірерліктең қитұрқы. Албырт көңіл жас емес қой, жоқтан өзгеге жете қинап қайтеді Нәркес? Қазақтың өзі айтпақшы:

– Сау басқа сақина тілеп жындық койдың миын жеген кісі бар ма еді?

Тым тақымдай берсе:

– Оу, басымды қатырмасаңшы, студент мырза! Шақшадай басынды шарадай қылыш өзінің миынды да ашыта берме. Көп ойланған ғұламалар бара-бара бажып кетеді деседі ғой, – деп бұл да әзілге саяр еді. – Жаңағы сен қосытқан мәселелерді біреу түгілі, мүйізі қарағайдай ғалымдар шеше алмай әлек. Жаратылыстың тылсым сырын зерттеп өткен сонау Коперник, Галилей, Джордано Брунолар небір соны жаңалықтарды ашқаны рас. Жер шарының доптай жұмыр және айналып тұрғанын дәлелдеп те берген. Бүткіл планеталар күннің көзін айнала жүретініне адамзаттың көзін жеткізе де біліпті... Сөйтсе де, ғарыштың тұнғиығына бойлау деген олардың да қолынан келген емес. Ол үшін аса қуатты телескоп қажет болар, мырзам. Оған адамзаттың қолы жеткенше қайда! Бәлкім жетпес те. Бұ құпияны ашу деген адамзаттың пешенесіне жазбаған да шығар, – деп көзі жайнап тұрған Мәмбетәлінің көңілін сұтып бағар еді.

Бірақ, жас-желеңнің өрекпіген кеуілі оңайлықпен басылған ба? «Қиял жүйрік, зерде алғыр, жігер шиыршық атады» дегендей. Мандайы тасқа тимеген арынды жас болған соң ба, жете қинауга құмар-ақ.

– Жә, ол ғарыш болсын делік. Ғарышты зерттер қуатты құрал-астап әзірше жоқ та шығар, – деп жығыла салған болады да, іле және бір сұраптарды көлденең тартатынын қайтерсің?

– Сен өзің Чарльз Дарвиннің тұжырымына не дер едің? Адамзаттың шығу тегі жөніндегі теориясын айтамын да. Адамзат тұрмақ, бар хайуанаттардың шығу тегін эволюция теориясына бағындырғаны қайда ол ғалымның? Маймылға қоса адамды приматтар тобына жатқызыпты. Бұнысы – арғы тегіміз сол мақлұқпен ортак деген сөз. Олай болса, ғылым ашқан жаңалық дін уағыздарына қайшы келеді. Адамды топырақтан жаратпай ма барша дін? Қасиетті кітаптардың һеммасы, яғни Таурат, Інжіл, Құран, Һауа-Ананы Адам атаниң қабырғасынан жаратады. Ен-нің мызғымас тұғыры солқылдай бастады деген сөз емес пе бұл? – деп қадала түссетін.

Нәрке өзі де пәлендей діндар емес тұғыны. Әйтсеуір жүргіспен бірге жексенбі күні шіркеуге бас сұғуды міндест деп біледі. Шыңтуйтайдың келсе, поп атаулыны жақтырмайтын. Шетінен іркілдеген семіз, арақ-шарапқа кет әрі емес, қара халықты обырдай сорған арамтамақтар деген пікірді ұстанар еді. Поптарға деген Пушкиннің көзқарасын қолдайтын. Ұлы ақынның «Поп пен жалшысы Балда туралы өртегі» деген шығармасына тәнні еді. «Аңы болса да шындық осы» деп бейнелі жыр тілімен өрілген сол өртегінің аса жоғары бағалайтын.

Бертін келе қазактың тірлігімен, әдет-тұрпымен танысқан соң, мұсылман дінінен де бірталай мәлімет алған болатын. Молдалардың жүріс-тұрысын байқап, уағызына да құлақ түре бастаған. Мешіт пен шіркеуді де салыстыратын. Мұсылман дінінде бір тәнні еткені – мешіт ішінің жылтырағы жоқ қоңыртөбел жасау және молдалардың қарапайым порымы. Өзі көрген поптардың кигені «криза» деп аталатын алтын зерлі жамылғы, бастарында лағыл таспен безендірілген аса бұлды қалпақ болса, молдалардың інінде ілгені қоңырқай шекпен ғана. Мешіт ішінде де басы артық жиһазжасау жоқ. Оның үстінен поп атаулының дені арақ сілтегіш келтіні жасырып емес. Қара жұмысқа жоламастан бұрау басын сыйдырмаган соң, көбі іркілдеген семіз де болады.

Қазактың молдекендерін де жаппай таразы денелі деуге болмайды, әрине. Ішінде етжендерінде, тіпті месқарын семіздері де баршылық. Әйтсе де, поптармен салыстырса, тақуа келеді. Арақ-шарап деген мұсылман қауымына мұлдем жат. Шылым шегуді де білмейді. Молдалар болса, тіпті насыбай атқанды да бойына мін көреді.

Сейткен тақуаларды сыйламағанда қайтсін Нәрке? Өзінің православие дінінің сөзүстарлары, яғни поптардың кей мінездері мен қылықтарын іштей құптамаса да, сынап-мінеген жан емес. Дін деген патшалықтың ең мызғымас ұстыны екенін неге ұкласын? Қоғамның тәртібін ұстап түрған да діннің уағыздары. «Құдайдан қорықлағаннан қорық» деп қазақ та айтады екен. Орыс халқының да ұстанымы сол. Ақсүйек дворяндар болсын, жер емшегін емтеген қарашекпендер ия зауыт пен фабрикалардағы жұмысшылар болсын, табынатындары әуелі Құдай, содан кейін ак патша. Патшаны жер Тәңірісіндей көреді Құдайдан қорықкан

орыс біткен. Орыстың үшінші ұстыны – Отаны. Ресей атанған алып империя. Сонау Еуропаға еліктегенімен, батыстың аbat бақтарын өз жерінің мысқалына алар ма екен? Аксүйектер жағы французыша шүлдірлесе де, жеме-жемгे келгенде шетелдіктерді өз ұлтына теңгермейді. Өз православиесін де Еуропа тұтынған католик дінінен артық көреді. Жержүзіндегі ең алып империя, құрлықтың алтыдан бір бөлігіне қанат жайған туған мемлекетін дәйім мактан тұтады орыс біткен.

Осы даңққа жеткізген ең алдымен, халықтың діндарлығы емей немене? Православие үшін қан майданда қаншама боздақ баз кешті десенші! «Дін, патша және Отан үшін жан пида!» деп аксүйектер де, шикі надан қара шекпенді мұжықтар да қару жарақ асынып пәлен халықты тізе бұктірген.

Бұқара атаулы Құдайдан қорықпаса, мемлекеттің берекесі болған ба? О дүниенің мәңгілік рахатына да сенбек керек. Тозактың азабынан сескенбесе, қайраты асқандар былайғы әлжуаз мұмындарды әлдеқашан қырып жібермей ме? Нәркенің өз басы ес білгелі-ақ, қунде пәлен мәрте шоқынуды парыз деп ұққан... Атанаасының үйінің төрінде икона суреті ілгілі тұрар еді. Ол иконада Иисус Христостың анасы Мәриям бейнеленген. Иконаның алдында күндіз-түні шырағдан жаңып тұратын. Үйге кірген естияр кісілер алдымен Мариямға тағзым етіп, уш мәрте шоқынуды парыз деп білер еді. Улкендерге еліктеген Нәрке де шырағданның тыйнақтай ғана алауына назар жығып, Мәриямның дидарына үңілетін. Құндақтаулы сәбиін құшақтай көтерген Мәриям ананың жүзі соншалық мейірімді көрінер еді. Жанарынан жылы шуақ себездеп, өне бойынды аймалап тұрғандай.

Не себептен екенін өзі де білмейді, суреттегі бейнеге үңілгенде көкірек тұсы алдымен шым етіп, көңілді бір жат сезім билеуші еді. Тәнті болу да, табыну да, тіпті сәл-пәл үрей де бар ма, қалай?.. Ойын баласы ғой ол кезде. Далада асыр салып қызық қызып жүретін бұла жаста болатын. Өмірдің парқы мен нарқына ой жүргіту деген санасына да кіріп шықпаған. Эйтсе де, төрдегі иконаны көрген сайын құйтакандай жүрегі луп етпей қоймас еді. Орыс халқы төр жақты «қызыл бұрыш» деп атайды. Сол қызыл бұрышка еңсе бұрып тас болып қатып қалар еді бала Нәрке. Мәриямның бейнесіне үңілгенде құдды бір о дүниемен тілдескендей әсерле-

нетін. О дүниес болғанда, Мәриям арқылы ұжмакпен жаңаса дай болушы еді. Пейілдене қарап, майда ғана жымиган жасаң иенің анасы:

— Бала, Құдайға табына бер. Бар діліңмен илансан, жұмактың төрінен шығарсың түптің түбінде, — деп жұбатқандай көрінесті.

Жаратқан иені жарық дүниеге әкелген қасиетті анаға қайтіп сенбессің? Сол сезім аксүйектің ұлы, ауқатты әүлеттеп шыккан Нәркені ғана жақсылыққа жетелеген жоқ. Әкесінің меншігінде бір қыдыру «крепостной» қара шаруалар болушы еді. Шынтуайтқа салса, құлак кесті құлдардың есебінде тірлік кешкен байғұстардың нағыз өздері. Тұрмыстары өте жүдеу. Талшығы нәрсіз. Тағажау еткендері «квас» атанған сусын мен кара бидайдың наны. Ет, май, ағарған сияқты кенеулі асқа ауыз тигізгендерін Нәркенің өз басы көрген емес. Көкөністен тіске басатындары шомыр мен қырық қабат. Киімдері де тым жұпыны. Аяққа ілгендері жеке қабығынан токылған шабата... Көрген күндерін біреудің басына салмасын. Таңың атысынан бастап ымырт үйірілгенше қара жұмыстан қолдары бір босаған емес. Сол еңбектерінен қара бастарына тінамдай пайда көрсейші! Бар тапқан-таянғанын иелері, яни «помещік» атанған алпауыт қақшып алыш кетеді. Сөйті тұра, түбі бір көретін жақсылықтан құдер үзбейтіндерін қайтерсің? Жақсылық деп үміт артқандары о дүниедегі бейіс кой. Бакиға асып көз жүмған соң, рахатқа кенелеміз деп біледі. Бұл фәниде неқұрлым көп бейнет кешсе, шын дүниеге жеткен соң-ақ, сол құрлым рахатқа кенелеміз деп сенеді. Шіркеудегі поптардың уағызының түрі сол дағы.

— Усті-басын киіздей қотыр басқан, аш-жалаңаш қайыршылар бейістің қак төрінде шәниіп жатлақ. Ал енді сүбесін май басқан арамтамақ ауқаттылар, сол жарлылардың қолына су құюға да жарамас о дүниеде. Бейістің бар рахатын кедей-кепшіктер, және бұл жалғанда азап шеккендер көрмек. Тек жоқшылыққа шыдай біліндер! — деп бұқараға дем беріп кояр еді дін жетекшілері.

Бұл насиҳатты ой елегінен откізген бала Нәркे тығырыққа тірелетін. Есіткенді сынға салса, көрген-білгені поптардың уағызымен қабыспайды-ақ... Алдымен сол поптың өзі шіріген бай емес пе? Ғұмыр-бақи бұраудың басын сындырып көрді ме екен? Құрсағының жуандығына екі кісінің құшағы жетпес. Қияр тұз-

дайын кеспектің көлдененіндегі дерсің. Нагыз арамтамақ деп соны айт әнекей! Шаруа сияқты жер тырмалап егін еккен емес, ия бейнет кешіп, мал бақсан күні жоқ. Ел үстіне күн көреді де. Ақсүйек алпауыттар да солай. Тұздегіні былай қойып үйлеріндегі бар майда-шүйде жұмысын да крепостной құлдар атқарады...

Нәрке ер баладан жалғыз болатын. Есесіне толып кеткен апақарындастары бар еді. Солардың кесірлері емес пе, атадан қалған мұраны бөліске түсіргенде, жалғыз бауырларын шөміштен қаққандары. Қыздар бір-бір «деревня» аталатын елді-мекендерді иемденіп қалып, Петербургте оқып жүрген бұны алдан кеткен. «Алтын көрсе, періште жолдан таяр» деген сөз бар емес пе? Орыста «приданое» деп аталатын қыздың жасауы бар. Алпауыттардың әулетінен шықкан қалындықтардың жасауына деревнясымен бірге құлдарды қосады. Олардың саны негұрлым көп болса, қалындықтың кадірі де солғұрлым артпақ. Сонысына қызыққан сегіз қыз атадан қалған мұраны пышақ үстінен үлестіріп әкетеді де, жастықтың ырду-дырдуымен жүрген бұны алдан соғады. Жатырластар істеген сол мікір айланың салдарынан үйсіз-күйсіз қалып, қанғырды да кетті Нәрке. Бір кіндіктен өрбіген тұғандар соншалық кісәпірлікке барады деп үш ұйыктаса түсіне кірер ме еді?... Енді міне, қазақтың меніреу сахарасына қайтып келе жатқан сүдіні мынау...

Ой жетегіне ерген Нәрке фаэтон есігінің әйнегінен тысқа көз тастады. Таң рауандап атып келеді екен, төңірек бозамық тартқан. Қаладан ұзап мидай даланың ішіне сұғынып бара жатыр күймелері. Бұл атырап қарағайлы, қайынды шұбар. Сөйтсе де көңілсіз. Қызылжар өлкесі ағашты болса да, Нәркенің атажұртының табиғатына жету қайда-а! Ата-бабаларының мекені Ресей жерінің нақ кіндік тұсында болатын. Ит тұмсығы өтпес қалың ну орманы да бар, өзені мен көлі, қарабидайы бітік өнетін құнарлы егістігі де бар тамаша өлке гой, несін айтасың! Орталық Ресейдің зәулім ағаштары қандай, шіркін! Ұшар басына қараған кісінің теллегі түсіп кетерліктеї. Діңінің көлдененеңіне мелжемді екі еркектің құшағы жетпес. Орман ішіндегі алаңқайлардың қақала біткен шалғыны кісінің белінен келеді. Сулы да, нұлы өлке деп соны айт әнекей. От пен су мол болған соң мал да ірі болады екен.

Қара малдың салмағы қазақтың сиырларынан екі ессе бірдей десе де сигандай. Қара ала, сары ала сауын сиырлардың желіндегі қазандай келеді. Құніне үш мәрте саумаса, желіндері сыйздала, емшегінен сүт саулап тұратынын өз көзімен де көрген. Қазактың мөшке сиырлары болса, Ресей қара малының қасында тайыншадай ғана. Бұз медиен сахараның жылқылары да әрі жатаган, әрі түркү ұсақ келеді. Қазанат арғымақтары болмаса, «жабы» деген тұқым ұсқынсыз-ақ бір мал. Тұяқтары добавалдай. Қаба жал, шұбалаң құйрық, бастары ебедейсіз бірдене. Бойлары қашырдан аз-ақ қалқынқы. Жылқылараның дені осы тектес. Граф Орловтың желісті арғымақтарымен салыстыруға да келмейді. «Рысак» деп атанған бұл арғымақтар әрі бойшан, әрі мұсінді. Түркү ірі, омыраулы болған соң білекті де келеді. Қыс шана, жаз тарантасқа же гүте қолайлыш-ақ. Бір арғымақтың өзін жексен де төрт кіслік карета-фаэтонды дедектетіп әкете береді. Ауқатты алпауыттар бір желгіш арғымақты місе тұттай, үштеп-төрттеп жегеді әдетте. Тіпті алты атты да бір пәуескеге жеккендері де баршылық. Қазақ байларына ондай салтанат қайдан келіпті? Бірен-сараны болмаса, дені салт жүреді... Тіпті үй жасауына да пәлен мән бермейді еken. Бар мактаны – үйір-үйір жылқы мен ақтылы қой. Қайта мынау Шебек балалары сияқты, қаламен тығыз қатынасы бар шонжарлар сән-салтанатқа бой ұра бастапты кейінгі кезде. Орыс ұлықтарына еліктеген буынның өкілдері фой. Анау Жаналы болжыс сияқты көзі қарақтылары тек мал жинай бермей, қаражатының қызығын да көріп жүр. Өзінен аямайды әйтекеір. Былқылдақ жүрісті рессорлы фаэтон ұстап, онысына асыл тұқым арғымақ жеккізеді. Үй жасауында қала жиһазы баршылық. Ақ болыскей кереует, кісі бойы ашпалы айна, кітап сақтайтын сөрелі этажерка дегендер ағайынды байлардың үйінен әлдеқашан орын алған.

Әйтсе де Нәркенің бала кезінен көзі үйренген тұрмыспен салыстыруға еш келмейді-ау. Әсіресе, қазақ даласын тәу көргенде ақ көңілі құлазығанын айтсанышы. Ұшы-қызыры жоқ мидай құла тұз тәу көрген кісіні қайтіп жабырқатпас? Қай жаққа назар тастасаң да, көз сүрінер бұдьыр болсайшы. Құні-тұні үздіксіз жүрсөң де, еш бітпейтін маңқыған бір сахара. Іш пыстырыар сұрықсыз көрініс. Омбыға жеткенше мың мәртебе өкінген шығар... Қайта Қызылжар атырабы Ресей жеріне ұксайды еken. Қайынды шоктар да

баришылық, кей тұста кәдүілгі ну қарагай орман да ұшырасып қалады. Ағаш арасының шалғыны бітік өскен, түгін тартсаң майы шығатындақ құнарлы бір өлкे. Осы өңірге іліккенде көнілі біршама бірленейін деген. «Қаншама жер тузырап жатыр десеңші!» деген ой санадан шықсайши. «Бұл тың жерге орыстың мұжығы түренин салса ғой, егін дүркіреп шығары сөзсіз» деген оймен қызығып та кеткен.

Әсіресе таңғалдырғаны – ак селеулі боздың көрінісі. Ғұмыры соқа көрмеген шымы тұтас өлкенің бітік селеуі теніздей ырғала-ды. Сәл жел тұрса-ак, күмістей жалдары желбірей толқындана тербеле бастайды. Сонау көкжиекке дейін көсле созылған алып аймақ, күміс толқыны көбік шашқан тенізге ұқсан кетеді еken. Бұндай сұлұлыкты тамашалауға кез керек-ау, шіркін! Омбыға жеткенше жұбанғаны осы көрініс болды-ау әйтеуір. Бастапқыда сұрықсыз болып көрінген сахараның ерекше бір өз әсемдігі ба-рын да мойындағы бастаған... Бұл күнгей Сібір мен қазақ сахараасы көрейін деген жері ме еді? Үш ұйыктамақ түгілі ұдайымен үш жыл үйқы сілтесе түсіне кірер ме еken? Кірген кунде де шошып оянары сөзсіз. Петербургтің мәрмәр тепкішекті сөүлетті ғимараттарына әбден көз үйреткен албырт жас, ит өлген қияннан бір-ак шығасың дегенге әсте сенсін бе? Бірақ, қазақ айтқандай «ат бас-паймын деген жерді үш басар, ер көрмеймін деген жерді үш кө-рер» демекші, китұрқы тағдыр бұны Азияның қойнауына жө-нелтті де жіберді.

Бұған себеп, эрине, ең алдымен мұқтаждық. Ата мен ана бұл фәниден өтіп кеткен соң, елден келер қаражат көзі сүйылайын деді. Апаларының жәрдемі болмашы бірдене ғана. Бара-бара сол мардымсыздың өзі сарқылып та қалған. Күнкөріс қындаійын деді. Абырой болғанда окуын тәмамдал үлгерді-ау әйтеуір... Әйтсе де білім құжаты қолға түскенімен, қызмет жоқ. Алып империяның астанасында қолайлы қызмет табу оңай болыш па? Кіл ығай мен сығайлар шоғырланған бірегей шаһар ғой бұ Petersburg деген. Қайдағы бір қаңғырған шикіөкпені көзіне ілсін бе деміне нан піскен шен иелері. Ататегі ақсүйектен болғанымен, қолында сыл-дыр ақшасы жоқ оқыған жасты бұл қауымның серкелері еш керек қылмайды еken. Осы қағиданы еріксіз ұқтырды-ау қиямпұрыс тірлік. Жоқшылықтың кермек дәмін де татуға тұра келді. Киім-

кешек әбден тозып, ас-аукат жағы кәдуілгідей уайымға айналған. Бір кенсеге хат-хабар таситын курьерлік қызметке орналасып еді, оның ақысы тым болымсыз. Пәтерақы мен ішіп-жемнен артылмайды. Ішіп-жем болғанда, шөп-шалам қатқан, кенеуі жоқ кек жасық ассымақ бірдене.

Ұнжырғасы түсіп жұнжігені соншалық – баз-базда оңашада көз жасына ерік те беретін. Ондайда тақыр мұзға отырғызып кеткен жатырластарға нәлет жаудырар еді алдымен. Марқұм атанаға да мұн шағар еді.

– Бүйтіп қор қылғанша, несіне оқыттындар? Оқытқандарың бар еken, ертеңгі күнкөрісімді қамтамасыз етерлік аз-мұз мұра қалдырмайсындар ма? Тым құрығанда, жиырма шақты үй-жаны бар деревняны мұра қылып, занды түрде бекітіп қалдырсандар, осындан сорлы күй кешем бе? – деп кейіс жолдағаны не сан.

Сары уайымға бой алдырған сондай кездерде өз әкесінің крепостной құлдарының келенсіз тірлігін еріксіз еске түсіруші еді. Олардың азабы тіпті шексіз еken-ау, байыпқа салса. Қара бастары түрмак, бүткіл ата-бабалары бейнет тенізін кешіп өткен жоқ па?.. Сондағы бар үміт артқандары о дүниенің рахаты болса керек. Ит-тірліктің азабынан күтүліп, шын дүниеге, мәнгілік бақытка, бейіске жетеміз деп қана көңіл семіртіп өтіпті пақырлар.

«Мен де сөйтсем бе еken? Құдайдың жіберген бір сыны шығар бұл мұсәпір күйім. Қорлық пен жоқшылыққа төзіп берсем, бәлкім о дүниенің рахатына кенелермін» деп өзін жұбатып та баққан.

Сейтсе, аштықты көтергенімен, қорлыққа, төменшік енсе жаутаңқоз ахуалға шыдау деген қыынның қыны еken. Қатар оқыған бар әріптерестер білдей бір-бір шен иесі болып жыргап жүргенде, қызғанбай, күйінбей көр мықты болсан! Бір-екеуінің алдына барып жәрдем де сұрап көрген. Намыстанса да бас иноге тұра келгенін қайтерсің? Аштан бұратыла жаздаған соң амал нешік?.. Төменшіктерегіне қарай оң нәтиже болса, бірсәрі ғой. Қайдам!.. Кешегі әмпей-жәмпей құрдастары қол ұшын беруге асыға қойған жоқ. Жобалғы киімін, арса сүйек жүдеп-жадаған қалпын көріп мұрның шүйірді-ай кеп. Қабақ бермей сыйданып, құр тіл емізіп шығарып салғанын қайтерсің? Сенатта ағасы істейтін біреуі тіпті мұны дәлізде тосқызып қойып, өзі әкипажына мі-

ніп жөнеп те берген. Қыр көрсектені ме, әлде аланғасар ұмытшактығы ма, ол арасы беймәлім. Әйтеуір кешегі әріптесін адам құрлы қөрмегені анық.

Не керек, бұл қорлықты да көруге мәжбүр болды. Жастықтың, денсаулықтың арқасында төзіп жүрді-ау әйтеуір. Балалық дәурені ата-мекенде, табиғаттың аясында өтіп еді. Соның да септігі тиген шығар. Кенеулі ас, таза ауа, күтім мен бапта кемшілік болған жоқ о бір алаңсыз шақта. Уызынан жарып жетілген соң, кейін тап болған олқы құрсақ күйге, бүрсең қаққан жүдеулікке сыр бере қоймады. Петербургтің ауа райы аш-жалаңашқа аса жайсыз екенін сонда білген. Қаланың ірге тепкен жері лай-батпақ болған соң, қөшелері сыз. Оның үстіне жаңбыр жиі. Құн құрғатпай мазаны кетіріп, сіркіреп тұратының қайтерсің? Ашық құннің өзінде ауасы мейлінше дымқыл. Құн сәл сұытса-ақ, киім-кешегің суға малшып алғандай болып, бойынды дірдек қақтырады.

Сол ас-суаны мardымсыз, қонтораз қалпымен әлі де бірер жыл Петербургте тұра берсе, бәлкім ауру-сырқауға шалдығып та қалар ма еді. Бірақ, бағына қарай, кол ұшын берер жанашырдың табыла кеткені. Желеп-жебеп жүрер періштесі бар екен, не қылса да. О дүниедегі ата-анасы мұң-зарын естіді ме, әлде Жаратушы ие көз жасын көрді ме, әйтеуір қантардың үскірігін төндірген тағдыр кенет шілденің қуніндей болып жадырай қалғаны... Тосын жәрдем кәдуілгідей жұмыр басты пенде болып жетті. Өзімен бірге университетті тәмамдаған түйдей құрдасы. Ныспысы – Сергей. Сүмелек жаңбыр ықты кетірген сұрықсыз бір қуні, көшеде айғай салмасы бар ма?

– Мәссаған, безгелдек, Апполинарий болмаса едің? Кәдуілгі су мұрын Аполошкасың ба, ей? – деп жауырынан қағып жіберіп, бас салып, ал кеп құшақтасын.

Озі еңгезердей, өзі аюдай қарулы неме құшағына көміп кеп жібергенде сүйектері сықыр етпесі бар ма?

Сергейді оку бітіргелі алғаш көруі. Өзге жастар қос астана-ның төнірегінде айналсоқтап журсе, бұл жігіт ұшты-күйлі жоқ болып кеткен. Оку бітіргелі бес-алты жыл өткенімен, бұл жакка ат ізін салған жан емес. Хабар-ошары да естілген жоқ. Бірер көзтансыстан сұрастырғанда:

– Кім біліпті қайда қаңғырып жүргенін? Саудагер көпесінде ұлы ғой. Ол саппастардың тіміскілемейтін түкпірі болып ба? Жүрген шығар тиын-тебен сауып. Нәсілсіз неме тері-терсек сатудан да жириенбес, – деп Сергейді кеміте сөйлер еді.

Нәсіл жағына Сергейдің ұяттылау екені рас-тын. Экесі саудагер-көпес, атасы дін қызыметкері «дъяк» болған екен. Арғы бабалары тіпті крепостной қарашекпен шаруа болып өтілті-мыс. Онысын жасырып жүрген Сергей жоқ.

– Экем еттірлігімен байыған. Атам маскүнемдеу дұячок болған соң, кімге сенсін? Бабам соқамен жер жыртқан құлаккесті құл, – деп өжелене сөйлеп, бірге дәріс алыш жүрген ақсүйек ауқатты жастарға егесе көз қадар еді. – Сендердей әлжуаз шибұт емеспін. Французаға да тілімнің икемі келмейді. Сендер сияқты Еуропага жалтақтаған мінезім де жоқ. Бөтен жақтың ұжмағын да іздемен. Соры қалың бейнетқор орыс әuletінің зәузаты жат жердің иран бағын қайтсін? Орыс жерінде тутан соң, орыс жерінде өтемін де, – деп соқтыға сөйлер еді.

Кейінгі жылдары жоғары оку орындарында «нигилизм» деген ағым бел ала бастаған болатын. Бұл көзқарасты қолдаған жас буын, бұрынғы беделді ақсүйектерге жампаңдай қоймайтын. Батыстың озық білім-ғылымына бой ұрып, сауданы, кәсіпкерлікте қолдар еді. Еуропаның жетістігі болғанда, мәдениет жағы емес, өндіріс саласын көбірек көздер еді. Бұл қауым крепостной құлдыққа үзілді-кесілді қарсы да шыққан. Ресейді тежел жүрген сол кертартпа, жексүрін үрдіс деп білетін. Нигилистердің кей ойшылдары патшалық монархияға да сын таққан.

Сергей болса, саясатқа неміңдірді еді. Экесі шала-шарпы білім алған саудагер болған соң ба, ақсүйек дворян жастарына жанаса қоймайтын. Білім, тәрбие деңгейі олардан сонағүрлым кемшін екенін сезген болар. Сонымен қатар төменишіктеп, май-паңдаған да емес. Олар кергісе, бұл да иілмейді. Есесіне, окуга қомағай еді.

– Менің гувернер жетекшім болған емес. Дворяндардай тілім француза шыққан жоқ. Латынға да шорқақ едім бала жасымда. Олар титтейінен білген шет тілдерді мен гимназияда қиналып жүріп менгергенмін. Университеттегі оку да маған алынбас бір

камал тәрізді. Әйтсе де, алмай коймаймын бұл камалды, – деп өз мінін жасырмай сөйлеуші еді.

Оның өзінде сыр шертісіп мұндасадатыны Аполинарий сияқты биязы жас-желендер. Дәulet масы ісіктерге ішкі сырын білдірмек түгілі, жөндеп сәлем берер ме еken. Аполинариймен де пәлендей арқа-жарқа қарым-қатынасы бола қойған жок. Әйтеуір сәлемі түзу, жүзі жарқын. Бұның бүкпесі жоқ, салдырлаған ақкөңіл мінезіне бола сыйласа керек.

– Шікірейген ақсүйектердей емес, сібер мінезден ада көрінесін. Осының теріс емес, құрметтім, – деп бұған пейіл бере сөйлер еді. – Бірақ, иің жұмсақтау ма дедім. Ақкөңілсің. Біздің қоғам адап кісіні шетқакпай қылмақ қашанды. Ежелден келе жатқан бұлжымас үрдіс осы, жарқыным. Тұбі бір қу мүйіз тақыр мұзға отырғызып кетпесе не қылсын, – деп мінін көзге айтып қоятын.

Осы тақылеттес қысқа гана сұхбаттары болмаса, сағаттап әңгіме-дүкен құрып, ішек қырындысына шейін ақтарылып сырласқан жандар емес... Соған қарағанда, бас салып құшақтай кеткенине таңырқай қалған еді Нәрке.

Сергейдің порымына көз жүгіртсе, тұрмыс-тіршілігі ойдағында сияқты. Сықып тұрып киініп алыпты. Киімі кіл жаңадан. Мода қуған бәйшікештердей әлеміштеп кимесе де, макинтошы мен желбегей бұлды матадан. Порымы нығыз, көз қарасы сабырлы. Өмірде өз орнын тауып тоқтасқан азаматтың нысайы бар. Бұрын да етженділеу бітімді еді, бұл күнде торала түсіпті. Онысы еңсегей бойына жарасып, байсалдылығын арттыра түскендей... Дөңгелектеу, толық келген жүзінің беттері нарттай. Назар салған кісіге: «Сабаздың сықпытана болайын! Бетінің нұры балқып тұр екен» дегізгендей-ақ. Күн сүйіп тотықкан кескінінен, жұмырлана біткен мойнынан, кесек келген тұрпатынан денсаулық пен жігердің лебі есіп тұрғандай.

Кешегі әріптесінің қасында Нәрке өз басын соншалық қораш сезінгені. Тозығы жеткен киімсұмағынан, сүйекке ілінген жүдеу қалпынан, сақарға салған сүйек түстес бозарған сүдінінен қарадай үялып та барады.

Сергей де бұнысын аңғара қалды. Алғашқы арыны басылған соң-ақ, Нәркенің бойына бажайлап тұрып зер салған. Іле өні өзгеріп, кабағы әнтек түйіле қалды. Байырғы әріптесінің мүшкіл ха-

лін танып, іштей мұсіркесе керек. Алайда, артық сөз быкесінде жоқ. Жай-жапсарды казбалап, сұрақ та қоймады. Сынайы жігіт қой, онсыз да белгілі жайды талқылауды әбестік дең бішен болар.

Нәркениң қолын қысып біраз үнсіз түрді да, кенет жалт қарап:

– Таста бұз тірлігінді, құрметті мырза-еке! Жұдеп-жадап, ашты-тоқты жүрген көрінесің. Бұз астана дегенің бақ масы. дәулет масы атаулыға ғана құшағын жаймақ. Панаңы жоқ қарапайым кісінің сөлін сорып алғып, шайнап-шайнап түкіріп тастап жатыр әнекей... Тілімді алсан, маған еріп сонау Сібірге көш. Жүр, осы ұсынысымды асықпай-аптықпай талқылат алайық, – деп шынтағынан ұстай алғып, жақын тұрған трактирге қарай бастай берді.

Екеуі оңаша бір үстелде отырып ауқаттанып алған соң. Сергей әлті сөзін және тірілтті:

– Қайтесің бұз астананы? Жүйке тоздырған күйкі тірліктері құрсын! Қеңесіне барсан, кіл кепиетсіген шен иелерінен аяқ алғып жүргісіз. Жер тәнірсіген сықпыштарына құлқің келеді. Дан-дайсу, бәсекемен өтіп жатқан бір ғұмыр, – деп алдында тұрған фужер толы арақты қағып салды.

Денесі ірі болған соң ба, әлде әбден еті өлген бе, ішімдікті көтере береді екен. Аракты сімірген сайын қызыра бөрте түссе де, сөзінен жаңылар емес. Тек тарлау келген маңдайы тершіл, танауы деділе түседі. Сұйықтау келген, шабдар түсті кекілі артқа қайыранға көнбей, көзіне түсіп, жіпсіген маңдайына жабыса береді... Онымен іс-місі жоқ Сергей тұздалған саңырауқұлақты асап жіберіп, кенесін өрбіте түсken.

– Ресейдің жері ұлан-ғайыр ғой. Сібір дегенін әсіресе, алып өлке. Байлығы ұшан-теңіз. Табиғаты қатал демесең, жері керемет. Түсінген кісіге ғажайып бір аймақ... Омбы деген шаһарда тұрып жатырмын. Табыс жаман емес, Құдайға шүкір. Петербургте бітірген оқымыстылар о жақта аса қадірлі.

Әкем саудагер екенін білесін ғой. Мен ол жағына орашолак-таумын, ебім шамалы. Әкей де менің оқығанымды армандал еді. «Кәсіпті мен-ақ айналдырайын, сен білім жағын төніректе. Біздің тұқымнан да көзқарақты, зиялды бір азамат шықсын да» деп бала кезімнен құлағыма күй берген...

— Мын жасағыр сол әкемнің қараждатымен оқып шықтым ғой. Енді міне сол окудың жемісін көріп те жүрмін. Үй-жай, қатын-бала бар дегендей. Шеннен де кенде емеспін. Тіпті губернатордың салемі де дұрыс, — деп сөзін үзіп, Нәркеге көзін бағжита қадала қалды. «Не ойда отыр?» деп зерттегендей.

Нарке болса бұндағы мол, нәрлі тағамды көптен бері татпай, дәмі тіл үйірген құс етін қарбыта асаумен болған. Бірақ қанша ашықса да, құлағы Сергейде. «Бұжігіт сөздің басын қай жаққа бұрып барады өзі? Мені сол мақтаған Сібіріне ертіп әкетпектің қай жағы? Итарқасы киянда қаңғырып жүріп өлгенім қалып еді. Олқы құрсақ күй кешсем де өз Ресейімде емеспін бе? Сібір дегені Азияның меніреу түкпірі ғой. Жаужурек Ермактың басын жұтқан күрдым, мендей сорлыны талғамастан қылғытып жібермей ме?» деп іштей құдігін молайтып отырған.

Осы ойының дәл үстінен түскендей-ақ Сергей:

— Ештеңеден корықпа, бауырым. Мұнда кем-кор болып күнелткенше маған ер де Омбыға ас. Сендей оқымыстылардың қаны жерге тамбай тұр ол өлкеде... Жұмыс тауып беремін. Бара-бара қоңданасың. Омбыдан бір үй сатып алып мал майданып, жан жанданып тұрасын әлі-ақ. Бірінші гильдиядағы мықты саудагер көпестердің небір мәлдіреген бойжеткен қыздары да баршылық. Әкелерінің байлығы шаш-етектен. Ондай қыздар өзің сияқты ак-сүйектің нәсіліне құлай кетеді. Байлыққа зәру емес олар, тектілікке мұқтаж. Білімге де қызығады. Анандай біліммен қор болып жүрсің сен. Французша шүлдірлегенде, аузың аузыңа жұқпаушы еді. Фортепианога да майталмансың. Осы өнеріңмен барсаң, Омбының бой түзеген шүйкебас атаулысы хан көтеріп алмаса, маған кел! Сөзді қой да, бер келісімді! — деп бастырмалатып әкеткені.

Құс еті мен отқа қақтай қуырған торайдың жаясына ықылыш ата тойған Нәркеге ойланайын деді. Сергей сөзінің жаны бар сиякты. Бүкпесіз пейілімен жаны ашып отырғаны да анық. Адамгершілікке бағып, көзкөрген құрдасқа қабырғасы қайыскан түрі де. Әйтпесе Нәркеден бұған не пайда? Ата-бабалары аксүйек алпауыт деген дақпырт болмаса, қалтасында бақыр тының жоқ түрі мынау. Бапсыз жүрген бір міскін.

Тірліктің китүркі сорабын болжап болған ба? Адам мінезі сиякты жұмбак құбылыс кой. Мысалы, мына Сергей мұншалық

мәрітік танытады-ау деген ой жетесіне де кірменгі бұрын, мұжығырлау, бипаздан сөйлеуге жоқ, оның үстіне «тексіз» деп өзге студенттер бұны тең ишк тұтпай жүретін. Қайта Сергеймен салыстырганда, Нәркені тең-тұс, өз қауымының өкілі деп білер еді. Бұны «Аполоша» деп еркелете атаса, Сергейді:

«Соқадан шыққан мұжық, шала мас дъячоктің ұрығы» деп келеке қылатын. Бұл қыжыртуларына пысқырган Сергей де бола қойған жоқ. Тектілермен егескендей қасарысып жүріп, окуын тәмамдады... Енді міне, бар ақсүйектен асып түсіп, адамгершіліктің үлгісін танытқан түрі мынау.

Әйтсе де, ұсынысы оңай емес. Сібір десе, әр орыс баласының бойы тітіренбей қоймас. Ол алтып аймақ қашаннан абақтымен пара-пар. Бар қазанбұзар қарақшыларды жөнелтетін жер тозағы мәнзелдес. Патшаға бар ділі мен жүрегімен берілген адал жандар үшін құбыжыққа айналған меңіреу орман, жердің түбі... Сергей тілге тиек еткен Омбы шаһары жөнінде Нәркенің мағлұматы тым мардымсыз еді. Патша қаруы қырғыз-қайсақ даласына сұғынғанда салынған бекініс қамал екенін есіткені бар әйтеуір. Демек. Азияның қияндағы бір пүшпағы. Өзіне салса, нағыз «ит өлген жер»... Шығыстың тарихына шорқақтау еді Нәрке. Асылы, Ресейдің құбыласы батыс, яғни Еуропағой. Петр патша салып кеткен бағыт осы-ақ. Сол пір тұтқан Еуропасы орыс атаулыны «жабайы, дөрекі» деп мұрын шүйірсе де, батыс десе, ішкен асын жерге қояды ақсүйек дворян қауымы.

Өліп-өшіп французша шүлдірлеген тұрлери сол табынудың салдары емей немене? Сөйткен француздың көсемі Наполеон:

«Орысты тырналай тазалап көрсөн, татардың жоны қылтиып шыға келер» деп сын таққанын қайтерсің? Бұдан өткен мазақ болушы ма еді?.. Сөйтсе де, батысқа телміруден бір жаңылар емес Ресейдің серкелері. Петр бірінші немістерді пірдей тұтып, леклегімен бері қарай тоғытқаны тарихтан мәлім. Әрі жаңашыл, әрі тентек сол патшаның тұсында Еуропаның бар қағылган соғылғаны шығысқа лап қойған болатын. Америкаға кетіп үлгермеген тентек пен телі, «ку бастан қуырдақтық ет алатын» алажатар Ресейге ал кеп ағылсын. Орыстың аңдау мырзаларын оңай жем, бордақы семіздей-ақ көріп, ауыз салғаны жасырын емес.

Не керек, біраз тайрандады-ау шетелдіктер! Өзгені койып, ұлаларды місे тұтты ма екен? Иісі орыстың маңдайына біткен Пушкинді қаңғырған бір француз атып тастаған соң не онсын? Сол Дантең деген саппас аман-есен күтілді да кетті. Қылшығы да қисаймастан әбден кәртайып, можа болып баз кешіпті... Батысқа соншалық жалпақтаған Ресей зиялыштары, шығыс таралына келгенде қылжыр тартатының қайтерсін? Нәрке бала кезінен сүйсініп оқитын Белинскийдің өзі Ресейдің шығыс жақ елдерін «татарщина, азиятчина» деп мешеуліктің ордасында сипаттаса керек.

Сергей шақырып отырған Омбының төңірегінде «қырғыз-қайсақ» деген ұлт мекендейтінінен хабардар еді. Кешегі Алтын орданың шашырандысы деген мәліметпен де таныс. Мына тұрған Қазанның татарларын Белинский «жабайы ел» деп қомсынса, сонау жер түбіндегі қырғыз-қайсақтар қайбір онып жүр дейсін?.. Арғы шеті Памир тауларына тірелген ұлан-ғайыр бұл дала ежелден-ақ көшпендейлердің тұғыры іспеттес. Ол жағын ден қойып зерттемесе де, Карамзин жазған тарихтан оқығаны бар Нәркенің. Бату хан бастаған қалың қол Ресей жерін жанышып өтіп, сонау Венгрияға дейін ат ойнатып, дүйім Еуропаның зәресін ұшырса керек. Содан бері үш ғасырға жуық Еуразияның апайтөсінде билік құрыпты киіз туырлықты көшпендейлер. Карамзинга сенсе, Куликов даласындағы шайқастан соң ғана басталса керек Ресейдің азаттығы. Бірак, Карамзинның өзі тарих жазғанда, орысқа бүйрек бұрмай тұрмайды, әрине... Нәркемен бірге оқыған кей сұнғыла студенттер тарих құжаттарын өз беттерімен іздене зерттеп, соны бір деректің шетін де шығарған. Күмәнды ауыздарға қақпак болармысын? Өздері орыс бола тұра, билік қолдаған ресми тарихқа сын тағатындарын қайтерсін? Әділдік көздейді де өздерінше. Бүйректен сирақ шығаратын қыңырлар әр қауымда баршылық болар.

Кітапхананың қоймасында шаң басып сақталып жатқан небір құжаттарды тіміскілеп тапқандарын айтсаңшы. Шындықты іздеген тұрларі де. Сол пысықайлардың мәліметтеріне сенсе, Шыңғыс хан орнатып кеткен ұлы хандық элемдегі ең алып мемлекетке айналыпты-мыс. Бүгінгі Ресейдің жер көлемі сол орданың бір пүшпағы ғана. Сарай Берке, Аштархан деген аса сәулетті шаһар-

лары жержүзіне мәлім болышты. Ол қуатты мемлекетті ыдыраң, қан орыс күші де емес. Куликово шайқасы орда ішіндеі бакталастан туған көп шайқастың бірі ғана. Орыс сардары Дмитрий. Тоқтамыс ханының бұйрығын орындаушы ғана е肯. Шыңғыс хан үрпактарының ырқынан шыққан Мамайды тәубесіне келтірген түрі.

Пәлен жұз жыл мызғымай тұрған Алтын орданың түбіне же-кен өз ішінен шыққан жау болса керек. «Ақсақ Темір» деген ұлы қолбасшы. Бұл да әлемді тітіретіп өтіпті. Тоқтамысты женген соң Ресейге де шабуыл жасамақ болған. Сол бір қатерлі кезеңде бар орыс баласы Құдайға жалбарынып: «Бұл сойқаннан құтқара гөр!» деп көз жасын шырадай төгілті. Мейірімі шексіз Жаратқан ие, православие дініндегі сүйікті құлдарының мінәжатын ескеріпті де. Ақсақ Темір алғашқы жоспарынан айнаған еken. Қаһарлы сардар табиғаты қatal теріскеиді менсіне қоймай, қосындарын күнгей жаққа бастапты. – Әлемнің онтүстігін жаулаймын. Жер дүниенің тұрмысқа жайлы көркем болігі күнгейде көрінеді. Жер жаннаты күнгейде, жер сұрықсызы теріскеиде еken, – деп женім-паз қосындарын жылы жаққа қарай бұрады.

Бұл хабарды есіткен Ресей түгілі, бар Еуропа да жойқын апарттан құтылғанына шаттанып, демін бір алышты... Сөйткен қорлықты орыстың игі-жақсылары қайтіп ұмыта қойсын? Кеш-пенділерді, арғы жағындағы Тұранды құбыжық көретіні содан болар...

Осы тақылеттес пікірді Нәрке де ұстанып жүрген. «Орыстың даңқты қаруы әбден іріп-шіріген хандықтар мен әмірліктерді тізе бүктірді. Енді ұлы Ресей сол бағынған жабайы ұлттар ішіне өркениет нұрын таратуда. Біртін-біртін жуасытып, тәртіпке баулып, түбінде тәубесіне келтірмек. Діни миссионерлерді жіберіп, біртінде шоқындырмақ жоспары да бар... Әзірше ол шаралар Қазан татарлары мен башқұрттардан аса қойған жоқ. Еділ бойындағы қалмақ болса, икемге келіп жуасыды. Осы күні қалмақтан атты әскер де бар. Орыс-казактар сияқты бұлар да ұлы империяның сойылын соғуда. Күнгей беттегі өзге бұратана ұлттар орыс низамына әлі толық көндіге қоймаган сияқты».

Сергей шақырып отырған Омбының маңайы болса, құжынаған кыргыз-қайсақ. Бергі жағымен бағынса да, икемге келе қой-

маған арда халық. Кешегі жер жиһанды тітіреткен Алтын орданын нағыз мұрагерлері болса керек. Ақсақ Темірді де өз әмірі деп мактан тұтады еken. Күмәнды ауыздарға сенсе, етті талғамай ши-кілі-післі асай береді-мыс. Биенің сүтінен өзге сусынды қажет те қылмайды. Кигендері де кіл жылқының терісінен...

Ойы сан-саққа жүгірген Нәрке, бұл құдігін Сергейге жұқалап жеткізді де. Бекіре балықтың үылдырығын тіске басып, дәмін тұшынған сұхбаттасы бұл сөзіне езу тартты. Майлланған ұртын ақ сұлтімен сүртіп қойып басын шайқады да, Нәркеге күлімдей қарал:

– Е-е, бауырым, астананың тас көшесінен ұзап шықпаған басың не білуші еді? – деп сауал тастады да, сәл үнсіз қалды.

Кірпігі әрі сирек, әрі қысқа, шегір көздерде әжұа бар сиякты. Бірақ кекесінсіз, достық әжұа. Нәркені жассынып отырғанға ұқсайды. Өмір көрген, ысылған жанның кейпі бар. Петербургтен аттап шықпаған Нәркемен салыстырса, аузынан уыз табы кетпеген жасөспірімнің қасындағы от пен судан тайынбайтын ыскаяқ азamat дерсің. Сөзі де орнықты. Өз қара басына қатысы жоқ тақырыптарды қозғап, сөзді шығын қылмайтынға ұксайды. Және айтар ойын әбден пісірмей сөйлей де қоймайды. Сол сапар да дагдысынан жаңылған жоқ.

– Ол жақта біздін саясат дәүірлеп түр. Сперанскийдің реформасы жүзеге асуда. Бұрынғы бас білмейтін асав, арда қырғыз-қайсақтар осы кезде қойдан қоныр. «Бөліп ал да билей бер» детен айла-шарғы бар емес пе? Сол тәсіл өзінің өміршенендігін қырғыз-қайсақ даласында да дәлелдеуде. Айтпақтайын, ол ел өз ұлтын «казак» деп атайды.

Сергей өзіне таңырқай қарай қалған Нәркеге жымия көз тастап, басын шүлғып қойды. – Ия-ия, достым, еш таңданбай-ақ қой. Біз білмейтін мәлімет аз бол па? Біздің анау Дон казактарымен бірдей аталады ол ұлт. Асылы, Донның казачилері соларға еліктеп аталса керек о бір заманда. Ногай ұлысы әлсірей бастаған соң шығыста қазақ хандығы ту көтерген той шамасы. Кезінде айбарлы мемлекет болған той сірә. Донды төңіректеген алуан түрлі қашқындар сол хандықтың атауын иемденсе керек. Орыс-казактың ең алғашқылары түркі тайпалардан шыққанға ұксайды. Бертін келе орыстанып кеткен ғой. Тілін де, шыққан тегін де

ұмыткан. Әу бастаң калғаны сол «казак» деген атауы ғана. Егер тіндерге сенсек, бұл сөздің мағынасы «еркін, дербес, ешкім сағынбайтын» дегенді аңғартса керек, – деп соны бір мәліметтің үшін қылтитты.

Сергейдің бұл пікіріне Нәрке бірден құлай кеткен жоқ. Петербургте орыс-казактарды көрмей жүрген жоқ кой. Сықпыташтары кәдуілгідей сары орыс. Патшаға бар жан-тәнімен берілген сенімді күш. Православие діні үшін, ұлы империяның мұддесі үшін қастасқан жаудың қанын судай ағызуға бар. Сырткы жау түгілі, билікке қарсы шыққан өз орыстарын да еш аяған емес. Петербургтің студенттері мен жұмысшылары орыс-казактың дойыр қамшыларын талай жеп те жүр. Сөйткен патшаның қолшоқтары мәнзелдес топас күш, әу баста түркітілдес тайпадан тарады деген сөзге илану қынын, әрине... Осы ойын сұхбаттасына құлакқағыс қылды да.

– Сергей, достым, мына бір сөзіңнің тым тосын естілгені. Қиынға келеді деп, бас шұлғи бастасам, күнәға белшеден батар едім, – деп бас шайқап қойды да, – бұл орыс-казактар барын түрған дүлей күш – жандармдар емес пе? Зауыт пен фабрика жұмысшыларының, студенттердің наразылығын қанға бөктірген нағыз жендеттер. Сөзінде, жүріс-тұрыстарында еркіндіктің, озық ойдың иісі де жоқ. Керісінше, қоғамдағы еркіндіктің титтей болын ұшқынын жанышп тастантын кертарапта қауым... Қырғыз-қайсақты да «казак» деп атауың тіпті миға қонбайды. Сол орданың Қөшім ханын тізе бұктірген Ермактың казактары емес пе еді? Патшаның қайқы қара қылышы емес пе бұл орыс-казактарың – деп өзі білген уәжін көлденең тартқан.

Сергей бұнысына таласа қойған жоқ. Тіпті макұлдағандай басын да изеп қойған. Әйтсе де бұл мәселеге өзіндік көзқарасы бар екен.

– Аполинарий достым, сөзіңнің міні жоқ. Бұл орыс-казак баяғыда-ақ жандармға айналғанын кім көрмей жүр дейсін? Бұл мәтамарфоза, яғни өзгеріс бірер жылда болмағаны да анық. Оу баста «казак» деген атау өр рухтың, арда күштің, желдей еркіндіктің баламасы да болғаны рас. Ресейдің қара шаруалары құлдықтың қамытынан сегіз жұз жылдан бері құтыла алмай келеді гой. Донның казактары болса, бертінге дейін тәуелсіздіктің самал лебін

сіміріп келген екен. Анау тұкті жүрек атамандары Кондратий Бұлавинн, Степан Разин, Емельян Пугачев дегендері патшаға қарсы шыққан жоқ па?

Ресейдің крепостной құлдары да алпауыттардың тепкісіне төзे алмай Донға қаша беріпті. Іздеп барған әскермен тіресіп, жеңістік те бере қоймаған. «Доннан қашқын бермек жоқ!» деген мәтел сол заманнан қалыпты-мыс.

Әйтсе де, орыс-казак та алыса-алыса ақыры қажыған. Эр көтеріліс қанға боялып жаңышылса, қашанғы шыдасын? Батырға да жан керек. Жуаси-жуаси келе қарғылы тәбетке айналғаны да рас. Шет аймақтарды ұстап тұрған бірден-бір құш сол орыс-казактарғой».

Сергей және бір көзгелдек толы арақты қағып жіберіп, басытқы татпастан шылым тұтатты. Асықпай отырып әңгіме-ду肯 құрмак сыңайы бар. Онысын іле дәлелдең, әңгіменің тиегін баппен ағыта берді:

— Бұл орыс-казактың кебін өзге жабайы елдер де кимек түптің түбінде. Еділ бойындағы қалмақтар осы күнде Ресейдің жыртысын жыртуда. Татар мен башқұрттар солдаттыққа көнді. Қырғыз-қайсақ даласы мен Орта Азияның әмірліктері де бұлқынып қайда барап дейсін? Біртін-біртін тұқырту керек бұларды. Ұлті – өзіміздің орыс-казактардың тарихы. Бір кезде арда көшпендейлердің сарқыншағы болса, осы күні қоспасыз нағыз орысқа айналып отыр. Патшаның сенімді құлдары, – деген Сергей хош иіс шылымын құшырлана сорып, тұтінін будақтата шығарды. Нәрке сияқты бұл да тұтінді сакиландыра баппен шығаруға шебер болатын.

— Барлық ұсақ ұлттарды да осы жол күтіп тұр. Анау мордва, удмурт, мари сияқтылар жашпай орыстанып кетті ғой. Біртін-біртін ассимиляцияға көндігіп те келеді. Татардың алды шоқына бастады. Православие дінін қабылдады дегенише, өз ұлтынан безді дей бер. Тілі мен дінінен айрылса, ассимиляцияға ілігеді. Орыстың қарашекпен шаруасы болып шыға келеді, көп кешікпей-ақ, – Сергей аз бөгеліп, өзіне таңырқай қарап отырған Нәркені келеке қылғандай мырс берді. Құрдасының аңқай сыйқытын қызық көрсө керек.

— Немене аңырап қалдың, достым? Бұратана ұлттарға қабырғаң қайысты ма әлде? Бұл айттып отырғаным тірліктің заны, біле

білсең. Адамзат қоғамының даму барысын айтам да. Адамзаттың қатарлы дамыған үлттар өз үстемдігін жүргізбек кашаңда. Өзін үлттар біртін-біртін құрып кетпек. Тілдері де ұмыт болады. Бара-бара дүниежүзінде бес-алты-ак үлт пен тіл қалар бәлкім.

Ресейге бағынған халықтар қайта бақытты ма дедім, байыпқа салсак. Америкадағы үндістерді ағылшындар жаптайды қырып салған жоқ па? Сөзге де келген жоқ. Қалған-құтқаның резервацияға қамап тынды... Қара жұмысқа құлдар қажет болып еді, беттері бұлк етпестен Африкадан зәңгілерді тоғыта бастаған жоқ па? Жұмыс малы есебінде жұмсаپ жүрген түрлери анау. Ағылшындармен салыстырғанда, біздің ұсақ үлттарға деген саясатымыз әлдеқайда ымырашыл емес пе? Бар кояр шартымыз – орыстың озық мәдениетін қабылда, заңына мойын ұсын.

Сергей шылымын тартып болып, бықсыған тұқылын күміс күлсалғышқа тастай салды. Кескіні салмақты. Құдды бір Ресейдің сыртқы да ішкі саясатын уайымдап отырған шен иесі дерсін. Кеңет миғына жымыыс пайда болды да, Нәркеге қуақылана көз тастады.

– Айтпақтайын, соны идеяның төбесі қылт етіп көрінгені, достым. Қазақ ішінде бір тамырым бар еді. Лауазым иесі, волостной правитель. Қазақ қауымында беделі зор бұлардың. Қалтасы да қалың сол бір тамырымның. Қазактың ең көретен шонжарлары балаларын орысша оқытууды ойластырып жүр кейінгі кезде. Өзге надандары біздің миссионерлік мектептерді құдды бір құбыжықтай көреді. Балаларын оқуға беруден ат-тонын ала қашады-ау өңшең мұндарлар. Панасыз жетімектерді жиып беріп, өздерінше құтыла салады.

Мына тамырым болса, өзгеше. Баласын Омбыдағы мектепте оқытып жүр. Ол ол ма? Шет тілдерін білетін гувернер жалдап, гимназияға дайында мақ. Түпкі мақсаты – университетте оқыту. Соған өзінді үгіттегелі отырмын, достым, – деп сұхбаттасына қадала қарай қалды. Тосын ұсынысты есіткен Нәркес нендей әсерде екен деп зерттегендей. Сәл бөгеліп, құрдасының жауабын күтпестен-ақ, кеңесін дамыта берді.

– Аталмыш тамырым жуан бір әулеттің бас көтерер өкілі. Қазақтар қауымында әлі күнге трайболизм, яғни рушылдық дәстүрі дәуірлеп түр. Мықты руға сүйенген шонжарлар қолдағы билікті

ботендері е бере қоймайды. Бұл кісіні қалың шоғыр ағайыны колдаған соң, мүмкіндігі де мол. Сені әрі писарь қылып, әрі анау жеткіншегіне губернер-ұстаз қылуға шамасы жетіп тұр. Жалақысына Омбыдан үй де аларсын, тұрмыстық жағдайынды да түзөрсін. Тубінде бір ауқатты саудагер-купеңтің пісіп отырган қызына құрық та саларсың. Соқа басың қашанғы жүре бермексің? Петербургта бөрі құрсақ болып бүрсең қаққанша, Сібірде дүниені жалпағынан басып жүргенің жөн емес пе? Ә, құрметтім! Бер уәденді көп ойланбай! – деп бастырмалатып, кеңесін көтерінкі леппен тәмамдады.

Сергей қызықтыра сөйлегенімен, Нәрке салған жерден құлай кетпеді. Сұхбаттасының еліктіргені орынсыз серпу сияқтанған. Бір есептен итарқасы қияндағы аты құбыжыққа айналған Сібірден сескенсе, екіншіден «губернер» атанудан қорланды. Өз орынының ақсүйегіне қызмет қылса бірсәрі. Оның өзінде текті «дво-рян» деген атына шіркеу. Бұл күнде қанша сорлы күй кешсе де, кешегі алпауыттардың тайыры емес пе? Қайдағы бір азиялық қысық көз шонжардың қарамағында болу деген намысқа тиер жэйт. Оқымысты кісінің бойына мін, әрі-беріден соң.

Және Петербургті қайтіп кимақ? Иісі Ресейдің мәдени орталығы мәнзелдес, сәулеті ғажайып шаһар ғой. Жалғыз Эрмитажының өзін қыып кету еш мүмкін емес. Олқы құрсақ болып күнелтсе де, әлем таныған өркениетті шаһарда өмір сүрген қалай, империяның меніреу бір түкпірінде салпактап жүргені қалай? Мейлі, қаражат тауып жетіскең күнде де ұтары шамалы. Қарны тоқ, киімі көк болғанымен, мешеу өлкеде ұмыт болу деген сөз ғой бұл. Құрдымға жұтылғанмен пара-пар...

Сөйтіп, ойы сан-саққа жүгіріп, дағдарып отырғанда, әріптесі және үн қатты. Асылы, кісі көңлін аңғарғыш болып шықты Сергей. Жер жұқартып көп жүрген жан ғой. Алуан түрлі қауымдардың өкілдерімен дәмдес-тұздас болып, әбден ысылса керек. Сол тісқаққандығы ма, әйтеуір Нәрке ойының дәл үстінен түсті.

– Қылышылдаған жас кезің емес пе? Ел көресің, жер көресін, өмірдің бұраланын танисың әрі-беріден соң. Бүкірейген шал болғанша осы Питерде жүре бермекпісің? Қос астанадан да тыс дүние бар, шырағым. Қайнаған тірліктің көкесі сонда. Театр, сахна дегендерінің ең шынайысы да сол адамы құжынаған өмірдің

ішінде. Ен шебер деген әртістерің де сол ел ішінен табылады, біле білсөн.

Обломовтай ғұмыр-бақи диваннан дүмінді көтермesten өтпекпісің? Ол заман келмеске кеткелі қашан. Арамтамақ помешчиктерді асырайтын крепостной құлдар өндіріске топ-тобымен кетуде. Алдымызыдағы заман – ептінікі. «Капитал» деген алып күш, кертартпа феодализмнің сарқыншағын жұтпай қоймас. Соңдықтан, қарекет қылыш жаңа дәуірде өзіміздің орнымызды табу қажет. Білімің бар екен, сол білімінді сата біл, достым... Ал мынау Питерге ертең шәү тартқанда да оралып келерсің әлі-ақ. Пропинцияда журіп қоттаныш, корланып ал алдымен. Ертең кайтып келгенде, қалтанда сылдыр ақша, банкіде қомақты есеп-шотын болсын. Қаласаң, сол Омбыда тұрақтап қаларсын, бәлкім. Түбінде ішкі Ресейге қайтамын десен, еркін өзінде емес пе? Айтпады деме, осы жолы жүрексініп маған ермесен, ғұмыр-бақи өкінерсің. Ескерттерім осы-ақ. Сенің жүдеу сиқынды қөріп жаным ашуда. Эйтпесе, анандай майлы орынға кісі таппай жүргенім жоқ. Та-лапкерлер жетерлік, Құдайға шүкір. Қазақ байының баласын орысша үйрететін пысықайларды сол Омбының өзінен де табам, шындаасам, – деп үгітін дамыта берді.

Әйтеүір не керек, акыры Сергейдің ырқына көнуге мәжбур болды-ау, сол бір ұмытылmas күні. «Қайдан шықсаң, одан шық» деп қолды бір-ақ сілтеп, тәуекелдің ақ желken қайығына мінді де кетті. «Омбы, қайдасын?» деп аттанды-ау ұзак сапарға... Өркені өскір Сергейден көп жақсылық та көрген.

«Танымаған жерде тон сыйлы. Иінің жүдеу болмасын» деген желеумен, өз қаражатына шыт жаңадан киім де әперген. Қымсынған Нәрке:

– Несие деп біл. Жалақы қолға түскен соң-ақ шығыныңды қайтарармын, – деп келе жатыр еді, – мырс берген әріптесі:

– Жоқты айтпа. Қайдағы несие? «Сый қылсан, сыпыра қыл» деген сез бар, біз бара жатқан қазақ елінде. Ақы-пұлы сұраусыз бар бергенімнің. Тиын сауған алғыспатар-ростовщик емеспін. Саудагер-купеңтің ұлымын. Орыстың купеңтері досқа адал, сертке берік келетінін білмеуші ме едің, ақсүйек замандасым? – деп Нәркені жауырынынан қаға жауаптасқан.

Кейін байқаса, Сергей Омбыға барғалы кол кусырып жай жүрген жоқ еken. Ең әуелі таңғалдырғаны – казакшаны әп-әжептәуір менгеріп алыпты.

«Бұны қайда жүріп үйрендің?» деген сауалға, миығынан күліп қойып жауаптасқан. – Е-е, достым, ұлан-тайыр өлкені мекен-деген ел ғой бұл казақ. Қаладан қарғадым шықсан-ақ тілің байланады да қалады. Мылқау кісіше жүргенің. Және менің қызмет бабымен араласқаным да қазақтың сорпа бетіне шығарлары. Демек, сол ұлттың ділі мен мінез-кулқын тануым қажет деген сөз. Бір ойшылдың айтқаны бар емес пе? «Ұлттың мінезін зерттеймін десен, алдымен тілін үйрен» деген. Сол нұсқауды жадта ұстап, қарекет қылған түрім ғой өзімше, – деп Нәркеге құлімсіrep көз тастады. – Саған да үйренуге тұра келер. Қазақ ішіне барсан тілін үйренуге мәжбүрсін. Еуропа тілдерінен күрделі емес шығар. Әлі-ақ сайрап кетерсін. Титтейінен латын, грек сияқты пәлен тілді жаттап жетілген ұлсың ғой. Және бір тілді лезде менгеріп кетпесен, маған кел! – деп миық керіп мазатсып та қойған.

Сергейдің болжалы дәл келді де. Шөбек әuletімен танысқа-лы-ақ, қазақ тіліне еріксіз көңіл бөлуге тұра келген. Бастанқыда Сергей бірталай көмектескен. Содан кейінгі ұстазы Мәмбетәлінің өзі болды. Омбының мектебінде оқып жүрген бала орысшаға әжептәуір тәселеіп алған еken. Әдебиетке, музыкаға үйір бала болып шықты. Қолына түскен орыстың ақын-жазушылардың шығармаларын ден қоя оқи беріptі.

Нәрке екеуі салған жерден тіл табыса қалды. Бай нәсілі болса да, еш кергүі жоқ, ұяң да сыпайы жеткіншекке бірден іш тартты Нәрке. Екеуінің тіпті мінездері де ұқсас сияқты. Таныса келе сыр мінез болған соң, бейнебір бала кезіндегі өз-өзімен қауышқандай әсерленген. Бұл да бала жасында өте ұялшақ еді. Мәмбетәлі де ұлдан жалғыз. Сонынан ерген үш қарындасы ғана бар еken.

Әкесі Баялы қара торы, кесек денелі кісі. Сүрепті сұық. Қазақ ұлтымен енді ғана танысқан Нәрке, тәу жүздескенде ішінен: «Кескіні қандай жат еді, нағыз монғол ғой мынау. Сонау бұлдыр заманда Шыңғыс ханың жасағын құраған кіл баскесерлер осын-дай-ақ болған шығар. Еуропаға маза бермеген скиф, сармат, гун-дардың сарқыншағы десенші бұл ұлтты. Бұ қырыс қабақ номад-пен калай ұғыспақ екем?» деп тіксініңкіrep те қалған.

Шашың ұстарамен тап-тақыр қылың қырғызын алатын Баялның қияпты ішкі Ресейден тәу келген адамға шынымен-ак тосындау көрінсе керек-ті. Құн мен желге тотыққан өңі жылтыр қара. Бұнысы да жат көрінді. Нәркенің ұғымында қара нәсіл сонау күнгейде, аптабы ми қайнатқан өлкені мекендесе керек-ті. «Бораны ұлып, аязы қақаған Сібірде де мұншалық қара кошқыл кескінді кісілер бола береді екен-ау» деп іштей таңырқағаны бар.

Қабагы қалың, кою қасты Баялның беттері табактай-ак. Шүйдесі тоқпақтай, басы казандай дерлік. Көздері дәл еуропалықтар суреттегендей пәлен қысық та емес. Қайқы кірпік, нәркес көз. Әйтсе де, шықшытты, ат жақты, қалқан құлақ қияпты жалпы алғанда монғол нәсілінің үлгісіндей-ак. Әу бетте тастан қашалған балбал тастың мүсініне де ұқсатып жүрді. Қазақ атаулыны көпке дейін бір-бірінен ажырата да алмаған. Кейі шикіл сары, кейі құбақан, енді біреулері қазаның түп күйесіндей қара болса да, пішіндері бір қалыптан шыққандай сияқты. Ішінен: «Ресейді монғол мен татарлар жаулады дейді тарихшылар. Өзім көрген татарлардың орыстан айырмасы шамалы. Нағыз көшпендейлер осы қазақтар емес пе, Құдайым-ау! Бар ғұмыры ат үстінде өтеді. Көлігі де, азығы да, сусыны да – жылқы. Киіз үйлерінің түрі анау. Жорыққа нағыз таптырмайтын баспана. Түйеге артып ал да, жер түбіне жорта бер. Азықтары да ұзақ жортудың арналғандай. Құрт дегендегі айлап жүрсөн де бүлінбейді. Әрі тоқ, әрі манызды тағамның өзі.

Жылқыға деген құрметтері өз алдына бір жыр. Бар өмірлері осы түлікке байланысты болғаның салдары да. Көзін ашқаннан-ақ көргендері үйір-үйір жылқы болса, жаппай ат құлағында ойнамағанда қайтсін? Жаяу жүрген кісіні көрмейсің әйтеуір. Ен сорлысы өгіз мініп алады. Найза мен садактың дәүірінде бұ елдің тұрмыс-тіршілігі әскери жорыққа ең лайық емей немене? Монгол тайпалары Ресейге лап қойғанда, киіз туырлықты бұл ел қол күсырып қарап қалған жоқ шығар. Бату хан қосындарының алғы сапында жүрген шығар, дәу де болса. Анау қаба жал жатаған аттарын сар желдіріп, қара нордай қаптай төнбесе, маған кел!» деген оймен Баялы ауылдың халайыққа сұқтана беруші еди.

Әу бетте тағамға да көндіге алмай жүрген. Шөбек әuletі ауқатты, әрі конакжай тұқым ғой. Қайсыбір сырдан байлар сияк-

ты емес, өзінен аяған кезі де жок. Ішіп-жем қашанда мол. Эйтсе де тағамның дені ет пен сүмесін. Май, құрт, ірімшік аса нәрлі тағам екеніне көзі де жеткен. Сонымен қатар наң тапшы екен ауылда. Қыс бойы Мәмбетәлі екеуі Омбыда тұратын. Әрі күтуші, әрі аспаз әйел орыс еді. Ас-суды Нәркенің қалауымен әзірлейтін. Омбы қаласының наны да ерекше дәмді келеді. Асылы, бұл өлкеде өнген егіннің сапасы аса жоғары болады екен. Сондықтан жергілікті ұннан өндірілген тағам біткен тіл үйіргендей.

Жайлаудағы өмір болса, алғашқы кездे қынырақ соқты. Қазақтың ала жаздай қорек қылатыны қымыз берін сүр ет екен. Бетінде майы көлкіген бірер аяқ қымызды сіміріп алған қазекең, өзге асты пәлен іздей де қоймайды. Қымызға бірден үйрене алмаған Нәрке шай жағына өктей берген. Бірақ, уақыт оза келе жайлаудың тағамына да, табиғатына да үйренейін деді. Шөбек әuletіне қарасты ауылдар Қылشاқты мен Шағалалы өзендерінің саласын жайлайды. Қоныстары сонау Шалқар көлге дейін созылыш жатыр. Жолай ірілі-ұсақты көлдер де бар. Қазақтың сахарасын тәу көргенде көңілі құлазыған Нәрке, жайлауга келгенде алғашқы пікірін өзгертеін деді. Көкшетау атырабына жататын бұл өлкениң жазғы көрінісі тамаша. Қырдың көкпенбек көдесі киіздей тұтасып өсken. Сонау көкжиекке дейін жайып тастаған қалы кілем дерсін. Қақала біткен қалың шөптің иісі бүркырап адамды мас қылғандай. Көз ұшында таулардың сұлбасы мұнартады. Сағымға малынған көгілдір көрінісі көз тойғызғандай. Мидай жазықта суреттей-ақ әдемі көрінеді екен.

– Бұ не биіктөр иректеле созылған? – деп Мәмбетәліден сұрап еді, ұстазының аңырған кейпін қызықтап тұрған шәкірті, «Көкшетау» деген таулар ғой. Сұлу жер. Маңайында суы мөп-мәлдір көлдер де бар. Жол түссе көрерміз әлі, – деп келте ғана мәлімет берген.

Бірер аптада жайлаудағы күнкөріске көндігейін деді. Кейін ойласа, денсаулыққа нағыз пайдалы сол тірлік екен-ау. Денсаулыққа қайтіп жақпасын, ауа саф, ауқат нәрлі болса? Жүйке ол тыныш, себебі, қаладағы жанталас жоқ. Киіз үйдің жазғы рахатын да көрді сол бір жайлауда. Баялы бұған арнап жеке қонақүй тігіп берген. Жалғыз шәкірті Мәмбетәліні сонда оқытады. Боз

үзікті, жасаулы үйдің тынысы кең. Үстікта салқын, ығырық желде жылуды сактайдын аса жайтын баспана.

Күсжастықты қолтығына умаждай басып, бірсалардың үстінде шәниіп жатып, керегедегі тұксізгө көз жүгіртер еді. «Мына ак киізді ойлап тапқан көшпенділердің ісмерлігін айтсаншы! Үй ішінің ауасы құдды бір бейіштегідей дерсің. Алып шаһарлардың ғимараттары сәулетті ғой, әрине. Бірақ, тынысы онсыз да тар қалының ішіндегі тас ғимаратта қайбір таза ауа бар дейсің? Эрі сыз, әрі қапырық, өкпе қабындырар бірдеңе. Жанның рахаты көк майсаға тігілген боз орда екен-ау. Тұн баласында түшіркеніп үйқы да қандырасың, құндіз салқындан рахаттанып дем аласың» деген қорытындыға келіп, таңдай қаққаны не сан.

Студент кезінде Шынығыс хан жөнінде кейбір мәліметтермен танысқаны бар-тын. «Жарты құрлыққа әмірін жүргізген ұлы қатан бар ғұмырын киіз үйде өткізіпти-мыс» делінген еді сол құжатта. Қытай, Мәуереннахр, Иранның небір сәулетті ғимараттары иелігінде болса да, ешбірін жаратпапты кеменгер қолбасшы. Сандуғашы сайраған, мәуесі төгілген, аbat бақты әсем шаһарларды еш менсінбепті. Табиғаты жұмақтың төріндей небір жерлерді жауап алса да, жусанның жұпары аңқыған өз сайын сахараасын қимаса керек.

Осы деректі оқығанда, мұрты жаңа тебіндеген жас Нәрке езу тартып еді. Ішінен: «Е-е, жабайы көшпенді иран бақтардың қадірін түсінуші ме еді? Бәдізшілердің қолынан шыққан сәулетті құрылыс, ғимараттардың салтанатын пайымдастын ба? Киіз туырлықты лашығында қүнелте береді де, шаһардың рахатынан еш хабары болмаған соң» деп мінеп те қойған.

Алайда, жайлауда бір жазды өткізген соң-ақ, басталқы пікірін өзгертейін деді. Себебі – денсаулығына деген оң әсер. Петербургте жүргенде ымышық-шымышық аурулары көп еді. Қит етсе, күркілдеп жөтеліп, тұмаулата беретін. Жайлаудағы бірер айдан соң-ақ, тұмау-сымаудан құлан-таза айығып шыға келмесі бар ма? Бұрын асқа аса зауқы соқпайтын. Ашты-тоқты журіп әбден біршек болып қалған ғой. Қарны ашса, шылымын бүркүратып, улыған асқазаның алдаң жүре беретін.

Қазақ ішіне келгелі темекі тартуды доғара қоймап еді. Әйтсе де, тәбеті бұрынғыдай емес, асқа зауқы соғатын болды. Сағ

ауаның әссері ме, алдына дәм келсе, сылқия тойып алады. Бұрын шыр бітпеген денесі қәдуілгідей торалайын деді. Ет, қымызға үйрентгені соншалық – күніне мелдектей бір тоймаса, іздейтінді шығарды... Көп кешікпей салт жүруді де үйреніп алған. Бай ауылдың жүрісі жайлышу жорғалары болатын. Мәмбетәлі екеудің соларды ерттетіп сейіл құрады. Бара-бара салт жүрісті іздейтінді де шығарды. Қазақ «жүйрік аттың арқасының желі бар» дейді емес пе? Сол сөздің байыбына да жетті. Жорғаның бол-бол қаққан тайпалған жүрісімен екі бетің алабұртып, бар денең қызып, өкпең ашылып жүрген қандай, шіркін! Бойың женілдеп, кеуілдегі бар өкпесақпаң, санадағы келеңсіз ойларың қайда кеткенін білмей де қаласың.

Жайлаудағы тірліктің дәмін татып, Мәмбетәлінің көмегімен тілді де игерे бастаған соң, қазақтың мінезін де түсіне бастады. Қеңпейіл, сабырлы халық екен. Ішінен: «Мынандай табиғатта, мынандай тоқ тұрмыс кешкен ел не қылыш мінезі салмақты болмасын?» деп пікір де түйген.

Бұдыры жоқ жазық далада сонау көз үшіна дейінгі аймақ алақандағыдай сایрап жатады. Қырда туып-өскен кісінің көзі әдетте қырагы келеді. Демек, сонау көкжиекке дейінгі қеңістікте еш қауіп-қатер жоғын біледі қазақ баласы. Қатер тұа қалса да, кам қыларлық уақыт жеткілікті екенін де түсінбейді емес. Орман ішінде мекендейтін халықтардың ондай мүмкіндігі жоқ, әрине. Әр бұтаның түбінде, орман шытырманында ұры-қары, ия жыртқыш тағы дегендей қауіп-қатер бұғып жатуы мүмкін. Тіпті, сонау төбедегі қарағай басында сілеусін сияқты жыртқыш тағы жасырынып, өз құрбандығын андып жатуы ықтимал. Содан болар, орманды жердің тұрғындары қашанда сак, қырыс мінез келеді. Қабақтары оңайлықпен жазыла қоймайтыны да содан болар.

Нәркенің және бір байқағаны – қазақ бұқарасының еркіндігі. Сыпайылық, үлкені сыйлау, жақсы-жайсан атаулыны қадірлеу деген салт-дәстүр мықты, әрине. Сонымен қатар, Ресейдегі сияқты шамадан тыс төменшіктеу жоқ. Жарлы-жақыбайлар байлардың үйлеріне емін-еркін кіре де алады. Тіл байлығы бар тактақтар сез де қайтара береді... Мысалы, өз әкесінің крепостной қарашек-пендері ақсүйек нәсілінен біреуді көзі шалса-ақ, басындағы телпектерін асыға шешіп, иіле қалады. Ол ол ма? Қожайынның қана-

рына іліксе онбай таяқ жейді кара халық. Зәуі сайтан дүреүенде жан тапсырса, ақсүйекке ешқандай сот та жок. Содан болса, өзі көрген орыстың қарапайым халқы қойдан коныр да, тепкіге көнбіс.

Есіткені мен оқығанына сенсе, шығыс халықтарында құздық сана тіпті дәуірлеп тұрса керек. Алайда, қазақ қоғамында көрген тірлік бұл пікірді теріске шығарайын деді. Бұнда да құл есебінде жүрген бейбактар баршылық, әрине. Бұлар өткен жаугершілік заманда қолға түскендердің тұқымдары. Ия болмаса, алыс рулардан әлдебір себептермен қашып келіп панарап жүрген кірмөлөр. Бұларды «тобы жоқ құл» деп кемсітеді байырғылар.

Ал енді өз елінде жүргендер қанша жарлы болса да, басы азат, құқығы толық, еркін азаматтар есебінде өмір сүреді. Жалпы алғанда, әрбір қазақтың ағайыны, руы, яғни жанашыры болады еken. Зер салса, иесіз, ағайынсыз жүрген қазақ жоқ сиякты. Руы әрі иесі, әрі қорғаны мәнзелдес. Қылмысына да руы жауап береді, алда-жалда жапа шексе, болысатыны да өз ағайындары. Осыны білген қазақ жаутаңқоз болушы ма еді? «Ә» десе, «мә» деп, өже-леніп шығатыны арқатутар ағайынның буы емей немене?

Сонымен катар, ағайын келесінің үкімінен де қия басып шыға қоймайды қазақ баласы. Қылмысқа, бұзықтыққа баспайтыны да содан. Себебі, қазан бұзып бірдене бүлдірсе, бүткіл руға салмак түсетінін жақсы біледі.

«Е-е, бәсе, бұлар абақтысыз қалай өмір сүреді деп басымды қатырсам, гәп осы рулық жауапкершіліктегі еken ғой. Бас жарылып қол сынса, ия болмаса, кісі шығыны болса, ру болып құн төлейді бұл көшпенділер. Сол себептен аксақалдар өз телі-тентегін тырп еткізбейді. Көпшілік болып басалқы айтса, сыңарезу тентектер қия басушы ма еді?» деп ой толғаганы да бар Нәркенің.

Және бір таңғалғаны – қазақтың жаппай шешендігі. Әсіресе бұқараның тіл жүйріктігі тәнті етті. Өзі білетін Ресей қауымындағы жағдай қазақтікінен мұлде алшақ. Бір елді мекенде катар өмір сүретін ақсүйек дворяндар мен қарашекпен бұқара екі тілде сөйлейтін сиякты. Ақсүйек қауым өзара көбінесе французша сұхбатасады. Орысша сөйлегенің өзінде, шетел сөз түзісіне елкітейді. Қарапайым бұқара болса, орыстың байырғы халықтық тілімен сөйлейді. Ол тіл әдеби тілден, кеңсе тілінен мұлде бөлек сиякты.

Ақсүйектер қауымы бұқараның тілін менсінбейді. Қарапайым халық болса, оқыған білімді ортаның тіліне шорқақ. Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қарашекпен шаруалар парықтай да қоймайды. Бір ұлттың ішінде екі қауым қатар өмір сүрсе де, бір-бірімен еш ұғыса алмай жүр дерсін.

Әдебиетті өркендеп тұрғандар де кіл оқымыстылар. Жоғары білім алған, бірнеше шетелдердің тілін менгерген ақсүйектер. Езілген бұқараның жоқшысы атанған, халыққа ұғынықты тілмен жазатын Некрасовтың өзі сол ортаның өкілі. Қарапайым халықтың әдебиетке косып жатқан үлесі жоққа тән. Құлдықта өмір сүріп, үпәд бейнет кешіп жүрген елден өнер шыға қоймасы түсінікті де шығар.

Крепостной шаруалардың тірлігін көріп өскен Нәрке, бұрыннан-ақ осындаған пікірде-тін. Енді келіп байқаса, қазақ қоғамы бұл көзқарасын жоққа шығарғандай... Бірде Баялынықіне жатаған жабысын тепендетіп, қанжығасына домбыра бөктеген бейтаныс шал келе қалсын. Киімі жобалғы болса да, жүріс-тұрысы нығыз. Қазактың өзі айткандағай – сөзі түйеден түскендей-ақ.

Мәмбетәліден «бұл кім болады» деп сұраса, «жырау ғой» деп түсіндірді. Орысша баламасы – «сказитель».

– Бұл шалың тәкпе ақын да. Суырып салып өлең шығара береді. Импровизацияның майталманы, – деп сипаттамасын әрлендіре түскен шәкірті.

Нәрке бастапқыда менсіне қоймай:

– Сынайық бұл импровизаторсымақты, – деп езу тартқан да қойған. Ишінен: «Мектебі жок, ол түгілі, шаһары да жоқ елде не өнер болушы еді?» деп, күнтака өнді, шоқша сақал, қысық көз қартқа жөндең нazar да салмаған.

Алайда, көп ұзамай-ақ көкірексіген мінезді өзгертуге тұра келді. Алғашқы пікірден айнытқан, бәкене бойлы томашадай ғана қарттың ғажайып өнері болатын. Сол бір күнгі көрініс оңайлықпен естен де кетпес. Күні кеше ғана болғандай көз алдында сайрап тұрғаны... Баялының ақбоз ордасы халайыққа лық толы. Ірге түрілген. Іргеде самсаған көз. Үйге сыймағандар керегені айнала қоршап алып жырауды тыңдауда. Малышы-жалшы, жарлыжакыбай атаулы да бәрі осында. Есікке кептеліп, керегенін көзінен сығалап, құлак түрісеге қалған.

«Демократияның белгісі емей немене осы көрініс? Біздің кекір помешіктер бұндайда жабайы халықты маңайына жолата ма?» деп таңырқағаны есінде. «Бұларды азиялық деспоттар, тек қара күшті ғана танитын кертарапта қауым деген пікірдің жаңсақ болғаны ма?» деген оймен үй ішіндегілерге зер сала назар қыдыртқан.

Баялының ордасында осал кісі бас қоспайтыны бесенеден белгілі. Кіл бір-бір жуан аталардың бас көтерер серкелері сол жолы да жиналған. Кигендері бұлды матадан, порымдары маңғаз. Ғұмыры бұрау басын сындырып көрмеген топ екенин іркілдек бітімдері айғақтап тұргандай.

«Мына кілең төресүйек қасқа мен жайсанға анау мыжырайған шал не айтпақ? Аспабының сиқы болсайшы. Орыстың балалайкасына ұқсаған көзге қораш бірдене. Несіне ентелей қалды мына халайық? Алдында құрып қойған нотасы жоқ, кітаптан оқыр мәтіні жоқ, мына жырау дегендері шаршы топтың назарын не өнерімен аудармақ?» деген оймен отырғанда, бір зерен қымызды сіміріп алған жыршы домбырасын шерте бастаны.

Шертуі мұң өді, тас болып қатты да қалды Нэрке. Өз құлагына өзі сенбегендей. Жыршының лыпыл қаққан саусақтарынан көзін айыра алсайшы. Салалы саусақтар болса бірсәрі гой. Сексеуілдің былтығындағы әрі қыска, әрі быртық қолдар мұнша икемді болар ма! Перне куалай кеткенде көз ілеңстірсейші. Бәрінен бұрын күн мен жел қақтаған қоңырқай қолдардың лыпылынан туған әуезді айтсаңшы!

Нэрке қаршадайынан-ақ музыкаға бейімді болатын. Әуен таңуға туабітті қабілетке де ие өді. Онысын музыканың мұғалімі, мосқал неміс те таныған. Сол ұстазынан дәріс алғып, он екі-он үш жасында Моцарттың сонаталарын фортепианода нәшіне келтіре орында беретін. Аспабына қосылып, опералардан үзінді де шырқаушы өді. «Тенор» аталатын дауысы шағын болса да, нақысында мін болған емес. Әйтеүір музыка жағына келгенде, небір аристократ төрелер бас қосқан ортада өз-өзін еркін сезінер өді. Бұл қабілеттін Омбыға келгенде Сергейдің айналасындағы досжарандар да салған жерден мойындаған. Әсіреле, тәнті болған Сергейдің жұбайы Елизавета. Бұның әкесі музыка мұғалімі болса керек. Өзі де фортепианоның майталманы. Омбыда өзімен қосы-

дып төрт қолдан бір клавиатурада ойнайтын шебер жок екен. Нәркенің тартысын тәү есіткенде-ақ балаша қуанған.

– Аполинарий мырза, құлдығың болып кетейін, енді осы қаладан ешқайда кетпенізші! – деп бұны өзімсіне, билей сөйлегені.

Түйдегү құрдас, әрі ежелгі көзтаныс болған соң еркінсіген түрі ғой. Петербургта қыздардың гимназиясында оқыған кезінен-ақ, Сергей екеуінің сырлас екенін білетін. Содан болар, Омбыда жүздескенде құдды бір кіндіктес бауырымен қауышқандай-ақ қуанғаны бар емес пе? Нәркес Баялының ауылына журмек ойын сездіргенде, кәдуілгідей кейіп:

– Атама ауылды, Аполинарий! Ол жақтағы түрмисқа ақсүйектің баласы төзе де алмас. Анау дудар басың қайызданып, үстің битеп, жүдеп-жадап кетерсін зэтте-ақ. О не сұмдық? Қызмет осы шаһарда да табылар, – деп үзілді-кесілді қарсы да болған.

Сергей екеуі болысқа берілген үәдені тілге тиек етіп, ал келіп көндіре алсыншы. Қаражаттың қажетті сомасын тапқан соң-ақ, міндетті түрде қайтып келмеске серт беріп, эрең дегенде рұқсатын алған болатын. Онысы музықаға деген қабілетін жоғары бағалап, сыйлаған түрі ғой Лизаның. Мамандар сөйтіп қадірлекен басы, шын өнерді арзанқол жылтырақтан ажыратса алмасын ба?

Ұсқынсыз, бұжыр бетті жыраудың домбыра шертісі еріксіз елең еткізгені. Добалдай саусақтар туғызған әуен өте нақысты шықты. Скерццо, стокатто деген әрі нәзік, әрі құрделі дыбыс ірімдерін оп-онай сұңқылдата берді сабаз. Аң-таң күйде құлақ түрген Нәркес ішінен: «Табиғи дарын-ау осы шал. Музыка теориясынан мұлде бейхабар кісі мұнша шытырман әуезді әсте орындаі алсын ба?» деп тәнті болған.

Жырау аспабын безілдетіп сәл аял қылғанда, халайық ал кеп көтермелей айғай салсын. Осы сәтте Мәмбетәлінің құлағына төнніп:

– Аты кім бұж кісінің? Мына тартысты қайдан үйреніп жүр? – деп сұрағаны бар.

– Ныспысы – Шәкей. Өзі сияқты домбырашылардан үйренген де. Бұл күйші емес, жырау ғой. Бұның өктейтіні сөз өнері. Мынау тартысы әншнейін кіріспесі ғана. Жамағатты қыздырып алмақ тәсілі. Нағыз дәүлескер домбырашыларды «күйші» деп атайды қазақ. Оларды да бір естірсіз әлі, – деп жымып қойды шәкірті.

Нәрке ішінен: «Әуен емес сөз өнерін бакканның түрі міндеттес болса, «қүйші» дегеннің деңгейі қандай болмақ?» деп таңдаңып Шәкей жырауға көзін көмө түсken.

Ең қызығы алда екен. Кейін білгендей, қарт өнерпаз «Мұндық-Зарлық» деген ұзак киссаны орындаған екен сол жолы. Дауысы сәл қарлығының болса ды, құлаққа жағымды. Ал енді орындау мәнері тіпті ғаламат. Кәдүілгі әртісше біресе наиза ұстап-ған ердің кейпіне еніп, өнін сұтыны ызбардана қалады. Эйел атынан сөйлеген тұста шебер құбылып, нәзік дауысқа салғаны да жарасымды. Ол кезде Нәркенің қазақшадан хабары мардымсыз еді. Соның өзінде жырдың жалпы мазмұнына түсінген. Шәкейдің әсіресе, мыстан кемпірдің ұнамсыз дауысын келтіргені қызық екен. Тыжырынған түрі де, майланбаған арбадай қиқылдан-шикылдан шыққан үні де аумаған мыстан кемпір... Мәмбетәлі құлаққа төне ақырын сыйырладап, дастаның мағынасын аударып отырған.

Нәркенің және бір жаңалық ашқаны – «Мұндық-Зарлық» жырының кей тұстағы оқиға желісі Пушкиннің поэмасымен үндестігі. Бұнда да қос сәбиді залым өгей шешелері өлімге қыып, дарияның сұына ағызып жібереді... «Япыр-ай, бұл шығыстың көне жыры ғой. Сонда біздің ұлы ақын бұл шығармалардан хабардар болғаны ма? Ол да мүмкін. Қалмақ ішіне келгені мәлім емес пе? Пугачев көтерілісін зерттегендеге Орынбор өлкесін де арапаған. Сол саяхатында естіген болар» деп өзінше долбар да жасаған.

Шәкей жырау ауылда бір жұмадай жатты. Күн-түн демей, кисса-дастандарды түйдегімен тоғытты-ау келіп. Бір де бір шығарманы екі қайталаған емес. Толғайтыны үнемі ұзын-сонар қиссалар. Ара-тұра топ ішіндегі игі-жаксыларға арнап өлең де шығарып жібереді. Тілді еркін үқласа да, сөз үйқасының жарасымдылығын аңғара білді Нәрке. Өзге жүрт қарасөзбен тіл катқаның өзінде, қызды-қыздымен арқасы әбден қозған жырау өлеңмен жауаптасатынды шығарды.

«Япыр-ай, бұл неткен тұтқыр жады? Кітап бетіне үцілместен-ақ, апта бойы жыр төгілту деген не керемет... Импровизациясы да ересен. Аузынан шыққан бар сөзі үйқасып жарасып жатады әйтеуір» деп таңырқаған қалпы, Мәмбетәліден Шәкейдің кәсібі жөнінде сұрады.

Миығынан күліп қойған шәкірті:

— Аңгарғаныныз рас, мұғалім. Бұқісіге қарасөзден өлең онай. Пален күссаны жатқа сүйлдата беретін өнерпаздың өлеңдете сойлесетіні заңды да шығар, — деп жыныған қалпы сәл ойланып барып, — кәсібін сұрадыныз ба? Көшпелі елде қандай кәсіп болушы еді? Бірер қарасының сүмесімен күн көреді де. Негізгі азбениші сол. Ел аралап, өнер көрсеткені әуестігі ғой. Туабітті дарыны бойына сыймайды да, — деп өз түйгенін паш етіп еді.

Шәкей жырауды апта бойы тыңдаған Нәрке, қазақтың сөз өнері жөнінде ойланған бастаған. Байқап тұрса, бұл халық сөйлер сөзге де бай, шешендей өнерді қадірлейді де. Шәкей дәл аттанар күні ауылға және бір өнерпаз келе қалған. Бұл Шәбек тұқымына жиеншар болып келетін жас мырза екен. Ауқатты әuletтің баласы, өзі серілеу.

Ерігіп отырған ел қызық іздеп, сөзуар мырзаны Шәкейге шүйлеп салсын. Жүрттың кеу-кеуіне арқасы қозған қос ділмар айтыса кетті. Нәркенің сол текетіресте таңғалғаны – екі шешенниң еркін көсліп, сөзді еш қиналысыз түйдегімен жібергені. Сурып салған өлеңдері сәтті шыққанын да тусінген. Себебі, тындарман қауым күлкіге қарық болып, кошемет сөзді аямай-ақ боратқан.

Бұндайды алғаш көрген Нәрке, Мәмбетәліден:

— Бұл не дәстүр? Импровизация өнерін салыстыру ма? — деп сұрағанда, қос шешенниң сөзсайысына құлақ түрген окушысы, — бұны «айтыс» дейді қазақ. Әзіл өлеңмен қажақтасып, өнер жарыстырады ақындар. Женілгенін өзі мойындау керек, ия болмаса, ақсақалдар алқасы өз үкімімен женімпазды атайды, — деп қысқаша ғана мағлұмат берген болатын.

Бұндай өнер сайысы барын Нәркенің алғаш естуі. Еуропадан үлгі алған Ресейдің мәдени қауымында бұл сыңды үрдіс жок. Орыс деревнясында «частушки» деген халықтық импровизацияның түрі бар. Той-томалақ үстінде билей жүріп әндеткен қыз бен жігіт бір-бір ауыз өлең әуелетеді. Әдетте әзіл іліп, бір-бірін сынап қағытар еді... Қазақтың айтысы сол өнермен өзектес болар деп топшылады. Алайда частушкадай бірер шумақ өлеңмен шектелмей, ұзақ толғайды айтыс ақындары. Мысалы, арқасы әбден қозып, шабытына мінген Шәкей ширек сағат жыр төгіп, ақыры жас мырзаны женіп тынған.

Женгениң айғағы, әлті сері жігіт ініндердегі ине-жіншін шығқан көк торғын қантал шапанын шешіп алыш. Шығына жауып кеп жіберді. Ауыл иесі ретінде және жиеншарының айып-қызыбы есебінде, Баялы ат мінгізіп, тарту-таралғыны үйіп-төгіп берген. Әйтеуір не керек, қолауы түскен шобырын ілбі бастырып жеткен жырау, ырғап-жырғап қайтты.

Осы көргенін парыққа салған Нәркес қайран қалғаны бар «Демократияның бір белгісі осындағы-ақ болар. Сөздің құлдіреті мойындағы білетін неткен көргенді халық бұл? Ауы атқа жарымаған кедей өнерпаздың сезіне токтап, жеңілгенін мойындаған мырзаның мәрттігін айтсаңшы. Ресейдегі кекір помешіктер бүндай ірілікке өлсе бара ма екен?» деген оймен, осы оқиғаның есепінен бірталайға дейін арыла алмай жүрген.

Жайлауда өткізген сол бір жазда, қазактың мінез-құлқы, салт-дәстүрінен әжептәуір мағлұмат та алыш еді. Той-томалақта атжарыс, көкпар, қызыкуу, сайыс, күрес, жамбы атуды тамашалаганы ойына батпан-батпан азық та болған... «Тегінде, ер көңілді ұлт-ау осылар. Қызық-думанының бәрі тартыс, жарыска негізделсе көрек. Күрес, сайыс сияқты жекпе-жек түрлөрі өз алдына. Поэзиясының өзін жекпе-жектің бір түріне айналдырығанын айтсаңшы. Бір-бірін сөзбен бүріп айтысқандары жекпе-жек емей немене?» деп өз көрген-білгенінен бір қорытынды шығарса, көкпар, жамбы атуды еске алыш және ой толғайды.

Той үстіндегі ойын-қызықтарының өзі әскерилердің жаттығуы сияқты. Шауып келе жатқан аттың үстінен жамбыны атып түсірген жігіт дайын сарбаз емей немене? Анау бауыздалған ешкіні сылтау етіп көкпар шапқан салт аттылардың жаппай жонқілісі ше? Жұзеген ат сапырылысқан бұл ойында шынықкан жасжелең қай кавалериядан ыққандай?

Ер-азаматтарды айтпай-ақ, қыздарының өздерінің түрі анау. Құнделікті өмірде сынықсып жүргенімен, атжарыста жігіттерге есе бермес. Шығыстың тәменетектісі томаға түйік, ауызынан сөз шықпас ынжық болады деуші еді. Сонау Қоқан, Хиуа жақтағы ұлттардың әйелдері шадыра, пәрәнжі киетінінен хабардар еді. Болса болар да... Ал мынау қазактың жөні бөлек болып шықты. Атусті құн кешкен көшпелі халық болған соң ба, қызырқындары жүзін бүркей дегенді өсте білмейді. Атқа мініп шап-

канда жігіттерден қалыссайшы. Қыз кууда тақымына желаяқ жаңуар түссе болды, ағыза жөнеліп бозбаладан кашса, жеткізбейді, қуса құтқармайды-ау пәтшағарлар. Үкідей ұшып барып, бұзаутіс қамшымен қашқан жігітті шықпырта ұрганын көзі де көрген.

Сол көрініске куә болғанда ішінен: «Құдай сактасын, мына қыздың қолына қылыш ұстатса не болмақ? Қасарысқан жауды жүндей түтіп жіберер мына екпінімен. Көне гректер «амазонка» деп атаған жауынгер әйелдер осы қөшпененділердің сол замандағы бір тайпасы болмағай. Грек мифологиясында «кентавр» деген қеудесі адам, бөксе жағы жылқы денелі кейінкерлер бары мәлім. Айтпады деме, осы қөшпененділерді көрген соң әсерленіп, қиялдан туғызған бейне шығар сол кентаврлар... Себебі, қазақ атаулының дені жаяу жүріске жалқау көрінеді. Қарғадым аттауға мойны жар бермейді-ақ. Таяқтастам жерге бару үшін бұтартар іздейтінін қайтерсің? Етіктерінің порымының өзі жаяу жүріске жарамсыз. Өкшелері жырта қарыс, қонышы кестелі, сүйір тұмсығы шантының басы сияқты қайқая біткен сәндікке ғана тіккен бірдене. Салт жүріске арналып тігілген аяқтім ғой... Бес жасар баласының өзі аттың шоқтығына жабысып алтып жайдектата жүре береді. Сөйткен шабандоз халық көне гректердің қиялына да тұрткі болған шығар».

Ойдан ой қуып, пікірі осыған құйылды да, іле өзіне басалқы да айтқан. «Сап-сап, көңілім! Эллиндер қайда, қазақ сахараасы қайда? Арапары атпен жүрсе, алты айлық жер емес пе?» деген сауалды қөлденендетіп, жауап іздейді. Тарихтан хабардар болған соң, бұл жұмбактың шешуі де кешікпей табылады.

«Римді күйреткен гундар емес пе? Азияның қойнауынан шықкан қөшпененділер. Римға жеткен токпақ жал жатаған күліктепер эллиндердің мекеніне жетпеуші ме еді?» деп өз сауалына уәж де қайтарады. Әйтеуір не керек, сол бір жаз соны әсерлерге жемісті болған екен, еске алса.

Қазақтың бар шығыс әлемімен ежелден-ақ тығыз байланыста болғанына да көзі жеткен еді. Баялының үйінде араб әрпімен жазылған сандық-сандық кітаптар бар екен. Сырт нобайын зерттеп, парактап көрсө, баспадан шыққанға ұқсамайды. Қолдан кешіріліп жазылса керек. Ишінде сурет деген атымен жоқ болса да, жазуы ете мәнерлі. Хас шебердің қолынан шыққан кесте дерсің. Мұқа-

басы былғарымен қапталған, сиясы алтын түстес кітаптар да калыңдығы сүйем карыстай.

— Қайдан әкелген кітаптар? Бағасы қымбат болар? — деп Мәмбетәліден сұраса, — қалашылар әкеледі де. Жылына бір мәрте біздің жақтан сонау күнгейдің базарларына «ак шомшы» деген көруен шығады. Бұрын, орысқа қарамай тұрғанда астықты сол жақтан жеткізген Арқа қазагы. Тәшкен, Хиуа, Ургенішке дейін сапар тартатын керуендер бар. Ол шаңарларда кітап көшірумен айналысадын молдалар бар болса керек, — деп ұқтырды да, сол ойланып барып, — пұлын сұрадыңыз ба? Дәл бағасын біле қоймаушы едім. Қымбат екенін естігем әйтеуір. Базар нарқын қайдам, біздің жақта бүндай кітапты құлынды биеге де бере қоймайды, — деп күлімсіреп жауап қайырған.

Бұл не қылған ұшпан-теніз жазба әдебиет деп қызығып, Мәмбетәліге:

— Орысшаға тәржімалап бер, — деп қолқа салады. Өз басы шығыс әдебиетінен естігені «Мың бір тұннің» ертегілері ғана. Пушкинің «Құранға еліктеу» деген өлеңдерінен алған мағлұмат болмаса, ісләм дінінің хадистерінен де хабарсыз.

Мәмбетәлінің бір артықшылығы – мұсылманша оқуға жүйрік. Омбыға бармай тұрғанда ауылдағы молдадан дәріс алынты. Ол молдасы білімдар кісі екен. Ұлының окуяна дәйім көңіл болетін Баялы, он екі пәнді тәмам қылған қалпені арнайы шақыртса керек. Ол ұстазының бар білгенін қағып алған Мәмбетәлі, араб әліпбійне мұдірмейді. Кітапқа көп шүқшиғаның әсері болса керек, бала болып құрдастарымен онша ойнай да қоймаушы еді. Мінезі де әрі орнықты, әрі ұян... Содан болар, Нәркенің бұйымтайын еш ауырсынбай, керісінше, қуанған сыңай анғартты. Сан-дыйқтан кітаптарды бір-бірлеп шығарып:

— Бұлардың тақырыптары бірнеше сала. Дінді насиҳаттайтын бір парасы бар. Бұнда өлең тілімен пайғамбар мен сахабалардың өмір жолы, соғыстары суреттелген. Екінші сала – батырлық дастандар. Арабтың «Мың бір тұн» ертегілері де бар. Және бір мол сала – ғашықтық қиссалары. Бұнда шығыстың «Ләйлі – Мәжнүн» сияқты жырлары да бар, қазақтың «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» сияқты өз төл дастандары да бар. Қайсысынан бастайын? – деп ұстазына сұраулы жүзін бұрган.

– Дін насихатын естіп жүрміз ғой. Батырлықтың да мақсат-мұддесі мәлім. Ел қорғау, еріккенде сыйбай елдерді жаулау дегендег... Жүрек қылын шертетін ғашықтық жырдан басташы, достым. Адамды адам қылған, хайуандардан биік қылған рухани әлем ғой. Оның шыңы – махабbat екенін білеміз. Киіз туырлықты көшпенди қауымның бұл тақырыпқа деген көзқарасымен танысайын да, – деп Мәмбетәліге «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын ұсынған болатын.

«Ләппай, тақсыр-еке, бұйрығынызды құп алдық!» деп жымыған шәкірті қалың кітаптың бетін ашып, мәтініне үніле берді. Накпа-нақ аударуға орысша сөз коры жетінгіремесе де, ұзындығасын тәттіштеп, еш жалықпастан жеткізе білген. Бұл аудармасы бірнеше күнге созылды. Содан дәндеген Нәрке, біртіндеп біртіндеп бар ғашықтық қиссаларды оқытқызып алып еді. Тындаған сайын қызыға түсіп ойға терендей де берген, зердесінде алуан түрлі сауалдар да бой көтерді.

– Бұл жырлардың авторы кім? – деп Мәмбетәліден сұраса, шәкірті ол тұрасында ойланбаған болса керек, таңырқаған пішінмен, – қайдам? Ел аузында көне заманнан бері жүрген дастандар ғой. Сонау есте жок бұлдыр заманда әлдебіреулер шығарған болар. Халықтан шыққан туынды да, – деп мардымды жауап бере алған жоқ.

– Демек фольклор, яғни халықтың ауыз әдебиеті ғой. Бірақ мынандай оқиғасы шытырман, ұзак дастанды дүйім ел болып бас қосып отырып шығармаса керек. Өлеңмен жазылған роман десенші бұны. Пушкиннің «Евгений Онегиннен» әлдеқайда көлемді. Оу баста аса дарынды бір ақынның шығарғанына еш шүбәм жоқ, – деген сөзбен ойға және шомып еді Нәрке.

Ой тербеуіне себеп те мол-тын. Шәкірті тәржімалап берген жырлардың мазмұны жетеге азық болғандай... Бұл қазақтың дастандарын бағзы заманда өткен дарындар шығарды-ау. Тарихқа атын қалдырмастан өтіпті есіл шайырлар. «Шынайы көркем туынды автордың атын қажет етпейді» депті ғой бір ойшыл. Сол пікір рас та болар.

Парыққа салса, қазақтың қисса-дастандары өз алдына бір ұлан-ғайыр әдебиет. Батыс болса, бұл казынадан бейхабар десе де болады. Батысқа танымал болсам ба екен-ау деген шығыс жоқ, өз

кеністің інде бір-бірімен сапырылсын, тығыз байланысын жүрді. Бейттердің мазмұнын зерттесе, қазақ ежелден-ақ дүйім Азияна танымал іргелі мемлекеттермен етene араласқаны сайрап түр дерсін. Қызылбас, қалмақ, араб, шың-машыңды сырдесте көршідей көреді. Ара-тұра соғысса да, мәдениеті мен рухани мұраларынан хабардар. Шекарасы астасып жатқан аталмыш елдерді былай қойып, тіпті сонау Африкадағы Мысыр мемлекетіндегі Ніл дариясының жағасынан да шығарады дастандардағы кейіпкерлерін... Еуропаның әдебиетін керек те қылып жатқан жоқ бұл шығыс. Өз рухани байлықтары ас та төк болған соң, біреуге телміріл қайтсін?

«Сонда біздің орыстың фольклоры соншалық жұтаң болғаны ма? Пушкин мен Лермонтовтың поэмалары бар, эрине. Алайда оларды іздел, оқып жатқан карапайым халық бар ма? Оқығанымен, ұға қоюы негайбіл... Ал мынау қазақтың қиссалары ұлттың бар өкілдеріне ұғынықты. Ғұмырында жібі тұзу күім киіп көрмеген малшы-құлшысына дейін ұйып тыңдайды екен... Анау Шәкей жырау сияқты жалғыз атты кедейлерінің өздері бір кітапханага қор боларлықтай қисса-дастандарды жатқа кирагаттайды. Олай болса, бұл ұлттың мәдениет деңгейі соншалық жоғары болғаны ма?» деп өз-өзіне саяул қойып, жауап та іздейді.

Жүз жиырма миллион қара шаруа бар екен Ресейде. «Мұжықтар» аталағын қауым. Халықтың дені солар. Зауыт-фабрикаларға жұмысшы болып кетіп жатқан да солар. Эскери борышты да ат-қарып жүрген солар. Патша ағзамға пәлен елді бағындырып берген де сол мұжықтардан шыққан солдаттар. Ресейде не арзан, мұжықтардың басы арзан. Соғыс атаулыда зенбірек оғының сутегін жемі рәүіштес бұл қауым. Басы арзан болған соң Суворовка еріп, сонау ми даладағы Әлпі тауына дейін барып, көк мұзда бір парасы қырылып та қалған... Мына қазақ ордасын бағындырып берген де сол мұжықтардан шыққан рекруттер.

Сол құмырсқадай құжынаған, қалың нор қара шаруалардың өресі неге соншалық тар? Мына қазақтың бұқарасы да олардан саут жағынан оза қойған жоқ. Шаһары жоқ көшпенді ел жүйелі оқуға қол жеткізе алмасы белгілі ғой... Әйтсе де бұларда аса бай ауыз әдебиет бар екен. Насихаттайтыны – адамгершілік. Тілі халыққа әбден ұғынықты. Сондық, бұқараның тәрбиесіне деген ық-

шалы орасан. Ізгіліктің үлгісін санасына сініріп өскен жастар әдепті болары занды да...

Ойдан ой жетелеп, ақыры осындай корытындыға келгені де бар. Сол бір жазда ауыл өміріне, адамдардың қарым-қатынасына да көніл бөліп зерттеген болатын. Өзі билетін Ресей қоғамымен салыстырып та қояды. Салған жерден анғарғаны – ауылдағы тәртіп пен әдеп-әркен. Келген бетте мауыздай-мауыздай жігіттерді көргенде, көніліне аз-мұз секем алғаны да бар. Кейі тапал келгенимен, кіл төртпақ, сайдың тасындау мығым екен. Эу бетте түрлери жат болып ұшыраған... Мысалы, мына дәл қазір козлода жайғасып делбе ұстап келе жатқан Дүйсенмен тәу жүздескенде, еріксіз іш жиып та қалған. Жұдышыры жас баланың басындау дерлік, сығырайған қысық көз, мұрны қысық біткен репеті соншалық сиықсыз көрінгені. Бір ерекшелігі – өні де, шашы да сары екен. «Қазақта жириен шаштылар болушы ма еді?» деп таңданғаны есінде. Тұксиген сұдініне қарал, «мына кісімен зәуі-сайтан елсізде кездессе, ондыртпас» деп қаупайлаған да болатын.

Алайда, таныса келе момын жігіт болып шықты. Бөстекі сез айтпақ түгілі, дауысын қаттырақ шығарған жан емес... Бір күні ұядан қарлығаштың балапаны түсіп қалмасы бар ма. Соны ба-рынша сақтықпен мәпелеп көтерген Дүйсен қасындағы ұсақ ба-лаларға:

– Балапанға тиоші болмандар. Тисен, қарғайды. Қарғысы жаман болады. Жалпы жәндік біткенге зорлық қылу – күнэ. Жа-зықсыз жәндікті жәбірлеген пенде Кұдайға жазады, – деп бастап, ерінбей-жалақпай бірталай өнеге де айтқан.

Сөйткен Дүйсенді көкпар үстінде де көргені бар. Тақымында бір жылпос бедеу, түтігіп кеткен өні өрт сөндіргендей. Шауып келе жатып қышқырғанда, түрінен де, қиқуынан да жан түршігеді. Өзін де, тері сүмектеген күлгін еш аяған жоқ. Додаға түскенде ат-матымен құлап, тырапай да асқан... Соның салдарынан бұғана-сы мертігіп, сыйықшы кемпір сылап-сипап сүйегін орнына кел-тіргенде, ыңырысыған да жоқ қасқаң. Қарт әкесі:

– Не болды сонша өлерменденіп? Серке көрмел пе едің? Өліп те кетуің ғажап емес қой мына түріңмен, – деп күнкіл шығарған-да, езу тартып, – е, несі бар? Ерекек тоқты құрбандық деген, – деп жайбарақт қана жауап қайырғанын қайтерсін.

Айтпақтайын, бұл халықтың мақал-мәтелдерінде көп сыр жатыр-ау. Ұлттың мінезін, тірліктің әр құбылысына деген көзқарасын мақалынан танырсың. Өздері шеттерінен мақалға жүйрік. Сірә, ана сүтімен санаға сініріп жетілсе керек. Мысалы, мына келе жатқан Дүйсен әліпті таяқ деп білмесе де, мақалдан сөйлегенде аузы-аузына жүкпайды. Өмір тудырған әр сұралққа жауабы әзір әйтеуір.

Нәрке дең койған соң, Мәмбетәлі өзі білген мақалдарды аударып та берген. Француз романдарын оқып өскен Нәрке өз орысының мақал-мәтелдеріне мән бере қоймайтын. Енді байқаса, қазак мәтелдерінде небір терең пәлсапа жатыр екен. Мысалы, «Дүниенің кендігінен не пайда, аяғындағы етігің тар болса?», ия болмаса, «Алтын ерің атқа батса, алтынын ал да отқа жақ». Бұлармен «Мынды айдаған бірді ғана мінеді» деген нақыл да үндесіп жатыр.

Осы есіткендерін парыққа салып, қайран қалғаны да бар. Қарапайым ғана сөзде мұнша терең сыр жатар ма? Университетте Канттың, Гегелдің, жалпы неміс философтарының шығармаларын қызыға зерттегені бар. Бұл ойшылдардың тұжырымдары әрі тосын, әрі байыпты көрініп еді. Алайда, уақыт өте байқаса, күнделікті тұрмысқа қажеті шамалы сияқты. Қомақты да күрделі болған соң ба, жадқа түсіре қою оңай емес... Ал енді аталмыш мақалдар болса, әрі ұғынықты, әрі еске сактауға да оңай. Сондық, ұлттың мінез-құлкына деген әсері де мол.

Ойлап тұрсан, бұл қазақтың нақылында Еуропа ғұламаларының бар пәлсапасы жаткан сияқты. Пәлсапа болғанда, ең сығынды тұнбасы, квінт-эссенция сияқты нәрлісі. Осы бағзыдан бері жинақталған қысқа да нұқсағибрат сөздерді басшылықта алған ұлттың сара бағыттан адаспауы заңды да шығар. Бұл қазақтың абақты тұрғызбай-ақ қоғам тәртібін ұстай білуі содан болар. Орыс сияқты бір-бірін кәтіргіге де айдамайды, Қап тауындағы ұлттар сияқты тұқым куалаған қанды кекті де қумайды...

Калың ойға шомған Нәрке Мәмбетәлінің дауысынан селт ете қалды. Сапарласы бұны жеңінен тартқылап отыр екен.

– Беу, мырза, ұйықтап қалғанинан саумысың? Көзін бақырайтып ашқан қалпы да ұйқы соға береді екен-ау адам деген, – деп әзіл іліп, дағдысынша жымия тіл қатты.

Шынымен-ақ өз ойымен өзі болып, серігінің барын да естен шығара жаздалты Нәркес. Тұтіктегі темекісі де әлдекашан күлге айналған.

— Мен бой жазып аз-мұз салт жүрейін деп едім. Мына қорапта ішім пысып әбден зеріктім. Сәл-пәл оңаша қалдыра тұрайын өзінді. Айыпқа бұйырмассың, Нар-аға, — Мәмбетәлі көзін құлімдептіп, сапарласының тізесін нұқып қойды.

Салт жүргүре әзірленген түрі болса керек, ауылдан жіберген кәмшат бөркін мильтатта киіп те алыпты.

Нәрке досының бұл ниетін бірден құптай қоймады. Жаңа көр-гендей бакырая карап:

— Ия, бұ не жаңалық? Тыптырышмай тыныш отырсанышы. Аман-есен әкеңе тапсырайыныш өзінді. Соңсоң не істесең де еркің, — деп жорта өңін суытып еді, бірақ бұнысынан нәтиже шыға қойған жоқ.

Нәті биязы, сыпайы кісі ғой, бұйыра сөйлеуге жоқ. Бұл мінезі өзіне мәлім де. Үнін іле жұмысартып:

— Көптен бері салт жүрген жоқсың, абай бол, достым. Шапан кигенің де теріс болмас. Күн жаз болса да ми дала ғой, қанша айтқанымен. Ішіңе жел қарысып жүрер. Петербургтің қапырық көшесі емес шығар, бұ самиян сахара, — деп бұл да миығынан күліп қойды.

Әзілдеп айтса да, жаңағы сөзінде салмақты мағына бар еді. Шөбек әүлетіне өз басы қарыздар деп білетін... Олай болмағанда ше? Білдей бір ұлын сеніп қолына тапсырған түрлері анау. Қараждаттан қаққан жоқ. Осы күні қаладан бір шағын үй сатып аларлық шама-шарқы да бар, Құдайға шүкір. Үй демекші, бұрын құрып қойған жоспарды өзгертуге тұра келер. Себебі, Сергей қызмет бабымен Омбыдан Кекшетау қаласына ауысыпты. Соңғы хатында:

«Осы жерде тұрақтайтын ойымыз бар. Шағын ғана, жаңа өркендер келе жатқан қала болса да болашағы бар. Табиғаты тамаша. Төңірегінде көлі, тауы, қарағайлы, қайыңды орманы баршылық екен. Бірді-екілі өндіріс ошактары бой көтеріп келеді. Жылына екі мәрте жәрменкес үйимдастырылып жүр. Өзіңе де қызмет қарастырып қойдым. Міндетті түрде хабарлас» деп жайжапсарын баян қылған.

Хатты Елена өз колымен аяқтапты. «Бойдактықпен конаң көз келді, құрметтім. Сізге бір қалындық әзірлеп журмін. Байес ды әулеттің баласы. Сахараны кезгенді доғарып, тутін түтегер мезгіл жеткен болар, қадірлі замандас. Тез жетіңіз, біздің үй іші және фортепианомыз сізді зарыға күтуде» деп көкейіндегісін жеткізіпти.

Достарының хатын еске түсірген Нәркес жынып койды. Ерлі-зайыптылар болса да, мінездері екі басқа-ау. Жазулары да сол мінез-құлықтарының айғағындаидай. Сергей сөзді шұбаттай, нақты ойын ғана жеткізсе, Еленада сезімталдық басым. Жазуының әріптері де біркелкі, кестедей-ақ тізіле қалыпты. Сергеидің қолтаңбасы болса, айқыш-ұйқыш, әріптерін ажырату да қын, асыға-усіге сүйкей салған тәрізді.

Бастасын еске алған Нәркенің жүзі жылып сала берді. Қалай жазса да жараса береді Сергейге. Мына жат өлкеде сол әулеттен өзге жанашыры бар ма? Тіпті сонау Ресейде де бұны іздеғен пендеме ырымға болсайшы. Емшектес әпкелерінің сиқы анау, шеттерінен тасбауыр... Лиза:

«Үйлен!» деп құлағын сарсытқалы қашан. Жаны ашымаса, сөйті ме?

Елизаветаның аққұба, әрлі қияпатын, сыйндарлы бойын елестеткен Нәркенің жанарына жылы шуақ пайда болды. Үш-төрт күрсақ көтерсе де, құлын мүшесі бұзылмаған құрбыға қызықпайды емес. Сергей аузының салымы бар азамат-ау. Анандай көгілдірді қолына қондырып алыш, шылқа майға шылқа батып жүр әнекей.

«Осы жерде тұрақтап, тұрмыс құр» дейді екен тату құрбылары. Айтқандары болсын-ақ. Құбыжықтай көрінген шет аймакка бауыр басып қалғандай осы күнде. Өз қандастары түгілі, байырғы ұлттың ішінен де дос-жаран табылған жоқ па? Бұ қазақ дегенің мейірбан, қонақжай халық екен. Анау Баялы, Жаналы сияқты бас көтерерлері орысты шір тұтқандай...

Өз ойының жетегіне қайтадан ерген Нәркені Мәмбетәлінің лебізі елең еткізді. Құймені тоқтатып тыска шығайын деп жатыр екен.

— Ал, мырза-еке, айыпқа бұйырмасағайсың, мен атқа қонайын. Ішің әбден пысса, шақырарсын, — деген сөзбен сапарласы тои етіп жерге секіріп те түсти.

— Байқа, көп журме. Дағдың жоқ, дүмің түсіп те қалар. Балырыңды қажатып алма, — деп ескертуді өзіне міндеп деп білді Әрке.

Қылышылдаған жас жігіт тілін ала қояр деген үміті де шамалы. Қырқын көгілдір жас-желең алғау дегенге бой алдыра қоймас. Өзі е сондай албырт дәуренді басынан өткізген жоқ па? Алынбайтын қамал болушы ма еді сол бір нағыз дер кезінде? Қайғыға жүнжітін бе жауқазын жастар? Мынау Мәмбетәлінің репетін көрген адам, үкіметтің қанды қақпанынан әрен құтылған жан деп әсте сенер ме? Бал-бұл жанған қияптының ағы ақ, қызылы қызылы...

Бегімбетке таман жіті адымдап бара жатқан серітін көзімен ұзатып салған Нәрке, тынысын тереңнен тартып бір күрсініп койды... Алайда, жас серігінің көңіл күйі жөніндегі долбары шындықтың ауылынан алысырақ еді. Іші қапырық қүймеде отыра беруге жалықкан Мәмбетәлі, өз ойынан да қашкысы келгендей сыртқа асықкан болатын. Қара жерге секіріп түскен соң-ақ, «манадан бері сейтсемші! Несіне сарылып отырдым?» деген оймен атынан түскен Бегімбетке көз тастады.

— Сантама килемісің, Мәмкө? Аяғындағы мына кебіссимағың салт журуге жарай қоймас, — деп құрдасы жетегіндегі торы арғымақтың шап айылын тарта бастаны.

Ауылдағы жас-желең Мәмбетәлінің есімін шұбыртпай «Мәмкө» деп атаса, үлкендер жағы «қаратаяқ бала» деп әзілдей беретін. Шаһар окуын тәмамдаған сон, шен иесі қызметкер болмағын мензеген түрлері ғой.

Құрдасының мына ұсынысына үнсіз ғана езу тартып, ішінен: «Аяғымдағы бәтенкені «кебіссимақ» деп кемсіткенін қарай гөр, мына ұя бөріктің! Бағасы бір тайға татитынын білсе ғой майтымақ неме» деп бозбасты кекетіп қойған. Бірақ бұл ойын сыртқа шығара қойған жоқ. Момын ауылдасы кіді алып қала ма деп, әзіл сөзді іркіп қалған.

«Мынауың жуас па өзі? Елеңдеген түрі жаман. Үркек неме тастап кетпесін» деп ауыздығын қарш-қарш шайнап, көзін алайтқан торыға секемдене көз тастап, шылбырдың ұшын ұстай берді.

Елге соңғы мәрте келгенде жана үйретілген бір донен берінен қыршып алғаны бар. Содан бері орнында тұрмай елеңдің малдан аз-мұз жасқанушы еди.

– О не дегенің? Тарпаңды мұндай жолға алам ба? – деп таралғыны сәл ұзартқан Бегімбет, жауабын сауал түрінде қайырды. – Бұ актабан торың өзі жуас, өзі жүрдек, өзі тайпалған жорға жауар. Бөркінді алишыдан кигізіп бол-бол қактырмаса, маған кел! – деп сендіре сөйлемді.

– Өзің міне аласың ба? Орыс ішінде жүріп салт журуді ұмыттың ба әлде? – деп тісін жарқырата әзіл де ілді. Аңқаулығымен қатар жаяу құлығы да жоқ емес-тін.

– Уа, мені кім деп тұрсын өзін? Бұтымда безім бар емес пе? Әкел атты сөзді қойып. Мақтаған жануарынды сынап көрейін мен. Үдемнен шықпаса, әуселендей де көре жатармыз, – деп бұл да әзілдеп, торының шоқтығына қолын апара берді.

Үзенгіге аяқты нығарлап қойып атқа бір-ақ қарғып мінді. Екі тізгін, бір шылбырды шенгелдей тақымды қыса беріп еді, торы жорға билей басып тайпала жөнелді... Бегімбет өз атына қонғанда, Дүйсен де дедбе қакты. Осы келе жатқандардың ішінде естіяры өзі екені есіне түссе керек, жол көргендігін анғартып:

– Ал кеттік, ия, сәт! Жас мырзаның жолын онғара көр, Жасаған ием, – деп сапарластарына естірте лебіз шығарды... Бұнысы Нәркені елемегендік емес, әрине. Оны әрі оқымысты, әрі ұлық деп сыйлайды Дүйсен. Әйтсе де діні мен тегі бөлек кой. Осында жол амандығын тілеуді қайдан білсін.

Торы жорғанын жүрісі шынында да жайлы екен. Құдды бір қайықта тербеліп отырғандай Мәмбетәлі насадтанып, төніреккес назар қыдыртты. Күннің көзі көтерілсе де ауа ыси қойған жоқ. Ат екінімен ескен самал бетті өбіп, жайлы тиеді. Бетегелі өлкенін көрінісі ғаламат. Жаз жаңбырлы болып, көк дүркірей шығыпты. Соны шөптің қымыздай жұтымды жұпар лебі бүркүрап жүргіншіні мас қылғандай. Самиян сахараның өзіне тән үні де бар. Күй-меден шығысымен-ақ, дала дауысы бозторғайдың шырылы болып жетті де, бір де бір сәт үзілместен төбеден төне тұрып алды. Мамыражай да бейбіт әуен. Маңқылып жатқан түздің әлді дарсін. Бұл әуезге қалың шөптің ішінен шыққан шегірткенің шырылы

косынып, көнілсіздеу келе жатқан Мәмбетәлінің жаңын жадыратты да жіберді.

«Па, шіркін, туған жер-ай! Ақ селеу бозыңа болайын» деп өзімен өзі тілдесіп, өкшені торының бүйіріне қадай түсті...

Бегімбет екеуі құйменің оң жағын ала сар желдіріп келеді. Елді, кең байтак жазираны қашалықты сағынғанын енді ғана түсінгендей Мәмбетәлі. Ел түтілі, мына тақымында ойнақтап келе жатқан торы азбанның өзі ыстық көрінгенін қайтерсі? Өз басын малсактардың қатарына қоса қоймаушы еді. Елде жүргенде малдың бар-жоғына тіпті мән де бермеген. Енді міне торыға қонуы мұң еді, жылқы баласын кәдуілгідей сағынғанын сезгендей болды. Жорғаның жібек жалынан мытып, түгі атластай құлпырған жұмыр мойнынан құшып, ашы тердің иісін құшырлана сіміре берді. Қазанаттың жүзіктің көзінен өткендей-ақ келісті мұсіні соншалық ыстық көрінгені. Ресей шаһарларында бұндай жылқы жоқ кой. Фаэтондарға жегілетін желгіштер іребдел болғанымен, қырдың сәйгүлігіне жету кайда! Денесі жеңіл, қағылез келеді ғой сахараның жүйріктері. Бойы тайлаққа жетегабыл, ебедейсіз «рысактар» бір айналғанда, түздің жылпос тумыш аты ұршықша үйіріліп он айналар. Мінске де берік. Күнұзақ жортсаң, белі бір болсансымас...

Тізгінімен алысқан торының журісіне көнілі өскен Мәмбетәлі сол қалыңқы келе жатқан Бегімбетке енсе бұрып:

– Оу, Бегім, қатарлассаныш былай. Немене, ізіме түскен кісідей желкеге төніп келесің, – деп дауыстады.

Бегімбет болса, жас мырзаны сыйлап, аттың басын әдейі тартыңырап келе жатқан. Жөн-жосықтан хабардар жігіт емес пе? Түйдей құрдас болса да, бай баласының орны бөлек екенін неге білмесін? Мәмбетәлінің сөзін бұйрық деп біліп, тізгін қақты да, үзенгі қағысып қатарласа жүрді.

– Ия, Бегім, елден не хабар бар? Тыныштық қой әйттеір, – ер үстінде бір жамбастай отырған Мәмбетәлі бар денесімен үзенгілесіне бұрылып, сұхбат құруға ықыраш білдірді.

Шынын айтса, ана тілін де сағынып еді. Нәрке қазақшаны едәүір менгергенімен, көп сейлей қоймайды, эрине. Оның орысшасының өзі жартылай французша. Және ұзак жолда екеуден-екеу не сөйлей берсін? Орысша шүлдірлеуден жалықталы қашап.

Қазактың ауыз толтыра сөйлейгін жалпақ тілін сонау Петербургте де аңсап жүруші еді. Енді мұнау өз ауылының бірге оскекі бозбасын көргенде, ел көшіп келгендей-ақ қуанып, тілдесуге асыққан түрі болатын.

– Елде не жаңалық болушы еді? Тілеуінді тілеп, өзінді күтіл жүр де ауыл-аймақ, – елең ете қалған Бегімбет асыға жауаптасып, тісін және бір жарқ еткізді.

Бұғанасы қатқан зіңгіттей жігіт болса да, насыбай ата коймайтын. Содан болар, маржандай тізілген тістері аппақ. Тісті ысқылап тазалау дегенді, ия ұлкендер сиякты мәсуәк қолдануды ғұмыры білмесе де, денсаулық арқасында болар, ауыз толы маржандарының ақтығы соншалық – тіпті көгілдір тартқандай көрінетін.

Құрдасына қызыға қараған Мәмбетәлі ішінен: «Мен гой күніне екі мәрте тісті ақ ұнтақпен ықсылап әуремін. Сонда да түсі сарғыш, сонда да азу тісте ақау бар. Мына қаратабан неме болса, тіс тазаламақ түгілі, бетін де жөнді жуа ма екен? Әйтсе де тістері жарқырап түр. Аузы толған зұбәржат дерсің. Азулары балғадай болар, құдай біледі» деген оймен күлім қақты.

– Айтпақтайын, жаңалықтың көкесі бізде екен ғой. Құдай ұрып естен шығара жаздалпын, – ақкөnl Бегімбет құдды бір қылмыс үстінде ұсталғандай-ақ, еңсесін тұқырта жаутаңдай қалды, – Жәния қарындасынды ұзатқалы жатыр кіші ауыл. «Өлітірісін» беріп те койды құдалар жағы. Тойға әзірленіп жатыр біздің ел, – деп бастап, бірталай мәліметті шұбырта жөнелді.

Жәния дегені – Мәмбетәлінің немере қарындасы. Жасы биыл он жетіде. Таңдырмаш келген жұқа өнді бойжеткен. Бегімбеттің кіші ауыл дегені – Нұралыға қарасты ағайын шоғыры... Асылы Шөбек әuletінде жетіліп қалған екі қыз бала бар. Біреуі аталмыш Жәния болса, екіншісі Мұқанның қызы Мәлике. Жас жағынан алса, кезек Мәликенікі. Бұл қыз өң жағынан да келімді. Тіпті, үріп ауызға салғандай сұлу десе де әбден сыйғандай. Он төрт жасқа ілінер-ілінбесте-ақ, сыбай елдер «Мәлике-сұлу» деп атайды. Мәлике әрі ажарлы, әрі қылышты болған соң:

«Ауылдың көркіндей бұл балам. Малға зәру емеспін. Бұландарап он жақта жүре тұрсын. Қайда қашар дейсін тұрмыс құру де-

ген» деп ұзату жөніндегі сөзді сырғыта берген. Айттырған жерінің малын да ала қоймадан. Мал берілген соң күйеу тек жатпасын неге білмесін?

Мәлике өзі де ерке болатын. Әкесіне өз дегенін істетуші еді. Келімді болған соң мінезі де тәқаппар. Ойын-сауықта мұрын шүйіріл, жігіт-желенді жарата қоймайды. Сырбаз қарындасының сол бір қылыштарын еске түсірген Мәмбетәлі миық керіп қойды. «Е-е, ерке тотайымыз Мұқан ағаны ырқына көндірген фой. Ағайын келесі бұл жаз Жәнияны ұзатпаққа ұйғарған екен» деп түйіп, сампылдай сөйлеп келе жатқан үзенгілесінің сөзіне құлақ төсей берді.

— Бұл бір айта қаларлықтай той болмақ, Мәмке. Ақан серіге де хабаршы кетті. Ойын-сауық жағын басқаратын шығар, келе қалса. Тамашаға қарық болармыз. Дөп келе жатсың, не қылса да, — деп білгенін дәттеуге асыққан Бегімбет жымия сөйледі.

— Қойшы-ей! Ақан серімен қырбай емес пе еді әкейлер? Сабазың біздің үлкендерді қирата сынап, бәйтіт шығарғаны қайда? — бұл жаңалыққа елең ете қалған Мәмбетәлінің көзі шарасынан шыға жаздағандай-ақ таңырқай қарай қалды.

Кейінгі қатынағанда, Шөбектен тараған ағайын серіге наразы болатын. Өз әкесінің мінезі томырықтау фой, бір кисайған жағынан түзеле қоюы екіталай. Нұралының да кепиеті атан түйеге жүк боларлықтай. Ішінде айлалысы да, икемге келгіші де Жаналы. Түптен ойлайтын сырқынды болушы еді. Қажет тұста өз намысын да ауыздықтап, кішірейе салуға бейім.

Мәмбетәлі елге соңғы қатынағанда, сол ағасы қымыз ішіп отырып туысқандарына: «Алжігітті бауырға тарту керек, мен білсем. «Таспен атқанды аспен ат» деген жоқ па атаң қазақ» дегенде, мінезі шапшандау Нұралы, — о ненің ақысы? Аузына уақып болсын, сайқымазақ неме. «Ауыз – дарбаза, сөз – самал» деп, көки бермей. Таңқан екен ойнайтын кісіні. Шөбектің бау-шарбағынан аулақ жүрсін әүейі неме, — деп жақтырмай қалған.

Баялы үндемесе де, Жаналыға ала көзімен ата қарап, мұртын жыбыр еткізген. Бұл анық құптамағандықтың белгісі.

Мәмбетәлі ағайын ішінде Жаналыны ерекше сыйлайтын. Кең ақыл, кішіпейіл мінездің иесі деп үлгі тұтушы еді. Қос бауырына

не уәж айтар екен деп, әрі жаны ашып, әрі қызығыш та құлақ түре қалған.

Жаналы дәл осындай қарсылықты күтсе де керек, айылын да жиған жоқ. Керісінше, көзін қулана жылт еткізіп, жымысын мұрт тасасына жасыра қойды. Іле салмақты нысайфа мініп:

– Оу, ағайын, біз жактырмаданмен, елге қадірлі болып тұр-ау бұл сері. Әйтпесе қайбір емешегім үзіліп тұр дейсін? – деп әріrek жайғасқан Мәмбетәлігे де көз тастап қойып, кеңесін өрбіте берген. – «Шамның жарығы түбіне түспейді» демекші, өзіміздің Қарауыл болған соң көп елей бермейміз Ақжігітті. Әйтсе де, біз міссе тұтпағанмен, иісі Алашқа аты кетті бұл серінің. Оған сонау Қояндыға барғанда көзім жетті де. Қанбазар жәрменекеге бір шеті өр Алтай, бір шеті Жетісудан саудагерлер келетінін білесіндер. Арғынды былай қойып, Үйсін, Найман, Абақ Керей тоқайласар тұс та осы. Сол шалғай жатқан елдер Акан серінің әнін де біледі. Әмірбаянынан да хабардар. Қайсыбіреулері Атығай-Қарауылды білмесе де Ақаның атына да, әніне де қанық... Біздің кей кекірлеріміз шам көріп, тыжырынса да, ақиқат осы. Демек, Ақжігіттің аты өшпейді деген сөз бұл. Ұрпак ауысса да, ән жасай бермек. Олай болса, ертеңгі ұрпаққа жеккөрінішті болмайық десек, Ақжігітпен табысқан жөн. Біз мойында масақ та, бұл өнерпаздың ныс-пісі таурихта қалмақ тәрізі бар. Өштескенді де, достасқанды да ертеңгі буын ұмыта қоймас. Зәузатымыз, жауқазын ұрпағымыз бізге бола ұятқа қалмасын десек, серімен ат құйрығын кесісуге болмас. «Ұлық болсаң, кішік бол» демекші, ісік мінез кімді үш-пакқа жеткізген? – деп сөз аяғын сауалға тіреп қойған.

Баялы бірден жауап қатпаса, Нұралы көп ойланған жок. Ағаларын арқа тұтып өскен кісі ғой, мінезі киіпкетпелеу еді.

– Е, немене, аяғына жығыл деймісін? Атағы Алашқа кетпек түгілі, Шың-Машын асса да мейлі. Әні үш қазаққа мәлім болса да, сал-серінің өнері кімге дәрі? Ет пен тері арасындағы желік те. Кесер бас, жүрер аяқ, шұрқыраған жылқы болмаған соң, салмағы қаңбақ құрлы жоқ дей бер. Кейінгіге аты қалғанымен, көрген күні мұқтаждықпен өтсе жетіскені қайсы? Ондай данқы өзіне! – деп бастырмалатып ірге бере қоймады.

Баялы болса, қос туысқанына назар қыдыртып өтіп, өзіне қарай қалған Мәмбетәлігे көз тастап қойған. Жалғыз ұлға тәлімсіп

сөйлөйтін әдеті жоқ еді. Баулыса өз карекетімен, үлгісімен баулитын. Сол жолы да, «мына сөзімді санаңа токи бер» дегендей, мағыналы бір қарал, лебіз шығарған.

– Бедел де, абырой да ежелден күштіде. Күш дегеніміз билік қой. Билік пен байлық ұштасып жатпақ қашанда. Қофамда ұстемдік қылатын осылар ғана, – деп Жаналыға көз төңкеріп өтіп, ойындағысын дәттей берді, «сал-сері, ақындарда салмақ жоқ» дей алмаймын, әрине. Қөшпіліктің еркелері екені де рас. Алайда, сол көшпіліктің өзінде не қауқар бар дейсін? Ауызбірліктен жүрдай тобыр әншейін. Құм жиылып тас болған ба? Бұқараның тізгініне ие игіжақсылар қашанда. Ақының бар, серің бар, жақсылардың ырқынан шықпас болар. Сынар езуlep бұра тартса, өз обалы өзіне. Отырған жоқ па сол Ақан серің өз қыныр мінезінен опық жеп? Ұздігіп сүйгені не керек, мағшұғынан қол ұзді әнекей. Қотты тұрса фой, қалыңмалын беріп, маңдайынан шертіп жүріп алар еді ұнаткан шөпжелкесін... Ол аздай-ақ, қонысынан да айырылды, азулымен егесем деп.

Даңқы қазақ түгілі, әлемге кетсе де не пайда, мінер ат, ішер астан тарықса? – деп бір қайырып, көзінің құйрығын Мәмбетәліге және жіберіп қойды. Тындал отыр ма екен деп барлағандай. Ұлының кең ашылған көзін, құлағын түре қалған сергек қалпын байқап, көнілі көншісे керек, тамағын кенеп алып, сөзін өрбіте берді.

– Ғұмыр бір-ақ мәрте беріледі, біле білсек. Қамшы сабындаі сол ғұмырды рахаттанып кешкенге не жетсін, шіркін! Рахат дегеніміз не? Рахаттың көкесі – ұстемдік құру. Оған қол жеткізген – сүт бетіндегі кілегей сияқты игі жақсылар... Ал енді өзге шортмазарат, кәкір-шүкір атаулы сол жақсылардың шашбауын көтеруппілер ғана. Өнерпаз деп дәсердей қылатындарың да сол тобырдың ішінде... Ақанның даңқы ертенті ұрпакқа кетеді дедін-ау. Көзің кеткен соң, даңқтан не пайда? Тірліктеге көрмеген қызық адыра қалсын, маған салса. Жалба тымақ бұқара иіліп қоғадай жапырылса, мұратыңа жеткенің емес пе? Дәулеттің исі болсан, жауынды да мұқатасын, өнерпаз атаулы да алдында құрдай жорғалар. Ақын біткен майпандақ, мадақ жырын десте-дестесімен төкпесе маған кел! Ақынның ғазалы, серінің әні де сатулы емес пе? Бір шапан кигізсөң, таңды-таңға ұрып, өңеші іскенше кар-

куардай сайрап берер. Небір заржакты көріп те жүрміз ғой, сөз айын. Мақтаған Ақаның шаяндай улы тілінен жақсызда, жазып жүр екен. Алатаудай атағы жақсыздардың кәрінен араша болар ма екен, көрерміз әлі-ақ, – деп кенесін тұйықтаған болатын.

Сол бір мөлтек мәжілісте Жаналы жалғыз қалып, сөзі өтпел қалған. Енді міне, Бегімбет естірткен жаңалықтың түрі мынау. «Бұ Жәкем әрі табанды, әрі айлалы еді. Ағайынды қажай беріп, ақыры дегеніне жеткен болар» деп түйіп, Бегімбетті және сөйлеткісі келді.

– Оу, Бегім, осы Ыбырай жөнінен не хабар бар? Кейінгі бір келгенде «Үкілі» деп атанғанын құлағым шалып еді. Сол атануы баянды болды ма екен? Мен естіген әні әлемет еді. Сол өнерін қуып жүр ме әлі? Доғарған жоқ па әйтеуір, – деп соны тақырып ұсынып, сауалды түйдегімен жіберді.

Жол серігі жауапқа еш мұдірген жоқ. Мұдірмек былай тұрсын, өзіне таныс мәселе қозғалғанына қуанған немеше көзі шырадай жанып, шыбындаған жылқыша басын шұлғи берді.

– Ой-бой, Мәмке-ау, есіме жақсы тұсірдің-ау. Сол Ыбырайды да айтқалы келе жатыр едім, – Бегімбет бірер сәт кідіріп, кеберсіген ернін тілімен жалап қойды.

Бұл әдеті Мәмбетәліге бала кезінен-ақ мәлім еді. Кішірек кезінде құрдастары «ожалак» деп ат койып, айдар да таққан Бегімбетке. Сокталдай жігіт болса да, сол машығы әлі қалмапты.

Мәмбетәлі керіліп бара жатқан езуіне ие бола алмай мыре берді де, ішінен: «Мына шіркіннің тілі мұнша ұзын болар ма? Сиыр сияқты танауына жеткізе жаздады ғой мұндар саппас!» деп құрдасын кекетіп қойды.

Бегімбет болса, тершіген маңдайын көнетоз бөркімен сүртіп жіберіп, білген-түйгенін дәттеп келеді.

– Әнді доғарды ма дейсің-ау! Қайдағы доғарған! Талай қызырқынға ән арнап шығарып, атағы дүрілдеп тұр сол Ыбырайдың. Өз басым лебізін ести қоймасам да, есіткендер жер-кекке сыйғызбай мактап жүр әйтеуір. Жап-жас басынан ақындық та құрып жүр деседі. Өтірік айтса өздері білсін, аттыға жол, ауыздыға сөз бермейтін өжет те өзі, ділмэр да өзі деп, ауыздарын кепердей созады көріп келгендер... Тіпті Ақан серінің өзі бұны «ізбасарым» деп дәріптесе керек. Не шықса да біздің Карапуылдан шыға-

ды той айтсуір, – осы тұста Бегімбет кираткан немесе басын кекжесін еткізіп, қораздана калды. «Мені көрдін бе?» дегендей-ақ сұхбаттасына тоқмейілсі қарап та қойды.

Бұл сықпытаң іштей келемеж қылған Мәмбетәлі:

«Қайран, қазағым-ай, бала мінезің қалмады-ау есте! Рушылдығын мына жаман неменің. «Трайболизм» деген дергітен арылар күн болар ма сірә? Мына түрімізben қайдам! Надандықтың шырмауынан шығу оңай емес-ау. Аттың төбеліндей-ақ аз қазақ руга бөлініп, бір ұлтты алалаған соң не оңсын? Құмырсқаның илеуіндей кара нор орыспен мына түрімізben қайтіп иық тенестірмек піз?» деп ой қуа келе, сынның сокпағына түсіп кеткенін өзі де аңғармай қалды.

Ыбырай жөнінде есіткен хабар елең еткізіп, сонау бір танысип-біліскең күнді еске түсірді. Содан бері дидарласудың сәті түспепті. Ыбырай тарту еткен қолжазба кітапты әлі күнге дейін сактап келеді. Петербургке де ала барған. Өз үйіндегі сандық-сандақ кітаптан біреуін де қаламай, бала Ыбырай берген қолжазбаны тастамай жүргені өзіне де жұмбак, шынын айтса. Сонау шалғай шаһарда, жат қауымда бұл кітапты туған елдің көзіндегі көргені анық айтеуір. Бетін ашып үңілсе болды, Жаман Жалғызтаудағы жүздесу мен сырласу көз алдына көлең етіп шыға келер еді. Ыбырайдың жыр сұңқылдатып отырған порымы, қуатты, сөлді лебізі жадта жаңғыра кететін.

Өз ауылында талай ақын-жырауларды көргені де бар. Таңдытанға ұрып, қисса анырататын өнерпаздар жоқ емес қой. Күміс көмей әншілер болса, Шәбек әuletіне қарасты ауылдарда тілті көп... Эйтсе де Ыбырай сиякты жеткіншектің орны бөлек сияқты. Біріншіден, қылқан кескендей жап-жас басымен соншалық көлемді дастандарды жаттап алғаны тәнті етті. Екіншіден, өжет те жайсан мінезі қызықтырды. Және бір таңғалдырғаны – тапқырлық пен шешенендік. Заматта суырып салып өлең суылдатқанда, жеткіншектің көкірегінен шыққан сез деп илану да киын. Тіскаккан, ысылған ақындай көследі-ау қасқан... Аталмыш қабілеттің бәрі Мәмбетәлінің өз бойынан табыла қоймайтын. Содан болар, Ыбырайға ұқсағысы да келді. Сонау Петербургте оқығанда еліктеп те бақкан.

Бетен орта деген оңай ма? Қазакша тілдесер жан ырымда да жоқ. Нәрке тілдің ұзын-ыргасын түсінгенімен, кілтиланына тиесінде қақ. Және сыр ақтарысып, шешіле сөйлесуге құлықсыздау. Шынын айтса, әу бетте оңай тиғен жоқ жат ортадағы тірлік. Әріптес студенттердің дені сыпайы келгенімен, ұлтшылдары, кеппелері де жоқ емес-тін. Бұны «бұратана, жабайы орда» деп өздерінше кемсіткендері де болған. Бір-екі жыл бірге оқып, біте қайнасқан соң ғана омырау мінезден амалсыз тиылды сол ісіктер. Онысына себеп болған Мәмбетәлінің үздік оқығандығы. Білім деңгейі тұрғыластардан асып түскен соң, мойындағы қайтсін?

Орысша, французша шүлдірлеген қауымда өз басын соншалық бір елеусіз сезініп, жалғызырап жүргенде, жалдаған пәтеріне келіп Ыбырайдың қолжазба кітабын ашатын. «Арқалық бағыр» дастаның оқи бастаса-ақ, осы жырды әуелеткен құрдасының бейнесі еске түсіп көлең ете көріне берер еді. Арынды лебізі, өжет те қуакы ұшқын шашқан аялы көздері, күнге тотықкан сүйкімді дидары, бәр-бәрі ап-айқын сурет болып елес беретін. Жат ортада жүрген қандасына:

«Еш қамықпа, бауырым! Жалғыз емессің. Сенің қара нор халқың, астана жұртың бар. Шешен де орамды тілің бар. Сол тілді еркін менгерген сұртандай ділмәрлар да баршылық. Бұл шешендердің жетесіне таусылмас азық болар, жыр коры да бар. Ол қордың шеті-шегі жоқ дерсін. Бұ сынды асыл қазынасы бар елдін баласы кімнен кем болғандай? Еңсөн түспесін, бауырым! Орыс тылымын үйрене бер. Озық үлгісін елге әкелерсін» деп, дем бергендей.

Ібырай көшірген қисса, әнші де ақын баланың өз елесі дәткес қуат бітірер еді. Не сикыры барын қайдам, әйтеуір жеткіншек ақынды еске алса-ақ, өркештеніп қалатын. Әйтпесе, жердің түбі алып шаһарда соқа басы жүру деген оңай болып па? Ол жактың табиғаты да қазақ баласына қолайлы емес-ау. Ауа райы үнемі сұрланып, бұлттанып тұрғаны. Күн көзінің күлімдеп жадырауы мұлдем сирек. Ауасы сыз, көшелері тас. Сарыарқаның көгорай беліне, қымыздай жұтымды ауасына, жарқыраған күннің көзіне жету қайда!.. Алып шаһарда туып-өсken кісі салтанатты зәулім ғимараттарын, жағалауы таспен шегенделген Нева өзенін, аумағы атшаптырым Сенат алаңын дәріптейтін де шығар. Дәріптеп кана

қоймай, «атамекенім» деп жанындаі көретін де болар. Онысы түсінікті де. Еуропаның ең дарынды деген архитекторлары жобалаған, ғажайып шаһар екенін бұткіл әлем қауымдастыры да мойындаған. Эйтсе де, сахараның төлі Мәмбетәлі сол сәулетті шаһарға бауыр баса алмай-ақ кетті. Онысына өкінбейді де. Тұпқазығы бұнда емес екенін бір де бір сәт естен шығарған емес. Алтын қазығы мына маңқия көсілген сар дала екенін дүниеден баз кешкенде ғана естен шығарар. Тұған жерге деген махаббаты сүтпен кірсе, сүйекпен ғана кетерін қайтіп білмесін?!

Десе де, сонау ішкі Ресейге де әжептәуір бауыр басып қалыпты оку сонына түскен жылдарда. Он төрт жасында Петербургті тәу көрсе, жиырма үшке толған кезінде қош айттысуға тұра келді мінекей. Аттай тоғыз жыл деген оңай ма? Және адамның нағыз қалыптасар шағы ғой. Бала кезде бір күн бір жылдай, бір жыл болса, тұтас бір ғұмырдай болып көрінетіні мәлім. Әсіресе, елден жырақ, бөтен ортада жүрген бала ушін уақыт деген сағыздай созылмақ. Оның үстіне Мәмбетәлі сияқты әсершіл балаға алғашқы жыл аса ауыр тиіп еді. Елге қайтар әр күнді санап, санамен сарғайып жүргені. Қасында Нәркө болмаса, бәлкім іш құсаға бой алдырып, елге тартыш та кетер ме еді, қайтер еді? Ұлты басқа болса да, ауылды көрген, қазактың мінезіне қаныққан кісі ғой. Қанша айтқанымен серік... Не керек, екі-үш жыл өткен соң ғана, әзпірімдеп көндікті-ау бөтен қауымға. Көндіккені сол – тіпті алғашқы махаббатын да сол ортадан тауып еді.

Бұз табиғат дегенің бұлжымас заны бар емес пе? Пенденің жағдайын ескерсін бе? Мәмбетәлінің өзге ортада, басқа ұлттың ішінде жүргенін елеген жоқ жаратылыс деген. Мезгілі жеткенде жеткіншектің сезімін ғашықтыққа бөледі де жіберді. Тегінде, мезгілі жеткенде адам баласы махаббатқа еріксіз бой алдыrsa керек-ті. Маңайда қазақ қыздарының ырымға да жоқ екенін ескерсін бе сезім деген? Көзі шегір, ерні қаймыжықтай, дудыраған шабдар шашты орыстың бір қызалағына ғашық етті де жіберді.

Ныспысы Ольга деген ол жеткіншек қыздың тегі тіпті орыс та емес, украиндік екен. Онысын анықтаған, ия мән берген Мәмбетәлі жоқ, құлай сүйіп, өліп-өшті де қалды. Қан-сөлсіз шикіл сары өнін, істіктей мұрның қаперіне де алған жоқ. Сүйегі нәзік, тал-

дырмаш бітімді сол бір қызалақты періштеге балаш, бар міндер көзді жұмыш кеп жібергені.

Ғашық болғаны да қызық. Өзі де әлі он бестен он алтыға қараған қылқан кескендей жас қой. Жақындастып, тіл қатысу дегенді еш ойына да алмаған. Өз елінде жүрсе, ерте пісіп, ерте ширап еді бәлкім. Ауылда өскен бала қаршадайынан қызойнақты қөріп, жастардың алтыбақан сиякты ырду-дырду өрмегін тамашалап жетіледі ғой. Бұл болса, алып шаһардағы қауымда күн кешті. Қыздар дәріс алатын гимназиясы да ер балалардікінен бөлек. Ауласы қөзкөрінім жерде демесен, оку орындары екі басқа. Бірак сол аулада алыстан көзі бір шалғанның өзін дәсердей қөріп, кәдүілгідей шаттыққа бөленіп қалушы еді. Өзге құрбыларына қарағанда, киім киісі жұптынылау болатын Ольганың. Сірә, пәлендей ауқатты әулеттеп болмаса керек. Кей қыздарды нардай биік желгіш арғымақтар жегілген сәнді күйме-экипаждар күтіп алыш экетер еді. Басыбайлы көшірі козлоға қонжия қонған, сәнді киінген малайы есігін ашатын дәулетті үйлердің дербес көліктеп ғой. Оля қызды болса, картандау бір ереккә жаяу-жалпы тосып алатын. Сірә, гувернер болса керек, имиген түріне қарамай құтындал, бәйек болып жүргені.

Қыздың қасында нәкері болған соң, жолығып тіл қату мүмкін емес, әрине. Алайда сөйлесуді көздеген Мәмбетәлі жоқ, алыстан ғана тамашалап сонынан еріп отыrap еді. Тым жақындан кетуге де бата алмайды. Ия қыз, ия серейген ұзын тұра нәкері сезіктеніп қала ма деп қаупайлайтын. Сонадайdan көзін тойдырып, бір көрғеннің өзіне кәдүілгідей марқайып қалушы еді. Сыздаған жүрек байыз тауып, жан рахатына бөлене, тәбесімен көк тірегендей әсерге бөленетін.

Ия десенші, сөйткен алғашқы махаббатының дерті де біртін-біртін жазылды-ау. Осы күні еске алса, үнсіз ғана жымыш қояды. Өз ынжықтығына ұялғандай. Ольгаға өз сезімін еш сездірмей кетті-ау... Қайда екен сол шикіл сары қызалақ? Тұрмысқа шығып, байсалды бір бикеш болған шығар ендігі. Қайда жүрсе, де бақыт-қа бөленіп, мұратына жетсін көз көрген құрбы. Адам баласына Тәңірі сыйлаған ең ізгі сезімді оята білген жан емес пе?..

— Оу, Мәмке, тізгінді тарта отыр! Ақбақайдың мойны бусаңып келеді еken. Абайламасаң болмас, — қамшылар жактан оқыс жеткен Бегімбеттің үні еріксіз елең еткізді.

Тақымындағы торының мойны шынымен-ақ тегіс терлепті. Басын шұлғи тастап, жүріс тілегендей тізгінді керіп келеді. Бірер мәрте оқыранып та қойды.

— Жуас мал дегенің қайда? Әлгінде ғана мақтауын асырып едің ғой. Ендігі абайла дегенің қалай? — деп таңдана қарап еді, көзін жыптықтатқан серігі, — жуасы жуас қой. Эйтсе де, еті қызыса, ағып кететіні де бар. Тізгінге ие болып, алаңсыз отырма деп, ес-керткен түрім дағы, — деп жайды ұқтырды.

Торы жорғаның басы каттылау екенин енді ғана сезді Мәмбеттәлі. Кептен бері салт журмеген соң ба, қары тала бастағандай ма, қалай? Эйтсе де тақымы сүйсініп барады. Арынды жануар болсада, ала жөнелетін малға ұқсамайтын сияқты. Ауыздығын қаршашаң шайнағанымен, ырықтан шығар тарпы әзірше біліне қойған жоқ. Бегімбеттікі не ендеше? Әлде іші пысып, үзенғілесін сөзге тартқан түрі ме еken?

Сар желдіріп келе жатқан серігіне көз тастап еді, құрдастың репеті дағдылы салмақты қалпында сияқты. Сонау жер түбінен келе жатқан жас мырзаны мазаламақ ойдан мүлде ада дерсің. Мәмбеттәлі өзі тіл қатпаса, сұрылып сөйлер тарпы да жоқ.

«Е, бәсе, мен білетін Бегім болса, салдарлы мінезінен жаңылмаса керек-ті» деген оймен сапарласының бойына көз қыдыртып өтті. Сыпайылық сақтағанына көnlі толғандай. Ауылдан ұзап шыға қоймаған бозбас бұнның көкейіндегісін ұфа қойсын ба?

Артқы қасы жалпақ, былғары көпшікті, жez пыстанды жайлыш ердің үстінде шалқайынқырап отырған Мәмбеттәлі ой жетегіне қайта ергенін аңғармай да қалды. Жадтан шығарайын десе де, пәлен жыл дәмін татқан алып шаһар оңайлықпен ұмыттырар емес-ау мүлдем. Әсіресе кейінгі жылдардың оқиғасы ғұмыры ес-тен кетпестей. Тұтқыр сары желіммен жабысқандай-ақ, сананы еш босатар емес... Ниеттес дос-жаранның тұтқынға алынуы. Жандармның соққысы мен тепкісі. Басшы азаматтардың кәтіргіге айдалуы.

Бұлар үкіметке қарсы қол, іс-қимыл-әрекет жасап үлгерген де жоқ еді. Бар қиратқандары — жиі-жиі бас қосып, жастардың ара-

сында монархияға карсы үгіт-насихат жүргізу. Бірер үндсөн жаңа таратқандары да бар... Алайда, үкімет болмашы қарсылықтың езін басып-жаншып әңгіртаяқ ойнатып тынған. Себебі, Софья Перовская бастаған наразы ұйымның бір тобы Александр екінші патшаның қыр соңына түсіп, бірер мәрте өлтірмек болып карске жасаған еді. «Ресейдің бұқарасын қанап жүрген кертартпа монарх, демократияны тұныштырған барып тұрган деспот» деп үкім шығарып, көзін жоймақ болады. Ақыры мақсатына жетеді де. 1881 жылдың бірінші наурызында патша экипажына бомба тастап, Александр екіншіні о дүниеге аттандырады жанкешті жастар. Бірінші бомбаны тастаған Гриневицкий деген бозбала табан астында өзі де өледі. Әйтсе де екінші тасталған бомба нысанага дөп тиген. Бұл қарекетті басқарған эскери губернатордың қызы, ақсүйек әулетінен шыққан Софья Перовская еді. Бір империяның ұстынына дақ түскен соң, үкімет қарап қалсын ба? Наралыққа қатысы бар студент атаулы тұтқындалып, дені жазага тартылады. Жиыны екі жарым мындей жас-желең істі болады сол бір көктемде. Ишінде Софья бар, бес басшы азамат «Семенов плацы» аталатын аланда үшінші сәуір күні дарға асылады. Софья Перовская билікке қарсылығы үшін дарға асылған алғашкы әйел болды.

Қылшылдаған кіл жас-желеңді өлімге қып жіберді қаһарлы билік. «Оқығандар-ау» деп, «ақсүйектер-ау» деп еш мұсіркеген жоқ. Қандай-қандай азаматтар ажал құшты-ау жап-жас басымен! Орыс ұлтының іріктісі дерсің. Әсіресе, сонау жеткіншек шактан сыралғы дос Андрейді айтсаңы!..

Ойга шомған Мәмбетәлі кенет қабағын түйіп, өнді бұзыла калды. Алқымына тіреле калған түйінді жұта алмай, көзі жасқа тола бастағанын да сезді. Ұзенгі қағысқан Бегімбет бұл босағанын анғарып қала ма деп, қымсынып та келеді. Ер-азаматқа көнілшектік жараспайтынын білмейді емес, әрине. Әйтсе де, оңаша болса, егіліп жылап та жіберер ме еді, қайтер еді? Соңғы мәрте көзіне жас алғанды ұмытып та кетілті. Жеткіншек кезінде әлжуаздау болып, ересек балалардан теперіш көргені де бар. Сонда да көзі көгеріп, мұрны қанап жүрсе де, жалынып, біреуге мұң шаққан кезі жок екен, откенді еске алса. Тіпті былтыр ұсталып, қол-аяққа кісен салынып, көзі ақиған бір жандарм:

— Саған не жоқ, бұратана неме? Александр екінші сыңды асқаралы таудай патшаға сен де айбат шекспек болдың ба, өле алмай жүріп? — деп ақырып, — енді дарға асыласың, бәлем! Мына қолыммен тұра өзім иттей керіп асып қоярмын! — деп күрзідей жұдырығымен құлақ-шекеден тапсырғанда да сыр бермеген.

Аузы-мұрнынан қан бұрқ еткенде де, жүректе пәлендей қоркыныш жоқ еді-ау. Бір қызығы, көңіл қобалжыса да, арғы жағын еш ойламапты. Жастық жігер ме, әлде төнген қатердің бар салмағын парықтамағаны ма, әйтеуір алдағы ажал сәтінен де сескене койған жоқ.

«Топас жандармың домбытпасы болар. Өлімге айдағандай не дүниені бұлдіріппіз? Оқ жұмсан, ия жарылыс ұйымдастырған жерім жоқ. Бар қиратқаным — үндеу таратқан екенмін. Зәүісайтан іс насырға шапса, дос-жар көрген кепті мен де көрермін. Серіктерімнен жаным ардақты емес шығар» деп түйіл, өз-өзін қайрай берген.

Ұсталған топта азиялық нәсілден жалғыз өзі ғана еді. Өзге сеңіктері жаппай орыс. Қайсы біреулері қазақ деген ұлттың барын білмек түтілі естімеген де. Бұны қалмақ, ия тунгуспен шатастыра беретін. Тергеу барысында іс ушыға бастап, өлім сағаты елестей бергенде, ішінен бар тілегені:

«Құдая, дәтке қуат бере көр! Ата-баба аруағы, қолдай көріңіз. Ақтық сәтте осалдық танытпауға жәрдемдес, Жасаған ием. Арпа ішінде бір бидайдай, соқа басым шетте жүрген бір көдек едім. Әзірейіл келіп, жан аларда сыр бермейін тек. Ұлттымды ұятқа қалдырmasам болғаны. Жауынгер елдің баласы емес пе едім? Сол ержүрек бабалардай ажал аранына кірпік қакпастан күмп бермекке мызғымас сабыр бере гөр, Тәңірім» деп жалбарына берген.

Сол бір санамен сарғайып, жүйке жұқарған мезгілде «Арқалық батыр» жырын еске ала беретін. Жалғыз таудың баурайында Ыбырай сыңды жеткіншек нәшине келтіре қирағаттаған әйгілі дастанды ішінен қайталай берген. Қалмақтың қолына түсіп, көп кинау көрген ер Арқалық өз серігі Жұбай дүре жеген азапқа төзе алмай тәлтіректеп, жатқан жерінен тұра алмай қалғанда, ақырып қалып еді. «Жұбатар әкең бар ма еді бұжерде? Тұр кәнекей, дұшпанға таба болмай!» деп намыс шақырған болатын.

Арқалықтың сол бір сөзін жадқа мықтап токып алды М.А., тәлі. «Әйтеуір өледі екем. Жалынбай ажал күшайып олай барыншада деп барынша бекініп баққан.

Ерік-жігерін жаңыған шақта ақын бала Ыбырайдың бейнесі де көлең етіп жадта жаңғыратын. Қунге тотыққан келімді дидары ойнақы да өжет жылт ұшқындаған жанары елес берер еді. Батырлық қиссаны барынша беріле жырлағаны ерекше еді-ау, шіркін! Құдды сол бір жаугершілік заманың өз өкілі ғайыптан пайда болды дерсің. Домбыраны құйқылжыта тартқаны, жырды арындағаты төккені, құдды бір тоғанды эне-міне бұзгалы тұрган асау толқынды дарияны елестетуші еді. Жап-жас басымен ұлттың қайыспас рухын бойына сіңіре біліп, жыр мақамымен жеткізді-ау Ыбырай бала...

«Шетіңнен ауыр жазаға тартыласың. Бұ фәнимен бакұлдаса беріңдер» деген жат хабар жеткенде, қолқа тұсы шым етіп, жүргегі атқақтай жөнелген еді. Сол бір азап сәтте тоңазыған бойын әрен билеп: «Дәл қазір менің орнымда Ыбырай құрбым болса, кайтер еді? Мен сияқты зәресі ұшып, апалақтап қалар ма еді ол дағы? Тізем дірілдеп, тісім сақылдан, сорым қайнап отырған түрім мынау. Ол да ет пен сүйектен жаратылған пенде ғой, ұнжыргасы түсер ме еді?... Жо-жок, олай болмас! Қаршадайынан батырлық жырларды жаттап өскен жастың берекесі қаша қоймас. Атам қазақтың атұстар атанған айдарлысы ажалдан тайсалмаған екен. «Еркек тоқты – құрбандық» деген аталы сөзben өз өмірлерін кия берер еді. Жеткіншек Ыбырайдың кайсар порымы сол ерлікті мегзеп тұрган жоқ па еді?.. Мен сияқты салым суға кетіп, жүнжіп отырап деймісің?» деп өз басын қайта-қайта сынап, жүргегін орнатуға тырысқан болатын.

Сол бір сұрланған қалпын Андрейдің анғарып қалмасы бар ма? Бұның ішкі арпалысын ұққандай мейірлене қарап:

– Әлі, достым, немене үндемей қалдың? Номадтардың үрлагы емессің бе? – деп езу тартты да, құлағына төнен беріп, – сенің арғы бабаларың Ресей түгілі, Еуропаңың қақ төрінде ат ойнатқан. Қытай өзінің ұлы қорған қабырғасын еріккеннен салды деймісін? Қошпендерден ыққан соң салған... Топас жандармерияның қоқан-лоққысынан ығайық па? Не істеуши еді дүлей күш? Өрі кетсе,

жанды алар. Әділеттің үнін өшіре алмас. Натша деспотиясының тамыры әлі-ақ қыркылар, – деп, дем бере сөйлеген.

Өлім жазасына тартылу үкімін есітсе де, өз қара басына қайғырмай, серігінің қамын көздегенін айтсаңды. Андреймен бірінші курстан-ақ тату болатын. Бұны өзгелер бұратана көріп шеттептің жүргенде, өзі келіп жақындаш жылы ұшыраған. Басқалардың Мәмбетәлінің есіміне тілдері де келмей «Михаил» деп орысша айдар тақса, Андрей қашанда қадірлеп толық аттайтын. Бертін келе Нәркеге елікте «Мәке» ия болмаса «Әлі» дер еді.

Талай рет өз үйіне қонақ қылып ертіп те апарған. Васильевский аралында шешесімен ғана тұратын Андрейдің құжырасын бара-бара тіпті өзімсініп те алған Мәмбетәлі. Шешесі өздері оқыған университетте шығыстану кафедрасында қызмет атқаратын. Түркі, парсы, араб тарихынан дәріс беруші еді. Шығыс тілдеріне де жетік болатын. Содан болар, салған жерден Мәмбетәліге он қабак танытқан. Бойы бәкене ғана, сезі сыпайы, жүзі иманды сол ұстаздың аналық мейіріміне бір кісідей-ақ бөленіп еді. Шешесінің үлгісі болса керек, Андрей де шығыс тарихына аса жетік болып шықты. Мәмбетәлінің таң-тамаша қалғаны – түркітілдес халықтар жөніндегі мол білімі. Қазақ хандығы туралы да мағлұматы әп-әженттәуір екен.

– Сенің үлттың қырғыз-қайсақ емес, қазақ қой. Руың, тайпаңды білемісің? – деп сұрағанда, Мәмбетәлі аңырып та қалған. «Мынау өзі көрші ауылдың шалы сияқты ататекті қазбалай бастағаның қай жағы? Петербургке келіп трайболизмнен құтылдым ба десем және алдыман шыққаны ма? Айдаладағы орыстың өзі руды сұрай бастағаның қайтерсің?» деген сауалдар санада тізіліп, езу тартқан болатын.

Қапелінде сөз тапсайшы. Есін жиған соң:

– Е, әлбетте. Білмей не көрініпті? – деп ататегін қысқаша пашеткенде, қира шашының сақиналана біткен кекілін артқа бір қайырып қойған Андрей:

– Тайпам – Арғын деймісің? Пой-пой десенші, осал болмадың ендеше! Тарих сахнасында ежелден-ақ із қалдырған танымал елдің үрпағы екенсің. Сонау Сібірдегі Енисей өзенінің бір тармағы «Аргунь» деп аталады. Ал екінші Аргунь өзені мына тұрған Қаптауында. Тегіннен-тегін ат қойыла ма? Бағзы бір замандарда Ар-

ғын тайпасының мекен еткен өлкелері де. Демек, сениң байындыңдың
рыңың өткен жолы, – деп тұздай көкпенбек көздерін Мәмбет атындағы
те қадамасы бар ма?

Екеуінің достықтары сол бір оңаша сұхбаттан басталып еді-
ау. Басталауы мұң екен, көңілдері жарасып, арадан қыл өтпестей-
ак сырлас болды да қалды. Қөлденең көзбен сырттан қараса, по-
рымдары бір-біріне мүлде керегар. Мәмбетәлі бойы науша, қып-
ша бел келсе, Андрейдің сүйегі сом, бітімі төртпак. Бет әлпеті де
жалпақ, иегі ауырлау, қою жирен қасы, бакенбард сақалы өнін
есеите түскен бозбас еді. Бой түркы марқұм әкесіне тартса керек,
айта қаларлықтай қайраттың иесі де болатын. Үлкен шаһарда не
көп, қағылған-соғылған бұзакылар көп емес пе? Әсіресе трактир-
лер төнірегін көбірек торуылдай жүретіні бар. Ондай жерлерге
студенттер де бармай қоймайды, әрине. Жастың аты жас емес пе?
Бозбастьардың ішінде ішімдікке кетәрі еместері де, ұрыншактары
да кездесе береді. Әсіресе ауқатты әулеттерден шыққан жастар-
дың әрі қеудемсоктау, әрі шікемшіл келетін мінездері бар. Сон-
дай желбастьар пунш пен мадера шараптарын сылқия сіміріп, тө-
белес бастаушы еді. Біресе өздері сияқты масандыа жас-
желеңдерге соқтығады, біресе тобымен жүрген теңізші матрос-
тармен жаға жыртысып жүргендери. Қара жұмыспен шынықкан
теңізшілер теке-тіресте дес бере қойын ба? Шибұт студенттердің
талайы темірдей жұдырықтың төмпешін көріп, шекелері күптей
болып ісіп те шыққан... Ондайда өзге құрдастьардың алға тарта-
тындары – Андрей.

Жайшылықта моп-момақан жігіт алыс-жұлыс үстінде арқала-
нып кете ме қалай, әйтеуір алапат күш пайда болып, оңайлықпен
ығыса қоймайды. Арғалыста аюдай қайратты. Оның үстіне еш-
қаплан ақыл-естен айырылмайтын, өрекпү дегенді білмейтін са-
бырлы мінездің иесі. Жойқын қайраттың орынсыз жұмсаған жері
де жоқ. Арамтер болып қайтсін, бір пергенінің өзінен мауыздай-
еркектер омақа асса?

«Менің арғы бабам жер емшегін емген қара шаруа болған.
Соқамен жер жыртқан мұжық» деп өз бойындағы күшін атадан
ауысты деп түсіндіреп еді. Бабасы кәдуілгідей «крепостной» құл
болғанын ғұмыры жасырған да емес. Қорыну былай тұрсын, тіпті
мақтан тутатын.

— Бабам Петербургке сонау елу шакырымнан жаяу-жалпы қатынаң жүріп, жұмыс істеп пұл тауып, ақыры өз басын құлдықтан азат еткен. Өз іесі алпауыт помешникке ақша төлеп, бостандығын сатып алыпты. Өзі мелжемді кісі болса керек. Әжемнің айтуыша, аңшылық үстінде аюмен соқа басы ұстаса береді екен. Сонда қолында мылтығы да жоқ. Бар қаруы «рогатина» деген наизасымақ. Бірде помешиктің сүзеген бұқасын мүйізінен бұрап, тоңқалан асырған екен. Содан кейін бұқалақ, яғни «бычок» атанип кеттіп. Мениң ататегім, жөнім «Бычкунов» деп жазыллатынының себебі де сол, — деп бір оңашада дәттегені бар.

Алайда, бойына қүш бітсе де, жанжал мен еgestі суқаны сүймеуші еді. Трактир атаулыға да әуес емес. Өзге жастар желігіп, ішімдік алдырып топтана бастаса, бұл Мәмбетәліні қолтықтап:

— Кой, достым, карамызды батырмасақ болмас. Мына саппастар және бірденеге ұрынғалы жүр, — деп бастап, бұны шынтағынан тартқылай берер еді, — одан дагы біздің үйді табайық та, шешейдің құлпынай тоспасы катқан шайын сораптап, әңгімені ермек қылайық. «Қасқыр да тоқ, қой да дін аман демекші», — деген сөзben үйіне қарай икемдейтін.

Ия болмаса, екеуі жұбын жазбай кітапханаға жөнеп беретін. Таңың батысына дейін кітап ішіне үніліп, сарылып отыруды екеуі де ұнтар еді. Құнығатындары соншалық — баз-базда күнүзакқа нәр татпастан кітапханадан шықпайтын... Көп оқып, ойлаңып-толғанған жас та алғыр зерде коғамдағы әділетсіздікті аңғармай қалған ба? Кешікпей-әк Андрей де кекейіндегісін актара бастап, небір қитұрқы сауалдарды ортаға салған. Аялы келген көздерін кенірек ашып, Мәмбетәлігে назар қадар еді.

— Не ойлағаның бар, достым? Жан-жағыңа байыптаң қараши бір. Біздің қоғамның құрылышы тозып біткен жоқ па, парыққа салсақ? Монархия дегеніміз деспотияның ен бір соракы түрі екені мәлім. Бұқараның дені сауатсыз. Ресей байғұстың өркениетті елдердің ең соңында сүйретіліп келе жатқан түрі мынау. Себебі қайда жатыр дейсің ғой. Себебі — қара халықтың бұғауда жатқанында. Миллиондаған кісі үпәд бейнет кешіп, күнкөрісімен әуре. Әліпті таяқ деп білмейді. Сол мазлұмдардың ішінде қаншама дарын тұншығып өліп жатыр десенші!.. Еуропадағы алғашқы университет Ресейдікінен жеті жұл жыл бұрын ашылған екен. Демек,

ол ел білімнің игілігін бағзыдан көріп келеді деген соң : «Міне, гәп қайда жатыр!

Білімі аскан соң Еуропа мемлекеттері техника жетістіктерінде бұрын мендегіріп алды. Олар әлдеқашан пароходлен мұхит кезіп жүргенде, біздің көпестер бурлактарды өгіздей жегіп, өзен саласымен кеме сүйреткен. Еділ бойындағы міскіндерді айтам да, – деп сөйлей келе қызбаланып кетер еді.

Ондайда жазық мәндай, әнтек таңқылау мұрынды келген кияпты қүреніденіп, ажарын аша түсетін. Қызды-қыздымен өз қара басын да сынауға айналар еді. Әжуасы ашы да келетін.

– Несіне жетісіп оқып жүрміз осы біз? Мақсат-мұддемізді айттың кәнекей, – деп жалпақ біткен сыйырым қасын кере көтеріп, Мәмбетәліні құдды бір тәу көргендей-ак сұктана қарап еді.

– Ойлап тұрсым, алдымында нысананаға алған үш-ак мақсат бар екен. Бұларымыз – құлқын тойдыру, үрпақ көбейту, қауымда үстемдік құру... Ал енді дәл осындай мақсат бар хайуандарға да тән емес пе? Кәдуілгі тауықтың қоразынан айырмамыз шамалы-ау, ойлап тұрсым, – деп кенет бүйректен сирақ шығарғандай-ак, соны бір тұжырымның шетін қылтитып еді.

– Қораздың бар қарекеті – жемсауын толтыру, мискиндерге иелік етіп, тұқым көбейту. Одан қалды, жоғарырақ бір тұғырга қонжиып алып, төмендегілердің басына саңғу. Яғни, өз үстемдігін паш ету... Біздің күйкі тірлігіміздің сол этештікінен айырмасы қайсы, айтты, достым? Окуды не үшін қуып жүрміз осы? Ертең жоғары шен иелену үшін. Шенге қол жеткізген соң, дәрежесі төмендерді басынамыз-ай келіп. Оған қоса обыр құлқынымыздың қамын күйттейміз. Қарын қамписа, ұпай түгел дегендей. Сөйтіп жүргенде тірлік те өте шығады. Бар болғаны осы-ак... Ал енді хайуандардан айырмамыз қайсы, айттың кәне мықты болсан! – деп көзін кең аша, сұхбаттасына төне түседі.

Мәмбетәлі болса, әншайіндегі сабырлы мінезді досының қызбаланғанын қызықташ езу тартады да:

– Ал сонда не қылмақ абзал сенинше? Парасатты деген азаттың мақсат-мұддесін айтсаңшы, құр сынай бермей. Қарын қамы емес, зия мен ар-ұждан қамы қайсы? Жөн сілтеп жіберсөңші, көкесі, – деп ерууліге қарулы дегендей, бұл да сауал тастайды.

Андрей жұлыш ағиандай-ақ іле жауаптасар еді. Сірә көптен бері қөкейде сақтап, ойланып-толғанған мәселесі болу керек.

— Зия дедің бе, зия деген не өзі? Тек қана мол білім емес шығар. Білімге қоса жете қинайтын ізденисті, жан тебіренісін қос, құрметтім. Санага салмақ түсіріп, ғылымда жаңалық аша біл. Ия болмаса өндірісте, өнеркәсіпте жаңалық тауып, сол саланы дамыта біл. Мысалы, от пен будың қуатын пайдаланып, паровоз жүргізуге біреудін алғыр ойы жеткен екен. Міне, адамзаттың дамуына үлес қосты деп осыны айт! — Андрей аз кідіріп ойға қалды да, көзіне түсе беретін бұйра кекілтін жалпақ қолымен артқа бір қайырып тастап:

— Эрине, жүрттың бері техниканың майталманы емес шығар. Ғылымда жаңалық табу қолынан келмесе, білім шапағатын елге таратада бер. Қалың бұқара қараңғы түнекте жатқан жоқ па? Мешеу жатқан елді мекендерге барып бала оқыт. Бұл әрекетінді бүлдама да. Артық пұл да, атақ-абырой да дәметпе. Үң-шыңсыз ғана туған халқынды ағартада бер. Ия болмаса, дәрігер болып, елді емде. Бұқара халқың білімінің игілігін көрсін әйтеуір... Міне адамгершілік үлгісі! Өзгенін берін жылды жауып қойса да болады. Әурешілік те бос. Күйкі қарбалас пен далбаса. Нәпсі семірту, құлқын тойғызыу, қатарынан озып, мактан қуу. Бұл тірліктің арғы тегі хайуани қауымға апарып тіреледі. Эволюция теориясына илан-сак, адамның шыққан тегі – хайуанат әлемі. Сол әлемде ен жакын туысымыз маймыл екенін де ғылым дәлелдепті... Жоғарыда атальған қыбыр әрекеттірді қуған пендениң маймылдан айырмасы шамалы ма дедім. Құй патша төңірегіндегі пысықсыған жоғары мәртебелі шен иелері болса да. Әтір иісін бүркүрата жағып, алтын эполетті мундир кисе де, құйымшағына құйрық бітіп, салактап жүр. Кәдуілгідей түк басқан маймылдың құйрығы. Ұзындығы сала құлаш дерлік.

Осы тұста шыдай алмаған Мәмбетәлі күліп жіберген. — Беу, сабаз-ай, бұтына толған дүйім лауазымдыларды апарып тастаныңғой. Түкке тұрғысыз қылғаның қалай? — деп басын шайқап қойып, — ақыл айту оңай-ау. «Ауыз – дарбаза, сөз – самал» демекші. Ал енді өз басың еш мансап құмастан сонау түкпірдегі губернияға барып бала оқытар ма едің? Шалғайдағы мешеу губернияның тұрмысынан хабарың бар ма еді өзіннің? Мына Петербургта

сияқты Эрмитаж жоқ ол қиянда. Зиялдың кауым, театр, кітапхана мұражай дегендерден де күдер үзуге тұра келер... Жұдеу тұрмық қа шыдауға қалайсың, достым? Меніреу түкпірде өркениеттес қол үзіп, қарайып қалу қаупі де бар. Сүбенді май басып, сен де бір бордақы шенеунікке айналмасыңа кім кепіл? – деп бұл да қытығына тиғен болатын.

Андрей дағдылы сабырлы қалпын тауып:

– Гәп сонда ғой, Мәмбетәлі. Жел сөз бар да, қарекет, іс бар. Жаңағы насиҳатым құр қысыр кеңес емес екенін нақты іспен дәлледеуім қажет әлбетте. Одан тайсалмаймын да, бауырым. Ресейдін түкпірі түгілі, саған еріп сонау сайын сахараңа да кетер едім. Шыңғыс хан жорықтарын көп зерттеп едім, сол ұлы қолбасшы шыққан өлкені көруге құмартамын да. Сол жақта бала оқыту, білім жарығын тарату жоспарым да бар, – деп бір қайырып, аз кідіріп қалған.

Репеті ойлы. Айттар сөзін әбден салмақтап алмақ тәрізді. Бір кездे жауабын тапқан кісіше өні нұрлана қалып:

– Мешеу орта батпақ сордай ұйығына әкетпек дейсін бе? Бұл пікіріңмен таласу қыын, эрине. Себебі, зиялдың кауыммен араласу бір басқа да, қараңғы қауымда білім жарығын маздатып жүру бір басқа. Көзі ашық озық ортада парасатты ұстаздардың дәрісін тыңдалған жүрген қалай, надандықпен соқа басың алсыып, мыңмен жалғыз арпағынан қалай? Тауаның шағылуы ғажап емес.

Әйтсе де, Петербургтің қақ төрінде жүрсе де, көртартпалыққа белшеден батқандар жыртылып айырылады, мен білсем. Сонымен қатар ит арқасы қиянда ғұмыр кешсе де, ізігілікті ту етіп өткен абзал жандар қаншама, – деп Андрей және мудіріп, Мәмбетәліге қарай қалды.

Жаңағы тұжырымының дәлелдемекке сөз сайлағандай. Жауабын күттірген де жоқ. – Сен маған «Арқалық батыр» деген дастанды тәржімалап беріп едің ғой. Тамаша жыр. Әсірелеуі жоқ, көшпен-ділердің өмірін шынайы суреттейтін бояуы қанық, тілі сөлді шығарма. Ер-азаматтың ақпейіл мінезін асқан шеберлікпен жеткізе біліпті автор... Сол Арқалық қандай кедей болса да, адамгершілігін мәпелеп өткенін айтсаншы. Жолдас жігіті Жұбай ше? Өз өмірін қыып, «достым, сен құтыла бер! Мені тастап жүре бер!» деп серігінің қамын жегені нағыз гуманизм емей немене? Ал енді

мұнша көркем жырды кім шығарды? Авторы белгісіз екен. Ал енді маған салса, нағыз парасатты адам осы дастанды шығарған ақын болса керек-ті. Ойланып-толғанып, санасында қорытып, көкірегінің жалынына балқытып, шабытының қәүсарына суарып барып дүниеге әкелген екен... Және бір ерекшелігі – өз атын қалдырмапты есіл көзел. Анандай оқиғасы шытырман, құрделі қиссаны шығарған майталманға өз нысpsyсын бір-екі шумаққа қосып жіберу бұйым болып па? Жоқ, әрине. Келістіріп тұрып, оқиға желісіне де өріп жіберер еді, қажет деп тапса.

Бірақ бармаған ондайға аты мәлімсіз шайыр. Атақ іздемепті шаһбаз өнерпаз. Дәріптегені – өз елінің қарапайым азаматы. Сіңірі шыққан кедей жігіт Арқалық. Жарлы болса да арын ту қылып көтеріп өткен қайыспас ер... Бір аңғарғаным – билеуші тапты, төрелерді мейлінше жақтырмайды автор. Өз Әжі төресін де, қалмақтың Ежен ханын да дәйім ұнамсыз қылып суреттейді. Бұл да ақынның даралығы. Шын дарын озбырлыққа, үstem талқа қарсы тұrap қашанда. Есесіз момындарды жақтар. Жыр шығарғанда өз арына ғана жүгінер... Ал енді атақ қуып, ия болмаса дұмділерге майпаңдап пайда көздесе, дарынымен қош айттысар. Дарын дегеніміз акку құс рәуіштес. Айна көлге ғана қонады. Айдынның беті ластанса, ұшып кетеді зэтте. Лас дегеніміз – өз құлқыны, мақтан мен атаққұмарлық, билікқұмарлық.

Олай болса, атальыш «Арқалық батыр» жырын шығарған ақын нағыз ғазиз жүректің иесі деп білемін. Ту-у ит арқасы қиянда, Азияның қақ кіндігінде өмір сүріп өтсе де, иісі адамзаттың рухани дамуына үлес қосқан гуманист. Ал енді біздің Петербургтің салтанатты мәжілістерінде сары ала эполеттері жарқырап, айдынның асырып жүрген мәртебелі тақсырлар, хайуани қауымнан ұзап кете қойған жоқ. Себебі, тірлік ұстанымдары, яғни принциптері нағыз хайуани. Бәз-баяғы өз үстемдігін асыру. Бұл тірліктерінде еш жаңалық та жоқ. Миллиондаған жыл осы үрдіспен ғұмыр кешіп келеді хайуанат атаулы... Біз екеуміз де сол шенеуніктердің қалың сапын көбейтпекпіз. Әсірелеп айтсам, маймылдың құйрығын өсіре түспекпіз. Ашы болса да, шындық осы, бауырым, – деп жалпақтығы күректей ауыр қолын Мәмбетәлінің ығына артып, жынысып қойған. Әзілін жуып-шайғандай.

Асылы, скесуі әбден сыралғы болып емін-еркін әзілдесе, Мінезі орнықты Андрей небір күкшіртуды көтере береді. Әзілдескенде тілге самар Мәмбетәлі, ілгешекті сөзге шабандай досын әдете он орап әкететін. Бірақ қалжыңның шегін білетіп Мәмбетәлі, сыпайылық жағын қатты қадағалар еді... Сол бір келелі кеңес үстінде де ежелгі дағдысына басқан болатын. Андрейге күлімдей қарап:

— Сөзінді тірілтейін, достым. Сертінде тұра біл, олай болса. Оқуды тәмамдаған соң маған еріп, қазактың сахараасына асасың. Білім жарығын жеткіз мешеу өлкеге. Миссионер поптар православие дінін уағыздаса, сен ғылымды насиҳатта. Эволюцияның теориясын қалай қабылдар екен көшпенді қауым? Біздің ел:

«Жер тақтайдай жазық. Жерді көк өгіз мүйізімен тірең тұр. Отізді ұстап тұрган наһан балық. Балықтың асты су, судың асты бу. Будың астында не барын адамзат баласы білмек емес» деп сенеді. Коперниктің, Галилейдің жершары турасында паш еткен пікірлерін айттып көр, мықты болсаң. Жердің алмадай жұмыр екенин қайтіп дәлелдер екенсің, көрейін бәлем! – деп бұл да езу тартып, қыжырта сөйледі.

Арғы жағында Андрейдің намысын тұртпек еп-есебі де жок емес. Ишінен: «Шіркін, осы жігітті біздің жакқа баруға көндірсем ғой. Ізденімпаз, көкірегі ояу, зейінді жас осындаі-ақ болар. Ұлғи тұтсам, Андрей сынды зерделіні ұлғи тұтсамшы» деген оймен әріптесіне қызығып та қойған.

– Несі бар? Айтқаным – айтқан. Менің арғы тегім қара шарудай. Мен түгілі, нағыз ақсүйек, асыл текті Пушкиннің езі қалмактардың дәмі-тұзын татқан жок па? Киіз үйінде де қонған, қалмак қызына ғазалын да арнаған... Мені де танакөз, қаламқас қазактың бір бикешімен таныстырарсың, бәлкім. Әлде кәпір деп менсінбеймісің? Ағынан жарылып, шынынды айтшы осы. Шамыма тимек түгілі, бауыздап кетсең де аяма! – деп кулана қараған.

Әзіл жағына келгенде, Мәмбетәлі ірге берсін бе? Шаһарда оқыса да, ауылдың баласы ғой. Қазак қашанда китүркі сөзге үйір келмей ме? Өз ауылдары да жағына тілін жаныған тақтақа кенде емес. Үш-төрт кісінің басы қосылса-ақ, бір-бірін қағытып, қай-қайдағыны қазып қыжыртып отырғаны. Қаршадай кезінен-ақ не-бір ілгешекті сөзге ұста шешендерді көріп өскен басы, қаланың

тікбакай оқымыстысынан ыға қойсын ба?.. Бұл да жорта салмаксып, маңызыған нысайға мініп алды да:

– Мәссаған, безгелдек! Сөзінің түрін. Өз дінінді шеттеткенің бе? Азна күні сайын шіркеуде шоқынып журген Құдайдың құлды емессің бе? Оның үстіне император ағзамның адал бір үмбетісің. Ұлы орыс ұлтының таза нәсілді өкілі екенсің... Олай болса, бұратанамен шатаспақ ниетіне жол болсын. Мына сез саптасың ұлтың намысынан томпақ келмей ме? – деп шамын шабақтай сөйледі.

Андрейдің өмірлік ұстанымын біле тұра, қасақана сынай түсікен түрі. Сөйлетпек ниеті және бар. Сұхбаттасы жауабын күттірмей, зэтте тіл қатты. Миғынан мырс беріп:

– Эй, ку мүйіз-ау, шапқа тұртесің-ау мақтамен бауыздап... Шоқынғаным бергі жағым ғой. Атеист екенімді жасырған емен. Эйтсе де, көпке топырақ шашып нем бар? Қара тобырдың көзінше шоқынудың ырымын істей салған түрім ғой. Шешейдің де көңілін қалдырмай жығыла салам. Шынтуайтқа келсем, діннен әлдеқашан арылған басым бар. Арылғанда, көрместей болып аттонымды біратола ала қашқам. Құнәһар десең де, сырым осы. Тамұқтың отына біреу қақталса, алдымен өзім қақталармын, – деп бір қайырып, аз-кем кідіріп қалды. Сұхбаттастан пікір күткендей Мәмбетәлігে көз тастап та қойған. Досы үндемеген соң, кеңесін желілей берді.

– Бірақ бейіске барамын деп, мінәжат қылғандарды оқтасанда ішімнен мұсіркеп те қоямын. Арамтер болып жур-ау кіл аңқау мен поптардың арбауына сенгіштер. Үміт артқан ұжмақтары бар ма алдымен? Соқыр сенімнен өзге дәлел болсайшы. Фылымда «сенім» деген ұғым жоқ. Ғылым тек фактіні, яғни дәлделденген құбылысты қабылдайды. Негізсіз сенімнің жетегіне ерер аңқауың мен емес, – деген сөзben Мәмбетәлігে көзін бір төңкеріп өтті де, – ертең шетінесек, жер құртына жем болып шіриміз де қаламыз. Бар болғаны осы-ақ. Өкінішті жәйт, әрине. Бірақ амал нешік? Майдайымызға жазғаны осы екен, сондықтан табиғаттың үкімін мойындауға мәжбүрміз, – осы сөзben Мәмбетәлінің жауырынынан қағып қойып, екеуі сұхбат құрып отырған кішірек бөлменің ішінде әрлі-берлі жүре бастады.

Бұл Андрейдің өзіне ғана тиесілі, меншікті мәнзелдес онапа жай еді. Тәбесі биік бөлменің бір қабыргасын тұтасынан кітап

сөрелері алған. Төмсінен бастап орналаскан сөрелердің еш жағарғылары қолұсыным біктікте. Ұзына бойы сыңысан кітапта Бұл құжыраға Андрейдің шешесі бас сұға қоймайтын. Әсіресе Мәмбетәлі екеуі пікірталасты қыздырса, кеңестерін бөлген емес. Аса сипайы оқымысты кісі ғой, ара-тұра шайға шақырмаса, мазалаған кезі жоқ. Дәмге шақырғанның өзінде, іргелес болмeden сипайы ғана тіл қатады.

— Оу, студент мырзалар, жүрек жалғауға қалайсындар? Үнемі мәжіліс құра бермей, оқта-текте нәр сыйбаймысың? Бір ауық демалғаның да теріс емес... Бұл пікірталас дегеннің шеті-шегі жоқ қой. Әлемдегі асқынып кеткен бар мәселені шешпекпісің осы сен екеуің? Бірлі-жарымын патша мен Сенатқа қалдыrsaң етті, — деп әзіл араластыра лебіз шығарар еді.

Сол құжырасында ерсілі-қарсылы жүріп кеңесетін дағдысы болатын Андрейдің. Әсіресе шабыттанған кезде бір орнында отыра алмайтын. Бұла қайраты бойын кернеп кете ме, әйтеуір отырған жерінен атып тұрып адымдай бастайды. Сол бір ұмытылmas күні де ежелгі машығына бағып, құреске түсетін балуандай-ақ балпан басып жүріп алды да, сөзін сабактай берді:

— Ұлт мәселесін тілге тиек еттің-ау, құрметтім. Ол тақырыпқа да пікірім нық, көзқарасым айқын. Шовинистік пиғылдан мүлде ада екенім өзіңе аян. Адамзат баласының баршасын бауыр тұтатынымды да жасырмаймын. Іргедегі қазақ түгілі, сонау Африка-дағы зәңгілерді қандасынан кем көрем бе екен?.. Маған салса, бұл тіпті бас қатыратын сөз де емес. Адамзатты былай қойып, маймылдардан да тым қашық кете қойғанымыз жоқ. Бәріміз при-маттар тобына жатамыз. Оның ішінде ең жакыннымиз шимпанзе, — деп бір қайырып күліп жіберді де, «бұл тұжырыммен қайтіп таласарсың?» деген кісіше қулана көз тастап, Андрей-екен білген-түйгенин тарата тусты.

— Империялық саясатты да жанай өттің ғой, жаңағы кеңесіңде. Сын тағуын орынды-ақ. Жалпы адамзат қоғамы хайуандарың, оның ішінде жыртқыштардың тірлігінен пәлендей алшақтарап кетті дегенге сенемісің шынымен-ақ? Сенсен, барып тұрған ашықауызсың... Адамзат қауымы гуманизмге, яғни адамгершілік деңгейіне қол жеткізгенше әлі қайда-а! Әлсіздерді азулылар жаншыған қатығез заманға кез келген жайымыз бар, достым. Зорлық-

шыл коғамның нағыз соракы түрі үстемдік құрған дәүірде өмір сүріп келеміз. Қазақ жері мен Хиуа төңірегіндегі елдерді Ресейдің отарлағаны соның айғағы емей немене? Қап тауындағы ұлттарды да зенбіректін күшімен тізе бүктірген.

Ал енді Ресей бұл өнірлерге қанат жаймаса, Британия қарап қалmas еді, әрине. Зорлықтың ең тұрпайы түрін сол көрсетіп жүрген жоқ па? Өзін «өркениет жаршысымыз» деп аузы көпірген ағылшындар Американың үндістерін қанға бектірген түрі анау. Тыл-типыл қылып қырып, қалған-құтқанын ат байласа тұрғысыз аймақтарға қамап қойғанын бар дүниежүзі біледі. Ол аздай, Африкадағы зәңгілерді топ-тобымен тұтқындалап, құлдықта шірітті... Міне, жауыздықтың шыңы. Бұған қарағанда Ресейдің қылмысы баланың ойыншығындей.

Әйтсе де, құптамаймын өз патшалығымның басқыншылық саясатын. Себебі, әр ұлттың даму жолында өз хақысы бар. Қандай ұсақ болса да, өз тілінде сөйлесін, өз дінін ұстанып, тиесілі аймагын иелене берсін. Анау чуваш, мордва, черемис, вотяк сиякты саны аз елдерді әбден басынып алғанымыз зұлымдық емей не болушы еді? Тілін ұмытып, жаппай орыс болып жазылып жүр.

Ол кеп сенің қазағынның да басына келмек, тұптің түбінде. Бұратана елдерді бірте-бірте орыстандырмақ, ассимиляция казаңынан өткізіп алмақ саясат бары жасырын емес. Сонау Сібірдегі ұсак ұлттар осы зұлымыр саясаттың нәтижесін көре де бастады. Аттары кілең орысша, өз тілін жастары ұмыта бастаған түрлери анау. Ол аздай, жаппай арақ ішіп, маскунемдікке салынуда. Ресейдің апарған «игілігінің» сиқы сол. Бұның түбі – ұлттың құруына, жер бетінен біратолаған жағын болуына соғары сөзсіз.

Сондық, жаңағы аталмыш дастан сиякты шығармаларды осы бастан насхаттай бергенің жөн, мен білсем. Поэзияның саф жауһары емей немене сол реалистік жыр. «Өнердің саф жауһары автордың намы-жөнін қажет етпейді» деген пікір бар екен. Әбден орынды тұжырым ба дедім, – деп осы тұста бөлменің қақ ортасында тоқтай қалған Андрей, Мәмбетәлігे оқыс бұрылды. Әлде-немі есіне түсіргендей сыңайы бар.

– Айтпақтайын, осы қиссаны саған жазып та берген, нәшине келтіре жырлап та берген бала ақын дегенің бар емес пе? Өзі та-

бан астында сұрыпшы салыш ғазал шығара береді деп едін. Демек импровизатор десеңші. Жаңылмасам, ныспысы Ұбырай демен не едін? – деп сұхбат желісін өзге арнаға оқыс бұрып, сауалды түйдегімен тоғытты.

Бұны несіне қазбалай сұрады деп Мәмбетәлі ан-тан. «Ұмытпапсын, дәл таптың. Сурыпсалма акын екені де рас. Жеткіншек жасында-ак заматта байт шығарғанын өз күлағыммен естігем. Біздің елдің әдетінде табан астында елең шығара алатын өнерпазғана акын атанады. Сурыпсалма кабілеті жок еленишіні бұқара акын деп танымайды да. Себебі, акын атанған өнерпаз өз еліңін атынан айтысқа түсуі шарт. Ондай сенім тек импровизациянын майталманынаған жүктелер.

Сол Ұбырай бізбен түйдегі күрдас, айтпакшы. Бұқунде дындағы азамат та болған шығар. Сол бір кездесуден соң, жүздесе алмай-ак койғаным. Өзім де әидарласуға құмармын» деп білгенін дәгтен берген.

– Нидеше, дәл сол шайырмен мені таныстырасын! Бұт Ұбырайның нағыз халықтың, қайнаған ортасынан шықкан дарын болса керек-ті. «Арқалық батыр» пастанын да кезінде жазған дәл осындаи халықтаң шықсан біргүзір акын емес тे? Біздің орыста да сонау бағы заманда жыраулар болытты. «Гүсли» деген үлттық тәжиспан та солардай. «Крепостной» деген налет заң шығып, халық үйін тұншықтырды ғой. Аксуайек тектілер батырқа елікten кетті. Орыстың теленері түтілі, тілін де менсінген емес... Қазактың бұкарасы болса, бертінге дейін еркіндік сақтаға келген екен. Сол себептен аұымз әдебиеті де мейтінше тамыған. Жыраулар мен импровизация шеберлері – айтысқер акындар сол әдебиеттің екінші іспеттере. Нидеше, майталман акынмен жүзделесу бізге жорық деп білемін. Кайткен күнде де таныстырасын! – деп нығырта тұжырымы.

Қиянаты салмакты. Өзі паша еткен байлауга шын бекіген кейіп бар.

Мәмбетәлі танырқаганын жасырған жок. Ағынан жарыла сойлоген досының порымын тамашалаш, езуін жия алмай отыр.

– Сен шынымен-ак магам еріп, қазақ далаасын көрмектісін? Осы сезінді умытта сөздене. Ертөн тайсын шылдасаң, жіліт емес, мініт болғаның. «Мігіт» деп бізіңдің си сезін жүткесе борсобастарды

шынын. Бұз шынынан екі ақтүйек – әншылар – деген мәселелердің шынында болған ортағасынан кайран болжын.

Борат Андрей сағирадағы-сан белгі бекем буған болыши шақты. Әмбекшілдік шешкес мөсаласы болған көрек, еш кітірмасстан:

– Әншылар осы сарынан қолынша мәртебелі тақсир! – деген миңдымынан күнде жиберілік күрестік жаһарылғы ұсынған.

Төр жаһарылғы гайдарлық жайы жүргісімен ойна шоммын же де жаһынан Мамбетекі, сол бір траңдастардың көз ағынна елеуетін, ерткін күнін пікті. Бұл жаһарылғының күншылғылары күзылк еділу, десенде үйтірове. «Сәйкес болған жаһарылғының шалдағатты жасат артын» шөлемдің мәселе? Герүзін айттынан да рез-ау, шілдесін. Бұл мәндердің белгілі міншілігінде шының белгем Андрей дәлелдейш тө берген шоқ да! Үйнен дәл-түркіз де гайдарлық жаһар да коймай жаһарылғы жибермелі жаһарылғы да жүрген.

Бұлардың жаһарылғылар тұтынушылар да есіріп біреуді Мамбетекіде тоғын жүнделсе да ырында түскес Альрейд.

– Ганағ бұлған жаһарылғы Аз дүрттегі шыннен журуған саяннан да көзінен күрсеттіре, көзінен бланжанын. Нәлесе жаһарылғы, менде мән! есірлекшінин жүнжілдей берді – деген әйелдің саптакан бар.

Алтын саптаки да гайдары мәндердің міншілігінен-ну жаһару изважда. Сонын жаһарылғылар тәсілінде үйінде жаһарылғынанда, перегеудің оғындар Альрейдге салған жаһар.

– Саптаки вегимен біс дұрын, етіндең жаһары. Жаһары мән-аң жаһарылғы. «Жаһары, жаһарылғы, бұлда билемді ким бастайшынан. Жаһары-жаһарынан, көп Айбыннан, Жаһибон. Шеронская саптаки есірлекшілерден бірлесінде белгілі» деген көпшілік суда. «Әбінен басты шының көзтес» деген. Жаһарының жаһарылғысана, «тәншіндең елеу-ескеရер». Шипаш жаһарылғынан алды көз бой. Өйтін жаһарылғының орнынан көшірінгі жиберер. Жаһарылғылардың көзін, тірі жүрілек көзін? Бәнсім тірі қалардан, «шабынан шайтан» дәлелдей. – деген дарындың жаһарылғы.

Альрейдің көрінін көпшілік жас деген жаһарылғылар да, алде белгілік анынан жаһарылғы ма, ріткеуір ажынгердің арасынан қыншылғанда болып, әншар аударып еді. Етапын мәйірлік нұсқасын, маңдайның орнынан жаһарылғы жарылғынан деген саптаса көрек, сіймаса көрдің салғын. Тогын жас дүрттегінен тиң жаһарылғының тәбін, тәннің шабынан жаһарылғының оның шабын да көз сақтуу.

Алайда, Андрей маңғаз офицердің үдесінен шыға койын жүргіз. Жауабы әрі тосын, әрі нық естілді.

— Патшаға жалпақтан жүргендер баршылық қой, Құдайға шүкір. Майландаған шенеунектерден аяқ алып жүргісіз. Сол қасқалардың қалың сапын көбейтпей-ак қояйын. Жалаңбұт бір студент бұл фәниден жампандамай өтті деп білерсіз, — деп қасарыса сойледеген.

Мұнша өр жауап офицердің менмендігін қоздырайын деді. Кеспіріне қан теуіп шығып:

— Сорлы-ау, анаңды ойласанышы. Көз жасын көл қылыш, сана-мен сарғайып жүрген болар. Сен күшікті бағып-қағып, түн үйкесін төрт бөлген жоқ па? — деп бастырмалата тіл қатты.

Ширатпа сұлу мұртты. Өне бойынан этір иісі аңқыған, алпак перчатка-қолғапты кербезсіген біреу еді, зэтте тұтап, оні озгеріп кетті. Сірә, Андрейдің шешесін бұрыннан танитын болу керек, әйтпесе жандармерия офицерінің бұзақыға жаны ашысын ба?

Андрей болса, бұл сөзге де кайысқан жоқ. Іші алай-дулей болса да, сыр берместен:

— Қанша боздақтың басы кетпей жатыр? Мына Петербургтің іргесі крепостной құлдардың сүйегінің үстінде тұрған жоқ па? Олар да біреудің болашы мен әздегі. Олардың да мұрдесіне сорлы аналардың көз жасы тамған. Менің шешем де сол міскіндердің кебін киеді де. Не көрмей келе жатыр дейсің сорлы аналар? Адамды адам қылғытқан қаныпезер заманға тап болған соң, шаран қайсы? — деп уәж қайтарған.

Сейтіп иілместен кетті-ау, есіл ер! Тек дәл қоштасарда қол алысып Мәмбетәліні құшағына көмді де:

— Жол түссе, шешейді ескере жүр, достым. Бір кимасым қалып бара жатыр мына жарық жалғанда, — деп кірпігіне іркіле берген маржан тамшыны сұқ қолымен сілкіп тастаған.

Сол бір сұрғылт күнді көзіне елестеткен Мәмбетәлі қабак шытып, күрсініп қойды. Арыстай азамат, катар өсіп біте қайнасқан қанды көйлек достан айрылғаннан қыны жоқ екен-ау. Бір жақ қабырғасы сөгіліп кеткендей қайғырды-ау әу бетте. Сонша рақымсыз жаза қолданатындей не бұлдіріп еді Андрей? Декабристер сияқты ауыр әскер басқарып, Сенат алаңына шықса бірсаға. Аты әйгілі студент Дмитрий Каракозовқа ұқсан, қолына кару

алып, патшаға оқ жолдаған да смес. 1866 жылдың сәуірінде орын алған сол қастандыктан соң патша әкімшілігі студенттердің титтей наразылығының өзінен секем алатын болған. Николай Рысаков сияқты 1881 жылдың бірінші наурызында патша құймесіне бомба да лактырған емес. Андрейдін бар қиратқаны – үндеу жазып, демократияны уағыздады... Сейтсе де билік шошыды бұл әрекеттен. Ойыннан өрт шығар деп зәресі кеткен болар. Демек, патша-екен өз тағының ұстын-тіреулері былқылдай бастағанын сезді деген сөз. Мәнгілік ештеңе жоқ қой бұл дүнияды. «Ұра берсе, шайтан да өледі» демекші, ұлан-ғайыр аймакты билеп-төстеген озбырлар да түптің түбінде ұstemдігімен қош айтысар. Әттен, ол заманға жеткенше Андрей сияқты талай боздақ құрбан-дыққа шалынады-ау! Қылқан кескендей жап-жас азаматтың бар үміті кесілгенін айтсаңшы! Қазақ ішіне келіп, ағарту ісімен айна-лысады да армандал еді-ау ақпейіл жігіт! Халықтан шыққан өнерпаздармен, ақын-жыраулармен дидарласпақ болып жоспар да құрды-ау. «Ұбырай сынды жас талаппен міндетті түрде таны-самын» деген ниетінің өзі қайда жатыр! Үлкен шаһардың қай оқымыстысы империяның түкпіріне аттанбаққа ықырап аңғар-тқандай?..

Ойдан-ойға көшіп, сырт дүниені мүлде ұмытқандай келе жатқан Мәмбетәлінің құлағына кенет бір әуен шалынды. Ойдан арылышп жалт қараса, сәл қалыңқы келе жатқан Бегімбет екен. Үнсіздіктен әбден зерігіп, сапарласының сұхбатқа құлқы жоқ екеніне көзі жетсе керек, ынылдай ән салып келеді. Мәмбетәлінің мазасын алмайын дегендей, үнін танауының астынан ғана бәсек шығарып ыңылдауда. Лебізі құмығыңқы шықса да, анық естіліп елең еткізді. Бұрындары айттылмаған соны ән сияқты. Іргакты нақысымен құлаққа жағып барады.

Қызыға кеткен Мәмбетәлі бір жамбастай отырып, еңсе бұрды да:

– Оу, Бегім, шығарыңқырасаңшы үнінді! Әдемі ән екен. Бертін шыққан ба, бұрын есіткен жоқ сияқтымын, – деп серігіне назар тіктелді.

– Үкілі Ұбырайдың әні ғой. Көнілі кеткен бойжеткенге арнаса керек. Әйгілі «Алтыбасары» осы да, – әнін күрт үзген сапарласы атын шаужайлап қатарласа берді.

Жас мырза тым созылып кеткен үнсіздікті үркітіп, өзінен иелде аударғанына өркештеніп қалған снякты.

— Шырқасаңшы былай, лебізінді еркін жіберіп. Жол қыскарап ма екен? Әнгеге қалай едің өзің, әу дейтінің бар ма еді? Ыбырайдың әндерін білуші ме едің? Басшы аңыз айқайға, білсең. Іштегі шер тарқар ма екен? Әлде әуез жағына ұяттымысың? Мұрының нын астынан мырылдаپ келе жатқан түрің жаман, — деп күлімдей қараған Мәмбетәлі әдейі қыжырта сөйледі. Мақтаншақтау құрда-сының мінезін біледі ғой. Бұл айласы нысанаға деп тиді де. Мы-жырайған бөркін қозғап қойған Бегімбет:

— Бір қағарым неге болмасын? Шұңғырша Қарауыл емесспін бе? «Атығайға барсан», «акынмыын» деме, Қарауылға барсан «ән-шімін» деме» деп сыйбай-хошына елдер бекер айтқан жоқ шығар? Өзіміздің Ыбырайдың әнін ұға алмай, сонша не көрініпті? — деп кәдүілгідей қоқилана қалды.

— Жіберсенді ендеше бір ырғактысынан. Көңіл бірленсін. «Шұңғыршамын» деп тақылдаپ болмадың ғой. Мықты екенінді сыйнайын бәлем, — деп езуін жия алмай келе жатқан Мәмбетәлі, узенгілесінің намысын шабактай түсті.

Сол-ақ екен, Бегімбет тамағын қырнап алғып, әнді аныратты да жіберді. Қоңыр дауысының қуаты шағын ғана екен. Ыргағы да сын көтере қоймайды. Олақтау ұстаның қолынан шыққан бүйим болушы еді. Асығыста түрліден өткізіп, майда егеуді тигізбей, шығара салған. Бегімбеттің айттысын сондай бүйимға ұқсатты Мәмбетәлі. Музықадан әжептәуір хабары бар болатын осы күнде. Нәркеге еліктеп фортецианоны да менгеріп алған. Нотаны еркін танып, күйсандықта шағын пьесаларды көп-көрім орындаған да жүр. Сол түрғыдан сынаса, сапарласының лебізіне көңілі толмайды, әрине. Әйтсе де, орындаушы үдесінен шылқпағанымен, әуездің сұлулығын салған жерден анғарды Мәмбетәлі.

Ей, қалқа, жан туған жоқ сенен асар,

Бұл күнде, менің сәулем, халім нашар,

Айырылып сенен сәулем кеткен күні,

Әніме бір басайын «Алтыбасар», — деп төгілген ән бір шал-қып, бір баяулайды да,

Алтын айым,

Салма уайым,

Жұлдыздай жарқырасын

Ақ мандайын! – деп екпінді қайырмаға ұласады.

Орындаушысы сын көтермесе де, әннің өзі аса сұлу. Кең тынысты қажет ететін әуез шымырлай акқан арналы өзендей елестеткендей. Елге қатынаған сайын Еділ бойынан пароходпен өтуші еді Мәмбетәлі. Көбік шашқан күміс толқынды алып өзендей тамашалап, тәнті де болған. Мына «Алтыбасарды» дәл сол кең арналы өзеннің ғаламат көрінісіне ұқсатты.

«Неткен әуен десенші! Мына маң даланың маңғаздығын да, көз жетпес кеңдігін де бойына жинап алды дерсің. Сөзі де әуезімен біте қайнасып үйлесе қалыпты. Бұл әнді шынымен-ақ өзі шығарды ма екен? Мен көргенде ел ішіндегі бір жас талап жеткіншек бала еді ғой. Алғыр да зейінді болғанымен, кәдуілгідей көптің бірі ғана. Жанынан бәйіт шығару бір басқа да, тыңдар құлақты елең еткізер ән шығару бір басқа. Мына «Алтыбасарды» шығарған өнер иесі композитор аталуға лайық емей немене? Иісі Алашқа дабылы кеткен Сегіз сері, Біржан сал, Ақан серілермен иық теңестірмегендеге несі қалды?» деген оймен іштеп тынып, тіс жармастан келеді.

Біржанды да, Ақанды да бала кезінде көргені бар. Ел қыдырған сал-сері атаулы Шөбек тұқымына қарасты ауылдарға соқпай кетпеуші еді. Біржанның «Айттайын», Ақаннның «Майда қоңырына» ұйымаған қазақ баласы жоқ шығар. Ел қаймағы – игі жақсылардан бастап, малшы-құшыға дейін ол өнерпаздарды хан көтере қадірлеп еді... Өзгелерді қайдам, бала Мәмбетәліге сал-сері біткен ертегінің кейіпкеріндегі көрінетін. Енді міне өзінің көзтаныс жеткіншек Ыбырайы «Үкілі сал» атанып, мұнша әсsem ән шығарыпты. Сегіз сері, Біржан, Ақан әндерімен үнделсетін жүрек тербер тамаша бір туынды. Олай болса, Шолпан жұлдыздай ерекше тұрған сол шаһbazдардың шоғырын молайтты десенші...

Бегімбет бар ынты-шынтысымен беріле шырқап болып, әнді күрт үзгенде, Мәмбетәлі шыдай алмай:

– Па, шіркін, бәрекелді, Бегім! Міне, ән! Осыны шынымен-ақ Ыбырай шығарды дейсің бе? – деп сауалын және пысықтады.

Самайын айғыздаган терді женимен сүрте салған Бегімбет:

– Е, сені алдал не көрініпті сонша? Бұл ән Ыбырайдікі болғанда қандай. Шықкан тарихына дейін алақандағыдай мәлім.

«Алтын» деген қызға арнап шығарса керек. Он алты жасынан мағшұғына ән жолдапты ғой сабазың. Құдай берген өнердің әндері ба? Қызы шіркінің қызыл түлкі ғой. Қызықтырмай қойған ба. Небір жігіт сұлтанын телмендетпеді дейсің, – деп қыз-қырқын жөнінде ті өз пікірін де қыстыра кетті.

– Дәмді екен не қылса да. Тағы білетінің бар ма Ыбырайдан? Аңыратшы білсөн. Әуесі соны екен. Өзің көп-көрім шырқайды екенсің ғой. Әнге қара жаяу емессің әйтеуір. Шұңғыршаны жерге қаратпайды екенсің не қылса да, – деп ұзенгілесіне және қолка салды.

Бегімбетті әдейі мақтап та қойды. Даңғойлау мінезінен хабардар ғой. Тайпасын, руын дәріппеп, көпшік тастап жіберсөң, Бегімбет-екен өлуге бейім. Жалғыз атты жарлының ұлы екенінде іс-місі де жоқ. Құтты бір дүйім Шұңғыршаның мандайына біткен солқылдаған мырзасы болар ма?

Мәмбетәлінің айласы өз нәтижесін күттірмеді де. Сәл бөгелген Бегімбет:

– Азанда мұздай шалап ішіп едім. Дауысым қарлығып калышты. Әйтсе де, қоңырлатып көрейін, – деген сөзben тамағын қырнап алып, – Үкілі Ыбырайдың «Гідігай» деген әні. Бұз әнді Жалғызтаудың басында, «Қатынтар» деген шыңға шыққанда шығарса керек, – деп, кәдуілгі ысылған өнерпаз сияқты әннің шығу тарихы жөнінде қысқаша мәлімет берді де, шырқай жөнелді.

Торы жорғаның жайлы жүрісіне тақымы сүйсініп келе жаткан Мәмбетәлі, құлағын түре берді. Барынша беріліп ән әуелеткен ұзенгілесіне таңырқай назар қыдыртып та келеді. Ішінен: «Осы Бегім ғой, оқу атаулыдан нырай қалған жас. Кедейліктің кесірінен молдадан жөндеп дәріс те алмаған. Сөйте тұра әнге бейімдісін қарай гөр! Демек, әсемдікті ұға білген жан десенші. Ұқпак түгілі, мойындал табынады да. Ал енді әсемдікке табынған жан адамгершіліктен аттамасы мәлім. Олай болса, адамгершілікке бастаған әннің құдіретіне қайтіп тәнті болмассың? Әліп-әбжадтан макрұм қалған кісінің ізгілік сезімін оята білген өнер тегін емес шығар. Ол өнердің иесі Ыбырай да ерек тұған жан ендеше. «Алмас кездік қап түбінде жатпас» демекші, бойына өнер қонған соң жарып шығып жарқ берді әнекей.

Мен ғой жер түбіне барып, түк өндірмestен сандалып келе жатқан сықптыым мынау. Не университетті тәмамдай алмадым, не демократияшыл үзенгілестерімнің жолын құып жарытқаным жоқ. Ағайын-туған араласып, абақтының темір торынан құтқарып еді, жасықтық таныттым да, ел қайдасың деп, жылыстап кеттім мінекей. Өз әріптесім Андрей болса, абақты түгілі, ажалдан да тайсалған жоқ. Демек, табанымның бұдыры жоқ деген сөз бұл.

Елдегі және бір құрдасым Ыбырай болса, өз жолын тауышты. Жол болғанда қандай! Ізгілікке бастайтын сара бағыт. Менің окуйма ағайын қыруар қаражат жұмсаган еken. Ыбырай әүлетінің қолы қысқа болып дарынды ұлын шаһарға жібере алмапты. Сонда дағы өнерімен ел аузына ілікті жүйрік құрдасым. Табанды мінез иесі деп соны айт әнекей! Он үш жасында көргенімде өнер құып еді, содан бері ізіне біратола түскен ғой. Маңдай терін төге шұғылданып, іздене берді деген сөз. Жалықпастан кумаса, бойға біткен дарыны көрнек бермес те еді. Ұшқынды үрлеп дем бермесе, жалын лаулаушы ма еді? Жасындағанда ұшқынды лапылдата білу керек. Ол үшін барынды салып, ынты-шынтықмен берілмесең болмас. Тесікөкпе енбеккорға ғана жалын ұстарат өнердің пырағы. Ыбырай сынды замандасым болса, сол қанатты пырақты ертеп мініп, арқырата шауып та жүр. Мен болсам, салым суға кетіп, байынан безген қатындаі сүмірейіп келе жатқан түрім мынау. Колақпандай жиырма үш жасқа келген екенмін. Не тындырыдым осы ғұмырымда?»

Ойға терендей өз басына сын таққан Мәмбетәлі әнтек қабак шытып, күрсініп қойды. Жол амандығы болса, бүгін-ертендері әкеймен жүздеспек. Не бетімен бармақ әкениң алдына? Міне гәп қайда жатыр.

Алда тосып тұрған жолығысу сәтін елестеткісі келмей көзін жұмып, басын бірер мәрте сілкіп те қойды. «Қойши соны, уайымдай бермейін! «Болған іске болаттай бол» деген екен аталарымыз. Қайран бабалар, неткен терен ойлы едің. Өмірдің бар сұрағына әлдеқашан жауап сайлап қойған даналығынан айналып кетсе болмас па. Әкейдің кәрін де көріп алармын. Тұзым тұщы, жолым болмайтын бір жан екенмін. Талайымнан көрем де. «Жұні жығылғанның күні жығылған» демекші, жұнжімейін мен... Келе жатқан жоқ па мына дәл өзімдей Бегімбет міз бақпастан. Өмір

шіркін, еш мағынасыз етіп барады-ау деген сияқты. Гілдемей уайымы болсайшы. Ағы ақ, қызылы қызыл болып, әндестің келеді сабазың. Осыныңкі дұрыс білем. Олай болса, Бегім құрлы жоқпын ба? Қайдағы-жайдағыны қоздатып, ой шытырманына бойлай бермей, осы қарапайым жігітке ұқсап бағайын да» деген тұжырыммен үзенгілесінің әуелете салған әніне құлак түре берді.

Тұған ауылына жолаушылар күн байымай-ақ жетті. Көптен бері салт журмеген Мәмбетәлі бірер сағаттан соң күймеге кайта жайғасқан. Ауылдың қарасы көрінген соң-ақ Дүйсен делбе тартып жүрісті бәсендедті. Жанамалай жортқан Бегімбет те тізгін тартыңқырады. Себебі, қотанға жай бастырып кіру – атазаманнан келе жатқан үрдіс.

Дегбірсізденген Мәмбетәлі күйменің есігін ашыңқырай төні-рекке көз жіберіп еді, бала кезінен таныс та, кеуілге ыстық жайлау суреті көрініс берді. Өзеннің арғы беті бұталы бұлан. Бергі беті жазық дала. Ауыл жуырда ғана жұрт жаңғыртса керек. мал тұяғына таптала қоймаған шалғын бітік те көкпеңбек. Боз үйлердің сыртында салқар желі. Ағытылған мама биелер өзенге қарай ілбі басып, су ішуге кетіп барады. Биебаудың басында конек ұстаган, шелек көтерген сауыншылар бұларды көріп аңырыса калған. Көгендерін саулықтардың манындағы қатын-қалаш та күн сала қарап тұр. Бұзау байланған арба жақтан бірер ит бұларға каресі абалай ұмтылып еді, Бегімбеттің жекірген дауысын танып, қүйрықтарын бұлғандата қалды. Малды-жанды бықыған бай ауыл кешкі абыр-сабырда.

– Ибай-ау, жаным-ау, Мәмкө келіп қалды ғой! Тәтемнен сүйінші сұрайын, – деген әйелдің дауысы естіліп, іле бірер акжаулық алты қанат боз ордаға қарай қалбалақтай жүгірді.

Мама ағашқа көз тастап еді, бөтен аттар жоқ сияқты. «Е-е, ауылда мейман жоқ екен. Жақсы болды-ау, үй ішімен оңашада қауышатын» деген оймен күйме тоқтамай-ақ жерге топ етіп түсін Мәмбетәлі, жол соғып тастаған бойын жаза берді. Майқара жусанның лебі бүрк ете жетіп, танау қытықтады. Жерошақтан көлбей көтерілген тұтіннің көңірсіген иісі де келіп, бірден бала кездің әсерлерін жадта жаңғыртып жіберді. «Бас-сирақ үйітіп жа-

тыр ма біреу? Бір бойдақты сойып тастап па әлде?» деген оймен қараша үйлерге қарай көз тастап қойды. Жерошақ басында бірер әйел ас қаузап жүрген көрінеді. Жолаушыларды көре салысымен істікке шаншылған бас-сиракты қоя салып, бәрі жаппай бері шұбатылды.

Малды-басты ауыл кешкілік күйбен үстінде. Қозы жамырап, құлыш кісінеп, бұзау мөніреп бықып жатыр. Осы көріністі сонау жер түбіндегі алып шаһарда жүргенде, соншалықты сағынғанын айтсаңшы!.. Жалдама пәтерлері жайлы еді. Құтуші әйел де үй ішін таза ұстайтын. Тамақты қала үлгісімен әзірлеуге де епті. Антревет, котлет дегендерің дастархан мәзірінен үзілмеуші еді. Нәрке екеуінің тесек орындары да мұнтаздай болатын. Ақ моразга малып алғандай аппақ сейсептерге, теңкиген тоқ бүйір жастықтардың бәтес тыстарына қылау жұқпайтын... Эйтсе де туған ауылға жету қайда!

Әсіреле алып шаһардағы алғашкы жылдар киын тиіп еді. Қалша жасында ту-у жер түбіне кету оңай ма? Елден келіп, алғашкы түні жалдамалы пәтерде қонғанда көздің жасына ерік берсін-ай келіп! Көрпенің астында үнсіз тұншығып жыламасы бар ма? Сәулетті ғимараттары аспанға шаншылған алып шаһар да, сұрғылт толқынды Нева дариясы да, тіпті, жатқан бөлменің тоқ бүйір қызыл реңкті комоды да – бәр-бәрі соншалықты бөтен көрінгені. Өз үйінін алаша, текеметін, иір мойын жез құмғанын көз алдына елестеткенде, қолқа тұсын әлдекім сыйып алғандай шым ете қалатын. Әсіреле аяулы жандарды айтсаңшы. Кішкентай қарындастарының жүздері, анасының мейірбан жанары, ауылдағ ағайынның жылы ұшыраған дидарлары мұнша ыстық көрінер мә? Тіпті ғұмыры жылы қабақ бермейтін әкениң өзін ең бір қимасындағ сағынғанын қайтерсің?

Үй ішінің жандары және сүйек жақын ағайын өз алдына ғой. Анау күйменің козлосына қонжия жайғасқан Дүйсеннің өзі есінен еш шықсайшы. Ауылда жүргенде көзге ілді ме мұны? «Таз Дүйсен», «қисық бас Дүйсен» деп қатын-қалаш қыжырта беретін жігітті бұл да менсіне қоймайтын. Қыста да, жазда да бір сенсөң шалбар, тай жайқымен жүре беретін, көзін былшық басқан, бойы тер сасыған жылқышыны санатқа қосқан ба жуан ауыл? Эйтсе де,

соңау жат жерде туған ауылдың малшы-жалшысына дейнін сөзін дырады екен.

Енді міне үздігіп ансаған ауылға жетті-ау қанат қағып. Экейдің үмітін ақтамаса да, басы аман келді... Айтпақтайын, әкеймен жүздесу бар екен-ау. Мінезі томырық кісі қаһарына міне ме екен, қайтер екен? Былайғы күнде де жалғыз ұлға сын таққыш басы, окуын бітірмesten үкіметке жазықты болып келгенін кешірмес, әрине...

Ойы сан-сакқа жүгіріп анырып түрғанда, сынғыр еткен нәзік бір лебіз жалт қаратты. «Ағатайым келіп қалды, алақай!» деп айғай салып жүгіріп келе жатқан кенже қарындасты Шолпан екен. Тоғыз жасар ерке қызы эй-шайға қарамай, еш қымсынбастан құлдырандай жетіп, мойынға бір-ақ асылды.

— Мен бірінші көрдім ағатайымды! Енді ешқайда жібермеспін! – деген сөзben жабысып алып босатар емес.

Мәмбетәлі елге қатынамағалы екі жылдың жүзі болып еді. Былтырғы жазда полиция рұқсат бермеген соң, қаладан шыға алмаған. Соған қарағанда, Шолпанның әбден сағынып қалғаны түсінікті де. Бұл қызы төрт баланың ішіндегі ең еркесі еді. Балаға қатты Баялының өзі кенжесінің тәйтік мінезін көтере беретін. Шолпанның бойы қатар күрбыларынан кішірек болған соң ба, әлде қияпты ұлы әжесіне айнымай тартқан соң ба, әйтеуір тәксіз өсіріп келеді.

Қарындастын құшақтай алып көтерген Мәмбетәлі еріксіз езу тартты. Екі жылда әп-әжептәуір өсіп те қалған екен шолжаң бала. Киімі бір сыйырғы сәнді де. Ойын баласы болса да кәдуілгідей қосетек кәнипас көйлек, жасыл пүліш қамзолша киіп бой түзей қалыпты. Басында үкісі бұлғандаган барқыт топы. Ауқатты әзулеттің төлі екенін құлағындағы алтын сырғалар айғақтап түрғандай. Мәмбетәлі ішінен: «Қызы болмай кеткір, жылтырақ тағып сәнденіп қалыпты ғой мына бала. Есеюге асығатының-ай осылардың» деп еріксіз жымип қойды.

— Ағатай, неге келмей кеттің? Сарғайттың ғой осы жолы. Енді бар ғой, осы ауылдан аттап та шықпайсың! – деп жорта бүртиған Шолпан құшағын қыса түсті.

— Қайтеді-ей мына қыз! Әбден есіріп алды-ау осы бала. Жағысып алғаны несі бас салып? Жібер кәне, жұрттан ұят тағы! — соңадайдан жеткен дауыс өзіне назар аудартты.

Үй жақтан келе жатқан шешесі екен. Қасында жаулықтары ағараңдаған бірер сақа әйел. Шешесінің тасасында Мәмбетәлінің қарындастары Сәүле мен Рәзия. Он төртке шыққан Сәүледен Рәзия екі жас кіші. Ес біліп қалған қызалақтар Шолпандай емес, сызыла басып келеді. Ана тәлімін көріп өскен балалар ғой. Ағасын қанша сағынса да, анасының қабағын бағып, иба сактауда. Бұлар да бой тартып қалыпты. Бүйрек бет, қара торы Сәүле әкесіне тартқан кесектеу бітімді. Қою, жалпақ келген қасты демесен, пәлен ажарлы емес. Рәзия шешесіне тартқан нәзік, талдырымаш тұрпатты. Өні қақтары болғанымен, бұның да кескіні сын көтере қоймайды. Сопақтау келген қияптындағы мұрны тым қоңқақтау болып бітіпті. Ер балаға лайық бұл мұрнын қызалаққа жараспай тұр.

Апалы-сінлілі екеуінің мінездері де екі басқа. Сәүле акжарын, қүлегеш болса, тетелесі тұйықтау. Бұл екеуі де құлақтарына үзбе сырға, саусағына маржанкөз жүзік салып, бой түзей қалыпты. Денесі бітімді келген Сәүленің омырау тұсы бұлтиып, бұрынғы сидам тұрпаты торала түскен. Бірер жылдан соң-ақ, піскен әңгелектей бойжеткенге айналары көрініп тұр.

Қарындастарына зер салған Мәмбетәлі, топ алдында келе жатқан анасына назар жықты. Балалы қаздай байпаңдай басқан Сапура ұлына қадала қарап келеді. Жүзі маңғаз. Бұл дағдылы пошымы ғой. Жуан ауылдың байсалды бәйбішесі атанған соң, салмақ сақтамай қайтсін. Мәмбетәлінің көзіне шешенің дидары оттай ұшырады. Ең аяулы жақынын қаншалықты сағынғанын енді түсінгендей.

Қырықтың қырқасынан асқан Сапура өнін бермей келеді. Орта бойлы тұрпаты толысқанымен, жалпайып кетпеген. Төрт құрсақ көтерген сарықарын бәйбіше дейтіндей емес, келіншек кезіндеі құлын мүшесін сақтай біліпті. Бір таңырқарлық жәйт, қыздары ұқсынсыз келсе де, Сапураның өзі айта қаларлықтай бәденді. Аппақ жамалына екі бетінің ұшындағы жүқалаң қызылы, қаламмен сызып қойғандай жіңішке қастары, пісте мұрны жараса қалған. Көздері кішірек келгенімен, жебе кірпіктері бұл мінін жасы-

рып, ажарын арттыра түскендей. Бұл көзге әсірессе ерекиес болады, әперіп тұрған – есті жанарынан себездеген майда шұғыла. Есілдегі әрі сынай, әрі құлімдей қарайды. «Е-е, қарақтарым, жайжапсарың алақанымда ғой, бұкпенді қайтіп жасырарсын?» деп тұрғандай-ақ.

Әлді әuletтеп шығып еді Сапура. Бұның төркіні – Сүйіндік руының Темеш деген тармағы. Аталарының байлығы Шөбек әuletінен кем емес. Сапура болса, пәлен ұлдың ішінде жалғыз есken ерке қыз. Әкесі:

– Аз күнгі қонақ қой, бетіне келмендер, – деп алақанға салып шолжандатқан соң, агаларын билеп-төстеп жетілген. Ұзатылған соң да бұл мінезін оңайлықпен қоймады. Еркелігінің үстіне есті де айлалы болатын. Содан болар, айналасына сөзін өткізе біледі. Тұрмыс құрғаннан-ақ Баялыға өзі би, өзі төс. Жуан атадан несіне ықсын? Тектілік жағына келсе, сүйегі сүйегіне сай. Білім жағынан да кенде емес Сапура. Бар әulet ұлдарының тілін сындырмаққа оқымысты молда ұстайды ғой әдетте. Сөйткен ғұлама қалпеден Сапура да әп-әженгір ғибрат алған. Хадис пен аягтарды еркін оқып, мағынасын айыра береді. Сондықтан, келін болып түскелі өз абыройын төмendetпей баққан. Титтейінен ататегін мақтан тұтып жетілген жас ару, жаңа ортада өз есесін жібермеуге тырысты. Темеш Сүйіндіктің бір бұтағы болса, Сүйіндік Арғынның бес Мейрамына жатады. Бес Мейрамды өзге Алаш «Арғынның сауыры» деп атап кеткені мәлім. Мейрамнан Абылай ханың өзі ыққанына кәрі тарих куә. Заманында Ботақан жөнінде туған кикілжінде Мейрамның қолы сайланып келіп хан ордасын да қамаған. Ордаға қауіп тонгенде төре мен төлеңгіттер еш қайран қыла алмапты. Тілінен жағы бұрын сөйлейтін Көтеш ақын ханға «сен» деп сөйлемеп:

Абылай, қуйіп кетті салған қалан,

Мейрамға не еді жапкан жалаң?

Жанайды дәл бүгін босатпасаң,

Болады ертең жесір қатын-балаң! – деп сөз запыранын да төккен.

Сол сын сағатта ханды о бастан қолдап жүрген Атығай мен Қарауыл Мейрамға қарсы шыға алмай, тартынып қалса керек.

Қайтіп шықсын, арғы түбі бір ғой. Бұлар да Арғыннан тарайтын «Жеті Момын» атанған ру бірлестігіне кірсөр еді.

Қарауылдың және бір осалдық танытқан тұсы – Ақан серінің Құлагері мерт болған қайғылы оқиға. Құлагерге қызығып, бірнеше рет сұратқан Куандық ішіндегі Алтай руының Хамза деген бір думдісі болатын. Сол Хамза Құлагерге қызығып, серіге сәлем жолдайды. – Тұлпарын кисын маган Ақжігіт. Құнерездік қылмаймын, эрине, баспа-бас төлеуіне қыз алсын. Бойжеткеннің не-бір шолпаны бар ғой Куандық-Суйіндікте. Мандайынан шертіп жүріп бір сұлуын тандасын. Қалыңмалын өзім көтеремін. Қызға қоса айғыр, үйір жылқы және алсын, – депті Құлагерге көзін сатып жүрген бай.

Сері мықтының айдынына жығыла қойсын ба? – Мені саудагер дей ме еken мырза? Қызыққанын сатып алып дәндеген шонжар ғой бұ Хамза. Сұлу қыз бер жүйрік ат көздің құрты, мақтан ғой. Қол жеткізбесе талай думді тағатынан айырылар. Сәйгүлік түгілі, кісіні да сатып алар дәuletі бар екенін есіткем де. Әйтсе де, бұ дүниеде сатылмайтын да кісілер барын білсін мырза. Баспа-бас қызға атымды бермек түгілі, шақша екеш, шақшамды да Хамзаның бар малына айырбастармын ба? Таразының бір басына өзі тұрса да айтқаны болмас. Серінің мұлкіне сауда жүрмейді. Сөзім осы-ақ. Талағы тарс айырылып сақалын жұлса да, айтқаным айтқан, – деп өр мінезіне басады сері.

Бұл сәлемін Хамзага он есе өсіріп, әрлендіріп жеткізеді арадағы елшілер. Эрине, шонжардың шамына тиер жағын ұлғайтып бакқан. Өзін бір таудың текешігі деп біліп, деміне нан піскен мырза, мынандай жауапқа ыршып түсері белгілі ғой.

«Төрениң атын ерттеп, күнін көрген жаман Қарауыл дәсін деген екен! Дәсітпейін мен сені олай болса! Құлагерді тақымыма ия басармын, ия баспасын. Ол арасын жалғыз хаққа тапсырдым. Бірақ мениң қолым жетпесе, саған да бұйырмас, ісік сері. Азулымен ұстасқанды көрсетейін мен саған» деп қанына қарайып алады да, сәтін күтеді... Сәті Сағынайдың асында келеді. Батыраш пен Қотыраштай ағайынын қайрап айдал салып, тұлпардың көзін жойып тынады ақыры.

Бұл еgestі сырттан бақылаған Сапура, асқан жауыздыққа жаңы түршіккен. Сонымен қатар Қарауылдың ынтымағына шәк

келтіріп, ішінен пікір де түйген. Ақан сері жәбір шілдекінде кайсыбір ақсақалдар:

«Құлагердің құнын жоқтамаймыз ба? Мұндар сері – Атығай-Қарауылға олжасалған сандал керім» деп зар еңіреп жүрген түрі анау. Он екі ата Дәуітке сідет артпай-ақ койып, тым болмаса Қарауыл болып ұран шақырайық та. Намысқа шаптай қол кусырып отырамысын, ағайын?» деп Шөбек әuletіне салмақ салған.

Бұндайда Шұңғыршаның сөзін ұстайтын Баялы. Ресми шен, болыстықты інілеріне әперіп, ел ішіндегі дау-шарға көбіне-көп араласатын өзі. Ақсақалдар намыс отын қоздырғанымен, ыскаяқ атқамінер еллідей қойған жоқ. – Бұ Ақжігіт о баста-ақ ағайын келесінен шығандап бөлек жайылып кеткен жеке батыр емес пе? «Саяқ жүрсөң, таяқ жерсің» дегеннің кебін киді де. Алтай-Қарпықпен ұстасып, өле алмай жүр ме еді? Алтай-Қарпық дегеніміз – Қуандықтың тармағы, Қуандық пен Сүйіндік бес Мейрамның ұстыны. Айтқан жоқ па сонау Қобылан Бәрібайұлы сынды ақтаңгер ақын:

Мейрамға кім жетеді Арғындағы,

Орта жұз әулетінің арғымағы.

Елінде қазағымның Алтын орда,

Қайнардың қайнап шықкан бал-бұлағы, – деп.

Сондықтан, іші бок, сырты түк бір хайуан үшін ағайынмен шайырғал кетісер жайым жоқ. Шапқа тұрткендер арамтер болмай-ақ қойсын, – деп сөзуарлардың алды-артын орап тастаған.

Бұл уәжі Сапураның көніліне майдай жақты. Себебі, дәл сол тұста Баялы тарапынан тоқал алу жөнінде сөз шыға бастаған. Өзі ұн демесе де, тілі сүйреңдеген абысындарды салып:

– Ер баладан жалғыз ғана тұғы бар байынның. Бала үшін төсек жаңғыртса, теріс болмас еді. Саликалы бәйбіше атапанының өзі мәртебе емес пе? Тоқалды жұмсал, қатын біткенді бір шыбықпен айдал отырасың әлі-ақ, – деген сөзді жұқалатып жеткізген еді.

Онысина кемпірлер жағы қосылып:

– Ата-бабаңың жоралғысы осы да. Дәулеті жетсе, жас іс неге алмасқа? Үй ішінен үй тігіп отырған жоқ па анау Жаналы мен Нұралы. Әкесінің соңынан Мәмбетәлі жалғыз ерген қалай, бірер бауырын ерткен қалай? Жалғыздың шаңы шықкан ба? Әке-

сі төсек жаңғыртса, әлі талай іні де ерер соңынан, – деп бұлар да тосын сөздің шетін қылтитқан.

Осы тұста Сапураға өр мінезін жарқ еткізуге тұра келген. Бұндай бықсыма сөзге бұрыннан-ақ әзір болса керек, кемпір-сампырды аяғына да отырғызған жок.

– Соны да кенеулі сөзім бар деп айтады-ау қайсыбір құла ауыздар. Мәкөштей құлдының жалғыз екен-ау деп жасының деген мен жоқ. «Жалғыздың жары – «Құдай» деген. Мың қарға бір сұңқарға беттей алған ба?.. Ата-бабаның жол-жоралғысы көп қой. Өснегі де аз емес, Құдайға шүкір, – деген сөзben құлақ түре қалған қатын-калашқа назар қыдыртып алып, – «екі сиыр – айран, екі қатын – ойран», «бәйбіше – Құдай бұйрығы, тоқал – иттің құйрығы», «кіші қатын – кісі қатыны» деген нақылдар да баршылық екен. Тере берсен, әлі де шұбырта берер едім, бірақ сөзді сапыра бергеннен майы шыға қоймас, – деп сәл кідірді де, лебізін нығырта түсіп, – ұзын сөздің қысқасы – мырзаны ондай мерездікке қимаймын. Ер ортасы жасқа келгенде, қылмындаған тоқалы кезіне шөп салса, тірі өлім емес пе? Құдай бұйрығы қосқан басыммен, түгі қызыл екен-ау деп, бір дүрегейдің құйрығын бұлғандатпасын мен. Ал енді зәүі-сайтан «әлгінің» кеуілін шайтан тұртсе, төркінімді табармын. Азуы алты қарыс Сүйіндік бір көдегін жылатпас. Мәкөшімді де нағашысына алып кетермін. Оқыған балағой Мәкөшім, шешесін кейітпес. Қолымнан алып көрсін. Мықты болса, Ақан серіге неге ара тұспеді бұл ел? Алтай-Қарпықтың мысы басты ма әлде? – деп турасынан кеткен.

«Әлгі» деп ауыл әдетімен өз күйеуін атаған түрі ғой. Бұл сөз Балялыға неше түрлі құлпыра жетерін қайтіп білмесін... Құр қызыл тілдің бұндайда жәрдемі аз екенін де білді жетелі әйел. Ұңғайлы бір жігітті шақыртып алып, дереу ағаларына аттандырған. Не сәлем айтқанын өзі білсін, көп ұзамай сонау Өлеңті мен Шідерті бойынан қырық жігітті бастап Серғазы есімді немере інісі сау ете қалсын. Ерткен азamatтары сайдың тасындағы кіл «мен атайын, сен тұр». Мінгендері қылан ұрған саңлақ. Жетектерінде және бір-бір жарапа бедеу. Қарулары да сай. Такымдарында шоқпар, айбалта. Бірен-саранында бытыралы құс мылтықтар да бар... Ат шалдырып, сусындаған Серғазы желпінісіп, терін басқан соң, жонін ұқтырды.

— Ақсақалдардың жұмсауымен шықкан беттерініз ғой. Қызылжар жаққа жылқымыз желдеп кеткен еді. Соны бір бишкекшітің сөзбүйдаға салып қайтармай қойғаны. Сөз ем болудан қалған қағынганд заман ғой бүл. Қара құшті ғана сыйлайды бүгінгі пысықайлар, — деп Баялыға мағыналы бір көз тастап қойып, мырс етті, — сөзге тоқтамаса, өз обалы өзіне. Осы сапар тізені батырыңқырауга тұра келер. Екі есе қылыш құйматұяқты әкетпесек, бетке түкір! — деп қысық көзін жарқ еткізді.

— Тебінгі терім алтын Темешпін! Арғынның ақ некелі бәйбішесінен туған Сүйіндікпін. Өзім өлмей, қеудемді бастырмаспышын, — деп жуан дауысын шығарыңқырай, қызына сөйлеген.

Сапураның ағалары сес көрсетуге жіберер жігітті таба біліпті. Серғазының шомбал бітімі, табактай бетіндегі тышқан көздеріндең сұық жылт, кімді болса да ойландырмай коймас еді. Сөзге жоқ, томсарған жігіттерінің сүрепеттері де өрт сөндіріп келгендей.

— Бүл ауылға апа-жездем бар деп бұрылған түрім ғой. Эйтпесе жолдан бүйрек кетіп жынды қойдын миын жеппін бе?.. Біздін Темеш қызы баланы қадірлейтін ел ғой. Ұзатса да ізден жүреді. Әсіресе, Сәпкемдей апамды өлсем ұмытармын ба? Елең-ескеріп жүремін қашанда, — деп көзін жыптықтатып, кенет босаған нысайға мініп алды. Көңілшектің ұстаған кісімсіп көз жасын да сығып алған. Алпамсадай азаматтың бүл мінезі сырт көзге сәл-пәл тосандау көрінгендей. Бұнысы жорта құбылған айласы екенін жиылған ағайын қайдан білсін.

— Тұнеугұні бір тұс көргенім. Әпкемнің қабағында кірбің бар сияқты. Апымай-ау, бұ не болды деп тағат тапсамшы. «Әлде жездемді біреу кейітті ме екен?» деп, мазамның кеткені. «Құланың қасуына — мылтықтың басуы» демекші, мына жортуылдың кез келгені. Жасақты өзім басқарып келгеннің себебі сол, жездеке, — деп құймыр көзін отағасыға және бір тәңкеріп өткен.

— Тұс дегенін тұлқінің боғы ғой. Эйтсе де әпкемнің қамы шабақтай шоршытып жатқызбады. Бауыр деген оңай ма?.. Еншалла, апамның жүзі жарқын екен. Ымырасы келіскең Шұңғыршаны, апамды алақанға салып күткен жездемді көрдім. Кеүілім орныкты не қылса да. Сүттей ұйыған қалпыңа көз тимегей тек. Қайсыбір есірік байлар қос-қостан қатын алып, басына пәле сатып алып,

сандалың жүргөн жоқ па? Отбасынан шаң-шұн арылмай, шакшадай бастары шарадай болған түрлөрі анау.

Киіз төбе, жүн жеп, жабағы тышқан майтымақ байларға со керек, әріберіден соң. Бір аспанның жүзіндегі бір-ақ Ай мен Күн болар. Мына әпкем екеуің сияқты. Осыны түсінген өзіңе разымын, жездеке, – деп кеңесін түйіктады.

Баялы да әккі бөрі ғой. Сөз ауанын салған жерден ұқты. Эйтсе де, сыр білдірмей езу тартып:

– Е-е, балдызым, көңілге желік кірсе, шара бар ма? «Сарт байыса, там салар, қазақ байыса, қатын алар» демекші. Сананы қиял қеулесе, біреуге ақыл салмас та пенде. Пайғамбар сұннеті дегендегі, шаригат жарықтық төрт қатын алуға пұрсат берген соң, еркін көсіле береді де қотты ағайын, – деп сүйейсалды жауап қайырған болатын.

Бірақ, Серғазының келісі нәтижесіз болған жоқ. Ұр-кеппелеу балдызының сотқар түрі ойлантты ма, әлде «ұлды ертіп төркініме кетем» деген жамағатының домбытпасы секем алғызды ма, әйтеуір тоқал алу жөніндегі сөз пышақ кескендей тиылған... Сөйткен жеңіске жеткен Сапура енді міне тұла бойы тұңғышы, сағындырған жалғыз ұлмен қауышпақ.

– Келші, құлыншағым! Жеттің бе қанат қағып, жалқы балапаным? – деп Шолпан босатқан Мәмбетәліні құшақтай алып, – жігіт болып қалыпсың ғой. Бойың әкене тартқан ба қалай? Енді ме енді, ешқайда жібермеспін. Оқуы құрып қалсын! – деп көзі жасқа малынған Сапура, тұңғышын маңдайынан қайта-қайта өбе берді.

Оз бойының қаншалықты өсіп қалғанын енді аңғарды Мәмбетәлі. Бұрын өзінен сәл ғана аласалау шешесі, осы күні тым кішірейіп қалыпты. Бетінен сүйгізу үшін едәуір еңкеюге тұра келді. Анасының аппақ күндігінен қымыздың ашқылтым иісі жетіп танау қытықтайды. Қымыз иісіне әтір жұпары да араласқан. Заманында «кербез келін» атанған Сапура бой-басын мейлінше күтер еді. Жастайынан-ақ әшекейге, бұлды киім-кешекке жаны құмартын. Қос-қостан алтын білезік, жауһар көзді қапсырма, лағылы жылтылдаған бұрама сырға тал бойына жараса қалар еді. Кезі алпыс сом Хиуаның ақ зерін жүгіртіп бешпет тіктіруді, касыкөзін сүрмелеп, бетке опа-далап жағуды осы ауылдың төменетектің Сапурадан үйренген... Қайсыбір желауыздар сыртынан сөк-

кен де болатын. Алайда, әрі ажарлы, әрі үлде мен бүлдеге маңына киіне білетін желекті келіншегін Баялы бетінен қаққан жоқ. Керісінше, іштей мақтан тұтып та жүрді.

Сақая келе қасын сүрмелууді ерсі көрген Сапура, хош иісті этірді қолдануды тыя қоймаған. Осы күні де қалашыларға арнайы тапсырып, ең бір қымбатын алдырап еді. Онысын салған жерден анғарған Мәмбетәлі құшағын жаза берді де, «біздің шешей жасы ұлғайса да, бой түзеуді қоймаған еken. Бұз әйел заты дегенге дауа болмас. Әлдекашан тұрмыска шықса да, еркек затын сән-салтанатымен арбай бермек» деген оймен жымиып қойды.

— Пой-пой, бәйбіше, армысыз! Сіз өзі барған сайын жасара бересіз бе, қалай өзі? — Нәркенің саңқ еткен лебізі жиылған халайықты елең еткізді.

Күймеден түскен Аполлинарий үсті-басын қаға биік цилиндр-қалпағын қақырайта киіп, сәнді таяқшасын жерге кірш қадай, адымдаپ келеді еken.

Сапураның қасындағы шикіл сары Раушан, сықы көз Кәбираш сынды көрші-қолаң әйелдер беттерін үзіп-үзіп алысты.

— Ойбай, көтек! Ұлық келіп қалды ма десем, өзіміздің Нәрке еken ғой. Қазақшаны ұмытпанты сабазың. Басына қонжитқаны не зат өзі? Сәукеледей ұп-ұзын бірдене ғой, — деп алыстан жеткен жолаушыны бірталай сөз қылышты.

— Е-е, Сапура-ханым, балаңыз онсыз да елден кете қоймас. Ауылдан қырық шақырымнан артық ұзап шықпасын деген үкіметтің қатаң бұйрығы да бар. Қалаға қатынап, урядникке көрінуі де міндет. Машақаты көп айта берсек, — шаһар салтымен ілтипат білдіре ііліп Сапураның қолын сүйген Нәрке, Мәмбетәлігे қулана көз тастап, — киратып келді ғой біздің Мәмке осы сапар. Жығылсаң жығыл нардан, ажалың әлдекайдан» демеуші ме еді қазак? «Жығылмаса да бір сүрінді мырзамыз. Айға шапқан арыстаннан кем болмады әйтеуір. Ақ патшаның өзіне ауыз салған соң, былайғы жұртты шопақ құрлы көре ме еken заңғарымыз? Александр екіншінің басын жұтты не қылса да. Жана тағайындаған үшіншіні тағынан құлатып келмегеніне тәуба. Қуырдақтың көкесін сонда көрер едік, — деп езу тартты.

Сопақ бет Раушанның онсыз да бадырақ көздері шарасынан шыға жаздал:

— Не дейді мына имансыз? Қайдағы патша? Онда не жұмысы бар баламыздың? — деп ернін сылп еткізді.

— Аузына келгенді оттай береді де кәпірің, — етженді келген Қәбираш Нәркеге жақтырмай қарап, құндігін шетімен дымданған көзін сүртіп алды да, — қазақшаға судай екен өзі антүрган. Мәтелдетіп сойлегенін қайтерсін? Ит арқасы Кетрамбордан емес, сыбай қонған Атығайдың бір ауылынан жолаушылап келгендей-ак, — деп бұл да ернін шығарды.

Өзара сын тағып күңкілдескенімен, Нәркеге естіртпейді, әрине. Тік келуге бет кайда? Әдел-әркен жібермейтіні өз алдына ғой. Оның үстіне Баялымен әмпей-жәмпей оқымысты орысты бұл ел үлкен бір ұлық деп таныр еді.

— Ал, бәйбіше, мына азamatымызды ел-жүртқа табыс етейін деп едім. Басы аман, дені сауда құтылmasам болмас. Кешегі жас-қаншақ жеткіншек жастан асып кетті-ау бұжігітіміз. Бағынудан қалғалы қашан. Сынаптай сырғып қолда тұrap емес тіпті. Жа-лындаған жастар тежеуге көнген бе? — езуін жимай көңілді тұрган Нәрке үй жаққа көз таstadtы, — мырзамыз ауылда жоқ-ау шамасы. Жолаушылап кетті ме, бұжі қашан келер екен? — деп мойнын созып, қотан сыртындағы қырқа жаққа назар қыдыртты. Сонау белес беттен бері құлап келе жатқан аттылар көзге шалынбас па екен деген кісідей-ак.

— Тықыл-таяндастып жүретін кісі ғой мырзамыз, — Сапура миығын сәл толғап қойып Нәркеге көз төңкерді, — бір дау-шармен айналысып бөгелген шығар. Жол амандығы болса, кешікпей келіп те қалар. Баланың келетінін біледі ғой... Үйден күтіп алсаңшы дегенге құлақ асты ма? Дүниеде не қатты, әкениң жүрегі қатты деген осы да, — осы сөзben Мәмбетәлінің маңдайынан және бір күшyрлана иіскеп, құшағынан босата берді.

Осы сәтті күтіп тұрган Раушан:

— Ал енді бізге де кезек келіп қалған шығар! Молда баламызды армансыз аймалайықшы бір. Зарықтырды ғой оқу куып.

— Айтпа деймін. Дидарын бір көрсетпей, қарасын батырды ғой мүлдем. Не көрінді сонша миды ашытып оқи беріп? Анау Болатнайдың медіресесін-ақ тәмамдалап, молдалық құрмайсың ба, шырағым-ау? — деп Қәбираш та үн қосты.

Бұл кездे бүкіл ауылдың қатын-қалашы жинанып... ғылыми, Сонадайда жалаңақ, жалаңбас бала-шага шуласын:

— Ағатай келді! — деп сандарын шапалақтай асыр салып, ауылды басына көтеруде.

Ер-азаматтың дені Баялыға еріп кетсе керек, бірен-саран малишы-жалшы ғана бой көрсетіп тұр. Әйелдер жағы топтана қалса, үнсіз тұрган ба? Ауыздары жабыса шунқілдесіп қызу пікір алысада. Мәмбетәлінің келісі бұйығы жатқан ауылды сelt еткізіп, марғау қалпынан оята гу-гу сөзге сылтау болғандай... Халайықты әсіресе таңғалдырғаны Нәркенің цилиндр қалпағы. Бегімбетті қоршап алған қойшылар:

— Пой-пой, шіркін, телпегіне болайын! Шошайған қалпы табан қарыс болар.

— Хан қалпағы «мұрак» болыпты-мыс дегенді естуші ек, соның сыңары болмағай.

— Диуананың құлесіне келеді. Мынандай қалпақты тегін кісі кимес!

— Жандаралмен ілік-шатыс деймін бұны. Ойнап көр Нәркемен! — деп ауыздарының суы құрып шала бүлінді де қалды.

Бегімбет Петербургқа өзі барып келгеннен бетер қоқыланып:

— Айтарың бар ма? Кетрамборға анау-мынау кісі барсын ба?! — деп момын ағайынға маңызси қарайды.

Өйтпесе тағы болмайды ғой. Сонау Қызылжарға барып келген жоқ па? Осы тұрган ағайынның дені ғұмыр-бақи ауылдан үзап шықпағанын неге білмесін...

Ақ көбікке малишынып келген аттар сарығын бассын деп қаңтарып, терін үгіп тұрган Бегімбет қойшылардың сауалдарына бірден жауап та бере қоймайды. Нығызысып, күттіріп барып, керенау тіл қатады. Өз беделінің бірден шырқағанын біліп-ақ тұр. Жас мырзаны ту-у Қызылжардан күтіп алған жігіт абыройлы болмағанда ше? Кіләм-сіләм бозбасқа мұнша жауапты міндетті тапсырмас та болар...

Осы тұжырымына және бір өркештеніп қалған Бегімбет, торы жорғаның терін үгіп болып, кежімдей бастады.

— Әкелші, молда баланы бір иіскейін. Мына Раушаны бар болғыр жабысып алып, мұлде босатар емес қой. Қой әрі сілекей-інді жаға бермей. Дәретің бар ма еді өзіңнің? Қасиетті қітапты

ұстаған таза қолға жармасқандай? – деп айғай салған Кәбираштың үні халайықты ду күлдірді.

Осы сөзбен Мәмбетәліні құшақтай алған Кәбираш, жігіттің басын өзіне таман еңкейтіп, маңдайынан иіскеді. Бұл екеуін қоршап алған қатын-қалаш тобы улап-шулап өз кезегін күтуде. Таяқка сүйенген бүкіш бел бір кемпір жігіттің қолына жармасып өбіп жатыр.

– Он екі пәнді тәмам қылған мақсым бала ғой. Періштедей пәк құлыным-ау сол, садағаң кетсем болмас па! Шапағаты тиер ме еken жарықтығымның, – деп Мәмбетәлінің алақанын маңдайына қайта-қайта тигізіп әуре.

Қарадай қысылған жігіт кемпірге өзі еңкейіп:

– Ой-бұй, шеше, ұят қой мынауыңыз. Мен қайбір пірәдар едім? – деп көзінен сорасы аққан, арық қолдарының тамырлары талаураған, қаңбақтай салмағы жоқ кейуананы құшақтай алды. Ішінен: «Мениң қандай «молда» екенімді білсе ғой бұл әжей, ыршып түсіп бетіме түкірер ме еді, қайтер еді?» деп ыңғайсыздынып та түр... «Андрей екеуіміз араласқан орта шеттерінен атеист қой. Өздері орыс бола тұра, поптардың қарғысына талай ұшырап еді-ау сабаздарың. Коперник, Джордано布鲁ноның ілімдерімен танысқан жетелі жастар дін уағызына ұйысын ба? Құбыласы соқыр сенім емес, ғылым болушы еді. Саналы азаматтар қолмен ұстап, көзбен көрмесе, біреудің кенеусіз насиҳатына сене қоймайтын. Сөйткен қауымда пісіп жетілген басым, молдалық құрудан аса алыс екенін қайдан білсін бейуаз қария?»

Осы тақылеттес ойлар санасында тізіле берген Мәмбетәлі әжейді алдаң тұрғандай-ақ қысылып, өні қызыраң тартты... Осы бір ұялшақтығы-ай! Соқталдай жігіт басымен іштегі сырды жасыра алмай, болмашиға беті дуылдаң шыға келеді. Мына пақырдың алдында өзін күнәлі деп білсе де, шындықты былш еткізіп қөнілін қайтіп қалдырысын. «Апатай, мен діндар емес едім, айып етпеніз» деп кешірім өтінгені ерсі емес пе? Баз-базда қөніл жықпастықтан туған алдаудың да пайдасы бар болса керек...

Осы ойга бекіген Мәмбетәлі кемпірдің құлағына таман еңкейе беріп, дауысын қаттырақ шығара Фатиқа сүресін судырата жөнелді. Құлағы мүкіс екенін біледі ғой. Абырой болғанда сүрені ұмытпапты. Мұдіріссіз, Бұқар мақамына салып, нәшіне келтіре

кирағаттан шыкты... Бұнысына өзі де аң-тан. Құран сөзін көз алмағалы бірталай уақыт отсес де, әр әрпіне дейін жадта сиңірді түр екен. Асылы, бала кезінде ден қойып жаттаған кітап насиҳаты ғұмыр-бақи ұмытылмайтын шығар. Баланың жады дәптердің ап-пақ парагы рәүіштес. Не жазсаң да ізі баттиып қала бермек.

– Үй, кунішегім сол, алда разы болсын! Әнекей шарғы созінс қарық қылды да жіберді. Мешіттегі мәзіндегі дауысы сұлу болар ма. Буындан тұрып мәділегеніңе болайын, жарықтығым! – деген көнілі босаған кемпір кемсөңдеп жіберді.

Осы кезде Сапураның үні шығып:

– Ал, жамағат, не тұрыс? Жолаушыларымызды есік алдында иіріп қоймақпысың? Сусын ішіп, таңдай жібітсін. Ал, үйге кірелік! – деп Мәмбетәліні қолтықтай алып, Нәркеге еңсе бүрді, – құрматлу мейман, бүгінгі төр сіздікі. Қымыздың дәмін ұмыткан боларсыз, – деген сөзбен, «алға озыңыз» дегендегі қолын сілтеп иек қақты.

Бұл сөзге ілесе боз орданың ішінен сабаның құмпілі жетті. Милықтата киген цилиндрін желке жаққа ысырып қойған Нәрке:

– Е-е, бәйбіше, есті кісі қымызды ұмытар ма? Мас қымыз, дәрі қымыз, дертке шипа қымызға сусын жеткен бе? Қаланың арағы мен шарабы қымыздың қасында жіп есе алмас. Кезінде, бір жаз ішкенде-ақ тұлыптаі домаланып семіріп шыққанымды қайтіл естен шығарайын?! – деп көңілдене күліп жіберіп, Сапураның соңынан ілесті.

Бегімбеттің қасында көнетоз бәркін мыжырайта киіп алып, үсті-басының шаңын қаққыштап тұрған Дүйсен, таңыркаған кейіппен басын шайқап қойды.

– Төбесі жарық итің қазақша қалай-қалай сайдайды-ей! Аузы аузына жұқсайшы, – деген сөзбен айнала тұрған жамағатқа назар қыдыртып өтті. – Арғы жағында зейін бар-ау. Кей жамандар өз тілін де жарытып білмей, екі сөздің басын құра алмай әлек. Бұорысың пәлен уақыт сыртта журсе де, тілді ұмытпақ түгілі, қайта төселе түсті дерсің. Құдай-екен сана берейін десе, киын боп па? – деп таңдай қақты.

Осы мезет үй жақтан айғай салған дауыс жетті. – Эй, Дүйсен, немене тұрсындар омалып? Үйге бас сұқпаймысың? Қиратып келген немеше кергүін жаман неменің! Мына тұрған Қызылжарға

бір барып келгенінді бұлдаймысың әлде? Кел, ас ауыз тиіндер. Бәрің жаппай кел. Осы елге жететін қымыз бар, Құлдайға шүкір, – деп қол бұлғап тұрған Раушан екен.

Бәйбішенің көңілін ауламақ болып өзінше шүлесінген түрі ғой. Бүгінгі қуанышты пайдаланып, жалшы-жақыбайға мейірімі түсімсіп, жақсы ат алып қалмақ есебі де бар.

– Беу, шіркін десенші, бес биенің терісі қара саба инеп тұр деп еді, қуанышқа жинаған ғой бәйбіше.

– Қолы ашық-ау Сәпкенің, дәл бүгін жамиғи жұртты бір тойғызыбаса, маған кел!

– Қысырдың тайын жылқыдан әкелді ғой, құрмалдыққа шалады да.

– Жалғыз ұл патшаның құрығынан құтылған соң, несін аясын?! – деген дауыстар жан-жактан шығып та жатыр.

– Ал, көп шуылдақ, сөзді доғар да кеттік үйге қарай. Аңқамыз кеүіп қаталап келдік. Боз ала таңмен таласып тұрып жол жүру оңай ма? – самай терін жеңімен сүрте салған Дүйсен үйге таман жіті адымдады. Топ бастайтын серке табылғанына қуанысқан жобалғы киімді көпшілік, жылқышы жігіттің ізін ала табан көтере бастады.

* * *

Боз орданың көлеңке жақ іргесі түрілген. Құн түстен ауып, коныржай тартқан мезгіл. Ашық іргеден дермене жусанның, айрауықтың қышқылтым иісі аңқып тұр. Бұл леп өзен жақтан ескен самалмен араласып, танауга жұпардай білінеді. Жайлаудың қымыздай жұтымды, шыныдай мөлдір хош ауасын құшырлана сімірген Мәмбетәлі, колтығындағы құжастықты умаждал қойып керіле түседі. Өз үйінің төрінде рахатқа батып шәнип жатыр... Нәрке бір қонған соң көп бөгелмей қош айтысып, жүріп кеткен. Баялы жатқан ауылға жолай соғып сәлемдеспек. Қош айтысада Мәмбетәлімен төс түйістіре құшақтасып:

– Көкшетау қаласында болармын. Сергей досым шақырып еді. Бәлкім тұрақтап қалармын да, – деп жас серігін жауырынын қағып қойды да, – жоғалып кетпіе, достым. Қараңды көрсетіп жүр, міндетті тұрде. Сергейдің үй ішімен таныстырайын сені. Еленасы күйсандықтың майталманы. Музыка тыңдарсын, сұхбат

құрармыз. Эйгесе мына сахарада шет тілі тұрмак, орысшының үмдіктерінде көп ұзамай-ақ. Осыны ескере жүр, Мишель мырза. – деп езу тартып, Мәмбетәлінің топшысынан мытып қойды да, күйменің тепкішегіне аяқ арта берді.

Мәмбетәлінің қасында тұрган кішкентай Шолпан Нәркені көзімен ұзатып салып:

– Ағатай, сені қалай атайды әлгі кісі? Мешеу дегені қай мазағы? Ерсі емес пе? Әлде орысшалаған түрі ме? – деп ағасын женінен жүлкүлап, сұрак жаудырып еді.

Енді міне, сол қарындасы және қасында жайғасып алған. Ағасын әбден сағынса керек, келгелі көлеңкедей соңынан еріп бір ажыраған емес. Түнде қойына жатса, күндіз құлдыраңдай томпалаң қағып еріп жүргені. Ересек тартқан қос әпкесі бұны ұсақтүйек шаруамен жұмсай берсе керек, ағасының келгенін сылтаулатып, ол екеуіне жоламай жүр шолжаң бала.

Бұ қенже қызды келе жатқанда ескерген болатын Мәмбетәлі. Шешей мен тетелес Сәулеге базарлық таңдағанда, Рәзия мен Шолпанға бір-бір сәнді шаршы-орамал сатып алған. Шолпанға оның үстіне куыршақ қосып еді. Енді міне әшекейлі жағланның үстіне ине-жібін, құрақ-құрақ мата қалдықтарын жайып жіберген қарындасы, куыршағын ермек қылуда. Ақ зоңның қындысынан желек істеп басына кигізді де:

– Бұ қуыршақтың аты Алтын болады. Сәуленің әніндегі қызылдық сияқты, – деп сары шашты, көгілдір көзді куыршаққа сүйсінеге көз жүгіртті.

– Ия саған! Мына қызынның сиқы қазаққа жана спайды да. Көзі тұздай, бұрымы жіп-жирен бірдене. Орыстың мәтүшкесі ғой мынауың, – деп Рәзия килігіп, тәменгі ернін бұлтың еткізді.

Қос сіңдісінің сөзіне араласпай Сәуле отыр. Өзін есейіп қалғанға санаса керек, шанағы кішірек үкілі домбыраны тыңқылдатып ән ыңылдауда. Үй оңаша еді. Сапура қонақүйдің маңында шаруа қамымен жүрген. Дүйсен бастаған жігіттер бір тайды бауыздап тастап, ақтармалап жатыр. Бұлары Мәмбетәлінің аманесен елге келгеніне шалынған күрмалдық. Сойысқа бас-көз болып жүрген Кәбираш пен Раушан. Қазыларды шекке айналдыру, қарын-қартаны мұқияттап аршып тұздау деген сияқты жабдықтар барышылық қой. Сапура ондай уақ-түйекке араласқан кісі емес. Өз

беделін түсірсін бе... Асылы, қолы ашық болатын. Мал сойылғанда қасапшының қолжесер енбегін, яғни тиесілі бел тамырын, қойышының сыбағалы көтенін, қатын-калаштың сыбағасы – жақ ет, тоқішек сияқты тиесілі көр-жер үлесін бергізбей қоймаушы еді. Бай ауылдың көл-көсір сүмесіні де дүйім жұртқа молынан жеткендей. Эйтеур жарты құрсақ жүрген жан жок. Жарлыжақыбайдың киімі жамаулы болса да, бүтін. Бұл жағын бәйбіше өзі қадағалайды. Малшы-құлшының үсті-басы тым тозып бара жатса, Раушанды шақырып алды:

– Анау иіс алмас кеше немеге құлаққағыс қыл. Бешпеті жамаудан көрінбейді. Біздікінен бірер кез ләмбок алсын да, қатынына тыстаратып алсын. Бір жадағай шапандық доқаба да бергіз. Сумұрын қатынына тіктіріп алсын. Ине-жіп ұстай білетін шығар, мырық неме! – деп дауысын қаттырақ шығарып тапсырап еді.

Көрші-қолаңға жорта қабак шытқанымен, ғұмыры беттерінен қаккан жан емес. Алдына келгеннің меселін да қайтарған күні жоқ. Не керек, кедей-кепшік атаулы байды жағалап, жалап-жұктап күнін көріп жүр. Содан болар бар халайық Сапураны сырттан «біздің Сәпке» деп атаса, көзіне «бәйбіше» деп дәріптейді. Сапураның өзі болса, Баялыға тоқал алғызбағанымен, қадірлі атауга кет әрі емес. Бұл дәрежеге сәйкес өзін ұстап та жүр...

– Кайдағы мәтушке? Бұл – нағыз Алтын қызы. Шашы сары болса, Алтынша болады да, – әпкесіне жеңістік бере қоймаған кенже қызы қуыршағының желегін әспеттей берді.

– Бұл қызы Үкілі Үбірай ән арнаған Алтын сұлудың өзі, біле білсең, – деп Рәзияға қиястана қарап қояды. «Мен осал жау емеспін!» дегендей сықыпты бар.

Бұл сөзге Мәмбетәлі елең ете қалды. – Үкілі Үбірай дейсің бе? Оның әнін білуші ме едің? Алтын дегениң кім? – деп бастырмалатып кенже қарындасқа қадала кетті.

– Пәл! Үкілі Үбірайдың әнін білмейтін жан бар ма? Елдің аузында емес пе әндері? – деп Рәзия мен Шолпан қосамжарланған жауаптасты.

– Сәуленің тартып отырғаны сол Үбірайдың «Желдірмесі» емес пе? Мен де бұл әнін білемін, – деп Рәзия асыға сөйлеп, Шолпанға шекесінен қарап қояды. – Таңдайың тақылдаған неме болсаң да, маған жету қайда! – дегендей-ақ түрі бар.

Мәмбетәлі манадан бері Сәуленің тартысына көніл болғанда мап еді. Мына сөзден кейін жантайып жатқан жерінен оқыс көтепіліп:

— Кәне, тарта түсші. Үнінді де шыгарсаңшы былай, Сәукеңтай! — деп қызыға кетті.

Ағасын екі жылдай көрмеген Сәуле аз-мұз жатырқан та қалған болатын. Онын үстіне Мәмбетәліні үлкен шаһарда оқыған, жол көрген, ысылған азамат деп біліп аса қадірлер. Сол себепті қаймығуы да жоқ емес. Оң-солын тани бастаған қызалақ болған соң, балалықтан әлі арылмаған сінлілеріндей емес, емін-еркін шүйіркелесіп кете алмай жүр. Мәмбетәлі қолқа салғанда қара торы өні ду етіп, сасқалақтап қалды.

— Мен жай әншейін оңашада айтып жүрмін ғой. Нақысын келтіре алмаспын, — деп күмілжи берді.

— Білгенінді айта берсейші. Өзіміз ғой. Сын тағатын емес. Менен ұяламысың өзің? — қызыға кеткен Мәмбетәлі тақымдай түсті де, Рәзияға енсе бұрып, — кәне, Рәзкен, сен де қосыл. Танытсаншы өнерінді. Ағаларыңа әнінді қимаймысын? — деп көс карындастына базынасын білдірді.

Сәуле қызарактаған қалпы:

— Жақсы ұққанымыз «Алтыбасар» еді. Соған басып көрейік ендеше, — деп көс ішекті қағып-қағып жіберді.

Шертісі әп-әжептәуір нақысты екен. Дауысы да жоқ емес. Жарықшағы болса да, сынғырлай шығады. Бастауы мұң екен, Рәзия де қосыла кетті. Ырғағы сұлу әуез боз орданың ішін толтыра шаңыраққа қарай әуелей берді. Тіпті қуыршағын мәпелеп отырған Шолпан да шыдай алмай қосыла кетті.

Беу, қалқа, жан туған жоқ сенен асар,

Бұл күнде болып жүр-ау халім нашар, — деп еркін қүйқылжып тербеле қалқыған келісті саз ашық іргеден далаға кетіп жатыр.

Балан дауыстардың өз тартымдылығы бар ғой. Әсіресе, қызыбаланың нәзік лебізі құлаққа жағымды келеді. Үш қарындасты қосыла шырқауды машық қылып алса керек, әндектені жарасымды шықты. Әсіресе Шолпанның жінішке үні құлақтың құрышын қандырғандай. Қорамы оймақтай ғана кішкене күміс қоныраудың сыйғыры дерсін. Көніл тербетер сазға елтіген Мәмбетәлі іштей аң-таң. «Апырай-ә, бұз неткен тамаша! Кешегі жеткіншек Ұбырай

мұнша танымал болар ма? Бала-шағаға дейін әнін жаттап алғанын айтсанышы. Міне, ғаламат! Шынайы өнердің құдыреті-ауосы» деп қайран қалды.

Көңілінде зәредей қызғаныш жоқ. Тек көз көрген құрдасты көрмекке құштарлығы арта түскен. «Жо-жоқ, жаттай-тұрмай Ыбырайга жолығу керек. Шығандап кетіп Еуропа ілімін қуып кеткен менен ауылдағы өнерпаз озды. Не сиқыры бар әндерінің? Қылышылдаған жігіт Бегімбет те, құйтакандай бала Шолпан да бар ынты-шынтысымен беріліп әуелеткені анау» осы оймен қосыла шырқаған қарындастарға назар қыдырта берді...

Сөйтіп отырғанда, биебау жақтан абалаган иттердің шуылы естіліп, үйдегілерді елең еткізді. Әнін кілт үзген Сәуле қос ішекті алақанымен баса койып:

— Тегін емес. Біреу келе жатыр, — деген сөзben іргенің ашық тұсындағы керегенің көзіне үңіле берді.

Іле Рәзия мен Шолпан да атып тұрып, керегеге жабыса қалды.

— Анау шабдар жорға Мәлиkenікі ғой. Дәл өзі, Мәлике сұлуымыз, — көзі қырағы Рәзия Мәмбетәліге жалт қарай қалды. «Ағатайима сәлем бергелі келген ғой, тәтем ауылның жастарын бастан» деп өз жорамалын паш еті.

«Тәтем» дегені – Нұралы. Мәлике болса, Мұқанның бойжеткен қызы. Мұқан Шебектің тоқалынан өрбіген ағайын.

— Жәния да бар ішінде. Бұ не қылып ауыл қыдырып жүр? Ұзатылатын қыз үйде отырмай ма? Шошандап жүргені несі? – Сәуле үлкенімсіп, өз пікірін де қыстыра кетті.

— Тиыштық та жүр ғой әнекей. Бетім-ау, бұ несіне жетісіп жүр десенші. Елдің бетіне қарауға дәті шыдайды екен, – Рәзия да әпкесінен қалысрай, туысқандарын ағашатқа мінгізе бастанды.

Мәмбетәлі бұл сөздің астарына тусіне қойған жоқ. Елдегі жаңалықтан бейхабар ғой. Тиыштық Жаналының ұзатқан қызы. Мінезі кекірлеу болатын. Жаналының бәйбішесі Шара шолжандастып өсірген соң ба, тым шікемшіл меммен болып жетілген. Әкеттіп бара жатқан ажары жоқ, аққұбалығы болмаса, сопақ бетті, күшік шеке өнсіздеу еді. Қыз балаға жараспайтын бойы да тым ұзынтура. Бұл келіншек кезінде Баганалыға ұзатылған болатын. Барған жері әлді әулет. Ұзатылғанына екі-үш жылдың жузі де болып қалған.

«Төркіндеген түрі ме, бұқ қызы елде не қылып жүр екен? Риңді нікі не сөз, түк түсінсем бүйірмасын» деген оймен қарындастына бұрылып:

– Елдің бетін көрместей бұқ не бүлдіріпті соңша? Бағаналыны ата қонысынан көшіріп жібермеген болар, – деп әзіл ілді.

– Қайтып келді ғой Тыштық. Білмеуші ме едің, ағатай? – деп Сәуле килкіті.

– Қайтып келгені несі? Тұрмыс құрған қызы қайтып келуші ме еді? Бұқ не сөз? – Мәмбетәлі бірден түсіне алмай анырып қалды. «Қайтып келген қызы жаман, қайта шапқан жау жаман» деген нақылды санаға сіңіріп өскен соң, мына тосын жаңалық кулагына түрпідей тиген рас.

Ағасының бұл жәйттен хабарсыз екенін енді естеріне түсірген қарындастары жарыса сөйледі:

– Ойбай-оу, бұл бір жай түскендей оқиға болған жоқ па?

– Мінезі шапшаң ғой әлкеміздің, барған жеріне сыймаған да.

– Тәтем кісі аттандырып алып келді ғой ақыры, – деп Сәуле мен Рәзия бастырмалатса, әпкелерінен соң Шолпан да өз білгенін іркіп қалмады.

– Қайбір жетіскеннен келді дейсің? Арты дауға ұласпаса иғі еді. Мал берген жақ қарап отырап деймісің? Жоқ дегенде, қалыңың жарымына ауыз салар, – деп естияр кісімсіп, бұл да бір бүйірден қыстырыла кетті.

Кішкентай қарындасының салмақты пікіріне еріксіз езу тар-тқан Мәмбетәлі орнынан тұра беріп, «Қой болмас. Күтіп алайық туысқандарды» деп кебісін қоңылтақ іле салып, есікке қарай беттей берді.

Шабдар жорғаның шылбырын бала-шағаға ұстата салған Мәлике былқ-сылқ басып, қарсы келе жатыр екен. Соңында бірер қызы бен жеткіншек ұлдар. Нұральның қызы Жәния мен үш ұлын тани кетті Мәмбетәлі. Үлкені Ералы Сәулемен шамалас, тетелестері Серәлі мен Бегәлінің аралары бір жастан. Жәнияның ізін ала бойы серейіп Тыштық келеді, өзге қызы-қырқынды шырамытқанымен, жыға танымады. «Жамағайының балалары болар, қызы дегенің екі-үш жылда жетіліп қалады ғой» деп топшылат, Мәлике қарай бұл да қадам басты.

Бұны «сұлу» деп баскер атамаса керек-ті ағайын келесі. Бар толтың ішінде алдымен көзге түсстін жалғыз өзі дегізрлекей ажарлы қыз болатын. Сымға тартқандай науша порымы топ қаздың ішіндегі аққудың көгілдіріндей-ақ. Ақ маңдайы жарқырап, тостағандай көздері күлімдеп, тал шыбықтай белі бұрандап, қадам басқан сайын жібек көйлегінің етегін теуіп, бала қаздай байпаңдап келеді. Бір өзін мың кісіге балағандай-ақ, шымы тұтаса біткен жерді еріне басады.

Мәмбетәлі арсаландај жетіп, «Беу, Мәликөш, есенбісің? Күйлі-куатты бармысың? Өзің тотыдай-ақ түрленіп кетіпсің гой мұлде!» деп құшақ жайып еді, Мәлике иіліп сәлем берді де, ернін сәлғана қыбырлатып, «Ш-ш-шүкір» деп сызылып, келтесінен ғана қайырды.

Бұнысы – бойжеткен болып қалғанынын белгісі мәнзелдес. Бұрынғыдай ардың-құрдің жүріспен, алаңсыз балалықпен қош айттысып, сәулімдерше иба сақтаған түрі... Онысын елеген Мәмбетәлі жоқ, құшақтай алып маңдайынан бір иіскеді де, Жәнияларға бұрылды. Нұралының бұл қызы сұнғақ бойлы, ақсары келгенімен, көрік жағына ұяттылау. Ашаң өң, қаймыжық ерін, қысқа кірпікті көздері қысыңқылау келген көп қыздың бірі ғана. Ұзатылатын болған соң ба, бұл да ұлде мен бұлдеге малына киінілті. Бұл да ілтипат көрсете иіліп:

– Армысыз, ағатай? – деп үнін баяу ғана шығарып есенdestі.

Мәмбетәлі бұны да құшақтай алып, «О не бәрің сызыла қалғаның? «Сіз» дегендей не көрініпті соншама, э Жәкөш?» деп езу тартты.

Жәнияның соңын ала үш інісі қол қусырып сәлем беруге тізіле қалысты. Бұлардың елібі бір қалыптан шыққандай-ақ әкесіне тартқан. Кіл торсық шеке қараторылар. Үлкені Ералы естияр кісімсіп, салмақты пішінмен ауыз толтыра:

– Ассалаумагалейкөм, Мәмбетәлі ағатай! Ат-көлік аман жеттіңіз бе? – деп қол қусырып сәлем берді.

Қос інісі сәлемін де, бар қымыл-қозғалысын да айныштай қайталап жамырасып жатыр... Ауқатты әүлеттің балалары екендерін киім киістері айғақтап тұр. Үшеуінің де беспептері қоңыр түсті барқыттан, құндыз бөріктерінің тыстары алқызыл масаты. Етіктері де кәдуілгідей көксаяуыр қосай-қолаш. Жігіттерге еліктеңен

болса керек, алтыөрім тобылғы сап камшысын бұлдіргісінде бле-зігіне іліп алыпты Ералы. Жезмойнак сабын уыстап етінің қо-нышын қаққыштаң қояды.

– Е-е, азаматтар, дыңдай жігіт болып қалыпсындар ғой. Амандықты молдадай-ақ созғандарыңа болайын, – деген сөзбен Мәмбетәлі бұларды да құшағына көмді.

– О несі-е, шәлтірік-мәлтірік бала-шағаға айналып тұрып алғаны? Әпкеңмен көріспеймісің ең алдымен? – санқ еткен Тиыштықтың үні еріксіз назар аудартты.

Солапаттау келген ұзын бойлы туысқаны жіті басып жақын-дады да, Мәмбетәліні құшақтай алды.

– Өзің шоқынып кеткениң қай жағысың? Киімің жат, көп-недей шаш қойысың өрескел. Мұсылман баласы кира шашты ер-кімен қоя берер ме? Сенсең бөрік пе деп қалғаным, – деп Жана-лының үлкен қызы салған жерден сын таға сөйледі.

Қайын жұртына сыймай қайтып келген сияқты емес, сөз сап-тасы өктем. Сүрепетінің де ағы ақ, қызылы қызыл. Киім киісі де есік көрген келіншектей емес, бой тузеген сәулімге көбірек ұк-сайды. Қосетек қәнипас көйлек, қынама бел қамзол, бәт құндыш беркінің Жәниянікінен еш айырмасы жоқ. Әйтсе де, табиғат көрік бермеген соң, бұлды киім ем болмайды еken. Бітік көз, сопақ бет, иегі шамадан тыс сүйірлене біткен Тиыштықты қалай кийндерсе де, көзге сүйкімсіз ұшырайды. Бұның себебі мінезінен де болар. Кей кісі ажарсыз болғанымен, көзге салған жерден жылы ұшыраушы еді. Онысина бірден-бір сеп – ішкі нұр, яғни мінезінің биязылығы мен пейілінің кеңдігі. Ниеті дұрыс кісінің өні де тар-тымды келмек... Тиыштық тәксіз өскен соң ба, мейлінше таукөкірек болып қалыптасқан. Сол марлат мінезінің кесірінен барған жерінде де барқадар таба алмады...

– Ал, не тұрыс? Улкендерге сәлем беріп, үйге кірейік. Аңқам кеуіп келді, бұл күні түскір мұнша қаптырық болар ма! – самтылдай сөйлеген Тиыштық бұл ауылды өзімініп, билеп-тестеп барады.

Меймандарды көзі шалған Сапура өзі де бері беттеп келеді еken. Манғаздана басқан қалпы, жамырай есендерек жастарға райлана көз қыдыртты.

– Хош келдіңдер, өңжей сылқымдарым! Пай-пай, Жәнияміз құлпырып барады ғой мулде. Жатжұртқа қиятындаі бала емес

тіпті. Әттең, Құдай бұйрығы болған соң, шаран кайсы? – деп қалындыққа көпшік тастай тіл катты да, – ал үйге кіріндер. Таңдайын кеберсіген шығар, ас ауыз тиіндер. Қуырдақ та әзір болып қалар, – деп қызылды-жасылды топты үйге бастай берді.

Бойжеткендер әдеппен сзыла басып, сыңқылдаса кулісіп шокпардай үкілері бұлғалактан, мәре көйлектерінің етектері жер сзызып, ауылды сән-салтанатқа бөледі де жіберді. Ел қыздарын көптен көрмеген Мәмбетәлі мына көрініске көзі тоймағандай аныруда. Әсіресе Мәликенің сипаты ерекше. Бойынан бұркыраған жұпардың лебі бозбас біткенді әсте беймарал қалдырмастай. Бұл лепті сімірген сайын кай-қайдығың қозып, алпыс екі тамырдағы ыстық қан туламасқа лаж қайда! Әсіресе, аппақ маңдайға жараса қалған нәркес көздерді айтсаңшы. Төңкеріле бір қараса, жүргегің атқақтамай шыдап көр, мыкты болсан. Қарындастының үлбіреген беттеріндегі жұқалаң қызылға, қайқая біткен кірпіктегіне сүйсіне қадалған Мәмбетәлі: «Пай-пай, мына кірпіктер талай жүрекке жебе болып қадалмаса не қылсын!» деп ішінен тәнті болды.

Өз ұлтының қыз-қырқын атаулының артықшылығын енді пайымдағандай. «Біздің сәулімдер қызылды-жасылды киінгенді ұнататыны тегін емес-ау. Бояуы қанық, сөлді түстерді қалайды еken қырдың баласы. Кигенін өз сипатына ұқсатса керек. Дидарлары көздің жауын алғандай келеді емес пе. Көздері мойыл қара болса, өндөрі қызыл шырайлы. Құлім қаққанда ауыздарынан дүр шашқандай. Алқызыл ерінге маржандай тізілген тістері мұнша жарасар ма?.. Женді білектей бұрымдары ше? Қадам басқан сайын салмақпен ырғалып, шолпысын сыңғыр қактырғанын айтсаңшы! Екі аяғын бір басуға ерініп, мына жұмыр жерді сымбатты порымымен құдды бір жарылқап тастағандай-ақ Мәликедей сәулім көлең етіп шыға келсе, естен танбай көр!

Шаһардың бозарған қан-сөлсіз бикештері қыр қызының қасында жіп есе алмайды еken-ау. Қаланың сыланған сәнкөйлары опа-далап баттитып ажарын арттырмак. Бұл әрекеті жасандылық қой. Табиғаттың таза ауасының әсерінен пайда болған шынайы әсемдікке жетсін бе онысы?.. Өз қарындастарым бәйшешектей құлпырып жетілмейінше осы ақықтты түсінсемші. Сән-салтанат

та, шаттық пен думан да өз елімізде, жайлаудын төрінде «жет-ау» деген оймен меймандардың сонын ала үйге беттей берді...

Қымызға қанып, тершіген маңдайын дегдітіп желпінісіп жайғасқан соң, төр жақта тізе бүккен Тиыштық Мәмбетәліге назар тіктеді.

— Ия, бауырым, әңгіме-дуken баста. Сөздін ірісі сенде шығар. Оқудың тубіне жеттің бе өзің? — деп езу тартып, — әбден жүдеп кетіпсің ғой. Орыстың шөп-шаламы қазақ баласына жакқан ба? Біршек болып қатып-семіп қалыпсың мұлдем. Өнешіне қанша май тықыштасаң да, қабыргасы ырсиып шыр бітпейтін әлекедей болармысың, — деп үйдегілерді күлдіріп қойды.

— Бәсе десенші, ит өлген жерге кетіп көз майынды тауықсандаі не оку өзі? Елден ұзамаған ағатайымдар да ештенеден құр қалып жатқан жоқ қой. Жағалай би мен болыс, — Мәлике де сезге килігіп, қасын серпе көтеріп қалды. Бұнысы өзіне жарасатынын білсе керек, қаламмен сыйғандай қастауыш қасын керген қалпы:

— Болыс болам десен, оқудың да қажеті шамалы көрінеді ғой. Песірің мен тілмашың бар емес пе, жазу-сызуға жүйрік? Жұмса-сан, поштабайың әзір тұр, — деп көзін бір төңкеріл өтті.

Мойнын бұра тастап қарағанында, сыңғырлай сөйлегенінде, тіпті шынашағын шошайта тостаған ұстағанында жарасымды бір наз бар. Келімді бойжеткендердің деніне тән қылық қой бұнысы. Қызы-қырқын, аға мен інілердің ішінде отырса да, дағдылы ерке қылықтарын қояр емес.

— Тәйірі, теріс жазатын орыста қайбір ғылым бар дейсің? Ми-ды ашыту да құр текке. Сарф, наху, дуруссо аишафахияны мең-герген Марал ишанды айтсаншы әнекей, оқыған деп. Мұқтасарды зерттеп, хадистен мағына айырған нағыз ғұлама. Кітаптың сөзін буындан мәділекенде, дүйім жұртты ұйытады, — Жәния да өзінің қалындық екенін естен шығарып, сұхбатқа қызбалана араласа кетті.

Асылы, мінезі еркін, сезге тақ-тақ болатын. Мәлиkenің ажа-рын аз-мұз қызғанатыны да жоқ емес. Көз құйрығын сол сыңай-ласына бір жіберіп қойып, сезін өрбіте берді.

— Қайдағы бір Кетрамборда жүдеп-жадап жүргенше, Қызыл-жардың медресесінде дәріс алсаң етті, ағатай. Ендігі ғой молде-кең атанип жүрер едің. «Қалпе», «хазірет», «иішан» деген атақ

қандай десенші. Ел үстінен күн көріп, айдында сабаттаған қоңыр қаздай жүрген түрлері анау, – деп бұл да өзінше тәлімсі қалды.

Сапура өз қолымен қымыз сапырып беріп, тысқа шығып кеткен еді. Үйде қалғаны кіл жас-желең. Үлкендер жоқ болған соң, бас қосысқан ағасын балалары еркін отыр. Шебектен өрбіген бұл буынның ішінде ереккі кіндіктіден үлкені Мәмбетәлі. Бұның ізін басып келе жатқан немере-шебере болып туысатын бауырлары жасырақ. Бой түзеген қызы-қырқынның саны болса, ер балалардан біршама көп. Содан болар, қолдарына түскен оқыған туысқаның айналдырып сөзбен қажай бастады. Сәүле мен Рәзия ағасын қызғанғанымен, бойжетіп қалған әпкелеріне тік келу қайда? Қөргенді үйдің балалары емес пе? Әдел-әркен сақтап сөзге килікпей тартынып отыр... Алайда ерке мінезді Шолпан намысқа шыдай алмай:

– Ер-азаматқа жөн сілтер болар ма? Не көрсе де еркі емес пе?
– деп ағасына араша түскендей болып, Мәмбетәліге еркелеп белінен құшақтай алды.

Мырс берген Тыштық:

– Мына шөпжелкенің тілінің тақылдағанын-ай! Өліп-өшіп бауырсырағанын қараши өзінің, – деп көзін ойнақшытып, – тұра тұр бәлем! Мәмкені біздің үйге алыш кетпесем бе осыдан. Айлап жатқызып, жібермеспін. Сенің ағаң болса, маған бауыр емес пе? – деп жорта дұрсे коя берді.

Бірак, ыға қоятын кішкентай қыз жоқ. Әдел сақтап сөз қайтара қоймаса да, ағасын тас болып құшақтай алған қалпы Тыштыққа егесе, тайсалмай қарайды. Кенже қарындастының өткірлігіне сүйсініп, көңілі елжіреген Мәмбетәлі жымиып қойып, Шолпанды мандалынан құшырлана иіскеді. Құнұзак далада ойын соғатын баланың шашына күннің, шөптің, самалдың лебі әбден сіңіп қалған сияқты. Нәп-нәзік иығынан құшақтай түсіп, ішінен: «Ағатай» деп шырылдан араша түскен қылышынан айналдым, құлыншағым! Құйтақандай жүргегің мұнша мейірімді болар ма?! Өзіндей ғазиз жан сағынып жүрген мен бақытты екенмін-ау! Аған біреудің арашасына зәру емес екенін білмейсің-ау, қарындастым. Бұл ағаң сонау қиян шетте пәлен жыл шошқа тағалап жүрген жоқ болар. Азды-көпті білім жинаған шығар. Надандыққа қалқан қыларым сол оқуым мен тоқуым емес пе» деген оймен

От өшіп, халайық есін жия бастаған кезде Тиыштықтың да үні шығайын деді. Бетін баса бұк түсіп жаткан жерінен әтдымен бір көзін аша сығалап, қауіп жоқ екенін көрген соң ғана басын көтере берді. Еңсесін жазып:

– Мәмке, өлтіремесің ағайынды? Зәрем зәр түбіне кетті ғой. Құтыла алмай жүр ме едің әпкеңнен? – деп шамдана бастады. Іле жан-жақтан:

– Бұ не ғаламат?

– «Естімеген елде көп» деген осы да!

– Күйдірмейтін от та болады екен-ау!

– Бар сиқыр орыстың шаһарында екен ғой! – деп таңырқаған үндер естіле бастады.

Далаға атып шыққан Нұралының ұлдары да босағадан бастарын қылтитты. Осы ауылдың жалаңбас, жалаңақ уақ балалары түрүлі іргеден жасқана сығалайды. Тіпті кербез Мәликенің өзі сзызылған сәулім екенін ұмытып қалса керек. Бұрынғы алаңсыз кездегідей көзі жайнап, қызыққанын жасырмaston Мәмбетелінің қолындағы бенгал шыбығының қалдығына төне қадалды.

– Үй, Мәмкесі бар болғыр деймін! Бұ не пәле өзі? Қолынды не ғып күйдірмеді бұл ұшқын? Айтсаншы, бол енді! – деп бастырмалатты.

Жұртты есінен бір тандырғанына насадтанған бозбас:

– Е-е, ағайын, бұл әншейін ойыншық қой. «Бенгал» оты дейді бұны шаһар халқы. Той-томалакта қызық көріп лаулатады да. Кісіге еш заары жоқ, – деп қасына қайта жүгіріп келіп, бауырына тығылған Шолпанды құшағына көме беріп, – шошып қалдың ба, ботақаным? Еш абыржыма, анау Сәулені көрмеймісін, беті де бұлк етер емес. Міз бақпастан отыр сабазың, – деп жымып, үйдегілерге назар қыдыртты.

– Орыс қаласында несіне қаңғырып жүрсің дедіндер-ау, жаңағы сезінде. Өнердің көкесі сол қауымда болған соң қайтіп бармассың?.. Мына көрсеткенім жай әншейін ойыншық қой. Қызық-қа ала салған едім. Қолды күйдірмейтін шашыранды сүйк от дейді бұны... Ал енді ғаламаттың нағыз көкесі алыстағы сонау шаһарларда екен, илансандар. Адам дауысымен ән салатын жансыз граммофон, от пен будың күшімен жүретін отарба, жанармайды жағып жүретін мәшина – бәр-бәрі сол ішкі Ресей жерінде баршы-

лық. Сол ғажаптардың мәнісіне жетпек болып білім қуған түрім де. – деп сәл аял қылды да, Тиыштыққа ойлы көзін бір төңкеріп өтіп, – енді сол білімді елге таратпақ ниетім бар, шынымды айтсам... Шен қуу, мансап іздеу дегенинен аулак едім мұлде. Қазак баласы жаңағы аталған жетістіктерден макрұм қалмасын деген ой дағы. Сырым осы-ак, туғандарым, – деп түбіт мұрттың астынан жымын қойды.

– Молдалық құрам десенші, жөні осы. Иініңдегі мына орысша күіміңмен қош айтысарсын, олай болса. Дудыраған кекілінді де тұжыртуға тұра келер. Біздің шалдар қира шашты молдага бала беруші ме еді, – деп Жәния сұхбатқа килігіп пікірін ортаға салды.

– Молда бар да, мұғалім, ұстаз бар. Ескіше, кадымша емес, жәдидше дәріс беру деген ағым шықты кейінгі кезде. Төте оку дейді оны. Бұл оқуда тек шарғы уағызы емес, дүниетанымы пәндері де оқытылады, – деп бір қайырып Жәнияға құлімсіреп көз тікті, – мысалы «жаграфия» деген пән бар. Өте қызық. Қыс пен жаз неліктен алмасатынын, күн мен түн не себептен пайда болатынын түсіндіреді бұл ғылым... Міне, осыны ұғындырайын деп едім бала-шагаға. «Физика», «химия» деген сабактар және бар. Ол да шытырманы көп, аса курделі ғылымның салалары. Бұ сабактардан хабары бар шәкірт жаңағы мен тұтатқан бенгал отынан еш шошымайды. Шайтан, жын-пері, жezтырнақ сынды, тағысын тағы киялдан туған құбыжықтарға пысқырмайды да.

Арманым осы-ак, туғандар. Мына тұрған көген көздерді оқыту. Надандықтың шырмауынан құтқармак едім бұ қарадомалактарды, – деп түрулі іргеден сығалап тұрған балаларды нұсқап, иек қақты.

– Қайдағы-жайдағыны сөз қылып кеттік-ау! Зәресі кете бай-балам салғанын ұмыта бастаған Тиыштық дағдылы қалпын тауып, өктем сөйлей берді. – Аузыңа қайдан түсті сол пәлекеттер? Кәне, ән басташы жай отырғанша. Оу, Мәлике, ал домбыраны. Ағаң алыс жолдан аман келді ғой. Бір лебіз шығаршы көңілі көтерілсін, – деп керегенің басында ілулі тұрған домбыраны алып, сіңлісіне ұсынды.

– Е, бәсе, айтқандай-ак. Әнмен құрметтейік те Мәмкені. Жат жерде жүріп ән-жырды сағынған болар. Әу дейтінің бар еді ғой, – деп Жәния да дем беріп қойды.

– Элгі «Үкілі Ыбырай» деген жас пері шығынтығы. Калдаманнан. Әніне ғазалы миясар екен. Не шықса да, осы Қарашылдан шығып жүр ғой. Ақан сері дүйім елді аузына қаратып елі, енді мына ізбасары халайықты тәнті қылуда. Сол Ыбырайдан ұққаның бар ма? – деп домбыраны бірден баурай коймай, тартынынқырап отырған Мәликеге Тиыштық тақырып ұсынды.

– Ибай-ау, мен қайбір әнші өдім? Ауыл арасында әу дегенім болмаса, – домбыраның құлағын қатайта бұрай бастаған Мәлике, аз-мұз бұлданынқырап алды да, – Ыбырайдың өзін көрмесек те, әніне қанықпаз ғой. «Желдірмесін» қоңырлатып көрейін, – деген сөзben қос ішекті қағып-қағып жіберді.

Бастапқыда сынықсып отыrsa да, бір-екі шумактан кейін дидарына қан теуіп еркін көсілді. Өз ауылы ғой, несіне қымсынсын? Дауысы шағын болғанымен, сазы нақысты екен. Шертісі де шебер. Әнші лебізі мен аспап үнінің үйлесімі құлак құрышын қандыргандай-ақ. Домбыраны әбден менгеріп алғаны салған жерден анғарылады. Мұзыкалық сауаты бар Мәмбетәлі ішінен: «Мынан-дай шертіске қол жеткізген талапкер күн құрғатпай домбыра тартса керек-ті. Оның өзінде кем дегенде бірер сағаттан шұғылданғаны жөн. Әйтпесе шынайы өнер жалынан ұстапас.

Мына Мәлике тек қана қылмындаған беті жылтыр қыз ба десем, өнерге бейім жас болып шықты-ау. Мына тартысы касіби деңгейге жетегабыл ғой. Сыңғырлай төгілген лебізі де көңіл тербегендей. Демек, оңашада сарылып отырып ұзақ жаттықканың белгісі бұл» деп қарындасты жөнінде пікір түйіп, «Желдірменің» сазына құлак түре берді.

Әннін әуезі екпінді де ойнакы. Таудан құлаған сарқыраманы елестеткендей. «Апрай-а, бұл әуез де Ыбырайдың көкірегінен гуды-ау. Неткен шабыт десеңші! Арқасы бар өнерпаз-ау. «Алтыбасармен» салыстырса, әуен ыргаты мүлде бөлек. «Алтыбасар» арнасы кен, шымырлай толқып аққан дарияны елестетсе, мына «Желдірмесі» сонау құзар шындағы тас бұлактан бастау алып, еңіске құлай буырқана аққан таудың асау өзенін еске салғандай. Көбік шаша, бұрқырай құлаған бұла су... Бұл неткен жан-жақты, алуан қырлы дарын болды, мынадай алуан түрлі саз тудырса?» деген оймен таңырқай түсті де, демін ішінен алып, Мәлиkenің перне қуалаған сүйрік саусақтарына көз тіге берді.

Үй толы жан да үйшін тындай қалған. Эн біткен соң босағадан бас сұққан Раушан:

– Мереке-думан мына үйде екен ғой. Бәрекелді, айта түс, көзжақсым! – деп бойжеткенді көтеріп қойды.

– Е-е, бұ қыздың сыналар шағы әлі алда. «Ыбырай сері келеді» дейді біздің тойға. Жәнияны ұзатқанда шыркарсың әлі-ақ. «Бас жақсы, аяқ жақсысын» алып болды құдалар. «Өлі-тірісін» берген соң күйеу жақ жатушы ма еді? Қалдаманның ән шығарғыш сылқым серісіне орай, бұ Мәликені шығарамыз да, – деп Тиыштық он қабағын кере тастап, көзін ойнақшытты.

Лебізінде мыскыл да жоқ емес. Өзі бәденді, өзі өнерлі сінлісін қызғанбайын десе де, іштегі сімсік сезім бас қылтитып еркіне жібере коймайды. Пенде емес пе? Оның үстіне әйел заты. Төменетекті атаулы өні жылтыр сыңайласын жақтырған ба? Мәлике түглі, мынау отырған сары сұр, кертеш танау Жәнияні да көре алмайды Тиыштық. Өз туысқаны болса да, оң жақта бұлғандап жүргеніне қайтіп қызықпасын?! Өзі болса, барған жеріне сыймай келген түрі мынау. Өз қисық-қыңыр мінезінің кесірінен қайтып келгенін де түсінбейді емес. Әйтсе де, адам деген өз мінін мойындаған ба?.. Есік көргендігі есіне түскен Тиыштық, Мәликені нысанага алып сөзін көйткелі оқталып еді, сырттан шыққан айғай үйдегілерді елең еткізді.

– Мырза келе жатыр! Әне жабданнан құлап келеді! – деп биебау жақтан дауыстаған сауыншылар екен.

Бұл хабардың дүңк етуі мұн екен, үйдің іші әбігерге түсті де қалды. Жасы кіші ағайын-анжы Баялыны «көке» деп атайдын. Иісі Шұңғыршаның ішінде беделі ерекше кісі ғой. Сондық, жасжелен біткен Баялының көзінше аяғының ұшымен жүрер еді. Эн салмақ былай тұрсын, тіке қарауға дәті баар ма? Ол кісінің ойын-сауықты жақтырмайтыны да осы елге аян. Домбыраны – жастардың желігі, түкке тұрғысыз әуейілгі деп біледі. Бір тайла елдін қамын ойлаған атқамінер басымен ән-күй сияқты әуестікке же ліксін бе?! Елдегі дау-шар, сырттың алыс-берісі бар дегендей, иғі жақсының қам-қарекетсіз, жайбаракат қарап отырған күні болған ба? Сол себепті селтен жүрісті жақтырмайды Баялы-екен...

Осы мінезін білетін үйдегілер, күшігенді көрсөн топ шымшықтай-ак, дүр ете көтерілісті. Үлкендерге сәлем беру парыз фой. Босағадан сыртқа көз жіберген Тиыштық:

— Көкемнің қасында бір қызыру жан бар екен. Енді қайттік?
— деп абдырайын деді.

Раушан да апалақтап, танауы делдиіп, мойнын үйректің кеже-гіндей қылқың еткізді де: «Біздің үйге барындар. Үй оңаша, жан жоқ. Мәликені ортаға алып өздерің отырасың. Кәне, кеттік!» деген сөзбен бар жас-желенде бастай берді.

Әкей келе жатыр дегенді есіткенде жүргегі еркінен тыс атқақтай жөнелген Мәмбетәлі де, Жәниянің соңын ала табалдырықтан аттады...

Қонақүйдің ішінде Шұңғыршаның жақсы-жайсаңы алқа-қотан жайғасып әңгіме-дүкен құруда. Мезгіл құлама бесін, үйде-гілер майлы қуырдақты жеп алып, кымызға кіріскең. Халайықтың көңілі дейіл. Қысыр емген семіз тайдың еті билқылдай пісіп, са-мар астауларға салынып қойған. Пышақтары жалаңдаған ыңғайлы жігіттер табақ жасап, боз үйге қарай таси бастады. Төрде жайғасқан ақсақалдар қутындастып:

— Пай-пай шіркін, семіз екен жануар! Жаздың мына ыстығында жас малға екі елі шығу деген оңай ма? — деп бір-бір жұтынып қойды.

Қак төрде – Торсан қажы. Кеудесіне түскен сақалын тарағыштан мұлгіп отыр. Өзгелер етті көріп бәкілеріне жармаса бастағанда, қажы-екеннің беті де бұлк еткен жоқ. Кірлігін бір қаққаны болмаса, маңғаз қалпын бұзар емес. Қасиетті қағбаға зиярат етіп келген пірәдар фой. Құлқын қамына бола жан тыныштығын үркітсе, асқар таудай абыройына мін екенін қайтіп білмесін?

Қажының оң тізесін ала Баялының өзі жайғасыпты. Ұзын бойлы сары сұр Торсанға қараганда, отағасының бітімі де шомбалдау, өңі де қошқыл. Кең маңдайлы, дөңгелене біткен жалпақ кескіні ерге лайық пішілген. Жүзі бір көрмеге сұстылау, қабагы салқын. Жазық қабақты сыйдырым қастары, қой көздері мен бүйрек беттерімен үйлесім тауып, таңқылау келген танауының кемшілігін жасырып тұр.

Оң жақ бетінде болмашы тыртық бар. Жеткіншек кезінде тай тепкеннен қалған таңба бұл. Сол тебіс күрек тістерін де сындырып, аузын опырайтып жіберген еді. Ақан серінің мысқылдан «жемірауыз Баялы» дегенінің себебі де сол. Сақая келіп қаламен араласқан соң, алтыннан тіс салғызып та алған. Осы күні езу тартса-ақ, жарқ ете көрініс береді төрт тісінің саф алтыны. Әйтсе де, «айтылған сез – атылған оқ» демекші, көре алмайтын дүшпандар «жемірауыз» деген теңеуді әлі күнге қыстыра кетуге құмар.

Бұл салмақты жиынның ішінде жас-желең атаулыдан Мәмбетәлі ғана. Босаға жақта елеусіз отыр. Жүзі солғын. Келмейін деп еді, шешесі ерікке қоймаған соң, қарындастарының арасынан қынжыла жетті. Біреу кежегесінен тартып тұргандай-ақ, әкейдін тобына беттей алсыншы. Әбден болмаған соң Сапура:

– Ұят емес пе, бұлданғандай? Осы үйдін жаңа түскен келіні ме едің? Сенің аман-есен келгеніңе орай, шалған құрмалдық қой бұл. Тым құрығанда төбенді көрсетсөнші үлкендерге, – деп сөйлеген соң, амалсыз қөнген.

Аяғын сылбыр басып сүйретіліп келе жатқанда, Раушан кулагына төніп:

– Торсан қажыны көресің. Керей-Уақтың дүмдісі. Мәкка мен Мәдина барған ғұлама деседі көргендер. Уағызын естіп, гибрат аласың. Өзгелер де осал емес. Кіл ел қаймағы жақсылар, – деп тілін сүйрендете бастырмалатып еді.

Енді міне төменірек тұқса тізе бүгіп, төр жаққа телмендеп отырған сиқы мынау. Торсанның сол тізесін ала осы ауылдың молдасы Кәріпқан майдас құра жайғасқан. Бағанағы Раушанның қосағы осы. «Кіл жақсылар» деп тегіннен-тегін дәріптесін бе өйтпегенде. Кәбираштың күйеуі Пазылтай да осында. Баялымен тұрғылас бұл туысқандар бидің қос қанаты іспеттес ең сенімділелрі. Майда сөзді жылмаңдаған Кәріпқан ел таразысын бағып, мырзага соны хабар-ошар жеткізсе, мінезінің будыры бар, омырау қимылға бейім Пазылтай сынар езуlep бара жатқандарды жуасытуға лайық.

Бұл екеуінің қыр-сыры Мәмбетәліге мәлім болса, Торсанның ішкі дүниесінен еш хабары жоқ. Бала кезінде бір көргені болмаса, қайтып жүздескен кісі емес. Раушан мақтауын асырған соң қажыға зер салып, бажайлап отыр.

«Меккеге барып шарызын өтеген мұсілім той, демек, ет көрген, жер көрген жан. Ойға азық боларлық келелі кенес бір шықса, осы кісіден шығар!» деген үмітте.

Алайда, әзірше қажыдан кенеулі сөз ести алған жоқ. Бастап-кыда сыпайысып тартынып отырғанымен, семіз ет туралған соң бұл да шенгелін қазы-картаға салды-ай келіп. Саусағынын сала-сынан майды ағыза жылы-жұмсақты қарбытып-ақ жатыр. Басына сәлде орап хақ жолына толайым түскен пірәдар атанса да, Пазыл-тай сияқты дүнияуи замандастардан қалысар емес.

Мәмбетәлі алдыңғы жылдары елге келіп жүргенімен, әкейдін айналасындағы атқамінерлермен дастархандас бола қойған жоқ. Үлкендердің үйлеріне кіріп сәлем бергені болмаса, мәжілістерін де көрген жан емес. Енді міне топ бастаған серкелерге амалсыз қосақталып, кенесіне құлақ асуға мәжбүр. Өзіне мұн-мұқтажы, сырьы қемескі көсем қауымды жіті көзбен бақылауда. Мәжілісте-ріне ширек сағаттай күә болып отырса да, әзірше елең еткізерлік соны сөз, ия тұшымды пікір есіткен жоқ... Бар таңғалғаны – үл-кендердің етке деген қомағайлығы. Тартылған табақ үшеу еді. Төменгі табақта алты-жеті кісіден болса, төрдегі табақта Торсан бастаған төртеу отыр. Сол төртеуі үйеме табақ майлы еткес төніп алып, түгеспейінше кері серпілмегеніне қайран қалды. Майы тү-рілген женди білектей қазылар, қыртысы қалың жая мен жал ши-рек сағаттың ішінде зым-зия жоқ болды да кетті. Игі жақсылар терлеп-тепшіп, ырылладай ынқылдал, майлы етті қарбытуда. Мәмбетәлі ішінен: «Енді тойған шығар, кем қойғанда тайдың бір сирағын түгескен болар. Төрдегі қажекең әне ықылық ата баста-ды» деп отырғанда, құрт езген сорпа тартылды.

– Пай-пай, шіркін, сорпаның орны бөлек қой. «Ет – етке, сор-па – бетке» деген, кәне хазірет, ауыз тиіңіз, – деп Пазылтай қос қолдап ұстап сырлы зеренді ұсынып еді, Торсан бас тартқан жоқ. Бас тартқаны былай тұрсын, үлкендігі кішігірім керсендей аяқты басына бір-ақ көтерді.

Буы бұрқыраған ыстық сорпа онсыз да етке сылқия тойған кі-сітеге әсер етпей қойсын ба? Қажекең пора-пора терлеп езілді де қалды. Кәріпқан ұсынған ақ докаба сұлгімен беті мен алқымын сүрткілеп, қызара бөртіп ынқылдал отыр. Пазылтай:

– Жұмырыңызға жүк болсын және бір аяғын ішініз. Тоғынызды басады. – деп сіді, Торсан. – әкелсө әкелсін, күн қапырықтау ма қалай? Шөлімді қандырар ма еken? – деп бұл ұсынысты да он қабылдады.

Мәмбетәлі аң-таң күйде: «Ауыз тиген түрі мынау болса, битін салып кіріскенде не болмак? Кіл жеңді білектей семіз картаны қарбыта асап, бетінің көлкіген майы бір елі мұнша сорпаны қылғытқан соң не жаны қалды десеңші мына пірәдардын? Мұнша майды қорытқан асқазаны не күйде десеңші?» деп іштей тыжырынып та қойды. Жиреніш те жоқ емес. Жиренбей қайтсін? Торсан желпініп алқымын айғыздаған терін дегдіткенде, мұнкіген иіс босағаға дейін жетеді.

«Күнді ыссы деп ауа райына кінә артқанын қарай гөр! Отызға тарта ерек майлы сорпаға бөгіп үйде омалса, терге малышынбағанда несі қалды» деп бір ойласа, кіл күж желке, кебеже қурсақ сүйек мұжуге кіріскен меймандарға назар қызыртып, «Ия десеңші, иғі жақсыларымыздың сиқы мынау. Бар мақсат-мұддесі – ке-кірік аздыра етке тою дерсің. Жеген сайын оңазаланып обырдай обып барады. Бұт тірліктерінің аты қәдуілгі мешкейлік емей немене... Тұптің түбінде мен де осындай болам ба еken? Айналандағы қауым, өмір кешкен орта әсер етпей тұрсын ба? Бара-бара мен де осы киіз тәбе, жуан қоныш қыр байларының кебін киермін ау» деп түйіп, өз болашағына жорамал да жасап қояды.

Келенсіз ойлар мендеп және бір аңғарғаны – бұл топ ішінде «зиялды» деп айдар тағуға лайық кісінің ұшыраспағаны. Қаша зер салып үңілсе де, ішкі бір нұры бар, казақ айтпақшы «жүзінен иман төгілгендей» бейнені көре алмағаны. Кіл бір тоқ тірлігіне масаттанған, ішкен-жегенге мәз қызара бөрткен кескіндер. Ізгілік, ой ізденісі дегеннен нышан болсайшы. Меккеге барып, касиетті Қағбаға тәуәп етіп келген Торсанның да сықпытаңда өзгелерден айырма жоқ. Өзу бетте муләйімсігенімен, алдына ет келгенде құбыла кеткенінің өзі бір алуан көрінді. Дүмділерге тән меммен көзқарас, нойыс мінез бұған да тән екені еш шұбә туғызбайды да.

«Діндарымыздың сиқы мынау болса, елді хак жолына бастап жарытпас» деген тұжырым ойға келіп, кенет сонау жеткіншек жасында жүздескен Ережентің қияпаты жадында жаңғыра кетке-

ні. Бір-ак мәрте көрсө де, диуананың дидары ғұмыр-баки даңытылмастай болып есте қалыпты.

— Діні берік деп соны айт әнекей. Нәпсіні ауыздықтан алғаны сүдінінен-ак аңғарылып тұр. «Келбеттіден кеңес сұра» деген сөз бар ғой қазақта. Асылы, ой мен ниет адамның әлібіндегі сайрап тұратыны рас болса керек-ті. Пейілі тазаның өні де сүйкімді болмақ. Ережепті тәу көрген адам салған жерден диуананы өзімсініп, бар сырын жайып салатыны содан болар. Мына қажы-екенің тұксиген қабағы болса, еріксіз түңілдіретін сиякты, — деген оймен көңілі жудеңкіреп отырғанда, жілікті шағып, майын «құс, құс!» деп ағаш қасыққа түсірген Пазылтай, Торсанға қарап тіл қатты:

— Осы бар ғой, қажы-еке, көптен сұраймын ба деп жур едім, — деп уыс толы жілік майын аузына тастап кеп жіберіп бір-ак қылғытты да, ұртын сұртпестен сөзін жалғай берді, — ораза кезінде нәр тату харам екенін білеміз. Тіпті ми қайнатар ыстықта да тамшы суды ауызға алуға пұрсат жоқ екен, — деп кенет кісімсі қалыш, әлеуметке көз қыдыртты да, — ал енді ауызда іркілген сілеkeй ше? Оны жұтпасқа лаж кайсы? Жұтып қойсан, мәкүрік болады екен. Өне бойы түкіріне берсен, бойда су да қалмас. Бір жағы жүрттан да ұят. Жын шашқан бурадай кунұзақ түкіре беремісін... Біздің Қәріпқан молдаға салса, «Жұтынуға да жол жоқ ораза кезінде» деп тынысты тарылта түседі. Бұхараның «Көкілташ» медресесін тәмамдаған қалпе ғой. Шарғыдан сөз таластырғанда былайғы жүртқа женсістік беру қайда!.. Осыған нендей төрелік айттар едіңіз, — деп сақалын саумалай сипап отырған Торсанға қадала берді.

Кәріпқанның оқығаны рас, шарифатқа да бір кісідей-ак жетік. Бұған қарағанда Торсаннның окуы шала-шарпы, қажылыққа малдың күшімен барғаны болмаса, терең білімге үттүлау. Тосын сауалға не дерін білмей дағдарып қалды. Әйтсе де айлаға әдіскій байырғы жуан емес пе? Шаршы топта қадіріне нұқсан келтірсін бе? Кірпігін айқастыра мұлгіген кісідей ыңғрана біраз отырды да:

— Бұ сұрақтың жауабын табу үшін пәлендей оқудың қажеті бола қояр ма екен? Жетесі кемел мүминге салса, жауабы сайрап тұрған жоқ па! — деп женсізінің қалтасынан таспигін шығарып тере бастады.

– Жұрттан ұят болды деген не сез, Пазылтай-ау? Жұрт дегенін тобыр смес пе? Жасаған немізден ұялсақ етті алдымен. Ұялмақ былай тұрсын, корықпақ парыз жүмле қауымға. Сілекейді жұтқан харам емес-ау, әйтсе де мәкүрік. «Ауыздан шыққан түкірік, жерге түссе, мәкүрік» демекші. Құдайға жағам деген мүмин мәкүрікті татпас болар, – деп тұжырды.

Осы тұста қажы-екенің пікірін есіткен ақсақал-қарасакалдар шыбындаған жылқыдай бастарын шүлғып, қошеметті жаудырып кеп жіберді:

– Сөз-ақ, бәсе солай болса керек-ті!

– Оқығанның аты оқыған-ау, шіркін! Кіл нырай не біліппіз?

– Біздін Қақандар да осал емес-ау, уағызы қажекеңмен үнде-сіп жатыр, – деп бастап, Кәріпканды да ұмытпай бірталай даурысты.

Бұл көрініске бір жағы таңырқап, бір жағы қарны ашқандай әсерде қалған Мәмбетәлі еріксіз ойға қалды... «Талқыға салған мәселенің түрін! Осыны да сезім бар деп, ауыз толтыра айтады екен-ау ел серкесі жақсылар. Қажы-екең аса бір «терен» пікір айттым деп маңызысып та қояды өзінше. Уайымы осы болса, қара-мағындағы елді көгерtedі екен-ау бұл «ғұламаларымыз». Рухани көсемдерге жарыған екенбіз» деген мысқылмен тердегілерге назар қыдыртты.

Өз басы тыныш қана елеусіз отырмақшы еді, бірак тіл жануға сылтау іздеген ағайын ерікке жібермеди. Түкірік жұту сияқты көржер мәселені бірталай талқыға салған соң, Торсанның назары Мәмбетәлігে ауды. Тәлімсіген сиңайға мініп:

– Шырағым, анау үстіндегі киімің жарамас. Қеніліце келсе де, айтқаным осы. Кәпірдің шаһарынан келген екенсін, енді бүрнағы қалпыңды тап. Қира шашты да жұқарту керек. Орыстың сәні қазақ баласына лайық емес. Кетрамборың ақ патшаның тұрағы болса да, бізге үлгі бола алmas. Неге десен, діні ғана емес, дәстүрі де бөлек. Яки, салт-сана да басқа, – деп сезін үзіп, тамағын кеней берді... Жұрттың назарын жаппай өзіне қаратып алмақтың тәсілі бұл. Мол денесімен ырғала түсіп, сезін сабактай берді.

– Бұл орыстың кәсібі озық болғанымен, мұсылманға жат салты көп-ақ. Соған сақ болайық, жамағат. Шылым шегу, арақ ішу деген пәлелері бар дегендей. Бұларын біртін-біртін сіңірмек біздің

елге. Жат дәстүр мысықтабандап келер... Алдымен киімің кисек, бара-бара жылқының жалындаі желкілдестіп шаш қоярмыз. Азғындық дегенің бір бел алса, құтылып көр! Сондық, жаттың салтынан бойды аулақ ұстаған лазым, мұқтарам жамағат, – деп нығырта тұжырды.

Кәріпқан іле:

– Міне дуалы ауыздан шыққан кенеулі сөз! Жастарымыз бұзылып барады әнекей. Жәдидтің молдасымақтары шаш қойып, шылым шегетін көрінеді. Бұ не масқара? Әптиекті үйреткен молданың сиқы сол болса, надан ел орысқа еліктемегендеге не қалды? – деп жаңыға сөйлемді... Кенет есіне әлдене түскендей көзі жайнаң етіп, – бұ орыстың діні былай тұрсын, қорегі де мұсылманинан мүлде бөлек қой. Шөп-шаламын біз татпасақ, қазы-қартаны олар аузына алмайды екен. Тіпті жылқы етін харам десе керек, әлті ішкі Ресейде тұратындар. Біздің желөкпелер болса, сол кәпірге еліктең әлек. Ондай құрық әкеткендерді тыйғаныныз әбден жөн, қажы-еке, – деп сөз аяғында Торсанға көпшік тастауды ұмыткан жоқ.

Кәріпқанның мінезіне қанық еді Мәмбетәлі. Бұл осалдығына мін тағудан да ада. Құлтектемесе мықтыларға жанаса ала ма? Мықтыларсыз қуні жоқ қой... Осы жәйтті ескеріп, молдекенің мінезіне қашанда кешірімді болатын. Бұл сапар да қажақтаспай-ақ үнсіз құтылмақ еді. Алайда, бір қызып алған Кәріпқан еркіне жібермей соктыға сөйлемді:

– Бұ шаш қойысың да, бұтыңа жыбыстыра киген тар шалбарың да мәкүрік, біле білсен. Осыдан жатпай-тұрмай дереу құтыл-мағың қажет, шырағым. Асқар таудай әкенді жерге каратаң ұял-тпасанышы, – деп бұл да өзінше насиҳат айтты.

Мәмбетәлінің бәз-баяғы жеткіншек көріп, тәлімсіген түрі. Кешегі шикіөкпе жасөспірім пәлен кітап актарып, бірталай білім жинағанын қайдан білсін? Оның үстіне өзі сияқты оқығандармен пікір таластырып, шешенендікке де әжептәуір төсөліп алғанынан бейхабар ғой молдеке. Мәмбетәлі бұл түртпегін де көтеріп шыдан бермекші еді, «Әкенді ұялтиасанышы» дегені шымбайға батып, аузынан жауап актарыла кеткенін аңғармай да қалды.

– Молдеке, «мәкүрік» деген сөздің мағынасын толайым ұғынамыз ба әуелім? Мен білсем, мәкүрікке араб елі жылқының етін

де жатқызады. Өздері жылқының етін жемесе керек. Араб тұлпарларының даңқы әлемге мәлім ғой. Пәлен ғасыр сұрыпташтығарған желаяқтарды жеуге қимайтындары түсінкті де. Сондық, доныздікіндегі «харам» демесе де, азық қылуға тыйым салып «мәкүрік» деп атаған.

Арабты былай қойып, өзіміздің бауыр ел халифа түріктері де, тіпті мына тұрған түрікпендер де жылқы етін ауызға салмайды. Майлы кісегені шенгелдеп асайтын өзіміздің қазекең ғана. Бұз сөзімді Мекке-Мәдинаның дәм-тұзын татып келген қажы-екен теріске шығара қоймас, – деген сөзбен Торсанға назар тіктелді.

Оз өжеттігіне өзі қайран. Жасамыстардың салмақты жиынында бүрын-сонды сөйлеп көрген жоқ еді. Екі бетінің қызыраң тартқанын сезіп те отыр. Эйтсе де айтылған сөз атылған оқ, қайтып ала алмайсың. Нәтижесін көріп алуға тұра келер... Өзі паш еткен мәліметтің шын екенінде шубәсі жок-тын. Араб халқы мен Анадолы түріктері жылқы етін жемейтінін ғылыми зерттеулерден оқыған. Қажылыққа барған Торсан бұдан хабардар болуы тиіс. Біле тұра жоққа шығарса, күнәні өзі арқалар.

Бүйректен сирақ шығарғандай жаңағы сөзі, жамағатқа төбебен жай түскеннен кем әсер еткен жоқ шығар. Баялының бетінде-гі түгі тікірейіп кеткендей болып, онсыз да қошқыл өңі тіпті қарайып кетіпті. Көзі қанталап, шарасынан шыға жаздағандай... Ақсақал-қарасақалдар қақырынып, көз құйрыктарын бір-біріне жіберісе, дағдарға қалған. «Қарғайын десем» жалғызыым, қарғамайын десем, жалмауызыым» демекші, ауыл иесі мырзаның жалғыз ұлына қайтіп жекісін.

Бұл жәйтті Торсан да салмактап дағдаруда. Басқа біреудің аузынан жаңағыдай сөз шықса, өзі бас болып түтіп жер еді, әрине. Пайғамбар елінің жылқы етіне нендей көзқарасы бар-ау деп бас қатырған пенде емес-тін. Шынын айтса, мына бозбастан естіген мәліметтен еш хабары да жоқ. Мәмбетәлінің тұжырымы неғісіз емес екенін де түсініп отыр. Көзі ашық, оқыған, зейінді де алғыр жас екенін салған жерден-ақ анғарған. Бұндай жігіт қысыр кеңеске бармасы бесенеден белгілі.

Эйтсе де, әлгі айтқанын мойындауға да жол жоқ. Арабтарды «қожа елі» деп қанша дәріптесе де, өз ұлтына жеткен бе? Өз ұлтының негізгі қорегі болса – жылқы еті, сусыны – дәрі қымыз.

Қорек дегеніміз – тірлік. Ал тірлікке не жетсін? Шыншашта келгенде, о дүниенің рахатына өз басы иланған жан емес. Нағыз рахат деп тек осы жарық дүнияны білген о бастан-ак. Шарғыны уағыздаса да, аргы жағында іш пікірі әманда өзінде. Меккеге барғаны да осы дүниенің қамы ғой алдымен. Қажы атанған мұмін бұқазаққа Пайғамбардың сахабасындай-ак қадірлі екенін қайтіп білмесін. Қиял әлеміндегі ұжмақтың емес, бұғінгі тірліктің рахатына бөленгісі келеді алдымен. Пірәдар атанғандағы мақсаты сол-ак. Өйтпесе, такуа жолын қумай ма, Меккеге барып әуреленбей-ак. Дін тазалағын іздең мұсілім алдымен жүргегін, ниетін тазартса керек-ті... Сонау Ережеп диуанадай. Бірақ, ондай жанкештілікке баратын Торсан емес, әрине. Үйсіз-куйсіз жүріп кара тобырдың құрметіне бөленгеннің несіне қызықсын?.. Иен дәулет, шұрқыраған қыдыра жал бар ғой, Құдайға шүкір. Байлық қолда болса, дәреже қашкан ба? Малды тегіп жіберіп, Қағбаға тәуап етіп келді де, асқар таудай абыройға қолды бір-ак артып алды. Байлыққа қажылық қосылған соң, беделі аспандамағанда несі қалды? Ел ішіндегі бұғінгі дәрежесі мызғымас Алатаудай дерсін. Осы салмақпен тап берсе, мына кісімсіп отырған шибұт оқымыстыны жаншып тастанмай ма?.. Алайда, бұл жас қүшік Баялының бел баласы болған соң, бір киқарлығын көтеруге мәжбүр. Демек, қиялад шығатын бір жол табу керек.

Болған кепті ой безbenіне салған қажы, әккілігіне басып тұра жауаптан тайқып шықты. Небір дау-дамайды басынан өткерген қырқылжың емес пе? Білімі кемшін соқса да, айлаға жетік. Өмірлік тәжирибесі де баршылық дегендей. Бастанқыда лау етіп тұтандыған ашуын тежей білді де, түк көрмеген кісіше бейбіт үнге салды.

– Е-е, балам, бұжеті ықылым фәни дүнияда небір ұлт пен ұлыс мәғишат сүрмей жүр дейсің? Алланың құзырына шек бар ма? Сол ғарантардың түйе етін сүйсіне жегенін көзімізben көргеніміз бар. Түйенің етін біздің қазақ ертеректе «судір» деп атаса керек. Ойсыл қара жарықтық мұсылманды ортак жануар ғой. Көлік те, азық та, сусын да бір өзі, – деп бастап кенесін мұлде басқа арнаға бұра берді.

– Қарап тұрсан, айпара әлемде небір таңыркарлық ғадеттер бола береді екен-ау. Сонау Үнді елі Зенгі баба тұлігін қасиетті

деп қастерлесе керек. Сондықтан, етін татуға тыйым салыпты. Мынау Шын-Машын болса, бақа-шаянды да талғамай қорек ете береді-мыс дегенді де естігем. Жерінде жайылым тапшы болған соң, малға да жари қоймайды ғой... Өзіміздің іргеміздегі ойрат болса, суырдың етін еш жиренбестен қазанына сала береді. Майын кәдуілгідей шыжғырып алғанын көзіміз көрген. Құдай бұйрығы болған соң көнеді де пенде.

Әйтсе де, ең сара бағыт мұсылман баласының ғой. Пайғамбар нәсіп еткен бағытты ұстанса ғана ұшпаққа жетпекпіз. Жаратқаның құдіретінен аспак күш жок. Сұбхан иеміз қаласа, сонау аспанда жарқырап тұрған Мұштәри мен Зуһра жүлдyzдары да сөнер. Ал енді қаламаса, лаулаған оттың ішіне түскен мұміннің бір тал шашы да шарпылмас. Саттарымыз – Алла, жүзі Латиф Пайғамбарымыз – көсеміміз деп білсек қана, барша нығметке келмелекпіз. Хақиқаттың да, тарикаттың да уағызы осы, мұқтарам жамағат, – деп көнеспін тұжырды.

Ойды-кырды жағалап, құбажондатып, кітап сөзін араластыра сейлеген қалпы, нақты жауаптан ақыры тайқып кетті қажы-екен. Бұл құлығын түсіне қалған иті жақсылар қадірлі ақсақалды бірауыздан костап жамыраса қалды:

- Е-е, рас-ау, Алланың бұйрығынан құтылған ба пенде?
- Оқуы терен ғой пірәдардың, сөзі ғибрат. Тегін кісі дамолла атана ма?
- Жастар үлгі алса керек-ті қажы-екен сынды ғұламалардан,
- деген қошемет тұс-тұстан шығып жатыр.

Ішінен мырс берген Мәмбетәлі, «Бака-шаян жөнінде сұраған кісі болсайши. Тура сауалға тура жауап бермей сыйылып кетеді екен қу мүйіз шал. Көп тоғышарды женіп болмас. Қайтем кіл нағанмен қажақтасып» деген оймен тыныш қана құтылмақ болып, көмейге келіп қалған сөзін іркіп қалды.

Алайда, бір қызып алған Кәріпқан еркіне және жібермеді. Кешегі бала Мәмкенің сөз таластырғанын шам көрсө керек, жұрттың қолпаши саябыrlаған соң жалт қарап:

– Солай, шырағым Мәмбетәлі. Орыс үлгісінен іле арыл да, өз салтынды тап. Жұрт көзін алдаса да, Алланың көзінен таса қалмас пенде деген. Сол ормандай орыстың өзі де Жасаған иеміздің бұйрығынан құтыла алмас. Барша ұлт пен ұлыс хак жәлелдің құ-

зырында кашаннан. Жаратканның сүйіктісі болса - мұғылман кауымы. Сондық, жатпай-тұрмай өз келенді тапқанын макұл, жарқыным, – деп бастапқы гей-гейіне және басты.

Осы тұста шыдай алмады Мәмбетәлі. Қанша сабыр сақтайын десе де, жастиқ жалын, шиыршық аткан жігер еркіне жібермеді. Кәріпқанға құлімсірей қара:

– Сөзіңді аузыңызда, молдеке. Бұ Сұбхан иеміздің бұйрығына бағынбас қауым жок делік жер бетінде, – деп сәл бөгеліп, Торсанға көзін бір төңкеріп өтті.

Тыңдал отыр ма деп барлағандай. Қажы-екен мұлгігендей сынаи танытып бақса да, құлағы түрік екені ангарылып отыр. Мәмбетәлі дауысын шығарынқырап кеңесін өрбіте берді:

– Олай болса, ормандай орысты мұсылман дініне неге өз пәрменімен күштеп кіргізбейді Жасаған иеміз? Одан калды, құмырскадай құжынаған Шың-Машын бар. «Қара қытай қантаса, ақырзаман сонда болар» деп казақтың өзі айтпақшы, санына есеп жетпейтін халық қой. Бұтқа табынған сол қытайды, ойрат-дүрбітті неге мұсылман қылмасқа?.. Қазак, ноғай, сарт пен түрікпен мұсылман екен. Ендеше құзырындағы сол халықтарды кәпірге неге кіріптар қылады жарылқашымыз? Ақ патшаға бодан болып, жаутаңқөз күн кешкен түріміз мынау. Мәдинадағы арабтың да кенелгені шамалы. Не өндірісі, не қуатты әскері жок, бәз-баяғы түйе бағып жүрген мешеу тірлікте. Алдымен Пайғамбар шыққан сол бәдәүилдердің елін неге жарылқамайды құдыретінде шек жок Иеміз?

Осы сауалға толымды жауабыңыз бар ма? Әлде қажы-екенің сүрлеуін шиырлап сіз де тұра жауаптан сыйылыш кетесіз бе? – деп кулана қарай қалды.

Бұл ұтыкты уәжі бар үлкендерге қыс ішінде күн күркірегендей әсер еткен шығар. Кәріпқанның көзі бакырайды да калды. Асау толқын жағаға ытқытып жіберіп, сусыз тұншықкан балықтайды аузын бір ашып, бір жабады.

Торсан да үнсіз. Сауалдың бір ұшы өзіне тиіп шымбайына батып-ақ кетті. Құдайын ұмытқан жас күшікке дүрсе қоя берейін десе, үй иесінен ұят... Және бозбастың сауалы да қитұркы. Бір шикіөкпенің аузын жабу онай ғой. Бұл шибұт түгілі, әкесіндей кісілер қажының бір бакырғанынан қалмас... Әйтсе де, шындық-

тын аузын тұмшалау мүмкін емес-ау. Лайық уәж айта алмай, жоқты-барды теріп міңгірлесең, сөзден ұтылғаның да. Ку бала бір-ақ ауыз сөзбен алды-артын орап тастағанын қайтіп мойында-массың?..

Ой жетегіне ерген Торсан Баялыға мөлие қарап күмілжи берді. Қажы тіл қатпаған соң ақсақал-карасақал да дағдарды. Рухани жетекшісі сара бағыт таба алмай тығырыққа тірелсе, жамиғи көпшілікке не жорық?.. Әйтсе де, бұл тығырықтан шығар жолды Баялы тапты бұл сапар. Салмак өзіне ауганын сезіп, шұғыл шешім қабылдауға мәжбүр болды. Жырынды атқамінер емес пе? Сөз өтпейтін жерде омырау мінез ем болатынын қайтіп білмесін. Талай сыннан өткен сол тәсіліне басып, бас қатырып жатпай ашуға тізгін берді. Қозін жарқ еткізе алайтып:

– Оттапсың, боз күйік неме! Дәсін деген екенсің тәксіз жүріп. Доғар былшылынды. Қарай гөр тақылдауын жаман шіріктің. Тумай жатып тіл безейін деген екенсің. Кет қозімек көрінбей! – деп ақырып жіберді.

Ашудан қалш-қалш етіп бойын әзер тежеп тұр. Енді болмаса, қол жұмсайтындаій-ақ... Үйдегілер жымдай болды. Әкенің өзіне деген бұндай ашуын Мәмбетәлінің тәу көруі. Бала кезінде айғай түгілі, қабак шытқанынан зәресі ұшатын. Дәл казір болса, міз баққан да жоқ. Сыпайылық сақтап үйден ың-шыңсыз шыға жөнелсе де, көnlіндегі зәредей толқу болсайшы. Тебіренбес беріктігіне өзі де таң.

«Е-е, бұл жанжалдың нәтижесін соң көрерсің, жігітім» деп іштей өзін жазғырып та келеді. «Құрыққа сырый жалғап нем бар еді? Онсыз да әке алдында қарабеттің. Ол аздай қадірлі қонақтарға ауыз салдым. Әй, осы ұшқалактығым-ай! Қашанғы орға жыға берер екенсің?»

Ұнжырғасы түсіп, келеңсіз ойлар мендеген қалпы қонақуден ұзай берді. Нысанаға алғаны – сонау арба маңындағы Бегімбет пен бірен-саран жастар. Өзі құралыптас жас-желендерге карай басып келеді. Жүрісі сылбыр... Әйтсе де, берекесін қашырмады. Әкенің қаһарынан ықса да, алда күтіп тұрған кіналасудан соншалық сескене қоймады. Бұрынғыдай емес, бір түрлі табандылық пайда болған сияқты. Әке ашуының алдын көргені әсер етті ме,

әлде көс молдекеннің басын қатырып қойғаны қөнілденірді ме, әйтеуір жүргегі орныға бастағандай.

«Өлейін бе енді? Көрген кепті көріп алдым. Алдымен сол месқарын шонжарлардан құтылайыншы. Қайдасың, Бегімбетім? Бармысың осы елдің жастары?» деген оймен, сонадайда үкілері бұлғактаған қарындастары мен, бөріктері қарандашан бозбастарға қарай қадам басты...

Әкейден естімін деген сөз көп күттірген жок. Торсандар бір қонып аттанған соң, сәске ауа шешей бұны қонақүйге шакыртып алды. «Оңаша сөз бар, дереу жетсін» деген хабарды Раушан жеткізді. Қасына еріп құлдыраңдай жүгіріп жүрген Шолпанды маңдайынан бір иіскеп:

– Сен осы маңда ойнай тұр. Мен әкей алдына барып келейін. Оңаша шақырыпты, тапсырмасы бар шығар, – деп сөзben жұбатып, қонақүйге қарай жөн түзеді.

Кірсе, әкей мен шеше ғана екеуара отыр екен. Алдарында бір-бір тостаған қымыз, дастарханда құрт, ірімшік. Үйдің іші тұянағай жинақы. Кеше ғана тер сасыған бордақы байлар жантайысып жатты дейтін емес, текемет пен алашаларда қылау жок.

Шешей жымия карсы алып, басын бұра беріп, әкеге сездірмей көзін қысып қойды. «Саспа, балам, сөз ушығып бара жатса қасындағын» деп дем бергендей.

– Кәне, құлтыным, астан ауыз ти, – деп сырлы тостаған бірінді қымызды ұсына берді. Әкейдің қабағы ашық сиякты. Тұнеугұнгі ашуын ұмытқанға ұқсайды. Мәмбетәлі тостағанды көс колдай ұстай алып, әкейге таман ұсынды да: «Мінекейініз» деп етілдің ырымын жасады. Әзірше бүліне коярлық дүние жок сиякты, әкей де басын изеп қойып, «Бүйірсын!» деп райланған тіл қатты.

Баялының бір әдеті, қандай шылжыған ыстық күн болса да, пүшпақ берік, астын баттайымен әділтеген түйе жүн шекпенін тастамаушы еді. Қазір де бөркін қырындана киіп, ак ботаның жүнінен токылған шекпенін желбекей жамылып алыпты. Және бір ерекшелігі – ыстыққа төзімді, тершең емес. Өзге жұрт езіліп терге малшынса, бұның самайынан ғана білінер-білінбес ұсак маржан-

дай тамшы көрінетін. Онысын мұнтаздай таза қолорамалмен дегдітіп отырар еді... Қымызды бір үрттап қойып, сөзді өзі бастады:

– Ия, бала, дыңдай азамат болыпсын, аман-есен елге келдің, енді не ойын бар? – деп аялы көзін төңкеріп етті.

– Қызмет жағын айтамын да. Бұл елде «іздрэсті» дегенге тілі келетін пысықайлардың қаны жерге тамбай тұр. Сен болсан, орысшадан орыстың өзін жаңылдыратын көрінесің. Оны анау Нәрке ұстазың туңеугүні аузының сұзы құрып бірталай жыр қылышып дәттеп еді. Қазақшаны да ұмытпапсын, елден жырак жүрсендегі. Шешендігіннің шет жағасын кешегі қажының мәжілісінде паш еткен түрін анау, – деп мырс берді де, – сонша білімді қайда жұмсамақсын, ұлым? – деп сауалын және пысықтады.

Лебіз бейбіт. Жанашыр кісінің кейіпі бар. Иығынан зілмауыр жүк түскендей Мәмбетәлі жадырап сала берді. «Е-е, текке үрейленген екем. Әкейдің қабағы оң сияқты. Ел басқарған салдарлы кісі ғой, қанша айтқанымен. Кешегі қажыдай көртартпа болса, мені ту-у шаһарға оқуға жібере ме? Мұнша шығынға қазактың қай байлары батып жүр? Баласын оқытуға келгенде, кегежесі кері тартар былайғы әлділердің. Оку жолына малын өлсе қияр ма екен. Одан да үйірімен айдал салып және бір тоқал алар.

Әкей болса, бар ығын-шығынды қынқ етпестен көтерді. Міне қазір де кешегі ашуын кек қылмай ағынан жарыла жөн сұрап отыр. Ендеше мен несіне тарылам? Бар жоспарымды жайып салып ақтарылмаймын ба?» деген байлауға бекіп, бұл да лебіз шығарды.

– Көке, қажы-екеңмен әңгіме-дүкен құрғанда әнтек артық кеткенім рас. Оғаш қылығымды мойындаимын да, кешірім отінсемін. Бойым өссе де балалығым, шалалығым қалмапты. Артық ауыс сез кетсе, сөге жамандамассыз, – деп мейлінше ілтипат білдіре, оң қолын омырауына қойып тағзым етті.

Бұнысы көзбояу емес, шын ниеті... Әкелі-балалы екеуі ымыраға келгеніне қуанған Сапура миығынан құліп қойып:

– Жөн-жөн, шырағым. Орыс ішінде тікбақай болып кетті ме десем, әдел-әркенді ұмытпаған екенсін... Үй, ақылынан айналып қана кетейін сол, күнішегім! – деп мекіреніп қойды.

– Гүй, сөзді бөлөтіндігін-ай осы! Ұлдың не ойы бар екенін тұждасаншы, – деп тыжырынып қойған Баялы, Мәмбетәліге иек кектү. Бұнысы «сөйле» деген ишарасы.

– Ойым былай, көке. Жиған-терген білімімді елге таратсам деймін. Мұғалім болсам деген жоспарым бар. Мына тұрган Кек шеттауға, ия болмаса Қызылжар, Омбыға барып, мектепке орналасам. Ел балаларын орысшаға баулысам ба деймін. Онсыз қун жоқ екеніне көзім жеткендей болды. Ауыл балаларының тірлігіне қарасам, жаңым күйзеледі. Білім жарығынан еш хабарсыз, қарастырған меніреу қапаста жүр дерсін. Қаладағылар күздігүні бокшашарын арқалап мектепке жөн түзесе, біздің балалар бетінің боздағы шығын жел өтінде бүрсендеп жүргені. Мал соңында салпақтың да ғана біледі. Қанша қазынадан құр қалып жүр десенші! Нашашықтың шырмауында жатқан халқыма титтей болса да жәрдем еттеген. Жоспар да, мақсат-мудде де осы-ақ, көке, – деп лебізіне әз-әл жалғанатты леп бере, сөзін сарықты.

Бұ хенесім нендей әсер етті екен деген оймен, ата-анаға назар қызыртып та өтті. Екеуі де үнсіз. Құміс ожаумен тегеш толы қызылтың сапырып отырған шешесі отағасыға қарап қояды. Не күйде отырғанын барлағандай... Баялы ойға шомған беймарал қалынан арыла бастаған сияқты. Репеті тунеріп барады. Сәл үнсіз діктен сон ұлдың сөзін жақтырмаған нысайға мініп, мол денесімен ырғала түсті де:

– Ондай мектепке ел жетімектерді ғана беретінін білесін бе? Қаретобырды оқытайын деп пе едің? Тапқан олжаң сол ма? Қөн шокай есесіз көпті ағартып қай мырғамға жетпексін? – деп мысқылдай сөйлемеді.

Ұлдың сөзін анық құптамағандықтың белгісі. Мәмбетәлі әкениң тіксініп қалғанын пайымдаса да, айылын жиған жоқ. Сөзін тосып, аз үнсіз қалды да, өз дәлелін тарата бастады:

– Калың бұқара сауатты болмай, ұлтымыз ұшпаққа жетпейді, көке. Оны Ресейдін алпауыттары да мойындалп отыр бұл күнде. 1861 жылдан бастап «крепостной» деген құлдықтан қарашеклендерді азат ете бастағаның себебі де сол. Халықтың дені надан және жарлы болса, мемлекет те мешеу күйде қала бермек. Оны анау ағылшын елі дәлелдеді алдымен. Өндірісі дамыған озық қой ағылшын деген. Жаңалыққа қомағай, ойы сергек. Сол ет тірлігі-

нің аркасында әскери күшін де дамытқан. Қаруы алапат болған соң әлсіз ұлттарды бағындырып, обырдай соруда осы кезде. Ағылшынға еліктеген Ресей де осал ёмес... Сол азулыларға жем болмайық десек, бұқарамызды біз де оқытуымыз керек, көке. Білім кілті болса, орыс окуында. Сол кілтке бұқараны ие қылсақ, халық ішінен небір өнерлілер де шығар. Қолы шеберлер техника тетігін менгерер, машинаның қыр-сырын үйренер. Темір-терсекке үйір қазак аз ба еді? Анау Жалғызтаудағы Сандыбай ұста сияқты... Ия болмаса, соның баласы Ыбырай сияқты өнерге бейілділер қаншама. Менімен жасты бозбас қандай әндер шығарды десеңізші! Әткерки бұл жігіт Петербургте туса, дарынды композитор болары сөзсіз... Сейткен қабілеттілер ел ішінде барышлық кой. Көң ішіне көмілген інжу-маржандай ескеруіз жүр осы күнде. Сол асылдарымызды көрнекке шығару керек. Оның бірден-бір жолы – бұқараны оқыту. Петр бірінші патша заманында орыстың жуандарын зорлап тұрып Еуропага бет бұргызып еді. Соның же місін мемлекеті көрді әнекей... Біздің де бағыт сол-ақ, – деп сөзін тәмамдады.

Мәмбетәлі сөйлеген сайын экесі түнере түсті. Сапура ұсынған тостағанды да алмай, жамағатына алая бір қарап, қабағын түйе берді. Ас үстінде, дастархан басында насыбай ата қоймайтын. Бұл жолы ол әдетінен жаңылып, мүйіз шақшаға қол созды. Жалпақ алақанына қағып-қағып көк бұйраны түсіргенде, салалы сау-сақтары діріл қағып, бірер түйіршік төсөніп үстіне шашылып та қалды.

Бетіндегі тыртығы жыбыр қағып, көздері қанталап, шеке та-мырлары білеуленіп барады. Медицинадан хабары бар Мәмбетәлі ішінен: «Бұндайы жоқ еді ғой бұрын. Мынау анық жүрек дертінің белгісі-ау. Қан қысымы жоғары болса керек-ті. Шекесінен қара қан ағызбаса болмас. Ия болмаса, сұлік салу керек шығар?» деп секем алды... Әкейдін бұрыннан сұлік салатының білетін. Арнайы бір шыны құтыда ұстайтын сұліктері де бар. Қеріпкан молданың қан жіберетін тәуіпшілігі болушы еді. Сол кісі әкенің басы зени бастағанда қан жіберетін әдетте. Жез легеннің ішіндегі көпірші-ген қара қан, балалық кезінен жадында сақталып та қалған.

Алайда дәл қазір «қан жібер» дегенге құлақ асатын түрі жок Баялының. Ашу кернеп, ормадан ақтарылғалы тұрған дария

– Түң, сөзді бөлөтіндігің-ай осы! Ұлдың не ойы бар соң – тындасаншы, – деп тыжырынып қойған Баялы, Мәмбетәлігес иек қақты. Бұнысы «сөйле» деген ишарасы.

– Ойым былай, көке. Жиған-терген білімімді елге таратсам деймін. Мұғалім болсам деген жоспарым бар. Мына тұрған Көкшетауға, ия болмаса Қызылжар, Омбыға барып, мектепке орналассам. Ел балаларын орысшаға баулысам ба деймін. Онсыз күн жоқ екеніне көзім жеткендей болды. Ауыл балаларының тірлігіне қарасам, жаңым күйзеледі. Білім жарығынан еш хабарсыз, қарастунек меніреу қапаста жүр дерсің. Қаладағылар күздігүні бокшаларын арқалап мектепке жөн түзесе, біздің балалар бетінің боздағы шығып жел өтінде бұрсендеп жүргені. Мал соңында салпақтауды ғана біледі. Қанша қазынадан құр калып жүр десенші! Надандықтың шырмауында жатқан халқыма титтей болса да жәрдем етпекпін. Жоспар да, мақсат-мұдде де осы-ақ, көке, – деп лебізіне сөл-пәл салтанатты леп бере, сөзін сарықты.

Бұ кеңесім нендей әсер етті екен деген оймен, ата-анаға назар қыдыртып та өтті. Екеуі де үнсіз. Құміс ожаумен тегеш толы қымызды сапырып отырған шешесі отағасыға қарап қояды. Не күйде отырғанын барлағандай... Баялы ойға шомған беймарал қалпынан арыла бастаған сияқты. Репеті түнеріп барады. Сәл үнсіз-діктен соң ұлдың сөзін жақтырмagan нысайға мініп, мол денесімен ыргала түсті де:

– Ондай мектепке ел жетімектерді ғана беретінін білесің бе? Қаратобырды оқытайын деп пе едің? Тапқан олжаң сол ма? Қөн шоқай есесіз көпті ағартып қай мырғамға жетпексің? – деп мысқылдай сойладі.

Ұлдың сөзін анық құлтамағандықтың белгісі. Мәмбетәлі экениң тіксініп қалғанын пайымдаса да, айылын жиған жоқ. Сөзін тосып, аз үнсіз қалды да, өз дәлелін тарата бастады:

– Қалың бұқара сауатты болмай, ұлтымыз ұшпаққа жетпейді, көке. Оны Ресейдің алпауыттары да мойындал отыр бүл күнде. 1861 жылдан бастап «крепостной» деген құлдықтан қарашекпендерді азат ете бастағанның себебі де сол. Халықтың дені надан және жарлы болса, мемлекет те мешеу күйде қала бермек. Оны анау ағылшын елі дәлелдеді алдымен. Өндірісі дамыған озық қой ағылшын деген. Жаңалыққа қомағай, ойы сергек. Сол ет тірлігі-

нің аркасында әскери күшін де дамытқан. Қаруы алапат болған соң әлсіз ұлттарды бағындырып, обырдай соруда осы кезде. Ағылшынға еліктеген Ресей де осал емес... Сол азулыларға жем болмайық десек, бұқарамызды біз де оқытуымыз керек, көке. Білім кілті болса, орыс окуында. Сол кілтке бұқараны ие қылсақ, халық ішінен небір өнерлілер де шығар. Қолы шеберлер техника тетігін менгерер, машинаның қыр-сырын үйренер. Темір-терсекке үйір қазақ аз ба еді? Анау Жалғызтаудағы Сандыбай ұста сияқты... Ия болмаса, соның баласы Ыбырай сияқты өнерге бейілділер қаншама. Менімен жасты бозбас қандай әндер шығарды десеңізші! Әткерки бұл жігіт Петербургте туза, дарынды композитор болары сөзсіз... Сойткен қабілеттілер ел ішінде барышылық кой. Көң ішіне көмілген інжү-маржандай ескерусіз жур осы күнде. Сол асылдарымызды көрнекке шығару керек. Оның бірден-бір жолы – бұқараны оқыту. Петр бірінші патша заманында орыстың жуандарын зорлап тұрып Еуропага бет бұрғызып еді. Соның же місін мемлекеті көрді әнекей... Біздің де бағыт сол-ақ, – деп сөзін тәмамдады.

Мәмбетәлі сөйлеген сайын әкесі түнере түсті. Сапура ұсынған тостағанды да алмай, жамағатына алая бір қарап, қабағын түйе берді. Ас үстінде, дастархан басында насыбай ата қоймайтын. Бұл жолы ол әдетінен жаңылып, мүйіз шақшаға қол созды. Жалпақ алақанына қағып-қағып кек бұйраны түсіргенде, салалы саусақтары діріл қағып, бірер түйіршік төсеніш үстіне шашылып та қалды.

Бетіндегі тыртығы жыбыр қағып, көздері қанталап, шеке тамырлары білеуленіп барады. Медицинадан хабары бар Мәмбетәлі ішінен: «Бұндайы жоқ еді гой бұрын. Мынау анық жүрек дертінің белгісі-ау. Қан қысымы жоғары болса керек-ті. Шекесінен қара қан ағызбаса болмас. Ия болмаса, сүлік салу керек шығар?» деп секем алды... Әкейдің бұрыннан сүлік салатының біletін. Арнайы бір шыны құтыда ұстайтын сүліктері де бар. Қеріпқан молданың қан жіберетін тәуіппшілігі болушы еді. Сол кісі әкениң басы зені бастағанда қан жіберетін әдетте. Жез легеннің ішіндегі көпіршігендегі қара қан, балалық кезінен жадында сақталып та қалған.

Алайда дәл қазір «қан жібер» дегенге құлак асатын түрі жок Баялышын. Ашу кернеп, ормадан ақтарылғалы түрған дария

сүйндей зорға отыр. Сол ашуы іле топан болып төгілді де. Қабын түйген қалпы Мәмбетәлігे назар аудармастан, көзін бірсалар төсөншітің оюына қадап сөйлей берді. Әлгіндей емес, үні мейлинише қатал. Балғаны төске сокқанда шығатын, шың еткен дыңыл бар қаһарлы лебізінде.

– Жаман жатақ Сандыбайды маған ұлгі қылдың ба, бала? Оның анау әуейі баласы Ыбырайды осы елге зәулі қылмақпсызың әлде?.. Мықтағанда Ақан серідей-ақ болар сол Үкілі Ыбырайын. Ақапың не барқадар тауып еді әнінен? Тақымына басқан тұлпарынан айырылып, көнілі кеткен мағшұтына қол жеткізе алмай жүр әнекей сандалып.

Мұғалім болам дейсін. Сол мұғалімдерде не қауқар бар? Жарымаған жатақтан айырмасы шамалы. Не жұмсар пұл, не пұл қылар маңдары жок. Жаяу-жалпылап жүр әнекей қаланың шаңын жұтып. Бетінің боздағы шыққан өңшен шибүт. Ауы атка, ауызы асқа жарығанын көрсемші. Тынч-тебен санаң, азық үнемден жүрмекпісін? Сол ма пәлен жыл оқығанда тапқан олжан?

Орысша оқығаның қызығын көрді деп, анау лауазымды дейлерді айт. Нұржан Аманұлы жүр әнекей, жандаралдың он көзіндей болып. «Советник» атанып губернатордың шылауында жур. Аукат та, рапкат та бір басына жетерлік. Тұла бойы сары ала шен. Сені оқытқанда осындай жолға түссін деп үміт артиш па едім? Нісі Шұңғыршаның тізгінін колға алар деген дәрем кайда? «Жемесе де май жаксы, бермесе де бай жаксы» деп атан казак бекер айтиған болар. Сайып келгенде, окудың түп максаты байлық, пайымдай білсен, – дей келіп, кенет көзін жарқ еткізіп Мәмбетәлігे назар тіккеді де.

– Сенің окуыңа қанша қаражат жұмсалғанын білемісін, ей бокмұрын? Ол қаражатты кім көтеріп? Анау қалың елін, Шұңғырша баласы көтерген біле білсен. Ел жәрдемі болмаса, кетер едің ендігі тескентау асып сонау итжеккенге. Сені қатіргіден алтын калу үшін губернатордың көмейін тығындастык. Ол обыр параны қалай-қалай қылғытатынын білемісің езің, ей шірік неме?

Оқуды бітіре алмаған екенсін, жа оны кештім. Осы білімін де аттан түйеге жүк болғандай. Ал енді кейінгі шатаасканың не? Қайдағы-жайдағы екі ұрық бұзыктармен табысып, хұқиметке жазалы болған түрің анау. Оу, билікке карсы шығар ма басында шайнам

мын бар кісі? Өз кандасын дарға асып, итжеккенге топырлатып айдаған орыс, бұратананы мұсіркеуші ме еді? Аман қалғанына тәубе қыл, борпос неме!.. Ендігі сұр шекпенді сүйретіп, кісенді сылдыратып жүрер едің көтіргіде. Сол тозактан сені алып қалған не құдірет дейсің? Байлықтың, барлықтың құші ғана. Сені сонау Петерборда оқытқан да сол дәuletтің арқасы. Дәuletке лауазым тірек қашанда. Пәлен жыл көз майын тауысып кітап парактағанда осыны ұға алмадың ба? Шебі шүйгін баяжан ба десем, қу тақыр баябан ба еді бұл оқуың? – деп ашудан тутіккен жүзін Мәмбетәлігеге тақап,

– Ұзын сөздің қысқасы – тайрандағаның жетер. Енді менің айтқаныммен жүрмесен, өз обалың өзіңе. Не қаражат, не зәредей жәрдем жоқ саған... Қуа бер анау мұғалімдік соқыр сорапты. Көрермін мықты екенінді. Азып-тозып, көзің бозарып журе бер, қаратобырды жеткізем деп. Жарқын болашақ, ырғын дәulet пен түрлі нығмет көзіңнен бұл-бұл ұшар әлі-ак. Жүдеп-жадап, ит сілікпен шығып қолыңды жайып алдыма келерсің көп ұзамай... Тек ырқымнан шығып көр осыдан! Теріс батамды бермесем, мұрдед болып-ак кетейін! – деп сөз аяғын айғайға ұластырып, өз үкімін пашт етті.

Ол аздай-ак, әлі де өшін алғысы келгендей:

– Кет көзіме көрінбей, ит неме! Шіріген жұмыртқа болдың. Бір-ак ұл беріп еді ку шұнақ Құдай, оның өзі арам сідік болса, шараң қайсы? Жоғал, жынымды қоздырмай! – деп ақырып қалып, жұдырығымен өз тізесін періп-періп жіберді.

Долырған жүзі қабарып кеткен. Үрейі ұшқан Сапура көзі шарасынан шыға жаздал болп-боз болып отыр. Қосағының аккоз ашуына ем жоқ екені өзіне мәлім. Бұндай күйге түсуі өте сирек. Бір түссе, тура қалышылдан кетеді. Ондайда үндемей құтылу керек. Қарсы келсен, өршелене түспек. Өшіккенді ондырмайды да. Осыны жақсы білетін Сапура Мәмбетәлігеге «Тыныш отыр! Тырп етпе де, үнінді де шығарма!» дегендей қайта-қайта ымдауда.

Алайда, әншнейінде жұп-жуас баласы дәл бүтін құрық әкестейін деген сияқты. Әкесінің айғайын көтеріп, жауап қайырмаса да, жасыған кейіпі жоқ. Керісіше, көзі шоқтай жайнап егесе қарайды. Сүзісетін бұқалақтай әкесіне ұніле, басын енкейте қарал отыр. Бұның да жанарында жалқын бар. Сапура мына көрініске кайран

калып, «О тоба, мынау бата құдды әкессі ғой. Тартпай кеткір сол Бұ қан дегенді қойсаңшы. Өзімे ұқсап биязы бола ма десем, ессең келе бұл да ататегіне тартайын дегені ме? Бұл тұқым бір қисайған жағынан түзеле қоймаушы еді... Әкелі-балалы екеуі қөрместей бол араздастып кетпесе не қылсын!» деген оймен зәресі ұшты.

Бұл құдігі кешікпей-ак расқа шығуға айналды. Баялы долырып тізесін түйгіштеуі мұн екен, Мәмбетәлінің де ашуы лап етіп тұтана кетті. Бұл да ақырып тұра келмек еді, ана сүтімен бойға дарыған тәлім-тәрбие жібермеді. Қөргенді ұл ғой. Оның үстіне зияллы азамат. Ішінен: «Сап-сап, жігітім, шыдап бер! Хайуани се-зімге, долылыққа тізгін берме!» деп өз-өзін тежеумен әрен отыр.

Әке сөзі шымбайға шынымен-ак тиді. Әсірессе батқаны – жұмсалған қаражатты тілге тиек еткен. «Мен бұдан пұл сұрап па едім? Шаһарда оқысам, тыын-тебенді барынша үнемдеп жүрдім. Өзге жас-желендей трактир, ойын-сауық іздегенім де жоқ... Абактыдан алыш қалғанын сідет қылғаны несі? Мен сияқтылар кетті ғой әнекей құрдымға. Мен де опат болар едім, әрі кетсе. Қара қазақ түгілі, ақсүйек төре нәсілі де кеткен жоқ па жер ауып? Айдауда жүріп ажал құшқаны қаншама. Қыршынынан кім қылмай жүр?.. Бұл бетімен кетсе ішкен асымды да бұлдар» деген оймен отырғанда, намыс оты бұрқ етті.

«Жоқ, болмас, көке! Аштан өлсем де жалынбаспын. Жүр ғой әнекей Ережеп қаңғырумен күн кешіп... Ол да жуан атаның баласы. Ағайындары жағалай ауқатты болса керек. Азар болса, сол кезбе диуананың кебін киермін» деген оймен атып тұрып, тыска қарай жөн тузеді. Табалдырықтан аттай бере жалт бұрылды да:

– Маған шен-шекпеннің қажеті жоқ, көке. Жігіттің ары майлар жілікке сатылmas болар. Анау маңайында жүрген бордакы байманаппен қала бер. Үлде мен бұлдені де өздерің-ак кие беріндер. Мен болсам, сол мұғалімдердің жолын қаладым. Бөрі құрсақ ашты-тоқты күн кешсем де, білім жарығын іздеймін. Баябан деп шөлістанды аузыңа алдың ғой. Сол ку медиенде бұқарамыз адасып жүргені рас. Шамам келгенше сол есесіз ғаріптерге жөн сілтеп көрейін, – деп әкейге жауап жолдады да, сонадайдағы Мама ағашқа қарай қадам басты. Жүрісі ширақ.

Мама ағашта ерттеуілі ақ бақай жорға тұр екен. Мәмбетәлінің танып оқыранып қойды. Шылбырын шешіп алыш, ауыздығын

салды да, үзенгіге аяғын тигізер-тигізбестен ерге бір-ак қарғып мінді. Осы сәтте үй жақтан:

– Тұс аттан, шірік неме! Сен әкелген ат жок мұнда! – деп айқай салған әке үні жетті.

Еріксіз жалт қарап еді, қамшысын білемдеген қалпы осы жаққа беттеп келеді еken. Өңі өрт сөндіргендей.

– Бұл жарлығың өте қоймас, көке! – деп тістеніп алды да, тоғыны шаужайдан кағып қалды. – Шу, жануар! Кеттік бұл жақтан! Өз келемді таппасам, іш құстадан өлермін, – деп салған жерден тайпала жөнелген жорғаның жалтына қарай еңкейе берді.

Бала кезден таныс ат терінің ашқылтым ісі танау қытықтап, жібектей сусылдаған жалы бетті сипап, көңілі бірлененейін деді.

– Шу, жануар! Әкетші әке кәрінен! Жеткізші тең-тұсыма... Қайдасың, Үбырай? Сырласым, мұңdasым, Үкілі Үбырай, – деген сөзбен тақымын қыса түсті.

Таң асып, диланып алған ақ бақай желдей ескен қалпы қыр асып, сәт сайын ұзап барады. Бағдар түзегені сонау бұталы адыр. Мәмбетәлінің кекілі желбіреп, ағараңдаған көйлегінің жонын жел кетеріп қуықтай қампитып барады. Үйде отырған жалаңбас, жейдешең қалпы алды-артына қарамастан атка ұмтылған түрі ғой. Көптен бері салт журмегендігінен бе, қолтығы қолпылдай ашылып, тақымы орнықпай келеді. «Ішіме жел қарыса ма еken, мына жейдем тым жұка ма, қалай?» деген ой су етті. Аяғына женіл штиблетті іле салып еді, етіксіз балтырды таралғы қажай бастағанын да сезді.

Әйтсе де, жастық жігер ондай майда-шүйдені ойлата ма? Ақ бақайды жұмыр мойнынан еркелете сипап қойып, ат жүрісіне сүйсіне қику салып кеп жіберді.

Жас мырзаның бұл тосын аттанысын ауылдағылар жіті көзбен бақылап түрған еді. Халайық Баялының айғайын есітіп, сасқандарынан үйді-үйлеріне тым-тырақай қашқан. Мырза қаһарына мінген кезде, көзінен таса болғандары дұрыс қой. Әйтсе де, үйдің жабығынан һемма жұрт бай үйінің бар қыбыр-сыйбырын андып тұр.

– Ойбай, көтек, не болып қалды? – деп Раушан мен Кәбираш танаулары делдиіп, өкпелері өше жүгірісіп, Сапурага жетіп те келді. Бала-шаға біткен қорыққандарынан қонақүйге тыңылып

калған болатын. Баялының сыртын ала тұрған Сапура коссынай ласына «дымдарың ішінде болсын!» дегендег қабак шытып иша-ра қылды. Өзі де үнсіз.

Ұзап бара жатқан ұлдың соңынан қарап тұрған Баялы екі інінен демін алып ашудан булығуда. Іші алай-дүлей, ойы астан-кестен. Әншнейінде өз ырқынан шықпайтын ой, бір арнаға құй-ылар емес. Қайдан құйылсын, өрекпіген көңіл қайта-қайта үркіте берсе.

Бұшұнақ Құдайдың төбеден ондыртпай-ақ ұрғаны ма сонда? Үй ішінен мұндай қарсылық шығады деген жұз ұйықтаса, түсіне кірер ме екен? Өзі асыраған текешігі өз басына секіргені қалай?.. Жалғыз ұлды ішінен жасықтау, борпостау деп білетін. Өзім бау-лып шиratпасам, адам болар түрі жок деген байлауға да әлдеқа-шан келген. Енді міне, бүйректен сирақ шығарған түрі мына... Жұген-құрық тимеген асау тайдай, ерін бауырына алып тулайды деп кім ойлаған?

Бәрінен бұрын, қарысып сөз таластырғаны шымбайға батты. Намысқа тигені – әлгі жас қүшіктің ұтықты уәжі ғой. – Сенің ток тірлігіңе зәру де тәнті де емеспін. Үстемдік құруға да зауқым жок. Қоғамның жоғарғы сатысына жанталасып өрмелеу дегениң – ол жыртқыш тағылардың тірлігі. Адамгершілікке керегар құбы-лыс. Момындарды обырдай сорып, семірсөн, семіре бер. Қабыр-ғанды май, көзінді шел баса берсін. Бордақының жаны тыныш, санаасы үйқыда болмақ әзелден. Сол маубас қүйінді кеше бер, кө-ке. Айналандағы қалың шоғыр қошеметші де бірге қалғып, әр сөзіне басын шүлгі берсін. Бұт тірліктеріңе сын тағар мен емес. Өреннің жеткен жері сол болса, обалың мына мешеу заманга.

Бірақ мен тобында жокпын, көке. Өрісім мұлде бөлек. Мен сонау қаналып жатқан момындардың шоғырындамын. Білім мен жан жігерімді солардың жолына пида етпекпін. Майлы жілігін өзіңе. Қоңтораз күн кешсем де, сана сергектігін қаладым, – деп бетке былші еткізді-ау шикіөкпе басымен.

Қынжылтатыны – осы жайт. Баялының ғұмыр-баки ұстанып келе жатқан бағыт-бағдарын жокқа шығарып кетті-ау әлгі қүшік! Кез майын тауысып окудың түбіне жетпек болғанда тапқан олжа-сы сол ма?.. Әлде Баялы түсінбейтін бір ақиқатқа көзді жеткізді

ме осы бала? Бір гәп жоқ емес-ау не қылса да. Бұлардың қауымы пайымдай алмай жүрген бір кілтипан болуы әбден мүмкін.

Әйтпесе ішкі Ресейде, сонау теріскейдегі астанада қайта-қайта наразылық туда ма? Және бас көтеретіндер кіл білімділер. Жер Тәнірісіндегі Александр патшаның да түбіне жетті ақыры. Сол жалынның шарпуы, міне, қазақ даласына да жеткен түрі мынау. Петербургта білім алуы мұн екен, туған бала да бұқарашибын тоptың сойылын соғып кетті әнекей.

Бұл немелерді патша қанша жанышса да, тәубесіне келер емес. Бір ерекшелігі – ақсүйектерден шыққан текстілер де наразылық білдіруде. Жеті атасынан білім қуған оқымысты, зерделілер кіл. Әлде көп оқудың да кері әсері бар ма екен? Милары аши бастайтын шығар... Әйтпесе, әділдік іздей ме есті кісі? Қашанда, кай заманда болмасын, ат төбеліндей игі жақсылар бар да, жайсандардың жемі – есесіз көпшілік бар. Бұл – хак жәләлдің бұйрығы. Құдайдың пәрменімен пендे таласпас болар. Басқа салғанға көніп, бес рақағат сәждеге мандай тигізіп, шыдай беру керек. Шаригаттың уағызы сол емес пе?...

Ойын қофамдан баққан Баялы өз-өзін жұбатқандай болып, біртін-біртін сабасына түсейін деді. Әйтсе де көңіл түкпіріндегі қыжыл арылар емес. Бір сімсік ой қайта-қайта бас көтеріп:

«Жас күшіктің сезінде дән жоқ емес-ау. Өзінді қалай дәсітсен де, аузынан уыз табы кетпеген сол шикіөкпенің өресіне жету қайда-а! Ол баланың сыйынғаны – ізгілік. Ал ізгілікті паралап сатып алу мүмкін емес. Пұлға да, лауазымға да қарамайды ізгілік деген. Құй патша болса да, пасық мінезділерге қарасын көрсетпес... Сенің теріңнен шығып кете жаздал долданғаныңың себебі сол-ақ. Туған ұлың уысынан сусып шығып кетіп, ізгілікке қарай ойысты. Демек, өз таңдауын паш етті деген сез бұл» деп лебіз шығаратын тәрізді.

Ауа жетпегендегі көкірегін кере ауыр тыныс алған Баялы, үн-түнсіз қалпы үйге қарай беттеді. Жан адаммен тілдескісі де жоқ, тіпті ешкімді көзге ілгісі де келмейтін сияқты. Жалғыз ұлдың оғаш қылғы қалыптасқан тірлігін бұзып-жарып, кеуілін құйын соғып өткендегі... Жолынан жалт беріп ығысқан Сапурага назар тоқыратпастан ауыр адымдан барады.

Сапура да осы кимылды қүтіп тұрған еken. Бұл да уайымта шомған. Бірақ бұның дегбірін кетірген уайым мүлде бөлек. Ананың көңілі балада емес пе қашаннан. Саясат пен өзге мәселені қайтсін ана жүрегі. Баланың қамы деп толғанады әманда. «Дүниеде не мейірімді, ананың жүрегі мейірімді. Дүниеде не қатты, әкенің жүрегі қатты» дейді еken халық даналығы. Сол кеп, міне. Баялы әuletіне де келіп тұр.

«Қап, ана бала мүлде женіл кетті-ау! Бәтес жейденің не пана-сы болушы еді? Басы да жалаңбас. Тым құрығанда топы да ілік-пепті қолына. Мандайынан күн өтеді-ау ендігі. Қарны да аш. Таң атқалы жөнді ас ішкен жок. Жұқа бала ғой, сырқаттанып қалмаса иті еді» деген оймен қабак шытып, әлдебіреуді іздегендей айна-ланы қөзбен шала берді Сапура.

Биебау жақтан Бегімбеттін сұлбасы көрінуі мүн еді, елең ете қалып: «Әй, Бәткө, бері кел! Бол тез!» – деп қол бұлғады.

Екі айтқызар Бегімбет пе? Қолындағы ат-әбзелді ашаға іле сала, арсаландал жетіп келді. Неге шақырдыңыз, не бұйырасыз деп сұраған да жоқ. Сөз шығындал несі бар? Бәйбішенің жұмсағанына құстай ұшатыны айтпаса да мәлім ғой... Аңшының бүй-рығын шыдамсыздана құткен ұшқыр тазыдай-ақ, мойнын созған қалпы ыздия қалды. Сапура да кіріспе сөзге айналып уақыт оздырған жок. Үні бәсек естілсе де, бүйрығы нақты шықты:

– Қосарға бір білекті ат ал да Мәмкеге жет. Соңынан қалма. Қайда жүргендерінді білдіріп тұрарсың. Бар жөнел, – деп келтесінен қайырды.

Бегімбет шалт бүрыльып тұра жөнелмек еді, Сапураның дауысы тағы шығып еріксіз бөгеді. – Уйден қоржын-қолаба алып кетерсің. Киім-кешексіз кетті ғой әлгі бала, – деп бүйырған бәйбіше, бозбасты жөніне жіберіп, ендігі сөзін қасында тұрған Раушан мен Кәбирашқа жолдады.

– Ал тез қимылдайық! Екі қоржын басы қылып киім салып беріндер. Азық та жіберейік. Әлті бала қайда лағып кететінін бір Құдай біледі енді. Әкесі екеуі табысқанша әлі қайда!? – деп қос нөкеріне өзі бас болып, үйге таман қадам баса берді...

Мазмұны

ЕКІНШІ ТАРАУ	3
Хакима.....	3
ҮШІНШІ ТАРАУ	123
Мұстариза	123
ТӨРТІНШІ ТАРАУ	201
Мәмбетәлі	201

Ғалихан Ахметов

Үкілі Ұбырай

Роман

2-кітап

Жауапты редакторы Р.Ж. Әбдірахманова
Корректоры Г. Шаймергенқызы, К.М. Нұргалиева
Мұқаба дизайны Р.Ж. Әбдірахманова

Басып шығаруға 03.03.2017 ж. кол қойылды
Пішіні 60×84 1/16. Қағазы оғсектік. Оғсектік басылыс.
Шартты баспа табағы 17,4. Тараптывы 500 дана

020000. Көкшетау каласы, Абай к-си, 112.
тел. 8(7162) 40-21-55, e-mail: techno@keleshek-2030.kz

«Келеплекторгснаб» ЖШС баспасында басылып шығарылды

IPX-10 Addressset Kita 2000
Lernmaterialien für Kinder und Eltern



000001550311



Ахметов Фалихан Бижанұлы 1957 жылы 13 қыркүйекте Көкшетау қаласында туған. Целиноград ауылшаруашылық институтын инженер мамандығы бойынша 1979 жылы бітірген. Кәсібін игерген соң, Ақмола облысының Уәлихан, Зеренді аудандарында мамандығы бойынша қызмет атқарған.

F. Ахметовтың «Жол үстінде» атты алғашкы әңгімесі облыстық «Көкшетау» газетінде басылған. Кейін басқа шығармалары республикалық «Алаш үні» газетінде жарияланған. «Жер киесі» атты әңгімелер жинағы 2003 жылы, «Ер Жанатай» атты прозалық жинағы 2005 жылы жарық көрді. 2012 жылы «Біржан сал» романы баспадан шықты.